В Концепции развития образования Республики Казахстан на 2020-2025 годы сказано: «Современные преобразования в обществе, новые стратегические ориентиры в развитии экономики, открытость общества, его быстрая информатизация и динамичность кардинально изменили требования к образованию. Системы образования большинства ведущих стран мира отреагировали на эти вызовы тем, что стали основывать цели, содержание и технологии образования на ожидаемых от него результатах. Основной целью образования становится не простая совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личная, социальная и профессиональная компетентность - умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально и эффективно жить, и работать в быстро изменяющемся мире» [2].

В казахстанских университетах можно выделить следующие компоненты профессиональной подготовки будущих учителей физической культуры:

1) формирование диалектико-материалистического мировоззрения, нравственной воспитанности, социальной активности;

2) общая педагогическая и психологическая подготовка, включающая знание закономерностей воспитательного процесса, целей, методов, средств и организационных форм обучения и воспитания, способность осуществлять комплексный подход к воспитанию, овладение педагогическими умениями, в частности, умениями проектировать и анализировать результаты своей педагогической деятельности, профессионально оценивать применяемые средства и находить их оптимальные сочетания;

3) профессиональная подготовка, т.е. подготовка к учебно – методической работе по данному предмету;



- 4) подготовка к работе классного руководителя, к работе с детскими общественными и спортивными организациями;
- 5) формирование умений и навыков общественно-политической и просветительской работы среди населения;
- 6) подготовка к осуществлению элементов научного исследования в процессе педагогической деятельности, к поиску наиболее эффективных способов обучения и воспитания на основе внедрения в учебно-воспитательный процесс достижений передового опыта и педагогической науки [1, с. 84].

На основе современных педагогических научных концепций выделяют мотивационно-целевой, содержательно-операционный и оценочно-результативный элементы в профессиональной подготовке будущих учителей физической культуры. Профессиональная подготовка учителей физической культуры для общеобразовательных школ должна обеспечивать компетентность выпускников этого направления. Компетентный учитель физической культуры – это педагог, владеющий основами физической культуры как личностно и профессионально значимым качеством, обеспечивающим эффективное, рациональное, этически взвешенное взаимодействие со всеми участниками образовательного процесса и соответствующей информационной средой.

Таким образом, становится очевидным, что важнейшая задача обеспечения вхождения педагога в образовательное пространство профессиональной деятельности, его продуктивного функционирования в образовательном процессе, предопределяет необходимость постановки вопроса обеспечения более полного личностно и социально интегрированного результата. В качестве общего определения такого интегрального социально-личностно-поведенческого феномена как результата профессионального образования в совокупности мотивационно-ценностных, когнитивных, деятельностных составляющих и выступает понятие «компетентность», включающее в себя готовность педагога к реализации основных профессиональных задач.

В педагогической теории профессиональная подготовка трактуется как совокупность специальных знаний, умений и навыков, качеств личности, трудового опыта и норм поведения, обеспечивающих возможность успешной работы по избранной профессии; процесс сообщения учащимся соответствующих знаний и умений. Однако, такие характеристики недостаточно подчеркивают специфику и компетентность профессиональной подготовки учителя, считают целесообразным рассматривать ее как систему организационных и педагогических мероприятий, обеспечивающих формирование у личности профессиональной готовности как учителя физической культуры. В связи с вышеизложенным, наибольшую актуальность в современных условиях приобретает решение указанных проблем, как в теоретическом, так и дидактико-педагогическом плане. Для разрешения существующих педагогических проблем, возникает необходимость проведения целенаправленного научного исследования, связанного с изучением особенностей подготовки будущих учителей физической культуры к процессу формирования основополагающих свойств личности учащихся, таких как спортивная активность, посредством которой ученик успешно развивается [4,5,6].

Преподаватель университета новой формации, должен пересмотреть учебные планы, программы, разрабатывать современные учебно-методические комплексы, внедрять новые инновационные технологии преподавания и диагностики профессиональной деятельности, оценки и контроля знаний студентов, использовать интернет и цифровые образовательные ресурсы, передавать опыт, разрабатывать и распространять контент, повышать квалификацию и самообразование.

Характер педагогической деятельности преподавателя физической культуры вуза постоянно ставит его в коммуникативные позиции. В такой ситуации усиливается

проявление качеств, способствующих межличностному взаимодействию со студентами и преподавателями. К таким качествам преподавателя физической культуры необходимо отнести способности к рефлексии, гибкость, общительность, способность к сотрудничеству. Развитие этих качеств у будущего учителя физической культуры будет стимулировать состояние интеллектуального потенциала, креативного поиска и др. Преподаватель физической культуры должен быть развитой творческой личностью. В настоящее время развитие творчества преподавателя физической культуры должно сливаться с линией профессионального становления, так как профессиональное самовыражение, движение к профессиональному идеалу невозможны без творчества, творческой деятельности. Профессиональный путь преподавателя физической культуры представляет собой креативный процесс этапного включения в систему профессиональных отношений, связанных с профессиональной самореализацией и самоутверждением.

Профессиональный путь каждого преподавателя вуза связан с выбором, поэтапным усвоением профессиональных связей и отношений и ведет его к развитию личности. Профессиональный путь объединяет и личную жизнь преподавателя, ею он взаимосвязан с социальной средой [3]. Многие считают, что целостность и системность общепедагогической подготовки студентов достигается при соблюдении таких условий, когда осуществляется взаимосвязь теоретического и практического обучения; используется система средств, предусматривающих единство процессуально-содержательных и мотивационно-ценностных сторон подготовки; соблюдаются определённые педагогические условия; осуществляется единство принципов общепедагогической подготовки будущих учителей и взаимосвязь её функций. Не случайно, на современном этапе, развитие новых интеллектуальных потребностей и ценностных ориентаций в современном обществе актуализирует проблемы повышения качества подготовки будущих педагогов физической культуры, совершенствования его методологической основы и поиска эффективных образовательных технологий и т. д. Поэтому в системе высшего образования в современных условиях уже придаётся особое значение проявлениям новых качеств, общественного статуса, и пониманию её как особой сферы, оставляющей за собой одну из первоочередных задач – опережающую подготовку высококвалифицированных специалистов, способных гибко и конкурентоспособно применять полученные профессиональные знания в практической деятельности [4].

Таким образом, профессиональную подготовку будущего учителя физической культуры, традиционно понимаемую как освоение правил, норм, способов профессиональной деятельности, правомерно рассматривать как процесс накопления и обогащения студентом опыта целостной профессиональной деятельности. Предложенное понимание соответствует тенденциям модернизации современного высшего педагогического образования, т. к. учитывает движение студента к самоопределению, развитие способов саморегуляции, формирование умений исследования развития человека в жизнедеятельности и собственной профессиональной деятельности.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Конституция Республики Казахстан.-Алматы: Казахстан, 21 мая 2007 г.
2. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу. Стратегия – 2030. – Астана, 2000. – 24с.
3. Закон Республики Казахстан «Об образовании». - Алматы: Казахстан, 2007.
4. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. - Астана, 2005.
5. Государственная программа «Образование». Утв. Указом Президента Республики Казахстан 18.04.2000г №448
6. Законодательство об образовании в Республике Казахстан. – Алматы: ЮРИСТ, 2003. – 188 с.

*Мажитбеков А.М. аға оқытушы*  
*Наханов Қ.С. п.ғ.к доцент*  
*Сарманов А.М. аға оқытушы*  
*Нурымбетов Д.О. аға оқытушы*  
*Техникалық мамандықтарға арналған*  
*дене тәрбиесі кафедрасы*  
*М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ., ҚР*

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Дене тәрбиесі – дене дамуына, денсаулықты нығайтуға, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға және ұдайы өзін – өзі, оның ішінде сыртқы, дене пішінін жетілдіруге қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған адамды жетілдіру жүйесі. Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық -адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт үйірмелерінде дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –

деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Күтілетін нәтиже — дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады. Әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

1. Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;

2. Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;

3. Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру. Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек. Нәтижесінде әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады, оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді, оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады, жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. Ұ.Ж.Мұхамеджанова. Астана 2007 6-43 б

2. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.

3. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009ж. №2(2) -Б.262-264.

4. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. — Алматы: Санат, 2000ж.

5. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 201

*Наханов Қ.С., п.ғ.к доцент.,  
Мажитбеков А.М., аға оқытушы  
Балкыбеков Х., оқытушы  
Канаев Н. аға оқытушы  
Техникалық мамандықтарға арналған  
дене тәрбиесі кафедрасы  
М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент қ, ҚР*

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

XXI ғасырдың жан-жақты, талантты, зерделі адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі — басты назарда.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру -оқудың білігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімді жолы.

Жаңа технологияның басты мақсаты — оқушы белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауды дағдыландыру.

Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын нәрседе жаңалық бір болу керек. Ж.Аймауытов. XXI ғасыр — жеке адамның білімі мен біліктілігі үстемдік құратын дүниежүзілік ақпараттандыру құралы болып, төрткүл дүниеге тегіміз танылар тұста ұрпағымыз білімін қалай ұштаса болады, ғылымға деген самарқау сапалар, марғау көңілдер қайтсе сергиді? Танымның кемерін кеңейту үшін, түпсіз білімнің тұңғығына бойлау үшін не істеу қажет, неден бастаған жөн?

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту үрдісіне әсер етеді.

Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі — баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жаңа әдістерді пайдалануда өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді.

Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже — дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде I, II курс студенттерімен өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында II курс студенттері арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы I курс студенттерімен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің Отан сүйгіш екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің II курс студенттері арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз. М.Әуезов атындағы №4-ші жатақханасында техникалық мамандықтарға арналған дене тәрбиесі кафедрасы оқытушылары ұлттық ойындарды әр аптаның бейсенбісінде насихаттау және сауықтыру жұмыстарын жүргізуде. Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене

тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде білім алушылардың:

- Салт — дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен студенттердің «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Студенттердің «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Студенттің «Қайда?» деген сұрағына: Студент және оқытушы арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Өзімнің білім алушылармен өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен студенттерге өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында студенттерге жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде студенттің ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр студенттің білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Студенттің бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Студенттерге қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды енгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.

Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.



Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.

Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.

Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. — Алматы: Қайнар, 1991.

2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы

3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.

4. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Изденіс-Поиск. 2009ж. №2(2) -Б.262-264.

5. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. — Алматы: Санат, 2000ж.

6. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 201

**Омаров Б.С.,**

*PhD, доцент*

*«Дене шынықтыру және спорті» кафедрасы  
Халықаралық туризм және меймандостық  
университеті, Түркістан қ., ҚР*

**Кеңесбай А.Б.**

*2 курс Магистрант*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті*

## **БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ІСКЕРЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің оқушылардың әр жас кезеңіндегі ерекшеліктері туралы теориялық білімдерінің жеткілікті болуының міндеттілігі бастауыш сынып оқушыларының дене қуатының ерекшеліктерін, оның ішінде жыныстық ерекшеліктерді есепке алу іскерлігі мен дағдысын жоғары деңгейде меңгеруін талап ететіні әдістемелік тұрғыдан негізделді.

Осындай дене шынықтыру мұғалімдері мен болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің оқушыларға дене шынықтыруын беруге кәсіби дайындығын зерттеу мақсатында ұйымдастырылған анықтаушы эксперименттік бақылауға Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ Тараз институтының, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының практикант-білімгерлері және жұмыс өтілінің мерзімі әртүрлі 28 дене шынықтыру мұғалімдері мен оқытушылары қатыстырылды. Дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық өтілі 5 жылдан 15 және одан да көп жылдарды құрады. 16 мұғалімнің өтілі 15 жылдан жоғары және қалғандарының жұмыс өтілі 5-10 жылдар аралығын қамтыды.

Дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық қызметке даярлығын алдынала тестілеу бойынша педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын мұғалімдердің кәсіби қызметке дайындығын орташа, ал еңбек өтілі 15-25 жылдарға жақындайтын мұғалімдердің кәсіби қызметке дайындық көрсеткіші жоғары деңгейге жақындайтындығы айқындалды. Яғни, еңбек өтілі аз дене шынықтыру мұғалімдерінің басым көпшілігінің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығы орташа, тіпті төмен нәтиже көрсетті.

Біздің болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру нобайын (моделін) жүзеге асырудың тиімділігін диагностикалау жұмыстары психологиялық-педагогикалық әдістемелер арқылы жүргізілді. Диагностикалау барысында оқу үрдісінің ұйымдастырылуы мен нәтижелілігі, сол сияқты анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент кезеңдерінде болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығын қалыптастыру динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін тест кешендері қолданылды.

Оның ішінде, кәсіби қызметке білімдік (когнитивті) дайындығының қалыптасуын диагностикалау мақсатында «Дене шынықтыру мен спорт педагогикасы», «Дене шынықтыру мен спорт психологиясы», «Дене шынықтыру мен спорттың теориясы және әдістемесі» пәндерінен білімгерлердің қалдық білімдерін тексеруге арналған тест тапсырмалары әзірленді. Сол сияқты болашақ маманның дайындығының құндылықтық (аксиологиялық) құраушысының қалыптасу деңгейін диагностикалау үшін В.В.Бойконың эмпатиялық қабілеттер әдістемесі пайдаланылды [1]. Бұл әдістеме бойынша болашақ маманның өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында кезде-сетін нақты қарым-қатынастарға қатысты сезімдік толқу, жанашырлық таныту қабілеттері бағаланады. Соның негізінде болашақ маман оқушымен немесе өзімен байланыста, әрекеттес болған партнермен дұрыс қатынас жасауға басты назар аударады. Бұл жағдай мұғалім мен оқушының арасында сенім қатынасына негізделген байланысты қамтамасыз етеді деп саналады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығында шешуші міндет атқаратын әрекеттік құраушыны диагностикалауға ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл мақсатта біз, болашақ мұғалімнің физикалық қасиеттерін диагностикалау үшін Гарвард степ-тестін пайдаландық [2]. Сол арқылы болашақ дене шынықтыру мұғалімінің техникалық-тактикалық іскерліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жылдамдық, төзімділік, ептілік, серпімділік секілді физикалық сапаларының даму деңгейлерін анықтауға болады. Е.Ф.Бажина, Е.А.Голынкина, А.М.Эткиндастардың ұсынған субъективті бақылау деңгейіндегі тест-сұрақнама [3] мен жеке тұлғаның кәсіптік бағыттылығын айқындайтын тестер [4] бізге болашақ дене шынықтыру маманының бойында жалпыпедагогикалық және кәсіби іскерліктердің қалыптасу деңгейлерін айқындауға мүмкіндік берді.

Білімгерлерді дене шынықтыру бойынша кәсіби қызметке даярлауда оларда рефлексияның қалыптасуын диагностикалау аса маңызды. Рефлексия білімгердің өзін-өзі бағалай алуына, құбылыс пен оқиғаны тұтас көре білуіне, пайымдау арқылы өз бетінше әрекеттерді жобалай алу қабілетін анықтай алуына мүмкіндік береді. Осы мақсатта біз жеке тұлғаның (біздің зерттеуімізде дене шынықтыру мамандығының білімгері) өзін-өзі бағалау қабілетін анықтауға арналған Б.А.Сосновскийдің әдістемесін және И.О.Мотковтың тестісін пайдаландық [5]. Аталған әдістемелерді пайдалану барысында білімгерлердің тұлғалық өсуінің өзіндік бағалау деңгейі және тұлғаның даралық сапаларының күтілетін нәтижеге сәйкес келу дәрежесі зерттелінеді. Яғни, тұлғаның түрлі қарым-қатынас жағдайында өзін-өзі бағалаудың шындыққа жақындығын айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы, Б.А.Сосновскийдің әдістемесінде 5-балдық шкалаға сай жеке тұлғаның жауаптары құндылық дәрежелері бойынша деңгейленеді және зерттелінушінің өзі туралы артық немесе көтеріңкі баға беретінін, тіпті өзін-өзі сынай алмайтынын, өз пікірін өзгертуге қиналатынын анықтауға болады. Бұл болашақ маманның кәсіби педагогикалық қызметке дайындығын немесе сәйкес әрекет жасау алу мүмкіндігін айқындауға көмек береді.

Біз зерттеуімізде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметке даярлығын қалыптастыру құрылымында дайындықтың білімдік (когнитивті) және әрекеттік құраушыларының жетекші қызмет атқаратынын айқындадық. Дене шынықтыру мамандарының кәсіби қызметке дайындауда тек әрекеттік құрылымның ғана кәсіби дене шынықтыру іскерлігі мен дағдыларын жоғары деңгейде, ал жалпыпедагогикалық

іскерліктер мен дағдылардың төменгі деңгейде қалыптасуына мүмкіндік жасайтынын көрдік.

Зерттеу барысында жүргізілген тест нәтижелері жұмыс істеуші дене шынықтыру мұғалімдері мен білімгерлердің теориялық білімдерінің жеткілікті дәрежеде жоғары екендігін көрсетті, өйткені білімгерлер педагогика, психология, дене шынықтыруның теориясы мен әдістемесі пәндері бойынша жеткілікті білімді. Оның ішінде, педагогикалық еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын мұғалімдер мен практикант-білімгерлердің теориялық білім-дерінің деңгейі жоғары екендігі анықталынды.

Педагогикалық еңбек өтілі 15 жылдан жоғарымұғалімдердің білім деңгейі төмен нәтиже көрсетті, өйткені бұл педагогтар жаңа инновациялық педагогикалық технологиялар және ақпараттық педагогикалық технологиялар бойынша қиналатындықтарын байқатты. Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша біз мынадай қорытынды жасадық: мұғалімдердің еңбек өтілі көтерілген сайын олардың теориялық білімдері төмендейді, яғни кәсіби қызметке дайындығының білімдік (когнитивтік) құраушысына аз көңіл бөлінеді.

Керісінше, құндылықтық (аксиологиялық) дайындығын диагностикалау дене шынықтыру мұғалімдерінің өз мамандықтарына деген жауапкершіліктері мен сезімдік-құнды қарым-қатынасының олардың жұмыс өтілінің артуына байланысты жоғарылайтындығы айқындалды. Бұл мәселеде эмпатияға бейімділік айқындаушы қызмет атқарады, өйткені эмпатия мұғалімнің оқушыға қатысты мінез-құлық стратегиясын таңдауға және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Эмпатияға бейімділік мұғалімдердің оқушыға көмек беруге үнемі дайындығынан, олардың проблемаларын шешуге жанашырлық таны-туынан, оқушы әрекеттерін қолдауға қатты көңіл бөлетіндіктерінен байқалады. Мұғалім жеке тұлға ретінде өзінің даралық ерекшеліктерін терең түсініп, басқа адамдардың да ерекшеліктерін дұрыс қабылдай алатын сезімтал болып қалыптасады. Сондықтан, эмпатияның дамуы дене шынықтыру мұғалімінің тұлғалық өсуі мен кәсіби қызметке дайындығының жетекші белгілерінің бірі болуы тиіс.

Жұмыс өтілі 15 жылдан жоғары дене шынықтыру мұғалімдерінің эмпатияға бейімділік деңгейі 38,8 балды құраса, жұмыс өтілі 5 жылға дейінгі мұғалімдер мен білімгерлердің эмпатияға қабілеттілігі 20,2 балдан аспады. Білімгерлер эмпатияға қатысты қарым-қатынас түрін ынтымақтастық (7,5 балл) және компромисс (7,0 балл) деп санайтындықтарын байқатты.

Біз зерттеу жұмысымыздың 1.2 параграфында маманның кәсіби қызметке дайындығының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі мұғалімнің өзінің педагогикалық қызметін талдай алу іскерлігі екендігін айтқанбыз. Онда мұғалім өзінің әрекеті мен қылықтарын бағалай алуы міндетті деп айтылған еді. Зерттеу нәтижесінде жұмыс өтілі 15 жылдан жоғары мұғалім-дердің өз қызметін талдауға қабілеттілігінің (рефлексия) жұмыс өтілі 5 жылға дейінгі мұғалімдерде және практикант-білімгерлерден жоғары екендігі, білімгерлердің өз қызметінің нәтижесін талдауға қабілеттілігінің өте төмен екендігін анықтадық. Диагностикалау жұмысының бұл бөлігінде рефлексиялық қабілеттің жоғары деңгейі мұғалімнің өзінің қызметін бағалай алуы мен тұрақты мінез-құлық пен сезімталдық таныта алуы болып саналды.

Практикант-білімгерлерде мұндай тұрақтылық болмағанымен, олардың көңіл күйлерінің жоғарылығы оқу үрдісінде қолайлы атмосфера туғызып, сабақты нәтижелі өткізуге жағдай жасай алатындығын көрсетті.

Мұғалімдердің кәсіби қызметке даярлығының жоғарыда қарастырылған құрылымдық мазмұндарынан әрекеттік құрылымға ерекше назар аударған жөн. Өйткені, мұғалімнің кәсіби қызметке даярлығын көрсететін іскерліктер мен дағдылары оның әрекеттік жұмыс мазмұнымен тікелей байланысты. Зерттеу нәтижесі бойынша жұмыс өтілі 15 жылдан жоғары мұғалімдер, сол сияқты жас мамандар да кәсіби педагогикалық іскерліктерді меңгергендері анықталынды. Бұл әрекеттік құрылымның қалыптасқанын көрсетеді.

Алайда, дене шынықтыру мұғалімінің қызметінің әрекеттік құрылымында жоғары көрсеткіш ретінде олардың техникалық-тактикалық іскерліктерді меңгеруі алынатынын естен шығармауымыз керек. Зерттеуге алынған барлық дене шынықтыру мұғалімдері дене жаттығуларын орындау техникасы мен тактикасын жеткілікті деңгейде меңгерген және дене жаттығуларын оқыту әдістемесін жақсы біледі. Бірақ, мұғалімдердің басым көпшілігі оқу үрдісін жобалауда қиналатындықтары, өздерінің шығармашылық потенциалын жеткілікті қолдана алмайтыны, әсіресе жұмыс өтілі 5 жылға дейінгі мұғалімдердің қарым-қатынас іскерліктерінің төмен екендіктері анықталды.

Сонымен бірге, мектеп мұғалімдерімен қатар 2 курсты аяқтаған білімгерлердің кәсіби қызметке даярлық деңгейін диагностикалау жұмыстары жүргізілді (И қосымшасы). Бұл анықтаушы эксперимент бақылау және эксперимент топтарында өтілді. Екі топта да білімгерлердің басым көпшілігі кәсіби педагогикалық қызметке дайындықтың төменгі деңгейін көрсетті. Бақылау тобы білімгерлерінің 53,6% және эксперимент тобының 52,6% жоғары білім деңгейін (даярлықтың когнитивті құрылымы) және әрекеттік құрылымға қатысты 45,3% (бақылау тобы) және 46,8% (эксперимент тобы) нәтиже көрсете алды. Әрекеттік құрылымның қалыптасу көрсеткіштерінің артуы білімгерлерде дене шынықтыруның техникалық-тактикалық іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуымен байланысты болды. Өйткені 1-2 курстың оқу процесіне енгізілген спорттық мамандықтар пәндері спорттық жаттығуларды қарқынды өткізуге жағдай жасады және бұл әрекеттік құрылымның қалыптасу деңгейін көтеруге мүмкіндік берді. Алайда, білімгерлердің жалпыпедагогикалық және мамандану пәндері бойынша іскерліктері мен дағдылары төмен деңгейде қалып қойғаны анықталынды.

Сол сияқты, болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дайындығының құндылықтық (аксиологиялық) құрылымы екі топта да (бақылау тобы - 11,6%, эксп. тобы - 10,8%), ал рефлексивті құрылымы екі топта да (бақ.тобы - 3,1%, эксп. тобы - 4,2%) төмен нәтижелер көрсетті. Бұл кезеңде оқу үрдісінде академиялық типті оқу қызметінің формалары ұйымдастырылып, оқытуда теориялық бағыттылық басымдық көрсетті.

Анықтаушы эксперимент кезінде білімгерлердің білімі мен іскерліктерін тестілеу бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

8 сурет. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби педагогикалық қызметке даярлығының қалыптасу деңгейлері (анықтаушы эксперимент кезеңі): А- білімдік (когнитивті) құраушы; Б- құндылықтық (аксиологиялық) құраушы; В- әрекеттік құраушы; Г- рефлексивтік құраушы.

Диагностикалау жұмысының нәтижесі болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дайындығының қалыптасу деңгейлері бақылау және эксперимент топтарында шамалас екендіктерін көрсетіп отыр. Сонымен бірге, екі топ білімгерлерінде де болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дайындығының білімдік және әрекеттік құрылымдарының қалыптасуы жеткілікті болғанымен, оларда жалпыпедагогикалық іскерліктердің дамуының төмендігі айқындалды. Атап айтқанда, білімгерлердің ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық және жобалау іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуының төмен екендігі анықталынды. Білімгерлер сабақта кәсіби педагогикалық жағдайларды жобалаудан қиналады, олар оқушылармен қажетті қарым-қатынасты орната алмайды. Сонымен бірге, кәсіби типтік тапсырмалар мен жағдайларды шешуде қатты қиналады, бұл оларды жалпыпедагогикалық іскерліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейлерінің төмен екендігін білдіреді.

Жалпы педагогикалық іскерліктердің ішінде аса қажетті іскерліктерге кәсіби-педагогикалық білімдерді меңгерудегі танымдық іскерліктерді жатқызуға болады, яғни білімгерлер жаңа ақпараттан негізгі мәселені бөліп ала алады, озат педагогикалық тәжірибені және өз тәжірибесін қорытындылап, жүйелеуді жүзеге асыра алады. Алайда, бұл болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық іскерліктері мен дағдысын толық меңгеруге кепіл

бола алмайды, себебі жалпыпедагогикалық іскерліктер мен кәсіби мамандану іскерліктері арасындағы сабақтастық сақталынбағандықтан әрекеттік құрылым жүйесіз болады. Бұл мұғалімнің кәсіби даярлығын нәтижесіз ететін басты көрсеткіш.

Ал болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындығының құндылықтық құрылымының қалыптасу деңгейі 10-12% деңгейінде, бұл көрсеткіш әрине төмен көрсеткіш, өйткені білімгерлер өз әрекеттері мен оның нәтижелер арасындағы байланысты көре алмайды, кәсіби әрекеттің дамуы мен тоқтауы арасындағы байланысты бақылауға өздерін міндетті деп санамайды, сондықтан олардың көптеген әрекеттері кездейсоқ немесе басқа мамандардың әрекеттерінің салдары секілді болып қалады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық қызметке дайындығының рефлексивті іскерліктерінің қалыптасуын анықтауда білімгерлердің өз әрекеттерін өздері талдауға қабілеттері шындыққа сәйкес келмейтіндіктері байқалды. Мысалы, білімгерлердің 78,5% өздерінде рефлексивті іскерліктерінің қалыптасуын өте жоғары деңгейге сай деп санайды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
2. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту.//Білім берудегі менеджмент, №4.2009
3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. -Москва., 2002
4. Ш.Х.Құрманалина,Б.Ж.Мұқанова. Педагогика. -Алматы., 2007
5. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары -Алматы., 2007

**Омаров Е.Б.,**

*п.ғ.к., дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессоры м.а.,*

**Молдан Е., Ясынов Ж.**

*аға оқытушылар*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕҰАҚ*

*Астана қ., ҚР*

#### **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНЫҢ САУЫҚТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ӘДІСІ**

Саламатты өмір салтының маңызды құрылымы дене дайындығының біркелкі екпінділігі екендігі жалпы белгілі. Дене дайындығының біркелкі екпінділігі тек қана дене қасиеттерін жан-жақты дамытуға ғана емес, сонымен қатар, айналысушы жасөспірімдердің мінез-құлқына әсерінің молдығы, пайда болған сырқаттардан айғыуына да жағымды септігін тигізеді [1].

Кіріспе.Оқыушылардың денсаулықтарын бұзатын әр түрлері себептердің бірі, оқу жүктемелерінің көбейуінен де болады,сондықтан ұйымдастырушылардан дене шынықтырудың әрекеттерімен сауықтыру сабақтарын тиянақты кестемен жүргізуді қалыптастыру талап етіледі. Демек, дене тәрбиесінің сабағы – қазіргі заманауи талаптармен қалыптасқан, оқу үрдісінің қыспағындағы оқыушылардың, басқа да оқу сабақтары кестесінің ішіндегі шамалы болсада статистикалық және мінез құлықтық жүктеменің реттелуіне ықпал жасайтын жалғыз сабақ болып саналады [2]. Сондықтан оқу-ағарту жүйесінің алдына нақты міндет қойылған – білім беру мекемесі, осы туындаған олқылықтарды ескере отырып, оқыушылардың мінез-құлықтарына, дене қасиеттерінің жан-жақты дамуына қолайлы жағыдай жасай келе, кәсіби көз қараспен реттелген дене шынықтыру құралдары мен жабдықтарын, айналысу алаңдарын үйлесімді ұсынатын білікті ұстаз мамандарды жасақтауды алдын-ала жүргізуі керек, сонда ғана, әрбір айналысушы

оқыушыға қуанышты көңіл-күй сыйлаумен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәдениетіне тартылуына көмек беруді ісіке асырамыз.

**Мақсаты.** Сауықтыруға бағытталған дене тәрбиесі сабағының мақсаты - айналысушы оқыушылардың ынтасы мен қызығушылығын ескере отырып, олардың денсаулықтарын нығайтуға табиғи қолданбалы жолдармен жету.

**Міндеті.** Дәстүрлі немесе дәстүрсіз әдістердің және іс-шаралардың көмегін дене тәрбиесі сабағында, сондай-ақ оқыушылардың өз бетімен шұғылдануына ұсынылатын бағдарламаларға сәйкес атқару көзделген.

Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыруға бағытталған негізгі жаттығулар ретіне қосылымдар болып: оттегілі жоғары ауаны сіңіре тыныс алуды ескере орындайтын жаттығулар, созылғыштықты машықтандыратын бағыттағы жаттығулар, күш әрекеттерін дамытатын жаттығулар топтамасы саналады.

**Әдістері.** Сауықтыруға бағытталған басты жаттығулардың негізінде осы жоғарыда келтірілген үш қосылымдардың болуы маңызды және қажет. Егерде дене тәрбиесі сабағында тыныс алуды жүктемелеуді ескере орындайтын жаттығулар қарастырылмаса, онда жүрек - қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерін машықтандыруға әсер ететін әрекеттердің болмауын білдіреді. Күш қасиеттерін дамытатын жаттығулар ағзаны нығайтумен қатар, оны ерекше сергітеді және дене бітім қалпының дұрысталып қалыптасуына, сондай-ақ, бұлшық еттердің ауқымының үлкейуіне, молайып нығаюуына да ықпал жасайды. Ал, созылғыштық қасиеттерді арттыратын жаттығулар буындар мен сіңірлерді нығайтады және қозғалыс әрекеттерінің мүмкіншіліктерін молайтады. Сондықтан жаттығулардың аса маңызды үш түрлері: тыныс алуды ескере орындайтын жаттығулар, созылғыштықты машықтандыратын бағыттағы жаттығулар, күш әрекеттерін дамытатын жаттығулардың кешендік топтамасы денсаулықты сақтауға және жетілдіруге аса тиімді.

Сауықтырудың жағымды тиімділігіне нақты жету үшін, келесідей бірнеше ережелерді сақтай білу қажет:

1. сабақ барысындағы қозғалыс жүктемесі қатаң түрде мөлшерленіп отыру керек;
2. жүктемені табиғаты әдемі, оттегісі таза, шаң-тозаң, түтіннен аулақ, қолайлы машықтану алаңдарында тыныс алуды ескере орындайтын жаттығуларды қолданумен сипатталуы керек;
3. әрбір жаттығулар топтамасы орындалғаннан кейін, міндетті түрде жүктеменің қарқынын төмендете келіп үзінділер болуы керек;
4. табиғаттың сауықтырғыш және шынықтырғыш себептерін қолдану қажет;
5. сауықтырғыш дене тәрбиесіне міндетті түрде, тыныс алу жаттығулары мен денені қозғалыс кезінде меңгере алуға арналған жаттығулардың кешенді топтамалары қосылу керек.

Сауықтыра - дамытуға бағытталған сабақтардың әдістік қақидалары келесі сипатта өрбиді.

**Болжамы.** Алға қойылған мақсатқа жету жолындағы қажеттілік бойынша алғанда, дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысудың сауықтыра - дамытуға бағытталуы, қызмет атқару жүйелерінің жағыдайларымен және көңіл-күй қуатының дайындығымен анықталады деп болжанады.

Әсер етудің кешенділігі, әдістік қақидалар ретінде болып, көңіл - күй саласына біріңғай ықпалы, қызмет атқару жүйесіне, қозғалысқа дағдылық және саналық мүмкіншілікке сәйкес ұсынылғаны жөн. Сонымен тиімділік, демек сауықтырудың әр түрлі шараларын қолданудағы үйлесімді негізделуі деп түйінделеді. Спорттық бағыттағы машықтандырғыш жаттығулардан ерекшелігі, сауықтыра – дамытудың түрлі сипаттағы жаттығуларын бір кезде қолдануды (мысалы, жылдамдықты, күшті және шыдамдылықты арттыруға ) енгізу.

Сауықтыруға бағытталған дене тәрбиесінің әдістеріндегі енді бір басты ұғым, жүктемелердің басқарылуы – бұл сауықтыру қақидаларының ең маңызды әдістемелерінің бірі. Сауықтыруға бағытталған жалпы қызығушылықтың арттырылуы, сонымен қоса таңдап алынған спорт түріне ауысу жоғарыда келтірілген әдістемелік қақидаларды орындаған жағыдайда іске асырылады. Сауықтыруға бағытталған қызығушылық мол қамтылған әр түрлі жаттығулар мен олардың тиімді әсерлі көріністегі жағыдайда орындалып, керемет шарықтаған ойлы күй қалыптасуы қамтамасыз етіледі [3].

Біздің көз қарасымыз бойынша алғанда қыз балаларға, сауықтыру міндеттерін шешу жолында шейпингпен айналысу жарасымды және тиімді, ал ұл балаларға спорттық ойындар немесе ұлттық қозғалыс ойындарымен айналысу басым қызығушылықтарын арттыруда, оны жүргізілетін саулнамалар дәлелдейді.

*Негізінде сабақтың дайындық бөліміндегі жаттығуларды орындағанда келесі белгілер қамтамасыз етілуі керек:*

1. жүрек соғу жиілігінің біртіндеп жоғарлауы;
2. дене қызуының ұлғаюы;
3. тірек-қозғалыс аппаратын алдағы орындалатын жүктемелерге дайындау және бұлшық еттерге қан айналып келіп құйылуының күшейуі;
4. буындардың қозғалғыштығының арттырылуы;

*Сабақтың негізгі бөлімінде келесі белгілерге қол жеткізу керек:*

1. жүрек соғу жиілігінің жоғарлауының деңгейі «мақсатты ауқымдағыдай» болуына;
2. ағзаның әрбір жүйелерінің атқаратын қызмет мүмкіншіліктерінің жоғарлауына (жүрек қан тамыр, тыныс алу, бұлшық ет);
3. жаттығуларды орындау барысындағы қуаттардың шығындануының артуына.

*Сабақтың қортынды бөлімінде қолданылатын жаттығулардың келесі белгілерді қамтамасыз етуі:*

1. ағзаның зат алмасу үрдістерін біртіндеп төмендеуін;
2. жүрек соғу жиілігінің сабақтың соңында төмендетілуін, яғни бастапқы қалыптағы деңгейге таяу жақындауын;
3. денені созылғыштық пен тартқылауға арналған жаттығуларды орындау.

Оқу-білім ұжымдарында дене шынықтыра-сауықтыру және спорттық-бұқаралық әрекеттерді ұйымдастыру.

Салауатты өмір салтына қалыптасу жолында дене шынықтыру мен спортқа жол салатын ықыластық, мектеп қабырғасында орнығатыны белгілі. Бұл бағытта жасалған таусылмас әрекеттер, жан ұяда, оқу-білім ұжымдарымен бірге іске асыру жолында маңызды орын алған.

Дене тәрбиесі сабағының негізгі құрылымдары

Мектептегі дене тәрбиесі сабағындағы физикалық жүктемелердің өсуі мен төмендеуін айқындайтын көрсеткішті басқарудың жалпы қақидаларына сәйкес, (сабақтың кіріспе бөлімінде) ағзаның біртіндеп бейімделе екпіндеуін, бой жазауын, одан ары алғанда (сабақтың негізгі бөлімінде) оқу-үйренудің басты жұмыс жасау қабілетінің жоғары мүмкіншіліктерін қолдануды шешуде және машықтанғандықтың жағымды қажеттілігіне жету, сондай-ақ, ағза қызметінің екпінділігін қалыптастыру мен оған қолайлы жағыдай жасау, кәсіби түрде сапалы дайындалуы керек.

Қортынды. Айналысушы оқытушыларға дене тәрбиесі сабақтары қызықты болып, оларға ұнауы үшін оны қалай жүргізу керек деген сұрақтың шешімін табу жолында, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру үнемі ізденісте болады, яғни оқыту-үйрету үрдісі барысында ылғи өзгермей болатын біркелкілікті, жаңаланған бөлшектермен алмастыра отырып қолдана алуында. Оқыту-үйрету үрдісінің негізі қақидасы, бізше алғанда: қалай жасауды білмедім, бірақ талаптанып үйрендім - алынбайтын асу жоқтығына сенім артты деп ой түйілді.

Дене тәрбиесі мұғалімі өзіне жиі келесі сұрақтарды үнемі қоюмен мазалануы керек, яғни дене шынықтыру сабақтарын қашанда қызықты, ағзаға түсетін жүктемелерін тығыз және берілген уақытпен дәлме-дәл үйлестіре алсам деп. Ол осы арманына жету үшін, мұғалім мектептегі ұстаздық әрекеттері барысында, дене шынықтыру сабақтарын өткізудегі кәсіби шеберлігін арттыру жолындағы талпыныстан үмітін үнемі үзбесе ғана жететіндігіне кәміл сенуі керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1.Ж. Л. Садықова, М.Ш. Тұяқбаева, Е.Қ. Уаңбаев Дене тәрбиесі және спорттың ілімі мен әдістемесі (Әдістемелік құрал), 2012 ж.77 б.
- 2.Золотых И.В. Здоровья школьника – один из факторов эффективности обучения //Физическая культура: воспитание, образование. – 2018. №5. –С.21-26.
- 3.Смирнов Н.К. Современная школа и здоровье учащихся / Н.К. Смирнов// Основы безопасности жизни. – 2017. -№1. – С. 42-47.

**Сейдахметов Е.Е.**

*профессор*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., ҚР*

### **СПОРТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ МЕН СПОРТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ДАМУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР**

Спорттың қызметін шартты түрде спецификалық (ерекше болмыс құбылысы ретінде тек өзіне тән) және жалпыға бөлеміз. Біріншісіне, жарыстық-мөлшерлік өлшеу (эталондық) және эвристикалық-нәтижелілік қызметі. Екіншісіне, қазіргі уақытта әлеуметтік-қоғамдық мәні бар қызметтерді, яғни жеке тұлғалық бағытты тәрбие, үйрету және дамыту қызметін қосады; сауықтыру-рекреациялық қызмет; жеке тұлғаның әлеуметтік интеграциясы және социализациясы; коммуникативтік және экономикалық қызметі.

**Спорттың әлеуметтік қызметі.** Спорттық қызметке жеке тұлға және қоғамның нақтылы қажеттілігін қанағаттандыру және дамыту, адамға және адамдар арасындағы қатынасқа объективті тән әсер ету қасиеті жатады.

**Жарыстық-эталондық қызметі.** Жеңіске спорттың негізгі спецификасын немесе жеке өзіндік жоспарда жоғары спорттық нәтижеге жету немесе жарыста орын алуға бағдарланған сайыстар барысында нақтылы адам мүмкіндіктерін жүйелі салыстыру және әділ бағалаудың максимальды мәнін айқындаумен тұжырымдалатын меншікті жарыстық қызмет құрайды.

Спорттағы есепке алынып, белгіленген рекордтар мен жетістіктер спорттық дәреже талаптарын орындау жалпы адам мүмкіндіктерін және өзіне тән көрсеткіші қызметін атқарады, және кең танылымға ие болады. Техника эталонынан (өлшемінен) айырмасы "спорттық эталон" тарихта өзгеріссіз қалмайды, спортшының өзін жетілдіруіне, күшті жұмылдыруына бағыттап, ынталандырып, барлық уақытта алға озады. Спорттың эталондық қызметі *жоғары жетістіктер спортында* анық көрінеді, алайда белгілі шамада бүкіл спортқа, оның ішінде арнайы ұйымдастырылған жарыстар жүйесі арқылы жалпы көпшілік бұқаралық спортқа да тән[1].

**Эвристикалық - табысқа жету қызметі.** Спорт үшін адамға өз мүмкіндіктерін білуге жұмылдыратын шығармашылық ізденіс қызметі тән, яғни оны максимальды іске асыруда және арттыруда тиімді әдістерін іздеп табу. Бұл қызмет жоғары жетістіктер спортында барынша толық көрініс тапқан, өйткені жетістікке жету жолында дайындық жүйесін үнемі жетілдіріп отыру, жаңа құралдарын жаттығу әдістерін, спорттық күресті



жүргізудің жаңа әдістің және тәсілдің күрделі элементтері үлгісін шешімін іздеу қажет. Спортшы барлық уақытта шерберліктің жаңа деңгейіне көтерілу үшін жарыстарда өзінің мүмкіндіктерін толық жұмылдырып және көпжылдық дайындықтың әртүрлі сатыларында олардың барын тиімді пайдаланып, өз қабілеттерін жетілдіруі тиіс. Алып шығармашылық лабораториясы сияқты спорт адам жетістіктерінің шыңына таптаурын жол салады. Нобель сыйлығының лауреаты Арчибальд Хиллдың "Физиологиялық мәліметтердің шоғырландырылған саны физиология кітабында емес, әлемдік спорттық рекордтарда", – деген сөзі бұған дәлел.

*Әлеуметтік - қоғамдық қызметіне бәрінен бұрын жекелік – бағытты тәрбие, оқытып үйрету және дамыту қызметтері* жатады. Спорт тек дене және спорттық жетілу үшін үлкен мүмкіндік туғызып қоямайды, сонымен бірге ол адамгершілік, өнегелілік, эстетикалық, интеллектуальдық (ақыл-ой) және еңбек тәрбиесін береді. Спорттың өзіне тарту күші дене және психикалық күштердің көрінуіне жоғары талап, адамның саналылығы мен рухани бейнесін жекелей – бағытты тәрбиелеу үшін кең ауқымдағы мүмкіндіктер туғызады. Тәрбиелік мақсатқа жетудің соңғы нәтижесі тек спорттың өзіне ғана емес, барлық тәрбие және даму жүйесінің әлеуметтік бағыттылығына да байланысты. Осындай бейнеде, спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері өзінен-өзі шешілмейді, спорт аясында жинақталған тәрбиелік-бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады.

Спорт әлеуметтік-педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттық кәсіби-қолданбалы түрлерімен шұғылданудың арқасында еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады.

*Спорттың сауықтыру-рекреациялық қызметі* адам ағзасының жағдайына және қызметтік мүмкіндіктеріне оңды әсер етуімен көрінеді. Әсіресе бұл балалар мен жасөспірімдер спортында анық көрінеді, яғни спортпен шұғылданудың дамып және қалыптасып келе жатқан ағзаға пайдалы әсеріне баға жетпейді. Дәл осы жаста денсаулықтың негізі қаланады, дене жаттығуларымен жүйелі шұғылданудың дағдылары үйлестіріледі, жеке және қоғамдық гигиена дағдылары қалыптасады. Спорт сонымен бірге жақсы көңіл күйдің көзі болып табылады, ол балалардың психикалық жағдайын түзейді, ақыл-ой шаршауын басуға мүмкіндік береді, бұлшық ет қуанышын сезіндіреді. Әсіресе балалардың *гиподинамиясының* кері құбылысын жою ісінде оның рөлі өте зор[2].

Елдің ересек тұрғындарымен жұмыс істеуде спортқа көп мән беріледі. Ол сауықтыру еңбек қызметіндегі және тұрмыстағы қозғалыс белсенділігінің тез азаюы тән ғылыми-техникалық прогрестің қолайсыз зардаптарынан қорғау құралы болып табылады. Спорт бос уақытын салауатты демалыспен және көңіл көтерулермен ұйымдастырудың таралған түрі.

*Спорттың әсерлену және көріністік қызметі* өнермен бірлестікте адамның дене және рухани сапалары үйлескен үндестікте көрінетін оның көп түрлері өзімен эстетикалық қасиеттерді ала жүреді. Әсіресе, бұл жоспарда олардың ішіндегі қызықтыратын тартымдысы күрделі қозғалыс үйлесімділігіндегі мына спорт түрлері: спорттық және көркем гимнастика, конькиде мәнерлеп сырғанау, суға секіру және т.б. Адам денесінің сұлулығы, әдіс-тәсіл жағынан күрделі және мәнерлі дағдыланған қозғалыс, мерекелік көңіл күй – осылардың бәрі спорттың ақиқат табынушыларын қызықтырады. Спорт көпшілікке танылған ойын-сауық сияқты құбылыс ретінде әсерлілігімен және қабылдау өткірлігімен көпшілік адамдардың жеке және ұжымдық қызығушылық ынтасын қозғайтын, сонымен бірге "спорт тілінің" әрбір адамға іс жүзінде түсінікті жан-жақтылығымен сипатталады.

Барлық адамдар үшін спорт сезімге, мазмұнға бай қызық көрініс. Осы заманғы коммуникацияның техникалық құралдары, әсіресе бейне көрініс спорттық көрермендер аудиториясының бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда ауқымы кеңейді, яғни бұл адам баласының сезім әлеміне спорттың әсерін арттырды[3].

Көрермен жанкүйерлерсіз спорт жалпыға бірдей маңызы бар әлеуметтік құбылыс болмаған болар еді. Спорттық майданға бәсекелесіп жарысып жатқандармен бірге

әсерленіп, жанкүйерлер өзін солардың ішінде жүргендей спорттық сайыста, мінездердің күресінде, спорттық дауларды сезіммен-бейнелік деңгейде шешуде солармен бірдей сезінеді және өзінің өмірлік ұстанымында бекітуге еліктеу және жекелеу үшін айқын мысалдарды табады.

***Жеке тұлғаның әлеуметтік интеграциясы мен социализациясының қызметі.***

Спорт адамдарды қоғамдық өмірге тартудың қуатты қозғаушы күштерінің бірі болып табылады, яғни шұғылданушыларды оған қатыстыруға ынталандырады және шұғылданушылардың әлеуметтік қатынастағы тәжірибесін қалыптастырады. Жеке тұлғаны социализациялау процесіндегі оның маңызды рөлі осыған негізделген.

Ерекше спорттық қатынастар (жеке тұлғалар арасында, топтар арасында, ұжым аралық) спорттың шегінен тыс шығатын әлеуметтік қатынастар жүйесіне осылай немесе басқаша қатыстырылады. Бұл қатынастардың жиынтығы спорттың жеке тұлғаға әсер ету негізін құрайды, яғни оның тәжірибесін спорт ауқымында және одан да басқа барынша кең масштабта меңгеру қажет болады.

Спорттық қозғалыс жалпы көпшіліктік әлеуметтік ағым ретінде және әлеуметтік интеграция қозғаушы күштерінің бірі ретінде үлкен маңызға ие болды, яғни адамдарды бір-біріне жақындату және оларды топтарға, ұйымдарға, одақтарға, клубтарға қызығушылық ынтасы мен қызметіндегі бірлік негізінде қанағаттандыру болып табылады. Спорттың жалпы көпшілікке түсініктілігі, жалпы халықтық сапаға өту үшін спорттық жетістіктерді халықтың, ұлттың, мемлекеттің беделді ықыласымен табиғи бағалау, оны жалпы көпшілік санасына әсер ету үшін қолайлы жол (канал) етеді. Қазіргі заманғы өмірде бұл жол коммерциялық мақсатқа да қолданылады.

***Спорттың коммуникативтік қызметі.*** Қазіргі кезеңдегі адам дамуындағы қоғамның гуманизациясы спортты халықаралық байланыстарды өрістетудің халықтардың өзара түсінігі мәдени ынтымақтастық, әлемде бейбітшілікті нығайтудың қозғаушы күшін жасайды. Спорт халықаралық қатынаста әлдеқашан басты орынды иеленген [4].

Біздің заманымызда халықаралық спорттық байланыстар орасан зор деңгейге дейін өсті, ал "Спорт барлығы үшін" және олимпиадалық қозғалыс сияқты спорттық қозғалыс түрлері қазіргі заманғы өте кең ауқымдағы халықаралық ағымына айналды. Қазіргі таңда Халықаралық Олимпиада комитеті 200-ден астам Ұлттық олимпиадалық комитеттерді біріктіреді.

***Спорттың экономикалық қызметі.*** Спорттың үлкен экономикалық мәні бар, яғни спортты дамытуға жұмсалған қаражат бәрінен бұрын тұрғын халықтың денсаулық деңгейін арттыруға, адамның өмірін ұзартуға және жалпы жұмыс қабілеттілігін арттыруға жұмсалып арқылы есесі қайтады. Спорт туралы ғылымның, материалдық-техникалық базаның дамуы маман дайындау – осылардың барлығы балалар және жасөспірімдер спорты, жалпы көпшілік спортының (бұқаралық) және жоғары нәтижелер спортының дамуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге спорттық көріністерден, спорт ғимараттарын жалға пайдаланудан түскен қаржы көзінің де экономикалық маңызы бар. Алайда бұл мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың спортты дамытуға бөлген қаржының азғантай бөлігіне тең. Біздің қоғамымыздың негізгі құндылығы – бұл денсаулық. Бұл аспектіде де спорттың бағасы жоқ.

***Спорттық қозғалыстың дамуындағы негізгі бағыттар.***

Спорт бүкіл әлемде негізінен екі бағытта дамиды:

1. Жалпыға бірдей (бұқаралық) спорты
2. Жоғары нәтижелер спорты

Жалпы көпшілік спортына студенттік, кәсіби-қолданбалы, денешынықтыру-кондициялық, сауықтыру-реактивтік спорты кіреді. Әлемнің көптеген елдерінде спорттың бұл түрлері миллиондаған шұғылданушыларды қамтып "Спорт бәрі үшін" деген қозғалысқа кіреді.

Жалпы көпшілік спортында шұғылданудың бағытына байланысты жүйелі сабақ барысында бүтіндей қатардағы мына міндеттер іске асырылады: білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру, кәсіби-қолданбалы, рекреациялық, өзінің дене жағдайын (кондициясын) арттыру.

Жалпы көпшілік спортының негізін оқушы-студенттік спорт құрайды, яғни базалық дене дайындығына жету және білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, кәсіптік-техникалық училищелер, институттар, академиялар мен университеттер және т.б.) қабілетті дене дайындығын оптимизациялау болып табылады.

Осылай, оқушы-студенттік спорт жалпы дене дайындығын және жалпы бұқаралық деңгейдегі спорттық нәтижелерге жетуді қамтамасыз етеді. Жалпы көпшілік спорттық қозғалысына сонымен бірге нақтылы кәсіп түріне дайындау құралы ретінде (әскери және қызметтік көпсайыс, өрт сөндіру қолданбалы спорты әскери-әуе, десанттық, ішкі бөлім әскері және арнайы дайындалған бөлімдердегі күрес және шығыс жекпе-жегі) кәсіби қолданбалы дене дайындығы болып саналады.

Денешынықтыру-кондициялық спорты жалпы көпшілік жарыстарға қатысатын адамдардың дене дайындығын арттыру, қажетті жұмыс қабілеттілік деңгейін сүйемелдеу құралы болып табылады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000
2. Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев «Педагогика» 2002
3. Тілеулов Э. Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
4. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004
5. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006

*Сейдахметов Е. Е.*

*профессор*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,*

*Түркістан қ., ҚР*

## **ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Орта арнаулы білім беру үдерісінде білімгерлерді дайындау үдерісінде заманауи технологияларды қолдану арқылы модельдеу, ойша эксперимент жасау әдісін қолдануды қажет етеді. Модельді құрастыру – демек арнайы аналогтарды жасау жолымен нақты бар жүйені материалды немесе ойша ұқсатуды іске асыру, бұл жағдайда аналогтарда осы жүйенің ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері көшіріледі (Б.С.Гершунский, В.А.Штофф және т.б. [1, 2]).

«Модель» ұғымын сипаттауда М.К.Мамардашвили модельде «эмпирикалы түрде байқалатын шындықтың барлық толып жатқан қасиеттері мен байланыстары тізілетін сияқты, олар бұл жағдайда тек ғылыми жолымен алынады; адам оларға қатысты зерттеуші болады» деп атап көрсетеді [3].

Біз зерттеу жұмысымызда модельдеу әдісін білімгерлердің ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу іскерлігін қалыптастыру моделін жасауда пайдаланамыз. Сонымен біз, қазіргі кезде ғылым мен техниканың жетістіктерін кәсіби маман дайындау үдерісінде пайдалану маңызды екендігін, ал бірақ сол негізде білімгерлерге білім беру әлі де жеткіліксіз екендігін айқындадық. Бұл бағытта ұсынылған арнайы тұжырымдама негізінде, арнайы модельді ұсыну қажеттігі туады. Білімгерлерді заманауи технологиялар

негізінде кәсіби дайындау моделі – орта арнаулы білім беру үдерісінде білімгерлерді дайындауға әлеуметтік тапсырысын, маманның кәсіби біліктілігі деңгейіне қоғамның талабын, білімгердің бәсекеге қабілетті білім алуға талабын, білімгерге заманауи технологиялар негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру және заманауи технологиялар бойынша іскерлігін қалыптастыру технологиясын қамтиды.

Білімгердің заманауи технологиялар арқылы кәсіби дайындаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруда біз модель мыналарды бейнелейді деген тұжырымдарға сүйенеміз.

- талаптарды, олар қоғам тарапынан болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың сапасына қойылады;
- зерттеулердің негізгі идеяларын, олар болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерліктерін, заманауи технологиялар бойынша іскерліктерін қалыптастыруды оңтайландыру проблемасы бойынша ұсынылады;
- білімгерге заманауи технологиялар бойынша іскерлігін қалыптастыру арнайы орта оқу орындарында оқытудың біртұтас педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда;
- оқыту мазмұнын, ғылыми, жалпы кәсіби және арнайы кәсіби сипаттағы білім, іскерліктер мен дағдылар түрінде алынуда;
- негізгі өлшемдерді және деңгейлер көрсеткіштерін, маманды даярлаудың сапасын анықтауда.

Модель білімгерлердің сапасына қойылып, зерттеу идеясын маманды дайындауды оңтайландыру мәселесі бойынша, осы қарастырылып жатқан проблеманы білімгерлерге оқытудың тұтас бір кәсіби дайындау жүйесін құруда негізгі рөл атқарады.

*Заманауи технологияларды пайдалану арқылы білімгерлерді кәсіби дайындау моделінің* теориялық негізін оқыту үдерісінің маңыздылығын түсіндіретін мақсаттар, мазмұны, формалары, әдістері, оқыту орталары сияқты дәстүрлі категориялар құрайды. Келтірілген критерийлерді кешенді түрде қолдануда болашақ «Денешынықтыру және спорт» саласы білімгерлерін заманауи технологияларды қолдану арқылы кәсіби дайындаудың *мақсаттық, мазмұндық, процессуальдық және бақылау диагностикалық* компоненттерімен анықталатын моделінің маңызын анықтайды (сурет 1).

Білімгерлерді заманауи технологиялар арқылы кәсіби дайындау моделінің *мақсаттық компоненті* аталған дайындық деңгейін бақылау-диагностикалық критерийіне сәйкес жоғарылатуға бағдарланған мақсаттарды біріктіреді.

Модельдің *мазмұндық компоненті* оқытуда қолданылатын әдістемелер, ұстанымдар мен тәсілдер туралы білімдерге құрылған оқу пәндерінің бағдарламаларымен бейнеленген, мазмұнды айқындайды.

Бағдарлама мазмұнын құрудың негізгі идеясы Білімгерлердің заманауи технологияларды пайдалану арқылы кәсіби дайындау нәтижесінде олардың кең көлемдегі білім, білік дағдыларды ғана меңгермей өзін таңдаған мамандығы саласында кәсіби іс-әрекеттерде тұлға, құзырлы маман ретінде танытуына бағытталған дифференциациялық тәсілді бейнелейді.

Әдебиеттерді талдау көрсеткендей педагогикадағы дифференциялық тәсіл білім алушылардың қабілеттері, жеке қызығушылықтары, жеткен жетістіктеріне, интеллектуалдық деңгейлері (интеллектуалдық тестер негізінде), гендерлік тәсіл негізінде, денсаулығына орай іске асады.

Білімгерлерді заманауи технологиялар арқылы кәсіби дайындау модельінің *процессуальдық компоненті* аталған дайындық деңгейінің жоғарылауына ықпал ететін оқыту формаларын, әдістерін және педагогикалық шарттарды бейнелейді.

Оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи технологиялар арқылы білімгерлердің кәсіби дайындығын арттыруда оқытудың лекция, лабораториялық жұмыстар, семинарлар, баяндамалар, теориялық талдау және жалпылау әдістері, жобалар, «Power Point», «Publisher» бағдарламаларындағы

Мақсаттық компонент: заманауи технологиялар бойынша білім сапасын жоғарылату, кәсіби міндеттерді шешуде заманауи технологияларға бағдарлау және мақсатты пайдалану біліктілігін жетілдіру, мотивация деңгейін және заманауи технологиялар түрлерін пайдалану бағыттылығын жоғарылату, компьютермен жұмыс істеуде алаңдау және шаршау деңгейін төмендету.

Мазмұны: білімгерлерге заманауи технологияларды пайдалану арқылы кәсіби дайындау пәндерінің бағдарламалары: «Дене шынықтыру және спорт саласындағы компьютерлік технологиялар». Пәнді оқу-әдістемелік қамсыздандыру компьютерде өз бетінше жұмыс істеуге арналған дидактикалық тарату материалдарын қамтиды: тақырыптық мәтіндер, кестелер, құрылымдық-логикалық сұлбелер, зерттеу жұмыстарын безендіру бойынша тапсырмалар, тестер, Интернет желісін, презентацияларды және т.б. қолданып орындауға арналған тапсырмалар

Тәсілдер: дифференциацияланған (мамандық және кәсіби іс-әрекет түріне сәйкес: «Дене шынықтыру және спорт саласындағы қазіргі инновациялық технологиялар»).

Ұстанымдар: жүйелілік, бірізділік, пәнаралық байланыстар, кәсіби мәнділік және т.б.

Формалары мен әдістері: лекциялар, компьютердегі лабораториялық жұмыстар, жоба, теориялық талдау және жалпылау әдісі, жағдайды модельдеу, іздеу, ақпаратты өңдеу және пайдалану, «Power Point», «Publisher» бағдарламаларындағы презентациялар, баяндамалар, педагогикалық бақылау, тестілеу.

Педагогикалық шарттар: ұйымдастырушылық, әдістемелік, психологиялық.

Білімгерлердің критерийлер мен көрсеткіштер бойынша дайындық нәтижелерінің көрсеткіштері: гностикалық (заманауи технологиялар негіздері бойынша білім деңгейі), технологиялық (заманауи технологияларды қолдану біліктілігінің деңгейі), мотивациялық (мотивация деңгейі), деңгейлері: төмен, орта, жоғары.

Нәтиже: заманауи технологияларды пайдалану арқылы білімгерлерді кәсіби дайындау деңгейін жоғарылату.

Зерттеу барысында педагогикалық шарттардың үш түрі айқындалды: ұйымдастырушылық, әдістемелік және психологиялық.

*Ұйымдастырушылық шарт:* компьютер сыныптарында отырғызу; білімгерлерді кәсіби бағыттылық ұстанымы бойынша кәсіби дайындау үдерісін құру, кәсіби дайындау үдерісінде білімгерлердің жеке қабілеттерін ескеру.

*Әдістемелік шарт:* білімгерлерді заманауи технологияларды қолдану арқылы кәсіби дайындау бағдарламасын жасау; мамандану бойынша дифференциациялық тәсіл, заманауи технологияларды таңдау, қажетті ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, өз бетінше білім жинау; сабақ өткізу үшін жеткілікті жабдықталған материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қордың болуы.

*Психологиялық шарт:* білімгерлерге кәсіби дамуы мақсатына сай қолайлы психологиялық жағдай туғызу; білімгерлерге кәсіби қызметі үшін заманауи технологиялар бойынша білім алуға тұрақты қызығушылықты дамыту; білімгерлерді және жеке график бойынша білім алатындарды педагогикалық қолдау, іскерлік қатынас ұстанымы.

Модельдің әдістемелік қамсыздануы: топ білімгерлерінің диагностикасы, «Дене шынықтыру және спорт саласындағы компьютерлік технологиялар» пәнінің бағдарламаларын жасау, мамандануды ескеру «Дене шынықтыру және спорт саласындағы қазіргі инновациялық технологиялар» арқылы дифференциациялық тәсіл негізінде әр тақырып бойынша әдістемелік тапсырмалар жасау болып табылады.

Сонымен қатар, заманауи технологияларды пайдалануға негізделген пәндер бойынша оқыту мақсатына, мазмұнына, уақытқа, заманауи технологияларды қолдану әдістері мен орталарына байланысты тапсырмалардың бірін-бірі қайталамауы ескерілді. Сауалнамалар жасалып, тестілік тапсырмалары жасалды.

Модельдің негізінде біз әртүрлі көрсеткіштерді сипаттайтын деңгейлерді (төмен, орташа, жеткілікті, жоғары) анықтадық.

*Төмен деңгей:* кәсіби шеберлігінде заманауи технологияларды қолдануға талпынысы жеткіліксіз, инновациялық іс-әрекетке құлқы жоқ, заманауи технологияларды пайдалану іс-әрекеті төмен, мультимедиялық технологияларды пайдалану мүмкіндігін біле бермейді.

*Орта деңгей:* кәсіби шеберлігінде заманауи технологияларды қолдануға талпынуы тұрақты емес, инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігіне мән бере бермейді, заманауи технологияларды қолдану тәсілдері туралы түсінігі бар, бірақ меңгеруі орташа. Заманауи технологияларды қолдану туралы қабілеті бар, бірақ ішінара қолданады. Мультимедиялық технологияларды қолдану туралы талпынысы бар.

*Жеткілікті деңгей:* Өзінің кәсіби шеберлігінде ақпараттық және компьютерлік технологияны барынша қолдануға талпынуы тұрақты, инновациялық іс-әрекетке ұмтылысы ұдайы еркін көрінеді, ақпараттық жүйелерді модельдеу, компьютерлік модельдеуді, мультимедиялы технологияларды қолдана алады.

Бұл деңгейдегі білімгерлер – қалыптастырылған жекелеген, кейде, тіпті, заманауи технологияларды қолдану іскерлігінің толық бір кешенін жаңа нысанға, оқу материалының неғұрлым ірі блогына (модельдеу әдісіне, тақырыпқа, ақпараттық мәселелердің типтеріне, т.б.) көшіре алады. Мұндай көшіру, көбінесе, жалпы ұсыныстарды пайдалану жолымен, оның мақсатының мағынасын түсіну негізінде жүзеге асады.

*Жоғары деңгей:* кәсіби іс-әрекетінде, инновациялық іс-әрекетінде заманауи технологияны еркін қолдана алады, мультимедиялы технологияларды қолданып, бағдарламалық құралдарды жасай алады.

Жоғары деңгей – жоғары дамыған заманауи технологияларды қолдану іскерлігі, ол білімгерлердің кәсіби іс-әрекетінің тек мақсаттарын ғана емес, сонымен бірге оның мотивтері мен құралдарын таңдай білуімен анықталады. Бұл деңгейге нақты педагогикалық ситуацияға сәйкес әртүрлі оқу-әдістемелік құралдар мен заманауи технологияларды пайдалана білу іскерлігі тән болады.

Осы келтірілген деңгейлерді қалыптастыру үшін заманауи технологияларды қолдану негізінде теориялық және практикалық даярлық жүйесі қажет. Ол заманауи технологияларды пайдалануға негізделген пәндер циклі арқылы қамтамасыз етіліп, аталған бағытта кәсіби дайындау әдістемесі арқылы жүзеге асырылады.

#### **КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Гершунский Б.Г. Педагогические аспекты непрерывного образования // Вестник высшей школы. – 1987. №6. С.-22-29
2. Штофф В.А. Моделирование и философия.-М.: Наука, 1996.-91-96 с.
3. Мамардашвили М.К. Как я понимаю философию; [Сборник] /Составитель и ответственный редактор Ю.П.Сенокосова. – М.: Прогресс. Культура, 1992, - 414 с.

*Сейдахметов Е.Е.*

*профессор*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., ҚР*

### **МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Мектеп жасы қоғамның белсенді мүшесіне айналып қалыптасатын 7 жастан 17-18 жас аралығын қамтиды. Балдырған сәбиден мектеп оқушысы еңбекке, Отанын қорғауға дайын азаматқа айналады. Дәл осы жаста біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерде және сонымен бірге, арнайы орта және кәсіптік-техникалық орта оқу орындарында жалпы көпшілікке орта білім беру іске асырылады.

Дене тәрбиесі сабағы оқу орындарындағы барлық оқу-тәрбие процесінің бөлігі, маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

## **2. Мектеп жасындағы балаларды жас ерекшелігіне қарай бөлу.**

Мектептерде дене тәрбиесі сабағы балалардың жас және жыныс, анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері қатаң ескеріліп жүргізіледі. Жас ерекшелік мүмкіндіктерін білу мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- 1) балалардың шамасы жететін мүмкіндіктерін дұрыс бағалау;
  - 2) ағзадағы оңды өзгерістерге сүйену және өсудің қиындығын сездірмеу;
  - 3) белгілі бір бағытта, бөліп айтқанда қозғалыс сапаларының қайсы бірімен жұмыс жүргізу үшін барынша ұтымды кезеңдерді жіберіп алмау;
  - 4) Әрбір оқушының типтік ерекшеліктерін білу арқылы толығымен, жеке әрбір оқушының өзін көрсетуіне мүмкіндік беріп, дене дайындығына қарай күрделіленуіне мүмкіндік жасау.
- Биологиялық дамуына байланысты мектеп жасындағы балалар мен қыздарды жас ерекшеліктеріне бөлу ғылыми негізделіп, қазіргі таңда былай анықталған: екінші балалық шақ - 8-12 жастағы ер балалар және 8-11 жастағы қыздар; жасөспірім шақ - 13-16 жастағы ер балалар және 12-15 жастағы қыздар; бозбала шақ - 17-21 жастағы бозбалалар және 16-20 жастағы бойжеткендер.

Педагогикалық іс тәжірибеде екі жыныстағылардың сыныпқа бөлінуіне қарай келесі жас кезеңдеріне бөлу тараған: майда немесе бастауыш мектеп жасындағылар 7-10 жас, I-IV сыныптар; орта сынып жасындағылар – 11-15 жастағы балалар, IV-VIII сыныптар; жоғары сынып жасындағылар жасы – 16-18 жасар бозбалалар мен бойжеткендер, яғни IX-XI сынып оқушылары[1].

Мектеп жасындағы балалардың денесін тәрбиелеу мәдениеті міндеттері келесі бейнеде нақтыланады:

### **Сауықтыру міндеттері:**

1. Өсіп келе жатқан ағзаның үйлесімді дамуына жәрдемдесу және оны біртіндеп ұлғайтып келе жатқан жүктемеге дайындау, дұрыс дене сымбатын қалыптастыру, жүрек-қан тамыры айналысы мен тыныс алу жүйелерін дамыту, зат алмасу процесінің қызметін жеделдету, жүйке жүйесін бекіту.
2. Белгілі бір жастағылардың және жыныстағылардың қозғалыс сапаларын дамыту.
3. Шынығу сыртқы ортаның жағымсыз әсерлеріне ағзаның (қалыптылығын) бейімділігін орнықтылығын арттыру. Сергектік, өмірге деген құштарлық сияқты жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз ететін бұл іргетассыз мектеп оқушыларын оқыту және тәрбиелеу міндеттерін шешу мүмкін емес. Мектеп оқушыларының әрбір жас ерекшеліктеріне қарай ағзаның даму ерекшеліктері есепке алынып, жекелеген міндеттер шешіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының жасында тірек - қозғалыс аппаратының дамуы, жалпы дамып, беку сипатын қамтамасыз етеді. Қаңқаның қатты иілгіштігі, бұлшық ет ұлпаларының созылғыштығы, ірі бұлшық еттердің дамуы басым болатыны ескеріледі[2].

Орта сынып жасындағыларда, балалардың бойы, дене мүшелері тез өседі бірақ пропорцияға сай емес (аяқ, қолдар денеге қарағанда тезірек, сүйектер бұлшық еттерге қарағанда жылдам өседі, олардың созылғыштығы азаяды) және қыздар мен балаларда бірдей жылдамдықпен емес, сондықтан бұлшық еттерге жан-жақты әсер етіп оның әртүрлі көріністерінде күшін, буындардың қозғалмалылығын, босаңсыту қабілетін дамыту қажет. Жасөспірімдердің тыныс алуына, бұлшық еттеріне ерекше назар аударылады, өйткені көкіректің көлемі мен дененің өсуі ара қатынасында үйлеспеушілік пайда болуы мүмкін (физиологиялық кушық кеуде). Жоғары сынып оқушылары жасында дененің өсуі азаяды, бұлшық ет көлемі артады, бұлшық ет ұлпаларының құрылымы жетіледі, күш және жылдамдық дайындығын жақсартуға барынша күшейтілген жұмыс жасауға мүмкіндік жасалады. Сонымен бірге жасөспірім бозбалалар және бойжеткендермен жұмыс тек жүктеме жағынан ғана емес бағыттаушылық жағынан да күрделіленеді.

Әртүрлі жас ерекшелігі топтарында сауықтыру міндеттерінің ең маңыздыларының бірі нақтыланады, яғни ол дұрыс дене тұлғасын (сымбатын) қалыптастыру болып табылады. Мектеп жасында дене сымбатының үнемі өсіп қалыптасуының жалғасатындығынан балаларды дене жаттығуларын орындатқан кезде күрт қозғалыстан, ауытқудан, секірген кезде қатты жерге түсуден, т.б. сақтандырған жөн. Қан айналу және тыныс алу органдарының жүйелері мектеп бітірген жасқа дейін дамуын жалғастырады.

Бастауыш сыныптарда жүректің соғу, жиырылу күші әлі күшті емес. Жүрек минутына 90 рет соғып, тез жиырылады, тыныс алу да минутына 20-22 рет және терең емес. Тек жоғары сыныптарда ғана жүрек-қан тамыр айналысы жүйесінің қызметі жүйелі атқарылады, оның реттеуі жетілген, дегенмен ер балаларға қарағанда қыздардың қан айналу және тыныс алу органдарының қызмет ету мүмкіндіктері төмен болады[3].

Ағзаны шынықтыру - аса маңызды сауықтыру шараларының бірі. Шынықтыру процедураларын мектепке дейінгілерге қарағанда оқушыларға байқап және біртіндеп жасаған жағдайда ғана күшті әсер етеді.

Өмір сүру бейнесі мен күн тәртібінің өзгеруіне қарай мектеп оқушыларына жүйелі түрде шынығу қиындайды. Сондықтан, үзілістегі дене жаттығуларымен дене тәрбиесі сабағын таза ауада өткізу мүмкіндігі пайдалы.

Сауықтыру міндеттері екі жақты шешілуі мүмкін: 1) Дербес, өз бетінше, дене тәрбиесінің әдістері мен құралдарын арнайы тандап, яғни, дұрыс дене дамуына жәрдемдесетіндей немесе дене сымбатының бұзылуын, салмағын, белгілі бір бұлшық ет топтарының нашар дамуын қалпына келтіретіндей мүмкіндік туғызу. 2) Кез келген білім алу және тәрбие міндеттеріне жол ашу. Мектеп оқушылары үшін жеткілікті белсенді қозғалыс күн тәртібі, күнделікті орындалатын дене жаттығулары маңызды; ерекше таза уақытқа (дозировка) есептеліп жасалынған жүктеме, ағзаның қуат қорын (ресурстарын) ашуға жол бермейді, өсуіне қажет жеткілікті демалыспен, ұйқымен, тамақпен өз уақытында күшін бастапқы қалпына келтіруі; барынша жақсы гигиеналық жағдай жасау - сабақтың сыртқы ортамен және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен байланыс; денсаулық жағдайына және дене дайындығы көрсеткіштеріне жүйелі түрде дәрігерлік-педагогикалық бақылау жасау.

### ***Білім беру міндеттері***

1. Оқушыларды өмірдің әртүрлі жағдайында қажетті біліммен, қабілетпен және дағдымен қаруландыру:

а) дене жаттығуларының маңызы және әсері, әдіс түрі, ережесі және олардың табыспен орындалу жағдайы;

б) өмірге қажетті қабілет пен дағдыны кең ауқымда жетерліктей қалыптастыру;

в) сантүрлі жаттығулар арқылы қозғалыс тәжірибесін байыту, өз түйсігімен күш салуды реттеу қабілетін қалыптастыру, әрекетті өз уақытында және дәл, нақтылы міндетке сай, соның ішінде күрделіленген жағдайда жасау. Бұл міндетті шешу жаңа әрекеттерді өмір өткелдерінде пайдаланып шешуге жағдай туғызады.

1. Балаларға жеке және қоғамдық гигиена туралы білімді мектепте, үйде дене жаттығуларымен шұғылданғанда, еңбек еткенде және демалыс кезінде қалыптастыру.

2. Дене мәдениеті ауқымында өміртанымын кеңейту, дене жаттығуларымен шұғылдануға қызығушылығын және қажеттілігін дамыту, өз денесінің күшін жетілдіруге ұмтылдыру және оны іске асыра білу. Бұл міндетті шешу сенімділік туғызады, сонымен бірге мектептен кейін де дене тәрбиесі күн тәртібіндегі міндетті элементтің бірі болып қалады.

3. Дене жаттығуларымен сабақ өткізу үшін ұйымдастырушылық және кейбір әдістемелік (нұсқаушылық, төрешілік) білімді және қабілетті қалыптастырады.

### ***Тәрбиелік міндеттері***

Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мақсатында дене тәрбиесінің барлық құралдары мен әдістері қолданылады. Олар оқушының ақыл-ойының дамуына,



адамгершілік қабілеттерінің қалыптасуына, оларды еңбекке, отанды қорғауға дайындауға, эстетикалық дамуына жәрдемдеседі.

**Өнегелілікке тәрбиелеу** жаңа қоғам құрылысының жеке тұлғаларының мына ерекшеліктерін қалыптастыруға бағытталады:

- 1) Патриоттық (отан сүйгіштік), азаматтық, ұлтаралық ынтымақтастық;
- 2) Еңбек сүйгіштік, ұжымдық еңбекке дайын болу, басқалардың еңбекке деген ынтасын сыйлау;
- 3) Ұжымға деген сүйіспеншілік, өзара жолдастық көмек, адамдарға деген адамгершілік қарым-қатынас;
- 4) Саналы (зерделі) тәртіп, адалдық, шыншылдық;
- 5) Мақсатқа жетуге деген табандылық, ұстамдылық, өзін-өзі ұстай білу, тәуекелшілдік, шешімшілдік, батылдық .

Спорттық жарыстастық жағдайында балаларда қарсыласына, командалас әріптесіне, төрешіге деген ұғынуға байланысты және спорттық этикалық көрінісімен, ерекше көзқарас тәрбиеленеді, белгілі бір мінез-құлық ережелеріне үнемі бекітілетін көптеген жағдайлар пайдаланылады. Мұндай жағдайлар барлық спорт түрлері ойын ережелерінде алдын-ала ескерілген, спорт жарыстарының дәстүрінде, саптағы мінез-құлық ережелері қамтылған. Мысалы, кез келген спорт түрінен өткізілген жарыс, жекпе-жек аяқталғаннан кейін жарысқа қатысушылар жарыс барысындағы пайда болған реніш көңіл-күйге қарамастан ризалықпен қол алысып тарқауға міндетті[4].

**Батылдық** қорқыныш сезімін жеңіп шығуды талап ететін әрекеттерде тәрбиеленеді.

**Шешімшілдік** спортшыдан қабылданған шешімнің артынша әрекет ету қажет болған жағдайда, кездейсоқ күрделі мәселе туындағанда, жолы болмай қалуы мүмкін сәтке де қарамастан жедел әрекет жасау талап етіледі.

**Өзін-өзі ұстай білу** - өз әрекетін бақылаудан шығарып алмау қабілеті - объективті жағдайда барынша күрделі сәттерде тәрбиеленуші, мысалы, ауа-райының бұзылуы, шаңғының нашар сырғанауы және алдыңғы жарыстардағы жолы болмаушылық немесе күшті қарсыластың белсенді әрекеті т.б. себептер.

**Ақыл-ой тәрбиесі** - бұл тек оқушылардың арнайы пәндер бойынша білімін, қабілетін және дағдыларын байытумен шектелмейді. Ол оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, назар аударуын, зердесін, танымдық белсенділігінің артуын дамытуға бағытталады.

**Еңбек тәрбиесі** - мектеп оқушыларында бірнеше бағытта іске асады:

- 1) Қоғамның мүддесі үшін еңбектің қажеттілігі туралы сендіру.
- 2) Еңбек ету қажеттілігіне тәрбиелеу.
- 3) Дене тәрбиесі сияқты еңбекке іс жүзінде дайындалу, сонымен бірге қабілетпен және дағдымен, еңбек қызметіне қажетті әрекеттермен қарулану.

**Эстетикалық тәрбие** - денешынықтыру жаттығуларымен шұғылдану процесінде мыналарға бағытталған.

- 1) Сыртқы сымбатына, көрікінің сұлулығына жетуге белсенді ұмтылыс.
- 2) Қозғалыс - қимыл сұлулығын ұғуға тәрбиелеу және іс жүзінде оны пайдалана білуді қалыптастыру.
- 3) Тамаша, қуанышты сезінуге байланысты сезімге, толқушылыққа әсер ете білу, қоршаған тамаша, көрікті ортаға, адамдардың өзара тамаша ара-қатынасына еліктеу, жақсылыққа талаптану.

Дененің сымбаты туралы ой түйгенде бірінші дененің саулығы, дұрыс тұлғаны тәрбиелеуді жүйелі дамумен байланыстыру керектігі қарастырылған.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Жаңабаев Қ.Т. Балалар үйінде дене тәрбиесінде ойындарды пайдаланудың педагогикалық шарттары. - Алматы, 2005.

2. Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев «Педагогика» 2002
3. Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. - Шымкент: Ғасыр-Ш, 2006.
4. Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев «Педагогика» 2002
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Химия мектепте, 2005. №3.
6. Бөлесев Қ., Бөлесева Л. Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие.- Алматы: Нұрлы әлем, 2000.-116 б.
7. Сәбит Бап-Баба. Жалпы психология. – Алматы, 2005.-340 б.
8. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.
9. Тілеулов Э. Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
10. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.

*Сембирээ Д. Д.,  
студент ИТФ, 2 курс ТТС\_501 группа  
Научный руководитель: Мендот Эмма Э.  
старший преподаватель  
ФГБОУ ВО «Тувинский государственный университет, Кызыл, Россия  
кафедры физической культуры и спортивных дисциплин*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭТНОМУЗЫКИ НА ЗАНЯТИЯХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДЛЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

**Аннотация.** В данной статье приводятся физические упражнения и движения для развития физических качеств, улучшения здоровья, психического, эмоционального состояния детей в детских садах всех возрастных групп с использованием национального музыкального сопровождения.

**Ключевые слова:** музыка, физическая культура, искусство, общество, дошкольники, физическая культура, деятельность, задачи, явление.

Целью физической культуры является оптимизация физического развития человека, всестороннего совершенствования свойственных каждому физических качеств, связанных с ними способностей в единстве с воспитанием духовных и нравственных качеств, характеризующих общественно активную личность; обеспечение на этой основе подготовленности каждого члена общества к различным видам трудовой и другим видам деятельности.

*Актуальность.* Выполняя физические упражнения под приятную, специально подобранную этномузыку, занимающиеся непроизвольно начинают испытывать выражаемые в ней чувства и настроения. Глубокие социально-экономические преобразования, происходящие в современном обществе, предъявляют к здоровью людей, особенно молодежи, повышенные требования. Прежде всего, это проявляется в необходимости преодоления таких негативных явлений как гиподинамия, курение, употребление алкоголя и наркотических веществ, компьютеризация, увеличение нервно-психологического напряжения и т.д. Таким образом, одной из приоритетных задач, требующих своего решения, стоящих перед отраслью физической культуры, является поиск инновационных технологий, которые сочетали бы в себе средства и методы комплексного оздоровления организма и психики, эмоциональной сферы человека, и, прежде всего, содействовали бы не декларативному, а реальному духовно-нравственному и физическому развитию личности [Сайкина, 2003, с.39].

Этномузыка, сопровождающая физические упражнения, поднимает у детей хорошее настроение и эмоциональный настрой, активизируют внимание и мышление. Национальная музыка влияет на физиологические процессы детского организма, она увеличивает амплитуду дыхания, легочную вентиляцию.

В подготовительной части занятия следует применять музыкальное сопровождение на занятиях по физической культуре при выполнении упражнений под музыку дети хорошо выполняют ритм движений и темп выполнения упражнения, у детей переходят от одного вида движений к другому и этническая музыка помогает их организовать и в быстром темпе сделать передвижение. Целенаправленно подбираемая педагогом музыка своими динамическими оттенками произвольно регулирует степень напряжения и расслабления работающих мышц, характер нарастания или ослабления мышечных усилий, плавность или порывистость выполняемых двигательных действий.

Например, ходьба почечушки тувинской игры «Тевек» (тевектээри) выполняет физическую нагрузку с чередованием ходьбы поднимает правую и левую ноги попеременно, для музыкального сопровождения которой берут не только спокойного характера тувинскую песню «Ховен ышкаш дэн, дэн», и прыжковыми танцевальными движениями.

В основной части занятия при общеразвивающих упражнениях музыкальное сопровождение дети переходят на шаги широкими, замедленными, работая ногами делая шаги, на мелодию песни «Аьдым» они выполняют «гусиный шаг» и т. д. Подходит динамичная, легкая музыка, желательна с подчеркнутой сильной долей такта, во втором — плавная, дети легко переключаются с выполнения одного задания на другое - это подвижной игре «День-ночь», можно использовать музыку, так как она меняет свой характер.

В заключительной части занятия применяются тувинское музыкальное «Хоомей» способствующие отдыху, снятию утомления и восстановления сил, то есть, успокаивающая музыка. Она должна содействовать снижению нагрузки, физического и психоэмоционального напряжения и перехода организма человека в относительно спокойное состояние.

Провожаящая музыка может звучать по окончании занятия и содействовать ускорению процессов восстановления организма, созданию отвлекающего эмоционального подъёма, переключения внимания на другую деятельность, желанию прийти на следующий урок [Смирнова, 2010, с.61].

Таким образом, последнее время изучены вопросы, связанные с использованием национального музыкального сопровождения в занятиях физической культурой. На основании проведенного исследования можно сделать вывод, что этномызыкальное сопровождение в зависимости от цели применения способствует повышению работоспособности, развитию координации движений, воспитывает у занимающихся чувство и понимание ритма, такта мелодии и соответствующей им красоты и выразительности движений, музыкального вкуса. Его применение на занятиях способствует преодолению нарастающего утомления и помогает избежать однообразия в проведении занятия, а также может ускорять процессы овладения техникой движения [Куджаспиров, 2004, с.49].

Этномызыкальное сопровождение применяется при выполнении физических упражнений в детских садах и школах, в занятиях различными видами спорта, во всём многообразии современных национальных направлений физкультурно-оздоровительной деятельности. Этномызыкальные произведения звучат на занятиях, уроках и соревнованиях, спортивных праздниках, массовых физкультурно-оздоровительных мероприятиях.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Сайкина Е.Г., Фирилева Ж.Е. Музыкальное обеспечение уроков физической культуры в школе. Сборник научно-метод. работ. - СПб. Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2003 -108 с.
2. Смирнова Ю.В., Сайкина Е.Г., Кадыров Р.М. Музыкальное сопровождение в занятиях физической культурой: Учебно-методическое пособие. - СПб. Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2010. - 104 с.

3. Коджаспиров Ю.Г. Методика использования функциональной музыки на уроке // Физическая культура в школе. - 2004. - № 5. - С. 22-26.9. Коджаспиров Ю.Г. Отбор музыкальных произведений // Физическая культура в школе. - 2004. - № 6. - С. 40-41.

**Урманов А.С.**

*студент группы ДКИО 31/1,*

*Федеральное государственное*

*бюджетное образовательное*

*учреждение высшего образования*

*«Астраханский государственный технический университет»*

**Научный руководитель: Карюк А.С.**

*преподаватель высшей квалификационной категории*

*Федеральное государственное бюджетное*

*образовательное учреждение высшего образования*

*«Астраханский государственный технический университет»*

### **ЗДОРОВЬЕФОРМИРУЮЩИЕ И ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ УЧАЩИХСЯ И СТУДЕНТОВ**

На современном этапе развития общества активизировалось внимание к здоровому образу жизни учащихся и студентов, их поведению и восприятию понятия «здоровый образ жизни». Важное значение отводится роли высшей школы как социальному институту, формирующему полноценную личность с такими качествами и свойствами, как физическое и нравственное здоровье, социальная активность, ответственность и высокие эстетические идеалы. На сегодняшний день состояние здоровья учащихся и студентов говорит о том, что эта проблема является актуальнейшей для общества и государства, в связи с этим необходима государственная поддержка здоровья и формирования здорового образа жизни, включая разработку и реализацию системы охраны здоровья подрастающего поколения. В последнее время тревогу специалистов вызывает состояние здоровья молодого поколения России. По данным специалистов, около 90% подростков и студентов имеют отклонение в физическом и психическом здоровье; 30-35% , поступающих в школу и ВУЗы, уже имеют хронические заболевания. Многие нормативные акты, целевые программы в области укрепления здоровья населения ставят задачи по созданию благоприятной и безопасной для здоровья окружающей среды в учреждениях образования. Несомненно, здоровье формируется под влиянием множества внешних и внутренних факторов. В настоящее время для российского образования необходима целостная концепция здоровьесбережения, в которой процесс сохранения и укрепления здоровья создавался путем внедрения здоровьесберегающих технологий и также рассматривался бы в нескольких направлениях. Создание социокультурных условий жизнедеятельности человека и потребности в здоровье как условие физического, психического и социального благополучия, а также создание внутренних условий, связанных с ответственностью человека за существования целостности своего собственного здоровья. Процесс здоровьесбережения, да и не только реализация здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе, должна осуществляться на пути гармоничного и слаженного взаимодействия образовательной среды и подрастающего поколения как основного субъекта образования. Изучения различных аспектов применения оздоровительных технологий в образовательных учреждениях, то этой теме посвящены исследования зарубежных и российских специалистов, таких как Л.Н. Антонова, И.П. Борисова, Э.Н. Вайнер, В. Зайцева, Г.А. Ивахненко, М. Монтессори, А.Я. Найн, С.Г. Сериков, В.Н. Соловьев, С. Френе, и др. Научные работы многих исследователей посвящены здоровьесберегающей деятельности в общеобразовательных

учреждениях, так как именно от того, насколько организован педагогический процесс в образовательных учреждениях, зависит уровень здоровья молодежи. Для достижения поставленной цели необходимо решать следующие задачи: соблюдать санитарные нормы и гигиенические требования; сформировать у студентов систему знаний о здоровьесберегающих технологиях и мерах профилактики различных заболеваний; способствовать формированию ценностного отношения к своему здоровью, успешности в образовательном процессе; формировать здоровьесберегающую компетенцию студента, позволяющую ему самостоятельно и эффективно решать задачи здорового образа жизни.

Следует выделить основные группы здоровьесберегающих технологий, реализация которых позволит спроектировать образовательный процесс современного образовательного учреждения в аспекте сохранения и укрепления физического, психологического, социального и духовно-нравственного здоровья школьников и студентов:

- медико-гигиенические технологии предполагают систематические медицинские осмотры учащихся и студентов, преподавателей образовательных учреждений. Эта группа технологий позволяет проводить раннюю диагностику заболеваний и принимать меры по их профилактике;

- физкультурно-оздоровительные технологии направлены на сохранение и укрепление физического здоровья обучаемых. К таким технологиям можно отнести учебные занятия по физической культуре, самостоятельную физическую активность, посещение секций, тренировок, участие в спортивно-оздоровительных мероприятиях образовательных учреждений;

- экологические здоровьесберегающие технологии направлены на создание экологически оптимальных условий жизни и деятельности учащихся и студентов, гармоничных с природой;

- технологии обеспечения безопасности жизнедеятельности обеспечиваются работниками школ и ВУЗов (охрана по технике безопасности), к ним можно отнести также и создание безбарьерной среды для людей, имеющих инвалидность;

- здоровьесберегающие образовательные технологии делятся на подгруппы:

- 1) организационно-педагогические: организация учебного процесса с учетом предотвращения состояния утомления и переутомления, гиподинамии и др.;

- 2) психолого-педагогические технологии, подразумевается непосредственно работа на занятиях, а также психолого-педагогическое сопровождение всех элементов образовательного процесса и дистанционного консультирования.

- учебно-воспитательные технологии – это проведение организационно-воспитательных мероприятий, содействующих осмысленному отношению к своему здоровью и здоровью своих близких;

- эмоционально-волевые технологии включают в себя волевые компоненты и мотивацию, которые побуждают подростка вести здоровый образ жизни.

Многие специалисты-исследователи рекомендуют в образовательных учреждениях модернизировать содержание традиционных и внедрение новых видов физкультурно-оздоровительной деятельности для развития мотивации здоровьесбережения. В качестве приоритетных инновационных технологий могут выступать проектные, игровые, исследовательские (проблемные) технологии, технологии сотрудничества и педагогической поддержки. К таким технологиям можно отнести разработку и реализацию тематических проектов в формате питчинга и хакатона, решение квестов, организацию семинаров-митапов, проведение антиконференций в аспекте здоровьесбережения.

Итак, инновационная направленность здоровьесберегающих технологий в школах и ВУЗах заключается в переориентировке традиционных форм к формам,

развивающим потенциалы учащихся и студентов. В первую очередь в рассматриваемых технологиях речь идет о переходе от системы, которая ориентирована на формирование определенных физических качеств, двигательных умений и навыков, к системе, дающей подрастающему поколению глубокие знания о своем здоровье, формирующей у него потребности вести здоровый и активный образ жизни. Важным является включение молодых людей в освоение приемов оздоровления организма, поскольку включение в любую деятельность вызывает собственную активность личности, способствующую обогащению опыта, развитию самореализации и самоактуализации.

**Омаров Н.Б.**

*Әл-Фараби атындағы*

*Қаз ҰУ, дене шынықтыру және спорт кафедрасының*

*1 курс докторанты,*

*Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті*

*«Спорт» кафедрасы*

*Түркістан қ.*

## **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ РӨЛІ**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада адамның жоғары оқу орындары спорттық-сауықтыру қызметіндегі емдік дене шынықтырудың рөлі туралы сөз болады. Емдік дене шынықтыру жарақат алған және денсаулығы шектеулі адамдар үшін пайдалы функцияға ие, сондай-ақ алдын алу бағытына ие, бұл жарақаттар мен ауруларды дер кезінде болдырмауға мүмкіндік береді.

Әрбір дамыған қоғамның негізін зияткерлік қана емес, дене шынықтыру де құрайды. Дәл осы арқылы халықтың денсаулығын сақтау, жұмысқа қабілеттілігін арттыру жүзеге асырылады, сондай-ақ ол адам денсаулығын қорғау мен нығайтуды қамтамасыз ететін салауатты өмір салтына ынталандырады.

Дене шынықтырудың басты міндеттерінің бірі адамды өз денсаулығына ұқыпты қарауға итермелейтін білім мен құндылықтармен үйлесімді дене жаттығуларын іске асыру болып табылады.

Дене шынықтыру сабақтары шеңберінде денсаулықты нығайту, сондай-ақ белсенді спорттық қызмет немесе ауру аясында сарқылған функцияларды қолдау жүзеге асырылады.

Ғылыми қызметте дене шынықтырудың осы бағыты жеке пәнге бөлініп, кейіннен «емдік дене шынықтыру» деп белгіленді. Л.М.Лукиянованың пікірінше, емдік дене шынықтыру (ЕДШ) - бұл клиникалық медицинаның маңызды бөлігі, ол адам ағзасын қалпына келтіру, оның еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру, жарақаттан кейінгі патологиялардың дамуын болдырмау үшін қажетті дене шынықтыру әдістері мен құралдарын қамтиды. Тиімді оңалту үшін педагогикалық тәсілге сүйену қажет. Сабақ кезінде маман пациенттің жаттығу процесіне саналы, ойластырылған көзқарасын қалыптастырады. Бұл, өз кезегінде, адамның спорттық белсенділігін дамытады және қалпына келтіру үдерісіне тартады.

Айта кету керек, емдік дене шынықтыру жарақат алған және денсаулығы шектеулі адамдар үшін пайдалы функцияға ие, сондай-ақ алдын алу бағыты бар, бұл жарақаттар мен ауруларды дер кезінде болдырмауға мүмкіндік береді.

Е.В. Серженко емдік дене шынықтырумен кез келген жастағы адамдар айналыса алады деп есептейді, алайда дене шынықтыру жаттығулары жүйесін дәрігер нақты қалыптастыруы тиіс.

Р.В.Смородинова емдік дене шынықтыру еңбек қызметін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады деп мәлімдейді. Медициналық орталықтарда өткізілетін әртүрлі дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары физикалық, психикалық стресстен туындауы мүмкін жағымсыз салдарды жоюға ықпал етеді. Сабақтар кешені келесі физикалық жаттығулардан тұруы мүмкін:

- өндірістік гимнастика;
- әртүрлі тренажерлерді қолдану;
- массажерлер;
- су-жылу процедуралары

Емдік дене шынықтыру жаттығулар шеңберінде қарқынды жүктемелерге байланысты спортшылардың денесін қолдауға және қалпына келтіруге бағытталған. Жалпы физикалық әлсіздік адамның психологиялық жағдайына депрессиялық әсер ететінін және кейіннен өмір сапасына әсер ететінін ескеру маңызды. Сондықтан зақымдалған органға шамадан тыс жүктеме түсірмеу үшін дұрыс таңдалған физикалық жаттығулар аясында бұлшықет тонусын сақтау, қалыпты физикалық белсенділікті сақтау маңызды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, емдік дене шынықтыруды ұйымдастыру үшін ұтымды құралдарды қолдану қажет: белсенді, пассивті және психо-реттеуші.

Белсенді ретінде мыналарды жатқызуға болады:

- 1) жүру;
- 2) жүзу;
- 3) терренкур;
- 4) гигиеналық гимнастика;
- 5) механотерапия және басқалар

Пассивті құралдарға мыналар жатады:

- 1) массаж;
- 2) қолмен терапия;
- 3) физиотерапия.

Белсенді және пассивті әдістер арқылы таңдалған физикалық жаттығулардың тиімділігі артады. Дегенмен, процедураның бағытын және оның ұзақтығын тиісті медицина қызметкері анықтауы керек екенін ескеру маңызды.

Психостимуляция әдістері сәл өзгеше бағытқа ие, оларға мыналар жатады:

- 1) аутогендік жаттығулар;
- 2) бұлшықет релаксациясы.

Осы ресурстар арқылы адам ағзасының қалпына келуіне және жалпы қалпына келуіне ішкі мотивация сақталады.

Емдік дене шынықтыруды ұйымдастырудың құралдарын қарастыра отырып, оны жүзеге асырудың негізгі әдісі – физикалық жаттығуларды қолдану туралы ұмытпау керек. Оларға мыналар жатады:

– тыныштандыратын тыныс алу гимнастикасы, қарапайым және тірек, жалпы дамушы);

– ойын (аз жылжымалы, жылжымалы және спорттық)

Гимнастикалық жаттығулардың тиімділігі маман белгілеген амплитудасы мен жылдамдығына байланысты. Физикалық белсенділіктің бұл түрі төзімділікті, шыдамдылықты, өзін-өзі бақылауды дамытады, сонымен қатар бірлескен үйлестіру мен қозғалысты жақсартады.

Адам ағзасын сауықтыру үшін статикалық жаттығулар жиі қолданылады. Оларға мыналар жатады:

- тепе-теңдікті сақтау;
- бұлшықет кернеуі;
- қолдар мен кеудеге арналған тіректер;

- гантельдермен сабақтар және тренажерлерді пайдалану.

Созылу жаттығулары жағымсыз салдардың алдын алу үшін буынды одан әрі иілген күйде бекіту арқылы жасалуы керек.

Терапевтік дене шынықтыру кезінде шамадан тыс жұмыс жасағанда, бұлшықет тонусын төмендететін денені босаңсыту жаттығулары жасалады.

Сонымен қатар, тыныс алудың функционалды жұмысын тереңдететін тыныс алу жаттығулары кеңінен қолданылады, соның арқасында тыныс алу бұлшықеттері жақсарады, кеуде мобильді болады, алдын-алу немесе өкпе ауруларын жою жүреді.

Емдік дене шынықтырудың маңызды құрамдас бөлігі түзету жаттығулары болып табылады. Олар позаны және сколиоз сияқты ауруды түзетуге және жақсартуға бағытталған.

Дұрыс қалып бұлшықеттердің, буындардың тонусын сақтайды және тірек-қимыл жүйесінің жұмысын жақсартады. Түзету жаттығуларына мыналар жатады:

–созылу;

- арқа, абс, бицепс бұлшықеттеріне арналған гимнастика.

Жаттығуда гимнастикалық таяқ, гантель, доп керек-жарақтары пайдаланылуы мүмкін.

Жүрек қан тамыры, жүйке жүйесіне және зат алмасуға оң әсер ету үшін жүгірумен айналысу қажет. Жүрумен кешенді үйлесімде жүгіру санаториялық емдеу кезінде кеңінен қолданылады. Ағзаның жаттығуға бейімделуіне қарай жүгіретін бөліктердің километрі ұлғаяды, ал жүру уақыты азаяды.

Жоғарыда көрсетілгендерге сүйене отырып, емдік дене шынықтыру жаттығуларын әзірлеу ауру немесе жарақат ескеріле отырып жүзеге асырылады; зақымданған органның немесе жүйенің функциясына тікелей қалыпқа келтіру және қалпына келтіру әсерін тигізетін жаттығулар таңдалады; әртүрлі аурулар кезінде мамандандырылған және мақсатты тапсырмалар тағайындалады.

Осылайша, емдік дене тәрбиесінің әсері айтарлықтай жоғары және бұл адам денсаулығының сапасын арттыруда көрініс табады. Сауықтырудың неғұрлым тиімділігін алу үшін тиісті әдістер мен құралдар іріктеледі, сондай-ақ медициналық сүйемелдеуді ескере отырып, тиісті маман дене жаттығуларын іріктеуді жүзеге асырады.

Соңғы онжылдықта емдеу-дене тәрбиесі белсенді функционалдық терапия шеңберінде үлкен сұранысқа ие. Дене жаттығуларының жүйелілігі мен орындалу принциптерін ескеру маңызды, бұл кейіннен ағзасы біртіндеп жүктемені кезең-кезеңмен ұлғайтуға бейімделуге келетін адамды барынша сауықтыруға әкеледі. Физикалық оңалтудың асықпауы денсаулықты қалпына келтіру мен түзетуде ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Емдік дене қызметінің сәтті өтуі үшін мынадай қағидаттарды ескеру маңызды:

1. Денсаулық жағдайын ушықтырмау үшін оңалту жұмысын жүзеге асыру кезінде уақытты жіберіп алмау маңызды.

2. Әдістемелердің кең ауқымын пайдалану кезінде адам денсаулығындағы ең осал қиындықтарға әсер етуге болады.

3. Дене жаттығулары бағдарламасын жасау кезінде адамның жеке ауруын ескеру маңызды.

4. Емдік дене шынықтыру бағдарламасын әзірлеуді жүзеге асыра отырып, кешенде әртүрлі құралдарды ескеру маңызды: мысалы, гимнастика, физиотерапия және массаж.

5. Сабақтардың тиімділігіне бұлшық еттердің әртүрлі топтарына жаттығуларды үнемі орындаған және оларды демалыспен кезектескен жағдайда қол жеткізіледі.

6. Әзірленген физикалық тапсырмалар кешенін іске асыру барысында жарақаттарды алдын ала жиіркену және жаттығуларды дұрыс орындауды жүзеге асыру мақсатында оларды дұрыс орындау және мамандардың бақылауында болу маңызды.



7.«Проблемалық аймаққа» арналған жаттығулар кешенін әзірлеу кезінде адамға қызықты болатын және кейіннен оның тез қалпына келуіне мүмкіндік беретін түрлі тапсырмаларды пайдалану маңызды.

8.Емдік дене шынықтырудың жалпы жүйесінде пациенттің психологиялық көңіл-күйі ең маңызды буын болып табылады, себебі уәждеменің төмен деңгейі жүргізілетін қалпына келтіру-түзету жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Осылайша, адамның спорттық-сауықтыру қызметіндегі емдік дене шынықтырудың рөлі айтарлықтай зор. Бұл бағытта дене жаттығуларын ұйымдастыру бойынша көптеген мәселелер бар, өйткені адамның жеке, жас және психологиялық ерекшеліктеріне тікелей тәуелді. Алайда емдік дене шынықтыру міндеттерін іске асыру жеке адамның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік береді, тұрақты жаттығулар дене белсенділігін арттырады, ағзаның барлық құрамдас элементтерінің қызметін теңдестіруге мүмкіндік береді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Гетманский И. И., Дмитриев Д. А. Роль физической культуры в жизни современного человека // Наука-2020. 2020. № 8. С. 176-182.

2.Зайцева А. Р., Колосова С. П., Серженко Е. В. Проблема лечебной физической культуры// Наука-2020. 2021. № 9. С. 78-83.

3.Лукьянова Л. М., Шаула К. В. Роль лечебной физической культуры в спортивно-оздоровительной деятельности человека// Наука-2020. 2021. № 9. С. 93-98.

4.Смординова Р. В. Физическая культура как одно из средств борьбы со стрессом студентов // Физическая культура, спорт и здоровье. 2019. № 34. С. 41-44.

5.Трыкаш Е. Р., Тюрин Д. С., Хромых В. К. Современные тенденции формирования приверженности к здоровому образу жизни в Российской Федерации// Международный студенческий научный вестник. 2020. № 6.

*Абдухайранов У.А.,*

*Науатов С.К.*

*аға оқытушылар*

*«Алғашқы әскери дайындық және ден тәрбиесі» кафедрасы,*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,*

*Тараз қ., ҚР*

### **САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ДЕНЕ ТӘРБЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Ел басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және Т.С.С. бағытталған» делінген (1).

«Денсаулық –зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз (2). Ата бабаларымыздың бұл дана ой –пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс - әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік –жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын (3,4). Қазіргі кезде Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 50 % дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз (5).

Қауыпты жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап толғандыруда. Қазіргі кезде бұл проблеманы шешудің негізгі жолы салауатты өмір салтын қалыптастыру, кеңінен насихаттау болып отыр. Бұл тұрғыда елбасы «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз –азаматтарымызды салауатты өмір салтын әзірлеуден басталады» - деп атап көрсетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректері бойынша, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 % өмір тіршілігіне, 20 % - тұқым қуалаушылыққа, 20 % - сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 % - дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты. Бұл деректер денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты –салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оны насихаттауға бағытталған шаралар екенін дәлелдейді. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды.

Салауатты өмір тіршілігі –денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: аурып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі-дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану. Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл-қозғалыстың аздығы. Салауатты өмір тіршілігінің негізгі бағыттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа,су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептейді.

Табиғаттың өзі адамның қолында физиологиялық теңдесі жоқ, денсаулық тәсілін беріп отыр, ол – қимыл – қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, ықыласына, жігеріне, әркімнің өз басына, жауапкершілігіне тікелей байланысты. Адам ағзасы атадан атаға, бір адамның даму кезеңдеріне қимыл қозғалыстың әсерінен қалыптасады. Қимыл – қозғалыстың аздығы (гипокенезия) денсаулықты бұзатын себептердің бірі. Біздің зерттеуіміздің мақсаты: 1. Оқушы жастардың дене тәрбиесі сабағы мен салауатты өмір тіршілігіне әртүрлі көзқарастардың себебін; 2. Оқушы жастардың дене шынықтырумен шұғылдануына кедергі келтіретін факторларды нықтау. Арнайы сұрақтар тізіміне берілген жауаптар нәтижелері:

1. «Денсаулық дегеніміз не?» - деген сұраққа дұрыс жауапты 65 % білімгерлер берді.
2. «Ішімдік пен есірткенің денсаулыққа әсері» - деген сұраққа -70 % білімгерлер –ол «Денсаулықты бұзады» - деп жауап берді. Ал, «Ішімдікке қалай қарайсыз? –деген сұраққа» «Аз мөлшерде ішемін» - деп 50%, «Ішпеймін» - деп 50% жауап берді. «Ішемін» деп жауап бергендер оны оқта-текте, тиіп қашып ішетіндер. Салынып ішетіндер қатарына жатпайды.
3. Гигиена және санитария ережелерін сақтайсыз ба? - деген сұраққа 70 % білімгерлер «сақтаймыз», 30 % -«анда санда, әр қалай»- деп жауап берді.
4. «Салауатты өмір тіршілігі туралы не айтасыз?» - деген сұраққа -75 % білімгерлер дұрыс жауап берді.

Екінші міндет –оқушы –жастардың дене тәрбиесі сабағына және салауатты өмір салтына әртүрлі көзқарастардың себебі. Сұрақтар тізіміне жауап берген оқушыларды дене шынықтыру сабағына көзқарастарына байланысты үш топқа бөлдік: 1 топқа дене шынықтыру сабағына көзқарастары төмен, онымен шұғылдануды қаламайтындар жатты. Бұл топқа барлық сұраққа жауап бергендердің -36-41 % ; 2-топқа –бейтарап, жақсы да

емес, жаман да емес, сабаққа көзқарастары әлі толық қалыптаспаған -45-57 % ; 3-топқа – көзқарастары дұрыс, сабаққа ынта қойып қатысатындар жатты, тек олардың саны 2,8-7 % дейін ғана болды. Сонымен, жіктеу нәтижесінде оқушылардың көпшілігінің дене тәрбиесі сабағына көзқарастары төмен, қалыптаспаған.

Оның себептері:

1. Дене тәрбиесіне қызығушылықтың жоқтығы -38 %;
2. Нашар материалды техникалық база -35 %;
3. Денсаулықтың төмен деңгейі -28 %;
4. Сабақтың, сауықтыру іс-шаралардың төмен деңгейде өтуі -47 %;
5. Әдістемелік, спорттық әдебиеттердің жеткіліксіздігі -40 %;
6. Дене тәрбиесі жөніндегі теориялық білімінің жеткіліксіздігі -45 %.

Бұл деректерден оқушылардың дене тәрбиесі сабағына көзқарастары әлі төмен деңгейде екенін, оның себептері: оған қызығушылықтың жоқтығы, спорт жабдықтарының материалды –техникалық базаларының нашарлығы, сабақтың төмен деңгейде өтуі т.б. жатады. Сол себептен, біздің ойымызша, қоғамдық сауықтандыру бағдарламасында салауатты өмір салтын жасөспірімдердің арасында қалыптастыру мақсатында осы жайларға баса көңіл бөлу қажет.

« Дене тәрбиесімен шұғылдану сіздің денсаулығыңыздың, жалпы жағдайыңыздың, көңіл-күйіңіздің, жұмыс істеу қабілетіңіздің жақсаруына әсер ете ме?» - деген сұраққа жауап берген бітімгерлердің:

- 44 % - денсаулығымызды жақсартады;
- 50-54 % - жалпы жағдайымызды, көңіл күйімізді көтереді;
- 28 % - жұмыс істеу қабілетімізді жоғарлатады;
- 7 % - жауап бермеді.

«Дене жаттығуларымен аптасына неше рет шұғылданғыңыз келеді» - деген сұраққа берілген жауаптар:

- 35 %- 1 рет
- 40 %- 2 рет
- 11 %- 3 рет
- 4,8 %- 4 рет

Бұл жауаптардың 40 % бітімгерлердің аптасына 2 рет міндетті түрде дене тәрбиесі сабағымен шұғылдануды қалайды. Соған байланысты біз жалпы бітімгерлерге аптасына 4 сағат дене тәрбиесіне бөлу жөнінде ұсыныс жасаймыз.

Дене тәрбиесі мен шұғылдануға қай сағаттар ыңғайлы? –деген сұраққа, жауаптар:

- 26 % -8-10
- 11 % -10-12
- 12 % -12-14
- 31 % -14-16
- 9 % -16-18
- 12 % -18-20
- 8 % -20-22

Оқу ісін ұйымдастырушылардың пікірінше дене тәрбиесі сабағынан кейін бітімгерлердің назарын келесі пәнге жұмылдыру өте ауыр, сұрақтар тізімінде дене тәрбиесі саған –бірінші сағаттарға (8-10) -26 %, ал ақырғы сағатқа (14-16) қоюды -31 % қалады.

Бітімгерлер сұраққа берген жазбаша жауаптарында дене тәрбиесінің керектігін мойындайды: 49 % -ол денсаулыққа жақсы әсер етеді, 53 % - жалпы жағдайының жақсарғанын, 38 % - жұмыс істеу қабілеті жоғарлағанын, 51 % - оның денсаулыққа, жұмыс істеу қабілетіне, көңіл –күйіне жақсы әсер ететінін атап өтті.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері Тараз мемлекеттік педагогикалық институтінің

бітімгерлерінің қимыл –қозғалыс деңгейі (қажетті физиологиялық деңгеймен салыстырғанда) -56-65 %, ал емтихан, демалыс кездерінде -39-46 % екенін көрсетті. Бұл деректер бітімгерлердің жыл бойы гипокинезия жағдайында болатындығын көрсетеді. Ол бітімгерлердің арасында ауру санын көбейтуге әсер ететін факторлардың бірі. Салауатты өмір салтының білімгерлер арасында қалыптасуы, оларға дәрігерлік гигиеналық білім берудің деңгейіне байланысты, біздің институтта бұл мәселе әлі шешім тапқан жоқ. Гигиеналық тәрбие үзбей жүру керек, әсіресе биология циклінің пәндерінде және арнайы «валеология» пәнінің оқу бағдарламасына енуі керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дьячков В.М.Физическая подготовка спортсмена. М: ФиС ҚР мектепке дейінгі концепциясы Алматы – 1992
2. Төтентай Б., Тайжанов С., «Дене тәрбиесі» Алматы «Атамұра» -

*Абдукаримов Б.Ү.*

*аға оқытушы*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы,*

*Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,*

*Түркістан қ., ҚР*

### **ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Білім адам өмірінде маңызды нәрсенің бірі болып табылады, ол кәсіби дағдылар мен білім алу саласында адам мүмкіндіктеріне жол ашады, өмір сүру жағдайын түбегейлі өзгертіп, экономикалық өсудің көзіне айналады. Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған білім беру жүйесінің жаңаруы мен қалыптасуы жүріп жатыр. Оқу – тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы мен практикасында бұл үдеріс едәуір өзгерістермен жүргізіледі. Білім беру парадигмасының ауысуы жүріп жатыр: басқа жағынан келу, қарым-қатынас, мазмұн, мінез-құлық, педагогикалық менталитет ұсынылуда.

Осы жағдайларда білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың елеулі өзгеріске ұшырағандығы байқалады, өзінің кәсіби қызметінде дене тәрбиесі мен дене шынықтыру білімін пайдалануға тиісті жеке адамды дайындауға қоғамның әлеуметтік тапсырысы да өзгеруде.

Жаңа ақпараттардың қарқынды тасқыны және бұрынғы мәліметтерді қайта бағалау оқу бағдарламаларын күрделілендіруге және жеделдетуге әкелуде, мұның өзі студент оқып-үйреніп жатқан материалдың көлемін көбейту мен оның ақыл-ой еңбегінің қарбаластығын туғызады. Осының бәрі көп жағдайда студенттің қозғалыс белсенділігін шектеуге әкеп соғады.

Осы мәселелер жөніндегі теориялық материалдарға 400-ден астам қазақстандық авторлардың еңбектері арналған. Бірақ олардың әдістері мен құралдарының 60 пайызы дене тәрбиесі мен спортқа, 20 пайызы кәсіби қолданбалы дене дайындығын шешуге, 10 пайызы кәсіби дене тәрбиесі мен кәсіби педагогикалық дайындыққа, тек 9 пайызы-салауатты өмір салтына және 1 пайызы – оқушы жастарға дене шынықтыру білімін беруге бағытталған. Ғылым мен оқу-тәрбие үдерісінің практикасындағы әкімшілік-әміршілдік, тәрбиелік және оны құрайтын құралдардың осындай сәйкессіздігінде оқушы мен студенттің жеке тұлғасы, олардың жеке қасиеттері, сұранысы мен қажеттіліктері, талғамы мен ықылас-ниеті көп жағдайда пайыздар, нормативтер, тапсырмалар және тағы сол сияқтылар үшін күрес қолға алынбайды. Дегенмен дәстүрлі (немесе академиялық) педагогика сөзсіз авторитарлық қағидаларды жалғастыра отырып, жаңашылдардың педагогикалық жүйелерімен көпе-

көрнеу жеткіліксіз айналысты және айналысып келеді, ол бүгінгі күнге дейін едәуір дәрежеде оқытудың жалпы теориясында да, сондай-ақ дене тәрбиесі мен дене шынықтыру білімін беру жүйесінде жаңа идеялар мен бастамаларға қарсы келеді.

Биологиялық және төлқұжат алу жасына келгендердің резервін есептей отырып, жеке табиғи талабы мен қабілеттерін ең тиімді дамытудың түрлі жолдары мен мерзімдерін анықтау, дене тәрбиесінің әдістері мен құралдары арқылы оқытудың, үйретудің және түзетудің дамытатын және тәрбиелейтін үдерісінде спорттық педагогикалық ынтымақтастығының негізгі белгісінде жеке тұлға мен адамды іс жүзінде дамытуға үйлесімділікті арттырады.

Қарама-қайшылық мынада, адамның өзін үйлесімді дамытудағы қоғамның сұранысы көп жағдайда оның қажеттілігімен, денсаулық сақтау және білім беру жүйесі мәдениетінің өзін жүргізу деңгейімен үйлесе бермейді. 4-5 жасқа дейін балада жинақталатын орасан зор эмоционалдық және танымдық қордың тек 10 пайызға жуығын ғана ол іске асырады. Нәтижесінде біздің балаларымыздың жеке тәжірибесінің 90 пайызы көп жағдайда жойылып кетеді. Көбінесе өндіріске, тіпті спорттың көптеген түрлеріне адамның үйлесімділігі қажет болмай қалады, өйткені уақыт пен қаражатты қосқанда әп-сәттегі көптеген көрсеткіштер бойынша қоғамға едәуір арзанға түсетін технологиялық тар шеңбердегі маман (орындаушы) жеткілікті болады. Кең профильді мамандардың, дәрігерлердің, пән мұғалімдерінің, инженерлердің, ғалымдардың, әртүрлі оқу орындарының оқушылары мен студенттерінің, сондай-ақ болашақ және ата-ана болғандардың дене тәрбиесінен білім алу мәселесі алаңдаушылық туғызуда.

Қазақстан мен Тәуелсіздік мемлекеттер достығы елдерінде қоғамдық қатынастардың, өндірістің, мәдениеттің, денсаулық сақтау мен білім беру ісінің, төтенше жағдайда өзгеріске ұшырауы оқу орындары мен орта мектепті бітірушілерге жаңа сапалы талаптар қоюда. Нарықтық қатынастар жағдайында қазіргі экономиканы жүргізу белгілі бір кәсіп бойынша ғана емес, сондай-ақ денсаулығы мықты, жалпы мәдениеті жоғары, білім өрісі кең мамандарды жан-жақты етіп дайындау қажеттілігін анықтап отыр.

Оқыту мен дене шынықтыру білім беруді іс жүзінде шешу мен ғылыми тұрғыдан оны дайындаудың жаңа деңгейі, сондай-ақ бір жағынан жас адамның дене тәрбиесі жөніндегі білімі мен дене дайындығына үйретумен, екінші жағынан, оқушылар мен студенттердің осы саладағы жеке білімінің көлемімен және біліктілік деңгейімен байланысты қоғамдық білімінің көлемімен, деңгейімен жастардың жеке дене тәрбиесінің шамасы арасындағы қазіргі уақыттағы қайшылықты шешу қажет болады.

Психология мен медицина адамның мінез-құлқының, оның жан-дүниесінің және психикалық қасиеттерінің іргетасы педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық ынтымақтастық нәтижесінде алғашқы үш жылда қаланады деген бірыңғай пікірге келді. Сонымен, адам үйренетін ақпараттардың 70 пайызын көру арқылы игереді, ал бала өмірінің алғашқы жылдарында ақыл-ой мүмкіндіктерінің өсуі көру арқылы жүзеге асады. Сондықтан да педагогикалық ойшыл классиктер педагогикалық қарым-қатынас жасаудың алғашқы кезеңі бесіктен бастау алады деп есептейді. Олар үйрету өз бетінше ойлаудың дамуына мүмкіндік беретін балалардың қызығушылығы мен әуестігіне сүйенуге тиіс деп дәлелдейді.

Дамыта оқыту мен дене тәрбиесінен білім беру жүйесі, бұл салада зерттеулер жүргізілсе де, бүгінгі күнге дейін әлі де жеткіліксіз қарастырылған. Осы мәселе бойынша мақалалар өте аз. Дене шынықтыру қызметінің осы саласындағы спорттық педагогикалық қарым-қатынас пен ынтымақтастық педагогикасының шамасын кеңейту үшін теориялық алғышарттар жоқ.

Студенттерді олардың болашақ кәсіби қызметіне қалыптастыру төмендегідей үш сала бойынша жүруі мүмкін:

- қоғамдық ғылымдарды оқыту барысында;

- қоғамдық ғылымдар мен мамандығы бойынша пәндерді оқу барысында;
- студенттің практикалық кәсіби қызметі кезінде.

Отбасы өміріндегі әдеп пен психология курсына қатысты балалардың 50-70 пайызы сабаққа көңілі толмайды және оқу бағдарламасын «Психогигиена, некелік гигиенасы, жыныстық физиология мәселелері бойынша маман-дәрігерлердің әңгіме жүргізуімен өткізілетін денсаулық сабақтарымен» толықтыруды өтінеді. Сұрастырылған ата-аналардың 63,5 пайызы шынықтыру процедураларын жүргізбейді. Ата-аналардың 20,7 пайызы ғана балалардың таңертеңгілік гимнастикасымен жүйелі айналысады. Тексерілген отбасыларында 100 баланың тек 51 ғана қолдың тазалығын сақтайды, 100 баланың 43-і ғана тістерін тазалап жүреді. Спорттық медицинаның оқушы жастардың көптеген миллиондаған аудиториясын емдеу-сақтандыру шараларымен қамтуға күші жетпейді .

Салауатты өмір салтының негіздері балалық шақтан қалыптасады, Қазақстанның төменгі сыныптарының мұғалімдері оқу-тәрбие үдерісіне салауатты өмір салтының негіздерін енгізуге әлі дайын емес және оның қажеттілігіне сенбейді де. Бұл істі тең дәрежеде сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі, отбасы мен ата-аналар жүзеге асыруы тиіс [1].

Мысалы, В.К. Қожамқұлов [2003] және Г.И. Идрисова [2004] Қазақстандағы ата-аналардың жаппай педагогикалық білім алуын оқушылардың салауатты өмір салтын енгізудің бір түрі есебінде қарастырады. Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық колледжінде оқу бағдарламалары дайындалып, онда дәстүрлі мектептік шаралардан айырмашылығы үйренушінің жеке тұлғасын өзін-өзі танумен және өзін сауықтыруға тарту қарастырылған.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері, Алматы: «Санат» 2000
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. "Педагогика", Алматы: 2000
3. Таубаева Ш. Назарова Г. Педагогикалық салауаттанудың даму негіздері. «Валеология және салауаттылық негізі» 2003
4. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі, Алматы, 2004
5. Иванов Ч.Т. Теоретические основы методики физического воспитания. Москва: «Инсан». 2000

***Байжанов Е.Қ., Мурзабеков М.М., Көпжасар Б.Ж.***

*Қорқыт Ата атындағы ҚУ,  
«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасының  
аға оқытушылары  
Қызылорда қ., ҚР*

### **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДӘЛДІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ АӘДІСТЕРІ**

Спорт өнерінде, әскери және қызметтің басқа да түрлерінде белгілі нәтижеге жетуі үшін ғана мерген болу міндетті емес, дәлдіктің күнделікті өмір жағдайында, ойын барысында, аңшылықта да тұрмыстық-қолданбалы маңызы зор.

Дәлдікті дамыту мектептегі дене тәрбиесі бағдарламасында оқытудың алғашқы жылынан бастап қарастырылған: бастауыш сыныпта ұлттық қозғалыс ойындары барысында балалар кіші допты нысанаға және қашыққа лақтыру техникасын меңгереді, орта сыныпта нысанаға кіші допты ғана емес, қашықтыққа гранатты, ал, жоғары сыныпта гранат салмағын ұлғайтып лақтыруға басқа да заттарды пайдалану жоспарланады. Сонымен бірге, сабақ барысында «Дәл нысанаға», «Допқа тигіз», «Бекіністі қорғау», «Қозғалмалы нысана», «Досыңды қорға», «Қала сыртындағы қала», «Допты ортаға», «Доп үшін күрес», «Допты капитанға», «Әуе таяқ», «Тоспа доп», «Бойға доп дарытпа», «Бәлләй», «Ортаға

түспек», «Күллі», «Дәл тигіз», «Шүлдік», және асықпен ойыналатын «Алшы ойыны», «Омпа», «Асықты тігіп ойнау», «Атбақыл», «Тас қала», «Хан», «Кетсін бір», т.б. ойындарды қолдану арқылы оқушылардың лақтыру, дәлдік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік мол [1, 2, 3, 4].

Дәлдікті дамыту және жетілдіру әдістемесінің маңызды ерекшелігі – дәлдіксіз қимыл әрекетінің іске асырылуы мүмкін емес, егер ептілік пен икемділіктің айқындалуымен байланысты жаттығуларды орындауда, адам әр нақты кезеңде өз әрекетіне олардың айқындалу дәрежесі тұрғысынан баға бере алмайды. Ал дәлдікке лақтыруда нәтиже бірден әрекет аяқталғаннан кейін көрінеді. Бұл осы қабілетті жетілдірудің елеулі стимулы болып табылады.

Адам өмірінде дәлдік табиғи қимылдардың бір бөлігі ретінде, әр түрлі заттарды нысанаға лақтыру, шеберлік пен дағдылардың белгілі жүйесі негізінде қалыптасады.

Адамдардың бәрі бірдей әртүрлі қарулардан тамаша ататын мерген бола алмайды, өйткені мергендіктің жоғары деңгейі жақсы дамыған терең және жанынан көруді, шыдамдылықты талап етеді. Дәлдіктің негізгі компоненттері бастапқы қалыпты қабылдау, көздеу, тыныс және вегетативті жүйелерді бапқа келтіру, мәреге күш салу, келесі әрекеттерге ең қолайлы жағдайлар жасайтын дене буындарының ұтымды орындалуын қамтамасыз етеді. Мысалы, алға қойылған аяқ, оған дене салмағын түсіріп, бүкіл негізгі бұлшық еттерді іске қосып және келесі қимылдар үшін қолды еркін қозғалтуға мүмкіндік береді.

Көздеу нысана орнына дейінгі арақашықтықты дәл бағалауға, келесі қимыл әрекеті сипатын нақтылау және үшін қажет.

Тыныс алу және ағзаның басқа да жүйелерін бапқа келтіру жүйке-психикалық жағдайды тұрақтандырады, бұлшық етті жауынгерлік дайындыққа келтіреді.

Дәлдік статикалық және динамикалық болып екіге бөлінеді. Статикалық дәлдік тұрып, жатып ату және лақтыру элементтерін қамтиды. Динамикалық дәлдік қозғалыспен айқындалады.

Зерттеу нәтижелері дәлдікті дамытудың келесі факторларын анықтауға мүмкіндік береді: кеңістік және уақыт қабылдау деңгейі; жүйке-психикалық күйі; тыныс алу ырғағын белгілеу; дене қабілеттерін дамыту деңгейі.

Кеңістік және уақыт қабылдау деңгейі – дәлдікті арттырудың шешуші факторларының бірі. Бұл қабілеттің айқындалуы анализаторлардан орталық жүйке жүйесіне түсетін ақпаратпен байланысты. Кеңістік қабылдау дәлдігі соңғы нәтижені айқындайтын, дайындық және негізгі әрекеттердің реттілігі мен сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бірқатар физиологиялық механизмдерге негізделген.

Қабылдау сапасы нысанаға қатысты саналуан заттардың орналасуын аса дәлдікпен анықтауға мүмкіндік беретін тереңдікпен көруге байланысты. Осы ақпарат неғұлым дәл болса, нысанаға тиюге бағдар соғұрлым көп болады.

Көру анализаторларының жұмысымен байланысты бұлшықет қызметі көру өрісін ұлғайтумен қатар жүреді. Бұл лақтыру, ату кезінде көз алмасының үнемі қозғалуынан туындайтын, көз тор қабығының периметрлік элементтерінің қозуының нәтижесі болып табылады.

Айналадағы, тіпті ең майда заттарды көру өрісінде ұстау қабілетін жаттықтырып, көзді тек басты нысанаға ғана шоғырландырмай, сондай-ақ спорттық ойындарда ең маңызды болып табылатын барлық ойыншыларды көру өрісінде ұстауға қол жеткізуге болады.

Жүйке-психикалық күйді басқара білу – дәлдікті жетілдірудің маңызды шарты. Бұл әсіресе ұдайы өзгермелі жағдайларда өте құнды. Спорттық ойындар қимылы өзгермелі келеді. Одан өзге, климат жағдайы мен белдеу уақытының күрт өзгеруі, бәсекелестердің

күшті құралы – тұрақсыздандырушы факторлар, тұрақты психоэмоционалдық жағдайда ғана оған қарсы тұруға болады.

Дәлдікті дамытудың маңызды шарттарының бірі дайындық, негізгі және қорытынды фазаларда қимыл әрекетінің оңтайлы ырғағын орнату болып есептеледі. Ширығу мен босаңсудың заңды кезектесуі осы кезеңде шешуші маңызы бар әрекеттерге күшті шоғырландыруға мүмкіндік береді. Әр қимыл әрекеті күшті ұтымды бөлуге байланысты. Сонымен, қимыл әрекетінің дұрыс ырғағын анықтау ең жақсы нәтижеге жету үшін қажетті алғышарттар жасайды.

Дене қабілеттерін дамыту деңгейі дәлдіктің өсуіне елеулі әсер етеді. Бұлшықет күші, статикалық және жалпы шыдамдылық, сонымен бірге негізгі қимыл әрекетінің соңғы фазасындағы қозғалыс шапшаңдығы жеткілікті жоғары ептілік пен қозғалғыштық негізінде тепе-теңдікпен, дәлдікпен аса үйлесімді болуы тиіс.

Дәлдік екі нақты өлшеммен сипатталады: тигізу саны және нысананы ату дәлдігі.

Мектеп оқушыларында дәлдікті дамытуға бағытталған педагогикалық эксперимент негізгі құрамдас әдістемелерді анықтады. Лақтырғанда қимыл әрекетінің тиімділігі ол аяқталған кезде белгілі болады. Бұл осы дене жаттығуына тұрақты қызығушылық тудыруға мүмкіндік береді, табанды түрде жетілдіру қажеттілігіне сендіреді. Мысалы, доппен баскетбол сақинасына 10 нан 10 рет дәл түсіру үшін, адам қызығушылықпен қатар өзімен-өзі жарысады.

Кез-келген педагогикалық үрдісте бастапқы деректерді анықтау маңызды. Дәлдікті дамытуда осы міндетті шешу үшін, нақты орнатылған нысанаға тигізумен байланысты жаттығулар орындауды бағалауға тесттер дайындалып, пайдаланылды.

Бұл белсенді ұйымдастыру мен оқу шығындарын қажет етпейді. Гимнастикалық қабырға аралықтарына бір ретпен әр түрлі өлшемді (50x50, 40x40 және 30x30 см) үш нысана бекітілді. Оларға тигізу нысана өлшеміне байланысты 3,4 және 5 баллмен бағаланды. Өртүрлі бастапқы қалып пайдалану (бір тізелеп тұру, отыру, жату), сондай-ақ нысана орналастыру қашықтығы мен биіктігін өзгерту тесттерді күрделілендіруге мүмкіндік берді. Мақсат - нысанаға бірінші әрекеттен тигізу (б.к. өзгертуде).

Дәлдік көрсеткіштері жақсарған сайын нысанаға тигізу шарттарын күрделендірген жөн, мысалы, жаттығуларды спорт залында ғана емес, мектеп спорт алаңында орындау. Бұл қимыл әрекеттерін елеулі түрлендіруге, дәлдіктің динамикалық түрлері - жүру, жүгіру, секіруге көп көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Мектеп спорт алаңы сондай-ақ нысанды едәуір түрлендіруге мүмкіндік береді. Оларды баскетбол қалқанына, футбол қақпасына, биіктікке секіру тұғырына бекітуге, биіктігін, орналасуын өзгертуге, не кішірейтуге, лақтыру қашықтығын ұлғайтуға, мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін есепке алуға болады.

Дәлдіктің айқындалуы басқа да қозғалыс-координациялық қабілеттерді дамытумен байланысты, сондықтан олардың көрсеткіштері дене дайындығы мен жаттығу дәрежесіне байланысты.

Дәлдікті дамыту тапсырмасына оқушылардың жас ерекшеліктері есепке алынып, арнайы жаттығулар іріктеледі, мысалы, бастауыш сыныптарда (1-3 сынып) балалар кіші допты өлшемі 50x50 см нысанаға тұрып, отырып және жатып 10 метрден лақтырады. Мұнда нысанаға дейінгі арақашықтықты оқушының дене даярлығына қарай азайтады немесе ұлғайтады.

Балалар алғашқы әрекеттерді өз еркінше орындайды. Нәтижелерді қысқа талдаудан соң мұғалім бәріне бірдей бастапқы қалыптан бірдей жаттығулар орындауды ұсынады: бір аяқ жарты адым алға, доп оң және сол қолда. Бұл қалыптың артықшылығын түсіндіріп, мұғалім осы нұсқаның ғана ең тиімді ретінде пайдалануды ұсынады.

Орта мектеп жасындағы оқушылар үлкен (50x50 см) және орта (40x40 см) нысананы пайдаланып, доп не гранат лақтыруды орындай алады. Қозғалыс тапсырмаларын табысты



орындаса балаларға доп пен гранатты 20 метрден екі нысанаға кезек лақтыруға рұқсат етіледі.

Жоғары сыныптарда шағын нысанаға (30x30 см) лақтыру тапсырмасын қосады. Мұнда да жеке ерекшеліктерін есепке алу мүмкіндігі сақталады. Қозғалыс міндетін күрделілендірудің басқа да нұсқаларын пайдаланады: доптың салмағын ұлғайтады, қосымша қимылдар кіргізеді (бір және екінші жағына бұрылу, жүрелеп отыру, көзді жұмып лақтыру).

Мектеп бағдарламасында гранатты нысанаға лақтыру қарастырылған. Бұл затты пайдалануда жарақаттанудың артуына байланысты сабақтарды аса мұқияттылықпен (жауапкершілікпен) ұйымдастыруды талап етеді. Лақтыруда қашықтық ұлғайту одан да жоғары талаптар қояды. Қозғалыс әрекеттерін күрделілендіру көру қабілетін, өрісін дамыту, құрал салмағы мен арақашықтықты ұзартып-өзгертуге бағытталған жаттығулар көмегімен жалпы дене дайындығын жетілдіруге болады.

Жоғары мектеп жасы салыстырмалы көп қозғалыс тәжірибесімен, сондай-ақ қозғалыс қызметінің сапалы жақтарын дамытудың жоғары көрсеткіштерімен сипатталады. Кәсіби бағдардың қалыптасуының басталуының белгілі маңыздылығы бар. Мысалы, өзін әскери мамандыққа, әскери қызмет атқаруға дайындаған жасөспірімдер «дәлдік» қабілетінің зор қолданбалы маңызын жоғары бағалайды.

Дәлдікті дамытуға саналы көзқарас қосымша өз бетімен жаттығуға ұмтылдырады. Біртіндеп жаттығуларды күрделендіреді: гранат салмағын ұлғайтады, лақтыруды дене жүктемесі негізінде орындайды, бастапқы қалыпты түрлендіреді: биіктен төменге және керісінше, тасадан лақтыру т.с.с. жоғары сынып оқушылары, ең алдымен жасөспірімдерде дәлдікті дамыту әскери қызметке даярлықпен тікелей байланысты болуы тиіс.

Егер тіпті кәсіби әскерге ауысса да, жеткіншектердің адамгершілік жетілдіруінің маңызды кезеңі ретінде, қолданбалы дене дайындығын жете бағаламауға болмайды.

Жасөспірімдер арасында «Жас Ұлан», «Сарбаз», «Қалқан», «Алау», әскери-спорттық ойындарын өткізу ұжымшылдық, өзара көмек, жауапкершілік, табандылық, еңбексүйгіштік сияқты бағалы қасиеттерді тәрбиелеуге зор мүмкіндіктер жасайды. Әскери-спорттық ойындарды ұйымдастыру және өткізу жасөспірімдер мен бойжеткендердің дене қабілеттері мен денесінің жан-жақты дамуын жетілдіреді.

Отансүйгіштікті тәрбиелеу әскери-спорттық ойындардың негізгі өзегі, өскелең ұрпақтың адамгершілік қасиетін қалыптастырудың маңызды педагогикалық аспектілерінің бірі болып табылады.

Рухани және дене жағынан күшті адам әділдік пен мейірбандықты қорғауға бейім. Мейірбандық пен қаскүнемдікке көзқарас қоғамдық өмірдің басты өлшемі ретінде адамның құндылық бағдары мен ішкі дүниесін анықтап, оны шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен мақсат қою – адамның орта мектепті оқу кезінде және нақты оқу жылы, тоқсан, жеке сабақта және рухани, дене дамуы әдістемесінің бүкіл қалған элементтерінің өзегі болып табылады.

Дәлдікті дамыту және жетілдіру әдістемесінің мазмұны мыналарды қамтиды:

- адамгершілік және моральдық ерік-жігер қабілеттерін қалыптастыру мақсатын қою (отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, өз отанын нығайтуға бағытталған, белсенді өмір ұстанымы);

- жан мен тәнді өздігінен жетілдіруде шынықтыру әдістері мен құралдарын қолданып, қимыл-қозғалыс қабілеттерін, ең алдымен дәлдікті дамытуда тұрақты жұмыс істеу қажеттілігіне сендіру, түсіндіру, әңгімелер өткізу, қазіргі ұлтаралық, өңіраралық қақтығыстар мен соғыстардың өзіндік ерекшелігін арнайы дайындықтан өткен жоғары дәрежелі атқыш-мерген азаматтар, сондай-ақ әйелдердің соғыс қимылдарындағы ролін атап өту қажет;

- дәлдікті дамыту және жетілдіруге күрделілігі жағынан саналуан жаттығулар жүйесін қолдану;

- осы қабілет көрсеткіштерін ұлғайтуға бағытталған әдістер мен әдістемелік тәсілдер кешені (әр түрлі салмақты заттар мен жабдықтарды әртүрлі бастапқы қалыптан нысанадан арақашықтықты өзгертіп, басқа да қимыл әрекеттермен бірге, қиындатылған жағдайларда лақтыру);

- әртүрлі тәсілдерді пайдаланып екі қолмен қарудың әр түрімен нысананы (тирді) ату.

Педагогикалық зерттеу нәтижелері дәлдікті дамыту және жетілдірудің ұсынылған әдістемесінің тиімділігін растады. Барлық жас топтарындағы мектеп оқушылары дамытылатын қабілет көрсеткіштерін жетілдіруге бағытталған барлық қимыл тапсырмаларды зор құлшыныспен орындады.

Жүргізілген зерттеулер, жоғары сынып оқушыларын жан-жақты дене дайындығын дамытуға бағытталған, «Жас Ұлан», «Сарбаз», «Қалқан», «Алау», т.б. әскерилендірілген патриоттық ойындарды қайта жаңғырту қажеттілігін көрсетті.

Бұл ойындардың маңыздылығы, өскелең ұрпақтың моральдық ерік-жігер және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған орасан зор тәрбиелік әлеуетінде деп түсіну керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Тәнекеев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. - Алматы: «Казгосиздат», 1957. - 61
2. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: «Қайнар», 1983. - 163
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Рауан», 1991. - 144 б.
4. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: «Қайнар», 1994. - 150 б.

***Абдулзалиев К.Я.***

*студент 2 года обучения*

*Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева*

*Астана, РК*

***Бидолдой А.***

*старший преподаватель кафедры физической культуры и спорта*

*ЕНУ им. Л.Н. Гумилева*

*Факультет социальных наук*

## **ЗДОРОВЬЕФОРМИРУЮЩИЕ И ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ УЧАЩИХСЯ И СТУДЕНТОВ**

**Аннотация.** В нижеследующей статье предлагается обзор проблемы организации физического воспитания с применением здоровьесформирующих и здоровьесберегающих технологий. Физическое воспитание, являясь одной из ведущих социально-гуманитарных сфер, по мнению автора статьи, выступает в качестве главного условия обеспечения здоровьесбережения молодого поколения. Также особое внимание уделяется рассмотрению характера отношения учащихся и студентов к феномену здоровья, который при переходе к новой системе общественных отношений и появлении новых принципов взаимодействия и коммуникации изменился не совсем в лучшую сторону. Одним из современных рычагов воздействия на нынешнюю систему физического воспитания, появившихся благодаря технологическим разработкам и общекультурной глобализации, сегодня становится Интернет.

На сегодняшний день **физическое воспитание** представляет собой *одну из передовых категорий общественной сферы*, которая ввиду ограниченности здоровья человека с

каждым поколением все больше набирает социальный вес. В этом можно легко убедиться на примере Казахстана, где уже в 2014 году Правительство утвердило Концепцию социального развития до 2030 года, в рамках которой в 2016 году также была принята Концепция развития физической культуры и спорта до 2025 года. [1], [2] В обоих стратегических документах был сделан акцент на том, что, во-первых, продвижение физической культуры способно объединить многонациональный казахстанский народ под единым началом, что особенно актуально в свете развивающихся сейчас политических событий. Во-вторых, создание новых здоровьесберегающих технологий и методик физического воспитания в целом будет способствовать эффективной реализации государственной политики в области спорта и таким образом поможет привлечь студентов и учащихся к зарядкам по утрам, разминкам в свободное от учебы время, а возможно и достижению высот в любившихся видах спорта.

Нетрудно понять, что с внедрением в общественную жизнь разнородных технологических новинок люди стали постепенно отдаляться от занятия спортом. Без тени сомнения, все, кто осознает простую и в то же время такую свежую для современных реалий поговорку "Движение – жизнь!", считают спорт лучшим вариантом продуктивного времяпрепровождения и осмысленно к нему подходят. Хотя, к сожалению, не только молодое, но и взрослое население непрерывное нахождение в виртуальном пространстве предпочитает больше. Например, Интернет, давно проникший в массовую культуру, изменил взгляды на многие требующие глубокого переосмысления жизненные ценности, в частности, **здоровье**. Многие для достижения полного психологического удовлетворения ищут кучу разных в большинстве случаев неэффективных методик, носящих единичный характер и не решающих проблем со здоровьем в корне, либо же обращаются за помощью к специалистам. А некогда имевшая популярность в социуме тенденция хождения в спортивные секции хотя бы в целях выброса накопившейся негативной энергии сегодня устаревает, что лишней раз позволяет дискутировать о коренном пересмотре постсоветской культуры физического воспитания.

Тем не менее, специфика бесконечно разрабатывающихся социальных сетей, которым общество зачастую уделяет большую часть своего времени и откуда нередко заимствует технологии здоровьесбережения, по своему содержанию далекие от понятия "физическая культура", заключается в постоянном расширении собственной интернет-аудитории. Форма коммуникации изменилась, и все же люди по-прежнему ждут от своих сотоварищей социального одобрения, изо дня в день отображая в Сети каждый день своей жизни, стараясь преподнести себя в лучшем свете. Культ красоты, во все времена так привлекавший человечество и требующий по сей день ежедневного ухода за собой, что, конечно же, подразумевает под собой и занятие спортом, принимает яркий окрас. В данном ключе Интернет, являясь двигателем общественного мнения, может стать вполне благовидным средством пропаганды физической культуры для молодежи и старших, которые заинтересованы в том, чтобы выглядеть подобающе в кругу друзей или близких. [5]

Конечно, большую часть аудитории наглядные результаты регулярного посещения спортзалов иногда отталкивают: многих механическое поднятие гантелей и штанг в целях банального наращивания мышечной массы просто удручает, поскольку единственной целью подобного мероприятия становится положительное мнение интернет-зрителей. При этом Сеть настолько разрослась, что разнообразие контента стало неотъемлемым её элементом, в чем, кстати говоря, состоит существенная выгода для организаций, занимающихся общественной политикой, ведь и они не способны полноценно функционировать без интернет-коммуникаций. Помимо текстовой информации в большом объеме Интернет предоставляет возможность публиковать аудио- и видеоматериалы в прямом эфире. К тому же его насыщенность спортивной тематикой так велика, что простого

обывателя интерес самостоятельно продемонстрировать свои спортивные навыки невероятно захватывает. С уверенностью можно предполагать, что сфера физического воспитания всегда будет нуждаться в дополнительных инструментах агитации, и Интернет, на взгляд соискателя, поможет отлично справиться с этой важной задачей. [5]

Как уже было отмечено выше, ключевой, основополагающей ценностью, духовной составляющей, которая содействует полноценной человеческой жизнедеятельности, является **здоровье**. Крепкий здоровьем человек, прежде всего, отличается наличием укрепленного морально-волевого стержня: его ждет успех вне зависимости от сферы деятельности, в которой он занят. И самое главное – эффективнее справляться с ежедневной рутинной ему помогает система экономии душевных и физических сил, что позволяет чувствовать себя бодрым и энергичным круглые сутки, ведь он, с большой долей вероятности, обладает знаниями в области **здоровьесбережения**.

Нельзя не отметить, что здоровьесбережение выступает ведущим фактором образовательного процесса. Умственная работа забирает много сил, и порой студенту или школьнику для хорошей успеваемости необходимо освободить голову от мыслей об учебе, чтобы через некоторое время вновь к ней приступить. Кроме того, наличие здоровьесберегающего потенциала позволяет человеку активно применять полученные в образовательном учреждении знания о равномерном распределении физических нагрузок в повседневной жизни, где свободного времени будет намного меньше. Поэтому еще с дошкольного возраста на начальном этапе организуются физкультурно-оздоровительные мероприятия для поднятия детского интереса и поддержания здорового образа жизни учащихся. [7]

Итак, вхождение в жизненный ритм молодежи **здоровьесберегающих технологий**, то есть комплекса направленных на укрепление и сохранение здоровья способов рационального распределения физических нагрузок и организации физического воспитания в контексте рассматриваемой темы является одной из приоритетных целей как для государства, так и для неравнодушных в обогащении и продвижении физической культуры граждан. Впрочем, внедрение здоровьесберегающих технологий должно происходить с учетом непрерывности учебного и разнонаправленности тренировочного процесса. [4]

Стоит заметить, что на самочувствие представителей подрастающего поколения негативное воздействие оказывают неблагоприятные экологические, социальные и бытовые условия. С первого года обучения состояние здоровья обучающихся ухудшается также в связи с *несоблюдением режима дня*, которое ведет к частым перегрузкам во время учебы. [3]

**Среди широко распространенных обусловленных снижением мотивации к спорту причин можно выделить такие, как:**

- ✓ Длительное отсутствие двигательной активности;
- ✓ Зависимость от стресса;
- ✓ Неправильный подход к воспитанию, в том числе физическому, со стороны родителей и преподавателей;
- ✓ Организационные пробелы в нынешней образовательной системе;
- ✓ Недостаточный целевой охват большинства методик физического воспитания, которые, например, неприменимы к людям с ограниченными функциональными возможностями.

**Решить вышеперечисленные вопросы помогут следующие советы:**

1. Во-первых, требуется переосмысление отношения педагога к учащимся – принятие их такими, какими они с рождения являются, следовательно, умение превращать недостатки в преимущества;

2. Во-вторых, изменение отношения всех участников учебно-тренировочного процесса к феномену здоровья, которое пока еще не занимает первое место в иерархии ценностей человека в обществе;
3. В-третьих, распространение идей здорового образа жизни всевозможными способами, самым действенным из которых стал Интернет;
4. В-четвертых, демонстрация здорового образа жизни посредством личных примеров и выходящих из них результатов. [8]

Жұртшылықтың жүзе білуінің маңызы — жалпы халықтың әскери дене дайындығын жетілдіруге тигізетін көмегінде.

Мұны жүзеге асыру үшін, екі түрлі жұмыс атқарылады:

1. Көпшілікке жүзуді үйрету.
2. Жүзудің көмегімен денсаулықты және дене дамуын нығайту.

Жүзе білудің негізгі құндылығы - суға батып бара жатқан адамдарды құтқару, оларға уақытында көмек көрсету. Осыған байланысты халықты, әсіресе жасөспірім балаларды жүзуге үйрету - маңызды міндет.

Суда жүзудің пайдасы - адамның денсаулығын нығайтатындығы, сонымен қатар ол адам өзін таза ұстауға және денесін шынықтыруға көмектеседі.

Жүзуді үйрету - әскери дене дайындығының кең тараған маңызды түрі. Ол балалар бақшасында, мектептерде, орта және жоғары білім оқу орындарында іске асырылады. Мектеп оқушыларына жүзуді үйретуге ерекше мән беріледі. Сондықтан жүзу сабағы мектептердің әскери дене дайындығы оқу бағдарламасына енгізіледі.

Жүзу сабағы міндетті түрде әскери дене дайындығы пәнінің мұғалімдеріне, спортшыларға оқу пәні ретінде өтеді. Бұл пән институттардың, орта білім беретін дене шынықтыру оқу орындарының және мектептердің оқу жоспарларына енгізіліп оқытылады. Сондықтан жүзу сабақтарын маман адамдар өткізуі керек.

Спорттық жүзудің маңызы. Жүзумен шұғылданудың спорттық жетістіктерге жетуде маңызы зор. Мысалы: суға секіру, су шаңғы спорты, есу, желкен спорты және т. б. Мұндай спорт түрлерімен айналысу үшін алдымен жүзіп үйрену қажет. Ал су добы, су асты және мәнгерлі жүзу спортының негіздері — жүзу мен сүңгу. Бұл екеуін шебер меңгерген спортшының жоғарыда аталған су спорты түрлерінен жақсы нәтижеге жетуі әбден мүмкін.

Мұнда спортшыға әр түрлі талап қойылады. Мысалы: су добы спорты үшін керегі доппен және допсыз жүзгендегі жылдамдық пен ептілік, су асты спортында қолындағы қажетті құрал-жабдықтарды тастамай, тез жүзіп, сүңги білу қажет.

Суда жүзудің мынадай спорттық әдіс-тәсілдері бар Кроль - еркін жүзу (етпеттеп және шалқалап), брасс және баттерфляй (баттерфляй кейде дельфин деп те аталады). [2]

Спорттық жүзудің осы түрлерімен шұғуылданатын адамдар жүзу әдістерін тыңғылықты орындауға дағдыланады. Жүзген кезде қимыл-қозғалыстың әсерінен дененің барлық бұлшық еттері жұмыс істейді, мұның өзі адамның денсаулығына және тұлғасының сымбатты болуына көмектеседі. Ал жүзу қашықтығын ұзартқанда, жылдамдықты шапшаңдатқанда денеге түсетін күш біртіндеп байқалады. Осыған жаттығу адамның дене құрылысының төзімділігін ұлғайтады және икемділігін арттырады.

Жүзуді үйрету - әскери дене дайындығының кең тараған маңызды түрі. Ол балалар бақшасында, мектептерде, орта және жоғары білім оқу орындарында іске асырылады. Мектеп оқушыларына жүзуді үйретуге ерекше мән беріледі. Сондықтан жүзу сабағы мектептердің әскери дене дайындығы оқу бағдарламасына енгізіледі.

Жүзу сабағы міндетті түрде әскери дене дайындығы пәнінің мұғалімдеріне, спортшыларға оқу пәні ретінде өтеді.

Бұл пән жоғары, орта білім беретін дене шынықтыру оқу орындарының және мектептердің оқу жоспарларына енгізіліп оқытылады. Сондықтан жүзу сабақтарын маман адамдар өткізуі керек.

Спорттық жүзу әдістерінің өзіндік ерекше айырма-шылықтары бар: аяқ-қолдың қимылдары, тыныс алу, дем шығару, жүзуді бастау сәттері, бұрылу т. б. Мысалы: кроль әдісімен етпеттеп және шалқалап жүзгенде аяқ пен қолдың қимылы кезектесіп орындалады, ал брасс және баттерфляй әдістерін қолданғанда қол мен аяқ қатар, бір уақытта бірдей қимылдайды.

Күш-қуатты аз пайдаланып, үлкен табысқа жету үшін спорттық жүзу әдістері мен қимылдары үнемді, дұрыс пайдаланылуы керек.

Жүзуден бағдарламаға сәйкес еркін әдіспен мынадай қашықтықтарда жарыстар өткізіледі: 50, 100, 200, 400, 800, 1500 метрге (жаттығушының қалаған әдісімен әдетте ең жеңіл, шапшаң әдіс болып саналатын етпеттеп кеудемен жүзу); 100 және 200 м брасспен, 100,200м баттерфляймен (әдетте мұның шапшаңдық түрі дельфин әдісімен орындалады); 100 және 200 м шалқалап кроль әдісімен жүзу; 200 немесе 400 м қашықтықты жүзуші құрама тізбекпен орындайды; 50 м немесе 100 метрден (қашық-тықты төртке тең бөліп) - баттерфляймен, шалқалап, брасспен, еркін әдіспен аяқтайды; эстафета (алмасу): 4x100 м, бірін-бірі ауыстыратын төрт жүзуші орындайды, жарысты шалқалап жүзу әдісінен бастайды, сонан кейін брасс, баттерфляй және еркін әдіспен аяқтайды, 4x100 м еркін әдіс - ер адамдар үшін.

Қолданбалы жүзудің маңызы. Мұндай жүзу еңбек өнімділігін арттыру және еңбекшілердің денсаулығын ақтау мақсатын көздейді. Жүзу мен сүңгу қолданбалы тәсілдерге жатады. Бұлардың қолдану мүмкіндігі өте кең.

Жазғы қапырық, ыссы күндерде адамдар жүздеп, мыңдап жағажайларға - өзен-көлдердің, теңіздердің жағаларына жиналады. Судың жағасындағы таза, салқын ауа, күннің сәулесі, табиғи көгілдір өсімдіктер дүниесі демалысқа өте пайдалы. Әрине мұның бәрі, әсіресе, жақсы жүзе білетін адамдарды ерекше рақаттандырады.

Жүзудің қолданбалы тәсілін өзен-көлшіктерді, тоғандарды, каналдарды жүзіп өткенде, судың астынан бір зат іздегенде, суға батып бара жатқан адамды құтқару кезінде кеңінен пайдалануға болады. Ол үшін жүзудің спорттық әдістерін білу шарт. Себебі адам өзін суда жақсы ұстай алмай тұрып, жүзудің қолданбалы тәсілдерін меңгере алмайтыны белгілі. [1]

Жүзудің спорттық әдістерін меңгергеннен кейін әрбір адам жақсы сүңги білуге, жолдағы кедергілерді жүзіп өтуге, суға батып бара жатқан адамды құтқару тәсілдерін білуге тиіс. Жақсы жүзе білетін адамның небір киын жағдайда таңғажайып ерліктер көрсете алатыны да белгілі. Ал жүзе білмейтін немесе жаңадан үйреніп жүрген адам терең жерге түсіп кетсе немесе қатты ағынды су ала жөнелсе, өзін-өзі ұстай алмай, сасқалақтап су жұтып, ағып кетуі ғажап емес. Қолданбалы жүзудің маңызды түрі - суға кеткен, апатқа ұшыраған адамды құтқару. Бұл түр теңізшілерге, балықшыларға, сал ағызатын жұмысшыларға, ғарышкерлерге және әскери дене дайындығы мұғалімдеріне қажет.

Жүзудің денсаулыққа әсері. Жүзу - дене шынықтыру үшін нәтижелі әдістердің бірі. Ол тұрақты тазалық дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Судың температурасы адамның дене қызуынан кай уақытта да төмен болады, сондықтан су ішіндегі адамның денесінен ауа кеңістігіне 50-80% артық жылу тарайды. Шомылу және жүзу дене мүшелерінің сыртқы температура өзгерістерінен, салқыннан пайда болатын ауруларға шалдықпай, төзімді болуын тәрбиелейді. Ал жүзу өзен-көлдерде өткізілетін болса, күннің шуағы мен таза ауа адам денесіне күшті әсер етеді.

Жүзу - жүрек, қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерін жетілдіруге жақсы әсерін тигізеді. Жүзумен жүйелі түрде шұғылданып жүрген адамның жүрек соғуы минутына 72-ден 48-50-ге дейін сирейді, ал қанның көлемі жүрек бір соққанда 70-80 мл-ден 120-140 мл-п дейін көбейеді.

Жүзу тыныс жүйелерін нығайтып, оның жұмысын дағдыландырып, өкпенін тұрақты сыйымдылығын ұлғайтады. Мысалы, жүзумен жүйелі түрде шұғылданып жүрген спортшылардың өкпесінің сыйымдылығы 4000-7000 см<sup>3</sup> дейін, кейде одан да көбірек ұлғаяды.

Судың тығыздығына байланысты тыныс алу, дем шығару киындайды, тыныс алу судың қысымына, ал, дем шығару судың кедергі күшіне байланысты.

Жүзу жүйке жүйесін бекітіп, адамның ұйқысын, асқа тәбетін жақсартады, сол себептен дәрігерлер жүзуді емдік амал ретінде ұсынады. Дене шынықтыруда және емдеуде жүзу сабағы кеңінен таралған әдіс. Жүзу әсіресе балалардың дене құрылысын, денсаулығын жүйелі түрде нығайтуға пайдалы әсерін тигізеді. Сонымен қатар жүзу сабағы балалардың қол-аяқтарының тірек-қимыл жүйесін бекітіп, денесін дамытады және төзімділігін арттырады. Баланың денесі күшті, буындары иілгіш, қимылдары шапшаң және әсем болуына ықпалын тигізеді.

Жүзу егде адамдарға да пайдалы, өйткені ол адам денесінде зат алмасуды күшейтетін жолдың бірі.

Сонымен су дегеніміз адам денсаулығын жақсартатын қазынаның көзі.

Спорттық жетілдіру сабақтарында оқушылардың алдында тұрған міндеттер мыналар: спорттық жүзуді меңгеру, жүйелі түрде жұрыстарға қатынасып, спорттық нәтижелер көрсету, ұстаздық және мамандық білімін, шеберлігін, дағдысын дамыта түсіп, төреші атағын алу нор-масын орындау.

Дене шынықтырушы мұғалім жүзу сабағын әр түрлі жастағы адамдармен жүргізе білуі керек. Ол әрбір сабақтың мақсатын, сабаққа қатысушылардың жүзуге дайындық дәрежесін жете білуге міндетті.

Жүзу сабақтарын жақсы жабдықталған су бассейнінде ғана өткізу міндетті емес, оны табиғи суларда да өткізуге әбден болады. Өзен-көлдердің тереңдігі және суының таза болмауы көптеген қауіп туғызуы мүмкін. Балаларды кездейсоқ жағдайлардан, салқын тию, түрлі науқастардан сақтандыру мұғалімнің міндеті.

Мұғалім жүзу сабақтарын өткізуге ыңғайлы жаға, түбі таза, өндірістік қалдықтар құйылмайтын суды таңдап алуға тиіс. Оның сабаққа денсаулығы жөнінде дәрігерлерден анықтамасы бар балаларды ғана қатыстырып, қажет бола қалса, алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білуі шарт.

Судағы тәртіпті міндетті түрде сақтауды қадағалау қажет. Мұғалім өзіне көмекшілікке балалардың арасынан жақсы жүзетіндерін таңдап алып, өзгелерге көмектесуді үйретеді.

#### **КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Д. Каугсилмен. Жүзу ғылымы. Оқулық. ФиС. М. 1975.
2. Ахмедов К.Б. Плавание. Учебное пособие. “Санат”, Алматы, 1997
3. Платонов В.Н. Плавание. Учебник. Киев. 2000.
4. Штеллер И.П. Водное поло. Учебник. М., ФиС. 1981г

*Ахметов Б.Р.*

*Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық мамандығының аға оқытушысы, капитан Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., ҚР*

### **БОЛАШАҚ ОТАН ҚОРҒАУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ЖАҒЫНАН ДАМУЫ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Дене даярлық міндеттерін тиімді шешу үшін жаттығулар талап етілген деңгейде дене және арнайы сапаларды, әскери-қолданбалы дағдыларды қолдау және дамыту бағыттарына сәйкес қолданыла отырып әрі қарай арттыра алатынының ерекшеліктері көрсетілген.

Дене даярлық міндеттерін тиімді шешу үшін жаттығулар талап етілген деңгейде дене және арнайы сапаларды, әскери-қолданбалы дағдыларды қолдау және дамыту бағыттарына сәйкес қолданылады.

*Дене сапалары* - бұл қозғалыс іс-әрекетін қамтамасыз ететін ағза қасиеті. Әскери қызметкерлердің негізгі дене сапаларына жатқызылады: шыдамдылық, күш, шапшаңдық пен ептілік.

*Шыдамдылық* деп жұмысты оның тиімділігін төмендетпестен ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде орындау қабілеті түсіндіріледі. Шыдамдылық жалпы және арнайы болуы мүмкін. Ол ағзаның физиологиялық мүмкіндіктеріне негізделеді. Шыдамдылықты дамыту құралдары болып саналады: қозғалысты жылдамдату, шаңғымен жүру, кедергілерді жою, жүзу, спорттық және қозғалыс ойындары.

*Күш* деп сыртқы қарсыласуды жою немесе бұлшық ет күштері есебінен оларға қарсы тұру қабілеті түсіндіріледі. Күшті дамытуға әртүрлі тартылулар көмегімен бұлшық ет қуаттылық деңгейін ұлғайтуға әсер ететін дене жаттығуларын қолдану арқылы қол жеткізіледі. Осы мақсатта салмақты көтеру және тасымалдауға дене жаттығулары, гимнастикалық снарядтар мен тренажерлардағы күш жаттығулары, жеке салмақпен жаттығу жасаулар қолданылады.

*Шапшаңдық* деп ең аз уақыт ішінде қозғалыс әрекеттерін жүзеге асыру қабілеті түсіндіріледі. Шапшаңдықты дамыту жылдам қозғалыстық реакциялар және қозғалыстың жоғары жылдамдығын талап ететін дене жаттығуларының көмегі арқылы жүзеге асады. Осы мақсатта әртүрлі жылдамдықты және жылдамдық-күш жаттығулары (қысқа аралыққа жүгіру, секіру, айналу және т.с.с.), сонымен бірге жағдаяттың аяқ асты және динамикалық өзгеруін сипаттайтын жаттығулар (спорттық және қозғалыс ойындары кедергілер жолындағы жаттығулар және т.с.с.) қолданылады.

*Ептілік* деп қозғалысты біріктіру, мақсатты түрде үйлестіру, оларды біртұтас ретінде ұйымдастыру, меңгерілген әрекетті есепке ала отырып қозғалысты бағдарлау немесе өзгермелі шарттармен сәйкес оларды қайта қосу қабілеті түсіндіріледі.

Ептілікті дамыту екі жолы арқылы жүзеге асырылады. Біріншісі әскери қызметкерлердің қозғалыс тәжірибесін жүйелі түрде қозғалыстың жаңа формаларымен толтыру, екіншісі - аяқ асты өзгермелі жағдаяттар шарттарында пайда болған координациялық қиыншылықтарды жеңумен байланысты.

Бірінші жол қозғалыс іскерліктерінің қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде пайда болатын ауытқуларды жеңу және қозғалыстарды үйлестіру қажет ететін жаңа дене жаттығуларының үйрену үрдісінде қол жеткізіледі.

Екінші жол әдеттегі дене жаттығуларына қозғалыс координациясына қосымша талаптар қоятын әдеттегіден тыс фактор енгізу арқылы жүзеге асады. Осы мақсатта гимнастика тарауынан, кедергілерді жеңу, қол күресі, спорттық және қозғалыс ойындарынан алынған дене жаттығулары қолданылады. [2]

#### *Гимнастика және атлетикалық даярлық*

Гимнастика және атлетикалық даярлық сабақтары ептілікті, күш және күш жыдамдылығын, икемділік, теңселу және жүк көбеюге деген тұрақтылықты, кеңістік бағдарды, қолданбалы қозғалыс дағдыларын дамытуға, батылдық пен шешім табуға тәрбиелеуге, сымбаттылықты, тартылымдылықты жетілдіруге бағытталған. Гимнастика сабақтары кезінде оқушылар бойында қозғалыс біліктері мен дағдыларын сапалы қалыптастыру үшін қажетті шарттар құрылады.

Сабақта гимнастикалық аландар мен қалашықтарда, спорт залдарында немесе арнайы жабдықталған ғимараттарда, машықтану комплекстерінде, сонымен бірге жергілікті жерлерде өткізіледі. [1]

#### *Қол күресі*

Қол күрес сабақтары қарсыласты жою, оны қатардан шығару немесе тұтқындау, оның шабуылынан өзіндік қорғану, сонымен бірге батылдықты, өз күшіне сенуге тәрбиелеуге бағытталған.

*Қол күрес сабақтары өткізіледі:*

- Қаруды қолданатын күрес тәсілдерін оқыту кезінде – стационарлы және көшпелі тұлып, нысандары (тоқыма шарбақтары), көшпелі кедіргілері (қабырғалар, шарбақтар, аз байқалатын кедергілер және т.с.с.), баспалдақты алаң қайлар, терезесі бар үйлер фасадымен, тактикалық аландар, қарауыл қалашықтар мен кедергілермен жабдықталған арнайы алаңқайларда;

- Қаруы жоқ күрес тәсілдерін оқыту кезінде – ұнтақ және құмы бар арнайы дайындалған тегіс шөпті алаңқайларда немесе спорт залдарында (мақтасы бар кілемшелерде).

#### *Кедергілерді жеңу*

Кедергілерді жеңу сабақтары қолдан жасалған және табиғи кедергілерді жеңу дағдыларын қалыптастыру және жеңуге, арнайы тәсілдер мен әрекеттерді орындауға, шапшаңдық және жылдамдық – күш шыдамдылығын дамытуға, зор дене жүктемелері фонындағы ұжымдық әрекеттердегі дағдыларды жетілдіру, өз күшіне сенуіне, батылдық пен шешім табуға тәрбиелеуге бағытталған.

Кедергілерді жою жеке шынайы (қолдан жасалған) кедергілермен жабдықталған жергіліктерде немесе әскери киім формасын киіп, кедергілердің арнайы құрылған жолақтарында өткізіледі.

#### *Жеделдетілген қозғалыс және жеңіл атлетика*

Жеделдетілген қозғалыс сабақтары шыдамдылықты, шапшаңдықты, жылдамдық – күш сапаларын дамытуға, тегіс және қиылыстырылған жергіліктер бойынша жүру, жүгірудегі дағдыларды жетілдіруге, еріктік сапаларды тәрбиелеуге бағытталған. Сабақтар стадионда немесе тегіс алаңқайда (спорт залда), сонымен бірге жол және жолдан тыс бойынша ойлы-қырлы жергіліктерде өткізіледі. [4]

#### *Шаңғы даярлығы*



Шаңғы даярлық сабақтары шаңғыда қозғалу дағдыларын қалыптастыру және жетілдіруге, шыдамдылықты дамытуға, ерік сапаларын тәрбиелеуге, ағзаны шынықтыруға бағытталған. Сабақтар ереже бойынша екі оқу сағаттарында фронтальды немесе поток әдісі ұзақтылығымен жүргізіледі.

#### *Әскери-қолданбалы жүзу*

Әскери-қолданбалы жүзу сабақтары әскери-қолданбалы жүздегі дағдыларды қалыптастыруға, суда өзін-өзі игеру және шындауға тәрбиелеу, жалпы төзімділікті дамытуға бағытталған.

Сабақтар жүзу техникасын жақсы меңгерген және оқыту әдістемесін жетік білетіндер сонынан көмекші бөлінген әскери қызметкер – тек бөлімше командирінің жетекшілігімен жүргізіледі. [6]

#### *Спорттық және қозғалыстық ойындар*

Спорттық және қозғалыстық ойындар сабақтары шапшаңдықты, ептілікті, жалпы және жылдам шыдамдылықты, кеңістік бағдарды дамытуға, ұжымдық іс-әрекеттердегі дағдыларды қалыптастыруға, тұрақтылық, шешім табушылық, инициатива және тапқырлыққа тәрбиелеуге, ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігін қолдауға, оқу – күрес іс-әрекет эмоционалды күшін басуға бағытталған.

Спорттық және қозғалыс ойындар сабақтар ашық ауада және спорт залдарында ұйымдастырылады. Дайындық және сабақтың қорытынды бөлімдері саптың құрамында, негізгі бөлімі – саптың құрамында немесе бөлімшелерде (командалар бойынша) өткізіледі.

Дене даярлығы үрдісінде бірінші кезекте күш, жылдамдық, шыдамдылық және ептілік, осыдан кейін теориялық білім және ұйымдастырушылық – әдістемелік біліктер мен дағдылар қалыптасады. [5]

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Демеуов А.Қ, Ахметов Б.Р, Бекбосунов А.К.М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы, 2020.-300 б
2. И.П.Залатаев және басқ.дене тәрбиесі. Оқулық. ФиС. М.2013ж.
3. А.Н.Макаров. Жеңіл атлетика. Оқулық. «Ағарту ісі» баспасы. М.2017.
4. Ф.Уйлт. Жүгіру, жүгіру, жүгіру. Статъя жиынтығы, ФиС. М.2016.
5. В.П.Платонов. Спорттың жаттығуды қазіргі жүйесі. Оқу құралы. «Медицина» баспасы. 2011г.
6. Д.Каугсилмен. Жүзу ғылымы. Оқулық. ФиС. М.2015.
7. Л.А.Касыгаева және басқ. жүгіру. Оқу құралы. «Ағарту ісі» баспасы. Ленинград. 2014.

***Байжанов Е.Қ., Ержанов С.Ө., Мұстафаев С.Ш.***

*Қорқыт Ата атындағы ҚУ,  
«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасының  
аға оқытушылары  
Қызылорда қ., ҚР*

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ҚАТЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Әр ұлт пен халықтар өздерінің тіліне, дініне, дәсүріне тіпті этникалық орналасу жағдайларына байланысты мындаған жылдар бойы асыл мұрасын, ізгілік қасиеттерін, салт-дәстүрлерін, өнерін, ойын-сауықтарын жинақтап, оны аңыз әңгімелер, аталы сөздер, әртүрлі өнер көріністері, ұғымдар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Кезінде көмескілене бастаған осынау көріністер қазір қайта жаңғырып, жаңа қырынан көріне бастауда. Осынау халық қазынасын қайта парақтап, тарих беттерінде тапталып қалған талай тәрбие, өнеге, мұраларын өмірге қайта жаңғырып келуі ұлттық, халықтық педагогикамыздың мәртебесін биік, мерейін үстем етуде. Халық педагогикасы

қазақ халқының өмір салтында жеке дара ілім ретінде оқшауланып дараланбаған. Оның есесіне кіндік қаны қазақ топтырағына тамған әрбір қазақ, тәрбие мен тәлімге өнер, сөз құдіретін шебер пайдалана білген [1]. Батыр бабалардың бойынан зор тұлғаның: ақыл-парасаттылық, алып күштің, ерен-ерліктің көріністерін көруге болар еді. Қазақ батырды көріп-тұлғаны, зерделіні көріп-шешенді, өнегеліні көріп-көргендіні, өнерліні көріп-шебер болуға ұмтылып, құлшынған және мұның бәрі қазіргідегідей мектеп, оқу орындарындағы лекциялық, семинар, зертханалық, дәрісханалық сабақтар арқылы жүзеге аспай күнделікті қарапайым тұрмыстық жағдай және тікелей еңбекке араласу барысында қалыптасып, жетіліп отырған.

Қазақ ұл-қыздарын балғын жастан-ақ тұрмыстық жағдайда кездесетін еңбекке ерте араласу арқылы тәрбиелеген. Он үш жаста-ақ отау иесі болуға дайындаған. Сол арқылы еңбексүйгіштікке, шыныққан-шымыр, алғыр болып өсуге мән берген. Еңбекке араласа жүріп қоршаған ортаның құдірет-күшін сезіне біліп, пайымдаушылығын, дүниетанымын, күш-қуатын, ерік-жігерін қалыптастырып отырған. Қазақ жастарын еңбекке ерте баулуға үндеген. Абайдың мына өлең шумағынан да ол көрініс тапқан [2].

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып білім алған.  
Би болған, болыс болған өнер емес,  
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, -

деп еңбектенуге жол сілтейді. Он үште отау иесі болу оңай шаруа емес. Ол өзін отау иесі болғанға дейін асауды ауыздықтап, ересектермен үзеңгі қағыстыра алатын, бойына қайрат-жігер, ақыл-парасат жинаған, айналаға сын көзбен қарай білетін алғыр да епті етіп дайындауға әрекеттенген. Қазақ халқының күнделікті тұрмыс жағдайында жиі кездесетін мұндай көріністерді біз бұл күндері спорттық жаттығу және дене шынықтыру сабақтарында әртүрлі жаттығу, ойындарға қатыстыру арқылы жүзеге асырып жүрміз. Сөйтіп дене бұлшық еттерінің табиғи жағдайда қимыл қаракеттеріне болуын қамтамасыз етеміз.

Нәтижеде еңбекке ерте араласқан оқушы кез-келген дене жаттығуларын ешбір қиындықсыз-ақ меңгеріп орындай алатынын жоққа шығаруға болмайды. Керісінше әртүрлі еңбекке аз араласатын қала оқушыларынан бұл сабақтастықты байқамаймыз.

Демек, тұрмыстық жағдайында кездесетін кез-келген еңбекке белсене қатысу жасөспірімнің дене бітімін тұлғалы шымыр етіп, дене қасиеттерін (күш, ептілік, икемділік, шыдамдылық, шапшаңдық) қалыптастыруға септігін тигізеді.

Тума таланттың әрекеті де өмір сүру барысында 99% еңбектен тұратынын ескерсек, еңбек адамның мінез-құлқын, іскерлігін қамтамасыз ететін таптырмайтын құрал екенін байқаймыз.

Қазақ халқының өмірінде еңбек түрлері өте көп: (егін, мал шаруашылығы) үлкенге ілесе жүріп балғын бала шөп шауып, шөмеле үйіп, кесек құйып қабырға тұрғызуды, ағаш жонып ас-аяқ, ертоқым жасауды, ауыздықтап асау үйретуді т.б. меңгеру арқылы бойына батылдықты, алғырлықты, қайсарлықты қалыптастыра білген. Ал, білектерін сыбанған қыз балалар ақ самайлы әжелердің сабауларын (жүн сабау), келі түйген келіндердің кесаптарын, күбі сабаларын қолынан алып алмастырған. Тіпті қыз балалар мал сауу, май шайқау, тары ақтау, кілем тоқу, жіп иіру сияқты күнделікті тұрмыстық еңбекке араласу арқылы өзара бәсекеге түсіп, өздерін іскерлікке, еңбексүйгіштікке, тапқырлыққа баулып, дене бұлшық еттерінің үнемі белсенді қимыл әрекетінде болуына ықпал жасаған. Сол арқылы сергектік пен сезімталдықты бойына қалыптастырған. Бұдан біз халықтық салт-дәстүрдің және халыққа тән үйрену мен бірге дененің қимыл дағды, қабілеттерін қалыптастыратын тәрбие құралы ретінде қаралатындығын байқаймыз [3].

Қазақ қыздары тұрмыс жағдайында күнделікті ас суды көрші құдықтан немесе бастау, бұлақ, өзен суларынан иін ағашпен ара қашықтыққа қарай демала отырып тасыған. Тасымалдау күн бойына бірнеше рет қайталанған. Ал, өкше тұсына дейін жететін қос

бұрымға тағылған қос шашбау, ай табақтай алқа қыз мүсінінің тік тұлғалы болып өсуін, ал иін ағаш координациялық (қимыл бейімділігі) қаракетін жетілдіріп қалыптастырған.

Күн бойында кілем тоқу, өрнек салу, жіп иіту, жүн түту әрекеттерінде статикалық жаттығудың элементтері бар. Бұл қимылдар саусак, иық, шынашақ, екі жақты, үш жақты желке тұс, жауырын, қабырға аралық екі жақты тісше, трапеция тәріздес т.б. бұлшық еттердің дамып жатілуіне ықпал етеді.

Қазақтың елін жаудан қорғаған батырлары, апай төс палуандары, құралайды көзге атқан мергендері, ат жалында ойнаған сайып қыран шабандоздары, қыр түлкісін қырандарға алдырған құсбегілері кезінде арнайы спорт жаттығуларын жасап, соның негізінде оның бәрін бірдей ата-бабадан тұқым қуалап туылған генетикалық жалғастық деп қарауға да болмайды. Мұның бәрін үлкендер еңбегіне ертеден етене араласып қатысудан деу керек.

Қазақ дәстүрінде әрбір той-думанның, әзіл-оспақтың, ойын-сауықтың, аталы сөздің жай-жапсарына, мән мағынасына, тәрбиелік мәніне үнемі назар аударып отырған. Қазақтың «Көкпар», «Қыз қуу», «Аударыспақ», «Теңге алу», «Жаяу жарыс», «Қаппен жарыс», «Түйе палуан» жарыстарына қатысу арқылы ептілік, күштілік, шапшаңдық, икемділік, шыдамдылық, тапқырлық, алғырлық сияқты дене қасиеттері және ақыл-ой қабілеттері қалыптасып отырған [4].

Бұл ойындардың жеңімпаздарына атан түйе, ат мінгізіп сый көрсеткен. Бір ерекшелігі ойын-сауықтарға қатысу, тамашалау жөнінде, жасқа шек қойылмаған. Мұның өзі жастарды ересектер іс-қозғалысына еліктеп тез есейіп, етек жиюды қамтамасыз еткен. Үлкендер өнеріне қайран қалып тамсанған. Құштарлығын ұштаған.

Қазақ жастары жиын тойларда, ойын-сауықтарда тек өнерлі ғана емес, өнегелі болуға да ұмтылған. Естігендерін, көргендерін құлақпен естіп, санамен тоқып, жадына сақтаған, Ешқандай академиядан, университеттен, спорт сабақтарынан дәріс алмай-ақ, батыр, палуан, күйші, әнші, жыршы болып өскен. Палуан Шолақ, Қажымұқан, Құманғазы, Бөгенбай, Бұқарбай, Олжабай Махамбет Өтемісұлы, кейінгі ұрпақ Шәмші, Қалдаяқов, Әбілсейіт Айханов, боксшы Әбдісалан Нұрмаханов, палуандар Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыхановтарға т.б. қазіргі қазақ жастары үлгі бола алады.

Ұлттық тәрбиенің салт-дәстүрдің көріністерінен туындайтын еңбекке қатысу арқылы дене, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру халықтың педагогикасының бір саласы деуге әбден болады.

#### **ҚОЛДАНЫҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 24-26 б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: «Ғылым», 1997. - 129 б.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Рауан», 1991. - 144 б.
4. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: «Қайнар», 1994. - 150 б.

***Бидолдой А.***

*Дене тәрбиесі және спорт  
кафедрасының аға оқытушысы,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Астана қ., ҚР*

#### **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ- ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ӘДІСІ**

Қазір біз тұрақты өзгеріске ұшырап отырған әлемде өмір сүріп жатырмыз. Кәсіби маман ретінде өзімізді еңбек нарығының мүшесі ретінде орналастыруға мүмкіндік беретін кеше қол жеткізген білім деңгейіміз, бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмай қарқынды түрде ескіріп жатыр. Сондықтан, еңбек нарығының талаптарына жауап беріп,

бәсекеге қабілетті маман ретінде сұранысқа ие болу үшін білімді тұрақты жетілдіруге және үздіксіз білім алуға немесе өмір бойы оқуға ұмытылу тенденциясы қалыптасып отыр.

Адамзат өзінің дамуының жаңа постиндустриалды дәуіріне күрт көшті. Барлық салада атап айтқанда әлеуметтік салада, экономикада, саясатта, мәдениетте, адамдардың өмір салтында да түбегейлі өзгерістер орын алып жатқаны белгілі. Ақпараттандыру және жаһандану процестері білім беру ортасына ерекше әсер етуде. Білім беру жүйесінің осындай түбегейлі өзгерістерге жауабы оны жаңғырту, жетілдіру үрдістері болып отыр.

Әлеуметтік - өндірістік салада орын алып жатқан, әсіресе білім беру ортасына әсер ететін негізгі өзгерістердің қатарына төмендегі жағдайларды жатқызуға болады:

- машиналар мен өндірістік технологияларды интеллектуализациялауға байланысты жаңа мамандықтар мен біліктіліктердің пайда болуы;

- өнімнің ғылыми сыйымдылығының өсуі, яғни білім тауар немесе қызмет құнының көп бөлігін құрайды;

- еңбек пен білімді бөлуден оларды біріктіруге, түлектердің шамадан тыс мамандануынан олардың әмбебап білім мен дағдыларға негізделген құзыреттерін қалыптастыруға көшуді күшейту;

- еңбек нарығын жаһандандыру, ақпараттық - коммуникативтік технологияларды белсенді пайдалану, бұл жоғары білім беру саласындағы интеграциялық процестерге ықпал етеді;

- ел аумағында да, халықаралық деңгейде де жоғары оқу орындары мен түлектер арасындағы бәсекелестікті арттыру.

Осыған байланысты білім берудің даму тенденцияларында өзгерістер байқалуда.

Яғни:

- жоғары білімге жаппай ұмтылу, бұл саладағы білім сапасының мәселесін туғызуда;

- жоғары кәсіптік білім беру саласына экономикалық тиімділік талаптары негізінде білім беру мақсаттары мен нәтижелерін айқындауды көздейтін "нарықтық тетіктерді", сапа менеджменті жүйелерін енгізу;

- жоғары білім беруді кәсібилендіру, бұл жоғары академиялық, іргелі білімнен кәсіби білімге көшуді білдіреді, оның мазмұны мен технологиялары білім алушылардың болашақ кәсіби қызметіне сәйкес келуі керек, ал білім икемділікпен, сабақтастықпен, деңгеймен сипатталады.

БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің [1] он жеті мақсатының төртінші мақсаты сапалы білім беруге яғни барлық адамға жан-жақты және сапалы білім беруді қамтамасыз етуді және өмір бойы білім алуды ынталандыруға бағытталғаны белгілі. Білім беру саласының 2030 жылға дейінгі дамуына бағдарланған, төмендегідей бірқатар міндеттер айқындалған:

- 2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдардың бастауыш білім алуға дайын болуы үшін кіші жастағы балаларды дамыту, күту және мектепке дейінгі оқытудың сапалы жүйелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

- 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер арзан және сапалы кәсіптік-техникалық және жоғары білімге, оның ішінде университеттік білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс орнына ие болу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін талап етілетін дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жастар мен ересектер санын едәуір ұлғайту;

- 2030 жылға қарай білім беру саласындағы гендерлік теңсіздікті жою және халықтың осал топтары, оның ішінде мүгедектер, байырғы халық өкілдері және әлеуметтік аз қорғалған балалар үшін барлық деңгейдегі білім мен кәсіптік-техникалық даярлыққа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

-2030 жылға қарай барлық оқушылардың тұрақты дамуға ықпал ету үшін қажетті білім мен дағдыларды, оның ішінде тұрақты даму және тұрақты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, бейбітшілік пен мәдениетті насихаттау.

Үздіксіз білім беру (lifelong learning)- бұл мемлекеттік және қоғамдық институттар жүйесін пайдалану негізінде және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өмір бойы тұлғаның білім дәрежесі (жалпы және кәсіби) әлеуетінің өсу үрдісі. Үздіксіз білім беру қажеттілігі ғылым мен техниканың ілгерілеуіне, инновациялық технологияларды кеңінен қолдануға байланысты туындап отыр. "Үздіксіз білім беру" термині алғаш рет 1968 жылы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының материалдарында қолданылған деп есептеледі. 1972 жылы Парижде Э. Форa комиссиясының есебі жарияланды және сол жылы үздіксіз білім беру контекстінде ересектерге білім беру бойынша III халықаралық конференция өтті. Бұл баяндамада білім беру парадигмасының негізгі ережелері келтірілген, оның жұмыс істеуі үздіксіздік принципіне негізделген. 1970 жылдардың ортасынан бастап үздіксіз білім беру идеясы көптеген елдерде қолдау тапты [2].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары мемлекеттік жоспарлау жүйесінде айқындалған басымдықтардың бірі - сапалы білім беру болып табылады [3]. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудан күтілетін нәтижелердің бірі – дәстүрлі оқыту бағдарламаларынан білім алушыларды болашаққа дайындауға, кәсіби дағдылар мен құзыреттерді өмір бойы тұрақты жетілдіруге ынталандыруға өту болып отырғаны белгілі.

Қазіргі инновациялық экономиканың бәсекеге қабілеттілік деңгейі көбінесе кәсіби кадрлардың сапасымен, олардың әлеуметтену және кәсіби деңгейінің жоғарылығымен анықталады.

Үздіксіз білім беруді дамыту 2021 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасы» шеңберінде елдің білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде жарияланды [4]. Өмір бойы оқыту тұжырымдамасы - барлық азаматтар үшін олардың қажеттіліктерін және қабілеттерін ескере отырып, олардың қоғамда лайықты орнын табу үшін оқыту мүмкіндігін жасауға бағытталған жүйе. Білім беру нарығында үздіксіз білім беру тенденциясының дамуына ықпал еткен бірнеше жағдайлар бар. Біріншіден, жаңа технологиялардың дамуы, өндіріс пен кәсіпорын қызметіне инновациялық өзгерістердің тереңдеп енуі, жұмыс күшінен жаңа техникалық дағдылар мен шеберлікті талап етуде. Автоматтандырудың, цифрландырудың өсуі және жаңа өнеркәсіптік революцияға көшу жаңа технологиялық құзіреттілікті жетілдіруге ықпал етіп отыр. Екіншіден, адамның негізгі білім алған саласындағы жаңа зерттеулерге, әзірлемелерге және озық тәжірибелерге бағдарлану қажеттілігі туындап отыр. Үшіншіден, еңбек нарығындағы жұмыс күшінің бәсекеге қабілеттілігіне, сапа көрсеткіштеріне қойылатын талаптардың артуы. Осы жағдайлар әлемдік өзгерістер шеңберінде еңбек ресурстарының құзыреттілігі мен біліктілігіне қойылатын талапты арттырып, ішкі еңбек нарығын реттеу тетіктерін жандандыру мен азаматтардың еңбек әлеуетінің сапасын арттыруға және оны тиімді қолдануға бағытталған білім беру мен ағартушылық жүйені жетілдіру қажеттілігін туғызуда.

Қазақстан Республикасында қабылданған өмір бойы оқу тұжырымдамасына сәйкес үздіксіз білім беру жүйесі- жасына қарамастан бүкіл халыққа қатысты формалды, формалды емес және информалды (өздігінен білім алу) білім беру түрлерін қамтитындығын қарастырған.

Формалды білім беру "мектеп-колледж-ЖОО" циклі шеңберінде пәндер, атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер мазмұнының интеграциясын айқындау, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін үздіксіз стандарттау, жоспарлау және ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Формалды емес білім формалды білім беру бағдарламаларының бөлігі болып табылмайтын ұйымдастырылған оқыту түрлерін қамтиды. Дәлірек айтқанда, кәсіби біліктілікті арттыру, кәсіптік қайта даярлау бағдарламалары, кәсіптік оқыту бағдарламалары, курстар, дәрістер, семинарлар мен тренингтер, оның ішінде онлайн форматта ұйымдастырылатын оқыту бағдарламалар кіреді.

Информалды білім беру – бұл адамның өз бетімен жүзеге асыратын оқу, білім алуы яғни бұл жағдайда оқу нәтижесін көрсететін құжат берілмейді. Мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейінгі білім беру бағыты белгіленген жас кезеңдерінде іске асырылады, сондықтан үздіксіз білім берудің негізгі элементі ересектерге білім беру болып табылады.

Үздіксіз білім берудің бірқатар қағидаттарын жіктеп қарастыруға болады. Біріншісі, үздіксіз білім беру жүйесі арқылы құзыреттілік пен дағдыға ие болу және дербес білім алу шеңберін таңдаудың еркіндігі. Екіншіден, тұлғаның жеке бас қажеттілігіне сәйкес формальды және формальды емес білім алу түрлерін келістіру және толықтыру мүмкіндігі. Үшіншіден, еңбек ресурсының икемділігі яғни қызмет бағыт өзгерту және жанама таңдаған бағыт бойынша кәсіби білім алуға қол жеткізу мүмкіндігі. Төртіншіден, формальды және формальды емес шеңбердегі білім беру бағдарламаларының сипатына қарамастан оқыту нәтижелерінің бірдей бағалануы және танылуы.

Қазіргі таңда кез келген тұлғаның алдында өзгермелі қоғам талаптарына толық жауап беру үшін үздіксіз білім алуға ұмтылу керектігін уақыт өзі көрсетіп отыр.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1 Повестка дня в области устойчивого развития// <https://www.un.org>

2 Непрерывное образование//<https://ru.wikipedia.org>

3 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы// Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.

4 Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы // <https://adilet.zan.kz>

*Ержанов Б.С.*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті*  
**Ғылыми жетекшісі: Ержанов С.У.**

*Қорқыт Ата атындағы ҚУ,  
«Дене шынықтыру және БӘД»  
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.*

### **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Ұлт денсаулығы, халықтың әл-ауқаты мен саулығы қандай да мемлекет үшін сарқылмас қазына, шексіз байлық.

Қазіргі кезде болашағын бекемдеген қандай да ел үшін, ел дамуы үшін қызмет жасайтын барлық ұйымдар үшін, білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі - жас ұрпақтың салауатты, өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын нығайтуға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу болып отыр. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін осы саладағы басымдықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұсынатын білім де қажет.

Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру, ұғындыру. Біздің пікірімізше адамның әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағынан салауатты өмір салтын қалыптастыруға келесі шарттар негіз бола алады:

- а) белсенді қозғалыс нәтижесінде ағзаны шынықтыру;
- б) дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- в) физикалық дене еңбегінің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- г) жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- д) қарым-қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- е) дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- ж) зиянды әдеттерден аулақ болу.

Осы шарттарды негізге ала отырып, ұлт денсаулығын қалыптастыру, білімді жастарды тәрбиелеу басты парыз.

Білім - қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты - ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Ал, спорт - өмірлік серік, бойдағы күш пен қайратты тоғыстыратын, сергектік пен сұлулықтың айнымас жолдасы. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану, жаңа ақпараттық технологияны өз сабағында күнделікті пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үлгісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу - дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Сонымен қатар, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетінін, жаңашыл педагогтардың тың әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше сабақта пайдалану қажет.

Ұлт саулығын қамтамасыз ету жолында қызмет жасайтын, ұғындыратын ғылым салаларының бірі-дене шынықтыру пәні. Осы дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы қажет. Дегенмен, оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері бойынша дамыған елдерді, спорттың әр саласындағы белгілі спортшылардың өмірін алуға болады. Сондықтан да мұғалім сабақты тартымды етіп, теория мен практиканы ұштастыруында жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі басты назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасап, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасауға қызмет етеді.

Осы бағытпен ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Бұл бағыттың өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатуға, сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтқанда «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар», «Мен чемпион!», сонымен қатар қозғалыс ойындары мен ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Дене шынықтыру пәнінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде студенттердің белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып,

салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде студенттердің білім сапасы артады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағытта сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамыз. Машықтандыру, дене мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді қалыптастырады.

Дене шынықтыру сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану қажет. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады.

Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиялық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отыру қажет. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып, кейін қайтып келулері керек. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге, машақтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады.

Білім мен ғылымның қарыштап дамыған заманында дене шынықтыру пәнінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі зор. Күн өткен сайын жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану дендеп келеді. Оның ұтымды тұстары да жоқ емес, өзге елдердегідей өркениеттің дамуына өз үлесін қосатыны анық. Сондықтан, ел болып, халық болып ұйымдасып, денсаулықтың адам өміріндегі алар орнының зор екенін түсіндірсек, аса бір игі іс болар еді. Себебі, денсаулық баршамызға да сарқылмас қазына, таусылмас байлық!

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі ақпараттық технологиялар // Алматы, 2000 ж.
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты - тұлғаның өздік дамуында // Алматы, 2006 ж.
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1996 ж.
4. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі // Алматы, 2004 ж.

*Ержанов Б.С.  
ФКС 22-1 оқу тобының  
1-курс студенті.  
Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті  
Ғылыми жетекшісі: Өмірзақов Б.С.  
№211 А.Байтұрсынов атындағы  
орта мектебінің дене шынықтыру  
пәнінің мұғалімі  
Қызылорда қ.*

#### **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН НЫҒАЙТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Дене тәрбиесі – Сіздің денсаулығыңызға және жеке тұлғаңыздың сымбаттылығына қамқор болатын жалғыз оқу пәні. Денсаулық - әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Адамның өзі негізделген және нығайтылған денсаулығы оның ұзақ және белсенді өмірін қамтамасыз етеді.



Дене дайындығы адамның денсаулығын нығайту және сақтаумен тығыз байланысты. Жоғарғы оқу орнына келген алғашқы күннен бастап оқу процесіндегі дене тәрбиесі сабағы Сіздің дене дайындығыңыз бен денсаулығыңызға өз бағасын береді.

Дене тәрбиесі оқу бағдарламасында көрсетілген нормативтік талаптарды орындау үшін студенттердің жалпы дене дайындығынан өзіндік қаланған дене дайындығы болуы тиіс. Көпжылдық педагогикалық бақылау қорытындысының нәтижелеріне назар аударсақ жоғарғы оқу орнына қабылданатын студенттердің жалпы дене дайындығы төмен деңгейде болатындығы белгілі.

Естеріңізде болсын 1-курстан бастап денсаулықтарына байланысты арнайы дәрігерлік топқа жазылған студенттер күнделікті дене жаттығуларымен шұғылданбаса, жоғарғы оқу орнын бітірер уақытта ауру түрлеріне бейім болады.

Көптеген дәлелденген деректер бойынша отыз жасында өзінің кәсіби тұрмыс тіршілігінде денсаулығына байланысты көптеген қиыншылықтар болып дәрігерлер көмегіне жиі жүгінеді.

Егер жасөспірім кермеде 5-реттен артық тартыла алмаса немесе 100 метр қашықтықты 15 секундтан аса жүгірсе өздеріңіздің дене дайындықтарыңызға 2 қойыңыз және 5 жылдан кейін қандай нәтиже болатындығын ойланыңыз. Біліңіз осы секундтармен, метрлермен, сантиметрлермен дене тәрбиесіндегі бақылау нормативтерінің қорытындысы анықталады және оның артында Сіздің ағзаңыздың биологиялық қалыптасқан мүмкіндігіңізбен студенттік жылдарда аяқталатын дене дайындық қабылетіңіз жасырынып тұр.

Осы мезгілде қоғамда және кәсіптік өміртіршілікте Сізді қамтамасыз ететін дене дайындығыңыздың іргетасы қаланады. Дене тәрбиесі еңбек өміртіршілігінде қажетті төзімділік, күш т.б. дене сапаларын дамытып қана қоймай сонымен қатар әлеуметтік белсенділікті, табандылықты, ұжымшылдықты және қиыншылықтарды жеңу қабылетін тәрбиелейді.

Сонымен қатар дене тәрбиесі ерекше білім беруді қамтамасыз етеді. Өзінің ағзасын білуіне қимыл-қозғалыс белсенділігін өз деңгейінде ұстауды білу, дене тәрбиесі құралдармен өндірісте, шығармашылық тіршілікте ағзаның өміршендігін көтеру және болашақта өмірге келетін өз балаларының дене дайындығын дамытуға танымдылығы болады. Дене тәрбиесі іс-әрекеттік дағдыларды әрбір мұғалім, педагог, инженер т.б. сеніп тапсырған ұжым арасында тәрбиелеу мақсатында басшылыққа алуы тиіс.

Сондықтан дене дайындығын көтеруге бір ғана дене тәрбиесі сабағымен шектелу жеткіліксіз. Жалпы дене дайындығы тобын ұйымдастыру студенттердің дене дайындығынан шет қалуын және жан-жақты дене сапаларын төзімділік, жылдамдық, ептілік, йілгіштік, күш деңгейлерін көтеруге көмегін тигізеді.

Студенттерге арналып құрылған сабақ түрлері дене тәрбиесі пәнінің немесе спорт нұсқаушысы оқытушыларының басқаруымен аптасына 2-3 рет, 15-20 студентпен дене сабағынан бөлек қосымша үйірмелер ұйымдастырылса студенттердің дене дайындығы деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызатыны анық. Сабақта ыңғайсыздығынан қатысқысы келмейтін, салмағы көп, әлсіз студенттерге ерекше назар аударылу керек.

Мұндай студенттерді алдымен ашық ауадағы ойындарға және эстафеталарға көмектесуге қатыстыра жүріп, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Алдымен олар төрешілік етуге көмектеседі, содан кейін жаттығуларға араласып, ойынға қатысады және өздерінің ыңғайсыздығынан ұялуды доғарады.

Дене дайындығы сабақтарына осылай қосылуды жалғастыра отырып, өздерінің қабілеттеріне сенім артып, бірте-бірте жүйелі сабақтарға қосылады.

Дене дайындығы жоғары деңгейдегі студенттер оқу процесіндегі дене дайындығына және ақыл-ой қабылетіне түсетін жүктемелерді жеңіл көтереді әрі жұмыс жасау қабылеттілігі тұрақты болады.

Оқу бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабағында әр түрлі спорт түрлерінде кездесетін жаттығулардың техникасы үйретіледі сондықтан жалпы дене дайындығы сабағының негізгі мақсаты дене сапаларын жан-жақты дамытып жетілдіру болып табылады. Қосымша дене дайындығы сабағының өтілу уақыты 40 минуттан 60 минутқа дейін арнайы алаңдарда, залдарда немесе стадиондарда жылдың кез келген мезгілінде ұйымдастырып өткізуге болады.

Студенттік жатаханаларда жалпы дене дайындығынан барлық курстарға жақсы ұйымдастырылған сабақтарға тартылған ер балдар мен қыз балдар дене дайындығымен жүйелі шұғылдану барысында өміртіршілікке қажетті дағдыларды қамтамасыз етіп денсаулықтарының өміршендігін арттырады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абдыкадырова Д.Р. Формирование готовности студентов педагогических вузов к оздоровительно-физкультурной деятельности: Автореф.дис. Алматы, 1998.
2. Сармулдинов Р.Б. Повышение роли и места физического воспитания в учебно-воспитательном процессе вуза. Дис. Алматы, 1997.
3. Г.Д. Иванов, А.К.Кульназаров Физическое воспитание студентов: Алматы, 2002.

***Әбдімәлік С.Б.***

*Магистр оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., ҚР Дене шынықтыру және спорт мәдениеті кафедрасы*

***Аяпов К.***

*МДШ-012 тобының 3-курс студенті, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., ҚР*

## **СПОРТШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» атты үшінші бағдарында: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды», деп ұлт денсаулығы жайлы баса көрсеткен болатын [1].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде адами құндылықтардың ауысу тенденциясы айқын атап өтіледі, оның ішінде адамның ең өзекті және маңызды құндылықтарының бірі - оның жеке денсаулығы бірінші орынға шығады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» - деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асырудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, ғылымның соңғы жаңалықтарын, жаңа технологиялық құралдарды пайдалану, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты мәселелер жатқызылған [2].

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуінің бір бағыты қазіргі заманғы технологияны оқыту үдерісінде тиімді пайдалану [3]. Заманауи оқыту технологияларын

қолдана отырып, болашақ спорт мұғалімдерінің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру маңызды. Инновациялық оқыту технологияларының ерекшеліктерін, сабақ барысында пайдалану әдістерін меңгеру болашақ мұғалім болғандықтан студенттерге маңызды. Себебі алдымызда педагогикалық практикада осы технологияларды қолданып тәжірибе жинақтау үшін оқыту технологияларының ерекшеліктерін зерттедік. Соның бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясының танымдық іс-әрекеттер жүйесін арттырудағы маңызын қарастырайық.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – тәжірибелі педагог ғалымдардың еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мердит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты - барлық жастағы білімгерлерға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Белгілі ғалым Дайана Халперн «Сыни ойлау – ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану». Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен [4].

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан, әдістерінен тұрады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау.кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау;

- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлық;

- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шаралар орындалуы шарт: сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек; білімгерлерға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру; әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау; үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау; кейбір білімгерлер түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау; білімгерлердың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету; сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі.

Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

## 1. Қызығушылықты ояту.

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы білімгер не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Білімгер өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Білімгер бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі [5].

## 2. Мағынаны тану (түсіне білу).

Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Білімгерлердің тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар.

Соның бірі INSERT. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, білімгерлер арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы *ой-толғаныс* – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде білімгерның толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді.

Білімгерлер өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда білімгерлер бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді.

Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалай алуды меңгеруі, өзін-өзі құрметтеудің жоғары деңгейі, «мен» бейнесінің айқын қалыптасуына сыни сыни ойлаудың болуы көмектеседі.

Сыншылдыққа өзін-өзі сезінудің қалыптасуының, жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуының, ғылыми дүниетанымы орнығуының негізі болатын дұрыс ойлау заңдылықтарын пайымдауды дәйектеп-дәлелдеудің әдістері мен тәсілдерін танып-білу арқылы үйретуге болады.

«Білімгер қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Соның бір тәсілі – қойын дәптерге үзбей әрі үнемі жазу. Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызыады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады. өз ерекшелігі мен деңгейін таниды. Әр кезде білімгер өзіне құлақ салып, ішкі әлемін түсініп, оны түсіндіруге ұмтылғаны жөн. Сайып келгенде, бұл – адам өмірінің ең басты мақсаттарының бірі де шығар. Адамзат ұстаздары, ғұламалар кезінде «Өзіңді таны!» деп бекер үндеу тастамаған емес пе?! Көне Қытай данасы Конфуций «Өзгені таныған адам – данышпан, ал өзін таныған адам бүкіл Әлемді билейді» деп айтқан екен [6].

Мұнымен қоса егер шәкіртімізге өзінің дербес, ешкімге де ұқсамайтын, оған ғана тән ойларын қағаз бетіне түсіру қызық болатын болса, оларды жолдастарына жеткізіп, құрбы-

кұрдастарының жағымды, позитивті пікірлерін естуге, қошеметіне бөлінуге асық болса, пікірлері мен ұсыныстарын қымбат бағалап, оларды осы тақырыптағы жазбасын кемелдендіруде және басқа да жұмыстарды жазғанда септігін тигізетіндігін біліп, қолданатын болса, осының өзі оны әрқашан да жазуға ынталандырып отыратын шығар.

Сыни тұрғыдан ойлау - бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Білуі қажет: алдын-ала сенімділік туғызу; білімдерін бір-біріне жеткізу; бұл мәселені шешуге осы білімдерінің әсер етуі.

Сыни тұрғыдан ойлай білетін адам сұрақтар қоя біледі: Мен не білемін? Мен жаңаша нені білдім? Менің білімім қалай өзгерді? Мен осы біліммен не істей аламын?

Жаңа педагогикалық технологиядағы негізгі үш саты: шақыру, іске асыру; рефлексия. Мұнда сабақтың базалық үлгісі туралы айтылып отыр. Бірақ сабақта барлық үш кезеңді іске асыру мүмкін емес, мысал үшін, бір сабақ толығымен шақыру түрінде немесе т.б. болу керек. Дәстүрлі және дәстүрлі емес білім берудің мақсаты мен міндетінің өзгеруі кестеде берілген (1-кесте).

Кесте-1. Білім берудің мақсаты мен міндетінің өзгеруі

	Дәстүрлі сабақ	Дәстүрлі емес сабақ
Білімгер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім мен дағдыны игереді;</li> <li>- Оларды мүмкіндігінше көп көлемде игеру;</li> <li>- Материалдың көлеміне қарай бағдарлау;</li> <li>- Таңдау мүмкіндігінің жоқтығы;</li> <li>- Білім беру мен өмір сүрудің мақсатын дайын түрде қабылдау;</li> <li>- Бақылаудан құтылуға ұмтылу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзін - өзі дамыту және өзін - өзі жетілдіру;</li> <li>- білім іс-әрекет түрінде келешекте жұмыспен қамтамасыз етілетіндей игеріледі;</li> <li>- бағдарламаларды, тіпті пәндерді өз еркімен таңдау мүмкіндігінің болуы;</li> <li>- өзінің жеке мақсаттарының қисынын келтіру және оларға жету тәсілдерін қою;</li> <li>- дер кезіндегі және объектілі бақылауға ұмтылу.</li> </ul>
Оқу үрдісі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тәжірибе мен білімді беру;</li> <li>- тұрақты білім негізінде оқыту;</li> <li>- еске түсіру немесе елестету, келтіру, даярлық әдістерін қолдану;</li> <li>- білім беру және оқу бағдарламаларының қатандығы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білімгерның жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы,</li> <li>өзін өзі жетілдіру;</li> <li>- сыни тұрғыдан, талдауға бейім, логикалық ойлау негізінде оқыту;</li> <li>- өнімді іс-әрекет тәсілін оқыту, білімді алу тәсілдерін үйрену;</li> <li>- оқу және білім беру бағдарламаларының икемділігі.</li> </ul>
Нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білімгерлерды болашақ тынышты, бір қалыпты, жоспарлы өмірге дайындау;</li> <li>- жоғарыдан сирек жаңа кіріспелер.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазіргі мектепте, қазіргі ұжымда жайлы «өмірге» жағдай жасау;</li> <li>- өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің қалыптастыру;</li> <li>- білім беруші бағдарламаларда, әдістерде, білім беру үрдісінің формаларында тұрақты инновациялық үрдіс.</li> </ul>

«Сын тұрғысынан ойлау» жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ой-толғаныс) жүзеге

асыруды қамтамасыз етіп білімгерлер оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс-әрекет білім игеруде орта қарым-қатынас құралына айналады, білімгерлердің деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап даралануы оқытушы емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларымен жұмыс жүргізгенде мынандай талаптарды ескерген жөн: білімгерлерге топқа берілген тапсырмалар ұзаққа созылып кетпес үшін уақытты шектеп беру; білімгер өз ойын не пікірін айтқанда оны шектемеу; білімгер жауап бергенде, не өз ойын ашық айтқанша ешқашан «сенің айтқаның дұрыс емес» деуге болмайды; басқа білімгерлер бір-бірінің жауаптарын сын тұрғысынан бағалайды.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының тиімді жақтары: білімгерлердің өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады; сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды; білімгерлердің өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады; оқытушы мен білімгерлер арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. <https://baiterek.gov.kz/kk/president-messages/memleket-basshysy-asym-zhomart-to-aevty-aza-stan-khalyna-zholdauy-2022-zhyl-y-1-yrk-yek>

2. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы, 2014жыл. Астана

3. Ж.А.Асқарова., Л.Б.Иманкулова. Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Алматы, 2015. «Қыздар университеті баспасы». -153 б.

4. Онлайн книга "Психология критического мышления" автора Халперн Дайана. [www.rulit.me/books/psihologiya-kriticheskogo-myshleniya-read-6295-1.html](http://www.rulit.me/books/psihologiya-kriticheskogo-myshleniya-read-6295-1.html).

5. Мирсеитова С. Білімгерлердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. 2011 жыл.

6. Алимов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Алматы. 2009. - 97б.

**Әбдімәлік С.Б.**

*Магистр оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ., ҚР Дене шынықтыру және спорт мәдениеті кафедрасы*

### **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Соңғы жылдары біздің қоғам түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның бірі-білім беру саласындағы тың өзгерістер. Жалпы білім беретін мектеп, орта, жоғары оқу орындарында іс-әрекет түрлерінен өздігінен білім алу, зерттеушілік, ғылыми білім беру мазмұнын жетілдіруге бағытталуда. Бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторлары ретінде: білікті, шығармашылық ойлайтын кадрлардың болуы; олардың шығармашылық қызметін ұйымдастыра білу; инновациялық ойды қабылдауға және оны жүзеге асыруға жағдай жасауға дайын болу. Сондықтан оқу процесінің тиімділігін арттырудың маңызды шарттарының бірі оқу- зерттеу қызметін ұйымдастыру және оны формасын ұйымдастыру, оқу материалын белсенді, шығармашылық ойлауды дамыту мақсатында оқытушының жетекшілігімен әр түрлі ұжымдық және жеке сабақтарды қамтитын тәрбие жұмысының нақты ұйымдастырушылық формасы. Сабақ - бүгінгі күні ең негізгі оқытуды ұйымдастыру формасы болып табылады. Сабақ білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық функция атқарады. Сабақты тиімді, мәнді өткізу үшін оған дидактикалық, тәрбиелеушілік, дамытушылық талаптар қойылады [1-3].

Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар:

- Мақсаты айқын, мазмұны, жоспары, құрылымы болуы тиіс;
  - Оқыту принциптері мен талаптарына сәйкес болуы тиіс;
  - Ғылыми мазмұны білімгерлардың жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс;
  - Оқу жоспары, бағдарламасына сәйкес болуы тиіс,
  - Білімгерлардың қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін әр түрлі әдістерді қолдану тиіс;
  - Білімгерлардың өздігінен білім алуын ұйымдастыру керек;
  - Оқытудың білім беру, тәрбиелеу, дамыту қызметі біртұтастықта іске асуы тиіс;
  - Сабақ кезендері бірізділікте, бір-бірімен байланыста болуы қажет;
  - Ұжымдық іс-әрекет пен білімгерлардың өздік жұмысын өзара байланыста, сәйкестікте жүргізу;
  - Сабаққа дайындалу және оны өткізу мұғалімнің сыныптағы, мектептегі нақтылы жағдайды ескеруі тиіс және т.б.
- Сабаққа қойылатын тәрбиелік талаптар:
- Оқу материалының тәрбиелік мүмкіндігін айқындау;
  - Тек оқу жұмысының мазмұны мен мақсатынан шығатын тәрбиелік міндеттерді қою;
  - Білімгерларды жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу;
  - Білімгерлармен жағымды қарым-қатынас орнату.
- Сабаққа қойылатын дамытушылық талаптар:
- Білімгерлардың оқу-танымдық іс-әрекетке деген жағымды мотивтерін қалыптастыру;
  - Білімгерлардың даму деңгейі мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
  - Интеллектуалдық, эмоционалдық, әлеуметтік дамуларындағы өзгерістерді болжап, соған сай әрекет ету [4-5].
- Бүгінгі педагогикалық зерттеулерде сабақты классификациялаудың ортақ пікірі әлі де толық қалыптаспаған.

#### Кесте-1. Зерттеушілердің сабақты жіктеуі

И.Н. Казанцев	С.В. Иванов	Б.П.Есипов, Данилов
Оқу материалының мазмұны мен дидактикалық мақсаттары, өткізу әдістеріне байланысты бөлді.	Оқыту процесінің ерекшеліктеріне қарай бөлді	Негізгі дидактикалық мақсаттарға байланысты бөлді

И.Н. Казанцев бойынша сабақтың жіктелуі:

1. Кіріспе сабақ
2. Жаңа білімді меңгеру сабағы
3. Пысықтау сабағы
4. Жаттығу сабағы
5. Тәжірибе сабағы
6. Алғашқы сабақ
7. Қайталау-қорыту сабағы
8. Тексеру сабағы
9. Білім сапасын бағалау сабағы
10. Қорытынды сабақ

С.В. Иванов бойынша сабақтың жіктелуі:

1. Оқу материалымен алғашқы танысу сабағы
2. Кіріспе сабақ
3. Жаңа білімді меңгеру сабағы

4. Меңгерілеген сабақты тәжірибеде қолдану сабағы
5. Дағдылану сабағы
6. Қайталау, пысықтау және қорыту сабағы
7. Бақылау сабағы

Б.П. Есипов бойынша сабақтың жіктелуі:

1. Аралас сабақ
2. Жаңа оқу материалымен танысу сабағы
3. Пысықтау сабағы
4. Қайталау және қорыту сабағы
5. Білімгерлардың білім, дағдысын жаттықтыру сабағы
6. Білімді сынау сабағы

Зерттеушілердің пікірлерін топтастыра келе, қазіргі мектеп тәжірибесінде сабақтың төмендегідей түрлеріне қарай жүйелеу жиі кездеседі:

1. Кіріспе сабақ;
2. Жаңа білімді меңгеру сабағы
3. Білім, білік, дағдыны бекіту сабағы;
4. Жаттығу және тәжірибе сабақтары;
5. Зертханалық сабақтар;
6. Қайталау сабақтары;
7. Білімгерлардың білімдерін, біліктері мен дағдыларын тексеру сабақтары;
8. Аралас сабақ;
9. Өздігінен білім алу сабақтары.

Сабақтарды жүйелеуден көретініміз ол белгілі бір сабақтың мақсатына қарай іске асатынын байқатады. Сабақ күрделі құрылымы бар оқыт формасы. Сондықтан оның құрылымын анықтаған дұрыс [6].

Сабақ құрылымы - сабақтың барысында оның құрамдас бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылуы.

Сабақ құрылымы төмендегідей бөліктерден тұрады:

- Ø Сабақтың ұйымдастыру бөлімі
- Ø Үй тапсырмасын сұрау
- Ø Жаңа білімді меңгертуге дайындық
- Ø Жаңа білімді меңгерту
- Ø Жаңа білімді пысықтау, бекіту
- Ø Қорытындылау
- Ø Бағалау
- Ø Үйге тапсырма беру, оны түсіндіру

Бұл сабақ құрылымы сабақтың мақсатына қарай ауысып, кейбір бөліктері алынып тасалуы мүмкін. Барлық бөліктері толық қамтылса, ол аралас сабақ дегенді білдіреді.

Аралас сабақ - мұғалімнің білімгерларға жаңа білім беріп, оны практикада қолдануды үйретіп, сонымен бірге білім сапаларын тексеруді бірге атқаратын сабақ түрі.

Аралас сабақтың құрылымы:

1. Ұйымдастыру
2. Үй тапсырмасын сұрау
3. Жаңа сабақты меңгеруге дайындық
4. Жаңа білімді меңгеру
5. Жаңа білімді бекіту
6. Қорытындылау
7. Бағалау
8. Үйге тапсырма беру



Қазіргі мектеп тәжірибесінде сабақтың екі түрі қалыптасқан. Дәстүрлі сабақ: Тұрақты құрамы бар, белгілі бір жүйемен өткізілетін сабақ түрі (Мысалы: аралас сабақ). Дәстүрлі емес сабақ: тұрақты құрамы жоқ, мұғалім шығармашылығына негізделген сабақ түрі.

Сабақтың дәстүрлі емес түрлері:

- Ø Викторина-сабақ
- Ø Ізденіс сабағы
- Ø Экскурсия-сабақ
- Ø Пресс-конференция сабақ
- Ø Іскерлік, ролдік ойындар
- Ø Ертегі-сабақ
- Ø Ойын-сабақ
- Ø Конференция-сабақ
- Ø Сот-сабақ
- Ø Лекция-сабақ
- Ø Білімді өздік іздену сабағы
- Ø Шығармашылық сабағы
- Ø Жарыс-сабақ
- Ø Пікірталас-сабақ
- Ø Спектакль-сабақ т.б

Отандық мектепте білімгерлердің сабаққа деген қызығушылығының төмендеуінің қауіпті тенденциясы байқалады. Білімгерлердің танымдық еңбектен алыстауын педагогтар түрлі әдістермен тоқтатуға әрекет жасады. Осы мәселені ұстаздар практикада оқу еңбегіне деген қызығушылықты оятып оны ұстап тұруды мақсат ететін дәстүрлі емес сабақтармен шешуге жұмылды.

Дәстүрлі емес сабақ- тұрақсыз құрылымды, импровизациялық оқу сабағы. Педагогтардың дәстүрлі емес сабақтар жайды пікірі екіге бөлінді: біреулері одан педагогикалық ойдың прогресін, мектепті демократизациялаудың дұрыс қадамын көреді, енді біреулері, керісінше, мұндай сабақтарды педагогикалық принциптердің бұзылуы, еңбек еткісі келмейтін жалқау білімгерлердің қысымынан ләжсыз шегіну деп есептейді.

Қазіргі таңда мұғалімдер практикасында дәстүрлі емес сабақтар күннен-күнге мықты позицияны иемденуде. Мұндай сабақтарда білім алушы білімгерның дамуы жылдам жүзеге асады және ол оқытудың белсенді субъектісі болып табылады. Балалар сабақта немен айналысатынын және оның нәтижесінің қандай болатынын болжайды. Білімгерның танымдық қызметі оянып, оқу процесіне терең еніп, оқытудың сапасы артады.

Дәстүрлі емес сабақтардың тиімділігі- білімгерлер шығармашылығын түрлі: топтық, жұптық, жеке формаларын қолдану мүмкіндігінде. Оқу материалының мазмұны мектеп бағдарламасынан ауытқиды.

Балалар қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды, газеттер шығарады, кроссвордтар және ребустар құрастырады, өлеңдер жазады. Осыған орай білімгерлердің шығармашылық қасиеттері дамиды.

Мұндай сабақтарға дайындалудың екінші танымдық ерекшелігі-жағымды эмоцияның көп болуы, білімгер оқу қызметі бойынша серіктес болады және өз еңбегінің жемісін жинайды. Дәстүрлі емес сабақтарда білімді білімгерлердің өздері бағалайды, ал бұл бағалау, өздеріне педагогтың бағалауынан гөрі маңызды.

Отандық педагогикада дәстүрлі емес сабақтардың мәнін түсінудің екі түрлі жолы бар. Бірінші- дәстүрлі емес сабақтар нақты сабақтан кіріктірілген сабаққа көшу және түрлі әдістемелік тәсілдердің үйлесуі, яғни оқу процесінің негізі дәстүрлі сабақ болып қалады, бірақ оған жаңа технология элементтері енгізіліп, білімгерлердің танымдық қызметтері

артады. Ал бұл, бірінші кезекте танымдық қызметтерінің алты деңгейлік дамуы: білім; түсіну; қолдану; анализ; синтез; бағалау.

Сабақтың оқу материалы, тақырып дереккөздері, тапсырмалар жете іріктеледі.

Сабақта: таблицалар, тірек конспектілерді құрастыру, карточкалар толтыру, кроссвордтар, дискуссия дайындап, ойындар ойнайды.

Екінші жолы дәстүрлі емес сабақтарды - соңғы кезде пайда болған және қазіргі заман мектептерінде кең тараған (конференция-сабақ, дөңгелек стол сабағы, аукцион-сабақ, пікірталас сабағы т. б.) инновациялық, сабақтың заманауи формасы деп біледі. ал ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, мұнда біз дәстүрлі емес сабақтарды – интерактивті оқытудың формасы немесе интерактив режиміндегі сабақ ретінде қарастыру тенденциясын байқаймыз. Интерактива (от англ. слова interaction– взаимодействие). Қарқынды қарым-қатынас араласудың тактикасымен стратегиясын жасау, жұмыстың бірлесуін ұйымдастыру.

Дәстүрлі емес сабақтардың типтеріне келетін болсақ педагогикалық әдебиеттердің анализі дәстүрлі емес сабақтардың бірнеше ондықтарын бөлуге мүмкіндік берді. Олардың аттары мақсаттары, міндеттері, бұл сабақтарын жүргізудің әдістерінен хабардар етеді. Дәстүрлі емес сабақтардың кеңінен тараған типтерінен мысал келтіреміз.

Ұстаздар қауымы сабақтың түрлі формаларын өтудің жаңаша әдістемелік тәсілдерін жасады.

Өтілу формасына қарай дәстүрлі емес сабақтардың келесі топтарын бөлуге болады:

1. Жарыс және ойын сабақтары: конкурс, турнир, эстафета, дуэль, КВН, іскерлік ойын, рольдік ойын, кроссворд, викторина т.б.

2. Қоғамдық практикада белгілі жанр мен жұмыс әдістеріне енгізілген сабақтар: зерттеу, ашылымтапқыштық, бірінші дереккөздердің анализі, комментарии, миға шабуыл, интервью, репортаж, рецензия.

3. Оқу материалының дәстүрлі емес ұйымдасуына негізделген сабақтар: данышпандық сабағы, сырласу, блок -сабақ, «дублер»- сабақ.

4. Қарым-қатынастың жұршылық формасына негізделген сабақтар: пресс-конференция, аукцион, бенефис, митинг, регламентелген дискуссия, панорама, телехабар, телекөпір, рапорт, диалог, «тірі газета», ауызша журнал.

5. Фантазияға негізделген сабақтар: сабақ-ертегі, сабақ-сюрприз.

6. Мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін иммитациялауға негізделген сабақтар : сот, тергеу, трибунал, цирк, патент бюро, ғылыми Кеңес.

7. Дәстүрлі сыныптан тыс жұмыстардың шегіндегі сабақтар: КВН, спектакль, концерт, диспут, «отырыстар», «білгірлер клубы.

8. Интеграцияланған сабақтар.

9. Сабақты дәстүрлі жолмен ұйымдастырудың трансформациясы: лекция-парадокс, жұптық сұрау, экспресс-сұрау, сынақ -сабақ (бағаны қорғау, консультация-сабақ, оқырман формулярын қорғау, телевизорсыз теле-сабақ

Дәстүрлі емес сабақтарды өткізудің ережелері бар. Олар:

1. Дәстүрлі емес сабақтарды білімгерлардың білімін, білігі мен дағдысын бекіту үшін қорытынды сабақ ретінде өткізу керек;

2. Оқу процесінің мұндай формасын жиі қайталау тиімді емес, себебі оқу процесіне, пәнге қызығышылық мүлде төмендеп кетуі ықтимал;

3. Дәстүрлі емес сабаққа көп дайындалып, нақты оқу-тәрбие мақсаттарын бөліп алу керек;

4. Дәстүрлі емес сабақтардың белгілі бір формасын тандағанда мұғалім өзінің мінезі мен темперамент ерекшелігін, бүкіл сыныптың дайындық деңгейін және жеке білімгерлардың дайындығын ескеруі қажет;

5. Интеграциялық сабақты жүргізуде тек жаратылыстану-математикалық цикл пәндерімен ғана біріккен емес, гуманитарлық цикл пәндерімен бірлескен сабақтарды ұйымдастыру керек;

6. Дәстүрлі емес сабақтарды жүргізуде «балалармен және балалар үшін» принципін басшылыққа алып, білімгерлерді қуаныш, шығармашылық және мейірім атмосферасында оқыту мен тәрбиелеуді мақсат ету керек.

Осылайша, кешенді тұрғыда оқыту әдіс-тәсілдері түрлерін үйлесімді қолдану, шебер ұйымдастыру арқылы білімгерлердің танымдық іс-әрекетін белсендірудің практикалық шешімі туралы айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде білімгерлердің танымдық қызығушылығын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетімен алуға қабілеттерін арттыруда жетекші рөл атқарады. Пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда білімгерлердің танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақты әртүрлі оқыту технологияларын қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Демеуов А.Қ. Дене тәрбиесі сабақтарында жеке тұлғаны қалыптастырудың әдісі //«Қазіргі жағдайда салауатты өмірді қалыптастырудың инновациялық технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. –Шымкент, 2006. -35-36 б.б.
2. Әділханов.А.С., Тель.Л.З., Даленов.Е.Д., Жаңабердиева М. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің 1-11 сынып оқушыларына арналған салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі "Салауаттану- денсаулықты сақтау" бағдарламасы//Валеология дене тәрбиесі спорт.- 2003.-N 1.-22-56 б.
3. Шегаева А.В. Урок как основная форма организации обучения в современной школе. Научный журнал «Молодой ученый». Электронный ресурс.
4. Иванов Д.А. Инновационная деятельность и ее имитация в школьном образовании II Вопросы методологии. 1996. № 1,2. С.5-7.
5. Загвязинский В.И. Инновационные процессы в образовании и педагогическая наука / Инновационные процессы в образовании. Тюмень, 1990.
6. Кларин В.М. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. М., 1994,- 222 с.

***Жилисбаев Н.К.,**  
Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті,  
Спорт кафедрасының аға оқытушысы  
Түркістан қ., ҚР  
**Уразбаев А.А.**  
Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті,  
Спорт кафедрасының аға оқытушысы  
Түркістан қ., ҚР*

#### **ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПРИНЦИПТЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Дене шынықтырумен жүйелі түрде шұғылдану, дене жаттығуларымен белсенді түрде айналысу адамның тұлғалық, адамгершілік, өнегелілік, ерік-жігер қасиеттерін және психикасын қалыптастыруға елеулі әсер етеді. Бұл шұғылданушыларға оқу, еңбек, қоғамдық және басқа да Отан алдындағы азаматтық борыштарын адал атқаруға, сондай-ақ отбасы мен тұрмыстық жағдайда жоғарыда аталған сапаларды тиімді қолдануға мүмкіндік жасайды. Мұндай сапаларға: еңбексүйгіштік, тәртіптілік, жауапкершілік, күн режимі мен өз қызметін жүйелі ұйымдастыруға ұмтылыс, батылдық және тез шешім қабылдау, мақсатқа жетуге құштарлық, табандылық, шыдамдылық және өзін-өзі басқара білу жатады.

Дене мәдениеті жеке тұлғаның эстетикалық ләззат алуын, адамдардың мәдениетін, талғампаздық дағдыларын қалыптастыруға, әсемдікке, көркем мінезді болуға мүмкіндіктер береді. Адам денесінің қозғалыс қимылындағы бар сұлулықты ұғынып және қабылдай білуге, оның салалары мен формаларын жетілдіруге, дене, адамгершілік, ерік-жігер және психикалық сапаларын жан-жақты дамытуға тәрбиелейді.

Әсіресе, студенттерді сыртқы ортаның әртүрлі жағдайларына психологиялық – физиологиялық орнықтылығын қалыптастыруда: назар аудару, қабылдай білу, есте сақтау сияқты қабілеттерін дәл көрсете білу, сол сияқты олардың уақыт жетімсіздігі, ақыл, ой шаршауы, жүйкеге шектен тыс күш түсіру, стресс жағдайына бейімделу және көңіл тоқтата білу, дененің жұмысқа қабілеттілігін оңтайландыру, психологиялық-физиологиялық қажудың алдын-алып, сақтандыру, оқу еңбегінің тиімділігін арттыру және одан әрі кәсіби еңбекке даярлау ерекше мәнге ие.

Адамның дене және рухани даму үдерісінің құрамдас бөлігі - дене, зияткерлік және рухани сапаларын жетілдіру, жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі, белсенді шығармашылық қызметі, мінез-құлқының жағымсыз жақтарымен және басқа да кемшіліктерімен күресе білу болып табылады [1].

Әрбір адам өзін-өзі тәрбиелеу барысында дене сапаларын дамыту, денсаулықты нығайту, шынықтыру, дене сымбатын жетілдіру бағытында әртүрлі әлеуметтік белсенділік көрсетуге деген ішкі қажеттіліктің жатқанын білуі тиіс.

Қазіргі кездегі дене тәрбиесінің мақсаты – оқушының индивидуалды, жеке дене мәдениетінің жоғары деңгейін салауатты, белсенді өмір салтының элементі ретінде жүйелі түрде дене шынықтыру мен спортпен айналысу арқылы қалыптастыру. Дене тәрбиесінің міндеттерінің арасында, бұған дейін кездескендермен қатар, мектеп оқушысының өмір мен әрекеттің өзгертін жағдайларына тез физикалық және психикалық бейімделуіне қабілетін дамыту, осыған байланысты сапалық қасиеттерді қалыптастыруда негіз болып табылатын және белсенді өмірлік позицияның орнығу шарты болып табылатын төзімділік, мақсаттылық, ерлік, еңбекқорлық, белсенділік секілді және т.б. қасиеттерді тәрбиелеуді атауға болады.

Дене іс-әрекетінің маңызды талаптарының бірі - балалар өздерінің жасағандарымен іс-әрекеттерінің әділдігін кең көлемде негіздеуде. Мұндай негіздеудің көптеген тәсілдерін дене тәрбиесі мұғалімі көрсетіп береді. Пайымдау үлгілерін ажырата білу қажеттігі мен ол үлгілерді жасауға өздігінен денелік іс-әрекет жасау бастауыш сынып оқушыларының өзінің ойы мен іс-әрекетін бейне бір сырттан қарап, бағалау іскерлігін қалыптастыруды көздейді. Бұл іскерлік рефлексия негізінде маңызды қасиет ретінде жатады, ол өз пайымдаулары мен қылықтарын олардың түпкі ойлауы және іс-әрекет шарттарына сәйкес келуі тұрғысынан ақылдыда әділетті талдауға мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінде ұлттық нысандарды, құралдар мен спорттық дәстүрлерді қолдану да өскелең ұрпақтың міннез-құлқын тәрбиелеуде септігін тигізеді. Дене шынықтыру мен спорт күрделі қоғамдық феномендер ретінде қоғам қалыптастырып, реттеген мінез-құлық нормаларын, сондай-ақ «адамдардың өмірінде белгіленіп, олардың дағдыларына айналып, олардың өмір салтына және өз ұлтының өміріне құрамдаушы бөлік ретінде кіретін және дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық элементтерді белгілейтін» қатынас нысандарын қамтиды.

Ұлт, жалпы адамзаттың және әлеуметтіктің дамуының нақты тарихи нысаны болып табыла келе, сонымен қатар, халықтың ұлттық-өзіндік белгілерін қолданушы ретінде қызмет атқарады, тұлғаның тарихи тұрғыдан белгіленген түрін қалыптастырудың негізгі қызметін атқарады. Тұлға тәрбиесін қалыптастыруға бағытталған дене тәрбиесі мен спорт және оның кешендері көптеген құбылыстарды қамтиды, ұлт өміріне құрамдаушы бөлік бөліп береді. Ұлт өмірі дене тәрбиесі мен спорттың ерекше белгілерін, педагогикалық процестің өзіндік сипаттарын анықтайды.

Дегенмен қазіргі ұрпаққа тарихи тамырларға қарағанда оларда не құнды және прогрессивті, қазіргі дене тәрбиесі жүйесінің мазмұнын байыта түсетін және қазіргі заманғы дене шынықтыру және спорт қозғалысының даму деңгейін анықтайтын не нәрсе бар болатындығы маңыздырақ.

Дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық объективті шынайылықтың нақты нысандарын сипаттайтын болғандықтан, бұдан шығатыны, онда бүкіл тарихи даму бойына берілген халық үшін нақты өмір салты, дүниетаным, мәдени даму дәрежесі, халықаралық қатынас нысандары, мәдени байланыстар секілді және басқа да көптеген нәрселер көрініс табады.

Сол себепті дене тәрбиесі мен спорттағы ұлттық белгінің көрініс табуының мәні мен нысанын талдау үшін ұлттық белгі мен оның басқа құбылыстармен ара-қатынасын қашанда дамуда, нақты шарттармен, педагогикалық процесс пен қоғамның тұтас тәрбие жүйесінің ұйымдастырылуының кемелдік деңгейімен байланыста алу қажет деген ереже аса маңызды методологиялық маңызға ие. Спорт кешені, ондағы дене шынықтыру, және дене тәрбиесі ең алдымен тұлғаны тәрбиелеуге, бірақ өзіндік құралдармен, өзіндік әдістер арқылы қызмет ету.

Сауықтыру кешендеріне адамның өз әрекетін арнайы ұйымдастыруды талап етеді. Мәселен, жаттығулармен белгіленген сағаттарда және күнделікті айналысу, жаттығу жүктемесінің нормаларын ұстану, сабақтарға қатаң белгіленген уақытта келу, сабақтарда барынша белсенді болу және т.б. қажет, көбіне бұл талаптар әсіресе сабақтардың бастапқы кезеңінде оқушылар үшін үйреншікті емес және қиын болып келеді, оларды орындау тек белгілі, кейде еріктік күш-жігер жұмсаған жағдайда ғана мүмкін болады [2].

Еркіндік, іс-әрекеттердің ішкі жоспары және рефлексия бастауыш мектепшағындағы баланың негізгі жаңа құрылымдары. Солардың арқасында бастауышсынып оқушысының психикасы орта мектепте дене тәрбиесінде одан әрі оқыту үшін ерекше мүмкіндіктермен және талаптармен қоса алғанда салауатты жас өспірімкезеңіне қалыпты оқу үшін қажетті даму деңгейіне жетеді. Кейбір бастауыш сынып оқушыларының орта мектептегі дене тәрбиесіне даяр болмауы көбінесе жеке адамның психикалық процестер мен оқу тәрбие іс-әрекетінің өзінің деңгейін анықтайтын осы жалпы қасиеттері мен қабілеттерінің қалыптасуымен байланысты.

Мақсаткерлік – тұлғаның өз әрекеті мен мінез-құлқын қоғам үшін маңызды мақсаттарға бағындыру қабілеті. Мақсаткерлік барлық басқа еріктік қасиеттердің мазмұны мен даму деңгейін анықтайтын тұлғаның аса маңызды мотивациялық-еріктік белгісі болып табылады деп айтуға болады. Мақсаткер адам анық жеке мақсаттарға ие болады және ұсақ-түйекке күшін сарп етпейді, әдетте ол өмірде және қызметте үлкен нәтижелерге қол жеткізеді.

Қайсарлық – адамның еріктік қасиеті, оның арқасында адам негізделген шешімдер қабылдауға және артық ауытқуларсыз оларды орындауға қабілетті болады. Қайсар адамдар әрекеттің мақсаттарын, оларға қол жеткізудің әдістерін жан-жақты және терең ойластырады, күрделі ішкі күресті, мотивтердің соқтығысуын бастан кешіреді. Бірақ керек уақытта барлық күйзелістер жоғалып, дұрыс шешім өз уақытында қабылданады.

Ұстамдылық пен сабырлылық – адамның мақсатқа қол жеткізуге кедергі болатын физикалық және психикалық белсенділікті тоқтата білу қабілеті. Бұл адамның экстремалды және стрестік жағдайларда өзін-өзін ұстай білу қабілеті. Ұстамды адам шарттарға сәйкес келетін және жағдайлармен ақталған белсенділік деңгейін таңдай біледі.

Батылдық пен ержүректік адамның күресу және қауіптерді жеңуге деген даярлығынан көрініс табады. Ержүректік тек жаулармен күрес кезінде, ұрыста ғана көрініс табады. Ержүрек адам екпіннің еркіне көніп, аңдаусыздыққа жол беруі мүмкін. Батылдық – адамның қауіп-қатер жағдайларында мақсатты түрде әрекет ете білу қабілеті және ол тек қана әскери кезде ғана емес, түрлі жағдайларда көрініс табады.

Тәртіптілік - өз әрекеттері мен қылықтарының заңдар мен адамгершілік ережелеріне нақты және бұлтартпастан бағынуды қамтамасыз ететін жеке тұлға етудің қоспасы [3].

Осылайша, түрлі білімдер мен дағдыларға ие болатын, қайсарлық пен қарқындылықтың түрлі дәрежесіне ие, өмірлік ұстанымдары мен көзқарастары жақын келетін адамдар олардың алдында тұрған міндетті шешуге кіріскен кезде, немесе қиындықтарға душар болған кезде, олардың кейбіреулері әрекет етуін тоқтатып, ал басқалары екі есе зор қуатпен әрекет ететін кезде, мұндай құбылыстарды олардың еркінің көрініс табуымен байланыстырады. Жоспарланған әрекет автоматты түрде жүзеге асырылмайды: шешім әрекетке айналу үшін, саналы еріктік күш салу қажет. Еріктік күш салу еріктік ықпалдан шешімін табатын саналы кернеу ретінде сезініледі.

Дегенмен орындалатын әрекеттің маңыздылығын немесе оның моральдық принциптерге сәйкестігін түсініп қана қою адамды қиындықтармен күресуге итеру үшін жеткілікті болмайды. Ұғыну көптеген басқа құмарларды басып тастайтын ұмтылысты тудыру үшін, ол қатты күйзелістермен, мәселен, парызға сәйкес әрекет жасау қажеттілігімен қуатталуы тиіс. Парыз, борыш сезімі мораль құбылыстары интериоризацияланып, тұлғаның жетістігіне айналғандығының және ол үшін эгоистік ұмтылыстар мен қоғамдық мүдделер арасындағы коллизия туындайтын кез-келген жағдайдағы мінез-құлыққа ішкі ұмтылыстар ретінде қызмет атқаратындығының көрінісі болып табылады [4].

Психикалық дайындық мәселесі спортшылардың жаттығу қызметінде, жарысқа дайындалуда және онда жақсы көрсеткіш көрсетуге қажетті жеке тұлғаның қасиеті мен психикалық сапаларын қалыптастыру және жетілдіру мақсатында қолданылатын педагогикалық-психологиялық әсер ету жүйесі болып табылады.

Психикалық дайындық бірінші жағынан дене және әдістік дайындықты көбірек пайдалануды, басқа жағынан жарыс алдындағы және жарыс кезіндегі кедергі жасайтын қозғаушы күштерге қарсы тұруына мүмкіндік туғызатын (өз күшіне сенбеушілік, болуы мүмкін жеңіліс алдындағы қорқыныш, икемсіздік, артық күштену, қозу және т.б.) психикалық жағдайды жасауға жәрдемдеседі.

Ғылыми-педагогикалық талдаулар нәтижесінде «дене тәрбиесі принциптері» ұғымының мәні, мазмұны ашылып, жеке тұлғаны қалыптастырудағы шешуші роль атқаратыны анықталды.

- Дене тәрбиесі сабағында принциптерді пайдаланудың педагогикалық мәселенің шешімін табудағы факторлардың саралап көрсетуге, өзіндік ерекшеліктерін мазмұндық тұрғыда сипаттама беруге ықпал етті.

- Мектеп оқушыларында дене тәрбиесі олардың тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді, олардың ақыл-ойын, адамгершілігін, эстетикалық және экологиялық, сауықтыру түйсігін қалыптастырады.

- Жүргізілген зерттеулер педагогикалық үдерістің негізгі бөліктері - оқу пәндері, Жас жеткіншектердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары мен мерекелері, практикамен ұтымды ұштастыру арқылы даярлық деңгейін жоғарылатуға болады.

Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан оның барлық салаларын толық қамтып шығу мүмкін емес, дене тәрбиесі принциптері арқылы педагогикалық-психологиялық талдау және дене тәрбиесінде дамытушылық мүмкіндіктерін зерделеу жүзеге асырылды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бөлесев Қ., Бөлесева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы әлем, 2000. -116б.
2. Мұхамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006. - 166б.
3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 277б.
4. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау:

**Жумекенова Д.Е.**  
аға оқытушы,  
география ғылымдарының магистрі  
Дене шынықтыру және спорт теориясы  
мен практикасы кафедрасы  
А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ  
Қостанай қ. ҚР

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ**

Негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Адамның ең маңызды жеке қасиеті – өзін-өзі бағалау, яғни өзін, өзінің іс-әрекетін, артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс бағалау мүмкіндігі.

Жақсы дамыған адамның өзін-өзі бағалауы қоғамда табысты өмір сүруінің кепілі. Кез - келген өмірлік жағдайда өзіңізге, жеке тұлғаңыздың жеке жақтарына, олардың қызметіне дұрыс баға бере білу, жағымды және жағымсыз жақтарды бөліп көрсету, оларды талдау және одан шығу арқылы белгілі бір шешім қабылдау маңызды. Көп уақыт оқушылар оқу сабақтарында отырады, компьютерде жұмыс істегенде отырады, үй тапсырмасын орындағанда отырады. Өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту міндеті маңызды бола түсуде. Дене шынықтыру, оқу пәні ретінде, жеке тұлғаның денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыруда ерекше маңызға ие және көбінесе бұл оқушылардың сүйікті пәні болып табылады.

Оқушыны қалай объективті бағалауға болады? Оқушыға бағалау қажет пе? Оқушыға түсінікті болу үшін қалай бағалау керек? Оқушыларды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға қызықтыру үшін не істеу керек. Осы және басқа да көптеген сұрақтарды оқушының біліміне бей-жай қарамайтын мұғалімдер қояды. Алайда, дене шынықтыру мұғалімдері тек спорттық сынақтың нәтижелерін бағалайды және балалардың қабілеттерін, физиологиялық ерекшеліктерін, нәтижелерге қол жеткізу кезеңдерін ескермейді деген пікір жиі кездеседі. Көп жағдайда бұл дұрыс емес. Оқушылардың дене дайындығын, олардың іс-әрекеттерінің мектеп бағдарламасының нормативтеріне, бекітулеріне сәйкестігін бағалаумен қатар, мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, мақсаттарға жету процесін, спорттық жетістіктердің дайындық және негізгі кезеңдерін үнемі бағалайды [1].

Бағалау мен белгі арасында айырмашылық бар ма? Иә, сөзсіз. Бағалау-бағалау процесінің нәтижесі. Өздеріңіз білетіндей, процесс көптеген компоненттерден тұрады: бұл дайындық кезеңі, іс жүзінде қызмет және оның тиімділігі. «Жарайсың!», «Сіз чемпионсыз!», «Сіз жақсырақ жасадыңыз», «Жеңіске ұмтыл» - дене шынықтыру мұғалімінің арсеналындағы қалыптастырушы бағалаудың толық тізімі емес. Ал белгі-бұл орындалған жаттығулар сапасының сандық, жиынтық көрінісі.

Балаға жұмыс істеу әрекетіне сәйкес бағаны қандай деңгейде не үшін қойылғанын білу үшін нақты, нақты критерийлерді қолдану қажет. Критериалды бағалау жүйесі дене шынықтыру пәні бойынша бағалаудың төрт негізгі критерийін қарастырады:

- А критерийі-білімді пайдалану (max-5);
- В критерийі-білімді жаңғырту (max-5);
- С критерийі-қозғалыс құрамындағы элементтерді біріктіру (max - 5);
- D критерийі-әлеуметтік дағдылар және жеке қатысу(max - 5).

Мысалы, волейбол және баскетбол сабақтарында ойын ережелерін білу және орындау, лақтыру техникасы, лақтыру нәтижесі, ойыншылардың топтық өзара әрекеттесуі бағаланады.

Жеңіл атлетикада жеңіл атлетика жаттығуларын орындау техникасы бағаланады.

Көпшілігіңіз осындай бағалау әдісін сабақта оқушылардың белсенділігін ынталандыру үшін, қызығушылығын қалыптастыру үшін қолданатынымыз анық. Қалыптастырушы бағалау сабақта оқушының іс-әрекетін бағалауды білдіреді. Оның сабақта белсенділігі, мұғалімге немесе сыныптастарына көмектесуі және т.б. айтпақшы, қалыптастырушы бағалау әрдайым белгімен көрсетілмейді. Тіпті мадақтау, мейірімді көзқарас немесе қолдау қимылы формативті бағалаудың бір түрі болып табылады [2].

Осы аталғандарды сараптай келе, бірқатар дене шынықтыру пәні бойынша тақырыптарға сәйкес келетін, сабақта пайдалануға ыңғайлы әрі тиімді болатын жұмыстарды ұсынып, тиімділігін көрсеткім келеді.

Қалыптастырушы бағалау бойынша карточкалар 5-сынып. 1-бөлім «жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын үйрету».

*Тақырып орнынан және жүгіріп келіп ұзындыққа секіру техникасын зерттеу.*

Оқыту мақсаты 5.1.2.1 кейбір жаттығуларда қозғалыс комбинациясын және олардың реттілігін білу және орындай білу.

Бағалау критерийі ойлау дағдыларының деңгейі білім алушы қимыл комбинациясын орындайды және жаттығуларда қозғалыс комбинациясының реттілігін қолданады.

Қолдану тапсырма оларды дұрыс орындау тәртібін сақтай отырып, жүгіруден ұзындыққа секіруді орындаңыз.

Дескриптор: білім алушы-қол мен аяқтың қозғалысын толық үйлестіре отырып, бір орыннан ұзындыққа секіру техникасын орындайды; қол мен аяқтың қозғалысын толық үйлестіре отырып, екпіннен ұзындыққа секіру техникасын орындайды; өкшеден аяқты тірекке қоюға қонуды орындайды; жаттығуларды орындау кезінде бірізділікті көрсетеді [3].

*Дене шынықтыру сабақтарына үлгі ретінде ұсынылатын қалыптастырушы бағалау критерилері.*

Қалыптастырушы бағалау тақырыбы: Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру

Мақсаты:

- жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді орындау техникасын пысықтау;
- арнайы дайындық жаттығуларын орындау дағдыларын бекіту;
- оқушылардың дене шынықтыруын дамытуға ықпал ету.

Оқу міндеті: жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді дұрыс орындау.

Жетістіктер деңгейі	А Критерийі (білімді пайдалану). Дескрипторлар
0	төменде ұсынылған деңгейлердің ешқайсысына жеткен жоқ
1	оқушы қауіпсіздік техникасын (киім нысаны, жаттығуларды ағындық және жеке орындау кезінде қашықтықты сақтау, жаттығуларды орындау және алып келетін жаттығуларды орындау) жеткілікті дәл білмейді, екпін алу техникасын біледі, итеру және ұшу техникасының 1-2 элементін біледі, бірақ қону кезінде дене қозғалысының бағытын сақтамайды.
2	оқушы қауіпсіздік техникасын біледі, жүгіру техникасын біледі, итеру және ұшу техникасының 2-3 элементін біледі, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
3	оқушы қауіпсіздік техникасын біледі, жүгірудің техникасын біледі, итеру және ұшу техникасының 3-4 элементін біледі, бірақ қону кезінде дене қозғалысының бағытын сақтамайды.
4	оқушы қауіпсіздік техникасын біледі, жүгіру техникасын біледі итеру, ұшу және қону техникасының көптеген элементтерін біледі.
5	оқушы қауіпсіздік техникасын, нормативті тапсыру ережелерін біледі, жүгіруден ұзындыққа секіруді орындау техникасының барлық элементтерін біледі: жүгіру, итеру, ұшу, қону.



Жетістіктер деңгейі	В критерийі-білімді жаңғырту. Дескрипторлар
0	төменде ұсынылған деңгейлердің ешқайсысына жеткен жоқ.
1	оқушы қауіпсіздік техникасын біледі, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру және ұшу техникасының 1 элементін дұрыс орындайды, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
2	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру және ұшу техникасының 2-3 элементін орындайды, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
3	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру және ұшу техникасының 3-4 элементін дұрыс орындайды, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
4	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру, ұшу және қону техникасының көптеген элементтерін орындайды.
5	оқушы қауіпсіздік техникасын, нормативті тапсыру ережелерін сақтайды, жүгіруден ұзындыққа секіру техникасының барлық элементтерін орындайды: серпілу, итеру, ұшу, қону.
Жетістіктер деңгейі	С критерийі-қозғалыс құрамындағы элементтерді біріктіру. Дескрипторлар
0	төменде ұсынылған деңгейлердің ешқайсысына жеткен жоқ.
1	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды (киім нысаны, жаттығуларды ағымдық және жеке орындау кезінде қашықтықты сақтау, кейде 6-7 жаттығудан тұратын арнайы дайындық кешенін дайындайды және орындайды.
2	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, 7-8 жаттығудан тұратын арнайы жаттығулар кешенін дайындайды және орындайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру және ұшу техникасының 2-3 элементін орындайды, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
3	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, 8-9 жаттығудан тұратын арнайы жаттығулар кешенін дайындайды және орындайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру және ұшу техникасының 3-4 элементін дұрыс орындайды, бірақ қону кезінде дененің қозғалыс бағытын сақтамайды.
4	оқушы қауіпсіздік техникасын сақтайды, әрқашан 8-9 жаттығудан тұратын арнайы жаттығулар кешенін дайындайды және орындайды, жүгіруді дұрыс орындайды, итеру, ұшу және қону техникасының көптеген элементтерін орындайды.
5	оқушы қауіпсіздік техникасын, нормативті тапсыру ережелерін сақтайды, жүгіруден ұзындыққа секіру техникасының барлық элементтерін орындайды: серпілу, итеру, ұшу, қону.
Жетістіктер деңгейі	Д критерийі-әлеуметтік дағдылар және жеке қатысу Дескрипторлар
0	төменде ұсынылған деңгейлердің ешқайсысына жеткен жоқ
1	оқушы серіктестермен өзара әрекеттесуді білмейді, жеке нәтижелерді жақсартуға ниет білдірмейді, СӨС дағдыларын игеруге ынта көрсетпейді; қауіпсіздік техникасын дәл сақтамайды, басқаларға құрметпен қарайды, бірақ өз жетістіктерін сыни тұрғыдан талдай алмайды.
2	оқушы әрдайым серіктестермен қалай қарым-қатынас жасау керектігін білмейді, жеке нәтижелерін жақсартуға ниет білдірмейді, СӨС дағдыларын игеруге ынталы емес; қауіпсіздік техникасын сақтайды, басқаларға құрметпен қарайды, бірақ мұғалімнің тапсырмаларын дәл емес орындайды.
3	оқушы серіктестермен қалай қарым-қатынас жасау керектігін білмейді, жеке нәтижелерін жақсартуға ниет білдіреді, басқаларға құрметпен қарайды, мұғалімнің тапсырмаларын орындауға тырысады; әрқашан өз жетістіктерін сыни тұрғыдан талдай алмайды.
4	оқушы серіктестермен (көбінесе) өзара әрекеттесе алады, жеке нәтижелерін жақсартуға ниет білдіреді, СӨС дағдыларын меңгеруде белсенділік танытады; басқаларға құрметпен қарайды, өз жетістіктерін сыни тұрғыдан талдауды әрдайым біле бермейді.
5	оқушы серіктестермен өзара әрекеттесуді біледі, жеке нәтижелерін жақсартуға ниет білдіреді, қауіпсіздік техникасын дәл сақтайды, басқаларға құрметпен қарайды, мұғалімнің тапсырмаларын орындайды; өз жетістіктерін сыни түрде талдай алады және оларды жақсартуға тырысады.

Егер бала бастапқыда дене шынықтырудың төмен деңгейіне ие болса да, бірақ оның дамуына айтарлықтай үлес қосса да, менің ойымша, ол жоғары бағаға лайық. Бұл оқушының одан әрі дамуы мен өсуіне қосымша ынталандыру болады, ең бастысы оның дене шынықтырумен айналысуға деген ынтасын күшейтеді. Мүмкін, бұл дене шынықтыру сабақтарында мұғалімдер бағалайтын толық тізім емес шығар. Бірақ қандай да бір себептермен біз әрқашан балаларды тек стандарттар бойынша бағалай аламыз деп санаймыз.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (төртінші басылым), Үшінші (базалық) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған. – Астана, 2015.
2. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. ҚР Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы. – Астана, 2015.
3. Адамова Ж.Ш., Сүлейменов М.Б., Тлеубай С.Т., Мукушева М.А. Оқу мақсаттарына жетуде жетістік критерийлерін құрастыру және қолдану. – Қарағанды, 2015.

*Zaitseva E.E.*  
*teacher-researcher,*  
*physical culture teacher*  
*Kostanay Agricultural College*

### **INNOVATIVE TECHNOLOGIES AT PHYSICAL EDUCATION LESSONS IN THE SYSTEM OF TECHNICAL EDUCATION**

In the modern world, awareness of the role of physical culture as a factor in improving the nature of man and society is growing significantly. A healthy lifestyle in general, physical culture and sports in particular, are becoming a social phenomenon, a unifying force and a national idea that contributes to the development of a healthy society and a strong state.

Modern education requires the consideration and solution of various tasks and problems of our time, first of all, the problems of adaptation and socialization of students. What will be our future graduate depends on the whole system of organization of this educational process. Now the result of a student's education in college has been determined - the formation of key competencies. It is impossible and irrational to form competencies using traditional methods.

Innovative technologies come to the aid of the teacher. Innovative technologies are pedagogical technologies of a new generation. The use of innovative technologies in the pedagogical process has become an objective reality for the present time, because. it is becoming more and more difficult to interest students in physical education classes, attendance at classes is not regular, which means that new forms, techniques, methods and technologies for conducting the educational process are needed. [1].

Pedagogical technologies that have become popular recently are called innovative technologies: ICT or MM - technologies, TRIZ, project technology, research technology or technology for conducting educational research, AMO and moderation technology, health-saving technologies, etc. [2].

When conducting physical education classes, I use the following innovative technologies:

1) Health-saving technologies allow students to form the necessary knowledge, skills and abilities for a healthy lifestyle, teach how to apply the acquired knowledge, and ensure the possibility of maintaining health. These technologies are based on the age characteristics of students' cognitive activity, in the optimal combination of motor and static loads, learning in small groups, the use of visualization and a combination of various forms of information provision.

Types of health -saving technologies used in physical education classes:

- an individual approach creates a situation of success for each student;
- alternation of activities - one of the ways to increase the effectiveness of the lesson (alternation of theory and practice: mental and physical activity of students);
- dosage of tasks - this is an opportunity to prevent students from overloading;
- outdoor activities, hardening of the body - these are effective means to increase the body's resistance to colds;

1. Дене мәдениетінің тарихы – тарих ғылымның жеке саласы болып саналады. Дене мәдениетінің тарихы адам қоғамындағы - өмір сүрудің әр – түрлі кезеңдеріндегі дене мәдениетінің дамуын зерттейді және Дене мәдениетінің аймағындағы, таптық – антогонистік қоғамындағы тиімді әсер етуші заңдылықтарды оқытады. Дене мәдениеті тарихы пәнінің мазмұнына дене тәрбиесінің құралдары, қалпы, әдістері, идеялары, дене мәдениетінің ілімі, әдістемесі және жүйесі кіреді.

Дене мәдениеті тарихы өзін тарихи білімдердің арнайы саласы деп, дене тәрбиесі мен спорт туралы ғылымның ерекше бөлімі ретінде қарастырылады: “Дене мәдениеті тарихы” пәні ежелгі уақыттан біздің күнге дейінгі дене мәдениетінің шығуы мен дамуын, қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлімі ретінде қарастырылады. Дене мәдениетінің тарихы – ғылым ретінде XIX – ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастады, ол білімді адамдардың, педагогтар мен дәрігерлердің дене тәрбиесіне деген қызығушылығынан туындады.

2. Дене мәдениетінің тарихы – тарихи білімдердің арнайы саласы ретінде бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Оның осы құрылымының негізін ғылыми кезеңдер құрайды.

Дене мәдениетінің тарихы – мынадай кезеңдерге бөлінеді:

Бірінші кезең – ежелгі дүниедегі дене мәдениеті тарихы, алғашқы құрылыс пен

құлиеленуші кездердегі дене мәдениеті түрлерін қамтиды.

Екінші кезең – орта ғасырлардағы дене мәдениеті тарихы, дене мәдениетінің феодалдық түрінің шығуын, гүлденуі мен құлдырауын қамтиды.

Үшінші кезең – жаңа уақыттағы дене мәдениетінің тарихы – бұл кезең дене мәдениетінің буржуазиялық түрінің шығуы мен билеген уақытын қамтиды.

Төртінші кезең – жаңалау уақыттағы дене мәдениетінің тарихы – бұл кезең дене мәдениетінің әлеуметтік жағдайдағы шығуы мен орнығу уақытын қамтиды.

Ал, оның пәнінің құрылымы:

1. Жалпы дене мәдениетінің тарихы – барлық қоғамдық экономикалық формациядағы дене мәдениетінің даму заңдылықтары.
2. Халықаралық спорттық қозғалыс тарихы.
3. Қазақстандағы – отандық дене мәдениетінің тарихы.
4. Дене жаттығуларының шығу мәселерінің тарихнамасы.

Дене мәдениетінің бастапқы шығуы, құрылым бойынша да мазмұны бойыншада күрделі мәселе. Ол келесі сұрақтарды қамтиды: дене мәдениетінің объективті және субъективті факторларының шығуының өзара байланысы, алғашқы даму кезеңіндегі ерекшеліктері; алғашқы қоғамдағы дене тәрбиесінің; негізгі жақтары.

Дене мәдениеті неден шықты? Адамдардың еңбек қызметінен бе немесе діни өкілдіктерден бе? Ол қоғаммен немесе аңдар дүниесімен қатынасты ма, биология заңдарына бағына ма? Әр елдердің білімділері бұл мәселелерді шешу үшін әр-түрлі пікірлер айтты.

1) Тарихи ғылымдардың кейбір өкілдері өздерінше дәлелдеді, онда дене тәрбиесінің бастаулары, нақтырақ айтсақ дене мәдениетінің элементтері аңдарда бар, сондықтан биология заңдарына тәуелді деді.

2) Теориялық ағым бойынша авторлары дене мәдениетінің дамуы діни өкілдегі адамдардан шықты дейді. Мысалы: Э.Кайс «Дене тәрбиесінің қысқаша тарихы», (1927 ж.) кітабында деректер келтірілген.

3) Атақты испан социологі Х.Ортега мен Гассет спорттың бастапқы жайы және қоғам өмірінде еңбектің бағынышты рөлі туралы идеяны дамытады және мемлекеттің дамуына – адамдардың спорттық қызметі себеп болды деген. Ағылшын философы, социолог Гербет Спенсер (1820 – 1903 жж.). Ол алғашқы қоғамдағы адамдардың бірлестіктері мен ондағы дайындықтары алғашқы спорттық клубтарда болды деп тұжырымдайды, олар ордадан руларға өту баспалдағынан жанұя құруына себеп болды дейді.

4) Г.В.Плехановтың көзқарасы бойынша адам санамен істелінген жаратылыс, жалпы биологиялық заңдарға бағынады десе, Е.А.Покровский (орыс зерттеушісі) ойындар мен дене жаттығулары баланың сыртқы өмірімен қарым – қатынасын дамытатын құрал деді. Аталған құрылымға сәйкес болашақ дене мұғалімдерін мектеп оқушыларымен жұмысқа даярлау қызметінің мазмұны оның ұйымдас-тырушылық-басқару әрекетін алға шығаруды көздейді. Сондықтан, педагогикалық қызмет белгілі бір иерархиялық деңгейлерді, оның ішінде педагогикалық рефлексияны басты әрекет деп санау қажеттігін дұрыс деп отыр. Бұл қызмет түрлі оқыту әдістерін салыстыру арқылы оқыту тәжірибесін жинақтау, тиімді оқыту тәсілдерін айқындау, оқу құралдарын, оқу пәндерін, оқу бағдарламаларын құрастыру әрекеттерімен жүзеге асады. Осыған байланысты оқу үрдісінде оқушының немесе білімгердің белсенділігін арттыруға қажетті педагогикалық шарттар жасалынады, олар оқу мазмұнының сапасын, оқу құралдарының тиімділігін қадағалауға олар оқу мазмұнының сапасын, оқу құралдарының тиімділігін қадағалауға мүмкіндік береді. Рефлексия білімгердің кәсіби қызмет әрекетін меңгеру үрдісінде күрделі әрекеттерден қарапайым әрекеттерді бөліп алуына, сол арқылы күрделі мазмұнды жүйелі

қабылдауына мүмкіндік береді. Сол себепті, біз, ұсынып отырған құрылым қарапайым педагогикалық әрекеттерді күрделі мазмұнды түсінуге жағдай жасай отырып, болашақ мұғалімнің кәсіби іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға алғы шарт болады деп айтуға толық дәлеліміз бар. Өйткені, қабылданып үлгерген қарапайым қызметтік әрекеттер күрделі мазмұнға тасымалдану арқылы мұғалімнің кәсіби іскерліктері мен дағдыларының тұрақты жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұл, алғышарт мұғалімнің дене шынықтыру пәнін оқытуда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруымен басқаруының сапасын арттырады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қуатбеков.Ш.Н Мектептерде дене тәрбиесін оқытып, үйретудің ерекшеліктері. «Хабаршы» журналы /Түркістан, 2005. - №3. – 198-200 бет.
3. Абусейітов.Б., Оразов.Ш.Б., Болашақ мамандарды даярлау үрдісінде дене мәдениеті мен спорт құралдарын пайдаланудың әдістемелік негіздері. //Ізденіс- Поиск. 2009. № 3(2). –Б.125-128.
4. Оразов.Ш.Б., Бисейтов.М., Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту. //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. -Көкшетау, 2008. –Б. 79-8

*Мазболдиев А.Ч. аға оқытушы  
Әлібекұлы А. оқытушы  
спорттық пәндердің әдістемесі кафедрасы  
М.Х.Дулати атындағы өңірлік университеті  
Тараз қ., ҚР*

### **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

Дене тәрбиесі – дене дамуына, денсаулықты нығайтуға, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға және ұдайы өзін – өзі, оның ішінде сыртқы, дене пішінін жетілдіруге қажеттілікті қалыптастыруға бағытталған адамды жетілдіру жүйесі. Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық -адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу



тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Күтілетін нәтиже — дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады. Әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- ✓ Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- ✓ Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- ✓ Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек. Нәтижесінде әр оқушының білімі,

қабілеті қалыптасады, оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді, оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады, жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қуатбеков.Ш.Н Мектептерде дене тәрбиесін оқытып, үйретудің ерекшеліктері. «Хабаршы» журналы /Түркістан, 2005. - №3. – 198-200 бет.
3. Абусейітов.Б., Оразов.Ш.Б., Болашақ мамандарды даярлау үрдісінде дене мәдениеті мен спорт құралдарын пайдаланудың әдістемелік негіздері. //Ізденіс- Поиск. 2009. № 3(2). –Б.125-128.
4. Оразов.Ш.Б., Бисейтов.М., Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту. //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. -Көкшетау, 2008. –Б. 79-8

*Мамбетов Қ.Қ. докторант.,  
Сарсенбаев Т.Қ. оқытушы.,  
Суюндықов М.У. оқытушы.,  
Қырықбаев П.Н. п.ғ.к  
Бастапқы әскери дайындық және  
дене шынықтыру кафедрасы  
Орта Азиялық инновациялық  
университеті.  
Шымкент қ., ҚР*

#### **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ**

Президент Қ.К. Тоқаевтың әрбір жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған; шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен білім алушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану білім алушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы

оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық үрдістер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушы және студенттердің дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1]. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және

болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай студенттердің дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге білім алушылардың ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Білім алушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
  - ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
  - б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.
- Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру студент дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген білімгерлердің оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын,

нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Білім алушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында білімгерлердің дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында білімгерлерді адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы 18-бабы (1) Астана 2000ж

2. Студенттердің адамгершілік құндылықтарын дене тәрбиесі үрдісінде қалыптастыру 2010 ж. Мамбетов Қ.Қ п.ғ.к., диссертация (5-8)

*Мамбетов Қ.Қ. докторант.,  
Мамыров Е.Б. оқытушы.,  
Азизов А.А. оқытушы.,  
Қырықбаев П.Н. п.ғ.к.,  
Бастапқы әскери дайындық және  
дене шынықтыру кафедрасы  
Орта Азиялық инновациялық  
Университеті Шымкент қ., ҚР*

### **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі заман оқытушыларынан тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, сонымен қатар ол танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси экономикалық білімді және инновациялық технологияны жан-жақты меңгерген, жоғары мәдени, ұстаз атағына ие, кәсіби құзырлы маман болу талап етілуде. Құзыреттілік – педагогикалық ұғым, әлеуметтік ерекше қабілет, оның әртүрлі түсініктері мен әр қырлы сипаттамаларын талдау арқылы біз болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігінің мәні мен құрылымдық көрсеткіштерін анықтадық. Дене шынықтыру және спорт педагогикасының құндылықтары мен потенциалы арқылы болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің кәсіби педагогикалық дайындығын жан-жақты жетілдіруге бағытталған Б.А.Тойлыбаев, Қ.Қ.Мамбетов, В.В. Белорусова, И.Н. Решетин, М.В. Прохорова, А.А. Сидоров, С.С. Жұмашеваның ғылыми еңбектерінен басқа, болашақ дене шынықтыру мұғалімі педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдары күні бүгінге дейін зерттелмеген. Дене шынықтыру пәні мұғалімі және спорт жаттықтырушы еңбегінің түрлі аспектілерін талдауға бағытталған Г.Д. Бабушкин, Г.Е. Баева, А.Э. Болотина, А.М. Дикунов, М.Е. Дуранов, Н.Н. Жмарев, И.Х. Кобер, И.А. Потапов, В.Н. Прохоров, т.б. ғылыми зерттеулерінде көрсетілгендей, спорт мамандарының кәсіби әрекеті жүйесіндегі ең басты компоненттерінің бірі – ол педагогикалық компонент. Мысалы, қосымша білім беру саласындағы түрлі категорияларымен (балалар, жеткіншектер мен ересектер, т.б.) жүргізілетін спорттық жұмыстарында педагогикалық білімдер мен педагогикалық дағдылар қажет, жалпы дене мәдениеті мәселелерін шешу үшін педагогикалық әдістерді қолданады. Сонымен бірге дене шынықтыру мұғалімінің өзінің іс-әрекетінің мазмұндық және процессуалдық компоненттерін қазіргі инновациялық педагогикалық

технологияларды қолдану арқылы жүйелеуде. Қорыта айтқанда, педагогикалық құзыреттілік дене шынықтыру оқытушысының көп аспектілі әрекеттері кезінде нақты мақсатталған, нәтижелі шешімдер қабылдауына өз септігін тигізеді .

Осылардың барлығын ескере отырып, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің теориялық және практикалық кәсіби дайындығының ең маңызды міндеті ретінде болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруды белгілеуге болады. Өкінішке орай, қазіргі дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің тәжірибелерін зерттеу барысы көрсеткендей, мынадай қарама-қайшылықтарды атап өткен жөн:

жоғары кәсіптік білім беру саласының модернизациялауы жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандығы білім алушыларының кәсіби педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оны әдіснамалық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейі;

жоғары білім беру саласында студенттерді оқытудың қалыптасқан жүйесі мен олардың кәсіптік дайындығына қойылатын талаптардың өсуі, сондай-ақ осы талаптарды орындауда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологияларының мүмкіндіктерінің орынды пайдаланылмауы.

Осы аталған қарама-қайшылықтардың тиімді шешімін іздестіру бағытында жүргізілген жұмыстарымыздың бір бөлігі ретінде біз дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелеріне тоқталып отырмыз. [5] Сондықтан да бұл мәселені зерттеуде дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оны қалыптастыру жолдарының тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеуді мақсат етіп қойып отырмыз.

Бұл мақсаттан:

болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау;

болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық жолдарын анықтау;

болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарының тиімділігін тәжірибе арқылы тексеру, ғылыми-практикалық ұсыныстарын практикаға ендіру міндеттері туындайды. Зерттеу міндеттері бойынша тәжірибелік жұмысы ОРТА АЗИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, Шымкент қаласының №132 мектеп-гимназиясында жүргізілді. Зерттеу барысында келесі ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми әдебиеттерді зерттеу, талдау, салыстыру, модельдеу, т.б. теориялық деңгей әдістері; сонымен қатар бақылау, педагогикалық эксперимент, сұрақ-жауап, сауалнама, педагогикалық құжаттарды зерттеу, т.б. экспериментальды - эмпирикалық деңгей әдістері. Сонымен, зерттеу барысында:

«дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері;

дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігінің моделі тәжірибеден өтті және педагогикалық жолдары ретінде тұлғалық-бағдарлы технологиялары;

болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігінің қалыптастырудың педагогикалық жүйесі;

тұлғалық-бағдарлы технологиялар жүйесіндегі портфолио және жобалау әдістеріне сипаттама берілді; ғылыми-практикалық ұсыныстар сынды жаңалықтар жүзеге асырылады.

Бұдан зерттеудің төмендегідей: Жалпы білім беретін орта мектептеріне «Дене шынықтыру пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары» атты ақпараттық-әдістемелік семинар материалдары, сонымен қатар «Құзыретті дене шынықтыру» атты жобасы және «Дене шынықтыру пәні мұғалімінің портфолиосы» тәжірибеден өтті. Жалпы білім беретін мектептер мен гимназияларына «дене шынықтыру пәні мұғалімінің портфолиосы» және «құзыретті дене шынықтыру мұғалімдері» атты жобасы енгізілді. Зерттеу нәтижелерін дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін дамытуда, спорттық педагогтардың біліктілігін арттыру және

қайта даярлау орталықтары мен қосымша білім беру факультеттерінде, сонымен бірге жалпы орта білім беретін мектептер мен гимназиялардың үрдісінде пайдалану практикалық маңыздылығы туындайды. Сонымен, зерттеудің, анықтаушы эксперимент кезінде студенттердің «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәні бойынша оқу әдістемелік құжаттары, соның ішінде өзіндік жұмыстары, педагогикалық практика құжаттары, практикант күнделіктері мен практиканттың жеке есептері; осы практика барысында өткізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдарымен танысып, зерттедік. Сонымен қатар бақылау, сауалнама, сұрақ-жауап, әңгімелесу, салыстыру сияқты зерттеу әдістерін қолдандық. Қалыптастыру эксперименті барысында тұлғалық-бағдарлы технологиялар жүйесіндегі портфолио, жобалау әдістерін қолдану арқылы болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын анықтадық. Зерттеу нәтижелерін анықтау барысында бақылау, сауалнама, сараптап бағалау әдістері, т.б. қолданып отырдық. Сонымен бірге салыстыру және ендіру, статистикалық зерттеу әдістері, қорыту әдістері пайдаланылды. Болашақ дене мәдениеті мамандарының педагогикалық құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін анықтау үшін біз «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары курс студенттеріне арналған сауалнама өткіздік. «Құзыреттілік, біліктілік» деген ұғымды қалай түсінесіз? сұрағына респонденттердің 57%-ы бұны «білімді педагог» деп түсінеді, келесі 13%-ы «жан-жақты білімді педагог», қалған 30%-ы бұл ұғымды «өз мамандығын жақсы түсіну» дейді. Сауалнаманың «Педагогикалық құзыреттілік» деген ұғымды қалай түсінесіз?» атты сұрағына ешбір қатысушы дұрыс жауап бере алмаған. Осы сұрақтардан кейін «Дене шынықтыру пәні мұғалімі педагогикалық құзыреттілігі деген – ол...» сұрағына да дұрыс жауап жоқ. Сауалнаманың келесі «Білікті жаттықтырушыға тән қабілеттілікті белгілеңіз» деген сұраққа ең көп 54% алған қабілет – «ұйымдастырушылық», содан кейін «педагогикалық» – 47%, келесі «техникалық» – 42%; «практикалық» – 39%. Ең төмен ұпай алған қабілеттілік – ол «конструктивтік». Осы сауалнаманың талдауы көрсеткендей, болашақ маман иелері «құзыреттілік», «біліктілік», «педагогикалық құзыреттілік» ұғымдарын ажыратып, дұрыс, нақты жауап бере алмады. Теориялық моделдің көрсеткіштері негізінде осы сауалнаманың қорытындысы ретінде - болашақ маман иелерінің педагогикалық құзыреттіліктері жеткіліксіз және осы бағытта жұмыстануды талап етеді. Сонымен бірге зерттеу міндеттері бойынша біз тәжірибе кезінде «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәнінің типтік оқу бағдарламасы және педагогикалық практиканың типтік оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары мен «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Жалпыға міндетті білім беру стандартын зерттеу міндеттеріне байланысты талдаудан өткіздік. Нормативтік құжаттарды зерттеу кезінде теориялық талдау мен синтез, салыстыру әдістерін қолдану арқылы олардың болашақ спорттық педагогтардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағыттылығы мен мүмкіншіліктері саралаудан өтті. Қорытынды: зерттеу міндеттері бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік анықтаушы кезеңінде 2-3 курс студенттерінің, спорт жаттықтырушылары мен дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық құзыреттілігінің деңгейін анықтау үшін және осы кәсіби маңызды тұлғалық қасиетті қалыптастыру жолдары ретінде тұлғалық-бағдарлы технологияларды қолдану әдістемесі тәжірибеден өтті. Қалыптастырушы эксперимент барысында «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» пәнінен сабақ кезінде құзыреттілікке бағытталған түрлі жобаларды және кәсіби-педагогикалық практикада арнайы тапсырмалар орындаудың нәтижесінде мынадай эксперимент «өнімдері» іске қосылды: «Практикант портфолиосы», ғалімінің портфолиосы», «Құзыретті дене шынықтыру» жобасы, т.б. Қалыптастырушы эксперимент барысында өткізілген арнайы тапсырмалардың өлшемі ретіндегі теориялық моделі бақылаудан өтті. Нәтижесінде эксперимент топтарындағы студенттердің педагогикалық құзыреттілігінің деңгейі көтерілгені дәлелденді.

Дене тәрбиесі жүйесі-өзара қарым-қатынастағы жеке дене тәрбиесі жүйесі және әртүрлі қоғамдық топ өкілдерінің ерекшеліктеріне қарай сипатталады (балалар дене тәрбиесі жүйесі, мектеп оқушылары дене тәрбиесі жүйесі т.б.) Балалар дене тәрбиесі жүйесі-әртүрлі жастағы топтардың денсаулығына жан-жақты бағытта қызмет жасайтын қоғамдық ұйым. Дене тәрбиесінің әр жүйесі дене тәрбиесіне тиянақты-тарихи түрін бейнелейтіндіктен қойылған мақсатқа жету үшін осы немесе басқа ұйымдардан құралады. Жүйе айқын салалар құрылымымен олардың қызметі басқа да жүйелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерімен айқындалады. Жүйенің ең басты қызметі — адамдардың дене мәдениетін жоғары сатыға көтеру үшін барлық осыған тікелей қатысты құрылады. Дене тәрбиесі жүйесінің басты талаптары: 1.дене тәрбиесі негізі мен әдісі сауықтыру жағдайында тек заңды негізге сүйену керек. 2.дене жүктемелері оқушылардың мүмкіншіліктеріне байланысты берілуі керек. 3.дәрігерлік педагогикалық бақылау мұғалімнің кез-келген оқу-тәрбие жұмысында болуы міндетті. 4.Санитарлық-гигиеналық қалыпты, күнді, ауа мен суды пайдалану-барлығы әрбір дене жаттығулары кезінде қолданылуы қажет. Дене тәрбиесі,спорт ілімі мен әдістемесі жеке пән бола отырып жекелей ұғымдары бар. Олар бір-бірімен өте тығыз байланыста, мақсаттары оқу жүйесін жүйелеу, ағзаны шынықтыру, қоғамға дене сапалары жан-жақты тұлға дайындау. Дене тәрбиесі - жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға, еңбек ету мен әскери қызметті атқаруға даярлауға бағытталған қоғам мен жалпы мәдениетінің бір бөлігі. Қызметі дене дамуын оңтайландыру, білімдік, ақыл-ой және қызметтің өзге де түрлерімен өзара бірге әрекет ету, таңдап алған мамандықты меңгеруге себепкер болу, тәрбиелік, жалпы мәдени, эстетикалық, адамгершілікті, әлеуметтік-экономикалық салауатты өмір салтын қалыптастыратын дене дайындығы. Дене шынықтыру- дене жаттығуларын, табиғаттың сыртқы күштерін (күн, ауа, су) пайдалана отырып ағзаны шынықтыру. Яғни мәдениеттің ажырамас бөлігі адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту, рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет саласы. Қызметі қозғалыс қажеттілігін қанағаттандыру, функционалды рахаттану, бос уақытты оңтайды пайдалану. қызметі төмендеген дене мүшелерін қалыпқа келтіру, жолы, яғни дене дамуына әсер етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өскен орта, спорт түрі. Дене дамуы - ағзаның табиғи морфофункционалдық ерекшеліктерін өзгерту жолы, яғни дене дамуына әсер етуші факторлар; тұқым қуалаушылық, өскен орта, спорт түрі. Қызметі жеке тұлғаның даму ерекшелігі, айырмашылығы және әсер етуші факторлардың нәтижесінде дене мүшелерінің өзгеріске ұшырау қалпы. Дене тәрбиесінің мәдениеті-жалпы қоғам мәдениетінің бір бөлігі. Қоғамдағы адамдардың дене сапасының жан-жақты дайындығы мен өмірде әртүрлі жағдайда еңбек ету бағытында жасалатын күрделі жұмыстың бір түрі. Қызметі білім беруді, ғылым мен әдебиетті, техникалық құрал тәсілдерін, әдістерін пайдаланып дене дайындығына жан-жақты жағдай жасау.Спорт дегеніміз – түрлі жақтан арнайы мамандандырылған және алдағы істерде жарысу арқылы өз мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде көрсете білуге жан дүниесін дайындауды дене тәрбиесі ойындарында пайдалануға құрылатын материалдық, әрі рухани байлық. Яғни спорт дегеніміз - әрбір жеке тұлғаның таңдаған спорт түрінен жоғарғы нәтижеге жеткізу саласы. Яғни жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір түрі. Қызмет - спорттық әрекет. жарыстырушылық. интернационалдық. жүйкені реттесітін. коммуникативтік. ақпараттық, жалпы мәдениеттік. денені жетілдіру, эвристикалық бейбітшілік қызметі. ойын-сауықтық іс-әрекет.. Бұқаралық спорт- тұрмыс пен еңбек қызметіне керек дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларын дамытып. жетілдіруге және бір қалыпта ұстауға көмектесетін, тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік демографиялық тобының мұқтаждығын қанағаттандыратын спорт түрі болып табылады. Жоғарғы жетістіктер спорты-жеке тұлғаның спорттағы мақсаты жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізуді рекорттар жасауды қамтамасыз ететін спорт саласы.



Жоғарғы жетістікке жету жолы спартакиада, универсиада, чемпионат және олимпиадалық ойындар. Әуесқойлық спорт- азаматтардың дене тәрбиесінің жалпы жүйесіндегі өзінің спорт шеберлігін жетілдіруге және спорттың әр түрінде жоғарғы нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін сан қилы спорт қозғалысы.

Кәсіпқойлық спорт-спорттық ойын-сауық шараларын ұйымдастыру және оларға қатысу арқылы пайда табу болып саналатын спорттық кәсіпкерлік қызметтің бір түрі.

1.2. Пәннің объектілері мен оның оқу және ғылыми пән ретіндегі құрылымы.

Дене тәрбиесінің барлық сабақтар бағытына қарай мынадай міндеттерді жүзеге асыруы тиіс. Олар: тәрбие, білім, сауықтыру.

а) Білім беру міндетінің мақсаты - оқушылардың білімін шыңдай түсу. Жаттығуларды ептілікпен және дағдымен орындату. Оларды өмірде қолдана алуға үйрету.

б) Сауықтыру міндеттерінің мақсаты - дене тәрбиесі жаттығуларының сабақ кезінде ағзаға сауықтыру әсерін тигізуіне тиімді жағдай жасау.

в) Тәрбиелеу міндеттерінің мақсаты – сабақ жүргізу жүйесінде оқушының адамгершілік қасиеттерін арттыру.

Дене тәрбиесі сабағында төмендегідей міндеттер жүзеге асырылуы керек.

Қойылған міндеттерді орындау жолдарын таңдау. Әдістемелік ұйымдастыру шараларын белгілеу. Мұнда мұғалім оқушылардың әрекеттерін тиімді ұйымдастыру түрлері мен әдістерін таңдайды. Олардың тұратын, отыратын орындарын қозғалыс жолдарын анықтайды. Снарядтарды жинау жолдарын көрсетеді. Қимыл-қозғалыс дайындығын мұғалім мектеп бағдарламасында кездесетін барлық жаттығуларды көрсете алуы керек. Сондықтан да мұғалім сабақта үйренетін жаттығуды қайталап өз мүмкіншілігін әрдайым тексеріп отыруы қажет. Теориялық және сөйлеу дайындығы мұғалім өтілетін сабақты жақсы білумен қатар-шешен сөйлей алуы да керек. (әңгімені дұрыс жүргізу, баяндау команда беру, таңдау жасау т.б.) Сабақты материалдық жағынан қамтамасыз ету. (керек құрал жабдықтарды дайындау және спорттық снарядтарды табу т.б.).

Дене тәрбиесі мен еңбек байланысының мақсаты.

Жеткіншектерді еңбекке тәрбиелеу дене тәрбиесі мақсаттарының бірі болып табылады. Дене тәрбиесі еңбекке ерікті түрде тәрбиелеудің негізін қалайды. Денені шынықтыру тұрақты дағды тәртібін, ерік-жігерді, қалыптасқан мінез-құлықты талап етеді. Еріншектікке жол бермейді. Өйткені, күнде таңертеңгі гимнастикалық, спорттық жаттығулармен айналысатын оқушының еңбекке деген ынтасы оянады. Еңбекке деген адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруда дене тәрбиесі пәнінің мүмкіндіктері өте көп. Мысалы, «Өзің үшін, өз мақсатың үшін еңбек еткенің жақсы. Ал өзгелер үшін еңбек етуге қалай қарайсың?» деген сұрақты қоя отырып, жаттығу жұмыстарын жүргізудің тәрбиелік маңызына назар аудару

Дене тәрбиесіндегі эстетикалық білімнің мақсаты.

Дене тәрбиесі сабағындағы эстетикалық тәрбиенің маңызы өте зор. Адамның жан дүниесі қандай сұлу, таза болса, дене мүшесі де сондай сымбатты болуы керек. Бұл ретте оқушыларға берілген тапсырманы мәнерлеп түсіндіру, әдеп сақтауға үйрету, музыкалық сүйемелдеу кезінде әуенге сай үйлесімді қимылдауға дағдыландыру игі нәтижеге жеткізеді. Мысалы, әдетте жаттығу барысында «жақсы», «дұрыс емес» деген сөздер жиі айтылады. Ал «Жарайсың, міне қандай әдемі!» деген жылы лебізді сирек естисің. Оқушылардың қозғалыс қимылдарын орындау техникасына назар сала отырып, оның ынта-ықыласын сол жаттығулардың таза әрі үйлесімді, сұлу орындалуына аудара білген жөн. Жан сұлулығы мен тән сұлулығын қимыл-жаттығу кезіндегі іс-қимылдың әсемдігіне ұштастыруды басты мақсат етіп алу қажет. Ұстамдылық, қандай жағдайда да өз еркін билей алу, өзгелердің жүйкесіне кері әсер етпеу, кашанда көмекке дайын тұру, бәсекелесіне құрметпен қарау, төзімділік сияқты ізгі қасиеттер эстетикалық тәрбиелеудің нәтижесінде жүзеге асатын адамгершілік сипаттар болып табылады.

1.3. Іс-тәжірибе теориясындағы ғылыми зерттеу әдістері мен әдіснамалық негіздері.

Спорт ілімі мен дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі қатар жүргізіліп, сабақ құрылымы әртүрлі болғанымен қолданылатын жаттығу, ойын, жарыс түрлері бірдей болып келеді. Дене тәрбиесі пәнінде сабақ құрылымы 45 минуттан тұрса, спорт сабақтарында 90 минуттан тұрады. Құрылымы жағынан ұксас пәндер мектепке дейінгі дене тәрбиесі, мектеп дене тәрбиесі, орта жонс жоғарғы оқу орын дене тәрбиесі пәндерімен тығыз байланысты. Білім мен тәрбие беру мақсатында спорт медицина, спорт физиологиясы, спорт психологиясы, спорт педагогикасымен тығыз байланысты. Дене дайындығы түрлері. Қоғамдағы адамзаттың тұлғасын шынықтыруда дене дайындығы 3-ке бөлінеді. Олар: 1.Жалпы дене дайындығы-негізгі бағыты денсаулықты күшейтіп мүмкіндігінше дағдылы қозғалыстарға ие болып, алдағы уақытта арнайы дайындыққа негіз болатын керекті қозғалыс сапаларын дамыту. Қызметі дене жаттығулары, табиғаттың сыртқы күштері, гигиеналық факторларды пайдалана отырып, мектептегі және бұқаралық дене тәрбиесінің жұмысын үлкен табыстарға жеткізу.

2. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы-бұл адамды белгілі бір еңбек қызметі мен әскери қызметке дайындауға бағытталған дене тәрбиесінің әдістері мен құралдарының жиынтығы. Қызметі кәсіби-дене, әксеи-қолданбалы, кәсіби еңбектің өнімділігін арттыру, экономикалық, білімдік-қолданбалы дене жаттығуларымен айналысу жұмысын ұйымдастыру.

3. Спорттық дайындық - адамның өзі таңдап алған спорттың бір түрінен жоғарғы көрсеткіштеріне жетуіне бағытталады. Денедегі іш-құрылыс жұмысының қабілетін жоғарлату адамдардың спорттық дайындығын арттыру. Қызметі мамандандырылған еңбекті арттыру жаттығу түрлерін игеру өте жоғарғы дәрежелі нәтижеге жету, спорттық дайындығын арттарып дағдыландыру.

2. Жүрек соғысын есептеу әдістемесі

2.1. Сабақ құрылымында жүрек соғысын есептеу.

Жаттығулардың орындалуын бағалау және сабақтың жалпы тығыздығы туралы ой-пікір. Жаттығуларды орындау кезінде қан қысымының өзгеруіне қарай оқушылардың бұлшық етеріне түскен күш анықталып, бағаланады. Сабақтың дұрыс ұйымдастырылу қарқыны және жүктеменің дұрыс бөлінуін анықтау үшін бір немесе екі оқушының қан қысымын өлшеу керек. Қан қысымы сабақтың алдында, /10 сек. Соғуы"Х" Імин. Нәтижесі / дайындық бөлімінен, жалпы дамыту жаттығуларынан, негізгі қозғалыстардан, қозғалмалы ойындардан кейін және сабақтың соңында көрсеткіштері жазылынып алынады.

Жүктеменің динамикалық көлемін анықтайтын қан тамыр соғуының графикалық кескіні-физиологиялық қисық деп аталады.

Даладағы 2-3 мин, жүгірістен кейін жүректің соғу қысымы 140-150 ретке дейін көтеріледі, бұл көрсеткіш бастапқы 90-100 рет соғудың 40-60 ретке тең.

Сабақтың негізгі бөлімінде, орташа жылдамдықтағы жүгірісте және қозғалмалы ойындар кезінде жүректің соғуы 140-180 ретке дейін көтерілсе, жүректің соғуы жалпы дамыту жаттығулар мен негізгі қозғалыстар кезінде 135-150 рет шамасында болады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1.Тойлыбаев Б.А. Докторлық диссертация 2006.

2.Мамбетов Қ.Қ. Студенттердің адамгершілік құндылықтарын дене тәрбиесі үрдісінде қалыптастыру П.ғ.к диссертация 2010. 15-25 б.

3.Андринова В. Педагог кадрлардың құзыреттілігін қалыптастыру // Қазақстан мектебі. – 2009. – №4. – 64-66 б.

4.Жұмашева С.С. Спорт жаттықтырушысы педагогикалық шеберлігінің ерекшеліктері // ӘлФараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы.– 2009. – №3 (28). –112-118 б.

5.Жұмашева С.С., Джаулбаев С. Система формирования педагогической компетентности будущего тренера по видам спорта // Поиск. – 2010. – №2. – С. 306-310.

6.Жұмашева С.С. Спорттық педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда шетел тәжірибесін пайдалану мүмкіндіктері // Білім-Образование. – 2010. – №2 (51). 27-31 б.

7.Тоқтағанова А.С. Мұғалімнің кәсібитұлғалық құзыреттілігін дамыту-нәтижелі білім факторы // Қазақстан жоғары мектебі. – №4. – 16-18 б.

*Мамбетов Қ.Қ. докторант.,  
Мамыров Е.Б. оқытушы.,  
Азизов А.А. оқытушы.,  
Қырықбаев П.Н. п.ғ.к.,  
Бастапқы әскери дайындық және  
дене шынықтыру кафедрасы  
Орта Азиялық инновациялық  
Университеті Шымкент қ., ҚР*

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді.

Жеке адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмінің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді. Әрекет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді меңгеруді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілі үйрету үрдісінде баланың денсаулығын міндетті түрде сақтауды қарастырады.

Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті.

Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. «Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектептің білім беру жүйесінің құрамына бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі–белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған.

Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

1. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

2. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;

- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары болып отыр. Сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Сондықтан да оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

В начале каждого учебного года проверяется умение учащихся определять и оценивать показатели пульса, а также другие приемы самоконтроля. Необходимые для каждого класса сведения напоминаются, уточняются и дополняются. Данные самоконтроля дают основания для оценки эффективности самостоятельной работы и при необходимости внесения в нее соответствующих корректив.

Особенности обучения на уроках самостоятельным занятиям заключается в том, что для этого не выделяется специального времени, обучение осуществляется в процессе выполнения запланированных на данный урок упражнений. В связи с этим учителю необходимо предвидеть, в какие моменты и в какой ситуации он может акцентировать внимание учащихся на соответствующих упражнениях, избранных для самостоятельного выполнения, объяснять назначение упражнений, их дозировку.

Важно, чтобы учитель ставил перед собой такую цель в процессе всех уроков, творчески находил любую возможность обогатить учащихся умениями самостоятельно выбирать и правильно выполнять то или иное упражнение для совершенствования своей физической подготовки.

*Трубицкая Л.А.  
старший преподаватель  
кафедры физической культуры и спорта  
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,  
г.Астана, РК*

## **ПРИМЕНЕНИЕ МЕНТАЛЬНЫХ КАРТ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ В ВУЗЕ**

Современное образование настигла волна новых приемов и технологий обучения, которые чаще всего являются измененными, адаптированными под веяние времени традиционными методами и средствами обучения, нацеленные повысить интерес учащихся к учебному предмету, качеству обучения. Перед современной высшей школой стоит задача подготовить специалиста не только высококвалифицированного, владеющего научными, техническими знаниями и умениями, профессиональными навыками, но также способного самостоятельно и быстро адаптироваться в меняющейся информационной и технологической среде, обладающего такими профессионально и социально значимыми качествами, как инициативность, креативность, мобильность, предприимчивость, деловитость, и таким качеством личности, как стремление к самосовершенствованию и самообразованию. Именно эти качества должны формироваться в результате грамотно спланированной и организованной самостоятельной работы студентов (СРС) в вузе.

В настоящее время повышение статуса физической культуры, как одной из ведущих гуманитарных дисциплин в вузе, накладывает особую ответственность в разработке новых методологических подходов к физкультурному образованию. Таким образом, роль физического воспитания состоит в том, чтобы, исходя из реальных условий вуза,

предложить такие формы организации учебного процесса, которые способствовали бы формированию культуры здоровья студента и его саморазвития.

В связи с тем, что программой курса дисциплины «физическая культура» не предусмотрен лекционный материал, студентам дается опережающая самостоятельная работа (ОСР) по теоретической части тематики практического занятия. Для интенсификации образовательного процесса кроме методического сопровождения и видеоматериалов по каждой теме практического занятия предлагается использовать структурирование учебного материала в виде электронных ментальных карт (интеллект-карты), что улучшает эффективность восприятия и усвоения новой информации. Ментальные карты (mind maps) сегодня всё чаще рассматриваются в аспекте развития креативного мышления обучающихся, их личностных и метапредметных компетенций, творческой индивидуальности. Ментальная карта – прием, позволяющий работать легко, наглядно, креативно, активизируя при этом ассоциативное мышление, визуализацию мысленных образов и целостное восприятие информации. С помощью интеллект-карт можно составлять наглядные, обозримые, легко воспринимаемые записи. В отличие от привычных нам классических заметок или от конспекта, имеющих линейную структуру, интеллект-карта – это скорее наглядная карта, изображение, на котором сразу можно увидеть базовую, центральную тему, ключевую идею – ведь она расположена в самом центре интеллект-карты, а все крупные идеи, мысли, ассоциации расходятся от нее лучами. Подобное изображение позволяет структурировать, а также более осмысленно и качественно изучать, и запоминать материал. Интеллект-карты также зарекомендовали себя как качественный инструмент для поиска идеи при проведении мозгового штурма, который позволяет стимулировать критическое мышление и творческие способности обучающихся.

В связи с этим представляет интерес потенциал использования ментальных карт в учебном процессе и выработка оптимальной методики их использования в самостоятельной работе обучающего (СРО) по физической культуре. Такое домашнее задание, формулируемое как познавательная задача, служит, как показывает наш научно-практический опыт, оптимальным средством формирования у студентов умений и навыков самостоятельной работы, объединяя обучение и самообразование в единый процесс.

При создании ментальных карт в качестве СРО студенты имеют возможность самостоятельно выбирать программное средство для реализации карты исходя из собственных предпочтений и уровня владения компьютером, причем таких средств имеется достаточно много — от известных графических пакетов до специфических интерактивных программных средств.

Одна из сложностей, которая может присутствовать при введении в учебный процесс ментальных карт – направить студентов не на запоминание, а на размышление и осознание причинно-следственных зависимостей и связей. В первую очередь, надо формировать навыки таких мыслительных операций, как сравнение, анализ, синтез, абстрагирование, обобщение, классификация, систематизация, умозаключение. Важно создание атмосферы заинтересованности и ситуации общения, в которой студенты защищают свое мнение, приводят в его защиту аргументы, доказательства, используют приобретенные знания, задают вопросы преподавателю, одноклассникам, выясняют непонятное, углубляются с их помощью в процесс познания. Совместная работа над картой усиливает интерес к рассматриваемой теме, способствует созданию нужного эмоционального настроя в группе, дает повод для дискуссии.

Для СРО по физической культуре в качестве примера разработки карты рекомендовано использовать следующую цепочку логических связей: «методика физической подготовки» - «этапы физической подготовки» - «задачи физической подготовки» - «виды физической подготовки». Жестких рамок по структуре и оформлению ментальной карты не задавалось.

Преподавателем предлагались рекомендации по составлению ментальных карт:

- выбор шаблона для визуализации ментальной карты;
- определение центральной идеи, понятия ментальной карты;
- поиск понятий и идей, логически или ассоциативно связанных с центральным;
- иллюстрирование каждой ветви ментальной карты;
- добавление комментариев к фрагментам и элементам карты;
- анализ полученного результата, проведение мозгового штурма и разбора карты в группе.

Таким образом, преподаватель в процессе обучения с использованием ментальных карт задает примерную образную, логико-смысловую модель организации учебного материала. Каждый студент по своему желанию может увеличить количество уровней ментальной карты, расширить ассоциативный ряд, сделать пометки с учетом собственных потребностей и особенностей работы с информацией, договориться с одногруппниками о совместной работе. В этом случае исходный шаблон, заданный преподавателем, трансформируется в индивидуальные и индивидуально-групповые модели знаний обучающихся. Обобщение личного практического опыта использования ментальных карт в организации СРО по дисциплине физическая культура свидетельствует о перспективности их применения в процессе обучения.

Исходя из вышеизложенного, мы пришли к выводу, что применение ментальных карт в СРО стимулирует выработку навыков самообучения и поиска информации. Необходимость самостоятельного изучения материала способствует развитию ответственного отношения к обучению, самомотивации, планированию времени, личной активности в поиске интересующей информации. Так, в качестве достоинств использования ментальных карт выступает, прежде всего, гибкость учебного процесса, возможность работать с учебным материалом в индивидуальном и групповом режиме, расширяются возможности варьирования способов решения дидактических задач. Студенты становятся более активными, демонстрируют интерес к предмету и методам обучения, учатся критически оценивать свои навыки и умения, участвуя в групповых дискуссиях. Такая модель обучения обеспечивает раскрытие внутренних резервов студента, его творческого потенциала и личностных профессионально значимых качеств.

*Трубицкая Л.А.  
старший преподаватель  
кафедры физической культуры и спорта  
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева,  
г.Астана, РК*

## **РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ КАК НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ СОВРЕМЕННОГО СПЕЦИАЛИСТА**

Физическая культура в высшем учебном заведении является неотъемлемой частью формирования общей и профессиональной культуры личности современного специалиста. В настоящее время требования к современному специалисту существенно возросли. Он должен быть профессионально грамотным, способным к саморазвитию, самосовершенствованию, уметь взаимодействовать и организовывать совместную деятельность, обмениваться информацией, планировать общую стратегию. Конструктивное сотрудничество невозможно осуществлять без коммуникативных способностей. Высокий уровень выпускников вуза напрямую зависит от их коммуникативных способностей. Формирование коммуникативных способностей у

студентов процесс не простой и длительный. Каждая личность имеет свои индивидуальные черты и степень коммуникабельности. Физическое воспитание студентов, как будущих специалистов, должно быть тесно связано с развитием коммуникативных способностей.

На развитие коммуникативных способностей оказывает влияние непосредственное общение студентов между собой и с педагогами. Физическая культура является одной из немногих дисциплин, где это общение происходит в полной мере. Именно на занятиях физической культуры происходит формирование коммуникативных способностей, знаний, умений и навыков.

Спортивные игры являются одним из разделов и средств физической культуры в вузе. По мнению многих современных педагогов, формирование коммуникативных способностей лучше всего будет происходить в спортивных играх.

Рассмотрим спортивные игры в контексте средства физической культуры. Спортивные игры — это индивидуальные или командные виды игр, в которых действия соперников направлены на овладения и действия (определяемые правилами игры) с общим для всех участников предметом игры с целью достижения победы над соперником.

Во время занятий по спортивным играм каждый участник игры вынужден переключаться с одного игрового действия на другое (с игры в защите, на игру в нападении и т.п.), быстро и точно принимать решения в сложных ситуациях, концентрировать внимание в процессе занятия.

Игровые действия очень разнообразны и направлены на усвоение обобщенного способа действий, при этом, поставленные задачи перед участниками игры, решаются выбором того или иного игрового действия. По своей сути багаж усвоенных игровых действий необходимо применять в постоянно меняющихся игровых ситуациях. Каждый участник игры может импровизировать во время игры, принять решение действовать самому, брать на себя ответственность. Поэтому мы считаем игры наиболее результативной формой образования.

Исторически сложилось, что спортивные игры — это командные виды спорта, поэтому как бы хорошо каждый участник не овладел игровыми действиями, ему приходится контактировать с другими участниками своей команды. Очень сложно добиться победы, если каждый сам по себе, без командных взаимодействий. Общение со своими товарищами по игре, с преподавателем, с соперниками, будет способствовать развитию коммуникативных способностей. Рассмотрев специфику спортивных игр, можно сделать вывод, что они развивают такие психофизические качества как: коммуникабельность, конкурентоспособность, мобильность. Все эти качества наиболее востребованы в социально-экономических современных условиях.

В каждой игре происходит воссоздание межлических отношений: взаимовыручка, взаимопомощь, сотрудничество, а вместе с тем и соперничество, противоборство. Межлические отношения могут быть яркими и эмоциональными, в зависимости от направленных стремлений.

Так же игра вызывает положительный эмоциональный фон, что, в свою очередь, создает положительное отношение учащихся к занятиям физической культурой. Надо отметить и соревнование, которое вызывает сильнейший эмоциональный отклик у студентов. Ни для кого не секрет, что однообразная деятельность приводит к быстрому утомлению и приводит к нежеланию заниматься.

Учащийся во время игры должен четко учитывать свое местоположение на площадке и всех участников игры, понимать своих партнеров с полуслова, выбирать и выполнять действия при помощи указаний. В спортивных играх очень важно общение между партнерами и согласованные действия между ними. Игроки заранее планируют, какие действия будут осуществлять в сложных игровых ситуациях. При этом очень важно чтоб об этих планах не догадался противник. Вот здесь и вступают невербальные средства



общения (мимика, жесты, знаки и т.п.). В спортивных играх очень важно знать невербальные средства общения. Зная личностные особенности своих товарищей по команде, их коммуникативное поведение, позволит объективно оценивать партнеров по общению, находить более выгодные позиции взаимодействия.

Нередко в вуз поступают ребята, имеющие опыт в игровых видах спорта. Они заметно отличаются от студентов, которые не имеют такого опыта. У них более развито предвидение и прогнозирование действий всех участников игры, как соперников, так и товарищей по команде. В этом случае процесс общения может происходить как воспринимающий, познавательный, формируется целостный образ предмета или явлений окружающей среды.

Основной формой физической культуры студента является практическое занятие. Насколько успешно будет проходить учебный процесс, напрямую зависит от преподавателя физической культуры, качественной подготовки к проведению занятия.

В Евразийском Национальном университете имени Л.Н. Гумилева (ЕНУ) формирование групп на занятиях по физической культуре осуществляется следующим образом: не менее 30 человек в группе, юноши и девушки занимаются отдельно, а также формируются специальные медицинские группы из числа студентов с ослабленным здоровьем. Сложность формирования групп заключается в том, что группа на физкультуре может состоять из девушек нескольких специальностей, различных академических групп, в рамках одного факультета и потока. Наблюдая за студентами первого курса, мы пришли к выводу, что имеются трудности формирования межличностных контактов. Но, при правильном построении учебной деятельности, внедряя методы сплочения, можно добиться очень хороших результатов. У студентов расширится круг общения. Уровень взаимоотношений у студентов повысится не только со студентами своей группы, но и со студентами других групп.

Умение пользоваться жестами, мимикой и другими невербальными способами общения, как наиболее эффективными и информативными, необходимо именно в игровых видах спорта. Они позволят быстро менять уровень активности, повлиять на поведение и деятельность партнеров по команде. Если в учебном процессе, а именно на занятиях по физической культуре, целенаправленно использовать невербальные способы общения, это будет способствовать развитию коммуникативных способностей студентов и сплочению коллектива. Процесс обучения невербальным способам общения — это процесс приобретения знаний в этой области, который позволит студентам освоить умения в общении для дальнейшей трудовой деятельности.

Любому государству требуются специалисты, отвечающие запросам современного мира, умеющие хорошо ориентироваться в сложных жизненных ситуациях, быть гибкими, профессионально грамотными, проявлять интерес к своим результатам труда. Формирование яркой личности, знаний и умений, морального облика, творческого потенциала - в этом и заключается основная задача высшего образования. Новые образовательные стандарты и программы должны постоянно совершенствоваться и меняться, в зависимости от современных требований к будущим специалистам. Образовательные стандарты должны ориентироваться на мировые тенденции. Современные специалисты должны быть конкурентоспособными.

*Турспенбетова С.Т., Маханова Н.Б.*  
*Қорқыт Ата атындағы ҚУ,*  
*«Дене шынықтыру және БЭД» кафедрасының*  
*аға оқытушылары*  
*Қызылорда қ., ҚР*

## **ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ЖҮРГІЗІП ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Дене тәрбиесінің жалпы міндеттерімен қатар оның тәрбиелік, тәлімдік, нұсқаушылық бағыты оқушылардың сабақ барысында және үй жағдайында өзіндік шынығуына ықпал етуі де өне маңызды.

Дене тәрбиесі сабағының тиімділігін арттыру, ол пән мұғалімін тек дене жүктемесінің орындалу деңгейіне ғана емес, сонымен бірге оқушы сабақта қандай білім, тәрбие және дағды алды, оны күнделікті өмірде нақтылы жағдайда пайдалана алды ма? Және өзге іс-әрекеттерінде осы алған білім, дағдыларын қаншалықты жүзеге асыра алды – деген мәселелер де толғандыруы тиіс. Мектепте оқушыларға дене тәрбиесінен білімді бірінғай теория (ақпарат)түрінде беру дұрыс емес. Оқушылардың дене қабілеттері мен қозғалыс дағдыларын дамыту үшін бір бағытта ғана емес, сонымен бірге сабақ өткізудің әдіс-тәсілдерін жан-жақты тиімді қолдану және жаттығулар мен жүктемелерді қиыннан оңайға, оңайдан қиынға ауыстыра жүргізу принциптері арқылы қол жеткізуге болады.

Тәжірибе көрсеткендей дағды мен жаттығуларды орындай алу қабілетін қалыптастыру балалардың алдарына қойған міндеттерді түсіне, сезіне алуына байланысты. Оқушының жаттығуларды орындаушылық қабілеті, ол дене әзірлігі жағынан қаншалықты дайын болуына байланысты. Мұғалім осы бағытта оқушылардың бойындағы ізденушілік, белсенділік, жинақылық сияқты қасиеттерін дамытуға ұмтылуы тиіс.

Баланы дене шынықтырумен үнемі айналысуға және өздігінше дене жаттығуларын орындауға қалай қалыптастыруға болады? Салауатты өмір салтын ұстануына қалайша ықпал етуге және оқушы денесінің дамуы үшін оған қандай көмек көрсетуге болады? – деген осы және өзге де сұрақтар дене тәрбиесі пәні мұғалімін үнемі ойландыруға тиіс. Оған бір жақты жауап беруге болмайды. Әрбір мұғалім балалармен жұмыс істеуде өз мүмкіндігі мен жұмыс жағдайына қарай жол іздейді. Ауыл мектептерінде бұл жолдарды шешудің өзіндік жолы мен мүмкіндіктері, ерекшеліктері бар.

Ауылдық жердегі аз ғана оқушы саны бар, спорт залы жоқ мектептерде спорт залдардың орнын шағын жинақты мектептердің жанындағы спорт алаңдары немесе дене жаттығуларын жүргізетін арнайы жабдықталған орындар алмастырады.

Мектеп жанындағы спорт алаңында 80-110 метр ұзындықтағы жүгіру, айнала жүгіретін 180-200 метр жол, стандартты емес шағын футбол, баскетбол, алаңы және ұзындыққа секіретін шұңқыр болуы керек. Жас және жыныс ерекшеліктеріне қарай әртүрлі биіктікте тартылуға арналған белтемірді және өрмелеуге баспалдақтарды қарапайым ағаштан жасау көп қаржыны, құрал-жабдықтарды қажет етпейді. Спорт алаңында гимнастика, басқа да спорт түрлеріне арналған жабдықтар қаншалықты көп болса, сабақ та қызықты және өз деңгейінде өтеді, тығыздығы артады.

Дала жарысына дайындық сабақтары үшін әр түрлі қашықтықта секіріп өтетін арықтар, ойлы-қырлы жерлердің болғаны дұрыс. Ауа-райы қолайсыз болған жағдайда мектептің кіре берісін пайдаланған тиімді. Мектеп кіре берісінде гимнастика құралдары үшін орын табуға және жиналмалы үстел теннисін құруға болады.

Жылбойы ашық ауада өткізілген дене жаттығуларымен сабақ ағзасын шынығуы үшін тиімді, шыныққан ағза суық тиіп аурудан қорғайды және кез-келген ауруға қарсы тұратын болады.

Мектеп жанындағы ашық спорт алаңдарында орындалған дене жаттығулары мен ойындар оқушылардың дене бітімінің жан-жақты дамуына, дұрыс мүсін қалыптасуына жақсы әсерін тигізеді.

Таза ауада жаттығулар өткізу оқушылардың қозғалыс дағдыларының шеңберін кеңейтеді. Балалар табиғи кедергілерден өтуге, жаңа жағдайға бейімделуге үйренеді, өзіндік белсенділігін таныта бастайды. Таза ауадағы дене жаттығулары балаларды қоғамдық пайдалы еңбекке тартуға ықпал етеді. Қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастырады.

Мұндай сабақтарға дайындала отырып, оқушылар сабақ өткізілетін орынды таза ұстауға үйренеді және өздерінің күштерімен әртүрлі шағын құрал-жабдықтар дайындауға дағдыланады. Бұрын бәрі дене тәрбиесі сабақтарының тәрбиелік және білімділік мәнін барынша арттырады.

Шағын жинақты ауыл мектептеріндегі жұмыстың өзіндік ерекшелігі, тиімді жақтары мен қиыншылық тұстары кездеседі. Мұғалім әрбір оқушыны жақсы біледі, жеке үйретуге, жеке жұмыс жасауға да мүмкіндігі болады, сабақтың тығыздығы ұлғаяды, орта және кіші жастағы оқушылардың бір-біріне өзара көмек көрсету мүмкіндігі болады және мұғалім әрбір оқушыны назарында ұстайды. Дегенмен де оқушылар санының аздығы спорт сабақтарының кейбір түрлерін жүзеге асыруда қиындықтар туғызады. Әсіресе командалық ойындарды.

Дене тәрбиесі сабағының балалар үшін ең қызықтысы – бұл жарыс түрінде өткізу. Оған қатысқан оқушы жоғары көрсеткішке жетуге ұмтылады, жеңіске жетеді, бұл қажетті психологиялық және дене қабілеттерінің күш ептілік, икемділік, жылдамдық, төзімділік дамуына көмегін тигізеді.

Шағын жинақты мектептерде спорт жарыстарын ұйымдастырудың қиындығы бірінғай жастағы балалар санының шектеулігі, өйткені бір сыныпта кейбір жағдайда 3-4 баладан ғана келеді. Мұндай жағдайда жұмыс пен бәсекенің мәні жоғалады, ал олардың сабаққа деген қызығушылығын төмендетеді. Әр түрлі жастағылардан команда құру қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы болып табылады.

Сондықтан шағын жинақты мектептерде дене тәрбиесінің мәселесін шешудегі маңызды бағыт бірнеше сыныптардағы оқушыларды біріктіре отырып, жас және жыныс ерекшеліктерін ескеріп топтар құру болып табылады. Оқушыларды біріктіру сабақ санын аптасына үш-төрт сағатқа көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда екі сабақ дене тәрбиесі пәні бойынша бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Одан басқа мұғалім сабақ кестесі шеңберінде барлық оқушылар үшін оқу бағдарламасын кеңейте, жетілдіре отырып, спорт сағатын өткізе алады. Сонымен бірге спорт үйірмелері мен спорт мерекелерін ұйымдастыру үшін, әр түрлі жас топтарымен сабақ өткізу мен сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін де уақыт бөлу керек. Бұл ауыл жағдайында ерекше маңызды, өйткені ауыл мектебі – ондағы жұмыс істеп тұрған бірден-бір мәдениет және сауықтыру орталығы болып табылады.

Сыныптарды біріктіру кезінде әңгіме, лекция өткізуге «Денешынықтыру» пәні бойынша мәліметтер беру мен салауатты өмір салты бағытында да уақыт табылады. Әрине, дене жаттығулары арасындағы демалыс уақытында теориялық білім курстарын айту тиімді болады. Теориялық бөлімде салауатты өмір салты, дене шынығуын дамыту, өздігінше жаттығу жасау, ден жаттығуларын жасаудың техникасы, жарақат алған кездегі алғашқы дәрігерлік көмек, спорт тарихы, спорт түрлерінің ережелері сияқты мәселелер төңірегінде кеңінен айтуға болады, Мұғалім мектеп бағдарламасы және жеке өзінің іс-тәжірибесі негізінде жас ерекшеліктеріне қарай, әрбір жеке оқушы үшін қажетті білім деңгейін анықтай алады. Лекциялар өзара пікірлесулер оқушылардың хабарламалары, рефераттар жазу оқушының денешынықтырумен саналы түрде шұғылдануына ықпалын тигізеді. Теориялық сабақтар далада ауа-райының жағдайына байланысты жоспарлы немесе арнайы сабақ

ретінде өтілуі мүмкін. Мұндай кезде мұғалім алдын ала таңдап алған теориялық материялын пайдаланады., ол материялдың барлық уақытта жанында жүргені дұрыс.(күтпеген қолайсыз жағдайларға дайын болуы керек)

Дене жаттығуларын саналы үнемі жасау,ағзада болып жатқан морфофункционалдық, психо-педогогикалық, физиологиялық процестерді білуге мүмкіндік жасайды,оқушының өздігінше жұмыс жасауына белсенді ықпал етеді. Оқушылардың теориялық курсты меңгеруі үшін керекті әдісті мұғалім өзі жасайды. Мұндай бақылауды сауалнама жүргізу арқылы, сұрақтарғаауызша жауап беру арқылы, бақылау жұмыстары, практикалық тапсырмаларды орындау түрінде өткізуге болады.

Дене тәрбиесі сабағына қатысатын оқушылардың санын12-15 адамға дейін көбейтудің өзі оңды нәтиже, бұл ұжым құрылды деген сөз.

Ұжымда оқушы мінез-құлық болмысын, дүниетанымын қалыптастырады. Ол өзінің жақсы қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік табады. Топтар оқушылар арасында да сайысқа түсу мүмкіндігі туады.

Оқушылар саны аз сыныптарды біріктіре отырып, оқушыларды жақындастырудың, достықтарының нығаюына жол ашылады. Бірлескен ұжымда жарыстар, әр-түрлі ойындар өткізуге болады. Әсіресе төменгі сынып оқушыларының шынығуы үшін қажетті әр түрлі ойындар өткізу аса маңызды. Бірақ әртүрлі қимыл-қозғалыс әрекеттерінен тұратын болса тиімді болады.

Ауыл мектептеріндегі дене тәрбиесінің мәселелерінің ата-аналар көмегінсіз шешу мүмкін емес. Өз балаларына көмектесу үшін ата-аналар дене тәрбиесі сабағына не қажет екенін білу керек. Оқу жылы басталғанға дейін ата-аналар жиналыстарында, белсенді демалыс, таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар, шынығу сияқты мәселелерге, сонымен қатар оқушылардың үй тапсырмасын орындауына бақылау жасауға көңіл бөлуі керектігін баса айту аса маңызды.

Дене жаттығуларымен айналысудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін ата-аналардың жеке үлгісі қажет, өйткені тек мектеп жасында ғана үлкендердің беделі, педагогикалық әсер етуі әлдеқайда жоғары болады.

Сыныптан тыс жұмыстар оқу жұмысының жалғасы болып табылады. Сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылдануды оқушылардың өздері таңдаған спорт түрлерінен қосымша білім алуына мүмкіндік беру, қозғалыс белсенділігін арттырудың тиімді жолы деп қарастырған жөн. Жүйелі түрлі әдіс-тәсілдер мен жұмыстың барлық түрлерін пайдалану арқылы ғана дене тәрбиесінде жоғары нәтижелерге жетуге болады. Бұл тұста қол еңбегіне қатысудың да ықпалы зор.

Мектепте әр түрлі жастағы топтардан үйірмелер құру, спорттың әр түрінен мектепшілік жарыстар өткізу оқушылардың спорттық шеберліктерін жетілдіруге, өз тілектері мен қызығушылықтарына сай бос уақыттарын дұрыс пайдалануларына мүмкіндік береді, өзара қарым-қатынас аясын кеңейтеді.

Спорт пен дене тәрбиесіне байланысты мұндай сабақтарды жақын орналасқан көрші мектеп оқушыларын да қатыстыра өткізген пайдалы. Ол балалар өміріне өзгеріс енгізеді, іс-шараға қатысушылардың қызығушылықтарын арттырады, эмоциялық күйін жақсартады, байытады, оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастырады. Жеке тұлға ретінде дамуына оң ықпал етеді, балалардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін тануына жағдай туғызады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Есіркепов Ж.М. Шағын кешенді мектептердедене шынықтыру сабағын жүргізіп, ұйымдастыры. Рқу құраы. – Қызылорда, 2007. – 56 б.
2. Пензулаева Л.И. Физическое воспитание в малокомплектной школе. – М.: Просвещение, 1990. – 82-83 с.

*Турспенбетова С.Т., Маханова Н.Б.  
Қорқыт Ата атындағы ҚУ,  
«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасының  
аға оқытушылары  
Қызылорда қ., ҚР*

## **БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫН ҮЙРЕТУДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ІСКЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Соңғы жылдары шағын кешенді ауыл мектептеріндегі оқушылардың президенттік сынамаларды тапсыруға дене дайындық деңгейлері төмен болып отыр. Бұл көрсеткішті мұғалімнің шеберлігінің, білімінің, іскерлігінің төмендігінен деу керек. Сабақ құрылымдарының дұрыс ұйымдастырылмауы және сабақ уақытын тиімді пайдаланбаудың әсерінен оқушылар жылдамдық, ептілік, төзімділік, икемділік дене қасиеттерін тиісті деңгейде қалыптастыра алмайды. Бұл аталған дене сапалары қимыл-қозғалысқа, ойындарға қатысу арқылы ғана жүзеге асып отырады. Сондықтан мақалада болашақ шағын кешенді ауыл мектептерінде дене шынықтыру мұғалімі болып жұмыс жасайтын мұғалімдегі дәстүрлі емес жаттығуларды қолдану арқылы оқушылардың қозғалыс іскерлігін қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Болашақ денешынықтыру мұғалімдерінің дене және техникалық дайындығы бағдарламадағы оқу материалдарын меңгеру үдерісінде жүзеге асатыны белгілі.

Оқушылардың қозғалыс іскерлігі мен қимыл дағдыларын қалыптастыру дене тәбиесінің негізгі мәселерінің бірі болып табылады [1].

Қандай да бір нақты жаттығуды орындау техникасын меңгеру, мысалы, волейболдағы допты беру немесе баскетболдағы допты себетке түсіру ғана нәтиже болып есептелмейді, нәтиже сондай-ақ, қозғалыс сауаттылығы мен көзбен мөлшерлеуді дамыту, қозғалыстың қимыл-қозғалыстың жаңа түрлерін жылдам үйрену, адамның жүйке-техникалық және вегетативтік қызметтерін дамыту болып табылады [2].

Қозғалыс іскерлігі спортпен шұғылданушыға тиімді қозғалыс жасау үшін керек. Ал, қозғалыс іскерлігін қалыптастыру денежаттығуларын орындау арқылы жүзеге асады. Оқушыда бұл қабілет әртүрлі спорттық және қимыл ойындары, дене жаттығулары көмегімен дамиды. Оқушылардың жетілуі белгілі бір жаттығумен немесе әртүрлі жағдайларға байланысты бірін бірі алмастыра алатын жаттығулар тобымен қалыптасуы мүмкін. Осыған байланысты қозғалыс іскерлігінің төрт түрі анықталды:

Бірінші түрі - қойылған шартқа сәйкес қозғалыс әсерін дәл орындау іскерлігі. Іскерліктің бұл түрі гимнастика жаттығулары, жеңіл атлетика және кеңістікті күш параметрлері белгіленген арнайы жаттығулар арқылы қалыптасады.

Екінші түрі - тез өзгертін, күтпеген жағдайда тиімді әсер жасау икемділігі. Іскерліктің бұл түрі түрлі спорттық ойындар арқылы қалыптасады. Бұл қозғалыс іскерлігінің нәтижесі тиісті әрекетті жедел таңдау және оны тез орындауда байқалады.

Үшінші түрі - қарсыластың қарсы әрекеті жағдайында жасалған тиімді әрекеттің қозғалыс іскерлігі. Іскерліктің бұл түрі күрес, бокс сынды спорт түрлерімен дамиды.

Төртінші түрі - қарқынды бұлшық ет еңбегі жағдайындағы әрекет бағдарламасын тез анықтайтын қозғалыс іскерлігі. Іскерліктің бұл түрі бағдарлау арқылы дамиды.

Оқушының бойында аталған барлық төрт қасиетті қалыптастыру қажет, өйткені олар барлығы бірге болған жағдайда ғана қозғалыс, ой-әрекеті және қозғалыс сауаттылығын

дамытуға әсер етеді. Сондықтан шағын кешенді ауыл мектебінің жағдайын ескере отырып, бірін-бірі алмастыратын жаттығулар түрін таңдауға болады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыратын дидактикалық жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындары жаттығулары арқылы қалыптасады. Бірақ, бұл жаттығулардың белгілі-бір дәрежедегі кемшіліктері бар. Шағын кешенді ауыл мектептерінде дене шынықтыру сабағында оны пайдалану қиын, өйткені мектеп бағдарламасына енген волейбол, баскетбол, футбол сияқты ойын түрлеріне белгілі-бір қатысушылар саны қажет, оған шағын кешенді ауыл мектептерінде мүмкіндік жоқ. Жеңіл атлетикалық және гимнастикалық жаттығулар толық кешенді мектептердегі әдістермен орындала алмайды, өйткені сабақтағы оқушылардың дене жасы мен дене дайындығында айырмашылықтар бар [3].

Шағын кешенді ауыл мектептерінде жұмыс істейтін мұғалімдерді дайындағанда жұппен немесе жеке орындалатын жаттығулар нәтиже көрсетті. Спорттық ойындардан бадминтон, үстел теннисі, ырғақты және атлетикалық гимнастика, серігімен бірлесіп жұмыс жасау барысындағы іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру үшін жекпе-жек элементтері бар ұлттық қозғалыс ойындары пайдаланылады.

Жаттығуларды орындау техникасына үйретудің дидактикалық іскерлігі іскерліктің жалпы тобы ретінде қарастырылды. Оның ішінде іскерліктер бөлініп көрсетілді:

- жаттығуларды орындау техникасын түсіндіру;
- жаттығуларды көрсету;
- жеке ерекшелітерін ескере отырып оқыту әдісін таңдау;
- қателіктерді анықтау және түзету;
- қозғалыс іскерліктерінің қалыптасуын бақылау және басқару.

Жаттығуды көрсетудің дидактикалық іскерлігі дененің тіреу нүктесінің орнын белгілеу арқылы жаттығуды толық немесе бөлшектеп дұрыс орындау іскерлігінен құралады.

Жеке жаттығуларды үйретудің түрлерін таңдаудың дидактикалық іскерлігі жаттығуларды көрсетіп, оған ерекше көңіл бөлуге жағдай жасау арқылы, оқушының мүмкіндігін ескере отырып толық немесе бөлшектеп дұрыс орындау іскерлігінен құралады.

Қателерді анықтау және жөндеу іскерлігіне көп кездесетін қателерді білу, белгілі бір оқушының қателігін анықтау және оны жоюдың дайындық және бейімдеу жаттығуларын пайдалану арқылы тиімді әдістерін қолдану іскерлігі жатады.

Қимыл-қозғалыс іскерлігін басқару және бақылаудың дидактикалық іскерлігі қимыл-қозғалыс іскерлігі мен дағдылардың деңгейін бағалаудан сәйкесінше оқыту үдерісін түзетуден құралады.

Жеке іскерліктерді игерудің әртүрлі дәрежеде болуы тәжірибе арқылы белгіленеді. Тәжірибе теннис добын лақтыру барысында қозғалыс әрекетіне үйретудің іскерлігін бағалау мақсатында жүргізілді. Тәжірибеге жұмыс тәжірибиелері үш жыл мен он жыл арасындағы 42 дене шынықтыру мұғалімдердері (ерлер) қатысты. Нәтижелер 1-кестеде берілген.

1-кесте. Теннис добын лақтыру техникасын үйрету іскерлігі деңгейінің бағасы.

№	Жеке іскерліктер	Барлығы	Баға алған мұғалімдер саны		
			қанағат-сыз	қанағат-лық	жақсы
1	Орындау техникасын түсіндіру	42/100%	7/17%	31/74%	4/9%
2	Жаттығуды көрсету	42/100%	-	26/55%	19/45%
3	Үйрету әдісін таңдау	42/100%	5/12%	27/65%	9/23%
4	Қатені анықтау және жөндеу	42/100%	17/41%	21/50%	4/9%

Кестеде көрініп тұрғандай, денешынықтыру мұғалімдері дене жаттығуын үйретудің жеке іскерліктерін біршама игерген. Мұғалімдердің 45%-ы жақсы баға алды. Бірақ жаттығуларды орындау техникасын үйретуде мұғалімдердің 9%-ы ғана жақсы бағаланды. Оқытудың әдісін таңдауда мұғалімдердің 23%-ы жақсы баға алды. Мұғалімдердің нашар меңгерген іскерлігі – қатені анықтау және жөндеу болды. Мұнда мұғалімдердің 41%-ы қанағаттанарлықсыз баға алды. Мұғалімдер деңгейлерінің әртүрлілігі олардың дене дайындығы, спортқа мамандануы, тілді және спорттық терминдерді меңгеруі, жекелеген және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты анықталды.

Осы дидактикалық іскерліктерді тәбиелеу үшін екі оқу тәртібі белгіленді: 1) дидактикалық әрекеттерді оқытудың әдістемелік негіздері; 2) мектептің дене тәрбиесі бағдарламасының жаттығулары, ырғақты және атлетикалық гимнастика, бадминтон, үстел теннисінің қозғалыс іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру және орындау техникасын үйрету әдістемесі.

Болашақ шағын кешенді ауыл мектептерінде жұмыс жасайтын дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жоғарыда аталған (күрделі спорттық құрал-жабдықтарды қажет етпейтін) дәстүрлі емес жаттығуларды мектептің оқу бағдарламасына енгізіп жұмыс жасаған жағдайда оқушылардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығы артып, дене сапалары жетіліп, қимыл дағдылары қалыптасатынын тәжірибе нәтижелері көрсетті.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Беляева Н.Т., Виленский М.Я. Самовоспитание средствами физической культуры в системе профессиональной подготовки будущего учителя // Роль физического воспитания в личности будущего специалиста, часть 1. – Таллин, 1982. – С. – 9-10.
2. Вайнбаум Я.С. Дозирование физических нагрузок школьников. – М.: Просвещение, 1991. – 64 с.
3. Переверзев В.С. Развитие способности школьников 7-8 классов управлять двигательными действиями как фактор повышения эффективности уроков физической культуры: автореф. дис... канд. пед. наук. – М.: 1985. – 24 с.

**Тыныбек Ж.Қ.**

*Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2-курс студенті*

**Ғылыми жетекшісі: Есіркепов Ж.М.**

*Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.  
Түркістан қ., ҚР*

## **ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ**

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін және спортты сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастырудың өзектілігі артуда.

Н.Ә.Назарбаев: «Спорт - игілікті іс. Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін», - деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін делелдейді.

Дене мәдениеті өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты

болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке даярлауға қызмет етеді. Бұл мәселе «2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2015-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан [1, 2, 3].

Тәуелсіз еліміз үшін адамның денесінің сау болуы үлкен маңыздылыққа ие. Еліміздің өндірістік потенциалы мен қорғаныс қызметіне тікелей кері есер етіп отырған жағдай, елдің ертеңгі болашағы, жалпы орта мектептеріндегі оқушылардың денсаулықтарының өте төменгі деңгейде болуы. Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесін, заманауи технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен байланыстыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене мәдениетінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Дене мәдениетінің әлеуметтік және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес жалпы орта мектеп оқушыларының дене тәрбиесін жетілдіру үшін қажет. Дене мәдениеті тек мектептегі дене тәрбиесі сабағында ғана емес, ол сабақтан тыс уақытта денсаулыққа байланысты қажетті шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі жалпы орта мектептерде дене тәрбиесінің жүйесі мектеп оқушыларының денсаулықтарын нығайтумен қоса, олардың бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі пәнін оқыту үрдісінде мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру үдерісіне тікелей байланысты. Оқушыларға дене тәрбиесінен білім беру тарихи-педагогикалық тұрғыда анықталып, мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі жағдайы мен мүмкіндіктері айқындалып, оқу үдерісі мен сыныптан тыс жұмыстарда, спорт түрлері бойынша үйірмелерде, оқушылардың өз беттерінше денені шынықтырып, дене мәдениетін қалыптастыратын арнайы әдістемесі қолданылса, онда дене тәрбиесі және спортқа қызығушылық оқушылардың денесін шынықтырумен қатар, денсаулығы нығайып, дене бітімін жақсартады, салауатты өмір салты мен дене мәдениетін қалыптастыруға, спорттың - әлемдік бейбітшілік құралы ретінде танып білуіне жол ашылады, дене тәрбиесі және спортқа қызығушылықтың теориялық материалын терең меңгеруге, жалпы орта мектеп оқушыларында дене мәдениеті қалыптасып, дені сау болып тәрбиеленеді, өйткені дене тәрбиесі сабағы мен спорт үйірмелері сабақтан тыс тыныс тіршілігіне оң ықпал жасай алады. Орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылыққа негізделген, болашақ жас ұрпақты салауаттылық пен дене тәрбиесін рухани тұтастықта қарастыратын оқу-тәрбие үдерісі еліміздің жарқын болашағына сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Дене мәдениетінің мәнін түсіну үшін алдымен олардың мағыналы мазмұнын анықтап алу қажет. Дене мәдениеті - адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға, қозғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында қоғамның жасайтын және пайдаланатын рухани, материалдық құндылықтарының жиынтығы. Дене мәдениетінің көптеген аурулардан және зақымданған кезден кейін жұмысқа қабілеттілікті қайтадан қалпына келтіруде және әрмен қарай денсаулықты жақсартуға көмегі зор екені белгілі. Дене мәдениетінің тағы бір атқаратын аса маңызды қоғамдық қызметі бар. Ол - қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастырудың ең басты құралы болып табылады. Білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің негізгі мақсаты



ретінде мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі көрсетілуде. Бұл мақсат үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің сабақтастық принципін бейнелейді; онда мәдениет аясында жеке толыққанды өмірдің субъектісі сапасында өзін-өзі анықтауға бағытталған перспективамен оқыту идеясы да айтылған. Осындай интегративтік мақсатпен осы мәдениеттің индивидте, оның жалпы мәдениетінің бөлшегі ретінде дамытудың шикізаты болып мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру алынады.

Орта мектептерде оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру тұтасымен оның жас ерекшелік және басқа да қасиеттерімен сәйкес дене сапасы, қабілет, мүмкіндік жүйелерін дамытудың ең жоғарғы дәрежесіне мақсатқа бағытталған, біртіндеп және бірізді жақындау дегенді білдіреді.

Орта мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру деңгейінің жоғарыда баяндалған сипаттары, мектеп оқушыларының зерттеліп отырған іс-әрекеттің диагностикасы бойынша тапсырмалар жүйесін іріктеу қажеттілігін көрсетеді.

Орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер атқарылуы тиіс:

- денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;
- өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;
- қозғалыс қабілеттерін дамыту және үйлестіру;
- дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;
- денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілеттерді үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру;
- адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту.

Дене мәдениеті бойынша бағдарламалық материалдарды оқушылар ойдағыдай меңгеруі үшін мынадай талаптарды орындайды:

- дене тәрбиесі сабақтарына міндетті түрде қатысу;
- өзінің денесінің даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін жетілдіру;
- жыл ішінде бағдарламалық материалдың негізгі бөлімдері жөніндегі бақылау көрсеткіштерін орындау;
- мектепте спорттық-бұқаралық бағытта өткізілетін іс-шараларға және денені шынықтыру-сауықтыру жұмыстарына белсене қатысу;
- дене тәрбиесі пәнінің мұғалімінің нұсқау-кеңестерін пайдалана отырып, дене жаттығуларын өз бетінше жасау;
- дене тәрбиесі пәніне қосымша бағдарламаның теориялық бөлімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану;
- әрбір оқу жылында бітіретін сыныптарда дене мәдениеті бойынша білімін анықтау үшін сынақ тапсыру;
- әрбір оқушының жеке спорт киімінің болуы.

Дене мәдениетін қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру, қажетті міндеттер үш тобын құрайды. Олар - сауықтыру, тәрбиелік және білім беру міндеттері [4].

Оқушылардың дене мәдениеті бойынша білімі мен тәрбиесіне, олардың дене мәдениетін қалыптастыруға біршама ғылыми зерттеулер арналған. Алайда, аталған жұмыстарда жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, олардың тұлғалық дамуын ескерумен байланысты ерекшеліктер жеткілікті ашылмаған. Сонымен қатар, мемлекеттің одан әрі дамуы, жақын болашақта дене тәрбиесі және спорт саласында кәсіби іс-әрекетпен айналыса бастайтын оқушылар тұлғасының дене мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан, жалпы білім беру жүйесінде еліміздің жалпы орта мектептерінде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады және білім беруде дене тәрбиесіне, оқушылардың

салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесі мен дене мәдениеті және спортты дамытуға орай білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Осыған байланысты, жалпы орта мектептерде оқушыларға дене тәрбиесін оқытудың мақсаты, оларда дене мәдениетін қалыптастыру, заманауи технологиялар негізінде оқытып, үйрету мен білім беруді басқаруда пайдалану туралы білімді меңгеру, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оны жетілдіру мен еңбек етуге, отанды қорғауға дайындау болып табылады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы» «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 27 қаңтар.
2. «Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2015-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 11.01.2016.
3. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. 2020.
4. Уанбаев Е. Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі // Оқу құралы. – 2017. – 276 б.

*Укенова Т.М.*

*1 курс студенті*

*КӨУ А.Байтұрсынов атындағы, Қостанай , ҚР*

*Ғылыми жетекші : Ақанов Ш.Қ.*

*КӨУ А.Байтұрсынов атындағы ,*

*Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқутушысы*

### **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚУТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**Аннотация:** Бұл мақалада жаңа технологияларды қалыптастыра отырып , студенттің дене белсенділігін арттыру мәселесі қарастырылады. Осы тақырыпқа оқуыдағы әр түрлі жаңа технологиялар анықталды. Болашақ белсенді маманды қалыптастыру үшін ұсыныстар анықталды.

**Кілт сөздер:** белсенділік, спорт, салауатты өмір салты, білім беру жүйесі , жаңа технологиялар, ақпараттандыру, күш-қозғалыс, жаттығулар, жас маман, болашақ маман.

#### **I. Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан жас маманның дене тәрбиесін қамтасыз етеді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Ал білімді бастаушы мамандар осы жоғарғы оқу орнында тәрбиеленеді. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің білімі саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім .

**II. Өзектілігі мен мақсаты:** Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан жас маманның дене тәрбиесін қамтасыз етеді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы

кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Ғылыми жаңалық: Денсаулық - Дүниежүзілік денсаулық сақтау (ДДС) ұйымы анықтағаны бойынша - бұл аурудың және физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, ол дегеніміз толық физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқат; Адам денсаулығы - өмірдегі ең маңызды құндылық. Оны ешқандай ақшаға сатып алуға да болмайды, оны қорғау, жақсарту және жетілдіру, нығайту қажет дейді. Қозғалыс белсенділігі, дене шынықтыру және спорт адамның күші мен қуатын, оның физикалық қасиеттері мен қабілеттерін дамытудың және нығайтудың жалғыз құралы болды және болып қалады. Дәрістер мен семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар, оқу-тәжірибелік практикумдар, сынақ және емтихан сессиялары - болашақ біліктілігі жоғары маманның жеке тұлғасын қалыптастырудың негізгі уақыты. Тәрбие жұмысының барлық түрлері аптасына 15-20 сағаттық оқу жүктемесінен есептеледі, оған аудиториялық және сыныптан тыс жұмыстар, өзіндік жұмыстар, бақылау жұмыстары және т.б кіреді. Осының бәрі студенттерден берік эрудиция мен дайындықты ғана емес, сонымен бірге жинақылықты, жұмысқа қабілеттілігі, жақсы, берік және тұрақты денсаулықты, ерекше назар аударуды және олардың барлық резервтері мен дамуын, дағдылары мен дағдыларын шешу үшін салауатты өмір салты бойынша тікелей пайдалануды талап етеді жоғары білікті маман қалыптастырумен байланысты барлық негізгі міндеттер мен проблемалар.

#### **IV. Негізгі бөлім.**

Осы ұстанымдарды ұстанған жөн ,ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.Дене тәрбиесіндегі жаңа технологиялардың бірі болсын деп айта алатынымыз: оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс; Сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, студенттің дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді. Яғни сабақты бірден емес, бірте-бірте күрделендіру қажет , қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру.

#### **V.Нәтижелер мен талқылау**

Любая сфера человеческой деятельности неразрывно связана с физической культурой, поскольку физическая культура и спорт – общепризнанные материальные и духовные ценности общества в целом и каждого человека в отдельности. Не случайно все последние годы все чаще говорится о физической культуре не только как о самостоятельном социальном феномене, но и как об устойчивом качестве личности. Исторически физическая культура складывалась, прежде всего, под влиянием практических потребностей общества в полноценной физической подготовке подрастающего поколения и взрослого населения к труду. По мере становления систем образования и воспитания физическая культура становилась основным фактором формирования двигательных умений и навыков.

Нововведения, или инновации, характерны для любой профессиональной деятельности человека, не исключением является и физическое воспитание в школе.

Тема инноваций в педагогической деятельности учителей физической культуры очень актуальна на сегодняшний момент. К сожалению, все увеличивается число учеников, освобожденных от занятий физической культурой. Да и большинство не видит интереса в данном предмете. Поэтому для учителей становится все более актуальным вводить новые методики занятий, оценок в свои уроки, чтобы заинтересовать учащихся.

Актуальность современных технологий на уроках физической культуры определяется особой ролью здорового образа жизни на современном этапе развития человечества в целом и каждого отдельного ученика школы в частности. Учитель физической культуры, используя современные технологии, может совершенствовать не только физические качества, а также развивать творческий потенциал обучающихся.

Важное место в профессиональной деятельности учителя отводится здоровьесберегающим технологиям, цель которых, обеспечить школьнику возможность сохранения здоровья за период обучения в школе, сформировать у него необходимые знания, умения и навыки по здоровому образу жизни, научить использовать полученные знания в повседневной жизни. На уроках физической культуры данная технология – это основа основ, она является самой значимой из всех технологий, по степени влияния на здоровье учащихся, так как основана на возрастных особенностях познавательной деятельности детей, оптимальном сочетании двигательных и статических нагрузок, использовании наглядности и сочетании различных форм предоставления информации.

При выборе форм, содержания и методов работы учитывается возраст, пол учащихся, состояние здоровья, уровень их развития и подготовленности. На уроках обеспечиваем необходимые условия в соответствии с санитарно-гигиеническими нормами

Развитие общества сегодня диктует необходимость использовать новые информационно-коммуникативные технологии во всех сферах жизни. Компьютер дома, в школе в настоящее время, уже не роскошь, а средство для работы. Нужно ли использовать средства ИКТ на уроках физической культуры? Разве это совместимо? Ведь физкультура – это, прежде всего движение. Задача учителя на уроке, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы

каждому ученику проявить свою активность, творчество, активизировать двигательную и познавательную деятельность учащегося. Использование новых информационных технологий, Интернет – ресурсов, позволяют достичь максимальных результатов в решении многих задач и на уроках физкультуры. ИКТ позволяют решить проблему поиска и хранения информации, планирования, контроля и управления занятиями физической культурой, диагностики состояния здоровья и уровня физической подготовленности занимающихся. Использование презентаций на уроках позволяет более подробно и наглядно предоставлять теоретический материал, что делает процесс образования наиболее эффективным. Наличие визуального ряда информации позволяет закрепить в памяти. На уроках также возможно проведение тестирования с целью проверки и закреплении знаний учащихся. Во внеурочной работе также можно использовать ИКТ: представление команд, оформление соревнований, описание конкурсов и т.д.

Как показал опыт, полученный при дистанционном обучении из-за пандемии COVID – 19 можно использовать в практике не только ИКТ, интерне-ресурсы, но и гаджеты.

**Онлайн-занятия.** Учителя физической культуры могут воспользоваться этой технологией, чтобы побудить своих учеников улучшить свои навыки, просматривая онлайн-видео и демонстрации презентаций. Благодаря обширной информации, доступной в интернете, учителям физической культуры не составит труда найти учебные видеоуроки, которые могут удовлетворить потребности каждого ученика.

**Мониторинг и трекеры.** Поскольку не все учащиеся обладают одинаковыми физическими возможностями, учителю важно знать, что их ученики могут и что не могут делать. Важно адаптировать программу к конкретному телосложению учащегося, поэтому мониторы сердечного ритма стали критически важными для оценки физической выносливости учащихся и постановки для них упражнений, которые подходят именно к их телосложению. Помимо мониторов сердечного ритма, шагомеры также должны стать незаменимым инструментом во время занятий. Они очень удобны в отслеживании шагов. Они могут отслеживать активность учащихся даже ,когда они не занимаются. Кроме того, шагомеры также засчитывают все движения, когда учащиеся занимаются домашними делами. Шагомер может напоминать о том, что сегодня вы прошли слишком маленькую дистанцию и нужно быть активнее. Это помогает учащимся осознать свой прогресс за целый день и напомнить, чтобы они приложили еще большие усилия.

Очень модным у современных учеников стали «Умные часы». Умные часы - отличная альтернатива традиционному шагомеру в качестве счетчика шагов. Они предлагают больше функций. Например, некоторые умные часы позволяют учащимся получать доступ к своей любимой музыке и слушать ее пока они тренируются. В разных моделях есть приложения, которые могут напоминать учащимся о том, что они принимают лекарства, отслеживать время их сна или записывать их настроение. Некоторые из моделей могут записывать и сохранять пройденное расстояние, а также их скорость. С помощью онлайн-уроков, мониторингов и трекеров учителя физической культуры могут ставить перед учащимися индивидуальные цели и упражнения. В процессе обучения, ученики могут себя чувствовать более заинтересованными и приверженными физической активности, что необходимо для развития здоровых привычек

На уроках очень эффективно применяется способ круговой тренировки, в основе которого лежат три метода: непрерывно-поточный, поточно-интервальный, интенсивно-интервальный. У учеников появился живой интерес к систематическим занятиям физической культурой. Им стало небезразлично, сколько раз они подтянутся на перекладине, сколько раз сделают подъем переворотом, сколько времени продержат угол в висячем положении на перекладине, сколько раз отожмутся. У них постоянно идет соперничество между собой, классами, они стали жить в соревновательном движении. На занятиях физической культурой учащиеся приобретают не только технические навыки, но и навыки организатора. С этой целью ребята самостоятельно разрабатывают комплексы общих развивающих упражнений для разминки, выстраивают индивидуальную траекторию обучения. У ребят воспитываются те качества, которые

характеризуют их отношение к делу: целеустремленность, трудолюбие, добросовестность, настойчивость, самостоятельность, изобретательность. Также развиваются и обязательные специфические волевые качества: решительность и смелость, выдержка и самообладание, настойчивость и упорство, которые необходимы им в будущей трудовой деятельности.

Одной из активных форм организации двигательной деятельности учащихся является танцевальные упражнения и ритмика (фитнес-технологий). Грамотное и целенаправленное внедрение фитнес-технологий в занятия физической культурой для оздоровления, развития и воспитания детей и подростков, является в настоящее время одной из основных и актуальных задач модернизации учебных планов, программ. Ярким моментом на уроке физкультуры являются упражнения под музыку, элементы ритмики и танцев.

В ходе занятий под музыкальное сопровождение можно менять темп упражнений и повышать их интенсивность. Танцевально-ритмическая гимнастика, различные виды аэробики, элементы ритмики находят отражение в той или иной направленности уроков физической культуры: легкоатлетической, гимнастической, игровой и т.д., они способствуют разнообразию используемых средств в подготовительной, основной и заключительной частей урока. Также фитнес - технологии активно используются в различных видах физкультурно-оздоровительной работы. Как показывает практика внедрение фитнес - технологий в урок по физической культуре вызывает положительную мотивацию к уроку, большой интерес и желание заниматься у большинства из них. Таким образом, можно сделать вывод, что фитнес - технологии содействуют изменению негативного отношения к урокам физической культуры; способствуют сохранению и укреплению здоровья учащихся, являются действенным средством повышения уровня физической активности.

Таким образом, проектирование учителем физической культуры учебного процесса в условиях новых требований предусматривает иные подходы не только к планированию образовательных результатов, но и к отбору содержания, методов, форм и технологий обучения. Инновационная деятельность в преподавании физической культуры предполагает такой процесс и результат учебной деятельности, который стимулирует вносить изменения в существующую культурную и социальную среду. Это позволяет рассматривать инновационную деятельность как прогрессивное преобразование, приводящее к положительным изменениям в учебном процессе, ведущее к разрешению конфликта между традиционными и новыми формами образовательной деятельности.

Система применения современных педагогических технологий в работе учителя физической культуры создает максимально благоприятные условия для раскрытия не только физических, но и духовных способностей ребенка, обеспечивает творческое применение полученных знаний, умений и навыков для поддержания высокого уровня физического и нравственного здоровья, способствует формированию личной физической культуры школьников.

*Айдаров О.К.*

*дене шынықтыру мұғалімі*

*Түркістан облысы, Созақ ауданы А.Сүлейменов*

*атындағы жалпы орта мектебі*

## **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУ КЕПІЛІ**

Дене тәрбиесінің адам ақыл – ойына, адамгершілігіне, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек шат көңілді және белсенді болуына ықпал етеді. Дене жаттығулары — бұл саналы түрде орындалған қимылдар және

қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады.

Ақыл-ой, сана дене шынықтырумен өзара тығыз байланыста. Дене жаттығуларымен және дене тәрбиесінің құралдарының басқа түрлерін қолдану денсаулықты нығайтуға, жүйке жүйесінің және ағзаның барлық жүйелерінің қалыпты қызметі үшін қолайлы жағдай туғызады, мұның өзі есте сақтау қабілетін арттыруға көмектеседі, сондай-ақ нәтижелі саналық іс-әрекетінің тууына жағдай жасайды. Дене шынықтыру сананы, жұмыс істеу қабілеті мен жақсы қабылдау, білімді тиянақты меңгеру қабілетін қалыптастырады.

Дене тәрбиесінің әртүрлілігі. Дене тәрбиесі — бұл адам ағзасына дене жаттығуларымен мақсатты, жүйелі түрде ықпал ету, денсаулықты нығайтуға жақсартарлық табиғаттың табиғи күштері мен тазалық сақтауды жолға қою, дене қасиеттерін тәрбиелеу және өмірлік мәні зор қозғалтқыштық іскерлік пен дағдыларды, соларға байланысты білімдерді қалыптастырып жетілдіру, адамды белсенді өмірге даярлауды қамтамасыз ету.

Бұл анықтаудан дене тәрбиесінің екі ерекшелігі байқалады:

1. Қозғалыстарға үйрету. Ол дене тәрбиесі білімінің негізгі мазмұнын құрайды, яғни өз қозғалысын басқарудағы арнайы тәсілдерді орынды пайдалану жүйесін меңгереді, сол арқылы іскерліктің дағдылардың және солармен байланысты білімдердің қозғалтқыш қорын игереді;

2. Адамның дене құрылысы сапаларына қатысты дене құрылысының табиғи қасиеттері кешеніне мақсатты түрде ықпал ету. Дене тәрбиесінің бұл саласын дене қасиеттерін тәрбиелеу саласы деп атайды.

Соңғы нәтижеде дене тәрбиесі тәрбиенің басқа түрлерімен біріге отырып педагогикалық процесс ретінде жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. [1]

Дене тәрбиесінің денсаулықты нығайту қағидасы.

Барлық дене тәрбиесі жаттығулары, сабақтары адам денсаулығын нығайтуға тиіс. Бұл сабақтардың нәтижесі олардың көлемі мен жаттығудың орындау қарқынына байланысты. Оқытушы өсіп келе жатқан жасөспірім ағзасының биологиялық заңдылықтарын, адамның жас ерекшеліктері мен барлық мүмкіндіктерін білуі керек, педагогикалық тәсілдерді және дәрігерлік бақылауды жақсы меңгеруі қажет. Сонда ғана ол денсаулықты нығайту жолында жемісті жұмыс істей алады.

Дене шынықтыру тәрбиесі — бұл, балаларда қимыл белсенділігінің қажеттілігі қанағаттандырылуын қамтамасыз ететін және оның дамуына, дене шынықтырудың, спорттың, ойындардың, табиғи факторлардың әр түрлі әдістері мен түрлерінің әсері арқылы мүмкіндік беретін, үрдіс.

Қимыл белсенділігі деп белгілі бір уақыт — сағат, тәулік аралығындағы адамның қимылдарының жиынтық мөлшерін айтады. Қимыл белсенділігі балалар дамуының маңызды факторларының бірі болып табылады. Ол тек қимыл анализаторының және оған тиісті қимыл үйлесімділігі, күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттердің дамуына ғана емес, сонымен қатар, басқа мүшелер мен жүйелердің дамуына және іс-әрекетін белсенді етуге, сондай-ақ ағзаның қарсы тұру қабілетін жоғарылатуға да бағытталған. Мысалы, дене еңбегі жүктемелері қанның оттегімен қанығуын және зат алмасу үрдістерінің қарқындылығын арттырады, жүрек-қан тамырлар, тыныс алу, эндокриндік және басқа да жүйелердің қызметін ынталандырады және жаттықтырады. Соның арқасында ағзаның өсу мен даму үрдістері оңтайланады, оң сезімдер пайда болуын және психикалық саулыққа қолайлы әсер қамтамасыз етіліп, ми қыртысының тонусы жоғарылайды, жеке мүшелер мен жүйелердің функционалдық жағдайы қалыпты күйіне келеді, дене дамуындағы туа және жүре пайда болған көптеген бұзылыстары түзеледі. Қоршаған ортаның әр түрлі қолайсыз факторларының: температура факторының, инфекция агенттерінің, улы әсер ететін және т.б. факторлардың әсеріне ағзаның спецификалық емес

резистенттілігін жоғарылатуда дене шынықтыру тәрбиесінің маңызы айырықша, бұл жылу реттеушілік механизмдерді.

Елімізде денешынықтыру мен спорт қозғалысын одан әрі өрістетуге жан жақты жағдай жасалып келеді. Оның айғағы қабылданған мемлекеттік бағдарлама «Президенттік сынағалар». Президентіміздің түпкілікті мақсаты дене тәрбиесінің жан -жақты дамуына негізделген. Демек дене тәрбиесі жұмысы дұрыс жолға қойылған жерде ғана оқу ісімен тәрбие жұмысы нәтиже береді.

Дене тәрбиесін дұрыс жолға қою үшін ең әуелі жоспарлау жұмыстары дұрыс жолға қойылуы керек.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл, үшеуімен болады бақытты өмір» деп сырлы ақын М.Жұмабаев айтқандай мектептің басты міндеті-бастапқы білім берумен қатар жан- жақты жарасымды жүйелі интеллектуалды рухани тәрбие беру және олардың денсаулығын мықты етіп өсіру.

Қазіргі таңда дене тәрбиесі пәнін оқыту өзіндік жүйемен ерекшеленеді. Соған байланысты денешынықтыру сабақтарын оқушыларға игерту мақсатында ең бірінші ерекшелік- ол оқу жылына арналған оқу -тәрбие жұмыстарының жоспар графигін, әр тоқсанның жұмыс жоспарын, әр сабақтың сабақ жоспарын жасау. Сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі жоспарлай білу. Өтілген сабақтарды талдау.

Осы әдістемелік құралда оқу жылы басталғаннан, оқу жылының соңына дейінгі уақытта жүргізілуі тиіс құжаттар тізімдемесі, сабақ жоспарларының үлгісі, сабаққа талдау, оқушылардың дене дайындығын бағалаудың оқу нормативтері қамтылған.

«Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді» деген П.Ф.Лесгафттың пікіріне көңіл бөле отырып, ойын арқылы біз дене шынықтыру пәні сабағында оқушылар ұжымын ұйымдастыруға, шапшаң әрі тез қимылдауға, пәнді терең білуге, өз бетінше жүйелі дене жаттығулары сабақтарына қалыпты әдеттенуге, дағдылануға көмегін тигізетініміз анық. Дене шынықтыру сабағында оқушылар кейбір математикалық ұғымдармен танысады: колоннаға (бір-бірден түзу) сап түзеу ұғымымен, екі колоннаға сап түзеу – параллелді түзеулермен, дөңгеленіп тұру шеңбермен, реті бойынша санау – реттік сандармен байланысты: физика – қозғалыс пен күш, дененің салмағы, ауырлық күші, жылдамдық, тепетенділік.

Дене жаттығулары әсерінен адамның денесі қалыпты дамып, қимылы үйлесімді, жеңіл, сенімді болады. Мерекелерде, дене шынықтыру шерулерінде, көпшілік би жаттығулары мен гимнастикалық қойылымдар эстетикалық сезімге бөлейді. Бұл жаттығулар көркем гимнастика, коньки тебу арқылы әр түрлі фигуралар жасау болып табылады. Аталған жаттығулар эстетикалық тәрбиенің негізгі талаптарының орындалуына сәйкес келеді. Дене шынықтыру сабақтары көбінесе табиғи жағдайда өткізіледі.

*Айтмағамбетова Г.К.*

*№39 ҚОЖББМ*

*дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

*Ақтөбе қ., ҚР*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫН ҚОЛДАНУ**

«Дене шынықтыру» бағдарламаның мақсаты оқушыларды дене шынықтырудың негіздерімен таныстыру болып табылады, нақты айтқанда, олардың спорттықспецификалық қозғалу дағдылары мен дене шынықтыру (физикалық) қабілеттерін меңгеруімен қатар, салауатты денені шынықтырудың дамуына ықпал етеді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша бағдарлама кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын оқу жоспарын

ұсынады, бұл жоспар оқушылардың физикалық іс-әрекеттің түрлері бойынша білімдерін, түсініктерін және дағдыларын дамытуға ықпал етіп, сол уақытта олардың жеке гигиена, психикалық денсаулық және салауатты өмір салтының қағидалары сияқты аспектілер тұрғысында жалпы дамуын жақсартады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бастауыш мектеп оқушыларды оқытуға арналған оқу бағдарламасы келесі міндеттерді іске асыруы тиіс:

- дене денсаулығының және рухани денсаулықтың негізін қалайды, бұл әлеуметтік дағдыларды дамытуға, тұлғалық дамуға оң әсер етеді;
- оқушыларды өздерінің физикалық және психологиялық денсаулықтарын түсінуге және нығайтуға ынталандырады;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды;
- оқушылардың қозғалыс дағдыларын дамытады, атап айтқанда, олардың төзімділігін, ширақтығын, күшін, ептіліктерін және икемділігін дамытуға әсер етеді;
- оқушылардың Отанға деген патриоттық сезімін ұялатуға, бір-бірін құрметтеуге, командалық жұмыс дағдыларына, жауапкершілік пен өзара түсіністікке тәрбиелейді;
- оқушылардың өз өмірлерінде салауатты өмір салтын ұстануға және үйренген дене қимыл дағдыларын алдағы уақытта қолдануға ынталандырады;
- оқушылардың жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі ретінде дене шынықтыру пәні туралы өз көзқарастарын қалыптастырып, осы саладағы білімдерін дамытуға мүмкіндік береді[1].

Қазіргі кездегі білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі оқушыға терең білім мен тәрбие беруде оның денсаулығын сақтай отырып, дені сау, қабілетті тұлға қалыптастыру болып отыр. Мектепте оқушы өзінің 11 жылын өткізеді. Ал мектепке келген оқушының денсаулығы жақсы, дене бітімінің мықты болуы шарт. Өйткені мектептегі жетістіктері дене дамуының, денсаулығының мықтылығына тікелей байланысты.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының жасы және биологиялық дамуы өзінің жасына лайық дамиды. Жасөспірімнің ең тез дамитын кезеңін біз сатыға бөліп қараймыз, бірінші кезеңі 1 – 5 жас аралығы, екінші кезеңі 4 – 6 жас аралығы, және үшінші кезеңі 7 – 12 жас аралығы. Баланың өсуі мен дамуы жасқа байланысты болады.

Балалар үшін қозғалыс әрекеті үлкен мұқтаждық болып табылады. Қозғалыс бала үшін үлкен бір қуаныш көзі, сондықтан да қимыл күші оның денесін қатайтумен қатар психикалық дамуына үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан мектеп жасынадағы балалардың мұндай қозғалыстарын дұрыс жоспарлап оны іске асыру балалардың қимыл дағдыларын дұрыс қалыптастыруға, саналы қозғалыстарды көбейтуге, ағзаның бейімделу қабілетіне әсер етеді.

Бұл қимыл қозғалыс ойындары баланың денесін, бұлшық еттерін жатықтырып қана қоймайды, сонымен бірге ойын үстінде баланың өзін-өзі жаттықтыруға үйретеді. Соның

нәтижесінде баланың нақтылы мақсатқа, яғни ойынға қатысқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылысы пайда болады.

Балардың белсенділігі артып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік қайраты арттады. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларына оқыту процесінде барлық дене тәрбиесі жаттығуларын, соның ішінде ұлттық ойындарды тиімді ұйымдастыруды бала денсаулығын нығайтудың зор мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Қазақтың ұлттық ойындары адам ағзасы үшін өте маңызды бағасы жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салаутты өмір салтын қалыптастырудың бірі. Адамның морфологиялық-физиологиялық дамуында, тұлғаның жалпы салауатты дамуына тигізер маңызы мол

Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді еңбекке баули отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мәселесін алғашқы орынға қойған. Сондықтан, біз болашақ педагогтар өз кезегімде алдымызға келген әрбір оқушының денінің сау болуы үшін осы бағытта да тәрбие бере білуге тиіспіз. Білім алушыны сауықтыруда дене шынықтыру пәні жетекші орынға ие болатын болса, басқа пәндердің өз үлесі болуы керек екені сөзсіз. Мектептегі әрбір мұғалім өзіне бекітілген бағдарламаны оқытумен қатар, оқушының тәрбиесіне, оның ішінде салауатты өмір сүруді қалыптастыруына да көңіл бөлуі қажет.

Балдырғандардың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Менің тақырыбым «Бастауыш сыныптарда дене шынықтыру сабақтарында қимыл-қозғалыс ойындарын қолдану» болғандықтан, негізгі мақсатым: ойын арқылы және көңіл – күй арқылы балалардың тілін дамыту, ақыл-ой белсенділіктерін қалыптастыру; оларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ойын таңдаудағы, ойлағанын жүзеге асырудағы дербестігін жетілдіру, сабырлы әрі ынталы ойнауға тәрбиелеу, әртүрлі ойын түрін қолдану арқылы баланың жеке басының қасиеттерін қалыптастыру, көңіл – күйлерін көтеру, жолдастарына деген қайырымдылыққа тәрбиелеу. Бұл жерде белгілі ғалым психолог Д.Б.Элкониннің айтқан ойы оралады: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс - әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып – білуге бағалауға үйренеді»[2,12].

1-сыныпта оқушылар дене тәрбиесі пәнін оқып, хонда әрбір адам өз денесін жан-жақты жетілдіру үшін қажетті қимыл-қозғалыс жатығуларын жасауға тиіс екенін аңғартады. 2-сыныпта оқушылар жеңіл атлетика, жалпы дамыту, акробатика мен көркем гимнастика жатығулары туралы түсінік аллоды. Сонымен бірге шаңғы, коньки т.б. спорт түрлерін біліп, олармен өздері де шұғылдана бастарды. 3-4-сыныптарда қимыл-қозғалыстар жасаудың қажеттілігі мен пайдасы туралы түсініктері кеңейе түседі. Мәселен, жыл мезгілдерінің, күн мен түннің ауысып отыруы адамның жүйке жүйесіне, тыныс алу, қан айналу, ас қорыту органдарында, ден бұлшық еттеріне әсерін тигізетінін оқып білетін болады. Жылдамдық, ептілік, тепе-теңдік, иілгіштік, өмірге денег құштарлық, мықты денсаулық тәрізді запалы қасиеттер дене тәрбиесі мен спорт арқылы орнығып, қалыптасады. Спортшы болу балалардың барлығына бірдей мақсат болмас, бірақ дені сау, қоғамымызға пайдалы азамат болып өсу – бәрінің де парызы. Мектептің материалдық жағдайына және еліміздің қай аймағында тұруларына байланысты оқулықтағы талаптардың орындалуы да түрліше болуы мүмкін. Дене тәрбиесі сабақтарының пайдалы, тиімді болуы үшін сабақта да, сабақтан тыс кезде де үзбей, ұдайы шұғылдануы керек. Өскелең ұрпақ пен жалпы жұртшылықтың дене даярлығының деңгейі дене тәрбие жүйесінің тиімді көрсеткіші болып табылады»[3,12].

Қорытындылай келе, қимыл-қозғалыс ойындары — бұл баланың тапқырлық, ептілік және жігерлі қасиеттерін дамытудың таптырмас құралы болып табылады. Ойын барысында бар дағдыларды дамыту, оларды шоғырландыру, жетілдіру ғана емес, сонымен бірге



баланың тұлға ретіндегі жаңа қасиеттерін қалыптастыруға да септігін тигізеді. Балалармен әр түрлі ойын түрлерін ұйымдастыру – қимыл-қозғалыс түрлерін дамытады. Жоғарыда аталғандардың барлығы балалардың дене шынықтыруы жөнінен жан-жақты дамуын, еңбекке дайындығын қалыпатастырады. Мұғалімнің міндеті - оқушылардың жүйелі және белсенді түрде дене жаттығуымен айналысуын қамтамасыз ету.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дене шынықтыру Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында) Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар) 2016 жыл
2. Педагогика: жалпы негіздері мен тәрбие теориясы. // Оқу құралы. - Алматы, 2008. (Авторлық бірлестікте: Бабаев С, Бабаева Қ.) -124 б.
3. А.Ж.Едігенова «Ойната отырып тәрбиелеу» 2010ж-40-50 бет

**Ақулова Н.В.**

*учитель физической культуры*

*Педагог-эксперт*

*КГУ «Жезкентская средняя школа»*

*отдела образования Бородулихинского района*

*управления образования области Абай*

### **ХОРЕОГРАФИЯ В ШКОЛЕ КАК ПЕРВАЯ СТУПЕНЬ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ И СРЕДСТВО ВОССТАНОВЛЕНИЯ В ПОСКОВИДНЫЙ ПЕРИОД**

Борьба с последствиями COVID-19 – заболевания, вызванного новой коронавирусной инфекцией SARS CoV-2, – является серьезной и весьма актуальной задачей, стоящей перед современной медициной. Проблема периода восстановления после перенесенной новой коронавирусной инфекции не исчерпывается разнообразными соматическими респираторными и внелегочными нарушениями. Появляется все больше свидетельств того, что коронавирусы воздействуют на центральную нервную систему (ЦНС). Неврологические симптомы и когнитивная дисфункция (нарушение внимания, памяти, исполнительных процессов, зрительного восприятия, беглости речи и др.) после заражения COVID-19, вероятно, являются результатом взаимодействия множественных причин, в частности прямого повреждения вирусом коры головного мозга и прилегающих подкорковых структур, косвенных эффектов из-за системных нарушений, не связанных с ЦНС, а также психологической травмы.

Проблема постковидного синдрома напрямую коснулась учителей физической культуры и тренеров спорта. Постковидный синдром испытывает более 50% учащихся школы, которые требуют пристального внимания со стороны преподавателя во время урока. Одышка, головокружение, повышение температуры, нарушение сердечного ритма, носовое кровотечение, боли в животе, боли в суставах и мышцах, быстрая утомляемость стали частыми жалобами детей во время урока. Увеличилось количество заболеваний верхних дыхательных путей, ВСД, аллергического дерматита, нарушение функций ЖКТ, эндокринных нарушений. Остро встал вопрос бережной, поэтапной подготовки организма к привычной нагрузке с применением различных форм и методов организации работы.

Также, при выборе нагрузки, основываясь на данных физиологических исследований, следует учитывать закон «возрастной ступенчатости», который гласит, что вмешиваться в процесс физического развития человека с целью управления им можно только с учетом особенностей и возможностей человеческого организма в различные возрастные периоды: в период становления и роста, в период наивысшего развития его форм и функций, в период старения.

Развитие физических качеств согласно закону «возрастной ступенчатости»:

- 1) В 5-10 лет формируются координационные способности, гибкость, быстрота, происходит укрепление осанки, профилактика плоскостопия и искривления позвоночника. Целесообразно использование следующих средств и методов как: хореография, подвижные игры, лыжи, гигиенические факторы внешней среды.
- 2) 11-12 лет - интенсивное развитие скоростных способностей, скоростно-силовых, координационных, дальнейшее укрепление скелета и мускулатуры без применения собственно-силовой нагрузки; средства и методы - игровой метод, соревновательный, хореография, спортивные игры, легкая атлетика, лыжи.
- 3) 13-15 лет (подростковый период) - дальнейшее развитие скоростно- силовых способностей, укрепление скелета и мускулатуры, закрепление технических и тактических знаний; средства и методы - игровой, соревновательный; спортивные игры, легкая атлетика, лыжи.
- 4) 16-17 лет - коррекция фигуры, совершенствование двигательных координаций, воспитание скоростно- силовых и собственно-силовых качеств, а также общей и анаэробной выносливости; средства и методы - соревновательный, строго-регламентированного упражнения, спортивные игры, легкая атлетика, лыжи, фитнес (девушки), атлетическая гимнастика (юноши).

Основной задачей учителя физической культуры современной школы является формирование у занимающихся положительной учебной мотивации, укрепление здоровья, развитие физических качеств, формирование компетенций.

Основываясь на физиологических исследованиях и собственных наблюдениях в процессе работы с детьми в качестве руководителя танцевального кружка, учителя физической культуры, а также руководителя секций «баскетбол», «легкая атлетика» и «фитнес», я пришла к следующему выводу: что занятия танцем в раннем школьном возрасте содействуют физическому развитию детей, вырабатывают у них правильную осанку, уверенную походку, ловкость и координацию движений. Тренировка тончайших двигательных навыков, которая проводится в процессе обучения хореографии, связана с мобилизацией многих физиологических функций человеческого организма: кровообращения, дыхания, нервно-мышечной деятельности. Является профилактикой плоскостопия и искривления позвоночника. Хореография развивает творческие способности, способность образно мыслить, воспитывает чувство патриотизма (посредством народного танца), дает возможность физического, эстетического, эмоционального, духовного развития ребенка. Является первой ступенью развития физических качеств. Наблюдения показывают, что учащиеся, с раннего возраста занимающиеся хореографией, более координированы и легко адаптируются к разным видам спорта.

В результате тестирования, проводимого в группе девочек 6-ых и 7-ых классов в количестве 30 человек, где 11 из них занимаются хореографией в танцевальном кружке и 19 – не занимаются, на определение гибкости и координационных способностей. Для определения координации был предложен челночный бег 3x10 м, для определения гибкости- наклон из положения стоя на гимнастической скамейке. Было выявлено: высокие координационные способности у девочек, занимающихся в танцевальном кружке у 7 человек из 11(63%), средние – у 4 человек (36%), низкие- 0. У не занимающихся: высокие – у 5 человек из 19 (26%), средние- у 7 человек (36%), низкие – у 7 человек (36%)

Анализ показателей гибкости показал: высокий уровень – 10 человек из 11 (91%), средний уровень – у 1(9%), низкий – 0 – у девочек, занимающихся хореографией. У не занимающихся: высокий - 7 человек из 19 (36%); средний – 2 человека (10%), низкий- 10 человек (53%).

А также, дыхательные практики, применяемые во время занятий танцем, благотворно влияют на дыхательную систему, способствуют более быстрому восстановлению после перенесённых заболеваний и постковидный синдром носит слабовыраженный характер.

Следующей ступенью развития физических качеств должны стать подвижные игры. Особую роль здесь нужно отвести национальным подвижным играм, которые с незапамятных времен способствовали разностороннему развитию физических качеств детей и взрослых. В игре используются естественные движения большей частью в развлекательной ненавязчивой форме. Главный признак подвижных игр наличие двигательных действий, благодаря чему они являются отличным средством и методом физического развития. Легко продумать деятельность на уроке для учащихся, освобожденных от занятий физической культурой и низко мотивированных. Для таких детей можно предложить интеллектуальные игры и игры, направленные на развитие координационных способностей, каких немало в казахском этносе.

В подростковый период важным мотивирующим компонентом физического воспитания является соревновательная деятельность. На этом этапе важно усилить техническую, тактическую, физическую подготовку соревновательных видов спорта: спортивные игры, легкая атлетика, лыжи.

И, наконец, в старших классах основной целью физического воспитания является всестороннее развитие детей: укрепление их здоровья, улучшение телосложения, формирование красивой фигуры. Продолжается совершенствование физических качеств, навыков технической и тактической подготовленности, а также формирование телосложения посредством атлетической гимнастики и фитнеса.

Таким образом, учитывая пользу хореографии для восстановления в постковидный период и развития физических качеств, неравномерность развития анатомо-физиологических характеристик и мотивационных интересов на каждом этапе психофизиологического развития учащихся, и, опираясь на «закон возрастной ступенчатости», хочу предложить введение в учебную программу общеобразовательной школы хореографическую подготовку, фитнес (для девушек старших классов) и атлетическую гимнастику (для юношей старших классов).

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Белоцерковская Ю.Г., Романовских А.Г., Смирнов И.П., Синопальников А.И. Долгий COVID-19. ФГБОУ ДПО «Российская медицинская академия непрерывного профессионального образования» Минздрава России, Москва, Россия Consilium Medicum. 2021; 23 (3): 261–268. DOI: 10.26442/20751753.2021.3.200805
2. Кущина Е.А., Карташев С.А., Буховецкая И.В. Современный танец и методика его преподавания. Учебное пособие - Витебск, 2017.-92с.
3. Холодов Ж. К., Кузнецов В. С. Теория и методика физического воспитания и спорта: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2003. - 480 с.

*Абдирешев М.З.*

*Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Бөкей ордасы ауданы білім беру бөлімінің  
«Мұхамед-Салық Бабажанов атындағы  
жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*

#### **МЕКТЕПТЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ**

Қазіргі білім беру жүйесі білім алушылардың коммуникативтік, танымдық және тұлғалық белсенділігін дамытуды қажет етеді. Ол үшін оқыту үрдісі де ғылыми ақпарат

ағынының өсуіне байланысты қарқындылықпен жетіліп отыруы тиіс. Сондықтан білім берудің инновациялық дамуы жаңа педагогикалық технологияларды құруды талап етеді.

Бүгінгі жұмысымының мақсаты – дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде қазіргі заман талабына сай қолданылатын әдістерді қарастыру. Өйткені оқытудағы инновациялық әдістер – бұл оқушылармен қарым-қатынастың жаңа әдістері, олармен іскерлік ынтымақтастықтың ұстанымы және оларды қазіргі қоғамда болып жатқан жағдаяттармен таныстыру, сабақты ұйымдастырудың түрлерін енгізу.

Білім беру пәні ретінде оқытудың құрылымдық-функционалдық және жүйелік әдістерінің қолданыс аясын саралай келе, дене тәрбиесі пәнінің ерекшеліктеріне қарай инновациялық әдістерді енгізу мен тәсілдерді жаңғырту өте маңызды.

Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын дәстүрлі инновациялық технологиялар төмендегідей ережелерді көздейтінін де естен шығармауға тиіспіз:

- Білім алушылардың физиологиялық дамуы мен денсаулық тобын ескере отырып, дене белсенділігінің анықтау;

- Дене бітімі мен көру қабілетін түзету және оның алдын алуға бағытталған арнайы жаттығулар жиынтығын қолдану;

- Дене шынықтыру сабағында босаңсу мен қарқындылықтың ауыспалы кезеңдерін қамтитын әдістемені пайдалану.

- Дене шынықтыру залының температуралық деңгейі мен тазалығын және желдету мерзімін қатаң бақылауды жүзеге асыру.

- Спорттық құрал-жабдықтардың жағдайына тексеру жүргізу және оларды уақтылы жөндеу және ауыстыру.

- Спорттық киімдерінің болуын қадағалау.

Алайда дене тәрбиесін ұйымдастырудың дәстүрлі әдістері жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мен жақсартуын талап етілетін тәсілдердің жеке адамның даму дәрежесіне қарай берілетін мүмкіндіктерін толыққанды қарастырмайды. Сондықтан жаңа ақпараттық технологияларға сай оқыту үрдісіндегі әдіс-тәсілдерді уақтылы жаңартып отыру – қазіргі заман талабы.

Қазіргі кезеңде оқу үрдісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі оқушының білімді өз бетінше білім алуына жағдай жасау болып табылады. Бұл тәсіл баланың әлеуметтік және коммуникативті дағдыларын ғана емес, сонымен қатар өз мүдделерін білуге, болашағын болжауға және сындарлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді арттыруға көмектеседі. Оқушының белсенді танымдық қызметі бірлескен жұмыс жағдайы мен мұғалімнің кеңесші ретінде қолдау көрсетуімен жүзеге асады.

Уақыт талабына сай білім беру жүйесіне түзетулер енгізіліп, әр мұғалімнің әдістемелік құралдары да үнемі толықтырылып отырады. Сондықтан «Оқушылардың дене шынықтырумен айналысуға деген ішкі ынтасын қалай арттыруға болады?» деген мәселеден шығудың жолын оқытуда жаңа тәсілдерді қолданудан, соның ішінде бірлескен ортаны құрудан табуға болады. Білім алушылардың бірлескен ортада қарым-қатынас дағдыларын игеріп, дене шынықтыруға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді. Ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу арқылы балалар өздерін тең серіктес ретінде сезінеді, олар бірлесіп ойлау, әңгімелесу, дауласу немесе біртұтас шешім қабылдау арқылы сапалы нәтиже алуға күш салады, құрдастырының көзқарасымен санасуға үйренеді.

Жаңартылған бағдарламаны қолдану барысында мұғалімдердің міндеті – оқушылардың бойына негізгі рухани-адамгершілік нормаларын сіңіре отырып, өзге адамдармен жүзеге асыратын қарым-қатынаста төзімділік пен құрмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, дені сау баланы тәрбиелеу.

Білім беру саласындағы инновациялар жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Ал оқушылардың физиологиялық даму деңгейінің тиімділігін арттыру жолдары деп, ең алдымен, олардың өмірде маңызды рөл атқаратын моторикасы мен дағдыларын

жетілдіруге, күш, ептілік, икемділік, жылдамдық сияқты физикалық қасиеттерді арттыруға бағытталған дене шынықтыру пәні деп тануға болады.

Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын инновациялық әдіс сабақты ұйымдастырудың сынып, топтық, жеке, жұптас және тағы басқа тәсілдерінің үйлесімін қамтиды. Солардың ішінен төмендегі түлеріне тоқтала өтсек:

1. Денсаулық сақтау технологиялары. Оның мақсаты – мектептегі оқу кезеңінде оқушының денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, оның салауатты өмір салты бойынша қажетті білімдері мен қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Оны жүзеге асыру үшін, біріншіден, қызмет түрлерінің өзгеріп отыруы қажет, яғни сабақты ұйымдастырудың әр түрлі формалары, оқушылардың психикалық және физикалық белсенділігінің ауысуы – бұл сабақтың тиімділігін арттырудың бір әдісі. Екіншіден, сабақта қолайлы достық жағдай жасау. Сабақты өткізуші мұғалім балалардың физикалық және психологиялық жағдайына назар аударып, олардың тапсырмаларды қалай қабылдауы мен көрсетілген тапсырмалардың орындалу барысын қадағалап, тиісті талаптар мен ескертулерді тек достық қарым-қатынас түрінде ұсынған дұрыс. Үшіншіден, тапсырмалардың мөлшерін анықтау. Жаттығуларды орындау кезінде ең бастысы – оқушылардың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу. Төртіншіден, сабақтың тәрбиелік бағыты. Дене шынықтыру сабақтарының тәрбиелік әсеріне әр оқушының қасиеттерін дамытуға және оның денсаулығына құндылық қатынасын қалыптастыруға жеке-сараланған көзқарас мүмкіндіктері арқылы қол жеткізуге болады.

2. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар. Дене шынықтыру пәнінде оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану оқушылардың өзіндік сабақтан тыс оқу жұмысы арқылы оқу бағдарламаларының теориялық және әдістемелік бөлімдерінің талаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Дене шынықтыру сабағындағы компьютер» деген сөзді бірінші рет естігенде, бірден таңданыс пен сұрақ туындайды: бұл қалай жүзеге асады? Өйткені, дене шынықтыру – бұл ең алдымен қимыл-қозғалыс көрінісі. Ақпараттық технологияларды игеріп, өз жұмысында қолдана білетін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі оның маңыздылығына көзі жетеді. Дене шынықтыру сабақтарына ең аз сағат бөлінетін теориялық материалдың үлкен көлемі кіреді, сондықтан заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану бұл мәселені тиімді шешуге жағдай туғызады. Оқытылатын қозғалыстарды орындау техникасының көптеген түсіндірмелерін, тарихи құжаттар мен оқиғаларды, спортшылардың өмірбаяны мен жетістіктерін оқушыларға тікелей көрсету үшін компьютерлік техникамен жабдықталған кабинетте электронды презентацияларды қолдану арқылы дене шынықтыру сабағын өткізу барысы балаларды қызықтырады.

3. Сараланған дене шынықтыру технологиясы. Сараланған дене шынықтыру жаттығуларының мазмұны – жеке адамның физиологиялық қасиеттерінің ерекшеліктерін дамыту, білімді қалыптастыру мен әдістемелік дағдыларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру технологиялары. Оған оқытудың біртұтас әдіспен, содан кейін күрделілігіне қарай бөліп саралау, жаттығуды жақсырақ орындау мақсатында оқушылардың дене шынықтыру деңгейіне байланысты осы бөліктерді әртүрлі тәсілдермен біріктіру жатады. Мәселен, оқу материалын бекіту кезінде дайындығына қарай сыныптағы балаларды шартты түрде топтарға бөлуге болады. Бір топқа – жеңіл, екіншісіне – күрделі жаттығулар, үшіншісіне – жалпы әрекет, бірақ жеңіл нұсқада және т. б. жаттығулар беріледі. Күшті топтардың оқушылары, сынып ішінде, оқу материалын орта және әлсіз оқушыларға қарағанда жылдам меңгереді, ал әлсіз

және орта топтардың оқушылары жаттығуды бөліктер бойынша орындауды жалғастырады немесе оны қалыпты жағдайда бірнеше рет қайталайды. Ал енді белгілі бір қозғалыс әрекетін орындай алмайтын оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді де ұмытпаған жөн.

Қазіргі жағдайда дене шынықтыру сабағының тиімділігі мен сапасын арттыруда жоғарыда сипатталған оқыту технологиялары мен әдістерін қолдану нәтижесінде:

- оқушылардың жан-жақты қабілеттерін ашуға;
- балалардың пәнге деген құштарлығын арттыруға;
- оқушылардың өз-өзіне сенімді болуға;
- оқушыларды алған білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану білуге;
- оқушылардың білім сапасын арттыруға;
- оқушылардың спорттық жарыстарда жеңімпаз болуына қол жеткізуге болады.

Инновациялық әдістерді әзірлеу кезінде педагогикалық үрдістің барлық компоненттерін, яғни сауықтыру және педагогикалық міндеттерді, жеке және ұжымдық тәсілдерді, оқу мен даму жүйесін, жобалық немесе шығармашылық бағытын, негізгі, қосымша және вариативті спорт түрлерін есепке алу қажет.

Әр түрлі инновациялық әдістерді қолдану білім алушылардың дайындығы мен денсаулық жағдайының көрсеткіштердің айтарлықтай жақсаруына ықпал етеді, сондай-ақ оларды дене шынықтыру пәніне ынталандыру деңгейін арттырады. Сондықтан білім беретін әрбір педагог оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығын жете түсініп, заман ағымына қарай тәжірибе жүзінде әрдайым жаңа технологияларды енгізуге дайын болуы керек.

Дене шынықтыру сабақтарында заманауи білім берудің тиімді технологияларын енгізу төменде көрсетілген педагогикалық дайындықты жеткілікті деңгейге жеткізгенде ғана жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады:

1. Жаттықтырушылық. Таңдалған спорт түрлері бойынша техникалық нұсқаулықтар мен қиындық деңгейінің жоғарылауына байланысты орындалатын қозғалыс жаттығуларының тұрақтылығын қамтамасыз ету.
2. Педагогикалық шеберлік. Бұл дене шынықтыру саласындағы озық тәжірибені игеріп талдай білуден және білім беру шеңберінде өзекті педагогикалық міндеттерді тиімді шешу қабілетінен тұрады.
3. Шығармашылық. Білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін: жасын, жынысын ескере отырып, олардың бос уақытын тиімді пайдалануына, тынығуына, денсаулығын қалпына келтіруге байланысты жұмыстарды ұйымдастыруды білдіреді.

Дене шынықтыру пәнінде инновациялық әдістерді тиімді пайдалану мұғалімнің ақпараттық технологиялар заманына сай құзыреттілігінің кәсіби деңгейге көтерілуін қажет ететіні рас. Ол үшін мұғалімге әрдайым ізденіс жолымен дамып, жетіліп отыру қажет. Бұл білім беру деңгейлерінің барлығында инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығын анықтайды. Оқушылардың дене шынықтыру сабағында білім сапасын арттыруға, сабақтан тыс уақытта өз бетімен спортпен айналысуға, жеке қабілеттерін танытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жылдам өзгеріп жатқан әлемнің серпінділігі мұғалімдерден ХІ ғасырда бәсекеге қабілетті оқушыларды даярлау мақсатында өздерінің педагогикалық тәжірибелерін күннен-күнге жаңарып отырғанын талап етуде. Бәсекеге қабілетті оқушыларды дайындау үшін, ең алдымен, жаңа стандарттарға сай болу үшін өзімізді өзгерту керек, уақытпен бірге жүру керек. Ол үшін біз оқыту әдістері мен тәсілдерін әртараптандыруымыз керек.

Жаңартылған бағдарламаның идеяларына сүйене отырып, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде маңызды рөл атқаратын басты педагогикалық міндет – оқушыларға бағыт-бағдар беру, әрбір кішкентай қателіктің орнын толтырып, ұлы жеңіске жету жолында

серіктес болу. Өйткені, мектепте балаларға өмір бойы қолданатын белгілі бір білім мен өмірлік дағдыларды қалыптастыру – ұстаздардың басты мақсаты.

Аталған міндеттерді оқушылардың жан-жақты дамуын, сыни және шығармашылық ойлауды, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар саласындағы дағдыларды, ғылыми-зерттеу дағдыларын, сондай-ақ өмір бойы оқуға дайындығын дамытуды көздейтін жаңартылған бағдарламаны оқытудың тиімді, инновациялық тәсілдерін қолдану арқылы шешілетіндігіне көз жеткізуге болады.

*Абдукаймова А.М.*

*Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

*Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы*

*Байзақ ауданы, Жамбыл облысы, ҚР*

## **ҚОҒАМЫМЫЗДАҒЫ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІМЕН ЖӘНЕ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІС-ТӘЖІРИБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Заманның талабына орай оқыту мен тәрбие беру үрдісін, тиімді инновациялық әдіс-тәсілдермен және салауаттану бағытында ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттай отырып оқушыларымыздың бойына сіңетіндей етіп ұйымдастырғанымыз дұрыс. Қоғамымыздың дамуының барлық сатыларында өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оларға білім беруге салмақты үлес қосып, елін әлемге танытып келе жатқан ұрпақтарымыз шығуда.

Демек, денсаулық, спорт, тәрбие, білім бұлар-егіз ұғымдар. Олай болса, қоғамымызды өркендететін бүгінгі ұрпақтың денсаулығы мықты болу үшін спорт қажет, спорт арқылы тәрбие қалыптасса, бұлар жинақталып білімді азамат шығатынына сенімдімін. Спорт жас ұрпақтың бойында күш, ептілік, төзімділік, мықтылық, сергектік секілді қуат сапаларын қалыптастырады.

Елбасымыздың жолдауында: Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалындырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс жәнеде Салауатты өмір салтын насихаттап барлық жерде салынған спорт базаларын пайдалану керек делінген. Яғни, келешекте ұрпақтарымыз болашақ ғалым, президент, атақты спортшы, экономист, ұстаз, ұшқыш, дәрігер болулары керек. Ұрпақтарымыз ауру, сырқатты болса, онда оның тіршіліктегі пайдасыда болмайды. Жеке тұлғаның дамуына биологиялық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар әсер етуде.

Қазіргі уақытта оқушыларымыздың енжарлығын, қажығандығын, әлсіреп, шаршап тұратындығынан спортқа көңіл бөлулері келмейтіндігі байқалады. Сондықтан оқу процесінде, оқу бағдарламасында өзгерістер енгізіліп, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер қолданылуда. Осыған орай ұйымдастырылған дене тәрбиесі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеретін дене тәрбиесін ағзаға сай жетілуіне бағытты түрде әсер ететіндей құрастырылады. Онда жаңа әдіспен технологияны қолдану арқылды іс-қимыл жаттығуларын одан әрі шыңдайды. Дене қуаты қабілетін жетілдіріп өз бетімен оқу, еңбек іс-әрекетінің артуына, жеке мәндік қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді.

Дене тәрбиесі бұл адамның аса бағалы қазынасы. Дені сау, жан-жақты шыныққан адам елдің шын мәніндегі байлығы. Денсаулықтың нығайтудағы негізгі құралы ретінде дене шынықтыру мен спорт олардың қалыптасуына берік дағдылардың дәнін егеді. Жасөспірімдерді дене шынықтыру мәдениетіне тәрбиелеу, оқыту барысында әр түрлі ойындарды пайдаланумен қатар дене түзілісін дұрыс қалыптастыру және салауатты өмір салтына үйретіп, ақыл-ойын дамыту арқылы рухы мықты, шымыр, дені сау, батыл болып өсуіне ықпал ете отырып жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруын айтар едім. Сонымен қатар келесі міндеттерді жүргізу керек, яғни: оқушылар жүйелі спортпен айналысып, нәтижесінде алған білімдері мен дағдыларын жетілдіруге ұмтылысын туғызу, дене

шынықтыру арқылы үнемі шынығу және президенттік сынамалардағы шекті талабын тапсыру үшін даярлық деңгейін көтеру, оқушылардың денсаулығын нығайту, дене түзілісін қалыптастыра отырып салауатты өмір салтын құру, оқушылардың жалпы спорт түрлерімен айналысуын жетілдіру, даярлығын қалыптастыру, ата-аналар арасында дене шынықтыру мен спортты насихаттау.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда жас ұрпақ өміріне, оның ағзасының дұрыс жетілуіне тигізер пайдасының, спортпен шұғылдану арқылы келетінін насихаттау міндетіміз. Мұндайда дене тәрбиесімен шұғылданудың негізгі түрі сабақ. Сабақтың ерекшеліктері-мақсат, мазмұн, оқыту құралдары мен тәсілдері, оқу шараларын ұйымдастыру, оның ішінде біліктілік, тәрбиелік және жалпы дамыту мақсаттары басты міндет атқарады. Дене шынықтырудың теориялық білімдерін ғана емес, жалпы білім алуда, шеберліктер мен дағдыларды да қалыптастыру қажет. Бұлар дене тәрбиесі анағұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушылардың жеке басының тәрбиесі мен денені жалпы дамыту мақсаттары жүзеге асырылады. Жыл басынан оқушылар міндетті түрде дәрігерлік-бақылау қорытындысы бойынша денсаулығын, спорттық көрсеткіштеріне даму деңгейіне қарай әр түрлі топтарға бөлінеді, соған қарай сабақтар, жаттығулар ұйымдастырылады.

Дене шынықтыру жаттығуларын алуан түрлі болуы көптеген міндеттерге байланысты. Бұл міндеттерді оқушылар немесе спортшы бір жаттығуыда емес, ұзақ дайындық кезінде шешеді. Оқу-тәрбие, сауықтыру және жаттықтыру жұмысының тиімділігі белгілі дәрежеде жаттығудың ұйымдастырылуы мен әдістемесіне байланысты. Оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру, яғни деңгейлеп, жекелеп, топпен оқыту технологиясын пайдаланып, өткізуге болады. Мұндайда оқушылар топ құрып, денсаулығын, дайындық деңгейін және басқа көрсеткіштерін ескере отырып, жаттығу өткізу құралдары мен тәсілдерін тиімді іріктеп алуы керек. Жаттығудың дұрыс орындалуын түсіндіру, қателіктерін түсіндіру, тазалық сақтауды ескеріп отыру керек. Жаттығуда ұйымшылдықты, тәртіпшілдікті, сапалылықты, белсенділікті спортшы бойына сіңіре отырып мақсатқа жету үшін жұмысқа қабілеті мен мінез-құлқын қалыптастырады.

Шұғылдану кезінде қолданылатын құралдар мен тәсілдер ерекшелігінің қуат-әсеріне қарай дене шынықтыру мен спорттың өзі жеке адамды қалыптастыру жүйесін үйлестірудің педагогикалық ықпалдың өзге салаларында онша жүзеге аса бермейтін резервтерін атап айтқанда, жеке адамның түрлі, ал кейде аса күрделі жағдайларда шешім қабылдау кезіндегі көпшіл, дербестік шығармашылық белгіленген міндеттерге құлшыныс сияқты бағалы қасиеттерін анықтау және кейіннен пайдалану мүмкіндегіне ие болады. Ұстаздың басшылығымен олар басқалардың жаттығуларды дұрыс орындау тәсілдерін ғана емес, саналы іске жіне әдепшілдікке үйренеді.

Шұғылдану өзінің бағыттылығымен, мазмұнымен қаншалықты ерекшелігімен, олардың әрқайсысы жекелеген бөліктердің бөлінуімен көздейтін жалпы құрылым арқылы жүзеге асырылады. Сабақта бірнеше міндеттер шешіліп, түпкі нәтижеге жетуге қарай бағытталады.

Жалпы еңбек жүйесінде, дене шынықтыру жаттығуларын орындау кезінде музыкалық жағымды әсері күші әлсіздерді қайраттандырып, іске ынталануына, ықпал ететіндігі белгілі. Жаттығуды музыкамен өріп, жалпы дамыту жаттығуларының тиімділігі арттырып жатуы да тәжірибемде кездеседі. Музыкалық мақсаты жалпы жағымды музыкалық дыбысты құруда көңілді негізгі жұмыстан басқаға аудармауға көмектесу көңіл көтереді, жұмысын орындауға құлшындырады. Дене шынықтыру мамандарына өздік білімін жетілдіру, кәсіптік шеберлігін көтеріп отыру дұрыс.

Қоғамның болашағы жеткіншек ұрапағымыздың денсаулығына байланысты, ал денсаулық әрбір адамның бақыты. Дене шынықтыру және спорттың өмірде алатын орны ерекше, өйткені ол салауатты өмір салтын насихаттаудың басты қозғаушы күші болып табылады. Дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің негізін салып, оларды белсенді болуға, елін қорғауға дайындайды және де жан-жақты



үйлесімді дамытып жетілдіреді, денсаулығын сақтап нығайтады. Жас қоғамның дамуы олардың төзімділігіне негізделінеді.

Оқушыларды спорт арқылы тәрбиелеу, адам дене бітімінің дамуын, қалыптасуын, қоғамдық қарым-қатынасын тәрбие барысында зерттеу, жеткіншек ұрпаққа нысаналы тәрбие берудің бұрыннан қалыптасқан тарихи түрлерінің бірі болып табылады.

Дене шынықтыру және спортпен шұғылдану ағзаның жалпы шынығып нығаюына көмектеседі, өткені ол бұлшық ет, тыныс алу және жүйке жүйелерін дамытады, ішкі ағзалар, зат алмасу және қан жүруін күшейтеді, әдемі сымбат, қимыл ептілігін қалыптастырады. Жақсы денсаулық қызметінің кез келген түрімен, соның ішінде ой еңбегімен ойдағыдай шұғылдануға көмектеседі. Сау дененің әдемілігі, тамашада епті қимыл әрдайым шабыт көзі болып табылады.

Адамдардың дене шынықтыру және спортпен айналысу қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ояту, ынталандыру және дененің дамуы мен денсаулықты нығайтудың психикалық құбылыстарды түсіндіру немесе адам ағзасының қызметін тұтас жинақталу тұрғысынан, құрылымдық-мағыналық жағынан қарастыру арқылы әрбір психикалық құбылыстың физиологиялық тетігін және әрбір физиологиялық іс-барысының психикалық маңызын айқындау негіздерін терең ұғынуларына, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тағы басқа тәрбие салаларының дамуына да ықпал ету мүмкіншіліктеріне жағдай жасауы болып табылады.

Елдің экономикалық дамуына және ұлттың табыстық көлеміне байланысты дене тәрбиесі жүйесі жұмыс атқарады. Осыған байланысты халық шаруашылығының құрамдас бөлігі есебінде дене тәрбиесінің өзінің экономикалық көрсеткіштерін айырып көрсету қажет, яғни мемлекеттік бюджеттен, кәсібодактан, жеке-тұлға, демеушіден дене тәрбиесінің әртүрлі құрылымдарын құжаттық қамту және қаржыландыру.

Дене тәрбиесі қозғалысының өз ішіндегі экономикалық қызмет арнайы бөлінген қаржыны, спорт ғимараттарын жалға беруден түскен табысты, дене тәрбиесінің ақылы түрлерін: денсаулық топтары, емдік дене шынықтыру, сылап-сипау, сауықтыру топтары, сауықтыру жүгірістерінің клубтары, жүзу және тағы басқаларын тиімді пайдалдану.

Тұлға дамуының, оның тұрмыс жағдайының арту себептерінің бірі денсаулық жағдайын сақтау, сырқаттанудың алдын алу және жұмыс қабілеттілігін ұзарту болып табылады.

Дене тәрбиесінің экономикалық ролі оның адам еңбегіндегі алатын орнымен анықталады. Қазіргі өндіріске қатынасу үшін адамның қажетті дене қабілеттерін дамытуды басқару дене тәрбиесі қызметтерінің бірі болып табылып және кез-келген өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды бөлігі есебінде анықталып отыр.

Спортты дене тәрбиесінен жеке дара қарауға болмайды, яғни спортсыз жастарға толық мәніндегі дене тәрбиесін беру мүмкін емес.

Жас ерекшелігіне қарай дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы тиіс. Ұрпағымызды дене шынықтыру мен спорт өнеріне тәрбиелеу басты борышымыз.

**Байсерикова Н.С.**

*Педагог –исследователь ,учитель физической культуры,  
«Средняя школа –гимназия №1 имени Абая» КГУ  
г.Талдықорган, РК*

## **СОВРЕМЕННЫЕ И ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ДЕТСКИХ САДАХ, В ШКОЛЕ, В ВУЗЕ**

Приоритетным направлением работы каждой школы является повышение качества образования через использование современных образовательных технологий на уроках и во

внеурочной деятельности. Физкультура в наше время выполняет важные социальные функции по оптимизации физического состояния человека, организации здорового образа жизни, подготовке к жизненной практике. Сегодня она должна формировать не только двигательные компоненты человека, но и интеллектуальные и социально-психологические. Как и любая сфера, физкультура, предполагает работу с духовным миром человека – его взглядами, знаниями и умениями, его эмоциональным отношением, ценностными ориентациями, его мировоззрением и мировоззрением применительно к его телесной организации. Современные условия развития нашего общества требуют иного взгляда на проблему формирования физической культуры.

Приоритетным направлением работы современной школы является повышение качества образования через использование современных образовательных технологий на уроках и во внеурочной деятельности. Актуальность современных технологий на уроках физической культуры определяется особой ролью здорового образа жизни на современном этапе развития человечества в целом и каждого отдельного ученика школы в частности. Учитель физической культуры, используя современные технологии, может совершенствовать не только физические качества, а также развивать творческий потенциал обучающихся. Поэтому современный педагог должен в совершенстве владеть знаниями в области этих технологий и успешно применять их на своих уроках. Учитель, используя современные технологии, может совершенствовать не только физические качества, а также развивать творческий потенциал обучающихся. В школьной практике используются различные педагогические технологии, обеспечивающие активизацию творческих способностей учащихся. Как правило, инновации возникают в результате попыток решить традиционную проблему новым способом, в результате длительного процесса накопления и осмысления фактов, когда и рождается новое качество, несущее новаторский смысл. Поэтому педагоги в своей практике часто внедряют нетрадиционные, специфические технологии.

### **1.Оздоровительные дыхательные технологии (дыхательная гимнастика А.Н.Стрельниковой ).**

Сегодня значительно увеличилось число школьников, страдающими разными отклонениями состояния здоровья. Немало детей отстаёт в физическом и умственном развитии, часто болеет инфекционно-вирусными заболеваниями и пр. Часто болеют — сталкиваются со сложностями в своевременном усвоении знаний. Один из способов профилактики и укрепления здоровья детей — дыхательная гимнастика для школьников. А.Н.Стрельниковой. Дыхательная гимнастика – это система упражнений, направленная на оздоровления организма.

Для детей, особенно маленьких, на этой основе созданы специальные комплексы, состоящие из простых (а иногда и очень занятных) упражнений.

Цель проведения дыхательной гимнастики со школьниками — это, прежде всего, укрепление их здоровья.

Значение такой гимнастики для общего физического развития велико, ведь:

- упражнения для органов дыхания помогают насытиться кислородом каждой клеточке организма ребёнка;
- упражнения учат ребятшек управлять своим дыханием, что, в свою очередь, формирует умение управлять собой;
- правильное дыхание улучшает работу головного мозга, сердца и нервной системы ребёнка, дыхательной и пищеварительной системы организма, укрепляет общее состояние здоровья;
- дыхательная гимнастика — отличная профилактика болезней органов дыхания.

Дыхательную гимнастику полезно будет выполнять, прежде всего, школьникам, которые часто болеют простудными заболеваниями, бронхитами и бронхиальной астмой. У детей, страдающими заболеваниями органов дыхания, выполнение дыхательных упражнений значительно облегчает болезнь, сокращает её длительность и уменьшает возможность развития

осложнений. В этом случае дыхательная гимнастика играет роль дополнения к традиционному лечению (медикаментозному и физиотерапевтическому).

Правильно подобранный комплекс упражнений дыхательной гимнастики поможет развитию ещё несовершенной дыхательной системы ребёнка и укрепит защитные силы его организма.

## **2. Фитнес-технологии (танцевальные упражнения и ритмика).**

Фитнес-технологии – это, прежде всего технологии, обеспечивающие результативность в занятиях фитнесом. Грамотное и целенаправленное внедрение фитнес-технологий в систему непрерывного физкультурного образования, в занятия физической культурой для оздоровления, развития и воспитания детей и подростков, является в настоящее время одной из основных и актуальных задач модернизации учебных планов, программ. Ярким моментом на уроке физкультуры являются упражнения под музыку, элементы ритмики и танцев.

В ходе занятий под музыкальное сопровождение можно менять темп упражнений и повышать их интенсивность. Танцевально-ритмическая гимнастика, различные виды аэробики, элементы ритмики находят отражение в той или иной направленности уроков физической культуры: легкоатлетической, гимнастической, игровой и т.д., они способствуют разнообразию используемых средств в подготовительной, основной и заключительной частях урока.

Также фитнес - технологии активно используются в различных видах физкультурно-оздоровительной работы. Как показывает практика внедрение фитнес - технологий в урок по физической культуре вызывает положительную мотивацию к уроку, большой интерес и желание заниматься у большинства из них. Таким образом, можно сделать вывод, что фитнес - технологии содействуют изменению негативного отношения к урокам физической культуры; способствуют сохранению и укреплению здоровья учащихся, являются действенным средством повышения уровня физической активности.

## **3. Технология портфолио.**

Чтобы оценить личностные результаты ученика, нужны новые подходы и новые технологии. Одной из таких технологий является – Портфолио. Технология портфолио направлена на формирование опыта по накоплению, систематизации и представлению учащимися результатов и достижений по предмету «Физическая культура».

Портфолио — это незаменимый документ в работе с обучающимися. Портфолио помогает учителю выявить одаренных учащихся, вести классификацию "роста" своих учеников, а учащимся такой инструмент оценки своих успехов помогает самосовершенствоваться, само мотивироваться и классифицировать свои результаты.

## **4. ЗАКЛЮЧЕНИЕ**

Таким образом, проектирование учителем физической культуры учебного процесса в условиях новых требований предусматривает иные подходы не только к планированию образовательных результатов, но и к отбору содержания, методов, форм и технологий обучения. Использование инновационных технологий в физическом воспитании - это в первую очередь творческий подход к педагогическому процессу с целью повысить интерес к занятиям физической культурой и спортом. Это главная цель, к которой мы стремимся в связи с задачей повышения уровня процесса обучения для сохранения здоровья.

## **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Асмолов А.Г. Чтение в составе универсальных учебных действий / Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Пособие для учителя под ред. А.Г. Асмолова. – М.: Просвещение, 2010.
2. Ахутина Т.В. Здоровьесберегающие технологии обучения: индивидуально- ориентированный подход. - Школа здоровья. 2000. Т. 7. №2.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. - М.: Народное образование, 1998г.
4. Лукьяненко В.П. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Просвещение, 1999.
5. Чайцев В.Г., Пронина Ч.В. Новые технологии ФВ школьников. Практическое пособие. - М., 2007 г. [Учебное пособие]

**Бақыт Б.**  
*Астана қаласы әкімдігінің  
№65 мектеп-гимназия ҚММ  
Есту қабілеті бұзылған оқушыларға  
арналған арнайы сыныптарның  
дене шынықтыру пәні мұғалімі  
Астана қ., ҚР*

## **ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың дене тәрбиесі процесін талдай отырып, балалардың осы санатымен жұмыс жасаудағы нақты бағыты ол-, оның түзету және компенсаторлық жағы, оның ішінде дене тәрбиесі процесі екенін атап өткен жөн.

Бақылаулар мен практикалық тәжірибеге сай, мұндай оқушылар, қозғалыс белсенділігін арттыруды қажет етеді. Дене дамуындағы моториканың бұзылуын түзету және мұндай балалардың моторикасын кеңейту, оны өмірге дайындаудың негізгі шарты болып табылады.

Моториканың бұзылуын және физикалық дамудың кемшіліктерін түзету үшін дене жаттығуларының тиімділігі көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген (п.п. Павлов, п. Ф. Лесгафт, В. В. Ториневский, Л. в. Запорожец және т. б.).

Денсаулығында ауытқулары бар балалар дені сау оқушылардан әрине ерекше келеді. Өйткені олардың ішкі мүшелері мен әл-ауқатының өзгеруімен қатар, психикалық жағдайының сапасы да өзгереді.

Балалардың психикалық және физикалық жағдайын жақсартатын құралдардың бірі-бейімді дене тәрбиесі. Бейімді дене тәрбиесінің мақсаты: дене жаттығуларының қажеттіліктерін қалыптастыру, денсаулықты нығайту, еңбекке қабілеттілікті арттыру, зияткерлік, психикалық даму.

Сондықтан мұндай балалар үшін үнемі жаттығулар жасау өте маңызды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу саласында өзіндік ерекше бағыты бар: рухани және физикалық дамуды қамтамасыз ету, еңбекке кәсіби-қолданбалы дайындық, әртүрлі жағдайларда мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеру. Ал осы топтағы неғұрлым дамыған балалар үшін олардың физикалық және психикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін **белгілі** бір спорт түрлерімен айналысу, арнайы жарыстарға және Паралимпиадалық қозғалыстарға қатысу көптеген рөл ойнайды.

Қазіргі уақытта есту қабілеті бұзылған балалардың саны өсумен қатар, есту қабілетінен басқа да жалпылай денсаулық жағдайында әртүрлі ауытқулар көбеюде. Саңырау және есту қабілеті нашар оқушыларға дене тәрбиесі сабақтарын өткізу кезінде қозғалмалы мөлшерлемелер әр деңгейде сипатталып берілуі керек.

Қозғалыстағы сенімсіздік пен нақты бағыттың жеткіліксіздігі, қимыл-қозғалыс әрекеттерін игерудің салыстырмалы баяулауы, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті сақтаудың қиындығы, бағдарлау мен күш сапасының төмен деңгейі бұл балалардың жаттығулардың немесе кез-келген әрекеттің дұрыс орындалатынына сенімді емес екендігіне байланысты.

Сабақтарда мен міндетті түрде балалардан олар мені түсінді ме, жоқ па деп сұраймын, көбісі айтылғанды қайталауды немесе қағаз бетінде не істейтінімізді көрсетуді сұрайды. Мұнда мен жаттығулардың уақытын ескеремін, өйткені мұндай балалар материалды тез қабылдай алмайды және дайындық уақытын көбейту керек.

Есту қабілеті нашар балалармен жұмыс жүйесіндегі Бейімделген дене тәрбиесі сабағы негізгі пәндердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, әртүрлі жаттығу

элементтерін, қозғалмалы және қарапайым ойындарды қолдану негізінде білім беру, тәрбие және түзету міндеттері шешіледі.

Дене тәрбиесі сабақтары мақсаттарына, міндеттеріне және бағдарламалық мазмұнына қарай бөлінеді, олар:

- білім беру бағытындағы сабақтар – арнайы білімді қалыптастыру, түрлі қимыл-қозғалыс дағдыларын үйрету;
- түзету-дамыту бағытындағы сабақтар – физикалық қасиеттер мен үйлестіру қабілеттерін дамыту және түзету, қимылдарды түзету, сенсорлық жүйелерді түзету үшін;
- сауықтыру бағытындағы сабақтар – мүсінді түзетуге, жалпақ табанға, соматикалық аурулардың алдын алуға, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерін нығайтуға арналған;
- емдік бағытындағы сабақтар – созылмалы аурулар, жарақаттар кезінде жоғалған немесе бұзылған функцияларды емдеу, қалпына келтіру және орнын толтыру сабақтары;
- спорттық бағыттағы сабақтар – таңдалған спорт түріндегі физикалық, техникалық, тактикалық, психикалық, ерікті, теориялық дайындықты жетілдіруге арналған;
- рекреациялық бағыттағы сабақтар – ұйымдастырылған бос уақыт, демалыс, ойын қызметі үшін.

Мұндай бөлімдер міндетті түрде пайдалы болып табылумен қатар, сабақтың басым бағытын көрсетеді. Шын мәнінде, әр сабақта оқыту, дамыту, түзету, орнын толтыру және алдын-алу элементтері бар.

Дене тәрбие сабақтарын өткізу кезінде есту қабілеті бұзылған балалар үшін ерекше қауіпсіздік техникасын сақтау, спорт залдарының және ашық спорт алаңдарында акустикалық шектеулерін ескеру қажет (дыбыс көзіне дейінгі қашықтықтың ұлғаюы, шудың үдеуі немесе баяулауына сай, материалды түсіндіру кезінде оқушыларға жақын болуға тырысамын).

Менің сабақтарымда есту қабілеті нашар балалардың ысқырықтан кейін құлақтарын жаба бастағанын байқаймын, бұл кезде мұғалім дыбыстың күшті екенін түсінуі керек және ысқырық балалардың құлағын баспауы үшін дыбыстық сигналды азайту немесе залда қашықтық орынды табу керек, бірақ оны басқа балалар да естуі керек.

Есту қабілеті нашар оқушылармен сабақ үстіндегі сөз әдісі баланың жеке есту аппаратымен де, өз есту қабілетімен де қабылдай алатын бұйрықтарды, нұсқауларды, спорттық терминологияны және спорттық қимылдарды қамтуы керек. Сөйлеу нұсқаулары қысқа болуы керек, негізгі сөйлеу жылдамдығымен айтылуы керек, қозғалыс атауы, оны орындау техникасы туралы қажетті ақпаратты қамтуы керек. Олар ауызша немесе көрнекілік материалдар көмегімен ұсынылады.

Дене тәрбиесі сабағында жиі қолданылатын әдістемелік тәсілдер:

- жаттығулар мен оның элементтерінің сипаттамасы,
  - орындау шарттары,
  - жаттығу техникасын көрсету, оны түрлі көрнекі құралдардың көмегімен суреттеу.
- Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуға арналған арнайы тәсілдер
- Тапсырмаларды кезең-кезеңмен түсіндіру;
  - Тапсырмаларды дәйекті орындау
  - Тапсырмаларды жүйелі орындау
  - Қарқын мен күрделіліктің біртіндеп артуы
  - Оқушыларға тапсырманы орындау нұсқаулығын қайталау
  - Оқытуды аудио-визуалды техникалық құралдарымен қамтамасыз ету
  - Түсіндіру және тапсырмаларды орындау кезінде оқушыларға жақын болу

- Тапсырманы толық жасай алмаған оқушыға жаттығуды аяқтауына қосымша уақыт беру
- Оқушыларды жеке бағалау

Ауызша ақпараттар - түсіндіру, аяқ қолдардың, бастың, дененің іс-әрекеттерінің атауы мен кезеңдерінің реттілігі туралы әдістемелік нұсқаулықтардан, өзін-өзі бақылау және қателерді түзету туралы ұсыныстардан тұруы керек.

Жалпысы ерекше балалардың қызығушылығы, мақсаты, дене тәрбиесі сабағына деген қанағаттылығы, тақырыптың маңыздылығы мұның барлығы баланың өзіне қаншалықты пайдалы екендігін түсінуіне байланысты. Бұған ықпал етеді факторлар:

- мұғалімнің жинақылығы, оның командалары мен ескертулерінің қысқалығы мен анықтығы;
- ойын және бәсекелестік әдістерді қолдану;
- сабақта музыкалық сүйемелдеу;
- сәттіліктің қуанышты сәттерін бірнеше рет бастан кешіру.

Осылайша, бейімді дене тәрбиесі арқылы денсаулығында ауытқулары бар оқушылардың психикалық және физикалық жағдайын едәуір жақсартуға болады, ең бастысы оларды өздері үшін мүмкін болатын дене жаттығуларымен және психофизиологиялық жағдайын басқару қабілетімен таныстыруға болады.

Түзету - қалпына келтіру іс-шаралары жүйесін қоса отырып, дене тәрбиесі бойынша жүйелі жұмыс кезінде біз оқытудың алғашқы кезеңдерінде айтарлықтай нәтижелерге көз жеткіздік. Олар:

- өмірлік маңызды қозғалыс дағдылары қалыптасады,
- адамгершілік қасиеттер қалыптасады (адалдық, тәртіптілік),
- сөйлеу процестері белсендіріледі,
- жылдамдық-күш қасиеттері дамиды (жылдамдық, ептілік, төзімділік),
- дамуда зияткерлік сапасының (бақылаушылық, жады, тапқырлығын),
- денсаулық күшейеді, ағзадағы қан айналымы мен зат алмасу, жүрек пен өкпе қызметі жақсарады,
- моральдық-ерік қасиеттері тәрбиеленеді.

Балалар өзін-өзі басқаруға, ұжымда әрекет етуге, өз іс-әрекеттерін бақылауға, жалпы талаптарға бағынуға үйренеді. ай нәтижелерге қол жеткіздік.

Адаптивті дене шынықтыру-бұл қалпына келтіруге және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімделуге, толыққанды өмірді сезінуге кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді женуге, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлесінің қажеттілігін түсінуге бағытталған спорттық-сауықтыру шараларының кешені.

Бүгінгі таңда менің тәрбиеленушілерімнің спорттағы осындай нәтижелері бар: 3 оқушы жеңіл атлетикадан спорт шеберіне кандидат атағын қорғады, Қожахметов Сұлтан шахматтан Азия чемпионы, Жолашар Ернұр Польшада саңырау жүзушілер арасында жүзуден халықаралық турнирде 2 жүлделі орынға ие болды, жүзуден спорт шеберіне үміткер болып табылады. Усманов Диас, Шаимов Алмас қалалық, республикалық шахмат жарыстарының жүлдегерлері. үстел теннисі, асық ату, футбол бойынша түзету сыныптарының құрамасы қалалық және республикалық жарыстардың жүлдегерлері болып табылады.

*Балия Ж.  
дене шынықтыру пәні мұғалімі  
Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Балық би атындағы орта мектебі*

## **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Дене шынықтыру, спорт және салауатты өмір салты тақырыбы соңғы жылдары өте өзекті болып отыр. Көптеген адамдар үшін спорт - бұл әл-ауқаттың, жоғары иммунитеттің және денсаулықтың кепілі. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдар әдемілігімен мақтана алады. Бүгінде спорт барлығына қолжетімді. Өртүрлі фитнес клубтары мен орталықтары, спорт алаңдары адамға ресурстардың жетіспеушілігін сезінбеуге мүмкіндік береді. Жаттығудың тағы бір танымал түрі- жүгіру, зарядтау түріндегі таңертеңгі физикалық белсенділік. Жалпы спорттың қолжетімділігі және кез келген жерде және кез келген уақытта дене шынықтырумен айналысу мүмкіндігі пайда болды.

Мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес қабылданған дене шынықтыру мен спортты дамытудың өңірлік бағдарламаларына үнілсек, бұл салада әр кезеңде жеткен жетістіктер аз емес. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, спортпен және дене шынықтырумен айналысатындар саны күн санап артып келеді. Спортшылармен қатар, бұл салада еңбек ететіндер де, білімді мамандар да көбейіп келеді. Статистикаға сәйкес, балалар мен жасөспірімдердің тек үштен бірі ғана белсенді өмір салтын ұстанады, ал әскерге шақырылғанға дейінгі жастардың 40 пайызы Қазақстанда әскери қызметке жарамсыз. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты, дене шынықтыруды, оның ішінде балалар арасында дамытудың басымдығын атап өтті.

Қазақстандағы бұқаралық спорттың негізгі проблемалары дене шынықтыру мен спортты дамытуды қаржыландырудың жеткіліксіздігімен, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің төмен деңгейімен, спорт инфрақұрылымының және білікті мамандардың, әсіресе ауылдық жерлерде, спортты дамытудағы олқылықтармен байланысты. Сондай-ақ білім беру субъектілерінде жүйелі сауықтыру және дене шынықтыру-спорттық жұмыстың жоқтығы.

40 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі бала ерекше білім алуды қажет етеді. Бірақ, арнайы мектептерде ғана емес, жалпы білім беретін мектептерде де мамандар жетіспейді, қарапайым жағдайлар бар. Мектеп спортының жүйесі құрылмаған. Мектепшілік жарыстарға қатысушылардың сапалық құрамына қойылатын талаптардың халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Мәселені шешу үшін екі нәрсе қажет: мектептегі спорт үйірмелерінде сабақтан кейін дене шынықтырумен айналысатын балалардың санын көбейту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру, әдістемелік құралдарды жаңарту арқылы кадр тапшылығын жою. Базалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Көптеген дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізілуде, бұл шараларға қатысушылар саны да артып келеді. Әр түрлі ұйымдарда жыл сайын кешенді спорттық іс-шаралар өткізіліп, бұл шараларға қатысушылардың саны жылдан жылға артып келеді. Дене шынықтырудың материалдық-техникалық базасы нығайып, көптеген спорт нысандары салынууда, бірақ бұл ғимараттар халықтың сұранысын қанағаттандырмайды. Оқу орындары мен кешендерде спорттық құрал-жабдықтар жоқ немесе заман талабына сай емес.

Кәсіби спортшылар мен әуесқой спортшылардың статусында белгілі бір айырмашылықтар бар.

Дайындықпен қамтамасыз етудің артықшылығы:

1. Ең жақсы базаларды пайдалану (спорт залдары, стадиондар) т.б.
2. Тәжірибе алмасу және оқыту мен тәрбиелеудің озық әдістерін қолдану.
3. Әр түрлі саладағы мамандардың күш-жігерін шоғырландыру (жаттықтырушылар, дәрігерлер, ғалымдар).
4. Команданың дайындық барысын бақылау мүмкіндігі.
5. Жарыстарға дайындық кезіндегі жағдайларды модельдеу.
6. Команданы таңдау және жарыстарда орындаудың тактикалық тапсырмаларын әзірлеу.
7. Топ мүшелерінің салауатты психологиялық климатын және психологиялық үйлесімділігін құру.

Спорттық дайындық – ұзақ мерзімді үздіксіз процесс. Әдетте спорттық ойындарда ұзақ дайындықтың алты кезеңі бар.

Біріншісі – спорттық ойындардың ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды спорттық ойындарға баулу, ойын ойнау дағдыларының негізін қалау, жалпы дене қасиеттерін дамыту кезеңі. Жас шегі - 11 жасқа дейін.

Екіншісі – жалпы негізгі (техникалық-тактикалық, физикалық) дайындық кезеңі, тапсырманың күрделілігі, барлық қатысушыларға қолайлы құралдар мен әдістерді таңдау, мамандандырылған сыныптарға жас спортшыларды іріктеу, белгілі бір спорт түрінен сабақтарға бағыт-бағдар беру. Жасы 12-14 жас.

Үшіншісі – арнайы базалық дайындық (техникалық-тактикалық, физикалық, ойын, жарыс), орындалатын ойын функцияларына сәйкес мамандандыру элементтерімен қаруландыру, келесі кезеңге іріктеу кезеңі. Жасы 15-17 жас.

Төртіншісі – жастарды жоғары нәтижелі ұжым талаптарына бейімдеу, спортты дамыту, қару-жарақ негізінде ойын әрекетіне мамандандыру кезеңі. Жасы 18-20.

Бесіншісі – жоғары жетістіктерге жету деңгейіндегі жоғары спорттық нәтижелер кезеңі. Жас ерекшелігі – 21-30 жас.

Алтыншысі – спортшының бұқаралық спорт аясындағы ардагерлер жарыстарына қатысып, жаттығуын жалғастыратын кезеңі. Бұл кезең үшін жас шектеулері жоқ. Осы кезеңдердің негізінде міндеттер анықталады, құралдар мен әдістер таңдалады, оқыту және конкурстық процедуралар анықталады және т.б. Келесі кезеңге дайындық деңгейі жақсы жастар өтеді. Сондықтан жас шекарасы шартты, негізгі көрсеткіш спорттық шеберлік деңгейі болып табылады. Спорттық ойындардағы жаттығу жүйесінің құрылымы.- Спорттық жаттығулар күрделі құбылыс, бұл жерде жүйелілік принципі маңызды. Жүйені біртұтас тұтастықты құрайтын және белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған элементтердің өзара байланысты жиынтығы деп түсіну керек. Яғни, құрамдас бөліктер бір-бірімен біріктіріліп, ірі жарыстарда жоғары жетістіктерді көрсетуге бағытталған бірегей жүйе ретінде қарастырылған жағдайда ғана спортшының дайындығы сәтті деп саналады. Бір жағынан «Спорттық дайындық» спортшылардың ең жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін, ал екінші жағынан спортпен шұғылданатын адамдардың максималды санын қамтиды.

Спортшылардың дайындығын қамтамасыз ету – болашаққа нық қадам басуға септігін тигізеді.

Тренерлердің кәсіби біліктілігі. Спортшыларды дайындау жылдарындағы жаттықтырушылардың кәсіби біліктілігі, оның жоғары деңгейі жүйенің табысты жұмыс істеуінің айқындаушы факторы болып табылады. Оқу орындарында жаттықтырушыларды дайындаудың маңызы зор. Банк ісінде мүмкіндігі бар және белгілі бір табысқа жеткен тұлғалармен білікті жұмыс жүргізудің маңызы ерекше. Осы салада жұмыс істейтін жаттықтырушылар өз елінің, шет мемлекеттердің, әсіресе, спорты дамыған елдердің даму тенденцияларын жүйелі түрде зерттеп отыруы қажет. Жаттықтырушылардың семинарлары, кеңестері мен конференциялары өткізіліп, оларда спорттың нақты түрлері бойынша



спортшыларды дайындаудың әртүрлі мәселелері қарастырылады. Жаттықтырушылар үшін отандық және шет мемлекеттердің жұмыс тәжірибесі тұрақты түрде жарияланатын спорттық ойындар бойынша әдістемелік материалдар шығару өте маңызды.

Оқыту мен тәрбиелеу құралдарына дене шынықтыру, гигиеналық факторлар және табиғат күштері жатады. Дағдылар мен фитнесі күнделікті жаттығулар арқылы үйренуге және жақсартуға болады. Дене жаттығулары көп болғанымен, олардың орындалуы оқу процесінің талаптарына байланысты. Дене шынықтыру қозғалысты жақсартуға, күшті арттыруға, жылдамдыққа төзімділік пен икемділікті арттыруға үлкен әсер етеді. Сонымен қатар, ол жүректің, қан айналымының, тыныс алудың және дененің басқа бөліктерінің жүйелі дамуына, сондай-ақ спорттық өнімділікті жақсартуға және стресстен қалпына келтіруге үлкен әсер етеді.

Жалпы күшейту жаттығуларының көлемін ұлғайту арқылы көптеген мәселелерді шешуге болады. Сонымен бірге табиғаттың сыртқы күштері мен гигиеналық факторлар футболшылардың дене функцияларын жақсартуға мүмкіндік туғызып, дене шынықтыру мен демалысты, тамақтануды, ұйқы мен гигиенаны, ұйқыны дұрыс ұстауға ықпал етеді. Спортшыларды дайындаудың ұзақ мерзімді жүйесінің мақсатын ескере отырып, іріктеуде келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады: бірінші – жалпы спортқа қабілеттілерді анықтау үшін бірінші іріктеу; екіншісі – спортшылардың ойын қызметтеріне болашақ құқығын анықтау; үшіншісі – жоғары деңгейдегі командаға іріктеу; төртінші – түрлі деңгейдегі құрама командаларға және жарыстарға қатысу үшін іріктеу.

Логистика ең заманауи талаптарға сай болуы керек. Әрбір спорт түріне қажетті құрал-жабдықтардың түрлері:

- ұлттық құрамаларды дайындау орталықтары;
- ізбасарларды даярлау орталықтары – мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және олимпиадалық дайындық орталықтары;
- дайындық жұмыстарына қажетті спорттық жабдықтар, жарыстарды кез келген уақытта өткізуге қажетті құрал-жабдықтар;
- жаттығуға қажетті спорттық құрылыстар, жабдықтар мен құралдар;
- жарыстар мен жаттығуларға қажетті киімдер;
- арнайы жабдықталған оңалту орталықтары;
- құрама командаларды, жоғары дәрежелі ұжымдарды және ізбасарларды: әртүрлі кәсіп мамандарын, жаңа ақпараттық технологияларды, қажетті құрал-жабдықтарды және т.б. ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- жүйені барлық жағынан қаржыландыру.

Оқытуды ұйымдастыру және басқару түрлері. Спортшыларды даярлау жүйесін табысты енгізудің маңызды аспектілерінің бірі – әртүрлі мәселелерді толық шешуге, әр түрлі спорттық дайындығы мен дағдыларындағы жаңа спортшылармен жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін спорт түрлерінің болуы. Бұл жалпы білім беретін, орта және жоғары оқу орындарының спорт секциялары, балалар мен жасөспірімдерге арналған кешенді және мамандандырылған спорт мектептері, олимпиадашылар мектептері, құрама командалар, түрлі оқу-жаттығу жиындары, оқу орталықтары.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абельская Р.С. О роли слова и образа восприятия ситуации спортивной игры // Вопросы психологии, - 1957.
2. Андреев, С.Н. Организационные проблемы подготовки спортивного резерва по футболу: дис,... канд. пед. наук / С.Н. Андреев, - Омск
3. Апухтин, Б.Т. Тактическая подготовка футболистов / Б.Т. Апухтин. - М.: Физкультура и спорт
4. Апухтин, Б.Т. Техника футбола / Е.Т. Апухтин. - 2-е изд, испр. и доп. - М.; Физкультура и спорт
5. Аркадьев, Б.А. Тактика футбольной игры / Б.А. Аркадьев. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Физкультура и спорт.

6. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы шілдедегі № 228-V Заңы, 40-бап.
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
8. Ершова, Н.Г. Профессионально-личностное развитие студентов в условиях психологопедагогического сопровождения в вузе физической культуры / Н.Г.Ершова // Теория и практика физической культуры. – 2005. – №9. – С. 44–47.
9. Запесоцкий, А.С. Образование: философия, культурология, политика/ А.С.Запесоцкий. – М.: Наука, 2002. – 456 с.
10. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлық

***Алексеева И.В.***

*педагог-исследователь*

*учитель физической культуры,*

*КГУ «ОШ №59» г.Караганда, РК*

***Асланиди Г.В.***

*педагог-исследователь*

*преподаватель физической культуры,*

*Карагандинский высший гуманитарный колледж*

## **РОЛЬ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР В РАЗВИТИИ И ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

«Одна из главных задач нашего государства сегодня — воспитание поколения, хорошо знающего традиции родной культуры, любящего историю своего народа — поколения, которому можно доверить будущее страны. Молодое поколение, не усвоившее духовные ценности своего народа, уроки родной истории, может захлебнуться волной глобализации и пойти на поводу различных догматических течений. Это означает, что наш долг – воспитать молодых казахстанцев в духе патриотизма, любви к родному народу», — отметил Первый Президент [2].

Воспитать патриотов, любящих свою Родину – это одна из главных задач общества, но она не осуществима без знания духовного богатства народа

Подрастающее поколение часто не знает истории и традиций своего народа по той причине, что ему негде черпать свои знания. Поэтому перед учреждениями, призванными воспитывать детей, стоит задача: пока не произошла окончательная смена поколений, проводить работу по возрождению и претворению в жизнь казахских народных традиций.

Национальные игры с давних времен служили для воспитания детей и молодежи, ведь они являются одним из важных элементов культурного наследия казахов и закреплено жизненным опытом.

Игра, как основной и самый первый вид деятельности ребенка, может быть не просто развлечением, но и нести в себе духовную культуру, знакомство с обычаями, традициями, обрядами. В играх у ребенка формируются и развиваются определенные черты характера и положительные качества, такие как: дисциплина, выдержка, общение в коллективе, соблюдение правил, умение совладать своими эмоциями и т.д.

Такие педагоги-просветители, как А. Кунанбаев и И. Алтынсарин говорили о воспитательных возможностях казахских народных игр. А с 80-х годов М.Т.Таникеевым, Б.О.Тотенаевым, Ж.Тулегеновым, Т.Ж.Бекбатчаевым, Е.Сагындыковым и др. казахские игры стали изучаться, как одно из средств воспитания в педагогике. Эти ученые в своих работах подробно описали казахские народные игры, классифицировали их, выделили методики использования в воспитательных целях и в учебной деятельности.

У казахского народа много неповторимых и разнообразных игр. Физическое воспитание казахского народа было нацелено на подготовку сильных и смелых джигитов. Поэтому игры служили не только развлечением, но и средством развития необходимых в жизни навыков для воспитания здоровых, смелых, сильных юношей, уважающих стариков и обязанных обществу, родным и близким людям. В настоящее время все более массовыми и популярными становятся казахские национальные виды спорта.

Так как казахские национальные игры связаны с культурой, творчеством, обычаями, то они несут огромный багаж воспитательных, обучающих и развивающих возможностей. Поэтому просто необходимо использовать их на уроках для нравственного, патриотического и физического воспитания детей.

Игры содержат такие действия, которые совершенствуют разнообразные двигательные качества, а также оказывают общее физическое воздействие. Игры развивают логику, мышление, умственные способности. Применение подвижных игр для решения образовательных и воспитательных задач является неотъемлемой частью физической культуры. С помощью одних и тех же игр можно воспитывать различные нравственные и физические качества.

Игры «Жаяу көкпар», «Түйілген орамал», «Қара сиыр» дают детям новые знания и формируют познавательный интерес, так как сюжет составляют повадки животных, особенности природы, явления окружающего мира.

Игра «Көкпар» произошло от слова «көк бөрі» — серый волк. Волки всегда представляли опасность для скотоводов и на них вели охоту, а после нее проводили соревнования. Позже это соревнование превратилось в национальную игру «Көкпар». Данная игра развивает ловкость, смелость, внимательность, силу в скачках и джигитовках.

Основная цель игр «Хан алшы», «Бұғнай» - развитие мышления, внимания, точности, глазомера.

Игра «Түйілген орамал» - развивает ловкость, быстроту, внимание.

«Қара сиыр» - игра формирует у детей чувство коллективизма, сообразительности.

Для определения ведущих в играх часто применяют считалки. Для них можно использовать некоторые устные задачи и крылатые выражения народной педагогики казахского народа, содержащие численные понятия, которые дети запоминают быстрее, так как численные понятия в них содержатся в конкретных примерах. Благодаря считалкам дети быстрее запоминают последовательность чисел в натуральном ряду, при этом развивается память, мышление и внимание. Казахские считалки отличаются разнообразным содержанием, которое пополняет словарный запас, знакомит с окружающим миром и повседневной средой. В качестве примера можно привести следующие игры: «Жануарлар», «Қуыр-қуыр, қуырмаш», «Санап ал».

Кроме считалок, можно использовать и каламак (жеребьевки). Они очень интересны, задают настроение, развивают слух и нравятся детям. На уроке их используют тогда, когда нужно разделить детей на команды. Например, при помощи считалки выбирают водящих, а потом имена и спрашивают поочередно у ведущих, кого дети пожелают. Таким образом, дети делятся на команды. Каламак воспитывает у детей доброжелательное отношение друг к другу, умение общаться.

В национальных играх часто присутствуют скороговорки (жанылтпаштар), они способствуют развитию речи, мышления и правильному произношению звуков.

Очень интересна казахская национальная игра «Тоғыз кумалак», развивающая логическое мышление и решение в уме устных действий. Эта игра способствует развитию математического склада ума, в процессе детям приходится решать все более и более сложные задачи и добиваться их решения.

Во время игры дети эмоционально заряжаются, но в тоже время им приходится подчиняться определенным логическим расчетам, так как они постоянно сталкиваются с определенными задачами и благодаря этому происходит умственное развитие ребенка.

У казахского народа очень много таких игр, которые можно и нужно использовать, как средство умственного развития детей.

Все изложенное выше позволяет сделать следующие выводы:

1. Казахские национальные игры являются источником развития интеллекта, так как несут большую педагогическую направленность.
2. Казахские национальные игры несут в себе информацию об обычаях, традициях, истории.
3. Казахские национальные игры воспитывают патриотизм и любовь к своей Родине.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Абушев А.Н. Особенности использования казахских национальных игр в процессе занятий со школьниками // Тезисы респ. науч.-практ. конф. - 2006. - № 4. - С. 9-10.
2. Назарбаев Н.А. Казахстан - 2030: Послание Президента страны народу Казахстана.- Алматы: Білім, 1997.)
3. Сагындыков Е.А. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 2001. - 175 с.
4. Ганикеев М.Т. Мир народного спорта. - Алматы: Санат, 1998. - 318 с.
5. Тотенаев Б.Т. Казахские национальные игры. - Алма-Ата: Казахстан, 1976. - 144 с.
6. Узакбаева С., Айтпаева А. Казахские народные детские игры. - Алматы: Республ. издат. кабинет Казахской академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. - 170 с.

*Алимжанов М.Г.*

*Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

*№ 3 орта білім беретін мектеп-кешен*

*Семей қаласы Абай облысы, ҚР*

### **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
- ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
- б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді. Дене тәрбиесі жүйесінің мазмұны қоғамның әлеуметтік-экономикалық, заңдылық, ғылыми-әдістемелік, бағдарлама-нормативтік және ұйымдастыру негіздерінен көрінеді. Дене тәрбиесі жүйесі қоғамымыздың басқа әлеуметтік-экономикалық жүйелерінен, саясатпен, ғылыммен, мәдениетпен тығыз

байланысты. Бұл байланыстардың, объективті негізі — дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіндігінде. Жүйе қоғамдық өнім шығармаса да сол ортаға өндірістік қатынастардың иесі-адам арқылы әсер етеді. Ол адамның әлеуметтік жағдайын қалыптастырып, қоғамдық қатынастарды жетілдіреді. Жалпы дене тәрбиесі жүйесі ғылыми-әдістемелік негізде құрылады. Оның барлық теориялық және практикалық ұсыныстары ғылыми түрде баяндалады. Дене тәрбиесі жүйесін қоғамдық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік-биологиялық ілімдер, гигиена, физиология, спорттық медицина т.б. зерттейді. Осылардың ішінде негізгі орынды дене тәрбиесі ілімі мен әдістеме пәні алады. Дене шынықтыру қозғалысында президенттік сынағалардың маңызы өте зор.

Президенттік сынағаларды-бұл бақылаулық нормативтер арқылы халықтың оқуға, еңбекке, әскери қызметке дене қуаты дайындығының жалпы деңгейін анықтайтын әр түрлі сынақ-жаттығулар жиынтығы.

Дене тәрбиесі жүйесінің принципіне мыналар жатады: адамның жан-жақты үйлесімді дамуы; дене тәрбиесі принциптерінің еңбек ету және Отан қорғау тәжірибесі мен үйлесімі; дене тәрбиесінің денсаулықты нығайтуы. Адамның жан-жақты үйлесімді даму принципі дене тәрбиесі жүйесінде екі бағытқа бөлінген: дене тәрбиесі тәрбиенің басқа түрлерімен тығыз байланыса отырып, жастарды өнегелі тәрбиеге баулиды, зейінділікті, еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, адамның көркемдік — әсемдік танымына көп әсерін тигізеді. Дене қуатын жан-жақты дамыту үшін жаттығушылар дене тәрбиесі процесі кезінде спортшылардың қимыл шеберлігін, дағдысын жетік игеруіне көмектесуі керек. Дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу адамның денсаулығын нығайтып, кең көлемде қимыл ептілігі мен дағдысын меңгеруге көмектеседі, жұмыс істеуге ынтасын арттырады. Дене мәдениеті және спортпен айналысқан адамдар мамандық игеруге, спортпен айналысқан адамдармен салыстырғанда уақытты 1,5-2 есе аз жұмсайды. Жас ұрпақ денсаулығын нығайту бағытында ұйымдастырылатын спорттық, сауықтыру іс-шараларын үйірмелер арқылы жүргізіп, салауатты өмір салтын қалыптастыру керек.

Балаларды ұжымдық оқытудың төмендегідей пайдасы бар.

1. Оқушылар оқу және тәрбие үрдісінде ғылымға сусап тұрады. Өз білімдерін мақтан тұтып, досының білімін қызғанады. Намыс пен мақтаныш тәрбиеленушіні өзгелерден кейін қалмауға міндеттейді.
2. Оқушылар кездескенде үнемі сөйлеседі, сонымен естерін және шешендігін дамытады. Егер балалардың біреуі жақсы сөз естісе және оны құрбыларына айтса, онда балалардың естері дамиды және өзін-өзі оқыту жүреді.
3. Ұжымдық оқытудың келесі қоғамдық пайдасы оқушылар өзара достасады, бірін-бірі сыйлауға үйренеді, өзара дауласады, жарысады және құқықтар мен міндеттер туралы пікір айтысады. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

– Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау.

– Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады. (мыс: дене шынықтыру сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек) осы арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге, машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет.

Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс.

Жаңа идеяларды енгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.
6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <http://edunews.kz/articiles/551-dene-trbies-sabaynda-oytudy-zhaa-tehnologiyalaryn-engzud-timd-zhatary.html>

*Асылбекова А.К.*

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы ЖОББМ» КММ Ағылшын тілі, дене шынықтыру мұғалімі*

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БОЙЫНША СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу - заман талабы. Оның басты кепілі - салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелен ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан-жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты - ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Біздіңше, адамның әлеуметтік - психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылданду;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;

- қарым - қатынас және экологиялық мәдениетке жету;

- дұрыс жыныстық тәрбие алу;

- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі - ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл - ауқатынын дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі - жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз - адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Денсаулықты бала кезден күтуді үйреткен жөн екендігі бәрімізге мәлім. Спорттың баланың ақыл-ойының жақсы дамуы мен денсаулығының мықты болуына көмегі көп, ол дене мүшесінің дұрыс жетілуіне септігін тигізеді. Осы мәселені зерттеген зерттеушілер дене шынықтырумен айналыспайтын ұл-қыздардың бойынан біраз ауруды тапқан. Әсіресе, жүрек-қан тамыры аурулары жиі кездесетіні байқалған. Тіптен ересектерде кездесетін атеросклероз және инфаркт миокарда, артық салмақ (қант диабеті), сколиоз және т.б. аурулар 5-8 жастағыларда да кездескен. Зерттеу нәтижесінде спортпен күнделікті

шұғылданып, салауатты өмір салтына бейімделген балаларда бұл дерттер кездеспейтіні байқалған. Денсаулығы мықты ұл-қыздардың ойлау қабілеттері жоғары болатындығы да дәлелденген.

Спорт үйірмелеріне қатысу үшін ата-ана баланың қабілеті мен денсаулығына және икемі мен бейіміне қарап, дәрігердің ақыл-кеңесіне жүгінуі керек. Өйткені мұның арғы жағында терең мән бар.

«Шынықсаң - шымыр боларсың» демекші, әрбір ата-ана баласының денсаулығының жақсы болып, ауырмағанын қалайды. Баланың қандай спорт түрімен айналысуы да өте маңызды. Көптеген ата-ана баласын өзін-өзі қорғау мақсатында жекпе-жек, күрес, бокс сияқты үйірмелерге апарды. Бұл кей жағдайда бала ағзасына күш түсіреді. Мұны әрбір ата-ана ескеруі керек. «Бала жас шамасына қарай спорттың қай түрімен айналысқаны дұрыс?» деген сұраққа келетін болсақ, баланы үйірмеге жасына, қабілетіне қарай беру керектігін әр дене шынықтыру пән мұғалімдері сабақтан тыс ата-аналарға арналған лекторийлерде, жиналыстарда айтып түсіндіріп, тиісті мағлұматтар беріп отыруы керек деп есептеймін. Тек сабақта емес, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта спортпен шұғылдану әрбір оқушының, өзінің жеке басының ғана емес қоғамдық міндеті деп түсіндірілуі керек.

Айталық, 7 жастан бастап суда жүзу, мәнерлеп сырғанау, теннис, 10-12 жас-тан бастап бокспен шұғылдануға рұқсат етеді. Бұл спорт түрлері баланың тірек қимылдары мен қозғалыс мүшелерін шынықтырады. Спорт немесе дене қимылы қалай болғанда да тынымсыз жұмыс істеуді талап етеді. Демек, талап қана денсаулыққа кепіл бола алады. Олай болса күнделікті жаттығу, жүгіру денені ширата түссе, өзің-ақ спорттың өзің қалаған түріне икемделе басталуына жол ашады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тұрғыдан дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды көптеп ұйымдастыруға көңіл бөліп отыр.

Сыныптан тыс шараларға балаларды тарту негізінен мұғалімнің сабаққа дайындығы мен сабақ жоспарларын қалай іске асыратынына, сабаққа үлкен жауапкершілікпен қарауына және оқушылардың сол спорт түріне қызығушылығына байланысты.

### Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс шараларға кіреді:



Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылдануға ынта-ықыласын дарыпу.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері:

- баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу;
- ағзаны шынықтыру оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтыру оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу;



– балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс-дағдысын тәрбиелеу.

– еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу;

– әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу;

– гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

Сыныптан тыс спорттық шараларды ұйымдастырғанда спортпен шұғылданғанда санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға, спорттық жарақаттанудың болдырмауына мұғалім тарапынан аса көңіл аударылуы тиіс. Сыныптан тыс жұмыстардың нәтижесін көру үшін аптасына сабақ 4-5 рет жүргізіліп, қорытындысында жарыстық кездесулер ұйымдастырылуы қажет.

Қоғамның болашағы - оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Осындай жұмыстардың мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді.

Оқушының дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сондықтан дене шынықтыру бойынша ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарға қатысқан оқушылардың көрсетер нәтижесі:

1. Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
2. Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
3. Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
4. Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

Салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда төмендегідей факторлардың маңызы зор.

- 1) Айқын жасалған күн тәртібінің болуы.
- 2) Дұрыс тамақтану. Зиянды әдеттерден сақтану.
- 3) Дұрыс тынығу. Дұрыс қозғалыста болуы.
- 4) Дене еңбегімен шұғылдануы.
- 5) Таза ауада болып, күн көзіңізге серуендеу. Табиғат аясында болуы.

Біз мектебімізде оқушыларға денсаулық туралы үйрете отырып, жоғарыда айтылғандардың барлығын сабақ процесінде қолданамыз.

Біздің балаларымызда не бар? Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, оқу жүктемелерінің үнемі өсуі, ал бұған қарама-қайшы балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы, ал ғаламтор арқылы қарым-қатынас құрбыларымен қалыпты адами қарым-қатынасты айырбастауы.

Шығу жолы: Дене тәрбиесі мен тұрақты шұғылданған адамның өмір жасы ұзақ болып, денсаулығы жақсы болатыны насихаттай отырып, мектеп оқушыларының арасында түрлі қимылды жаттығулардың түрлерін күнделікті таңертең сағат 8:15-те 1-ші сабақтың алдында өткізіледі. Спорттық іс-шараларына мектепте көп назар аударылады. Әр тоқсанның демалыс күндерінде Денсаулық күндерін өткізудеміз. Мектеп спорттық

секциялары спорттың бір түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін арнайы құрылады. Сыныптан тыс жұмыстардың маңызы оқушылар дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы дұрыс өткізуге, іріктеп алынған жаттығулар түрімен айналысуда балалардың жеке қызығушылығын арттыруға жәрдемдеседі, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытады. Бізде тілек білдірушілердің санына және мектеп жағдайына байланысты волейбол, баскетбол, футбол, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі ойнатылады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. К.Бержанов, С.Мусин. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп. 1972.
2. К.Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1986.
3. Мектепте дене шынықтыру. Республикалық оқу-әдістемелік журнал. №1-3 2018 ж. №6 2012 ж.
4. Ұстаз. Ғылыми-әдістемелік журнал. №1 2019 ж.

***Байгазинов С.Т.***

*Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Жалғызбағаш орта мектебінің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

### **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп,

өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсатмұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жанжақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күшқуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас

және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту.

**Бузуляк П.А.**

*учитель физической культуры,  
КГУ «Тогузакская общеобразовательная  
школа отдела образования  
Карабалыкского района»  
Карабалыкский район, с. Тогузак, РК*

## **СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ**

Актуальность использования современных технологий на уроках физической культуры определяется особой ролью здорового образа жизни на современном этапе развития человечества в целом и каждого отдельного ученика школы в частности. Создание здорового образа жизни требует дальнейшего развития учебного процесса в школе и перехода на другой более высокий качественный уровень обучения с помощью применения современных обучающих средств. Это предполагает не только внедрение результатов спортивной деятельности на уроках физической культуры, но и формирование положительной мотивации к процессу обучения в целом. В силу этих обстоятельств можно со всей уверенностью утверждать, что именно применение современных технологий на уроках физической культуры, несомненно, является ключом к созданию здорового образа жизни.

Использование информационно-коммуникационных технологий, позволяет дать учащимся ориентир в условиях переизбытка информации, развивает критическое мышление. В настоящее время учитель физической культуры сталкивается с проблемой

снижения уровня двигательной активности, познавательной деятельности учащихся на уроке, да и просто нежеланием учиться. Один из способов развития двигательной активности и познавательной деятельности учащихся - это применение видеофильмов, мультимедиа технологий, компьютера. В школьном курсе физической культуры можно выделить несколько основных направлений использования ИКТ: наглядное представление влияния физических нагрузок на организм человека; моделирование игровых ситуаций; система тестового контроля.

На уроке физической культуры применяются элементы информационно-коммуникационной технологии: при рассказе об истории волейбола и объяснении правил игры «Волейбол», для объяснения учебного материала об оказании первой медицинской помощи, при несчастных случаях позволяет продемонстрировать не только картинки, но и видеоролики, что позволяет ученикам лучше усвоить материал, информация о ближайших спортивных мероприятиях в школе и районе, информация о спортивных достижениях наших учеников. Хорошим материалом для работы могут служить разработанные уроки на платформе ONLINE МЕКТЕП, где после каждого видеоматериала есть задания, по которым учащиеся могут проверить свои знания по теме и увидеть свой результат. Очень удобно использовать данную платформу в период дистанционного обучения.

Использование проектов позволяет строить на уроках физической культуры обучение на активной основе, через целенаправленную деятельность ученика, соотносясь с его личным интересом. Составляя проект, он превращается из объекта в субъект обучения. Такая работа даёт возможность осознать, что уроки физической культуры развивают не только физически, но и интеллектуально.

Создание условий для развития способности школьников к самообучению путем исследовательской творческой учебной работы учащихся, направленной на интеграцию и актуализацию знаний. Метод проектов, как наиболее перспективная педагогическая технология, которая позволяет раскрыть творческие способности школьников, сформировать умение ориентироваться в огромном море информации, выделять главное, брать ответственность на себя и принимать решения; позволяет интегрировать в себе обучение в сотрудничестве, групповые методы, рефлексивные.

Одно из важнейших требований современного урока – обеспечение дифференцированного и индивидуального подхода к обучающимся с учётом состояния здоровья, физического развития, двигательной подготовленности, особенностей развития психических свойств. Дифференцированный и индивидуальный подходы важны для обучающихся, как с низкими, так и с высокими результатами в области физической культуры. Низкий уровень развития двигательных качеств часто бывает одной из главных причин неуспеваемости ученика по физической культуре. А учащемуся с высоким уровнем неинтересно на уроке, рассчитанном на среднего ученика. Помимо этого, обучающиеся физической культуре делятся на основную, подготовительную и специальную группы. Поэтому и необходимо дифференцирование и задач, и содержания, и темпа освоения программного материала, и оценки достижений.

Под дифференцированным физкультурным образованием понимается целенаправленное физическое формирование человека посредством развития его индивидуальных способностей. Технология дифференцированного образования – это способ реализации содержания дифференцированного физкультурного образования посредством системы средств, методов и организационных форм, обеспечивающий эффективное достижение цели образования. Обучение проводится целостным методом с последующей дифференциацией (выделяются детали техники и разделяются по сложности) и затем интеграцией этих частей разными способами в зависимости от уровня технической подготовленности обучающихся, с целью более качественного выполнения упражнения. Обучение двигательным действиям предусматривает возможность выбора операций для

решения тех или иных двигательных задач. В этом случае каждый обучаемый может освоить двигательное действие в предпочтительном для себя составе операций, что станет основой для формирования его индивидуального, самого эффективного, стиля деятельности. Обучающиеся сильных групп, внутри класса, осваивают учебный материал в среднем на два урока быстрее средних и слабых учеников, поэтому обучение двигательному действию заканчивается для них выполнением изучаемого упражнения в соревновательных условиях, а учащиеся слабых и средних групп продолжают выполнять упражнение по частям или многократно повторяют его в стандартных условиях. Бывает и так, что для школьников, подготовленных наиболее слабо, этапа совершенствования вообще не бывает, так как они не достаточно хорошо освоили учебный материал. Например, ученики не могут освоить передачу мяча в волейболе, и поэтому они не могут полноценно проявить себя в учебной игре, и в то время, когда весь класс играет, эти ребята отработывают это упражнения в парах.

На занятиях по гимнастике хорошо подготовленным детям добавлять в комбинации свои элементы, в опорном прыжке изменять высоту снаряда, тогда как менее подготовленные работают в стандартных условиях. Обязательно проводим индивидуальную работу с обучающимися, у которых не получается выполнение того или иного двигательного действия. Эти учащиеся получают индивидуальные задания, как на уроке, так и для домашнего выполнения.

На уроках физической культуры используются активные формы работы:

Проблемные диспуты и беседы. Сколько детей, столько и вопросов возникает на уроке. На все «Зачем?» и «Почему?» сразу не ответишь, поэтому предлагается всем обдумать этот вопрос, а на следующем уроке мы его обязательно обсуждаем, каждый из детей может высказать свое мнение. Освобожденные от физической нагрузки учащиеся являются главными докладчиками по этим вопросам.

Урок-собеседование. Это также теоретический урок, на котором происходит защита сообщений или индивидуальных домашних заданий по определенным вопросам.

Урок-консультация. Это в основном урок, на котором учитель отвечает на вопросы учащихся по самоподготовке, по выполнению каких-либо упражнений или комплексов вместе с учеником подбираются подводящие упражнения и упражнения общей и специальной физической направленности.

Урок-соревнование. Соревнования необходимо включать на всех этапах урока и на разных стадиях обучения. Соревновательные моменты на уроке способствуют развитию физических качеств, развитию познавательного интереса, повышает степень эмоционального воздействия, стимулирует активность на уроке и очень нравятся детям.

Работа по этим технологиям социально значима, так как физически здоровый человек защищен, активен, уверен в себе. Он конкурентоспособен и в плане физическом и как следствие, в плане интеллектуального развития.

Вот так день за днем, шаг за шагом в своей работе необходимо применять современные образовательные технологии. Учить детей охранять свое здоровье, заботиться о нем.

**Валиев С.К.**  
*«Жетісу облысы білім басқармасының  
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ  
«Байысов атындағы орта мектебі МДШО» КММ  
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

## **ОҚУШЫЛЫАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН КАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

*"Денсаулық-бұл әркім өзі жеңуі керек шың" (шығыс даналығы)*

Салауатты өмір салты - бұл халықтың денсаулығын қалпына келтіруге, сақтауға және жақсартуға мүмкіндік беретін жалғыз өмір салты. Сондықтан халықтың осы өмір салтын қалыптастыру мемлекеттік маңызы бар маңызды әлеуметтік міндет болып табылады. Жақын және қымбат адамдармен кездесулер, ажырасулар кезінде біз оларға жақсы және мықты денсаулық тілейміз, өйткені бұл толыққанды және бақытты өмірдің негізгі шарты және КЕПІЛІ. Денсаулық бізге жоспарларымызды орындауға, негізгі өмірлік міндеттерді сәтті шешуге, қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Біздің әрқайсымызда мықты және сау болуға, мүмкіндігінше ұтқырлықты, сергектікті, энергияны сақтауға және ұзақ өмір сүруге деген ұмтылыс бар. Бұл өмірдің басты құндылығы. Сіз оны ешқандай ақшаға сатып ала алмайсыз, оны баланың өмірінің алғашқы күндерінен бастап жас сақтау, қорғау және жақсарту қажет. Оқушының салауатты өмір салты әр бала мен жасөспірімнің әл-ауқаты мен табысты оқуының негізі болып табылады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын тәрбиелеу – бүгінгі таңда ата-аналардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Оның қалыптасуымен мектеп те айналысады, бірақ шешуші рөл, ең алдымен, отбасына тиесілі. Оқушының салауатты өмір салты мыналарды қамтиды: дұрыс тамақтану, дене жаттығуларымен айналысу қатаю, күн тәртібін сақтау, гигиена нормаларын сақтау, жаман әдеттерден бас тарту. Кез-келген жастағы баланың ұтымды тамақтануы оның денсаулығы мен белсенділігінің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Адам денсаулығы тек тұқым қуалайтын факторларға, қоршаған орта жағдайларына, өмір сапасына ғана емес, сонымен қатар өмір салтына да байланысты. Бұл өмір салтының денсаулық жағдайына әсер ету үлесі 50 пайызды құрайды. Сондықтан, қазір балалардың жалпы мәдениетіне әсер етуі керек оқушыларды гигиеналық оқыту мен тәрбиелеудің рөлі артып келеді. Балада денсаулыққа табынушылықты қалыптастыру, физикалық және психикалық кемелдіктің сұлулығын барлық құралдармен көрсету өте маңызды.

Қазір өмір жаңа міндет қояды – мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын ұстану қажеттілігіне деген сенімін қалыптастыру. Яғни бұл дегеніміз, бос уақытты денсаулыққа пайдалы пайдалану, күн тәртібін сақтау, темекі шегу, маскүнемдік, нашақорлық, өзін-өзі емдеу сияқты жаман әдеттерге теріс көзқарас қалыптастыру. Күн режимінің биологиялық негізі организмнің барлық физиологиялық функцияларының циклдік сипаты болып табылады. Күн режимінің мәні энергия шығынын барынша азайту және дененің өнімділігін арттыру болып табылады.

Оқушы күнінің режимі келесі компоненттерді қамтиды: мектептегі оқу сабақтары; үйде оқу сабақтары (үй тапсырмасын орындау); ұйқы; тамақтану; дене жаттығулары; демалыс; бос уақыттағы сабақтар. Балалардың өмірінде маңызды орын алатын оқу сабақтары осы "реактивті элементтердің" күшейтілген жұмысын талап етеді.

Кейбір ата-аналар "режим" ұғымына өте күмәнмен қарайды. Ол бекер. Баланың режимін сақтауды белгілі бір догма деп түсіну мүмкін емес. Күн тәртібін орындау балаға физикалық және психикалық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді, бұл эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Бірақ біз, ересектер, бұл жас созылмалы шаршау мен шаршауға

әкелетін эмоционалды тұрақсыздықпен сипатталатынын жақсы білеміз. Бұл тұрақты белгілер баланың жұмысының төмендеуіне әкеледі.

Сабаққа сабақтан кейін демалмай отыру мүмкін емес. Сабақты түскі ас ішіп, 1,5-2 сағат бойы ашық ауада болған дұрыс. Сабақтан кейінгі белсенді демалыс "разрядты" қамтамасыз етеді, балалар денесінің қозғалысқа, қарым-қатынасқа деген қажеттілігін қанағаттандырады, яғни оқушылар күннің бірінші жартысында қарқынды жұмыс істеуге байланысты шиеленісті жеңілдете алады. Балалардың ауада болуы-олардың денесін сауықтыру және қатайту үшін табиғаттың табиғи факторларын пайдалану. Есіңізде болсын, бала неғұрлым көп қозғалса, соғұрлым ол жақсы дамып, өседі. Сіз өзіңіз байқайсыз, серуендегеннен кейін баланың шектері қалай қызғылт болады, ол белсенді, көңілді болады, шаршау туралы шағымдануды тоқтатады

Үй тапсырмасының басталу уақыты мықтап бекітілуі керек. Сабақтарды әрдайым бір сағатта орындау баланың жұмыс жағдайына тез енуіне мүмкіндік береді және үй тапсырмасын жақсы дайындауға ықпал етеді. Ыңғайлы жұмыс орнына қамқорлық жасаңыз. Баланың өз үстелі болуы керек. Уақыт бюджетінде баланың бейімділігіне сәйкес сабақтарға шамамен 1,5 сағат беру керек. Оқу, үйірме жұмысы, теледидардан фильм көру, музыкалық және спорттық іс – шараларға балалардың қызығушылықтары өте кең. Өкінішке орай, теледидар немесе компьютер баланың көп уақытын алады.

Ал, ұйқы гигиенасы - денсаулық, сергектік, жоғары өнімділік үшін баға жетпес мәнге ие. Ұйқының қажеттілігі: 10-12 жаста - 9-10 сағат, 13-14 жаста-9-9, 5 сағат, 15-16 жаста-8,5-9 сағат.

Израиль ғалымдары түнгі ұйқының 1 сағатқа жетпеуі балалардың психоэмоционалды жағдайына нашар әсер ететінін анықтады. Олар кешке қарай қатты шаршайды және есте сақтау және реакция сынақтарында нашар жұмыс істейді. Сондықтан баланың ұйқысын қорғау керек екенін дәлелдеудің қажеті жоқ: жарқын жарық, шу, әңгіме – мұның бәрін жоққа шығару керек. Бала ұйықтайтын бөлмедегі ауа таза болуы керек.

Оқушылардың тамақтануына назар аудару өте маңызды, өйткені дәл осы жаста оны ұйымдастырудағы қателіктер жиі кездеседі. Тамақтанудың калория мөлшері өсіп келе жатқан ағзаның энергия шығынының мөлшеріне сәйкес келуі керек. Адам денсаулығы барлық замандар мен халықтар үшін өте өзекті, ал ХХІ ғасырда ол бірінші орынға шығады. Егер отбасында ата-аналар дене шынықтыру мен спорт баланың денсаулығы үшін маңыздылығын түсінсе, онда олар ерте балалық шақтан бастап балаға қалыптастырады. Кіші жастағы бала еліктегіш келеді, егер ата-аналардың өздері денсаулығын, дене бітімін бақылайтын болса, онда бала өз отбасында өсірілетін ережелер мен заңдарға сәйкес өмір сүреді. Мұндай отбасындағы бала өскенде, оны дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға мәжбүрлеудің қажеті жоқ, ол мұны көптеген жылдар бойы қалыптасқан әдетке сәйкес жасайды.

*Гиззатов А.А.*

*п.ғ.м.,*

*№19 жалпы орта білім беретін мектебінің*

*Дене шынықтыру пәні мұғалімі,*

*Орал қ., ҚР*

## **МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СПОРТТЫ ДАМУҒА ӘСЕРІ**

Дене шынықтыру және спорт саласы жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға, патриотизмді жүйелі тәрбиелеуге ықпал ететін перспективалы алаңдардың бірі ретінде қызмет атқарады.



Дене тәрбиесі белсенді және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті дағдыларды, білімді, құндылықтар мен көзқарастарды дамытады және оқушылардың жеке тұлғалардың да, топтардың немесе командалардың да мәселелерін шешудегі сенімділігі мен құзыреттілігін кең ауқымды оқу іс-шаралары арқылы нығайтады. Бұл сонымен қатар жастардың физикалық белсенділігін арттыруға және созылмалы ауруларды азайтуға маңызды тәсіл. Дене тәрбиесі жастарды тұрақты, құрылымдық физикалық белсенділікке тартудың ұтымды және сенімді негізін қолдайды, сонымен қатар физикалық белсенділікке мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен көзқарастарды қалыптастыруға көмектеседі. Басқаша айтқанда, физикалық белсенділікті өмір сапасының маңызды аспектісі және ұйымдасқан физикалық белсенділіктің дәлелі ретінде қарастыруға болады.

Қандайда бір қоғам болмасын оның сәтті болуы болашақ жастарының денсаулығына тікелей байланысты. Себебі, қазіргі қоғам, жоғары қарқынмен дамыған өндіріс дене бітімі жақсы жетілген, өндірісте жоғары қарқынмен жұмыс істей алатын жасөспірімді қажет етеді. Адамның ширақтығы неғұрлым басым болса, соғұрлым атқаратын жұмысы тиімді болады. Сондықтан әрбір ұстаз өзінің шәкірттерін денсаулығы мықты, көңілді, дене бітімі жақсы дамыған тұлға ретінде көргісі келеді.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді [1].

Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің 1/3 ғана белсенді өмір салтын ұстанады, ал әскерге шақырылуға дейінгі жастардың 40%-ы денсаулығының нашар болуына байланысты әскери тексеруден өтпей қалады. Оқушылардың дене шынықтыруға қызықпауы табиғи түрде созылмалы аурулардың өсуіне, жарақаттануға әкеледі және олардың физикалық даму деңгейіне әсер етеді.

Мектептегі дене тәрбиесінің көздейтін тағы бір мақсаты балалардың дене мәдениеті және спорт пен айналысу қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ояту, ынталандыру және дененің дамуы мен денсаулықты нығайтудың психо-физиологиялық негіздерін терең ұғынуларына, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық т.б. тәрбие салаларының дамуына да ықпал ету мүмкіншіліктеріне жағдай жасау, ұлттық ойындарды меңгеру, оның даму тарихы мен танысу, қазақ халқынан шыққан спорт шеберлері жөнінде мағлұматтар алу.

Осы бағытта мектептегі дене шынықтыру сабақтары оқушылардың белсенді танымдық және дене, сонымен бірге денсаулықты шынықтыру әрекетін ұйымдастыруда көп жақты процесс. Сондықтан да дененің саулығы оқушылардың кез келген әрекетпен нәтижелі айналысуына зор ықпал етеді, соның ішінде, әсіресе ақыл-ойдың дамуына әсері мол. Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, адам баласының өмірі мен атқаратын қызметінің сипаты олардың дене күштерінің даму жағдайларына маңызды ықпал етері сөзсіз. Бұл, әсіресе баланың жоғары деңгейде жалпы білім және кәсіби даярлығында көптеген мағлұматтар алуымен байланысты оның миында және интеллектуалдық күшінде жүктеменің артуымен көрініс береді.

Ақыл-ойдың дамуы, рухани күштер мен қабілеттердің даму көп жағдайда адамның денсаулық жағдайымен, оның төзімділігімен, жүйке жүйесінің мықтылығымен айқындалатын болғандықтан, ол дене тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырылады. Нарықтық экономика жағдайында адамның жеке басының саулығы, оның дене күшінің мығымдылығы, оның жеке басының ерекше құндылығы болып саналады. Сондықтан спорт әрбір адам үшін өмірдегі қажетті құндылық болып есептеледі [2].

Спорт әлеуметтік-педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттың кәсіби-қолданбалы түрлерімен шұғылдану нәтижесінде еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады.

Қазақстанда спортты дамыту мақсатына 2021 жылдан бастап дене шынықтыру сабақтарына ұлттық спорт түрлері міндетті компонент болып енгізілді. Қазір оқушылар арасында «Қазақ күресі», «Тоғызқұмалақ» пен «Асық ату» сияқты спорттық ойындар кеңінен танымал. 2021 жылы 57 мың адам ұлттық спортпен айналыса бастаған. Қазір елімізде төл спорт түрлерімен шұғылданатын адамдар саны 500 мыңнан асады.

ҚР Ағарту министрлігі еліміздің Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен бірлесіп жыл сайын оқушылар мен студенттер арасында спорттық лигалар өткізіліп отырады. Ұлттық мектеп лигасының сайыстары 10 спорт түрі бойынша өткізіледі. Олар: баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, футзал, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, үш адамдық баскетбол, асық ату, бес асық, жеңіл атлетикалық кросс. Бұл сайыстарға 1,5 млн-нан астам оқушы қатысады [3].

Сонымен қатар, 2021 жылғы 1 мамырдан бастап спорт секцияларын жан басына қаржыландыру арқылы мемлекеттік спорт тапсырысын іске асыру тетігі енгізілді. Нәтижесінде 4 жастан 17 жасқа дейінгі 217 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер спорт секцияларына тегін барады [3].

Қазақстандағы спортты дамыту бағытындағы негізгі мақсат – спорт секцияларында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерді қолжетімді дене шынықтыру және спортпен 100% қамту. Бұл мәселеде ең бастысы, бөлінген қаржы балаларға жетуі керек, яғни қаржыландыру тетіктері ашық, өлшемдері айқын және біркелкі болуы тиіс.

Жалпы алғанда Батыс Қазақстан облысында (БҚО) тұрғындардың дене шынықтыру мен спортқа сұранысын қанағаттандыру мақсатында облыста 1 757 спорттық құрылым жұмыс істейді (3-стадион, 1-спорт сарайы, 1-оқу-жаттығу орталығы, 29-спорт кешені, 3-спорттық манеж, 6-шаңғы базасы, 2-есу базасы, 96-ату тирі, 10-хоккей қорабшасы, 1115-жазық ғимараттар, 16-теннис корты, 6-жүзу бассейні, 305-спорт зал, 164-жапсарлас салынған спорт зал).

БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының деректеріне сай, өңірде 2021 жылғы 1 мамырдан бастап Artsport.edu.kz ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік спорттық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырылу тетігі жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа 2021 жылы 194,2 млн теңге бөлінген болатын [4].

Қазіргі кезде облыста 25 спорт түрі бойынша 10 мыңға жуық бала спортпен тегін шұғылдануға мүмкіндік алды. 2022 жылы бұл шараға 350 млн теңге қарастырылған.

Жалпы білім беру мектептерінде жүргізілген дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының көп жылдық тәжірибесі әрбір мектептердегі дене тәрбиесі сабағынан кейінгі негізгі жұмыс түрі – сыныптан тыс өткізілетін спорт-көпшілік, спорт және сауықтыру дене тәрбиесі жұмыстары екенін көрсетті, сондықтан да қазіргі кезде осы көпшілік спорт жұмыстары түрлерін ары қарай жетілдіру мектептердің дене тәрбиесі ұжымының алдындағы ең негізгі бір міндет болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда халықты спортпен қамту бойынша нысаналы көрсеткіштерді 35% - дан кем емес нәтижеге қол жеткізуді қайта қарау керек.

Ол үшін әкімдіктерге мемлекеттік спорттық тапсырыс көлемін ұлғайту, қосымша балалар, жасөспірімдер клубтарын, балалар мен жасөспірімдер спорт клубтарын ашу есебінен балаларға арналған тегін спорт секцияларын кеңейту, мектеп және студенттік спорт лигаларының жұмысын қайта бастау жұмыстарын жандандыру керек.

Практикалық тұрғыда облыстарда орта мектептерді кешенді спорт алаңдарымен қамтамасыз ету, сабақтан тыс уақытта жұмыс істейтін спорт түрлерінен спорт секциялары мен клубтарын дамыту арқылы дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға балалар

мен жасөспірімдерді көбірек тарту, республикалық деңгейде жастарға арналған әскери-спорттық чемпионаттарды тұрақты негізде өткізу мәселесін пысықтаған жөн.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтарының Қазақстандағы спортты дамытуға әсерін зерттей отырып, оны жетілдіру мақсатында келесідей іс-шараларды ұсынамыз:

–Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында, жыл соңында мектептің үздік спортшыларын анықтап «Жыл спортшысы» номинациясы табысталуын;

–Сынып жетекшілері мектепшілік басқа сайыстармен қатар спорттық жарыстарда оқушыларын бастап келіп, оқшау оқушыларды тартып, команданың біркелкі формамен қатысуын қадағалап, жарыс соңына дейін сыныбына қолдау көрсетуін;

–Сынып жетекшілері мен оқушыларды жоғарыда айтылған ұсыныстарға ынталандыру мақсатында жыл соңында «Үздік спорттық команда» номинациясын табыстауды.

Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен барынша қамтуды қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауды жандандыру қажет.

Егер балаларға спортпен шұғылдануға қазіргі кезден бастап жағдай болмаса, онда ірі халықаралық жарыстарда үлкен нәтижелер болмайтынын сөзсіз. Сондықтан, ең алдымен, біз балалар мен жастарды дене шынықтыру мен спортқа тартуымыз керек. Яғни, біз өскелең ұрпаққа спортпен шұғылдану үшін жағдай жасауымыз керек.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Арслонов К.П., Джураев Ж.Р. Роль физкультуры и спорта в содействии личностному и социальному развитию учащихся // Academy, № 10 (61), 2020. С. 44-47.

2. Кузиева Ф.И. Роль физической культуры в формировании личности // Вестник науки и образования. 2021. № 4(129). С. 14-17.

3. <https://primeminister.kz/kz/news/kazakstandyk-okushylar-arasynnda-kazak-kuresi-togyzkumalak-pen-asyk-atu-ooyndary-erekshе-tanymal-d-abaev-53930>

4. [https://www.inform.kz/kz/batys-kazakstanda-10-mynga-zhuyk-bala-sportpen-tegin-aynalysa-alady\\_a3938041](https://www.inform.kz/kz/batys-kazakstanda-10-mynga-zhuyk-bala-sportpen-tegin-aynalysa-alady_a3938041)

***Искакова А.А.***

*Педагог-мастер учитель физической культуры*

*школы-лицей №71*

*г. Астаны РК*

## **МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ УРОКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В СИСТЕМЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

В основу программы по физической культуре для школьников системе инклюзивного образования положена программа по физической культуре, разработанная на основе:

- Программы предмета «Физическая культура», разработанная в соответствии с требованиями государственного общеобразовательного стандарта.
- Учебного плана школы

Основными задачами физического воспитания обучающихся в системе инклюзивного образования являются:

- укрепление здоровья, улучшение осанки, профилактика плоскостопия; воспитание активности и самостоятельности в двигательной деятельности;
- формирование системы знаний из области физической культуры, касающихся сохранения и укрепления здоровья;
- овладения школой движений;
- развитие физических качеств: силы, быстроты, выносливости, ловкости, гибкости и координационных способностей;
- обучение разнообразным комплексам акробатических, гимнастических, легкоатлетических и других физических упражнений общеразвивающей направленности;

- содействие воспитанию социально значимых черт личности,
- развитию нравственных и волевых качеств,
- формирования эстетических вкусов и навыков культуры поведения;
- формирование элементарных знаний о личной гигиене, режима дня,
- влиянии физических упражнений на здоровье, работоспособность и развитие двигательных способностей

Программа инклюзивного образования ограничивает упражнения на скорость, силу, выносливость.

В зависимости от заболевания включаются циклические виды спорта (лыжные прогулки, бег в сочетании с ходьбой, плавание и др.), дыхательные упражнения и упражнения на релаксацию при заболеваниях кардио-респираторной системы, а при нарушениях осанки (сколиозах) включаются упражнения на укрепление мышц живота и туловища (то есть создание мышечного корсета), выработка правильной осанки. Исключаются упражнения с гантелями, тяжестями в положении стоя. В зависимости от функционального состояния, тренированности и течения заболевания нагрузки вначале должны быть малой интенсивности, затем — средней. Контроль за реакцией сердечно-сосудистой системы осуществляют по пульсу, частоте дыхания, самочувствию, цвету кожных покровов, потливости и др.

Преподаватель физической культуры должен иметь специальную подготовку, знание основ патологии и влияния физических нагрузок на больной организм. Он обязан соблюдать указания врача, поставившего диагноз и рекомендуемые средства физической культуры, дозировку, частоту и продолжительность занятий, а также учитывать противопоказания к применению тех или иных средств физкультуры и закаливающих процедур. Обязанность преподавателя — постоянно вести контроль (пульс, частота дыхания, внешние признаки утомления и др.) переносимости нагрузок занимающимися. Сложности в дозировании нагрузок возникают, когда группы неоднородны по характеру заболеваний, поэтому следует проводить индивидуальные или мало групповые занятия.

Уроки физической культуры в системе инклюзивного образования отличаются от обычных уроков лишь методикой: различное время, темп выполнения упражнений и их амплитуда передвижения (ходьба, бег, лыжные занятия), длина дистанции и т.д. Преподаватель физической культуры всегда помнит о том, что у больных способности к приспособлению (адаптации) и выполнению физических нагрузок снижены. Имеет значение состояние здоровья, возраст, пол, время года (биоритмы) и др., но во всех случаях разумного применения физическая культура оказывает положительное влияние на организм. И если физические нагрузки не будут адекватны возможностям учащихся, то могут возникнуть серьезные осложнения, и физкультура вместо пользы принесет вред. Из занятий будут исключены сложные движения на координацию, упражнения с натуживанием, подъемом тяжестей и другие, которые учащемуся трудно освоить и выполнить из-за сниженной физической работоспособности и состояния здоровья.

Однако, надо помнить и о том, что регулярные (систематические) физические нагрузки способствуют нормализации моторных (двигательных) процессов, особенно при заболеваниях кардио-респираторной, эндокринной и других систем, помогают восстановить утраченные (сниженные) функции организма.

Оценивать достижения обучающихся в системе инклюзивного образования по критериям, которые используются для выставления отметки основной группы обучающихся, нельзя. Для обучающихся в системе инклюзивного образования в первую очередь необходимо оценить их успехи в формировании навыков здорового образа жизни и рационального двигательного режима.

При выставлении текущей отметки обучающимся необходимо соблюдать особый такт, быть максимально внимательным, не унижать достоинства ученика, использовать отметку

таким образом, чтобы она способствовала его развитию, стимулировала его на дальнейшие занятия физической культурой.

Итоговая отметка по физической культуре в группах с инклюзивным образованием выставляется с учетом теоретических и практических знаний (двигательных умений и навыков, умений осуществлять физкультурно-оздоровительную и спортивно-оздоровительную деятельность), а также с учетом динамики физической подготовленности и прилежания.

Основной акцент в оценивании учебных достижений по физической культуре обучающихся, имеющих выраженные отклонения в состоянии здоровья, должен быть сделан на стойкой их мотивации к занятиям физическими упражнениями и динамике их физических возможностей.

При самых незначительных положительных изменениях в физических возможностях обучающихся, которые обязательно должны быть замечены учителем и сообщены учащемуся (родителям), выставляется положительная отметка.

Положительная отметка должна быть выставлена также обучающемуся, который не продемонстрировал существенных сдвигов в формировании навыков, умений и в развитии физических качеств, но регулярно посещал занятия по физической культуре, старательно выполнял задания учителя, овладел доступными ему навыками самостоятельных занятий оздоровительной или корригирующей гимнастики, необходимыми знаниями в области физической культуры.

В аттестаты об основном общем образовании и среднем (полном) общем образовании обязательно выставляется отметка по физической культуре.

**Заключение.**

Была предпринята попытка раскрыть инклюзивный подход в обучении физической культуры обучающихся с ограниченными возможностями здоровья.

Подводя итог вышесказанному, стоит отметить, что инклюзия в педагогике и системе образования понимается как принципиально новая образовательная парадигма, провозглашающая принцип равенства, и ценности каждой личности, и позволяющая максимально полно раскрыть потенциал каждого учащегося.

Инклюзивная система образования представляет некий в своем роде гибрид традиционной системы образования (допускающей интеграцию детей с ограниченными возможностями) и специализированной педагогической системой, нацеленной исключительно на детей с особенностями развития, причем вобравший лучшее из двух систем.

Физическая культура обладает огромным потенциалом улучшения функционального состояния обучающихся, повышения их адаптационных возможностей и нормализации психоэмоционального состояния.

К сожалению, традиционные средства физической культуры, применяемые в образовательных учреждениях, не позволяют полностью решать проблемы успешной адаптации школьников к условиям инклюзивного образования.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Владимир Свободин. Инклюзивное образование - актуальнейшая тема для страны <<http://www.dislife.ru/flow/theme/9364/>>
2. Мищенко И.А. Нетрадиционные технологии физического воспитания в пространстве инклюзивного образования /И.А. Мищенко //Наука-2020. №6.
3. Сорокоумова С.Н. Психологические особенности инклюзивного обучения. Известия Самарского научного центра Российской академии наук, 2013
4. Михайлова Е.Г. Применение инклюзивного подхода к обучению на занятиях физического воспитания /Е.Г. Михайлова //Альманах мировой науки.2019. №7.
5. Сабельникова С.И. Развитие инклюзивного образования. Справочник руководителя образовательного учреждения. 2012.

6. Сигал Н.Г. Концепция инклюзивного образования детей с ограниченными возможностями здоровья в зарубежной педагогике. Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2013.
7. Шилов В.С. Инклюзивное образование: российская специфика. Инклюзивное образование: проблемы совершенствования образовательной политики и системы, 2009.
8. А.Б. Уразбаев, Инклюзивное образование: методы и формы работы на уроках физической культуры: Вестник "Өрлеу" - kst. 4(14)/2016 стр 105-108 [Электронный ресурс]. URL: <https://elibr.pstu.ru/> (19.02.2020)

**Исламова Л.З.**  
*КГУ «Гимназия 56 им. К. Сатпаева»  
Медеуский район г. Алматы  
Педагог по физической культуре*

## **АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПО МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА» В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

Жарыстар процесіндегі бәсекелестік факторы, сондай-ақ оларды ұйымдастыру мен өткізу жағдайлары дене жаттығуларының әсерін күшейтетін және организмнің функционалдық мүмкіндіктерінің барынша пайда болуына ықпал ете алатын ерекше эмоционалдық және физиологиялық «фон» жасайды.

Жарыстар кезінде, әсіресе жеке және әлеуметтік қарым-қатынаста маңызды, психикалық шиеленіс сәттері ойынға қарағанда көбірек көрінеді. Бұл жерде қарсы әрекет, қарсылық, қарама-қарсы мүдделердің қақтығысы факторы үнемі жұмыс істейді.

Жарыс әдісі сонымен қатар жарыс субъектісін, жеңіске жету үшін күрес тәртібін және жетістікті бағалау әдістерін біріктірумен сипатталады.

#### IV. Вербальды және сенсорлық әдістер .

Вербальды және сенсорлық әдістер сөзді және сезімдік ақпаратты қолдану әдістері болып табылады.

Жаттығулар мен жарыстарда бұл сөзді келесі түрде қолдануға болады:

- әңгімелер, әңгімелер, талқылаулар;
- брифинг (тапсырманы түсіндіру);
- ілеспе түсініктеме (орындау барысындағы ескертулер);
- нұсқаулар мен бұйрықтар (императивті күйде);
- бағалаулар (ағымдағы өнімділікті түзету);
- ауызша есеп беру және өзара түсіндіру;
- негізгі өнімділік параметрлерін өздігінен айту (мысалы, «күштірек», «ұстап тұру» және т.б.).

Көрнекілік сенсорлық әдістер арқылы жүзеге асады: дене тәрбиесінде көрнекі қабылдаумен қатар қозғалыстардың, іс-әрекеттердің, жалпы іс-әрекеттердің орындалуының толық бейнесін жасауға мүмкіндік беретін есту және бұлшықет сезімдерін қамтиды.

Сенсорлық әдістерді жүзеге асыру формалары:

- жаттығуды көрсету;
- көрнекі құралдарды көрсету;
- үлгілер мен макеттерді пайдалану;
- кино және бейнекөрсетілімдер;
- аппараттық құрылғылар мен әдістерді пайдалана отырып, қозғалыстардың жеке параметрлерін селективті-сенсорлық көрсету.

Сенсорлық әдістерге мыналар жатады:

- қозғалысты бағытталған «сезіну» әдісі (техниканың негізіне немесе кез келген бөлшектеріне баса назар аудара отырып);
- бағдарлау әдісі (қосымша бағдаршалар тапсырмасымен таныстыру);
- жетекші және ағымдағы бағдарламалау әдістері (бейне, дыбыс жетекшілері және т.б.).

Жалпы айтқанда оқу сабақтарының оқушылардың физикалық дамуы мен тәрбиесіне әсері осы мәселені шешуге ықпал ететін барлық түрлі құралдар мен әдімтерді тиімді пайдалануға байланысты екенін атап кеткен жөн.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Р.И.Купчинов, Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі терминдері, түсініктері, сұрақ-жауаптар. Оқу-әдістемелік құрал. 2009 ж.
2. А.П.Матвеев, Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі әдістемесі. Оқу құралы. 2004 ж.
3. Б.А.Ашмарин, Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. 1990 ж.

**Байдукешев А.Ж.**

*дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

*Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы,*

*«Ақсуат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені»*

*КММ*

## **САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ: ОҚУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫС МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Адамның дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. «Егемен еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ» десек, бүгінгі таңда *біздің балаларымызда не бар?* Дәрумендер жетіспеушілігі, күн тәртібінің сақталмауы, балалардың қозғалыс белсенділігінің барынша азаюы, бос уақыттарының көбірек бейнефильмдер көруге, компьютер қарауға арналуы, ал ғаламтор арқылы қарым-қатынас құрбыларымен қалыпты адами қарым-қатынасты айырбастауы - өзекті мәселе болып отыр. Бұл факторлардың барлығы оқушылардың денсаулықтарына әсер етпей қоймайды, көптеген қауіпті ауруды тудырады, соның нәтижесінде оқушылардың оқуына да кері ықпалын тигізеді. Оқушыларды салауатты өмірге тәрбиелеу тек сабақты сауатты ұйымдастырып, оны жоғары деңгейде өткізу арқылы ғана жүзеге аспайды. Сонымен қатар, сыныптан тыс жұмыстарды да қосымша жүргізу қажет.

Дене шынықтыру бойынша сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: спорт секциялары мен үйірмелер, спорттық жарыстар, серуендер мен туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудың оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу, балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру, қозғалыс дағдысын арттыруға тәрбиелеу.

Үйірмелер мен секциялар оқушылардың кәсіби мүмкіндігі мен қызығушылығын арттыра отырып, еңбекке деген ынта-ықыласын көтеріп және болашақта кәсіби спортшы болуға, денсаулықтарын нығайтуға әсерін тигізеді. Сондықтан әдістемелік тақырыбымыз да «Сабақтан тыс жұмыс арқылы оқушыларды салауатты өмір салтына баулу» деп алған болатынымыз. Алға қойған мақсатымыз – оқушылардың денсаулығын нығайту, дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстанатын жеке тұлғаны үйлесімді дамыту.

Аталған мақсатқа жету үшін алдыма мынадай міндеттер қойдым:

- ✓ Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін салауатты өмір салтына баулитын спорттық секция ашу;
- ✓ Әдістеме саласындағы жаңалықтармен, озық тәжірибелермен танысу;
- ✓ Жаңа педагогикалық технологияларды оқып- үйрену;
- ✓ Оқушылардың дене шынықтыру жаттығуларымен ұдайы және жеке айналысуларына көңіл бөлу;

Осы жұмыстан күтілетін нәтиже қандай десек?

- ✓ Оқушылар салауатты өмір салтын ұстанады және насихаттайды;
- ✓ Аудандық, қалалық ашық турнир жеңімпаздары мен облыстық чемпионат жүлдегерлері шығады;
- ✓ Физиологиялық және психологиялық дайындығы тұрақты жеке тұлға қалыптасады;

Осы тұрғыда мектепте «Дзюдо» секциясын жүргіземін. Оқу жылының басында өзім сабақ беретін сыныптардан күреске қабілеті бар оқушыларды іріктеп алдым. 3-10-сынып оқушыларынан іріктелген аралас топта жас ерекшеліктеріне қарай жаттығулар жасаймыз. Дене жаттығулары организмге дамытушы, жетілдіруші және оңдаушы әсер етеді. Ол омыртқа жотасының қисаюы, бүкірлік секілді мүсін кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, дене шынықтыру жаттығуының жәрдемімен көкірек қабысыңқылығын, иық қушықтығын, бұлшық ет әлсіздігін оңдауға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру жаттығулары адамның психикалық күйін жақсартып, жалпы тіршілік тонусын арттырады.

«Дзюдо» күресіне қажет басты сапалық қасиеттер: күш, жылдамдық, төзімділік пен ептілік, т.б.

**Адамның күші** оның бұлшық еттерінің дамып, жетілуіне байланысты болады. Бастауыш сынып оқушыларының бұлшық еттерінің күші аз болады. Сондықтан осы аталған бұлшық ет топтарын жетілдіру үшін мынадай арнайы жаттығулар орындау қажет:

- гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулары;
- батпан көтеру және іші нығыздап толтырылған допты лақтыру;
- күшті молайтуға арналған ойындар ойнау: арқан тарту, жаяу тартыс (екі бала ат болып, екі бала соларға мініп алып, бір-бірімен тартысу), қолмен салмақ (жүк) көтеріп тұру;
- аралас жаттығулар орындау (гимнастикалық бөрененің үстімен жүру, допты қолды созған қалыпта ұстап тұру);
- ауыр және жеңіл батпандармен орындалатын, сондай-ақ күш пен жылдамдықты қатар жетілдіретін жаттығулар орындау;
- гимнастикалық құралдар (тартылу, биіктікке көтерілу жабдықтары) арқылы және акробатикалық жаттығулар орындау;
- алаңдарда өткізілетін жаттығуларды пайдалану (тас лақтыру, белгілі бір салмақты (жүкті) көтеріп отырып-тұру).

**Жылдамдық** қабілетін жетілдіруге арналған жаттығуларға негізінен жүгірудің әрқандай түрлері және жылдамдықпен тікелей байланысты болып келетін қимыл-қозғалыс ойындары жатады.

Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығулардың түрлері мынадай:

- 1) орындалуы қиындатылған жаттығулар: жотаға (дөңеске) 3-4 рет жылдам жүгіріп шығу немесе баспалдақпен көтерілу;
- 2) соқпақ жолда уақытты белгілей отырып жоғары карқынмен жүгіру;
- 3) жоғарыдан төмен қарайғы жақын қашықтыққа бар екпінмен жүгіру.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру жаттығуларын орындау алдында бұлшық еттерді қозғап, қыздырып алу керек.

Төменгі сынып оқушыларының **төзімділік** қабілеті әлі жетілмеген күйде болады. Төзімділік қабілетін жетілдіре бастау үшін де арнайы жаттығулар орындау керек. Мысалы, әр түрлі қашықтыққа жүгіру, шаңғымен жүгіру және басқа да денеге күш түсіретін күрделі жаттығулар адамды төзімді болуға жаттықтырады.

Сондай-ақ, тек жаттығулар жасатып қана қоймай, жыл бойы тек мектеп ішінде ғана емес басқа аудандық, қалалық ашық турнирлерге, облыстық чемпионаттарға оқушыларымды жиі қатыстырып отырамын. Бұндай жарыстарға қатысу оқушылардың өзара бір-бірімен тәжірибе алмасу, психологиялық дайындығының тұрақтануына, спортқа деген қызығушылықтарының артуына, салауатты өмір салтын ұстануға әсерін тигізеді.

Осы бағытта шәкірттерім әр түрлі аудан, облыс көлеміндегі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтар болсам,

1. Камидуллиев Жәнібек - қалалық ашық турнир мен облыстық ашық біріншіліктің ІІ дүркін жеңімпазы;
2. Утебаев Әсет – аудандық турнир жеңімпазы, облыстық ашық турнирлер мен чемпионаттың жүлдегері;

3. Сабыржанов Тұрсын, Кеңес Бекзат, Ғұмар Мансұр аудандық, қалалық турнирлер мен облыстық чемпионаттардың жүлдегерлері;

Жалпы, сабақтан тыс жұмыс жүргізу – оқушының дене күшін жетілдіріп қана қоймайды, оларды өмірге тәрбиелейді және мұғалім еңбегінің нәтижесін көрсетеді.

Сондықтан да, оқушыларымыздың осындай спорттық жетістіктерге жетуіне, дене дайындығының жоғарылауына, денсаулығының жақсаруына, салауатты өмір салтын ұстануына сабақтан тыс жұмыстардың маңызы өте зор.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дзюдо. Система и борьба. Ростов на Дону «Феникс», 2006ж
2. Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері - Алматы “Атамұра” 2005ж.
3. Тайжанов С., Қасымбекова С. Дене тәрбиесі 7 сынып -Алматы. “Мектеп” 2004ж.
4. Ю. Тілеуғалиев Қ., Адамбеков С., Қасымбеков Дене тәрбиесі-7 сыныпқа арналған оқулық. Алматы “Атамұра” 2003ж.
5. Сынып жетекшісі журналы “Ұстаз” 2002ж. №6 [39-40 б.]

***Әбішев М.Қ.***

*Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Қарабұлақ орта мектебінің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

### **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР**

«Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамына да бола отырып, дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі – белсенділік. Ол дене шынықтырумен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған. Бұл қағидатты іске асыру дене шынықтырумен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, дене шынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі.

Саралау және жекешелендіру тәсілі дене шынықтыру саласында жоғары нәтижелері бар балалармен қоса, бұл саладағы нәтижелері төмен балалар үшін де маңызды. Әдетте қимыл-қозғалыс қабілетінің нашар дамуы оқушының бұл сабақта үлгерімінің төмен болуының басты себебі болып жатады. Ал орташа оқушыға есептелген сабақта деңгейі жоғары оқушыға қызықсыз болады. Оның үстіне, дене шынықтыру сабағында балалар негізгі, дайындық және арнайы топ деп бөлінеді. Сондықтан, тапсырмаларды да, сабақ мазмұнын да, оқу материалын игеру қарқынын да, нәтижелерді бағалауды да саралау қажет. Дене шынықтыру сабағында оқытуды тиімді түрде саралай білу әркімге білім бере отырып, оларды лайықты әрі шабыттандырушы түрде жұмылдыруға жол ашады. Оқушыларының ішкі уәжін арттыру үшін бірқатар педагогикалық оқыту тәсілдерін қолдануға болады. Мысалы: оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырма орындауды қамтитын жаттығуларды әзірлеу және жетілдіру. Бұл оқушылардың спортшыларды тануына мүмкіндік береді. Олардың сынып қабырғасынан тыс дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу тәжірибесі қандай? Олардың білетіні және қолынан келетіні мен істегісі келетінінің арасында қалай байланыс орнатуға болады? Мұны оқытуға қалай тиімді кіріктіре алуға болады? Сондай-ақ, мұғалім



оқушылар өздері баратын секцияда үйренген дағдыларын көрсетуді өтіне алады. Табысқа жетуге арналған ортаны қалыптастырыңыз. Барлық оқушылардың сіздің қажет болған жағдайда өзгерту енгізіңіз. Сондай-ақ оқушылардың оқу мақсатын түсінетіндігіне, олардың сабақтан шыққан кезде өздерінің спортта қандай да бір жетістікке қарай ілгерілегенін сезінетініне көз жеткізіңіз. Сабақта белсенді оқыту тәсілдері қолданылуы үшін сабақтың мазмұнын өзгерту. Оқушыларды оқыту мен оқудың жаңа әдістерімен қызықтырыңыз. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың арасын байланыстырады, сонымен қатар, жақсы кері байланыс үшін жағдай жасап, оқытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Оқушылар сізді спортшы ретінде қабылдауы үшін, әрдайым модельдер құрыңыз көрсетілімдер жасаңыз. Ынтымақтастық ортасындағы топтық жұмысқа ынталандыру керек. Балалар спортты қазірдің өзінде жақсы көреді, сіздің міндетіңіз—олардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыра түсу. Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған тәсілдер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмегеніне мән беріңіз. Олар – жалпы қолданылатын техникалар әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін.

Оқушының оқуға құлқының болмауы, негізінен, мұғалімнің оның уәжін оята алмауының салдарынан болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылардың уәжін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну. Төмендегі кестеде мұғалім жұмысының оқушының уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған. Сонымен, жаңарту бағдарламасындағы дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаңарту бағдарламасы нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл дегеніміз оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзінді септігін тигізеді деген сөз.

**Жақұпбеков Е.Е.**

*Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

## **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСТЕРІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫ СПОРТПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУҒА БАУЛУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫН ІЗДЕСТІРУ**

Әрбір елдің өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы болғалы қашан.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңа талаптар да заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын үлкен жол, тың бастама. Осыған байланысты ұстаздар алдында жастарды білім мен қатар спортпен дене шынықтыруға баулудың жаңа жолдарын, тың формаларын іздестіріп отыру, оларды оқу процесінде тиімді қолдану міндеті тұр.

Бүгінгі таңда дене шынықтыру пәні дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып қана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Басқа пәндерге қарағанда дене шынықтыру пәнінің көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де, оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сондықтан, мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Күнделікті оқу процесінде жаңа жолдарды іздестіріп, оларды үнемі қолданысқа енгізе отырып, өзім теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алатындығын байқадым. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын.

Бірлескен ойындар, дене жаттығулары, сабақтары процесінде тәжірибе алмасады, балалар бір бірінен білім алмасады, үлкендерден көмек сұрайды. Осының нәтижесінде ойындар мен дене жаттығулары мазмұнды да қызықты бола түседі. Сабақтардың мазмұны ойындармен, дене жаттығуларымен күрделене түсуі өз кезегінде, ойынға қатысушылардың, спортқа қызығушылардың санын көбейтіп, олардың қимылдарын үйлестіру қажеттілігін туғызады. Ойын қимылдарында жүру, жүгіру, секіру, лақтыру және дене жаттығуларының табиғи-қолданбалы түрлері үлкен орын алады. Жылдан-жылға жаңа жаттығулармен, ойындармен молыққан тәрбие мен оқыту формалары жүйелі түрде күрделене түседі. Ақыл-ой, дене қабілеттері деңгейінің артуы күнделікті өмірге қажетті жаңа қозғалыс дағдылары мен шеберлікке ие болудың алғы шарттарын жасап береді.

Дене шынықтырудың еліміздегі халықтың денсаулығын нығайту және түрлі аурулардың алдын алу, еңбек өнімдерін жоғарылату және дұрыс демалуды ұйымдастыру, адамдардың ұзақ өмір сүруін және шығармашылық белсенділігін арттырудағы атқаратын орнын білім жүйесінде жақсы ескеіліп келе жатыр. Сондықтан білім жүйесі міндетті озық болу күн тәртібінде әрекет етуі қажет, бүгінгі талаптар мен сұраныстарға ғана бағытталмай, сонымен бірге ертеңгі күннің талаптары мен сұраныстарына бағытталуы керек.

Дене шынықтыру және спорт саласына тек қана ұстаздар ғана емес, қоғамның барлық мүшесі әсер ету керек деп санаймын, сондықтан әр баланың спорт саласында үнемі жаңалық ашуға, ізденіс жүргізу қажеттілігіне, жаңа көкжиектерді ашуға тәрбиелеу қажет.

Спорт саласын, дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін бағыт деп танылуымен айқындалады. Сол себепті қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі- жарқын болашаққа жаңа қарқынмен қадам басуы осыдан бастау алады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. -Алматы. .
2. Акиева Г.С. Педагогические основы развития и совершенствования системы охраны здоровья школьников . Алматы, 1997
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы – оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы.
4. «Қазақстан жоғарғы мектебі» 2008.
5. Сыздықова Ғ.С. Бала денсаулығына әсер етуші факторлардың әсері.//Қазіргі заман жағдайында денсаулық сақтаудың білім беру кеңістігін қалыптастыру. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Шымкент: Асқаралы.

***Касенов А.Н.***

*№ 9 «Зерде» мамандандырылған мектебінің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі,  
педагогика ғылымдарының магистрі  
Астана қ., ҚР*

### **КЕҢ ТАРАЛМАҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Дене шынықтыру сабақтарында дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды пайдалану оқушыларға бірқатар артықшылықтар әкелуі мүмкін. Бұл ойындар мәдени әртүрлілік пен түсіністікке ықпал етеді, бірегей физикалық қиындықтар туғызады, танымдық және әлеуметтік дағдыларды жақсартады және оқушылардың физикалық белсенділікке қатысуын арттырады. Дегенмен, бұл ойындарды дене шынықтыру сабақтарына енгізген кезде олардың мәдени шығу тегі мен шығу тегіне құрметпен қарау және мәдени айырмашылықтарды ескеру маңызды.

Дене шынықтыру сабақтары оқушыларға білім берудің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені олар дене шынықтыруды, салауатты әдеттерді және жалпы әл-ауқатты дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, жүгіру немесе ауыр атлетика сияқты дәстүрлі әрекеттер барлық оқушылар үшін тартымды болмауы мүмкін, бұл құлықсыздық пен мотивацияның болмауына әкелуі мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір жолы-дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына қосу. Бұл ойындар дәстүрлі іс-шараларға көңілді және қызықты балама бола алады, сонымен қатар студенттер арасында мәдени түсінік пен тануды дамыта алады.

Дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына қосу үшін дұрыс ойындарды үйренуден және таңдаудан бастау керек. Оқушылардың жасына және дайындық деңгейіне сәйкес келетін ойындарды таңдау, сондай-ақ оқушылардың мәдени ерекшеліктерін ескеру маңызды. Ойындардың мәдени фоны мен шығу тегіне құрметпен қарау және оларды жүзеге асыру кезінде мәдени айырмашылықтарды ескеру маңызды. [1]

Ойындар таңдалғаннан кейін оқушыларға дұрыс оқуды және ойын ережелері мен ережелерін көрсетуді қамтамасыз ету маңызды. Мұны ауызша нұсқаулар мен практикалық сабақтарды біріктіру арқылы жасауға болады, мұғалім қажет болған жағдайда нұсқаулар мен кері байланыс беруі керек. Мұғалім сонымен қатар оқушылардың дәстүрлі ойындарға қатысты ережелермен, нормалармен және мәдениеттермен таныс екендігіне көз жеткізуі керек.

Сондай-ақ оқушылар ойын ойнауы үшін қауіпсіз және инклюзивті орта құру маңызды. Мұны оқушылардың ойын ережелерін түсініп, орындағанына көз жеткізу, сондай-ақ тиісті жабдықтар мен жағдайларды қамтамасыз ету арқылы жасауға болады.

Мұғалім сонымен қатар ойындарға байланысты ықтимал қауіптер мен қауіптер туралы біліп, оларды азайту үшін тиісті сақтық шараларын қабылдауы керек. [2]

Келесі кезекте ұлттық ойындардың бірнеше түрінен мысалдар келтіріп, ойын ережесімен таныстыра өтсем.

**Бөрік жасырмақ.** Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншыны шығарып, алыстау жерге барып басындағы бөрік жасыруға мүмкіндік береді. Әрі ол ойыншының өзі де сол маңайға жасырынады. Сосын басқа ойыншылар тығылған бөрікті іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алмақ болса, иесі оны бермеуге тырысады. Бірақ ойынның ережесі бойынша таласуға, бір-біріне күш көрсетуге болмайды. Бұл жерде алушы қалайда ебін тауып, бөрікті алып кетіп, жүргізушінің қолына тапсыруы керек. Келесі кезекте әлгінде бөрікті әкелген ойыншы жасырынуға барады. Осылайша ойын жалғаса береді.[2]

**Түйілген шыт.** Ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойынға ортасынан бір-екі рет түйілген орамал, немесе кесінді шыт мата пайдаланылады. Ойынды түнде де ойнауға болады. Ол үшін әрине ақ орамал болғаны жөн. Жүргізуші ойыншыларды жинап алады да: «Бір, екі, үш!» – деп дауыстайды. Осы кезде ойыншылар жан-жаққа бытырай қаша жөнеледі. Ал жүргізушінің өзі қолында түйілген орамалы бар ойыншыны қуып береді, мақсаты – оны қуып жетіп, қолындағы орамалды алып қою. Бірақ қашып бара жатқан ойыншы жүргізуші жете бергенде қолындағы орамалды басқа ойыншыға қарай лақтырып жібереді. Ол болса басқа ойыншыға лақ тырады... Сөйтіп, жүргізуші түйілген орамалды қолына түсіргенше ойын жалғаса береді. Егер жүргізуші орамалды ұстап алса, ұстатып қойған адам ортаға Қазақ ұлттық ойындары 45 шығып өз өнерін көрсетеді. Сосын сол ойыншы жүргізушіні ауыстырады да, ойын қайта жалғасады.

**Ақшамшық (сақина са-лу).** Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он –он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің ала-қанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр. [3]

**Тымпи.** Ойынға қатысушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Ойынды жүргізуші: «Ал ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Мұнда жүргізуші ғана сөйлеуге ерікті. Жүргізуші әзілкеш, күлдіргі болуы керек. Ол әзіл-қалжың сөздерді айтып немесе күлкілі іс-қимылмен қалай да біреуді күлдірудің амалын жасайды. Қалжың жыр да айтады. Бұл жерде тек қалжың өлеңге қатысушылардың атын қосып, шамдандырмау керек. Жаңылыстыру үшін неше түрлі сұрақтар қойып, көздеріне төнеді. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Айыпты өлең айтады, ән салады не би билейді.

**Қазан.** Ойынды қыс кезінде мұздың үстінде, ал жазда тақыр алаңда ойнауға болады. Ойынға қатысушылардың әрқайсысының басы қайқы қақпа таяғы мен ағаштан істелген домалақ шары болуы керек. Ойынға қатысушылар үлкен шеңбер сызып, дәл ортасынан бір «қазан» қазады. Ой наушылардың саны көп болса, шеңбер соғұрлым үлкен болады. Шеңбердің бойымен қатарласа тұрған ойыншылар арасы бір-бір адымдай жерден, яғни әрқайсысы өзінің алдынан «қазан» қазып алып, домалақ ағашын соған салып қояды. Бір ойыншы шеңбердің ортасындағы бос «қазанды» күзетіп тұрады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылардың мақсаты – әрқайсысы өзінің шарын ортадағы бос «қазанға» түсіру, ал бос «қазанды» күзетіп тұрған Қазақ ұлттық ойындары 29 ойыншының мақсаты – олардың

шарын қалайда бас «қазанға» түсірмеу. Егер кімде-кім ортадағы «қазанға» шарын түсірсе, сол адам күзетшіні алмастырады. Өйткені ортадағы «қазанды» қорғау жауапты әрі беделді қызмет болып есептеледі. Ойын осылайша жалғаса береді. [4]

Дене шынықтыру сабақтарында дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды пайдалану оқушылар үшін бірқатар артықшылықтарға ие болуы мүмкін. Бұл ойындар оқушылар арасындағы мәдени әртүрлілік пен түсіністікке ықпал ете алады, бірегей физикалық сынақтар мен физикалық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, когнитивті және әлеуметтік дағдыларды жақсартады және оқушылардың физикалық белсенділікке қатысуын арттырады. Сонымен қатар, дәстүрлі ойындар ойнау оқушыларға өздерінің мәдени мұралары мен тарихымен танысудың тәсілі бола алады. [4]

Дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына қосу дәстүрлі әрекеттерге көңілді және қызықты балама бола алады, сонымен қатар оқушылар арасында мәдениетті түсінуге және қабылдауға ықпал етеді. Алайда, бұл ойындарды дене шынықтыру сабақтарына енгізу кезінде олардың мәдени шығу тегі мен шығу тегіне құрметпен қарау, сондай-ақ мәдени айырмашылықтарды ескеру қажет. Оқушылар осы ойындардың ережелерін түсініп, оларды қауіпсіз және тиімді ойнай алатындай етіп тиісті дайындықты, демонстрацияны және басшылықты қамтамасыз ету қажет.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ. Құрастырған Базарбек Төтенай. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. 96 бет, суретті. ISBN 978-9965-672-86-6
2. Б.Төтенаев. «Қазақтың ұлттық ойындары»
3. «Дене тәрбиесі және спорт» журналы
4. [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/43388/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/43388/)

***Жалтаева Ж.Р.***

*учитель начальных классов*

*Хромтауской средней школы №4  
г. Хромтау, Актыобинская обл., РК*

## **ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ**

Движение, физическое и двигательное упражнение – основа физической культуры. Влияние разнообразных упражнений способствует укреплению здоровья, его улучшению, формированию двигательных навыков, развитию физических качеств, также созданию условий для качественного воспитания. Средствами физического воспитания служат физические упражнения и игры, оздоровительные силы природы, физические и социально-бытовые факторы.

С точки зрения психологии ребенок является деятелем. Движения это один из его способов выражения. Разнообразие движений и информации, поступающей в мозг, способствуют развитию интеллекта человека. Корректное нервно-психологическое развитие в раннем возрасте напрямую зависит от разного рода двигательной активности и его разнообразия.

Основные задачи физического воспитания:

- содействие охране здоровья, также его укреплению;
- закаливание организма и его полное физическое развитие;
- воспитание моральных и волевых качеств человека;
- создание условий для полноценной двигательной активности;
- развитие физических и двигательных качеств, таких как ловкость, гибкость, выносливость;

- воспитание интереса к двигательной активности и формирование потребностей к ней;

Все перечисленные задачи должны решаться в комплексе и взаимосвязи с задачами умственного, нравственного, трудового и эстетического воспитания. Необходимо также, чтобы занятия физической культуры доставляли детям радость, поддерживали хорошее настроение, пробуждали к самостоятельности.

Физическими упражнениями являются особые средства физического воспитания. К ним можно отнести движения, которые являются специально подобранными, рационально организованными с точки зрения методики, к тому же сюда можно включить подвижные игры. Данные упражнения должны проводиться под кураторством педагога.

Дети, идущие в школу, сидят за партами продолжительное время. Это способствует уменьшению двигательной активности ребенка и увеличению умственной активности. Некоторые дети достаточно тяжело переживают данные изменения в их жизни. Ведь им непросто перейти на такой образ жизни после детского сада. Следовательно, при поступлении детей в школу, необходимо учитывать их физическую и психологическую подготовку. Включение игр, богатых на сюжеты, интересных и эмоциональных в процесс обучения, поможет детям быстрее адаптироваться к школе.

Больше половины учебного времени школьников это сидячее положение, что оказывает отрицательное влияние на их состояние здоровья. Это состояние называется гиподинамией, т.е. двигательным голодом. Отличным решением данной проблемы выступают подвижные игры. Данные игры способствуют укреплению и дружности класса, также помимо этого, воспитание социальной дисциплины, соблюдению правил, справедливости и умению контролировать поступки и объективной оценке своих действий. Игры воспитывают сознательную дисциплину, обучают соблюдению правил.

Деятельность младшеклассников характеризуется быстрой сменой эмоциональной активности. Объясняется следующими причинами. Во-первых, ребенок под воздействием высокой эмоциональной нагрузки подвергается развитию процессов торможения в центральных зонах высших отделов нервной системы, иначе это называется охранительным рефлексом. Во вторых, это низкий уровень общей физической работоспособности, которое объясняется быстрым утомлением организма.

У школьников начальных классов наблюдается снижение уровня работоспособности примерно со второго урока. Это ярко заметно среди первоклассников. Шестилетние дети испытывают трудности с длительным удержанием внимания, с напряжением памяти, также им нелегко сидеть неподвижно на уроках.

Подвижные игры это незаменимое средство для умственного воспитания учеников. Процесс игры способствует активации памяти, развитию мышления и воображения. Координационные, скоростные, силовые способности это то, на что следует обращать большое внимание при развитии учеников в младшем школьном возрасте. Физические упражнения следует выполнять в небольших объемах, с продолжительностью не более 10 секунд. Между повторениями присутствуют небольшие интервалы для отдыха. Активный отдых обладает лучшим восстанавливающим воздействием.

Таким образом, физическая культура обладает большой значимостью в период младшего школьного возраста, к тому же это способствует полноценному развитию ребенка. Школа является вторым домом для ребенка, поэтому она должна уделять должное внимание на развитие как образования, так и физического воспитания. К тому же, обеспечить достойные условия для ребенка в этот его период жизни, а от учителя же требуется профессионализм, усилия и любовь к своему делу.

**Кошекбаев Д.М.**  
*Область Жетісу, Ескельдинский район*  
*учитель физической культуры*  
*средней школы имени Бактыбая Жолбарысулы*

## **ЗАБЫТЫЕ ПОДВИЖНЫЕ ИГРЫ НА УРОКАХ ФИЗКУЛЬТУРЫ**

Ценным способом вовлечения ученика в двигательную деятельность является игра. Во время физического развития у ребенка появляется желание участвовать не только в играх, но и упражнениях потому что эти действия являются понятным и близким сюжетом доступностью движений на основе положительных эмоций.

В школе на уроках и во внеклассных мероприятиях широко применяются подвижные игры как средство физического воспитания. Подвижные игры проводятся в сочетании с гимнастикой, различными спортивными играми, борьбой и лыжами с 1-8 классы в соответствии со школьными программами по физической культуре. В отличие от других форм занятий для решения образовательных, воспитательных и оздоровительных задач в соответствии с требованиями программы используются подвижные игры. Главное внимание надо обращать на уроках физической культуры на воспитание физических качеств, образовательную и оздоровительную сторону игры в отличие от других форм занятий. С помощью специальных упражнений осваивается сложное движение включенное в игру. В соответствии с задачами каждого этапа тренировки подвижные применяются в подготовительном, соревновательном и переходном периодах тренировки. После основной части урока которая посвящена подвижным урокам, то следующие этапы чередуются с менее подвижными, причем подбираются различные игры, по характеру движений.

Методика проведения подвижных игр на уроках физкультуры специфична и связана с их кратковременностью и необходимостью сохранить соответствующую плотность урока.

Вот описание некоторых забытых подвижных игр на уроках физкультуры, в которых могут участвовать дети с 10 до 13 лет:

«Пятнадцать передач»

Требуется набивной мяч весом не менее 5 кг. Участвуют несколько команд, в которых 3 игрока. Каждому участнику присваивается №1,2 или 3. Все команды становятся в шеренгу, соблюдая между собой расстояние не менее 7-ми или 8 -ми. Мяч на старте находится у центрального игрока (№2). Руководитель дает сигнал, игрок №2 кидает мяч №1 игроку, тот в свою очередь игроку №3. Один круг - одна передача. За определенное время нужно сделать 15 таких передач. Если мяч падает из рук, отсчет начинается сначала. Побеждает команда, которая за конкретный промежуток времени успеет выполнить максимальное количество передач. По правилам игры после каждого круга центральный игрок громко объявляет порядковый номер передачи.

«Светофор»

Правила игры: Дети стоят в шеренгу, у учителя 3 круга (желтый, зеленый, красный). Учитель показывает любой из 3 кругов, а дети выполняют задание, которое заранее обговаривается. Правила игры : цвета кругов и команда к ним:

красный –дети присели

желтый- дети хлопают

зеленый - дети шагают

Кто ошибается делает шаг вперед. Игру повторяют несколько раз, внимательные дети остаются на месте.

«Космонавты»

Описание: Игроки стоят за линией старта. Обручи разложены произвольно по залу. Игроки произносят слова «Ждут нас ракеты на различные планеты на какую захотим на такую и полетим после слов «... Но в игре один секрет, опоздавшим, места нет!» игроки бегут в обруч, заранее оговорив по несколько человек. Но мест всем не хватает, кому не хватило места, садятся на лавочку а обруч убирают. Игра повторяется до тех пор , пока не останется один обруч и в нем оговоренное количество игроков. Они и победители.

«Попади в обруч»

Описание игры: Играющие находятся за линией. В руке малый /большой/ мяч. Учитель называет исходное положение , играющая команда принимает его. По команде бросают мяч в обруч. Правила игры: бросать мяч по сигналу. Кто попал –победитель, игру повторить несколько раз.

«Снайпер»

Описание игры: Площадка делится пополам , играют две равные команды. Выбирают капитана , которые разыгрывают мячи уходят за линию противоположной команды. Правила игры: если игрока выбивают он уходит к своему капитану помогает выбивать своих соперников. Когда всех игроков выбивают, заходит к капитану если и его выбивают команда проиграла. (считается выбитый, если мяч попал в игрока без касания об пол, можно обговаривать по какой части тела считается выбитый, а по какой не считается.

Роль подвижных игр в системе физического и сортивного воспитания велика. Подвижная игра, как и любая другая сопровождает человека все его детские годы. Подвижные игры не только укрепляют здоровье и развивают организм, но они так же являются средством культурно- нравственного воспитания и приобщения человека к обществу. Национальные подвижные игры прививают ребенку культурное наследие его окружающего общества, подготавливают к выходу в большой мир.

Приобщение ребенка к физической культуре важно не только с точки зрения укрепления их здоровья, но и для выработки привычки к занятиям спортом.

*Қожантаев Д.А.*

*Жетісу облысы, Ескелді ауданы*

*Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебінің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі*

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

Дене тәрбиесінің мақсаты денсаулығы мықты, рухы сергек, Отанын қорғауға және ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыру болып табылады.

Осы жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде ұстаздың жеке басының рөлі ерекше, Бұл туралы кезінде орыстың атақты педагогы К. Д. Ушинский: «Сөз жоқ, көп нәрсе оқу орындарындағы жалпы тәртіпке байланысты, бірақ ең негізгісі тәрбиеленушімен тікелей қарым - қатынаста болатын тәрбиешінің жеке басының жас жанға ықпал етуі оқулықпен де, моральдық ақыл айтумен де жазалау және мадақтау жүйелерімен де алмастыруға болмайтын тәрбиелеуші күш болып табылады» - деген болатын. Бұл айтылғандар дене тәрбиесі жетекшілеріне де түгелдей қатысты. Дегенмен, бұл талаптардың үдесінен шығу жеңіл - желпі, өздігінен бола қалатын шаруа емес. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін дене тәрбиесі жетекшілеріне бар ынта мен жұмыс істеуге, ізденуге тура келеді.

Әсіресе, халқымыздың тарихи - мәдени мұралардың ішіндегі ерекше орын алатын салалардың бірі – қазақтың ұлттық ойындарын сабақта пайдалану. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға бай екендігін тарихтан белгілі. Қазіргі кезеңде ұлттық ойындарды болашақ ұрпақтар мен замандастар оқып, санасында сақтап,



үйреніп, күнделікті өмірінде қолданып, дене күштерін арттыруға бірден – бір себепші болатындығы айғақ. Ұлттық ойындармен танысып, ата бабаларымыздың психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салып, ұрпақтан - ұрпаққа дарыған дәстүрі мен жалғасын өрістете отырып, өткен мен бүгінгіні байланыстыра білулеріне сыныпта оқыту мен тәрбие беру барысында денсаулық сақтау межесіне жету мақсатын көздеуге, оны іс жүзіне асыруға бар ерік - күшін жұмылдыру, сөйтіп мәңгүрттік атауға тосқауыл қоюларына мүмкіндік береді. Халқымыздың перзенттерінің бірі ХХ ғасырдың аса көрнекті жазушысы М. О. Әуезов: Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтығын алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған,- деп тегіннен тегін айтпаған. Өйткені Мұхтар Әуезов бұл пікірін өзі өмір сүрген ортасынан алған топшылауы ғана емес, теориялық қағидаларға сүйеніп жасалған тұжырымдама демекпіз. Негізінде ұлт ойындары халқымыздың әлеуметтік - экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанын қазақ халқының ұлттық ойындарының алдына қойған мақсат - міндеттерінен, құрылымынан, мазмұндық ерекшеліктерінен байқағанбыз. Олар ұлтымыздың көші-қоны тұрмыс жағдайларына, үйлесімді жасалғандай әсер қалдырады. Олай дейтініміз осы ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материялық әзірліксіз ойнай беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге халықтың арнайы материялық әзірліксіз ойнай беретіндігіне ғана емес, сонымен бірге психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты екендігіне көзіміз жетті.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының, эпостары мен лиро - эпостарының қай - қайсысын алып қарасаң да, олардың өң бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет - ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз, осы жырларымен эпостардың басты кейіпкерлері - болашақ ел қорғаушылары: батыр, сарбаз, би - сұлтандар, ел ардагерлері мен қайраткерлері ойын үстінде өсіп отырады.

Қимыл - қозғалыс, ұлттық ойындардың маңызы жайлы теориялық та, сондай - ақ, әдістемелік сипаттар көптеген отандық әдебиеттерде бар. Ондай ойынның рөлі, оның таралуы, әр түрлі халықтарға ойын фольклорының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, әдістемелік ерекшеліктеріне қарастырылады.

Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеуші Т. Ш. Қуаныш «... ойын – тәрбиенің кешенді құрылымының бірі болып табылады: ол жан - жақты дене даярлығына, организм функциясын, ойнаушылардың мінез - құлық белгілерін жетілдірілдіруге бағытталған», - деп жазады.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретудің толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда:

- дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру;
- қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру;
- әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру;
- үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру;

Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз – бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

- Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;

- Дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгертуге;

- Өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;
- Дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру;
- Дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту.

*Курманова А.С.*

*учитель физкультуры, «Педагог-эксперт»*

*КГУ «Средняя общеобразовательная школа имени Абая» отдела образования  
Актогайского района, управления образования Павлодарской области*

## **ИННОВАЦИИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА» И ПОИСК НОВЫХ ФОРМ ПУТЕЙ ПРИВЛЕЧЕНИЯ К ЗАНЯТИЯМ СПОРТОМ И ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ**

Физическая культура в настоящее время выполняет важные социальные функции по оптимизации физического состояния человека, организации здорового образа жизни, подготовке его к активной жизненной позиции. Сегодня она должна формировать не только двигательные компоненты человека, но и интеллектуальные и социально-психологические. Как и любая сфера, физическая культура подразумевает работу с духовным миром человека-его взглядами, знаниями и умениями, его эмоциональным отношением. Современные условия развития нашего общества требуют иного взгляда на проблему формирования физической культуры. И поэтому на сегодняшний день тема инноваций в педагогической деятельности у нас, педагогов по физической культуре очень актуальна на сегодняшний момент. К сожалению, все увеличивается число учеников, освобожденных от занятий физической культурой. Да и большинство не видит интереса в данном предмете. Поэтому мы стараемся вводить новые методики занятий в свои уроки, чтобы заинтересовать учащихся.

Актуальность инновационных технологий на уроках физической культуры определяется особой ролью здорового образа жизни. Используя современные технологии можно совершенствовать не только физические качества, а также развивать творческий потенциал детей.

В моей практике используются различные педагогические технологии, обеспечивающие активизацию творческих способностей учащихся. Важное место в своей профессиональной деятельности я уделяю здоровьесберегающим технологиям, цель которых обеспечить школьнику возможность сохранения здоровья, умения и навыки по здоровому образу жизни, научить использовать полученные знания в повседневной жизни. На уроке данная технология является самой значимой из всех технологий, по степени влияния на здоровье ребенка, так как основана на возрастных особенностях познавательной деятельности детей. **Здоровьесберегающие технологии, используемые на моих уроках:**

1. Чередование умственной и физической нагрузки учащихся, чередуя теорию и практику.
2. Благоприятная дружеская обстановка на уроке. На уроке я обращаю внимание на физическое и психологическое состояние детей, смотрю как они воспринимают задания, предъявляю требования и замечания только в дружественной форме.
3. **Дозировка заданий.** Главное при выполнении упражнений не допускать перегрузки учащихся.
4. **Индивидуальный подход к каждому ребенку.** Дети очень разные, поэтому я стараюсь сделать ситуацию успеха.
5. **Занятия на свежем воздухе.** Известно, что дети очень сильно подвержены простудным заболеваниям, поэтому одной из моих задач является повышение устойчивости детского организма такого рода болезням. Эффективным способом

против простудных заболеваний становится закаливание организма. Уроки на свежем воздухе включают бег по пересеченной местности.

6. **Воспитательная направленность занятий** достигается за счет возможностей индивидуально-дифференцированного подхода к развитию качеств каждого ученика. Мой девиз: «Нет способных и неспособных, а есть трудолюбивые и ленивые в физическом воспитании».

#### **Игровые технологии:**

Применение игровых технологий с учетом возрастных особенностей не теряет актуальности. Каждому возрасту соответствует свой набор игр. Игровая технология является уникальной формой обучения которая позволяет сделать обычный урок интересным и увлекательным. Также позволяет усвоить большее количество информации.

В своей работе много внимания уделяю развитию практических навыков, необходимых в разных физических ситуациях, сознательному отношению учащихся к урокам физической культуры, разъясняю при этом важность регулярных занятий физическими упражнениями.

Сущность технологии, по которой работаю, заключается в личностно-ориентированном характере обучения, индивидуальном подходе к каждому ребенку, в формировании осознанной потребности в физкультурно-оздоровительной и спортивно творческой деятельности. Это означает, что для каждого обучающегося создана индивидуальная образовательная траектория которая учитывает индивидуальный тип телосложения, физическую подготовленность, состояние здоровья, а также особенности психического развития. Ребятам предлагаю упражнения различной степени сложности, предоставляется возможность постепенного овладения необходимыми умениями и навыками. В процессе учебной деятельности ввожу разные типы уроков, формы их проведения, комплексно использую фронтальные, групповые, индивидуальные формы работы. Применяю разнообразные методы и приемы обучения.

Развитие общества сегодня диктует необходимость использовать новые технологии во всех сферах жизни. Одним из видов домашнего задания может быть создание презентации по темам: «Здоровый образ жизни и я», «Способы закаливания», «Вредные привычки», «Гимнастика» и др.

Использование инновационных технологий в физическом воспитании- это в первую очередь творческий подход к педагогическому процессу с целью повысить интерес к занятиям физической культурой и спортом. Это главная цель, к которой я стремлюсь в связи с задачей повышения уровня процесса обучения для сохранения здоровья.

*Литвинова Н.Н.*

*магистр педагогических наук,  
учитель физической культуры,  
КГУ «Узынсуская СОШ»  
Иртышского района*

### **УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ**

Результаты научных исследований последних лет позволяют говорить о постепенном ухудшении состояния здоровья и физической подготовленности учащихся. Традиционные модели физического воспитания оказываются малоэффективными в современной социокультурной ситуации. Чтобы повысить эффективность учебного процесса, необходим поиск новых подходов к физическому воспитанию. В настоящее время в системе

Олай болса, дене шынықтыру - бұл адамның денсаулығын нығайтуға және физикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеті. Ол денені үйлесімді түрде дамытады және көптеген жылдар бойы мінсіз физикалық күйді сақтап ұстап тұрады.

Қазіргі әлем жағдайында еңбек қызметін жеңілдететін құрылғылардың пайда болуымен адамның физикалық белсенділігі күрт төмендеп кетті. Бұл адамдардың функционалдық мүмкіндіктерінің төмендеуіне әкеп соғады. Бірақ адам өмірі мен оның денсаулығы, шын мәнінде, дене шынықтырумен өте тығыз байланысты. Себебі, дене шынықтыру көптеген ауруларды емдеуге ықпал етеді және адам өмірін ұзартады.

Дене шынықтыру белгілі бір дәрежеде жеке тұлға дамуының барлық қырларына, ең алдымен оның адамгершілік дамуына үлкен әсер етеді. Денсаулықты нығайту және әлеуетті мүмкіндіктерді жетілдіру, дене шынықтырумен айналысудың қажеттілігі – әр адамның жеке парызы.

Қазіргі заманда дене шынықтыру адам мен қоғамның табиғатын жақсарту факторы ретіндегі рөлі едәуір артты. Өйткені, дене шынықтыруды дамыту – бұл гуманистік идеалдарды, құндылықтар мен нормаларды іске асыруды қамтамасыз ететін, адамдардың қабілеттерін анықтауға, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға, адами факторды белсендіруге кең мүмкіндік беретін мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі.

Дене шынықтыру – бұл адамның әлеуметтік-мәдени өмірінің негізі, оның жалпы және кәсіби мәдениетін түбегейлі өзгерту. Тәрбие мен кәсіби дайындықтың интеграцияланған нәтижесі ретінде дене шынықтыру адамның денсаулығына, физикалық мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, жеке өмір салты мен кәсіби қызметіне қатысты болады және білім, сенім, құндылық бағдарларының бірлігінде практикалық тұрғыдан іске асырылады.

Дене шынықтыру тұлғаның интегралды сапасы, тиімді оқу және кәсіби қызметтің алғышарты, болашақ маманның кәсіби мәдениетінің жалпыланған көрсеткіші және өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің мақсаты ретінде әрекет етеді. Ол жеке тұлғаның еркін, саналы өзін-өзі анықтауын сипаттайды, ол өмірлік дамудың әртүрлі кезеңдерінде көптеген құндылықтарды таңдайды және ең маңыздыларын игереді.

Кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес дене шынықтыру гуманитарлық білім беру циклінің міндетті пәні болып табылады. Білім беру мекемелері студенттердің жеке жағдайлары мен мүдделерін ескере отырып, мемлекеттік білім беру стандарттары мен дене шынықтырудың нормативтері негізінде дене шынықтыру сабақтарының нысандарын, дене тәрбиесінің құралдарын, спорт түрлері мен қозғалыс белсенділігін, дене шынықтыру сабақтарының әдістері мен олардың ұзақтығын дербес айқындайды.

Білім беру мекемелерінде дене тәрбиесі мен білім беруді ұйымдастыру мына бөлімдерден тұрады: [3]

1. Мемлекеттік білім беру стандарттарында белгіленген көлемде негізгі білім беру бағдарламалары шегінде дене шынықтыру бойынша міндетті сабақтар, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламалары шегінде дене шынықтыру жаттығулары мен спортпен қосымша (факультативтік) сабақтарды өткізу.

2. Студенттерді дене шынықтыру-спорттық даярлау жөніндегі кешенді іс-шараларды өткізу үшін жағдайлар жасау, оның ішінде спорттық мүкәммалмен және жабдықтармен қамтамасыз ету.

3. Студенттердің жеке қабілеттері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, олардың дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыру, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту.

4. Оқу сабақтары кезінде дене шынықтыру іс-шараларын жүзеге асыру.

5. Дене тәрбиесін ұйымдастыруға медициналық бақылау жүргізу.

6. Ата-аналардың (олардың заңды өкілдері) студенттердің денсаулығы мен олардың дене тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауын қамтамасыз ету.



7. Студенттердің дене дайындығы мен дене дамуына жыл сайынғы мониторингті жүргізу.

8. Студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу.

Әрбір білім беру мекемесі студенттердің дене шынықтыруға деген құндылық қатынастарын қалыптастыруды мақсат ете отырып, осы бағыттағы іс шараларды ұйымдастыру жолдарын дұрыс айқындай білуі қажет.

Дене шынықтыру саласында сапалы өлшем бойынша құндылықтар келесідей топтарға бөлінеді (сурет 1).

<b>ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНДА САПАЛЫ ӨЛШЕМ БОЙЫНША ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ</b>		
1) <i>материалдық</i> (сабақ шарты, спорттық жабдық сапасы, қоғам тарапынан жеңілдік);	2) <i>физикалық</i> (денсаулық, дене бітімі, моторика және дағды, физикалық қасиет, дене дайындығы);	3) <i>психикалық</i> (эмоционалды тәжірибе, жеке қасиет, шығармашылық бейімділік мінез-құлық белгісі);
4) <i>әлеуметтік-психологиялық</i> (демалу, ойын-сауық, ұжымдағы мінез-құлық дағдылары, парыз, ар-намыс, тәрбиелеу мен әлеуметтендіру құралы, ар-ождан, жеңіс, дәстүр);	5) <i>мәдени</i> (таным, өзін-өзі растау, бағалау мен бақылау, эстетикалық, адамгершілік қасиет, қарым-қатынас, бедел).	

Сурет 1 - Дене шынықтыру саласында сапалы өлшем бойынша құндылықтар топтары

Студенттердің құндылық бағдарлары дене шынықтыру объектілері мен олардың маңыздылығына қарай саралау тәсілдері ретінде қарастырылады. Дене шынықтыру-спорттық іс-әрекеттің құрылымында құндылық бағдарлар оның эмоционалды, танымдық және ерікті жақтарымен тығыз байланысты және олар жеке тұлғаның мазмұнды бағытын құрайды. Қызметтің өзінде бағдарланудың сипаты көбінесе белгілі бір құндылықтар жүйесінің қандай жеке мағынаға ие екендігіне байланысты болып келеді және осы қызметті жүзеге асырылатын объектілерге жеке тұлғаның қарым-қатынасының тиімділігін анықтайды. Кейбір нысандар эмоционалды (сезімтал), басқалары танымдық, басқалары мінез — құлық белсенділігін тудыруы мүмкін.

Мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар мен бірлестіктердің әкімшіліктері жұмыскерлерге жұмыс күні режимінде оңалту, кәсіптік қолданбалы сабақтарды, еңбектен кейінгі қалпына келтіруді, профилактикалық сабақтарды, спорттық бұқаралық жұмысты, спорттық-сауықтыру туризмін қоса алғанда, дене шынықтырумен айналысу құқығын іске асыру үшін жағдайлар жасауға міндетті.

Еліміздегі педагогикалық бағыттағы білім беру мекемелері дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімдерін даярлайды. Сондай білім беру мекемелерінің бірі Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі. Педагогикалық колледжде құзыретті мамандарды даярлау бағыттарының бірі - 4S01140501 «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі». Колледж оқытушылары білім беру қызметтерінің сапа саласында құзыретті және толық құқықты қызмет түрін жүзеге асырушылар болып табылады, сондай-ақ олар өз қызметтерін жауапкершілікпен жоспарлап жүзеге асырады, инновациялық технологиялар негізінде білім деңгейін тиімді арттырып отырады. Мамандығы 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт», біліктілігі 4S01140501 «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» түлектері білім беру қызметтерін ұсынатын еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады. Мамандықтың өзектілігі мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде нарықта сұранысқа ие болуында. Елімізде болып жатқан реформаларға сәйкес қоғам талабына сай

құзыретті заманауи технологияларды меңгерген мамандарды талап етеді. Мысалға алсақ, Нұр-Сұлтан қаласындағы мектептерде мамандар тапшылығына орай дуальді білім беру бойынша студенттер жұмыс жасайды.

Жалпы алғанда педагогикалық колледжде болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлау мынадай қызмет түрлері бойынша жүзеге асырады:

- 1) негізгі жалпы білім беру бағдарламалары бойынша дене шынықтыруды оқыту;
- 2) дене шынықтыру саласындағы қосымша білім беру бағдарламалары бойынша сабақтан тыс жұмыстар мен сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;
- 3) «Дене тәрбиесі және оны оқыту әдістемесі» пәнін әдістемелік қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламаларының сапасы саласындағы саясаттың негізгі бағыттары білім беру үдерісін жаңғырту, жаңа білім беру технологиялары мен оқыту жүйесін әзірлеу және енгізу, оқыту сапасы мен білім беру үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз етуді шешетін түйін ретінде дене тәрбиесі және спорт пән бірлестігінің рөлін арттыру.

Педагогикалық колледжде дене шынықтыруды ұйымдастырудың тамаша материалдық-техникалық базасы бар: әмбебап спорт зал, спорттық және ашық ойындарға арналған зал, гимнастика залы, шаңғы базасы, стадион. Бұлар тек оқу процесін ғана емес, сонымен қатар колледжде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмысты барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы болашақ мамандарға келесі кәсіптік функцияларды меңгеруін қамтамасыз етеді [2]:

- мемлекеттік саясатқа сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;
- білім алушылардың жалпы тұлғалық мәдениетін әлеуметтендіру және оларды қалыптастыруға бағытталған оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру, өткізу мен талдау;
- оқытатын оқу пәнінің ерекшелігі мен жеке психофизикалық және мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып студенттерді оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру, тұлға ретінде толық дамуы үшін жағдайлар жасау;
- білім беру бағдарламаларын іске асыру және білім беру стандартының талаптарына сәйкес студенттердің жалпы дайындығын қамтамасыз ету;
- әр түрлі педагогикалық формалар, әдістер, тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып оқу сабақтарын дайындау және өткізу, оқу сабақтарының тәрбиелік және идеологиялық құрамдас бөліктерін қамтамасыз ету;
- прогрессивті педагогикалық технологияларды, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені пайдалану;
- оқыту мен тәрбие сұрақтары бойынша кәметтік жасқа толмаған студенттерді заң өкілдерімен таныстыру;
- белгіленген жоспарлы және есеп беру құжаттарын жүргізу және т.б.

Дене шынықтыру бағытындағы арнайы пәндер циклын меңгерту нәтижесінде студенттер арнайы құзыреттерге ие болады:

- іскери қарым-қатынасты жүзеге асыру;
- диалог мазмұнын әңгіме түрінде жазбаша немесе керісінше әңгімені диалог түрінде беру;
- іскерлік құжаттарды редакциялау;
- ғаламтор, әлеуметтік желілер, әртүрлі платформа қызметтерін пайдалану т.б.

Сонымен қатар, колледжімізде «Дене тәрбиесі және спорт» пән бірлестігінің апталығы өтіп тұрады. Апталықтың кезеңдері: студенттермен ашық сабақ ұйымдастыру, тәрбие шараларын өткізу сонымен қатар әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып іс-шаралар өткізу (ғылыми-практикалық конференция, дөңгелек үстелдер, семинарлар т.б.).

Педагогикалық колледжде дене тәрбиесін ұйымдастыру келесі педагогикалық функцияларды негіздеп отырып жүзеге асырылады:

1) *трансформациялау функциясы* [1]: дене дамуының қажетті деңгейіне қол жеткізуді, жеке тұлғаны даярлау мен жетілдіруді, оның денсаулығын нығайтуды, оны кәсіби қызметке дайындауды қамтамасыз ету;

2) *интегративті-ұйымдастырушылық функция* [1]: бірлескен дене шынықтыру-спорттық қызмет үшін студенттерді ұжымдарға, командаларға, клубтарға, ұйымдарға, одақтарға біріктіру;

3) *проективті-шығармашылық функция* [1]: дене шынықтыру-спорттық іс-әрекеті мүмкіндіктерін анықтау, оның барысында студенттерді кәсіби тұлғалық дамыту, олардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыру, өзін-өзі тану, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі дамыту процестерін жүзеге асыру, жеке қабілеттерді дамыту;

4) *проективті-болжамдық функция* [1]: дене шынықтыру саласындағы студенттердің эрудициясын кеңейтуге, дене шынықтыру-спорттық қызметте білімді белсенді пайдалануға, осы қызметті кәсіби байланыстыру;

5) *құндылық-бағдарлау функциясы* [1]: оны іске асыру барысында кәсіби және жеке құндылық бағдарлар қалыптасады, оларды пайдалану кәсіби өзін-өзі дамытуды және жеке өзін-өзі жетілдіру қамтамасыз етіледі;

6) *коммуникативті-реттеуші функция* [1]: ұжымдық көңіл-күйге, тәжірибеге, әлеуметтік-этикалық және эмоционалды эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыруға, психикалық тепе-теңдікті сақтауға және қалпына келтіруге, темекі шегуден, ішімдіктен, нашақорлықтан алшақтатуға әсер ететін мәдени мінез-құлық, қарым-қатынас, дене шынықтыру-спорттық іс-шараларда өзара әрекеттесу, мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру;

7) *әлеуметтік функция* [1]: оның барысында әлеуметтік-мәдени тәжірибені игеру, әлеуметтік құнды қасиеттерді қалыптастыру үшін жеке тұлғаны қоғамдық қатынастар жүйесіне қосу.

«Дене тәрбиесі және спорт» пәндер бірлестігі жұмысының мазмұны студенттердің оқыту сапасын арттыуды қамтамасыз етуге арналған іс-шараларды жүргізу, теориялық және практикалық сабақтарды өткізу, бақылау жұмыстарын алу, кәсіптік іс-тәжірибеге апару және курстық жұмыстарды орындау болып табылады. Пәндер бойынша оқу-тәрбиелеу сұрақтарын талқылау, жаңадан келген оқытушыларға педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеруге көмектесу, АКТ мен оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдана білу.

Студенттердің денсаулығын нығайту және студенттерді тұрақты дене тәрбиесі мен спортқа тарту үшін түрлі спорттық іс-шаралар өткізілді: жеңіл атлетикадан «Күзгі кросс» жарыстары; футбол жарыстары; волейбол, баскетболдағы достық матчтар; тоғызқұмалақ бойынша жарыстар; үстел теннисінен жарыс; шаңғы базасының ашылуына «Денсаулық күні»; ер балалар арасында волейболға арналған блиц турнирі; қол күресінен жарыстар; шаңғы жарысы бойынша біліктілік жарыстар; қазақ күресінен күрес жөніндегі коллегия чемпионаты; ұлдар мен қыздар арасындағы баскетболдан іріктеу жарыстары; ұлдар мен қыздар арасында волейболдан іріктеу жарыстары; кір тастарын көтеру бойынша жарыстар; волейболдан 1 курстар арасында турнир.


Педагогикалық ұжымның көп жылдық теориялық әзірлемелері мен практикалық тәжірибесі оқу орнымызда тиімді ойластырылған, бұл оқу процесін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін білім беру процесін құруға мүмкіндік береді. Кафедралар мен пәндік-әдістемелік бірлестіктер колледждегі педагогикалық практика және белсенді студенттік өмір оларға теориялық білімді алуға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі жастағы студенттердің өзара дұрыс қарым-қатынас жасаудың практикалық коммуникативтік дағдыларын меңгертуге, кәсіби құзыреттіліктер мен болашақ мамандыққа жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік береді.

Оқытушылар мен студенттер білім беру мен тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша түрлі жобаларға, ғылыми конференцияларға, конкурстарға, семинарларға қатысады. Сондай-ақ, әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстардың белсенді қатысушылары болып табылады. Спорт кешені облыстық және қалалық ауқымдағы спорттық әр түрлі жарыстар мен іс-шараларды өткізу базасы болып табылады.

Педагогикалық колледж студенттері қалалық, облыстық, республикалық жарыстарда жүлделі орындарға ие және түрлі жарыстардың қатысушылары мен жүлдегерлері.


Колледжімізде әр оқу жылдарында дене шынықтыру мен спорт қызметін ұйымдастыру бағытындағы іс шаралар кешінінің маңыздылығы мен студенттердің спортқа деген құндылық бағдарларын айқындауда диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Зерттеулер үш деңгейдегі эмоционалдық және рационалдық салаларды қамтыған сауалдардан тұрды (сурет 2,3,4).

Бірінші деңгейде студенттердің физикалық «Мені» анықталды.




Сурет - 2. Студенттердің физикалық «Менін» анықтау

Екінші деңгейде студенттердің дене шынықтыру және спортқа деген әлеуметтік құндылық қарым-қатынастары анықталды.



Сурет - 3. Студенттердің әлеуметтік құндылық қарым-қатынасы

Үшінші деңгейде студенттердің дене шынықтыру және спорттың олар үшін қоғамдық қажеттілігі анықталды.



Сурет – 4. Студенттер үшін дене шынықтыру және спорттың қоғамдық қажеттілігі

Сызбалар студенттердің құндылық бағдарлары қызметтің анықтаудың әртүрлі компоненттері тұрғысынан ұсынылған. Эмоционалды компонент тартымдылыққа, ал рационалды компонент пайдалылыққа негізделген және олар бір-бірін толықтырады, сонымен қатар студенттердің белсенділігі бірге реттеледі. Дегенмен, олардың арасында белгілі бір сәйкессіздік бар. Бұл суреттерде көрсетілген физикалық өзін-өзі анықтау (физикалық қасиеттер, денсаулық, дене бітімі), қызметтің функционалды мазмұнымен (жоғары ұтқырлық, физикалық белсенділік, эмоционалды тәжірибе), өзектендірумен (сәттілік, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі растау), моральдық-ерік қасиеттерімен (ерік, табандылық), парыз сезімімен, негізгі дәрежені құрайды. Сондықтан да, дене шынықтыру-спорттық іс-әрекетте бұл құндылықтарға осы қызметке бағдарлануда төмендемеуі үшін дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары ерекше назар аударуы қажет [3].

Оқу орнымыз студенттердің дене шынықтыруын қалыптастыруда дене тәрбиесінің алдыға қойған міндеттеріне жету үшін тәрбиелік, білімділік, дамытушылық және сауықтыру міндеттерін мақсатты түрде жүзеге асырады:

1) студенттердің жеке тұлғасын дамытуда және кәсіби қызметке дайындаудағы дене шынықтырудың рөлін түсіну;

2) дене шынықтыру мен салауатты өмірдің ғылыми-практикалық негіздерін білу;

3) студенттердің дене шынықтыруға мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу, тұрақты жаттығулар мен спортқа деген қажеттілігін тудыру;

4) денсаулықты сақтау мен нығайтуды, психикалық саулықты, жеке тұлғаның психофизикалық қабілеттері мен қасиеттерін жетілдіруді, дене шынықтыруда өзін-өзі анықтауды қамтамасыз ететін практикалық дағдылар мен іскерліктер жүйесін меңгерту;

5) болашақ мамандыққа психофизикалық дайындықты анықтайтын жалпы және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығын қамтамасыз ету;

6) өмірлік және кәсіби мақсаттарға жету үшін дене шынықтыру-спорттық іс-әрекетті шығармашылықпен пайдалану тәжірибесін алу.

«Дене шынықтыру» пәнінің міндетті минимумы келесі дидактикалық бірліктерді қамтиды, оларды игеру теориялық, практикалық және бақылау оқу материалдарының тақырыбында қарастырылған:

- студенттерді жалпы мәдени, кәсіптік даярлаудағы дене шынықтыру;
- дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық негіздері;
- салауатты өмір салтының негіздері;
- сауықтыру жүйелері және спорт (теория, әдістеме және практика);
- студенттердің кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру дайындығы.

Теориялық материал ғылыми-практикалық білімнің дүниетанымдық жүйесін, студенттердің дене шынықтырумен байланысын қалыптастырады. Бұл білім қоғам мен тұлғаның дене шынықтыру қызметінің табиғи және әлеуметтік процестерін түсіну, оларды кәсіби-жеке даму, өзін-өзі жетілдіру, оқу, кәсіби және әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерді орындау кезінде салауатты өмір салтын ұйымдастыруды шығармашылықпен қолдана білуге негізделеді.

Оқу материалының практикалық бөлімі екі бөлімнен тұрады: әдістемелік-практикалық және оқу-жаттығу. Бірінші бөлім жеке тұлғаның оқу, кәсіби және өмірлік мақсаттарына жету үшін дене шынықтыру-спорттық іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін жедел игеруді қамтамасыз етеді. Бұл әдістерді бекіту мен жетілдірудің маңызды шарты — оқу сабақтарында, сабақтан тыс дене шынықтыру-спорттық іс-шараларда, күнделікті өмірде, демалыста бірнеше рет арттыру [1].

Олай болса, кәсіптік білім берудегі студенттердің дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың қажеттелігі:

Біріншіден, ол студенттердің өзін-өзі дамыту қабілетін анықтайды, әлеуметтік және рухани тәжірибені игеруге байланысты бағдарлана білуді меңгертеді, олардың шығармашылық өзін-өзі құру, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, дене шынықтыру - болашақ маманның көркемөнерпаз, бастамашыл өзін-өзі көрсетуінің негізі, оның кәсіби жұмысының мәні мен процесіне бағытталған дене шынықтыру құралдарын пайдаланудағы шығармашылықтың көрінісі.

Үшіншіден, бұл студенттердің дене шынықтыру-спорттық, қоғамдық және кәсіби қызмет процесінде туындайтын қатынастарға бағытталған шығармашылығын көрсетеді. Бұл қызметтегі жеке байланыстардың ауқымы неғұрлым бай және кең болса, оның субъективті көріністерінің кеңістігі соғұрлым ауқымды болады.

Олай болса, дене тәрбиесі - бұл педагогикалық процесс, тәрбиенің бір түрі, оның нақты мазмұны қозғалыстарды оқыту, физикалық қасиеттерді тәрбиелеу, арнайы білімді игеру, дене шынықтырумен айналысуға саналы қажеттілікті қалыптастыру болып табылады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘБЕБИЕТТЕР:**

1. Бочкарева С.И. Физическая культура: учебно-методический комплекс / С.И. Бочкарева, Кокоулина О.П., Копылова Н.Е., Н.Ф. Митина, А.Г. Ростеванов А.Г. - М.: Изд. Центр ЕАОИ, 2011. – 344 с.
2. Евсеев Ю.И. Физическая культура. Учебное пособие для студентов Вузов. Изд. 6-е испр. и доп. - М.: Феникс 2010.
3. Иванков Ч.Т. Методические основы теории физической культуры и спорта / Ч.Т. Иванков. - М.: Инсант, 2005. - 367 с.
4. Столбов В.В., Финогенова Л.А., Мельникова Н.Ю. История физической культуры и спорта: Учебник / Под ред. В.В. Столбова. - М.: ФиС, 2001; Платонов В.Н., Гуськов С.И. Олимпийский спорт: В 2 кн. Киев, 1994.

*Гусманов Т.И.*

*докторант II года обучения*

*КазНУ им. аль-Фараби, город Алматы, РК*

*Научный руководитель: Алимханов А.Е.*

*д.п.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби  
кафедра физического воспитания и спорта*

### **АЛЬТЕРНАТИВНАЯ МОДЕЛЬ ВОСПИТАНИЯ СИСТЕМЫ КОРЕЙСКОГО ИСКУССТВА ТХЭКВОНДО**

**Аннотация.** Современному обществу необходимы альтернативные пути решения проблематики воспитания подрастающего поколения. Быстроменяющиеся тренды влияют на сознательность неокрепших умов, тем самым появляется вероятность потери культурных и нравственных ценностей. В данной статье рассматривается воспитательная составляющая тхэквондо, которая способна привить необходимые духовно-нравственные качества для социальной ориентации человека, посредством заложенных в нем философских учений.

**Ключевые слова:** тхэквондо, воспитательная система, искусство, социум, культурные ценности.

#### **Цель исследования.**

1. Установить связь философского учения тхэквондо, с воспитательным процессом.
2. Выявить положительное влияние практических элементов тхэквондо, по отношению к социуму.

#### **Задачи исследования.**

1. Исследовать подлинную сущность традиционных аспектов тхэквондо и определить осознанность занимающихся.
2. Проанализировать влияние традиционных аспектов тхэквондо на морально-нравственные качества занимающихся.

**Методы исследования.** Для решения задач исследования использовались методы анализа научно-методической литературы, опроса, интервью.

**Актуальность исследования.** Актуальность морально-нравственных ценностей современного социума, как никогда раньше является важнейшей составляющей в воспитательном процессе. Современное общество неизменно подвержено к различному роду зависимостей таких как алкоголизм, наркомания, токсикомания, а также современный бич подрастающего поколения – гаджетозависимость ставят перед системой воспитания выявления новых, альтернативных, адаптированных способов воспитательной деятельности. Воспитание – это процесс совершенствования личности, который охватывает как физическое, так и духовное становление, и развитие человека. Быстроменяющиеся парадигмы общественного строя и социальных отношений, порождают видоизменений концепции воспитания.

Воспитание личностных качеств, формирующих характер, нравственность, специфику поведения происходит в активности самой личности в процессе социального взаимодействия с обществом. В процессе социализации, имеющийся природно-психобиологический потенциал индивида, осуществляется путем его применения в различных сферах жизнедеятельности. Таким образом, следует констатировать, что для развития потенциальных возможностей как физических, так и духовных необходимы подходящие условия воспитательной системы. [1]

Одним из способов разрешения обозначенной проблематики является спорт. Занятие спортом, безусловно, играет важную роль как в физической, так и духовной культуре общества. Воспитание человека должно начинаться с воспитания дисциплинированности, ответственности, уважения к себе и к окружающему миру. Посредством занятия спортом вырабатывается удовлетворенность как на биолого-физиологическом (выработка эндорфинов) уровне, так и на эмоционально-психологическом (чувства сопричастности) состоянии. Как общественному явлению ему присущие разнообразные социальные функции. Воспитательная функция предусматривает, с одной стороны, повышение эффективности созидательной деятельности, из второго — способствует всестороннему воспитанию социально активной личности. Физическая культура и спорт являются не только эффективным средством физического развития человека, укрепления и охраны его здоровья, сферой общения и проявления социальной активности людей, формой организации и проведения их досуга, но бесспорно влияют и на другие стороны человеческой жизни: авторитет и положение в обществе, трудовую деятельность, на структуру нравственно-интеллектуальных характеристик, эстетических идеалов и ценностных ориентаций. [2]

Принимая во внимание, что формирование условий, направленных на физическое и духовное развитие молодежи, является одним из приоритетных направлений молодежной политики. 30 декабря 2020 года Президент РК Касым-Жомарт Токаев подписал Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам культуры, физической культуры и спорта». В целях максимального охвата детей занятиями в творческих кружках и спортивных секциях в нем законодательно закреплены понятия государственного творческого и спортивного заказов и их подушевого нормативного финансирования. Новый Закон вступил в силу 1 мая 2021 года, что дало возможность детям бесплатно, за счёт средств государственного бюджета, посещать спортивные секции и творческие кружки. В связи с этим является актуальным пропаганда спортивных единоборств, в частности, корейского тхэквондо.

Целью тренировок и изучения тхэквондо является достижение гармоничного единства физического, психического и духовно-нравственного начал в человеке. В древности эти положения были сформулированы в принципах мусуль, муе и до, что с свою очередь отражает подлинную сущность данного искусства.[3]

**Мусуль** – дословно этот термин переводится как «боевая техника» и воплощает в себе принципы тхэквондо как метода реального боевого взаимодействия и самообороны. Этот принцип тренировок применительно к детям позволяет говорить о развитии в них уверенности и о приобретении навыков самозащиты. Достижение этих целей происходит через повышение уровня физической подготовки, а также воспитании сильного духа.

**Муе** – боевое искусство. Этот принцип воплощает в себе методы работы над собой, когда занимающийся тхэквондист учится побеждать не только противника, но и свои недостатки; через совершенствование техники тхэквондо совершенствует свою волю, стремится превратить тренировки в творческий процесс саморазвития и самопознания. В соответствии с этим принципом, ребенок готовится к тому, чтобы использовать приобретенную технику тхэквондо и свои физические качества для спортивных поединков, то есть принятия участия в соревнованиях.

**До** – путь в контексте духовно–нравственного воспитания. Этот принцип воплощает в себе стремление человека понять свою истинную природу, осознать свое место в мире и способы взаимодействия с миром. Этот принцип – воспитательная часть тренировок. У ребенка с детства будут закладываться основные моральные нормы: уважение к старшим, спокойствие и уравновешенность, доброта, сила духа и, конечно, коммуникационные навыки.

Таким образом, целью тхэквондо является комплексное физическое и духовное воспитание человека, способствующее гармоничному развитию личности. И эта цель полностью соответствует цели физического воспитания человека

Современное тхэквондо состоит из 5 основных дисциплин, которые интегрированы в единый тренировочный комплекс: [4]

**Кибон доньчжак** – основная техника. Это тот фундамент, на котором основано все дальнейшее мастерство, приобретаемое в результате упорных тренировок.

**Пхумсэ** – специальные комплексы формальных упражнений, имитирующие реальный поединок за жизнь с одним или несколькими противниками, из которых выполняющий пхумсэ выходит победителем. На практике пхумсэ основана реализация принципа муе – постижение тхэквондо как боевого искусства.

**Кйоруги** – поединок. Обучение технике и тактике ведения поединка.

**Хосинсуль** – это система самозащиты, которая включает в себя весь спектр технических действий, которые применимы не только в спортивных состязаниях, но и в реальной боевой ситуации.

Хосинсуль — как самостоятельный раздел тхэквондо — объединяет в себе всевозможные удары по всем уровням, броски, болевые удержания и болевой контроль, а также работу с прикладными видами оружия. Этот раздел помогает выработать у человека навыки применять технику тхэквондо не только в стандартных спортивных поединках, но и одновременно в реальных условиях. Соревнования в данной дисциплине проводятся в постановочной форме.

**Кйокпха** (разбивание досок) – демонстрационная техника. Демонстрация возможностей человека, которые можно развить, занимаясь тхэквондо.

Все элементы этикета тренировочного и соревновательного процесса тхэквондо взаимодополняют друг друга демонстрируя единность данного вида корейского искусства, без которых целостное воспитание личности не имело бы место быть.

### **Результаты и их обсуждение**

Для изучения влияния занятий тхэквондо на воспитание личности и отношений в социуме, нами был проведен опрос, в котором приняли участие 40 занимающихся спортсменами в возрасте от 11 до 14 лет, с опытом не менее двух лет и более, занимающихся тхэквондо в Западно-Казахстанской области, г. Уральск. С целью минимизации выбора очевидных ответов, опрос проводился в открытом формате, и на основе собранных данных была



проведена статистическая работа, выявившая отношение и взгляды детей на тхэквондо как искусство.

Беря во внимание, тот факт, что тхэквондо является контактным видом единоборства, занимающиеся, а точнее большинство родителей отдают детей в данную секцию с целью улучшить физические способности своего ребенка. Таким образом, по истечении времени ребенком принимается решение о дальнейшем продолжении занятий данным видом спорта.

Исходя из полученных данных, выявлено что большинство занимающихся, достигнув определенных успехов продолжают тренировки так как считают, что есть мотивация в достижении целей.



Рис. 1

В этике корейского искусства тхэквондо заложены правила обоюдного поклона тренера и ученика, обоюдного поклона в процессе спарринга противоборствующих спортсменов, поклона при входе и выходе в тренировочный зал, поклона по отношению к судьям. Таким образом, согласно статистическим показателям ответов респондентов, выявлено что для 23-х учеников этикет поклона обозначает и прививает уважение к окружающей его среде и обществу. Следовательно, можно констатировать тот факт, что данное закреплённое правило имеет свое непосредственное отражение на социальную жизнедеятельность вне тхэквондо.

Также 13 респондентов, считает, что данное правило является лишь культурной традицией, и не имеет отношения к социальной жизни вне тхэквондо.

И лишь малое количество, то есть 4-ро респондентов, практически не придают значение поклонам, не задумываясь выполняя данное действие в угоду сокомандникам.



Рис. 2

Отличительной чертой корейского искусства тхэквондо от других ударных единоборств являются дисциплины, применяемые без нанесения какого-либо ущерба сопернику. Одной из такой дисциплины является пхумсе (имитированный бой, в котором определены четкие приемы и действия прикладного характера, по окончании которого исполнивший пхумсе

становится победителем). В случае соревновательного процесса данной дисциплины победитель выявляется оценкой судьями на основе таких составляющих как четкость, своевременность, выразительность исполнения пхумсе. Пхумсе проводится как в индивидуальном, так и в командном зачете.

Согласно ответам респондентов, большая часть, то есть 18 учеников, считают пхумсе не нужным атрибутом, и что оно не имеет никакого отношения к реальному поединку. По их мнению, исполнение пхумсе отнимает время и силы во время тренировочного процесса, и практически все игнорируют данную соревновательную дисциплину.

Немалое количество респондентов, состоящая из 15-ти учеников, придает значение пхумсе лишь с точки зрения фундаментальных основ, тем самым осуществляя уважение к избранному виду спорта и восполняя дань традициям.

К числу тех, кто воспринимает пхумсе наравне с соревновательным поединком, и считает данную дисциплину неразделимым аспектом непосредственно искусства, оказалось 7-ро учеников. По их мнению, пхумсе приносит умиротворённость и спокойствие души. Они связывают пхумсе с духовными ценностями, которых не получить во время спарринга. Как оказалось, в свободное время они нередко прибегают к исполнению пхумсе, в добавок, многие из них имеют близкий диалог по отношению друг к другу, так как данная дисциплина предусматривает командное состязание. Наряду с интересом, они также черпают мотивацию и в соревновательном процессе дисциплины, так как завоеванная награда придает удовлетворение проделанной работы.




Рис. 3

Согласно статистике в разделе о присвоении поясов, многие респонденты, а именно 31 ученик, считают систему поясов очень важным аспектом данного спорта. Получая мотивацию от ступеней системы поясов, ученики стремятся выполнить определенные нормативы, дабы добиться максимального результата, став обладателем черного пояса. Таким образом, система поясов для большинства спортсменов является важной составляющей.

Малая часть респондентов, считает систему поясов лишь условностью традиций. Так как умения и навыки, непосредственно, поединка для них являются первостепенными, цвет пояса в боях не влияет на их сосредоточенность. Следовательно, срочности в получении заветного черного пояса у 7-ых учеников не имеется.

Мизерная часть респондентов, то есть 2-ое учеников, и вовсе считает систему поясов не нужной. Не придавая значения даже и культуре и традициям избранного вида спорта.

### **Заключение**

По итогам исследования, выявилась картина взглядов тренирующейся молодежи на аспекты дисциплин избранного ими вида спорта тхэквондо, влияющие не только на внутреннее взаимодействие спортсменов, но, а также влияние занятий тхэквондо на общество в целом. Подводя параллели воспитательной деятельности тхэквондо, с общественной жизнью вне тхэквондо, мы предполагаем, что в случае ученика не имеющего представления о подлинной сущности выполнения определенных установок в виде

поклонов, не приведет к каким-либо пагубным действиям, а напротив, выполнив закрепленные установки социума не выйдет за рамки закона.

Указывая на результаты о видении учеников на дисциплину пхумсе, можно констатировать, что эстетическое и духовное оснащение проявляющих интерес к данной программе имеет место быть. Таким образом, стоит всерьез задуматься о пропаганде данного вида дисциплины, так как привлечение молодежи в духовно-нравственную среду необходимо в современном обществе.

Стоит также отметить немаловажный фактор, о желании небольшого количества учеников научиться лишь навыкам и умениям единоборства, тогда как физически крепкий человек не желающий развития нравственного составляющего, имеет потенциальную опасность для общества.

Таким образом, подводя итоги исследования, мы провели беседу с тренером данной команды, и обозначили необходимые подходы и меры для улучшения сознательности тренирующейся молодежи.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Холодов, Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта [Текст] / Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. – М.: «Академия», 2000. – 480 с
2. Матвеев, Л. П. Теория и методика физической культуры [Текст] / Л.П. Матвеев. – М.: ФиС, 1991. – 543с.
3. Шулика, Ю.А. Тхэквондо. Теория и методика. [Текст] / Ю.А. Шулика, Е.Ю. Ключников. – СПб.: Вильямс, 2009. – 408 с.
4. Мировая Федерация Тхэквондо [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.worldtaekwondo.org/index.html>

*Дайрабаев М.С.,*

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
«Дене мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы*

*Түркістан қ., ҚР*

*Жилисбаев Н.К.*

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушысы Түркістан қ., ҚР*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ**

Әр ұлттың мәдениеті олардың ойлап тапқан спорт түрлерін қамтиды. Ғасырлар бойы олар балалар мен ересектердің күнделікті өмірін жалғастырып, өмірлік қасиеттерді: төзімділік, күш, ептілік, жылдамдық, адалдықты және әділдікті дамытады. Олардың көпшілігі ғасырлар бойы тарихқа ие: олар ежелгі дәуірден бері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлттық дәстүрлерді біріктірген күннен бері өмір сүріп келеді. Олар адамның экономикалық белсенділігіне, ақыл-ойы жақсарғанына қарай дамыды. Ұлттық спорттық дәстүрлер көптеген факторларға байланысты болды: ландшафт, климат, табиғат және т.б.

Халық дәстүрлерін сақтап қалумен қатар, ұлттық спорт түрлері жастардың арасында халық шығармашылығына деген қызығушылықты, ерік-жігерді дамытуға үлкен ықпал етеді. Дәлелдер өзара мәдени ықпал ету және мәдени қарым-қатынас процестері ойынның сипатына халықтың рухани дамуының маңызды құралдарының бірі ретінде үлкен әсер етеді деп болжайды.

Ұлттық ойындар мен спорт Қазақстан территориясында қазақтардың пайда болуымен туындады. Қазақ ұлттық ойындарының пайда болуын ағылшын тілінің ғалымы Э.Маккей өзінің қолжазбаларында «... бұл ойындардың барлығы Азиядағы

көшпелі тайпалар арасында пайда болған секілді» деп жазды. Венеция саяхатшысы Марко Поло да Жетісу жағалауына барып, «Қыз қуу» ойынын көріп Маккейдің сөзін растайды. Барлық ойындар адамзаттың пайда болуымен туындады.

Бастапқыда адамдар жануарлар мен хайуандар арасында аман қалу үшін, табиғи катаклизмдерге қарсы күресіп, біртіндеп жануарлардан қорғану үшін қажетті кейбір жаттығуларды, және де аң аулау кезінде маңызды әрекеттерді игеріп алды. Осылайша, адамдар белгілі бір кәсіпке дайындық және әрбір қатысушының дайындығын, дәлдігі мен күшінің деңгейін анықтайтын ойындар пайда болды.

Бұл жаттығулар ойын түрінде дамыды және дененің физикалық қасиеттері мен қабілеттерін дамыту үшін физикалық жаттығулар сериясына айналды. Мысалы, ежелгі дәуірден бастап, адамдар жануарлардың кейбір түрлерін найзамен аулаған. Осылайша балаларға арналған «Қарагие» ойыны пайда болды. Бұл ойын көшпелі тайпалардың балаларын балалық шақтан әскери дайындыққа, төзімділікке, дәлдікке және өз тайпасының жауларына қарсы найзамен жекпе-жекте жеңіске жетуге дайындайды. Кейіннен бұл Найза ату спорттық ойын түріне айналды.

Барлық уақытта барлық ұлттар әрқашан күшті, батыл және білікті адамдарды бағалады. Олар жайлы ән шырқады, аңыздар шығарды, халық оларды мақтан тұтты (тіпті ертегілерде де ойлап шығарғды). Ұлттық ойындардың әрқайсысының өзінің даму тарихы бар, ол: «Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Теңге-алу», «Көкпар», «Аударыспақ», «Қазақша күрес», «Алтыбақан», «Асық ақту», «Жамбы ату», «Бүркіт» және т.б. Қазақ халқы әрқашан өздерінің ұлттық ойындарын дамытуға, балаларға есте сақтауға арналған ойындарды, қиялға және физикалық қасиеттерін дамытуға тырысқан.

Қазақ ұлттық ойындарын және ұлттық спортты дамытуға ресейлік саяхатшылар, этнографтар, ғалым - этнографы А. Диваев, орыс докторы Е. Покровский - XVIII ғ. баға жетпес үлес қосты. Еуропа саяхатшысы Пано Карпини, Вильгельм Рубрук және Марко Поло - XIII - XVIII ғғ. Олар Орталық Азияны зерттеді және көптеген елдердің зерттеушілері ғылыми жұмыстарға оқуға және жазуға үміттеніп, зерттеушілерге баға жетпес жазбаларды қалдырды.

XIII ғасырдың бірінші жартысында итальяндық саяхатшы Пано Карпини Моңғолияға Хорезм, Жетісу және Тарбақатай арқылы сапар шегеді, содан кейін жиналған материалдардан қайтып, «Моңғолияның тарихы» кітабын жазды. Бұл кітабының материалдарын біздің қазақ ғалымы, зерттеуші Шоқан Уәлиханов өз кітаптарында қолданды. Бұл кітап 1925 жылы қайтадан Д. Язымовтың редакциясымен Ресей Қазақ ұлттық ойындары туралы жазған тағы бір адам - Венеция саяхатшысы Марко Поло болды. Ол өзінің шығармаларында Жетісуда Қазақстанға сапары кезінде көрген ұлттық ойындары туралы айтып берді және кейбір ұлттық ойындарды талқылап, ойынның тарихын ұсынды және осы ойындардың ұзақ уақыт бойы барын болжады.

1829 жылы орыс патшасының рұқсатынсыз неміс ғалымы Александр Гамбольт Орал, Алтай, Оренбург қалаларына саяхаттап, Өскемен және Семей қалаларына барған. Өзінің шығармаларында жол жүру орындарын және онымен кездескен адамдарды сипаттады. Ол бірегей қазақ халқы туралы әңгімелеп берді. Ол қазақтардың қонақжайлылығын сипаттады және оларды қазақ халқының күнделікті туындыларымен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен таныстырды. Қазақ ауылына барып, ұлттық ойындарын өз көзімен көрді, оған әсіресе атпен жарыс және ат үстінде жүріп күресу ұнады. Қазақ халқының тарихын және этнографиясын зерттеумен «Орталық Азия, тау тізбектеріндегі салыстырмалы климатологияның дәйектілігі ...» атты кітап шығарды.

Тағы бір саяхатшы ғалым 1863 - 1864 жылдары Каспий теңізі мен Маңғышлақ қаласына барған венгер академигі Арминий Вамберг болды. 1903-1907 жылдары

Қазақстанға келіп, құрметті қонағы болды, неміс этнографы Рихтер Каргутский қазақ халқының ұлттық ойындары, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің сұлулығына таң қалды.

Қазақ халқының этнографиясын зерттеп және оны бүкіл Еуропада таратқан поляк революционерлері А.Янушкевич, С.Гросс, Б. Залесский болды. Революцияға қатысқандары үшін олар Сібірге жіберілді. Онда олар қазақ халқымен кездесті, олардың ерекше дәстүрлері мен ұлттық ойындарымен танысты. «Қазақстан даласындағы саяхаттарымның күнделіктері мен хаттары» кітабында А.Янушкевич қазақтарды жайлауға көшіру кезінде қазақ ауылында болған күндердің бірін сипаттап, былай деді: «Бұл күн менің өмірімде бақытты және қуанышты күн болды. Маған «Қыз ку» ат үстіндегі ұлттық ойыны қатты ұнады, шабандоздардан көз алмайды екенсің». С.Гросс Семейде 8 жыл өмір сүріп, «Қырғыздардың заңды әдет-ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдар» атты кітап жазды. Сол кезде С.Гросс Семей статистикалық комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді және ұлы Абай Құнанбаевпен танысты.

Қазақ халқының терең дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен қатар, ұлттық ойындар мәдениетті дамытуда үлкен рөл атқарды. Халықтық ойын-сауықтың ерекшеліктерін зерделеу эволюциялық даму процесі, мәдени-ағартушылық негіздерін қалыптастыру туралы айтуға болады.

Қазақстандағы ежелгі ойындарды зерттеген тарихшылар бәсекелестік оқиғалардың қоғам дамуына өте маңызды серпін бергенін көрсетті. Барлық ойындарды қоспағанда, білім беру, дамыту, коммуникативтік немесе спорттық жаттығулар болды.

Ұлттық ойындардың ең жарқын түрлерінің бірі ат спорттық жарыстар. Бүгінгі күні өте танымал, ең әдемі және қызықты ойындардың бірі көкпар және бәйге. Олардың сипаты көшпенділерге қажетті іс-әрекетке, батылдыққа, күшіне және ептілікке үнемі дайындығын талап ететін қазақтардың көшпелі өмірінің жағдайына байланысты болды. Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының ең танымал ат спорты ойындарының бірі «көгілдір қасқыр» дегенді білдіретін Көкпар-Көкбөрі ойыны. Көшпенділердің ең басты жаулары қасқырлар еді, себебі олар үлкен зиян келтіруі мүмкін. Қасқырды өлтіру үлкен сәттілік деп саналды. Жыртқыштың басын көшбасшыларына, ал денесін жиналғандарға берген. Уақыт өте келе, бұл ойынға айналды және қасқырдың орнына ешкі немесе қойдың денесіне алмастырды.

Жаһандану дәуірінде, егер ұлт өзінің рухани құндылықтарын сақтауға және оны одан әрі дамытуға ұмтылмаса, онда ол ұлтшылығын жоғалтады және басқа да мәдениеттің жемтігіне айналады. Сондықтан біз өз тілімізді, дініміз бен дәстүрлерімізді ұлттық арнамыс ретінде қорғауымыз керек.

Ол үшін ұлттық мерекелерімізді жандандырып, ұлттық ойындарды жаңғыртып және ұлттық өнерді дамыту қажет. Қазіргі таңда әлемде ғылым, технология, коммуникация, ақпараттың әмбебап дамуы арқасында ұлтаралық интеграция үдерісі қарқынды дамып келеді. Бұл жағдайда барлық елдердегі адамдардың өмір салты, олардың үйі, киім-кешек, тамақ, жұмыс және демалыс уақыты бірдей болады. Осылайша, болашақта халықтар бір-бірінен тек рухани мәдениетіндегі айырмашылықтармен бөлісе алады, егер кез келген ұлттың рухани мәдениеті күшті болса, онда бұл халық ұзақ өмір сүреді.

Қорытындылай келе, спорттың жаһандануы бүгінгі күннің, спорт саласындағы халықаралық қатынастардың дамуы мен халықаралық экономикалық интеграцияның арқасында объективті үдеріс екенін атап өткім келеді. Қазақстан спортын халықаралық спорттың жаһандық эволюциясына және халықаралық спорттық заңға қатысуын тоқтату тек Қазақстанды әлемнен оқшаулау арқылы ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, спорт саласындағы жаһандану үрдістері мен халықаралық спорттық заңдылықтар біздің еліміздің спорт саласындағы халықаралық аренадағы ұлттық

мүдделерді сақтаудағы құқықтық мүмкіндіктері мен ұлттық спорт заңнамасында ұлттық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін жоққа шығармайды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Азарова Л.Н. Мектепке дейінгі жастағы және жасөспірімдердің шығармашылық даралығын қалай дамыту керек // Бастауыш мектеп . - 1998-№4-б.80-81.
2. Александренов Е.Г. «Этникалық сәйкестік» немесе «этникалық сәйкестік» // этнографиялық шолу. - 1996 ж. - N 3. - с.13-23.
3. Антонов Ю.Е., Левина Л.В., Розова О.В., Щербакова И.А. «Балаларды Отанын жақсы көруге үйрету». - М.: АРКТИ, 200
4. Арутюнян Ю.В. Этносоциология: Университеттерге арналған оқу құралы / Ю В В Арутюнян, Л. М. Дробищева, А.А.Сусоколов. - М.: Aspect Press, 1998. - 271с.
5. Барина К.В. Ресейдің ұлттық өзіндік ерекшелігі және Ресейдің тарихи тағдырын таңдау. Ойлау және ойлау. 2002 ж., 30 б.
6. Богатырев П.Г. Фольклор - шығармашылықтың ерекше түрі // Богатырев П.Г. Халықтық өнер теориясының сұрақтары: с. Арт. М., 1971. бет 369-383.
7. Бромли Ю.В. Әлемнің халықтар. Шығыс-этно анықтамалығы Үлкен формат. 2004 ж
8. Блеева Л.В., Коротков И.М. Ашық ойындар: Оқулық. физикалық емес мәдениет туралы нұсқаулық. М., ФИС, 1982
9. Выгодский Л.С. Педагогикалық психология. - М.: Педагогика, 1991. - 480 б.
10. Вяткин Б.А., Хотинец В.Ю. Этникалық өзін-өзі тану даралықты дамыту факторы ретінде // Психологиялық журнал, 1996 ж.

*Дуйсенов К.К.*

*аға оқытушы*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, ҚР*

### **СПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ**

Спорттық қызмет принциптері ғылыми мәліметтер және жаттықтырушылық жұмыстың оның іс тәжірибелері жинақталған жаттығу жүйесін ұтымды құрудың барынша маңызды педагогикалық ережесі болып табылады.

Максимальді мүмкін жетістіктерге бағытталғандық, тереңдетіп мамандану және жекелеу. Егер спорттың мақсатсыз дене жаттығуларын пайдалану кезінде кейбір шегіне дейін емес мүмкін болған жетістік дәрежесі ғана іске асады, ал спорттың қызметке барынша жоғары нәтижеге жетуге бағытталғандық тән. Әрине бұл жоғары нәтижеге жету жекелей әр түрлі, заңдысы әрбір жеке тұлғаны әр қайсысы спорттық жетілу, даму жолында мүмкіндігінше одан әрі өтуге ынталануы тиіс.

Спорттық нәтижелер өз-өзінен маңызды емес яғни олар қабілеттілік және шеберліктің нақтылы даму көрсеткіші болып табылады. Жоғары спорттық нәтижелерге жету мақсатының осыған байланысты елеулі қоғамдық педагогикалық маңызы болады, өйткені ол адам жетілуінің ең жоғары шегіне ұмтылысын білдіреді. Мұндай ұмтылыс барлық ұйымдармен және спорттық қызметтің жағдайларымен, әсіресе спорттық сайыс жүйелері және алға ұмтылдыратын марапаттаулармен (бастапқы спорттық дәрежеден чемпионның алтын медалына дейін) ынталандырылады. Жоғары көрсеткіштерге жетуге мақсат қою нәтижесі спорттық жаттығуларды сәйкестендіріп құрумен, таңдаған спорт түрінде тереңдетілген мамандандырумен барынша әсерлі құралдар және әдістерді пайдаланумен іске асады. Ең жоғары нәтижеге бағытталғандыққа қалайда спорттық жаттығудың барлық ерекшелік белгілерін анықтауға, яғни жүктеменің көтеріңкі деңгейін, жүктемемен демалыстың кезектестірудің ерекше жүйесін, ашық көрінген циклділік себепші болды [1].

Спорттық жаттығудың бұл заңдылығы спорттық жетілдірудің көп жылдық сатысының тәуелділігіне байланысты әртүрлі көрінеді. Спорттық жетілдірудің бірінші сатысында спортпен шұғылдану негізінен жалпы дайындық түрінде өткізіледі, жаттығу жүйесі спорттық мамандандудың анық көрсетілген сипаты бола алмайды, яғни жоғары нәтижелерге жету мақсаты алдағы келешектік жоспар сипатын береді. Ағзаның жас ерекшелігімен қалыптасуға және жаттыққандық деңгейінің артуына қарай бұл мақсат биологиялық жаспен басқа қозғаушы күштердің шектеулі әсері әрекет ете бастағанша іске асырыла береді. Сонымен, жалпы өрлеу, алға басушылық принципі спорттық дайындық ауқымында ерекше маңыздыға ие болады. Оны белгілі спорт түрінде жетілдіру дәрежесінің максималды мүмкіндігін қамтамасыздандыруды талап ету деп түсіну керек. Ал, бұл тереңдетіліп мамандандырудың қажеттілігін білдіреді.

Спорттық мамандану спорттық қызмет барысында таңдап алған спорт түрі үшін жетілдіру барынша қолайлы болатын уақытпен күш салуды дұрыс, ретімен бөлумен сипатталады, бірақ басқа спорт түрлері үшін дәл осылай бола бермейді. Осыған байланысты спорттық жаттығу құрастыру кезінде спортшылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу төтенше маңызды. Ересек спортшының жекен икемділік қабілетіне сәйкес өткізілетін тар мамандандыру саласында оның өз дарындылығын барынша толық көрсетуі үшін мүмкіндік жасайды және спортқа деген ынтасын қанағаттандырады. Керісінше, спортшының жеке сапаларына тура келмейтін мамандықты қате таңдауы және командаға сай еместік спортшымен жаттықтырушының күш салуын елеулі дәрежеде жоққа шығарады [2].

Жекелеу принципі жаттығуды құруда және өкізуде спортшылардың жас ерекшеліктерін, қабілеттерін, дайындалғандық деңгейін есепке алып жүргізуін талап етеді.

#### **Жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі**

Спорттық мамандану спортшының жан-жақты дамуын жоққа шығармайды. Керісінше, таңдаған спорт түрінде барынша елеулі алға басушылық спортшының дене және рухани қабілеттерінің жан-жақты дамуы ағзаның қызметтік мүмкіндіктерінің жалпы көтерілуі негізінде ғана мүмкін болады. Бұл жөнінде бүкіл спорт іс-тәжірибе, сонымен бірге көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарының мәліметтері дәлелдейді.

Спорттық нәтижелердің спортшының жан-жақты дамуына, оның ішінде интеллектуалдық адамгершілік, өнегелілік, тұрғысына тәуелділігі екі негізгі себеппен түсіндіріледі: біріншіден, ағзаның бірлігінен-оның қызмет және даму барысында органдарының, жүйелері мен қызметінің органикалық өзара байланысы; екіншіден, әртүрлі қозғалыс дағдылары мен біліктілігінің өзара әрекеттестігі. Спортшының меңгерген қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының шеңбері кеңейген сайын, қозғалыс іс-әрекетінің жаңа түрлерін ойластырып, жасау және бұрын меңгергендерін жетілдіру үшін қолайлы алғы шарт болады.

Спорттық жетілдірудің объективті заңдылықтары спорттық жаттығу терең мамандану жүйесі бола тұрып, бір мезгілде спортшы жан-жақты дамыту құралы да болады. Осыған сәйкес спорттық жаттығуда *жалпы* және *арнайы дайындық* үзіліссіз үйлеседі. Спортшының жалпы және арнайы дайындық бірлігі бұлардың екеуін де спорттық нәтижеге және дене тәрбиесінің құралы ретінде соңғы мақсатқа пайдалануға зиян келтірмеу үшін жаттығудан алып тастауға болмайды. Жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі олардың мазмұндарының өзара тәуелділігімен қортындыланады: жалпы дене дайындығының мазмұны таңдаған спорт түрінің ерекшеліктері есепке алынып анықталады, ал арнайы дайындықтың мазмұны жалпы дайындықтың жасаған адғы шарттарына тәуелді [3].

Көпжылдық және жыл бойындағы жаттығулардың әртүрлі кезеңдері үшін барлық жалпы және арнайы дайындықтың үлес салмағының бірдей еместігі тән.

Жалпы және арнайы дайындықтың үйлесімді ара қатынасы тұрақты болмайды, ал спорттық жетілдірудің әртүрлі сатыларында заңдылықпен өзгереді.

**Жаттығу барысының (процесінің) үзіліссіздігі.** Бұл принцип мына негізгі ережелермен сипатталады:

1/ спорттық жаттығу спорттық мамандану бағытына барынша бағытталған (кумулятивтік) әсерге жауап беретін, жыл бойындағы және көпжылдық іс-әрекет барысы есебінде құрылады.

2/ әрбір келесі жаттығу сабағының әсер етуі бұрынғының "ізіне" "қабаттасқан" сияқты оларды бекітеді және тереңдетеді;

3/ сабақтардың арасындағы аралық қалпына келтіру және жұмыс қабілеттілігін арттырудың жалпы бағытына кепілдік беретін шегінде болады, сонымен бірге жаттығу мезоциклдарымен микроциклдарының ауқымындағы белгілі жағдайда кейде сабақты спортшының толық қалпына келуінсіз өткізуге болады, осыған байланысты жүктеме мен демалыстың тығыздалған режимі қойылады.

Жаттығу жүйесін жаттығу сабақтарының оңды тиімділігі сабақтастығының дәл нақтылы жағдайда мүмкіндігін барынша жоғары дәрежеде қамтамасыз ететіндей етіп құруға ұмтылу қажет және олардың арасындағы ақталмаған үзілістерді шығарып, жаттыққандықты кері минимумға түсіру. Мұнда спорттық жаттығудың үздіксіздік принципінің негізгі мәні қортындыланады. Бұл ереженің принципіндегі әдістемелік мәні жаттығу сабақтары арасындағы артық созылған ара қашықтықты болдырмауды талап етумен, олардың арасындағы қамтамасыз етіп және сонысымен алға басушылық жетістіктер үшін жағдай жасаумен қортындыланады. Жаттығу жүктемелерінен кейін ағзаның әртүрлі қызметтік мүмкіндіктерін қалпына келтірудің және бейімделудің әр уақытта болуы принципінде күнделікті және тек күніне бірақ рет емес шаршау және артық жаттыққандық құбылыстарынсыз жаттығуға мүмкіндік береді. Жаттығудың өткізілу барысының үзіліссіздігі жекелеген жаттығулардың, жекелеген жаттығу сабақтарының, немесе жарыстардың, сонымен бірге спортшының жұмыс қабілеттілігінің жағдайына арналған жекелеген дайындық циклдарының дәрежесімен және әсер ету ұзақтығымен байланысты [4].

Бұл әсер етулердің тиімділігі тұрақсыз және жүктеменің ұзақтығына және оның бағытына, сонымен бірге көлеміне тәуелді.

Осыған байланысты жақын жаттығу әсері (Ж.Ж.Ә), із қалдыратын жаттығу әсері (ІҚЖӘ) және кумулятивтік жаттығу әсері (КЖӘ).

Жақын жаттығу әдісі жаттығуды тікелей орындау кезінде ағзада жүретін процестермен және басқа да жаттығудың, немесе сабақтың соңында пайда болатын қызметтік жағдайының өзгеруімен сипатталады. Жаттығудың *із қалдыру* әсері, бірінші жағынан жаттығуды орындау салдарынан, және бұл жаттығуға ағза жүйесінің жауап беру сезінуі, немесе екінші жағынан сабақпен сипатталады.

Жаттығу, немесе сабақтың келесі демалысқа дейінгі кезеңнің аяқталуымен, яғни ағзаның қызметтік жағдайы мен оның жұмыс қабілеттілігінің қатынастық тұрақты ережеге бағындыруын өзінше көрсететін із қалдыру барысы басталады. Екінші рет қайталанатын жүктеменің басталуына байланысты адам ағзасы қалпына келе алмау жағдайында болуы мүмкін, сондықтан алғашқы жұмыс қабілеттілігіне, немесе барынша орнын толтыру жағдайына, яғни бұрынғыға қарағанда барынша жоғары жұмыс қабілеттілігіне келтіру.

Тұрақты жаттығу кезінде әрбір жаттығудың, немесе жарыстық *із қалдыру* әсері бір-біріне үнемі жабылып, жинақталады, нәтижесінде жекелеген жаттығулардың, немесе сабақтардың әсерімен апарылмайтын кумулятивтік жаттығу әсері пайда болып, әртүрлі із қалдыру әсерінің жиынтығынан тұратын өнімі болып табылады. Спортшының ағзасы жағдайында елеулі бейімделу өзгерістерге әкеліп, оның қызмет мүмкіндіктері мен жұмыс қабілеттілігін арттырады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000



2. Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
3. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004
4. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. -277б.
5. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006

*Дүйсенов К.К.*

*Аға оқытушы*

*«Дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,*

*Түркістан қаласы, ҚР*

## **СПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕЛЕРІ**

Жаттығу жүктемесін арттырудағы біртіндеушілік пен уақыт аралығы бірлігі. Ағзаның қызметтік мүмкіндіктерінің артуы ұсынылған жаттығу және жарыстық жүктемеге заңдылықпен тәуелді. Спорттық нәтиже жолындағы әрбір жаңа қадам жаттығу жүктемесінің жаңа деңгейін белгілеп көрсетеді. Біртіндеп және үздіксіз және жүктемелері де, спортшының әдістік, тәсілдік және психикалық дайындалғандығына қойылатын талапта жүйелілікпен оларды барынша күрделі және жетілдірілген дағдыларды, біліктілікті меңгеруі тапсырмаларын орындауға, дене және рухани күштерін барынша жоғары көрсетуіне жұмылдырады. Жаттығу барысында жүктеме динамикасы үшін тәндігі, олар біртіндеп және бір уақытта шегіндегі мүмкіндігі мақсатымен артады. “Максималды жүктеме” ұғымын “шегіне дейінгі жүктемемен” яғни әбден шаршағанға дейінгімен барлық уақытта тең санау дұрыс болмас еді. Ағзаның қызметтік мүмкіндіктерінің шекараға дейін барлығы, бірақ ешбір жағдайда бейімделу мүмкіндігінен аспауы дұрыс болады.

Жаттығу жүктемесінің динамикасында бір қарағанда бірікпейтін сияқты екі ерекше белгі үйлеседі- біртіндеушілік және “біртіндеушілік үзілістері”, яғни кезеңдермен шегіне дейінгі маңызда артатын жүктеменің “секіруі”. Біртіндеушілік және “секірмелік” жаттығу барысында өзара себепші болады. Жүктеменің ең жоғары шегі ағзаның сатысындағы барлық уақытта барлық мүмкіндегіне сәкес анықталады. Спортшы ағзаның қызметтік және бейімділік мүмкіндіктерінің кеңеюне қарай жаттығу нәтижесінде жүктеменің ең жоғарғы шегі біртіндеп артады. Жаттығу және жарыстық жүктемені біртіндеп және шегіне дейін арттыру спорттық нәтижелердің алға басушылығын қамтамасыз етеді. Бұл спортшыны дайындауға талап етуді біртіндеп күрделілендіретін жаттығу жүктемесінің көлемімен қарқындылығымен бұлжытпай арттырумен қамтамасыз етіледі. Осылардың барлығын спортшылардың жүйелілікпен орындауы барынша күрделі және жетілген біліктілікті және қозғалыс дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Жаттығудағы жүйелі біртіндеушілік спортшының дайындалғандық деңгейі мен мүмкіндігіне, әсіресе жас өспірімдерге, оның спорттық нәтижесінің ұдайы ілгері өсуін қамтамасыз ете отырып сәйкес келуі тиіс.

Жүктеме динамикасының толқын тектестігі. Жаттығу жүктемесінің үдемелілікпен артуы белгілі сатыларда спортшының ағзасындағы бейімделу өзгерістері барысында үйлеспеушілікке ұшырайды. Бұл демалыспен қатар спортшының ағзасында биологиялық қажетті өзгерістерді қамтамасыз ететін жүктемені уақытша азайту қажеттілігін туындатады. Сондықтан жаттығу жүктемесінің динамикасы тура сызық түрінде емес, толқын тектес сипатта болады. Жүктеменің толқын тектес өзгеруі оқу-жаттығу барысының азғантай аралық қатынасы, сонымен бірге жаттығудың жылдық циклының кезеңдері мен сатылары үшін тән.

Жүктеме динамикасының толқын тектес өзгеруі жүктеменің көлемі мен қарқыны динамикасына тән, және де барлық параметрлерінің максимальді маңызы көп жағдайда

сәйкес келмейді. Қазіргі таңда жүктемелердің жаттығу барысының әртүрлі фазаларын сатыларындағы және кезеңдеріндегі бағдар үлгісін ұсынуға болады.

- аз, бірнеше күндерді қамтитын, микроциклдағы жүктеме динамикасын сипаттайтын;
- орташа, жаттығудың мезоциклы шегіндегі бірнеше кіші "толқындар" жүктемесінің жалпы мақсатын көрсететін;
- үлкен, жаттығудың үлкен циклдары кезеңіндегі орташа "толқындардың" жалпы мақсатын сипаттайды.

Спорттық жаттығуды өнерлеп құру осы толқындарды бір-бірімен дұрыс мөлшерлеп, яғни микроциклдағы оның кезеңдері мен сатылары үшін тән жүктеме динамикасы мен жаттығу процесінің барынша жалпы сақсаттарымен арасындағы қажетті сәйкестікті қамтамасыз ету қажет.

Жүктеменің толқын бейнесіндегі ауытқуының болмай қалмаушылығы өзара байланысты себептердің кешені немен түсіндіріледі. Олардың ішіндегі елеулілері мыналар:

- жаттығу барысында бейімделу және қалпына келу барысының фазалығы және гетерохрондылығы;
- ағзаның әрекет істеуге бейімділігінің кезеңдермен тұрақсыздануына ортаның жалпы қозғаушы күштері және оның табиғи биологиялық ырғақтары себепші болады;
- жүктеме қарқынымен көлемінің өзара әрекеттесуі күштерінде жаттығу процесінің белгілі фазаларында оның осы жақтары әртүрлі бағытта және бір бағытта өзгереді.

Жүктеменің жекелеген параметрлерінің өзгеру дәрежесі мен жалғасу ұзақтығы оның әртүрлі фазаларда толқын тектес өзгеруі мыналарға байланысты;

- жүктеменің абсолюттік мөлшеріне;
- споршының жаттыққандығының даму қарқыны деңгейіне;
- спорт түрінің ерекшелігіне;
- жаттығу сатылары мен кезеңдеріне;

Негізгі жарыстарға тікелей қатысты кезеңде жүктеменің толқын тәріздес өзгеруі бірінші кезекте жаттығудың куммулятивтік тиімділігінің "кешіккен өзгермелілігі" ("заказывающей трансформации") заңдылықтарына себепші болады. Сырт көзге кешігу өзгермелілігінің ерекшелігі спорттық нәтиженің ең шыңына жету нәтижелері жаттығу жүктемесінен уақыт бойынша қалып қоюымен көрінеді.

Мұнда жүктеме мөлшері ерекше елеулі шамаға жетеді, ал содан кейін бір қалыпты жағдайға түседі немесе төмендейді.

Жүктеменің қарқындылығы мен көлемінің параметрлерінің ара қатынасынан логика бойынша олардың жаттығудағы динамикасына сәйкес келесі ережелерді шығаруға болады;

- жаттығу сабағының қарқындылығы мен жиілігі аз болған сайын жүктеменің үздіксіз өсу фазасы созылуы мүмкін, бірақ олардың өсу дәрежесі елеусіз;
- жаттығуда жүктеме мен демалыс режимі тығыз және жүктеменің жалпы қарқыны жоғары болған сайын, солғұрлым олардың динамикасында толқын тәріздес тербелу кезеңі қысқа, сонымен бірге оларда "толқындар" жиі көріне бастайды.
- әсіресе жүктеменің жиындық көлемінің елеулі арту сатысында жүктеменің жоғары қарқындылық үлесі және оның арту дәрежесі неғұрлым көп лимиттелген болса, солғұрлым қатынастың және абсолюттік қарқындылық елеулі артады.

Жаттығу процесінің циклділігі. Жаттығу процесінің циклділігі белгілі циклдар ауқымында жаттығулардың, сабақтардың, сатылардың және бүтіндей кезеңдердің қайталануымен сипатталады.

Жаттығу циклдары - оның құрылымдық ұйымдастырылуының барынша жалпы формасы. Әрбір кезектегі келесі цикл біршама өткенді қайталау және бір уақытта жаттығу процесін дамыту тенденциясын (негізгі идеясын) білдіреді, яғни, бұрынғысынан жаңарған мазмұнымен, бірен – саран құрал құрамының және әдістерінің өзгеруімен, жаттығу жүктемесінің артуымен және т.б. айырмаланады. Жаттығу құру кезінде оның қайталану

және динамикалық сипатының қаншалықты ұтымды үйлестірілуіне шешуші кезеңде оның тиімділігі байланысты.

Циклдар түрінде барлық жаттығу процесі құрылады-майда бөліктерінен көпжылдық жаттығу сатыларына дейін. Оның шегінде жаттығу процесі құрылатын уақыт масштабына байланысты микро-, мезо-, макроциклдар айырмаланады. Бұлардың барлығы жаттығу процесін орынды құрудың ажыратылмайтын жүйесін құрайды.

Жаттығуды құру барысында оның мазмұнындағы негізгі элементтерді жүйелі қайталау қажеттілігінен бастау және сонымен бірге жаттығу тапсырмасын жаттығу процесінің фазалары, сатылары және кезеңдерінің қайталану логикасына сәйкес бірізділікпен өзгерту;

- 1) Жаттығу әдістері мен құралдарын мақсатқа пайдалану проблемаларын шешу барысында, оларға жаттығу циклдарының құрылымында тиісті сәйкес орын табу(өйткені кез-келген жаттығу сабағындағы жаттығу, құралдар мен әдістер өздерінше қаншалықты жақсы болғанымен, егер өз уақытында, орнына қарай, жаттығу фазаларының, сатыларының және кезеңдерінің ерекшеліктері есепке алынбаса тиімділігін жоғалтады);
- 2) Жаттығу фазаларының, сатыларының және кезеңдерінің заңдылықтарына қолданыста жаттығу жүктемелерін реттеу және мөлшерлеу(жаттығу жүктемелерінің динамикасында толқын тектес өзгеріс әртүрлі ұзақтықтағы жаттығу циклдарымен белгілі жағдайда-микр мезо-,және макроциклдармен сәйкестікте болады.
- 3) Жаттығу процесінің кез келген үзіндісін оның көбірек және кішілеу ірі циклдік жаттығу құрылымы формаларымен байланыспен қарау, яғни микроциклдардың құрылымын есепке алып,мысалы, олардың орны көбінесе орта циклдардың құрылымы бірінші жағынан олардың микроциклдарын құрайтын ерекшеліктерімен, ал басқа жағынан кейде макроцикл құрылымында және т.б. қамтамасыз етіледі.
- 4) Жаттығудың әртүрлі циклдарын құру кезінде ағзаның табиғи биологиялық ырғағында және соңғы жылдары кең таралымға көшкен табиғаттың құбыластарымен байласыстарын есепке алу қажет.

Бұл талаптарда циклділіктің жалпы мәні көрсетілген.

Жарыстың қызмет құрылымы мен споршының дайындық құрылымының бірлігі және өзара байланысы. Бұл принциптің негізінде споршының жарыстың және жаттығу қызметіндегі құрылымын, өзара байланысын және өзара келісімділігін көрсететін заңдылықтар жатыр.

Жаттығу процесін ұтымды құру жарыстық күресті іске асыратын тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін жарыстық қызметтіңұтымды құрылымын қалыптастыруға оның қатаң бағытын болжалдайды.

Бұл принципті сатылап басқару жүйесін құру, спорттық дайындықтың біршама ұзақ кезеңге перспективалық бағдарламасын жасау кезінде ерекше басшылыққа алған дұрыс.

Көпжылдық спорттық қызметтің көпжылдық жас мөлшеріне қарай бірдейлігі(адекватность).Бұл принциптің мәні, көпжылдық жаттығу процесінле спортта, спорттық жетілуге әкелетін бағытта және сонымен бірге адам ағзасы онтогонезі заңдылықтарымен қарама-қайшы келмейтін қабілеттің жас мөлшері динамикасына тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін спортшының жас мөлшеріне қарай даму динамикасы ескерілуінде жатыр.

Балалық жасөспірім шақта, яғни ағзаның қалыптасу және жетілуі жүріп жатқан кезде жаттығудың(әсерлілігі) тиімділігі басқа кезеңдерге қарағанда қабілеттің барынша жоғары даму қарқынымен сипатталатын ерекше сезімталдық кезеңдерін есепке алуға елеулі тәуелді болады.

Жасөспірім шақта әрбір спортшыда барлық кешенді дене қабілеттерін (күш, шапшаңдық, төзімділік, икемділік, және т.б.) қалыптастыратын жас мөлшеріне қарай толық жетілуіне негіз болатын жаттығу да жалпы дене дайындығы болуы тиіс.

Көпжылдық жаттығу процесін үйлесімді жас мөлшеріне бағдарлап, олардың шекарасында спортшылар жоғары спорттық нәтижеге жеттетіндей негізде құру қажет екені көрсетілген.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000
2. Тілеулов Ә.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
3. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004
4. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. -277б.
5. Мұхамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-III, 2006

*Егізбаев Ж.Ә.,  
п.ғ.к., профессор  
Қорқыт Ата атындағы ҚУ.,  
«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасы  
Қызылорда қаласы, ҚР  
Қуатбеков Ш.Н.  
п.м., аға оқытушы  
Қорқыт Ата атындағы ҚУ.,  
«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасы  
Қызылорда қаласы, ҚР*

### **ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІРГЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Жалпы келешек ұрпақты зиянды әдеттер, әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ғұмыр кешуге жол табу туралы мәселе ерте кезден-ақ зерделенген. Адамның рухани ішкі және сыртқы тазалығы адамгершілік, имандылық қасиеті, ақыл-ойының, дене бітімінің саулығы, тәлім-тәрбиесі туралы мәселелерді адамзат тарихи тамырын тереңнен алады. Халқымыз жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, кейінгіге талай ұлағатты сөздерін, іс-тәжірибесін қалдырған [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында және оқу-тәрбие саласына байланысты басқа да құжаттарда жан-жақты білімді, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, денсаулығы мықты, шешен тілді, рухани дүниесі бай және салауаттылық деңгейі жоғары ұрпақты тәрбиелеу қажеттігі көрсетілген [2]. Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық сана-сезім, ұрпақты руханилыққа және салауаттылыққа тәрбиелеуде ұлтымыздың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, жазба мұралары негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан асыл мұраларды жинақтап, зерттеп зерделеудің құндылығы арта түсуде. Қазақ халқы жастарды отбасында кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, салауаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойған. Ер балаларға ауылдың үлкендеріне қос қолдап сәлем беруді, қыз балаларға ибалық жасап, үлкендерге жол беруді, олардың алдын кесіп өтпеуді уағыздаған. Жастардың жадына «сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық, «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілдіктен кішіреймейсің», «Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді» деген қағидаларды үнемі уағыздаған. Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке шақыра отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге баулу мәселесін алғашқы орынға қойған. Халық мұраларында рухани-адамгершілік қасиеттерді, әсіресе, ар-ожданды қастерлеу тәрбиенің басты қағидасы болып саналған. Осыны басты нысана етіп ұстанған

ата-бабамыз «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Ақ жүрген адам азбас», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі» деп ар тазалығы басқаға қиянат жасамауға, шыншыл, әділ болуға баулиды. Әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік, мейірімділік, иманжүзділік қасиеттердің бәрі ар-ұят, ождан тазалығынан туындайды. Имансыз болу – ата-ананы, ұстазды, үлкенді сыйламауды халқымыз кешірілмес үш күнә деп санаған. Қазіргі мейірімсіздік, қатыгездік, дөрекілік етек алып отырған заманда жасанды ар-ождан тазалығын сақтауға, рухани-адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр. Рухани-адамгершілік пен салауаттылыққа баулитын халқымыздың сан ғасырлық тәлім-тәжірибесін, мұраларын болашақ жастар тәрбиесіне пайдаланудың берері мол екендігін халқымыздың зиялы азаматтары, ұлы ғұламаларыда атап көрсеткен [3]. Қазақ ұлтының салауаттылық, парасаттылық, имандылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие туралы мәңгі өлмес құнды ұлттық мұрасының дамуын шолып өтсек, Ибн Сина еңбектері, Шығыс Аристотелі атанған ғұлама әл-Фараби, сонау көне түркі жазуымен тасқа қашап жазған ескерткіш «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап, Ержүрек қолбасшы Күлтегін, Білге Қаған, мемлекет қайраткері Тоныкөк, Омар Хайям рубайлары, түркі тілдес халықтардың бәріне өшпес рухани мұра қалдырған: Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Яссауи, Ахмет Игүнеки, Қыдырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының орны ерекше. Араға бес ғасыр салып, қолымызға сағындырып жеткен ғұлама-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі, ұлттық психологиядан болашақтың салауаттылығына, имандылығына арналған мол мағлұмат алуға болатын еңбек. Тауасарұлы Қазыбек бектің «Түп тұқианнан өзіме шейін» атты еңбегі қазақ тарихының асыл мұралары екені айқын. Адамның қоғамдағы орны, маңызы, тәлім-тәрбиесі, жан мен тән, өмірдің қыр-сыры туралы толғаныстар, ақыл-кеңес, даналық өсиеттер жөнінде толғаған ақын-жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар жырау, Шал ақын, Дулат, Махамбет. Қазақ халқын әлемге танытқан, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерінің ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше. Бүкіл бір халықтың ұстазы Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде (45 сөзі) жан мен тән тазалығы, имандылық қасиеттері «толық адам», дені сау адамның іс-әрекет нәтижелері, жалпы қауымның игілігіне айналады деп тұжырымдайды.

XX ғасыр басында қазақ халқының білім беру саласында үлкен бетбұрыстар болды. Ұлттық негіздегі төлтума оқулықтар, рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтау, оны бүгінгі оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне, салауаттылығын қалыптастыруға пайдалануда тәлімдік ой-пікірлерімен қазақ даласына із қалдырған Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ғ.Қараш және т.б. еңбектері – ұрпақ саулығы үшін қам жеген денсаулық мәселесіне арналған мұраларының орны ерекше. Мәселен, М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында «Сау жан сау денеден ғана болады», - деген адамзат дүниесінің ескі мәтелін дұрыстай отырып, баланың денсаулығы мәселесін «Дене тәрбиесі» бөлімінде егжей-тегжейлі қарастырады [4]. Ата-бабамыз келер ұрпағына «табиғат үйін» – орасан зор байлығын сыйлап кетті. Әке өз балаларының жеке ерекшеліктерін, қандай іске, өнерге бейімделгенін, ерте аңғарып, шамасы келгенше баласының бойындағы табиғи қабілеттерін дамытуға күш салған. Баласы ойлы, сезімтал болса, ел адамы, қадірлісі болуды көздеп және игі жақсыларға теңеген. Парасатты әке балаларына ата-бабаларының іс-әрекетінің үлгі боларлық өнерін айтып, ағайынның туыстық, жақындық қатынастарын түсіндіріп, ата-тегі туралы айтып, ұрпағының саулығы мен имандылығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып отыруды өзінің парызы санаған [3]. Қазақ отбасы тәрбиесінде өзінің ғасырлар бойы саяси экономикалық, әлеуметтік-тарихи ерекшеліктеріне байланысты, атап айтқанда, кең байтақ жерін, шаруашылық дәстүрін, әр түрлі шапқыншылық, жауынгерлік және табиғаттың дүлей апатынан сақтап, қорғап қалу үшін ұрпағын бала жастан іскерлікке, ептілікке, батырлыққа, мергендікке шымырлыққа, саулыққа, салауаттылыққа тәрбиелей отырып, жаны мен

тәнінің бірдей жетілуін дәстүрге айналдырған. Қазақ ұлтының болашақ ұрпағының санасына туған халқына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, тарихын сезіне білетін жылы жүрек, тоқтамды ақыл мен имандылық өте қажет. Бұл айтылып отырған құндылықтар тек қана дені сау жаны мен тәні таза, адал иманды, салауатты тұлға бойынан табылатын қасиеттер. Сондықтан, қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, салауатты өмір салтын қалыптастыруда, көздеген мақсатқа жету жолындағы өмір тіршілік әрекеттеріне тоқталып көрелік. Қазақтың әдет-ғұрыптарының бірі – «Құрсақ шашу». Жас келіннің аяғы ауыр болғаны белгілі болса, оның абысын-ажындары, енелері келінді шақырып құрсақ тойын жасап, оның аман-сау, қол-аяғын бауырына алуына тілек білдіріп, шашу шашып, дастарханды түрлі дәмге толтырып, сауық жасаған. Ғұрып бойынша, бойына бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр» деп тұспалдап айтқан. Оның мәнісі жас келін қысылып, ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын деген ойдан шыққан. Келіннің жерік асының табылып, жерігі қанған әйелдің құмары тарқап, ерекше сезімге бөленіп, денсаулығы жақсара бастаған. «Жерік асын жегендей қуанды» деген сөз осындайдан қалған. Жеріктікті басудың тек анаға емес, іштегі сәбидің де денсаулығына зор әсері бар. Мысалы, жерігі қанбаған ананың балалары әлжуаз, аурушаң, кейде кем тууы да мүмкін. Сәбидің аузынан суы шұбырып жүруі де осындайдан болады дейді халық даналығы. Нәресте саулығына аса көрегендікпен қараған зерделі ана келінге құмсағыз шайнатқан, оның негізі нәресте ширақ болсын дегені, әсіресе, рауғаштың баланың көзін көреген, құлағы сақ болуына септігі бар екенін біліп, өмір тәжірибелерінде пайдаланып отырған. Парасатты ана келінге ән тыңдатқызып, таза ауада жалаң аяқ жүргізген. Болашақ ананың сергек, тамағы құнарлы болғанын қадағалайды. Ән тыңдатқызығаны – нәресте зерделі, ақылды болмақ, жалаң аяқ жүріп – Жер-Анадан қуат алмақ, Айлы түнде келінді суға шомылдырғаны – нәресте ай жүзіндей сұлу болуын, сымбатты болуын қадалаған. Халық аяғы ауыр ананы да тәрбиелеу жолын есте ұмытпаған. Оны мәпелеп, аялай білген, ренжітпеген. Бұл жөнінде жазушы Зейнеп Ахметова былай деп жазған: «Қарағым, биік тауға қара – көңілің өседі, көңілің өссе – немерең кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге қара – сәбиің шырайлы болады, бұлақтың көзін аш – бала қайырымды болады» деген секілді ұлағатты тәлімін беріп, аналарымыз жас келіншектің таным-талғамын ұштап, байқаған. Міне, қазақ ұлтының, ұлттық ұғымының ұрпақ саулығына, руханилығына деген ұлағаты [5].

Дені сау, салауатты, рухани бай, ақылды ұрпақтың дүниеге келуін армандаған қазақ ата-бабаларымыздың асыл мұраларына көңіл аударсақ, «тәрбие тал бесіктен басталады» – деп бекер айтапаған. «Қазақ!.. Балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе оған ауру үйір болмайды» – деген халық даналығы. Сол тазалық тал бесіктен басталмай ма?

Қазақтың ұлттық ойындары – адам ағзасы үшін өте маңызды, теңдесі жоқ сауықтыру, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларының бірі. Қазақтың ұлттық ойындары – ептілікті, өжеттілікті, ширақтылықты, шапшаңдылықты, тапқырлықты және т.б. қасиеттерді талап етеді. «Асау үйрету», «Мойын арқан», «Алтыбақан», «Қазақ күресі» – қазақ халқының ежелгі спорт ойындары адам денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдыққа, ептілікке керек кезінде тез ойланып, ұтымды амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырады.

А.Байтұрсынов «Тәні саудың – жаны сау» екенін айта отырып, «Ең әуелі бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл. Тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта» – деп денсаулықты сақтаудың маңызды жолын меңзейді. Себебі, денсаулықтың кепілі – тән мен ардың тазалығы. Ол саулықтың іргетасын қалайды.

Адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақ жолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын

қалыптастыруымызға болады. Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, парақорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз және аман сақтаймыз.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ембергенова Ж. Жастарды саламатты өмір салтына халықтық педагогика құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра тәрбиелеу. //пед. ғыл. канд., дисс., автореф. Қарағанды, 2000, 30 б.
2. Қазақстан Республикасының Білім Беру туралы Заңы., Алматы, 2001.
3. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. - Алматы, Ана тілі, 1991.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1992. - 112б.
5. Әділбек М.Қ. «Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ұлттық ойындардың рөлі» //Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Атырау, 2011, №3 (22). - 125-126 б.

*Елеусинова А.Қ.,*

*2 жыл оқу магистранты  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.,  
Алматы қаласы, ҚР*

*Ғылыми жетекшісі:*

*п.ғ.д.,проф Алимханов Е.А.*

*әл -Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Дене шынықтыру және спорт кафедрасы  
Алматы қаласы, ҚР*

### **ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН ТАНЫМАЛ БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ СПОРТҚА ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУҒА ТАРТУ**

**Аннотация:** Бұл мақалада заманауи әлеуметтік желілер арқылы жастарды спортқа және дене шынықтыруға тарту жолдары көрсетілген. Оған қоса танымал бұқаралық ақпарат құралдар өкілдері көмегімен жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттыру үлгілері келтірілген. Сонымен қатар жастарды қызықтыратын , спорт және дене шынықтыру сабақтарын қамтитын әлеуметтік желіде парақшаның үлгісі жасалған. Және әлеуметтік желілердің және медиа тұлғаларының жастар өміріне әсері анықталған.

**Өзектілігі:** Егер жастар дені сау болып тәрбиеленсе, бұл жақсы генофонд пен салауатты қоғамның алғышарттарын жасайды. Спорт бұл біздің болашағымыз, егер біз жаңа ұрпақтың дені сау және патриотизм рухында тәрбиеленуін қаласақ, спорттағы бұқаралыққа ерекше мән беруіміз керек. Мемлекет тарапынан спортты бұқаралық дамытуда көптеген қажетті жағдайлар - спорттық нысандар салынып, жаңа спорттық бағдарламалар жасалып отыр. Солай бола тұрса да, бұл спортқа қызықпаған жасөспірімдерге көмектеспейді. Сол себепті қазіргі кезде жастардың спортқа қызығушылығын ояту мәселесі тұр. Компьютерлік технология ғасырында жасөспірімдердің 80 пайызы отырықшы өмір салтын жүргізеді. Және әрбір екінші жасөспірімнің әлеуметтік желілерге қол жетімділігі бар. Сондықтан жастарды спортқа және дене шынықтыруға тартуда заманауи технологиялық тиімді әдістерді ұсыну - өзекті мәселелердің біріне жатады.

**Зерттеудің мақсаты:** әлеуметтік желілер мен танымал БАҚ өкілдері арқылы жастарды спортқа және дене шынықтыруға тарту жолдарын анықтау.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Әлеуметтік желілердің және медиа тұлғаларының жастар өміріне әсерін анықтау;
2. Instagram, tik-tok, youtube әлеуметтік желілеріндегі спорт тақырыбы бойынша контентті талдау;

3. Жастарды қызықтыратын , спорт және дене шынықтыру сабақтарын қамтитын әлеуметтік желіде парақша құрастыру.

**Зерттеу пәні.** Жастарға арналған әлеуметтік желілерде қолданылатын спорт және дене шынықтыру бойынша ақпараттық оқыту.

**Зерттеу объектісі.** Жастардың әлеуметтік желілеріндегі дене шынықтыру және спорт сабағының үрдістері.

### **Кіріспе**

Бүгінгі күндері әлеуметтік желілерді қолдану кері әсерін тигізеді деген ойлар көп. Бірақ бұқаралық ақпарат құралдары шынымен де нашар ма? Әрине, олардың жасөспірімдерге тигізетін әсері зор екендігін мойындау қажет. Теледидар, компьютер , ойындар, әлеуметтік желілер жасөспірімнің тұлға ретінде қалыптасуына да, барлық өмір аспектілеріне де әсерін тигізеді. Және БАҚ-ты дұрыс пайдаланған жағдайда, ол жастардың өмірін жақсы жаққа өзгерте алады. Әлеуметтік желілердің және медиа тұлғаларының жастарға әсері:

1. Түсінікті қалыптастырады. Әлеуметтік желілер арқылы әлемде болып жатқан жағдайлар туралы хабардар бола алады. Саяси және мәдени дамыған ұрпақ пайда болады.
2. Өз дағдыларын дамыта алады. Әлеуметтік желі арқылы танымал болған қаншама әнші, биші, суретшілерді және т.б. шығармашылық адамдарды көруге болады. Сол арқылы өзінің сүйікті ісінде пікірлес адамдарды таба алады, жаңа достарды табуға мүмкіндік береді.
3. Жаңа нәрсені үйрене алады, моториканы және координацияны дамытуда көмектеседі. Әлеуметтік желілерде тілдерді, билерді, әртүрлі пәндерді үйрететін парақшалар көп. Соны пайдаланып өзіне жаңа дағды табуға болады.
4. Оқу және жазу дағдыларын дамытады.
5. Мотивация алу. Онлайн режимде өзінің сүйікті кумирінің өмірін көруге, одан кеңес алуға мүмкіндік бар. Егер електеп жүрген медиа тұлғасы спортпен айналысса және өз оқырмандарын соған шақырса, содан үлгі алып тыңдау мүмкін.

Әлеуметтік желілеріндегі , соның ішінде Instagram,tik-tok,youtube желілеріндегі спорт тақырыбы бойынша контентті қарастыратын болсақ, ақпараттың жеткілікті емес екендігін көреміз. Солардың ішіндегі ең көп оқырмандары барлар: instagram желісінде Карина Оксукпаева басқарған @topimzhir парақшасы (4,4М оқырман), tik-tok желісінде @hamzat.0 парақшасы (1,1М оқырман) ,youtube желісіндегі @popsugarfitness парақшасы (6,4М оқырман). @topimzhir парақшасындағы контент көбіне артық салмақты кетіру мақсатына бағытталған. Оқырмандар курсты сатып алу барысында мамандармен құрастырылған 1 айлық күшке арналған жаттығулар, тамақтану әдісі, психологтармен сұхбат, кардио, йога , пилатес сияқты жиынтықты алады. @hamzat.0 парақшасы өзі маманданған боксшы болғандықтан жаттығулар боксқа арналған. Видеолары ұзақ емес, сондықтан көп оқырмандар қарайды. @popsugarfitness парақшасында жалпы дамытушы жаттығулардан құралған видеолар көрсетілген. Бірақ видеолары ұзақ, youtube желісіне қызыққан , шыдамды оқырмандар ғана кіреді, сондықтан видеодағы қаралым саны аз болып келеді.

Осы үш парақшадағы контентті зерттей келе, жастарға қызықты болатын дене шынықтыру және спортқа бағытталған парақша болу қажет:

- @popsugarfitness парақшасындағыдай жалпы дамытушы, бұлшықеттерді созуға арналған жаттығулар жиынтығынан;
- @topimzhir курсынан тұратын бағдарлама, яғни: әр дене мүшесіне қатысты жаттығулар жиынтығы, кардио-бокс, пилатес, йога, әр түрлі маман иесімен сұхбаттар (психолог, диетолог т.б.);
- құрастырылған бағдарламадағы сабақтарды танымал медиа тұлғалар жүргізеді;
- @hamzat.0 парақшасындағыдай видеолар ұзақ болмауы қажет;



- мемлекет тарапынан қолдаудың болуы: теледардағы бағдарламаларға шығу, мектеп, жоғары оқу орындарында қолдану;
- аталған үш әлеуметтік желіде де парақшаның болуы;
- жастарды тарту мақсатында әлеуметтік желіде ойындардың, сайыстардың ұйымдастырылуы.

### **Қорытынды**

1. Әлеуметтік желілердің және медиа тұлғаларының жастар өміріне әсері анықталды.
2. Instagram, tik-tok, youtube әлеуметтік желілеріндегі спорт тақырыбы бойынша контентке талдау жасалынды.
3. Жастарды қызықтыратын, спорт және дене шынықтыру сабақтарын қамтитын әлеуметтік желіде парақша құрастырылды.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Влияние СМИ на подростков [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.achtng.ru/posts/10778>
2. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық спорт: дамуы, ілгерілету және келешегі [Электрондық ресурс]. URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/massovyy-sport-v-rk-razvitie-populyarizatsiya-i-perspektivy/>

**Әшімханов Ә.М.,**

*оқытушы*

*“Спорттық пәндер және әдістемесі” кафедрасы*

*М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ.,*

*Тараз қаласы, ҚР.*

**Есмахай Е.С.,**

*оқытушы*

*“Спорттық пәндер және әдістемесі” кафедрасы*

*М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ.,*

*Тараз қаласы, ҚР.*

**Аганиязов Н.Ж.**

*оқытушы*

*“Спорттық пәндер және әдістемесі” кафедрасы*

*М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ.,*

*Тараз қаласы, ҚР.*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ - ҰЛТ БАЙЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗЫНАСЫ**

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар - дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;
2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін Ә.Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді.

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды.

Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді:

1. Жалпы ойындар;
2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар;
3. Ашық алаңқайдағы ойындар;
4. Қыс мезгіліндегі ойындар;
5. Демалыс ойындары;
6. Ат үстіндегі ойындар;
7. Аттракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды.

**Көкпар** - көкпарда «Дода және жеке тартыс» аталатын екі түрлі әдіс қазақ арасында көп қолданылады. Екеуінде де ат пен жігіт сынға түседі. Қазір көп жерде дода тартыс қана ойналып жүр. Жеке тартыс әдісі ұмытылған не іске қосылмаған. Көкпардың бұл түрі көреременді қызыққа бөлейтін әдіс. Жеке тартыстың шарты бойынша қарсылыстар өз тобынан екі-екіден тартыскерлер шығарады. Сайланған төрт жігіт өздерінің қайрат-күшін елге танытады. Тартылатын серкені бір бала өңгеріп алып, алдын ала сарапшылар

белгілеген бір жарым шақырымдай жерге апарып тастайды. Тартысқа шыққан жігіттер серкеге барғаннан кейін таласа-тармаса тұрып, жерден іліп алу амалын жасайды. Қайсысы бұрын іліп алса, тақымына басып, қарсыласына ырық бермеуге тырысады. Ол да жармасып, бос сирақты тақымға басып, тартыса бастайды. Серіктері жолдастарын жебейді. Қайсысы көкпарды жұлып алса, серігіне береді. Ол топқа қарай ала қашады. Қарсыласы қуалайды. Жетіп ұстаса, қайта тартысады. Сөйте-сөйте көрерменге жақындайды. Осы арада көкпарды жұлып алған жігіт тез қимылдап, қарсылас топқа апарып тастайды. Ал аты ұшқыр, жүйрік жігіттер түптегі тартыста-ақ лақ қолына тисе, жеткізбей кетуі мүмкін. Көкпар тартуға араласа алмайтын қарттар, балалар көкпаршы жігіттердің осы ойынынан ләззат алады. Жүйрік атпен мықты жігіттің қайратына сүйсінеді. Біраздан кейін серкенің терісі жырттылып, сүйегі сөгіле бастайды, ел жапа-тармағай тартысқа кіріседі. Бұл дода деп аталады. Мұнда да мықты жігіттермен жақсы ат көзге түседі. Мықты жігіттер жүйрік атты жігіттерге топтан көкпарды шығарып береді. Олар ала қашып, ерекше бір жақсылығы бар үйге апарып тастайды. Салт бойынша ол үй жаңа көкпар береді. Осыдан арғы көкпардың бәрі дода әдісімен өтеді.

**Аударыспақ** – салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы. Бұл ойынға қайрат-күші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат құлағында ойнай білетін жігіттер қатысады. Ежелгі заманнан келе жатқан бұл ойын жаугершілік кезінде найза ұстап, қылыш шабатын жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған. Аударыспақ кәзіргі кезде де шопандар тойында, мерекелерде спорт ойынның бір түрі ретінде көрсетіліп жүр.

**Қыз қуу** ойыны бір тегіс, жұмсақ топрақты жазық жерде өткізіледі. Мәренің қашықтығы 300 метрдей, ені 30-40 метрдей жер болуы шарт. Ойын өтетеін алаңнан қарама-қарсы жағында, бұрылыста жалауша қадалған бақылау пункті болады. Қызбен жігіттен екі-екіден жұптар жасақталады. Сөре желісінде қыз жігіттен 15 метрдей алда тұрады. Төрешінің белгісі бойынша ойыншылар бір мезетте сөреден шаба жөнеледі. Ойынның шарты бойынша қыз бұрылысқа бірінші болып жетуі керек. Егер жігіт бұрылысқа дейін қызды қуып жетсе, жеңімпаз ретінде қызды құшақтап, сүйеге міндетті. Ал жігіт оған үлгермей қалса, бұрылыстан қайта шапқанда қыз көрермендердің гулеп қостауы үстінде шабандоз жігітті қамшының астына алады. Екеуі де осы жарыс үстінде өздерінің тапқырлығын, сынаптай сырғыған ептілікті, шабандоздық шеберлікті таныты білулері керек.

**Күрес** - қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан, ұзақ тарихы бар ойын. Адамның жеке күш-қайраты сынға салынады. Бұл тұста ел жастарды «Күш – атасын танымас» деп қайрайды. Бұл күштілерді дарақылыққа итермелеу емес. Жігіттер сайыс майданына түскен кіммен болса да тайсалмай күресуге тиіс. Қарсыласқысы келгеннен аянбау керек. Күрес қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталып келеді. Халық оның тәлімдік маңызына ерекше көңіл боліп, дәріштеген.

**Алтыбақан** – қатысушылар санына шек қойылмайды. Алты бақан далада, алаңда, алаңқайда көбіне көктем, жаз кештерінде өтеді. Алты бақанды әзірлеу және ойын шарты: тербелетін тұғыр жасау үшін ұзындығы 3,5-4 метрлік алты бақан және үш мықты арқан керек. Алты бақан әрқайсысы үш-үштен мосы тәрізді етіліп ара қашықтығы 50-70 сантиметрге жерге төбелері түйістіріліп орнықтырылады да оған көлденең арқалық ағаш байланады. Ал үш арқанның ұшын сол көлденең арқалыққа бекітеді. Арқанның ұзындауы аяқ тиреуге, қалған қысқалау екеуі – отыруға бейімделеді. Әдетте қыздар мен бозбалалар жұп-жұп болып, алма-кезек ауысып тербеледі де әуелете ән шырқайды. Қалған ойыншылар өз кезектері келгенше әнге қосылып, көңілді күлкі, шат думан түннің біруағына дейін созылды.

**Тоғызқұмалақ** – жарыстың жеке кісілік, жеке командалық және командалық түрлері бар. Тоғыз құмалақты арнайы ағаштан жасалған төрт бұрышты тақтада ойнайды. Тақтаның екі қатарға тоғыз-тоғыздан ойылған сопақша келген ұясы (оны кіші отау деп те атайды),

эрқатар үшін бір-бірден жасалған екі қазан (үлкен отау) болады. Олар екі түске ақ пен қараға боялады. Әр ойыншыға 81-ден екі ойыншыға 162 құмалақ (оның бұршақ, жүгері дәні болуы мүмкін) беріледі. Олар әр ұяға 9-дан орналастырылады. Тоғыз құмалақты тақтада немесе қалың қағазға ұялар мен қазанның кескінін сызып та ойнайды. Тіпті болмаған жағдайда ұяларды жерден қазып та ойнай береді. Әр ұяның 1-ден 9-ға дейін өзінің реттік саны болады, олар солдан оңға қарай есептеледі. Әр ұяның оң жақ (1-ден 4-ке дейін) және сол жақ (6-дан 9-ға дейін) қапталы бар. 5-ұя орталық ұя деп аталады. Ойын ережесі: тоғыз құмалақтың партиясы ақ пен қараның кезектесіп отыратын жүрісінен тұрады. Ойынды бастаушы өзінің кезкелген отауына бір құмалақты ғана қалдырып, өзгесін қолына алып, оларды сағат тіліне қарсы жақтан бастап, бояу түсіне қарамастан бір-бірлеп ұяларға салады. Егер ең соңы құмалақ түскен бәсекелестің ұзындығы тас саны (2,4,6,8,10т.б.) жұп болса, онда ойыншы сол ұядағы құмалақты түгел алып, өз қазанына аударады. Ойынның барысында ойыншылардың біреуінің ұясында 2 құмалақ қалса және оған серіктесі жүріс барысында өзінің ең соңғы тасын түсіріп үлгерсе, ол үш тасты түгел алады да, ұя ойын аяғына дейін «тұздыққа» айналады. Содан әрі қарай сол ұяға түскен тастар «тұздық» иесінің қазанына көшіп отырады. Әр ойыншы өз қарсылысының жағында тек бір ғана «тұздыққа» ие болады. Қазанына 82 құмалақ жинаған ойыншы ұтады.

**Асық ойыны** - негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жазды күні тақыр жерде ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан және алтыатар деп аталатын өте кең тараған түрлері болған. Ұштабан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, ұштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады. Алтыатар ойыны бұдан басқаша. Көндегі кенейледің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны-6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

Ұлт-ойындары адамдардың шындықпен өрілген алыс күнлерін меңзейтін, болмыстың өзінен туындайтын және соны жастардың танып-біліуімен, түсінуіне арналған ақыл-ой, қиялының өрелі өрісі яғни ол жарқын күбе – күнгі адам тұрмысының көрінісі. Сондықтан адамның өзі, оның тұрмыс-тіршілігі қандай шындық болса ол жасаған ойын да сондай болмыс шындығы. Ұлт ойындары, сайып келегінде, адам қиялы, фантазиясы арқылы өмір шындығын адам санасында түрленіп, қайта тууы болып табылады. Өйтені, ойын дегеніміз адамның еңбек тәжірибесінің сол ойын арқылы қайталануы. Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Е.Сағындықов: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады»;
2. Тітенаев Б. Дибәев халық ойындарының тәрбиелік маңызы жайында. «Қазақстан мектебі»;
3. М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985)

**Теміров Н.Б.,**  
*ҚР ЕСЖ, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,*  
*спорт клубы*  
*Алматы қаласы, ҚР*  
**Жумашев Д.С.,**  
*аға оқытушы*  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы*  
*Алматы қаласы, ҚР*  
**Акылбеков Н.К.**  
*магистр,*  
*Аумақтық әлеуметтік-инновациялық университеті*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ СПОРТТЫҚ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ КЕЗІНДГЕІ АЙНАЛМАЛЫ ЖАТТЫҒУЛАРЫ**

Бұл жұмыстың материалдары айналмалы жаттығу әдісін қолдана отырып, әртүрлі спорттық мамандандырулардағы студенттердің дене шынықтыруының теориялық аспектілерін қарастырады. Сонымен қатар, оларды дене шынықтыру процесінде айналмалы оқыту әдістемесін енгізудің тиімділігі дәлелді түрде негізделген.

**Түйін сөздер:** айналмалы жаттығулар, дене шынықтыру, әртүрлі спорттық мамандықтардың студенттері.

Дене шынықтыру мен спорттың қазіргі теориясы мен практикасында жоғары оқу орындарында жастарды оқыту кезеңінде спортшылардың дене шынықтырудың әртүрлі әдістемелерін зерттеуге арналған зерттеу жұмыстарының едәуір саны бар [1], бірақ әр түрлі спорттық мамандандырулардағы студенттердің дене шынықтыру мәселелеріне кешенді зерттеулер жоқ.

Осыған байланысты біз баскетбол, футбол және волейбол сияқты түрлі спорттық ойын мамандықтарының студенттерінің дене шынықтыру процесіне айналмалы жаттығудың эксперименттік әдістемесін енгізудің тиімділігін зерттеуді қолға алдық. Сонымен қатар, бақылау тобының спортшылары өздерінің физикалық қасиеттерін бағдарлама мен оқу жоспарларын өзгертпестен дамыты, ал эксперименттік топтың студенттері мұны эксперименттік әдістеме бойынша жасады. Айналмалы жаттығулар бірнеше рет орындалатындықтан, бұл бұлшықеттердің қанмен айдалуын ынталандырады және лактат пен сүт қышқылының белсенді өндірісін тудырады. Сонымен қатар, айналмалы жаттығулар май жағуды белсендіру арқылы адреналин деңгейін жоғарылатады. Айналмалы жаттығуларға арналған жаттығуларды таңдаудың негізгі ережесі-олар мүмкіндігінше көп бұлшықет топтарын жұмысқа тартуы керек-сондықтан көп буынды функционалды жаттығулар айналмалы жаттығулар үшін жиі қолданылады. Айналмалы жаттығуды бастамас бұрын бірнеше минуттық кардиодан және буындарды дамытуға арналған 3-4 жаттығудан тұратын жылыту жүргізіледі. Бағдарламаның негізгі жаттығуларын да жасауға болады, бірақ баяу қарқынмен және техникаға баса назар аударатын орындау керек. Сонымен қатар, демалу үшін минималды үзілістермен жаттығулар жасау өсу гормонының күрт өндірілуін тудырады. Атауына қарамастан, бұл гормон бұлшықеттердің өсуіне емес, майдың жағылуына және бұлшықеттердің рельефінің жоғарылауына жауап береді. Дәл осы гормонның арқасында айналмалы жаттығулар бұлшықеттерді құрғатады [2]. Зерттеу барысында бақылау және эксперименттік топтың студенттері физикалық қасиеттердің даму деңгейін жоғарылатқаны анықталды. Бірақ эксперименттік топта бұл өсім айтарлықтай жоғары болды. Күш дайындығының көрсеткіштерінде ерекше елеулі айырмашылық байқалды; жылдамдық-күш қасиеттерінің даму деңгейінде, сондай-ақ төзімділіктің дамуында [3].

Қатысушылардың физикалық қасиеттерінің даму деңгейін тестілеу ұсынылған айналмалы жаттығу әдісін қолдана отырып, әртүрлі спорттық мамандандырулардағы студенттердің оқу процесін ұйымдастыру тиімдірек екенін және спортшылар орындайтын жүктемелердің көлемі мен қарқындылығына (арнайы жаттығуларды, тиісті спорт түрін қолдана отырып) саралап жақындауға мүмкіндік беретіндігін растады, бұл сайып келгенде студенттердің дене шынықтыру дайындығының тиімділігін арттыруға және өсуге ықпал етеді олардың физикалық қасиеттері.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Футбол теориясы мен әдістемесі. "ЛІРА" бағдарламасының "В", "А" және "PRO" санаттары бойынша тыңдаушыларына арналған оқулық/ жалпы ред.К. и. Адамбекова – Алматы: Елнұр, 2017. – 288 б.
2. С. 21-24. 2. Гуревич И.А. 1500 упражнений для круговой тренировки / И.А. Гуревич. – Минск: Высшей школа, 2011 – 304 с.
3. Никитская В.Н. Теоретические предпосылки индивидуального нормирования физической подготовленности и функционального состояния юных спортсменов: метод. рекомендация / В.Н. Никитская. – М.: МГИУ, 2016

**Имамалиева Г.Н.,**  
*старшие преподаватель, кафедра профилактической медицины и нутрициологии*  
*НАО МУА., г. Астана РК*

**Капанова С.Н.,**  
*старшие преподаватель, кафедра профилактической медицины и нутрициологии*  
*НАО МУА., г. Астана РК*

**Кушмагулова А.К.**  
- жүйелі түрде балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту мен жан-жақты дамытуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмысын жүргізуді іске асыру;

- оқушыларды жүйелі түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға жұмылдыру, жалпы білім беретін мектептерге дамып келе жатқан спорт түрі бойынша

әдістемелік және спорттық-көпшілік жұмыстарын ұйымдастыруда жан- жақты көмек көрсету;

- жүйелі түрде өткізілген сабақтар барысында қабілетті балалар мен жасөспірімдерді спортпен арнайы шұғылданатын сабақтарға жұмылдыру үшін тұрақты түрде анықтап отыру;

- оқушының жеке басының гигиенасы мен алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша азда болса білімдерді меңгеруін, сонымен қатар өзінің денсаулық жағдайын бағалаудың теориялық негіздері мен элементарлық тәсілдерін игеруін ынталандыру және қамтамасыз ету [1].

Жалпы білім беретін мектеп дене тәрбиесі бағдарламасында баскетбол спортының ұйымдастырылуы.

1 сынып. Баскетбол ойыншының тұрысы. Бір орында допты жүргізу, ілгері қозғалып алып жүру. Бір қолмен, екі қолмен, кеудеден, иықтан, төмен, жоғарыдан лақтыру. Орнында тұрып допты лақтырып, бір және екі қолменен лақтырып, бір және екі қолменен ұстап алу. Кез-келген тәсілмен допты қалқанға лақтыру. Қысқартылған ережемен ойын ойнау.

2 сынып. Баскетболда допты кеудеден екі қолмен кеудеден, бір қолменен иықтан беру. Қозғалыс кезінде кеудеден екі қолмен серігіне доп беру. Кеуде деңгейінде, жанынан, төменнен келген допты ұстау. Допты оң және сол қолымен алма-кезек алып жүру.

3 сынып. Допты төмен және жоғары деңгейде жүргізіп қозғалыс жасау. Кез-келген тәсілмен допты қалқанға лақтыру. Баскетбол ойындарының элементері. Қысқартылған ережемен екі жақты командалық ойын ойнау.

4 сынып. Кеуде деңгейінде, жанынан, төменнен келген допты ұстау. Допты бір қолмен, екі қолмен ұстау. Баскетбол ойындарының элементері. Қысқартылған ережемен екі жақты командалық ойын ойнау.

5 сынып. Баскетболда дағдылардың бекуі мен қалыптасуына бағытталған арнайы дене жаттығулары: жүгіру, жүру, секіру техникалары (белгі бойынша тоқтап, бағыты мен жылдамдығын өзгерте жүгіру).

6 сынып. Баскетбол. Дағдылар: бір адым жасап екі қолмен кеудесінен допты беру және ұстау; біресе оң, біресе сол қолмен ауыстыра допты жүргізу (адымдай және ақырын жүгіре), орнынан екі қолмен торға доп салу.

7 сынып. Баскетболда қалыптастыруға және нығайтуға арналған арнайы дене жаттығулары: ойыншылардың алаңда ауысып жүруі, бір адым жасап екі қолмен ауыстыра допты алып жүру (жай адымдауда және ақырын жүгірісте). Баскетбол торына допты екі қолмен 3-4 метрден екпін алып тастау. Баскетболдың жеңілдетілген ережесі бойынша ойын ойнау.

8 сынып. Баскетболда допты жоғарыдан екі қолмен (бастан жоғары), жоғарыдан, төменнен бір қолмен беру. Допты бір қолмен, екі қолмен ұстау. Допты бір орында (оң және сол қолмен) және қозғалыста (төмен және жоғары, қозғалу бағытын өзгерте) алып жүру, алдап өту. Баскетбол себетіне допты орнынан, қозғалыс кезінде лақтыру. Жаттығу ойыны. Шабуылдағы, қорғаныстағы ойын тактикасының элементтері. Қорғаныстағы ойыншының жеке іс-әрекеті: қағып жіберу, жұлып алу, себетке лақтыру, ойыншыны бақылау.

9 сынып. Баскетболда алаңды ауысу тәсілдері: жүру, жүгіру (оқтын-оқтын ұмтылыспен), секірулер, тоқтаулар, бұрылулар. Допты меңгеру. Екі және бір қолмен допты ұстау. Кеудеден және жоғарыдан екі қолмен доп беру. Себетке лақтыру тәсілдері: екі қолмен жоғарыдан, бір қолмен жоғарыдан (орнынан және қозғалыста). Допты алып жүру: биік, төмен, алдап өту. Жаттығу ойыны. Допқа ие болу тәсілдері, жұлып алу, қағып жіберу, қайта тартып алу.

10 сынып. Баскетболда ойын техникасы элементтерін жетілдіру. Алаңда қозғалу, бұрылу, секіру секілді тұрақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған арнайы дене жаттығулары.

Допты беру және лақтырулар. Бір және екі қолмен қашыққа, дәлдікке, жоғарыдан, төменнен, жаннан беру тәсілдері. Орнында және қозғалыста допты ұстау. Допты алып жүру. Сол және оң қолмен допты төмен және биік алып жүру. Жоғары және төмен алып жүргенде қарсы ойыншыны айналып өту. Допты себетке орнынан, екпін алып, секіріп лақтыру. Ойын тактикасының элементтері. "Позициялық" шабуыл кезіндегі шабуылшылардың іс-әрекеті. Қорғаныс: дербес, аймақтық. Ойыншының жеке іс-әрекеті. Допты қағып жіберу, жұлып алу тәсілдері.

11 сынып. Баскетболда бұрын меңгерген элементтерді пайдалана отырып, допты алып жүру мен берудің түрліше техникалық тәсілдерін орындау. Ойын тактикасының элементтері. Ойыншының шабуыл мен қорғаныс кезіндегі іс-әрекеті. Қорғаныс пен шабуылдау жағдайында бір команда ойыншыларының өзара іс-қимылы (жарыс ережелеріне сәйкес екі жақты ойын барысында).

Мектептеп оқу жұмысының негізіне бұқаралық жастар спорты мен жоғары спорттық жетістіктердің нәтижелерін дамытуға бағытталған көп жылдық дайындықтың ғылыми негізделген жүйесі жатады. Оқу үдересі бастауыш, орта және жоғары сыныптардың оқу үдерісінде іске асырылады.

Арнайы сыныптарды жабдықтау барысында оқушы-спортшыны дайындаумен айқындалған белгілі бір кезеңділік қарастырылған. Бастапқы даярлық сыныптары жалпы білім беретін мектептердің спортпен шұғылданғысы келетін оқушылар арасынан жабдыкталады. Оқу-жаттығу сыныптары спортқа қабілетті және дарынды, бастапқы спорттық дайындықтан өткен және жалпы дене мен арнайы дайындық бойынша көрсеткішті талаптарға жауап бере алатын балалардың есебінен жабдыкталады. Спорттық жетілдіру сыныптары оқу топтарында дайындықтан өткен және арнайы дене мен спорттық дайындық бойынша қабылдау көрсеткіштерін орындаған жас спортшылар арасынан жабдыкталады.

Сыныптағы оқушылар саны, аптадағы сабақтар саны және олардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің бағдарламалық - көрсеткіштік құжаттары арқылы белгіленеді. Мектептің негізгі жұмыс түрлері топтық сабақтар, сұхбаттар, үй тапсырмалары, спорттық жарыстарға қатысуы, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептерге спорттық сабақтар мен жарыстар ұйымдастыруда көмек көрсету болып табылады [2].

Оқушыларға дене тәрбиесі сабақтарын өткізу, оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескерте отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қалпына келу мен жұмыс қабілетінің арта түсуі үшін демалыс жеткілікті болуы тиіс [3].

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бірте-бірте күрделендіру оқушыны даярлаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс.

Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу - тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, сонымен қатар сабақтың кезеңдері мен бөлімдеріне тән болуы мүмкін.

Сапаларды жоққа шығару тиімділігі оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тікелей педагогикалық үдерісті жеке даралаумен байланысты. Бұл жерде спорттық

педагогтың назары бірінші кезекте оқушы өз мүмкіндіктерін қай шамада іске асыра алатындығына аударылады. Дене сапаларын дамыту деңгейін арттыру және спорттық жаттығуларды орындау барысында жоққа шығару өзара бір-бірімен байланысқан екі әдістемелік бағыт ретінде қарастырылады. Бір жас кезеңдеріндегі оқушылардың дене сапасының дамуы қарқынды түрде жүрсе, басқаларында баяулайды немесе тоқтап қалады.

Ондай жағдайда үшінші қондырманың өзектілігі арта түседі - оқушылардың негізгі дене сапаларының даму өлшемдестегі, ол әр сыныптағы оқушылардың дене сапаларының даму деңгейінің оңтайлы ара қатынасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқушылар жалпы және арнайы дайындық бойынша оқушының дайындығы талаптарының деңгейін көрсететін тиісті көрсеткіштерді орындауы қажет, ал оларды орындау жоспарланған нәтижелерге тиімді қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оған қоса тиісті нормалар дайындықтың белгілі бір деңгейін анықтау үшін орныққандықтан, негізгі дене сапаларын дамытудың жасқа байланысты шегін шектейді. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға деген осындай көзқарас негізінде оқушыларды алдын ала шектеулі мамандануға дайындаудан аулақ болады.

Қ.І. Адамбеков үйретудің түрлі кезеңдері мен мерзімдеріндегі басты факторларды төртінші қондырма ретінде келесіде тізбекпен көрсетеді:

- іздену, талантты дамыту мен сақтау;
- үйретудің барлық кезеңдерінде-жас ерекшеліктерін ескеру, жарыстар жүйесін жетілдіру;
- оқушының интеллектуалдық деңгейін арттыру;
- спорт түрінен спорт техникасына үйрету мен тереңдеп жаттықтырудың бастапқы кезеңінде жан-жақты дене және техникалық дайындықты жетілдіру;
- педагогикалық үдерісті біртіндеп жеке даралау;
- мотивация - жоғары сынып оқушыларында жетілудің қосымша ынталануы пайда болады, олар іс-әрекеттің кәсібиленуі, коммерциялық қызығушылық, жоғары халықаралық дәрежедегі нәтижелерге жетуге деген спорттық қызығушылық.

Және де бесінші ұстанымдық қондырманың мәні-техникалық шеберлікті қалыптастыру барысында келешекке қарай алға басу оқушының спорттық-техникалық дайындығын жетілдіруге бағытталған түрлі тәсілдерді тиімді сабақтастыру мен нысаналы құбылтудан тұрады .

Дене шынықтыру сабақтарына қатысты негізгі мәселелер талқыланған тұста оқушылармен жүргізілген сабақтар барысында спорттық техника мен оны жетілдіру әдістерінің келесі түрлері қолданылатыны көрсетілген: сөздің көмегімен, жаттығуларды көрсету арқылы, техникалық оқу құралдарын пайдаланудың идеомоторлық әдістері, қозғалыс өлшемдері туралы жедел аппарат, ойын және жарыс әдісі. Спорттық техника мен оны жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылатыны қарастырылған.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

- 1.Орехов Л.И., Ескалиев М.З. Начальное обучение и отбор юных баскетболистов с учетом биологического возраста // Теория и методика физической культуры, 2009. -№2. – С. 74-77
- 2.Николич А., Паранович В. Отбор в баскетбол / перевод с сербского. – М.: Физкультура и спорт, 1984. -144 с
- 3.Иванов С.В. Формирование основ техники игры в баскетбол на этапе начальной подготовки: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.04. –М., -2006. – 22 с
- 4.Есмаханова Ж.Ш. Баскетбол оқу – жаттығу сабағында оқушылардың дене дайындығын дамыту. EUROPEJSKA NAUKA XXI POWIEKA -2012. Полша. –Б 84-89

**Оразмұханбет А.Б.**  
*1 жыл оқу магистранты*  
*М.Өтемісұлы атындағы БҚУ,*  
*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ҚР*  
**Ғылыми жетекшісі:**  
**Ботагериев Т.А.,** *пед. ғ. д. профессор,*  
*М.Өтемісұлы атындағы БҚУ*  
*Дене тәрбиесі кафедрасы*  
*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, ҚР*

## **ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫ ОҚУШЫЛАРҒА БЕРЕТІН ТӘЛІМІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада алдымен тоғызқұмалақ тарихы мен қазіргі заманды байланыстыра отырып, ойынның маңыздылығы атап өтілді. Бастауыш мектептің педагогикалық практикасында тоғызқұмалақ ойынын қолданудың пайдалары жайлы әрі ойынның баланың ұлттық санасын қалыптастырудағы орны баяндалды. Сонымен қатар, тоғызқұмалақтың әлемдік деңгейдегі орны зерттеледі. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында олардың танымдық белсенділіктерін көтеру үшін, ұлттық патриоттылығын ояту мақсатында ұлттық ойын элементтерін оқыту процесінде пайдалану қажеттілігі мен маңыздылығын ашып көрсету үшін зияткерлік ойындар ішінде 4 мың жылдық тарихы бар тоғызқұмалақ ойынын пайдаландық.

**Кілт сөздер:** Тоғызқұмалақ, ойын, бастауыш, педагогика

**Кіріспе.** Жан-жақтылық жоғары бағаланылатын қазіргі кез - нағыз ұлттық құндылықтың қыр-сырын толығырақ ашу арқылы келешек ұрпақтың қызығушылығын оятатын уақыт. Қарқынды даму үстіндегі әлемдік тенденцияға ілесіп өз орнын алу үшін білімге аса назар аударған еліміздің мектептерінде оқушылар ана тілімен қоса орыс, ағылшын тілдерін де меңгеріп жатыр. Ал бұл өз кезегінде халқымыздың әлемдік аренаға шығып, ғылыми зерттеулерді түпнұсқада оқып, білім алмасу арқылы қоғамның әрі мемлекеттің дамуына жол ашады. Бойында ұлттық құндылықтар терең тамыр жайған жастарымыз батыс ғылым-білімін, мәдениетін зерттеп, қазақ халқына, тарихына, құндылықтарына сай өңдеу арқылы қолданады. Сондықтан, жастарымыздың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру өте маңызды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жолдауындағы «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу үшін бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы ұлттық құндылықтарды түсіндіре аламыз.

**Зерттеудің мақсаты:** Жасөспірім оқушылар арасында тоғызқұмалақ ойынын үйрету арқылы балалардың зияткерлік қабілетін арттыру әрі ұлттық құндылықтарды бойына дарыту.

**Зерттеу міндеттері:** Тоғызқұмалаққа үйрету процесінде ұлттық ойын элементтерін пайдаланудың жолдарын ашып көрсету. Тоғызқұмалақ туралы әлемдік зерттеулер және дүниетанымдық ерекшеліктер туралы мәліметтермен танысу. Жасөспірімдер оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ұлттық ойынның маңызы мен атқаратын қызметі

**Зерттеу әдістері.** Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегі мақалада алдымен тоғызқұмалақ тарихы мен заманауи өмірдегі ойынның маңыздылығы атап өтілді. Келесі кезекте педагогикалық практикада тоғызқұмалақ ойынын қолданудың пайдалары жайлы, әрі ойынның оқушының ұлттық санасын қалыптастырудағы орны баяндалды. Сонымен қатар, тоғызқұмалақтың әлемдік деңгейдегі орны зерттелді

**Зерттеудің негізгі нәтижелерін талдау.** Жасөспірім оқушылардың ұлттық ойындарымыздың ережелері мен ерекшеліктерін толық біліп өссе, ол ұрпақ халқымыздың

салт-дәстүрін, мәдени мұралары мен құндылықтарына, тарихына да қанық болатындығы сөзсіз. Ол үшін бала санасына лайықталып, сәйкестендіріліп жасалған ойын түрін таңдау маңызды. Ондай ойындардың бірегейі – тоғызқұмалақ ойыны болып отыр. Ақыл-ой, санасын жетілдіріп қана қоймай, басшылық қызметте немесе жауапты салаларда да жеке тұлғаның қабылдаған шешімінің көптеген тағдырларға әсер ететінін ескерсек, сана-сезімі жетілген жандардың көбеюі адамзаттың өркендеуі үшін де, кез келген қоғам үшін де мәнді құбылыс болары анық.

Тәрбие мен білім қатар жүретіні белгілі, ендігі кезекте оқушыларымыздың ой-өрісін кеңейтіп әрі денінің саулығын қамтамасыз ету үшін жасөспірімдердің физикалық белсенділік пен зияткерлікті арттыру өте маңызды. Ал ойын форматы - бастауыш сынып оқушыларына арналған таптырмас құрал. Себебі мектеп жасына дейін балалардың негізгі қызығушылығы ойын болатын және де ойынның сан алуан түрлілігі біздің негізге алып отырған екіжақты белсенділікті де қамтиды. Сонымен қатар ойын оқушылардың демалуына, көңіл көтеруіне, жалпы сабақты жеңіл қабылдауына септігін тигізеді әрі балалардың қарым-қатынасын жақсартып, топтық мүддені де көздеуді үйретеді. Барлық ойынның ережесі болатыны себепті оқушылар белгілі бір реттілікті сақтауды, тәртіпті де үйренеді.

Педагогикалық практикада ойынның ұжымдық қозғалмалы, индивидуалды, яғни жеке және спорттық әрекеттерге негізделген түрлері қолданылады және бұл баланың денесі дұрыс жетілуі, шынығуы, бала ағзасының белсенді дамуына әсер етеді. Сонымен қатар баланың зияткерлік дамуына да мән беріледі. Осы тұста қазақ халқының ұлттық ойындарының атқаратын рөлі үлкен. Себебі ұлттық ойындарымыз жоғарыда айтылған барлық даму процестерін қамти отыра баланың жан-жақты жетілуіне орасан үлес қосады. Жалпы ұлттық ойындар адамдардың өмірінде дене шынықтыруды қалыптастырған негізгі факторлардың бірі десек те болады. Себебі білім беру жүйесі толық қалыптасып бірізділікке түспей тұрған бұрынғы заманда көшпенді халқымыз ұлттық ойындар ойнау арқылы денінің саулығы мен ақылының шыңдалуына мән берген. Қазақ халқы қыздарының басынан сипаса, ер балаларының арқасынан қаққан. Ұлттық ойындар осындай әр әрекетін ойланып, астарлы мағына үстеп жасаған дана халқымыздың тәрбие құралы да болған, неге десеңіз, әр ойында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл тұста халқымыздың ежелден ұшқыр ойын, даналығын, тереңінен түсініп, әр іс-қимылға назар аударғанын байқай аламыз. Ұлттық ойындар арқылы баланың мінез-құлқы да ұлттық санада қалыптасқан [1].

Ұлттық ойын баланы тек тарихымен ғана байланыстырмайды, сонымен қатар ата-бабамыздан мұра болып қалған адамгершілік, ізеттілік, сыйластық, әділеттілік сынды жақсы қасиеттерді бойына сіңіреді, әдет-ғұрпымызды, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді құрметтеуді үйретеді. Жалпы ойындар баланы сергітіп, уақытын қызықты өткізу функциясымен ғана шектелмей, баланың жан-жақты дамып, жетілуіне, дүниені тануына, тұлға болып қалыптасуына да әсер етуі керек. Сондықтан да, мектеп программасында ұлттық ойындарды қолданудың пайдасы зор.

Ойынның да түрлері әр алуан. Кейбір ғалымдарымыз ұлттық ойынның 100-ге жуық түрі бар екенін айтады. Соның ішінде табиғи заттарды қолдану арқылы ойналатын асық, ақсүйек, жылмаң сияқты ойындар, жануарлар бейнесіне салып ойналатын соқыр теке, түйе-түйе, ақ байпақ, мүліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын түйілген шыт, бөрік жасырма, орамал тастау, тақия телпек және де құрал-жабдықсыз ойналатын шымбике, мәлке тотай, жасырынбақ, бұғынай сынды көптеген ойындарды атап өтуге болады. Негізінен ұлттық ойындар - мектептегі барлық пәнге практикалық тапсырмаларға қолдануға болатын ерекше көпфункционалды қосымша. Осы орайда баланы жылдамдыққа, зеректікке, ізденімпаздыққа, ұқыптылық пен тапқырлыққа баулитын бестас, тартыс, соқыртеке, күрес, арқан тартыс, айгөлек, ақшамшық, ақсүйек, асық ойындары, ханталапай, тоғызқұмалақ, теңге ілу сияқты көптеген ойындарды мысалға келтіре аламыз. Оның ішінде баланың ақыл-



ойын дамытуға негізделген қазіргі кезде әлемге танылған тоғызқұмалақ ойынын ерекше атап өткен жөн [2].

Тоғызқұмалақ - қазақ халқының қымбат қазынасы, баға жетпес байлығы, таптырмас мұрасы. Бұл ойын бізге тарихтан сыр шертеді, сонымен қатар қазіргі заманға да сай маңыздылығын жоймаған. Кейбір ғалымдарымыз ойынның төрт мың жылдық тарихы барын айтады. Қаратау қаласына таяу Ақшұқыр деген тас төбенің үстінде тегіс тасқа отаулары мен қазандары қашалып салынған табиғи тоғызқұмалақ тақтасы сөзімізге дәлел бола алады. Тоғызқұмалақ Абай атамыздың да сүйікті ойыны болғанын ұлы ақынның Шығыс Қазақстандағы мұражайында сақталған тоғызқұмалақ тақтасынан біле аламыз. Тоғызқұмалақта халқымыздың тарихы, этнографиясы, ұлттық дүниетанымы көрініс табады.

"Спорттың да өнер ретінде таңдап алар түрі көп. Бір түрі – бұл күштің толысуына әкелсе, екінші – жылдамдыққа, үшіншісі – табандылыққа бастайды. Ал төртінші бір спорт түрі жас адамды ойлылыққа, күрделі бір істің күрмеу жібін тез шешуге дағдыландырады. Мұндай спорт түрлерінің қатарына шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сынды спорт түрлері жатады" - деп ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ә.Ақшораев айтқандай тоғызқұмалақтың жастарға берер орасан зор пайдасы бар. Тоғызқұмалақтың адам миына, ойлауына тікелей әсері бар және де сол себепті халқымыз бұл ойынға үлкен маңыз берген. Тек қана қазақ халқы зияткерлік дамуға осынша ғасыр бұрын мән бермеген, сонымен қатар өзге ұлттар да тоғызқұмалаққа ұқсас зияткерлік ойындар ойнаған. Неге десеніз, түріктердің мангала, қырғыздардың тоғуз коргоол, алтайлықтардың шатра, тіпті африкалықтардың овари деген тоғызқұмалаққа ұқсас үстел ойындары бар [5].

Қорыта келгенде, тоғызқұмалақты “Ойшылдардың ойыны” деп те атайтынына көз жеткіздік. Бұған себеп ,ойын ойналғанда ойыншылар терең ойда болады, әр әрекетін ойланып, жоспармен, аса ұқыптылықпен жасайды. Оның үстіне әр құмалақты ұстаған сайын ойыншының саусақ ұштары жанданып, мидың жақсы жұмыс жасауына әсер етеді. Бұл ойынның адамға берер пайдасының маңыздылығын түсінген еліміздің спортшылары тоғызқұмалақты әлемге таныту үстінде. Осыған дейін бірнеше рет әлем чемпионаты, Азия чемпионаттары, Европа біріншіліктері осыған куә. Әлемнің жан-жағынан зияткерлік ойынсүйерлер, ақыл-ойды дамытудың жанашырлары тоғызқұмалаққа қызығушылық танытып, Қазақстаннан арнайы оқу жаттығу семинарларын, жиындарын өз елдеріне сұратып жатады. Қазіргі кезде Европаның біраз мемлекетінің тоғызқұмалақтан хабары бар, спортшыларымыз Қытай, Гонконгқа да барып, ұлттық ойынымызды насихаттап келді. Ал Ресей, Монғолия, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінде тоғызқұмалақтан тұрақты түрде жарыстар ұйымдастырылып келе жатыр. Ендігі кезекте осындай әлемге танылып жатқан ұлттық ойынымызды жасөспірімдеріміздің арасында жоғары деңгейде насихаттауды жалғастыру үшін бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру пәні арқылы тоғызқұмалақтың жоғарыда айтылған жан-жақты пайдасын практикалық тұрғыда жүзеге асыру - басты мақсат.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. "Білім айнасы" газеті, "Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы" мақаласы
2. М.Шотаев “Тоғызқұмалақ негіздері”, Астана, 2017 ж
3. С. Тайжанов, А. Кулназаров "Дене тәрбиесі" Алматы, "Атамұра", 2002 ж
4. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, "Қимыл- қозғалыс ойындары" мақаласы, 2020 ж
5. stud.kz сайты, "Бастауыш сыныпта дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні"

*Оруналиева Н.М. аспирантка  
КГАФКиС им.Б.Турусбекова  
г. Бишкек, КР  
Научный руководитель: Анаркулов Х.Ф.  
д.п.н., профессор им.И. Арабаева  
кафедра физического воспитания и спорта  
г. Бишкек, КР*

## **КЫРГЫЗСКИЙ ФОЛЬКЛОР - СОСТАВЛЯЮЩАЯ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ЭТНОСА**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются проблемы использования кыргызского фольклора учащимися образовательных организаций Кыргызской Республики, как составной части физической культуры этноса.

**Ключевые слова:** кыргызский фольклор, этнос, физическая культура, кыргызские подвижные игры, танцы, ученики, образование.

Всестороннее воспитание подрастающего поколения является одним из приоритетов современного общества. Постановка проблемы обучающиеся молодежи требует активизации самосознания и этнопедагогического образования людей.

Кыргызский фольклор, накопивший многовековой социально-исторический опыт народа, его духовно-нравственные ценности на протяжении всего периода выполняли функцию межпоколенческой передачи этнокультуры. Именно богатый и разнообразный фольклор способствовал сохранению и передаче из поколения в поколение ценностей устного народного творчества.

В период развития цифровой технологизации образования, воспитательного процесса мы должны глубоко изучить, освоить и научно обосновать устное народное творчество кыргызского народа.

По однозначному утверждению педагогов, психологов, ученых, мораль, образование, воспитание, развитие, культура и т. д., охватывающие национальное сознание и чувства, указывающие направление мыслей и взглядов например, все аспекты общественного сознания являются образцами для подражания. Мы рассматриваем фольклор как составную часть физического воспитания кыргызского этноса, сформировавшегося на протяжении многих веков, необходимость их знания в связи с потребностями, вкусами и интеллектом народа, его этнопсихологической спецификой.

Т. А. Умурбекова [6] рассматривала фольклор как аспект этнопсихологии. Фольклор она ставила в один ряд с национальным сознанием, чувствами, характером. По ее мнению, есть некоторые отличия от устного народного творчества, в связи с чем она сосредоточилась на раскрытии их особенностей.

По этой причине возникает необходимость уделять особое внимание физическому воспитанию детей, целью которого является воспитание личности с крепким телом, крепким здоровьем, активными движениями, стремящейся к здоровому образу жизни. В этом случае возникает необходимость изучения и использования народных педагогических средств воспитания детей, являющихся источником воспитания, идущего от предков, гармонирующегося с природой ребенка, широко распространенного в быту. Достаточно богатый, бесценный практический опыт обучения и воспитания детей заложен в народной педагогике-традициях, обычаях, фольклорных средствах.

Фольклор как многовековое средство народной педагогики является надежным механизмом воспитания детей в гармонии с природой. Поэтому использование средств кыргызского фольклора в физическом воспитании школьников-один из путей улучшения их психофизического развития. Физическое воспитание кыргызского народа, как показано

в педагогических, этнографических, фольклорных исследованиях, формировалось посредством устного народного творчества, народных игр, национальных видов спорта.

О роли народной педагогики в воспитательном процессе детей, педагогическом значении кыргызских народных игр Р.П. Анаркулов, Х.Ф. Анаркулов, И.С. Узакбаев и т. проводили научные исследования.

Физическое воспитание предполагает не только передачу знаний об охране и укреплении здоровья, но и проведение целенаправленных, плановых комплексных мероприятий, направленных на качественное психофизическое развитие ребенка в соответствии с его возрастом.

Педагогические, фольклорные, этнографические исследования показывают, что в кыргызском народе воспитательное наследие занимает особенно весомое и влиятельное место в формировании духовного характера народа, в том числе личности (детей). Из поколения в поколение передаются такие ценности кыргызского народа, как воспитание, народные подвижные игры, физическая активность, национальные виды спорта.

Кыргызское народное устное творчество отличается огромным богатством и разнообразием. Ценность кыргызских произведений заключается в том, что им присущи: художественность звучания, звуковые особенности языка, четкая последовательность, что способствует созданию обучающих образов, запоминанию услышанного. Поскольку веселые, художественные, приятные ритмы фольклора гармонируют с движущейся природой детей и могут удовлетворить их эмоциональные потребности, любой жанр фольклора привлекает детей.

Знакомство детей с фольклором начинается с занимательных, веселых, юмористических песен, в которых краткий, лаконичный звук, являющийся наименьшим средством устного творчества, произносится художественно рифмованно. Выполнение упражнений для тела, сопровождаемых песнями, загадками, заблуждениями, пословицами, сказками, ритмичной ходьбой, бегом, прыжками, круговыми движениями способствует развитию общего телосложения и психологии детей.

Следовательно, сегодняшнее требование-разработать цели, содержание, виды и виды организации уроков физической культуры и физкультурно-оздоровительных мероприятий средствами кыргызского фольклора в общеобразовательных учреждениях, с целью повышения эффективности физической культуры детей, пропаганды ценностей народной педагогики.

Одним из эффективных средств организации физической культуры является народный фольклор и народные подвижные игры. Пословицы, песни, поговорки, загадки, преувеличения, используемые в повседневной жизни детей, расширяют их словарный запас, развивают познавательную деятельность, учат взаимодействовать с другими, учат не стесняться высказывать свое мнение. Народные игры создают приятную атмосферу, укрепляя детское тело. Активно участвуя в играх, дети знакомятся с народными традициями, обычаями.

Таким образом, результаты исследования доказали, что целенаправленное и планомерное использование кыргызского фольклора, одного из основных средств народного воспитания в педагогической науке, в различных видах физической культуры общеобразовательных учреждений является эффективным способом обучения и воспитания детей. Методика организации физкультурно-оздоровительной работы с широким использованием кыргызского фольклора повышает эффективность физической подготовки детей и открывает новые возможности для мотивации к достижению высоких уровней не только физического, но и психического здоровья.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Абрамзон, С.М. Кыргызы и их этнографические и историко-культурные связи / С.М. Абрамзон . – Фрунзе: Кыргызстан, 1990. – 478 с.

2. Анаркулов, Р.П. Физическая культура “Кочевника” (на примере кыргызского этноса) / Р.П.Анаркулов . – Бишкек, 2020. – 320 с.
3. Анаркулов Х.Ф. Кыргызские народные подвижные игры, физические упражнения и современность / Х.Ф.Анаркулов. – Бишкек: КГАФКиС, 2003. – 284 с.
4. Тургунбаева, Ж.Ж. Элдик дидактикалык чыгармалар аркылуу окуучуларды адептүүлүккө тарбиялоонун илимий негиздери: педагогика илимдер. канд. окумуштуулук даражасын изденип алуу үчүн жазылган диссер. авторефераты: 13.00.01 / Ж.Ж.Тургунбаева. – Бишкек, 2012. – 24 б.
5. Узакбаев, И.С. Кыргызские народные танцы как средство физического воспитания учащихся общеобразовательной школы: автореф, дис. ... канд. пед. наук: 13.00.04 / И.С.Узакбаев. – Ташкент, 2004. - 22 с.
6. Умурбекова, Т.А. Мектеп жашына чейинки балдардын дене тарбиясында кыргыз фольклорун колдонуунун педагогикалык негиздери: педаг. илимдер. канд. окумуш. даражасын изденип алуу үчүн жазылган. диссер. авторефераты: 13.00.01 / Т.А. Умурбекова. – Бишкек, 2013. – 24 б.

**Болат Н.Б.**

*Қазақ күресінен жаттықтырушы және дене шынықтыру пәні мұғалімі «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы жанындағы Арқа ALAN ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығы Астана қаласы, ҚР*

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІ - ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ халқының ерте заманнан бері жауынгер халық болғаны белгілі. Жауынгерліктің түбі – спорт. Бейбіт заманда жауынгерлік рух спорт арқылы көрініс береді. Бабаларымыздың ел-жер қорғауда қалыптасқан спорт түрлері бүгінде – ұлттық спорт атауымен жаңғыруда.

Елімізде ұлттық спорттың олимпиадалық спорт түрлерімен теңесуге деген мүмкіндігі ашылғанын көріп жүрміз. Қазақ күресі де халықаралық аренаға шығып, әлем шыңына қарай қадамын бастады.

2019-2020 оқу жылында тұңғыш рет қазақ күресі мектеп бағдарламасына вариативті пән ретінде енді. Осы тарихи тұста мектеп оқушыларына қазақ күресін үйретушілер қатарында болғанымызға қаншалықты қуансақ, соншалықты жауапкершілік екенін де түсіндік.

Мектеп бағдарламасына вариативті негізде қосылған «қазақ күресі» курсы негізінен жас ұрпақтың ойлау жүйесін нығайту, жылдам әрі шапшаң қимылдау әрекетін жетілдіру, оқушылардың өз ұлтының құндылықтарын құрметтеуге әрі жаңғыртуға баулу, салауатты өмір салты мен бұқаралық спорттың деңгейін көтеру мақсатында жүзеге асырылды. Қазіргі таңда 4 буынға бөлінген оқушыларға жүзеге асып жатыр:

- Бастауыш және 5 сынып жоғары оқушыларына қазақ күресінің тарихы мен ережесін таныстыру, негізгі түсініктерді қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстанудағы қазақ күресінің рөлін анықтау;
- 6-7 сынып оқушыларына қазақ күресінің әдіс-тәсілдерін үйрету, оны орындату, қазақтың атақты палуандарының спорттық мансаптарымен таныстыру, сол арқылы патриоттық сезімдерін ояту;
- 8-9 сынып оқушыларына қазақ күресі әдістерін жүйелі орындауды бойларына сіңіру, ережеде көрсетілген талаптарды пайдалана отырып, жарысқа шығу тәртібін жетік меңгерту;
- 10-11 сынып оқушыларына қазақ күресі әдістерінің екі жақты орындалуын үйрету және орындауды жетілдіру, техникалық-тактикалық және психологиялық дайындықтан өткізу, спорттық жарыстарға қатыстыру.

Спорттағы жолымыз қазақ күресімен өріліп, ұстаздық жолымыз да ұлттық спортпен жалғасқанына қуанамыз. Астана қаласы Арқа ALAN ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығында қазіргі таңда қазақ күресін 200-ге жуық бала үйренуде. Өз тарихын енді ғана жаза бастаған Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия да жаңа мектеп болғанымен, ұлттық негізде көптеген қадамдар жасап үлгерді.

Мектеп шаңырағында қазақ күресінен Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы қалалық турнир өтіп, Елорда оқушыларының арасында ең мықтылар анықталды. Оның ішінде, шәкірттеріміз де жүлделі орындардан көрінді. Мәселен, қазақ күресінен 2004-2005 ж.т мектеп оқушылар арасында Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевты еске алуға арналған республикалық турнирінде гимназияның 9 «Ә» сынып оқушысы Аманова Әсем - 44 келі салмақта жеңімпаз атанды.

Алғаш рет жаңа серпін берген ГИМНАЗИЯ БАРЫСЫ кіші жасөспірімдер арасында қалалық турнирі бастау алды. Аталмыш турнирде елімізден 260 спортшы бақ сынады. ГИМНАЗИЯ БАРЫСЫ-2022 жалғасы ретінде республикалық турнир болып өткізілді. Турнирге 10 облыс, Астана қаласы мен Ақмола облысынан 20 команда, барлығы – 360 спортшы қатысты. 18 салмақ дәрежесі бойынша белдіктер сарапқа салынды.

Қосымша білім беру орталықтары мен қала мектептерінде үйірме ретінде ұлттық күрестің дамуында осындай жарыстар мен қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелер үлкен тәжірибе алаңы болуда.

Қазақ күресін елімізде және әлемде дамуына жол ашып отырған ресми ұйым – Qazaq kuresi Ассоциациясы ұйымдастырған шараларға да атсалысып келеміз. Шәкірттеріміз кәсіби жарыстардағы қазақ күресінің балуандарымен тәжірибе алмасып, күрестерін көріп жүреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтына баулу, бұқаралық сипаттағы спортты дамытуды үнемі айтып келеді. Осы ретте оқушылардың бос уақыттарын ұлттық тәрбиемен, яғни қазақ күресімен байланыстыру ұтымды бағыт.

Мектеп қабырғасында жүріп ұлттық спортқа, ұлттық құндылықтарға бет бұрған балалардың болашағынан да ұлтқа қызмет етуін күтуге болады.

Бабабаларымыз айтқандай, қазақ күресі – халық қазынасы, өз қазынамызды дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруді жалғастыра берейік.

**Василевский С.В.**

*учитель физической культуры  
КГУ «Кокпектинская ОШ»*

## **СОСТОЯНИЕ МАССОВОГО СПОРТА НА СЕЛЕ**

*В массовом развитии физической культуры и спорта я вижу один из лучших вариантов в битве за здоровье человека, его творческую активность и долголетие.*

*(Петр Кузьмич Анохин)*

Развитие человека несет в себе развитие интеллектуальное и физическое. Физические упражнения неотъемлемая часть жизни каждого человека. Многие жители сел желают заниматься спортом, но не у всех есть такая возможность в виду отсутствия спортивной инфраструктуры. А если и есть, то выбор видов спорта невелик. Единственным спортооружением является школьный спортзал, а в некоторых школах и вовсе отсутствует, но если есть желание, всегда найдутся возможности. Активные жители села Кокпекты занимается разными видами спорта. Хочу более подробно ознакомить вас с данным селом.

Село Кокпекты расположено в Бухар-Жырауском районе Карагандинской области. Общая численность жителей 3465 человек. Население села от 18 лет и старше составляет 1969 человек. Обучаются в Кокпектинской ОШ 491 ученик. На селе действуют спортивные секции по теннису (15 человек), волейболу (80 человек), баскетболу (36 человек), казахша курес (25 человек), карате (40 человек). В зимний период: хоккей с шайбой (25 человек). Все занятия бесплатные, кроме каратэ. Все тренеры и инструкторы имеют педагогическое образование. Так же жители села имеют возможность посещать спортивные объекты, находящиеся в г. Караганда. Более посещаемые ледовые дворцы «Караганда Арена», «Акжолтай», где тренируются игроки хоккейного клуба «Кокпекты», спорткомплекс им. Г. Головкина, там занимаются баскетболисты и любители плавания и Центр настольного тенниса, где тренируются и соревнуются наши теннисисты.

В зимнее время любители поиграть в хоккей и просто покататься на коньках, в свободное от учебы и работы время, могут на школьном корте. Тренировки по хоккею проводятся 4 раза в неделю. Массовое катание на коньках доступно в любое время. Корт был установлен в 2012 году за счет государства. Силами любителей хоккея была оборудована теплая раздевалка, установлены дополнительные столбы освещения. Была создана хоккейная команда «Кокпекты» в 2017 году. С того же года команда участвует в играх ночной хоккейной лиге г. Караганды, при поддержке районного отдела спорт. Заливкой катка, уборкой снега и ремонтом занимаются члены хоккейного клуба «Кокпекты», совместно с подрастающим поколением. Им оказывает содействие местный акимат.

Любители настольного тенниса могут удовлетворить свои потребности в зале тенниса. Теннисный зал появился в селе в 2022 году. В пустующем здании, силами акимата и неравнодушными жителями села, был сделан ремонт. Восстановлена кровля, залиты полы, установлены пластиковые окна, натяжные потолки, проведено отопление. Тренировки проводятся 3 раза в неделю. По субботам выезжают в Центр настольного тенниса, который находится в г. Караганде, для участия в соревнованиях.

Для борцов и каратистов также восстановлено заброшенное здание в 2022 году. Сделан капитальный ремонт, пристроена котельная. Тренировки борцов проходят в вечернее время 2 раза в неделю. Тренировки каратистов 3 раза в неделю. У каратистов 2 группы. Младшая занимается утром, а старшая вечером. Спортсмены этих секций выступают на различных соревнованиях и показывают хорошие результаты.

Долгое время в школьном спортзале тренировались борцы, теннисисты, каратисты, волейболисты и баскетболисты. Очень трудно было распределить время для занятий. Сейчас, когда теннисисты, борцы и каратисты имеют свои залы, в спортзале продолжают свои занятия секции волейбола и баскетбола. Но в связи с большой популярностью этих видов спорта одного зала в зимнее время мало.

В парке села установлена волейбольная площадка с искусственным покрытием и ограждением. Подведено освещение. На площадке всегда много желающих поиграть в волейбол. Здесь с удовольствием проводят время и молодежь, и более старшее поколение. На площадке проводятся тренировки и соревнования. Жители села активно принимают участие в этих мероприятиях. На территории парка также находится футбольное мини поле. Тренажерная площадка и детская площадка.

На школьной территории так же есть волейбольная площадка с естественным покрытием. Большое футбольное поле. Установлены турники, брусья гимнастические, шведские лестницы. Школьники с удовольствием занимаются и вовремя занятий и в свободное от учебы время.

### **Проблемы массового спорта на селе.**

Недостаточность спортивных сооружений. Наиболее остро проблемы возникают в зимнее время. Если летнее время площадки для игры в футбол, волейбол, при желании, можно организовать в любом месте, с ровной поверхностью, то зимой это проблематично.

Особенно с волейболом. Во многих селах спортзал один и находится он в здании школы. Размеры сельских школьных спортзалов далеки до стандартов, и они не могут удовлетворить потребности школы и селян одновременно.

Недостаточное финансирование со стороны акиматов. В бюджетах сельских акиматов нет пункта спортивные расходы.

Материально-технические проблемы. Содержание, ремонт площадок и спортивных объектов обходятся не дешево.

Низкие доходы населения на селе. Многие семьи живут за счет своего подворья. Дороговизна инвентаря для занятий спортом. Не все жители села могут себе позволить купить подходящий инвентарь для занятий тем или иным видом спорта.

Удаленность некоторых сел от райцентров и городов, где можно купить инвентарь.

В нашем селе, в связи с повысившейся популярностью волейбола, проблема с занятиями волейболом в зимнее время у жителей села. Школа одна, спортзал для занятий и волейболом и баскетболом один. В школе занятия проходят в две смены. Вторая смена заканчивается поздно. Спортзал во время учебных занятий все время занят уроками физкультуры. А то время, что остается после занятий, используется для проведения секционных занятий школьников. Дети в школе в приоритете.

И главная проблема это замотивировать жителей села. Активировать их потребность к занятиям спортом. С детьми проще. Они готовы целый день играть на площадках, кататься на катке. У них одна проблема это учеба. У взрослой части населения совсем другие проблемы, тем более на селе.

#### **Перспективы развития массового спорта на селе.**

Несмотря на все проблемы, во многих селах открываются залы борьбы, бокса. Строятся многофункциональные корты. В больших поселках строятся физкультурно-оздоровительные комплексы. Все это не обходится без поддержки местных исполнительных органов и активно настроенных жителей, проживающих в этих селах.

На примере нашего села Кокпекты: запланирована постройка клуба, где помимо культурных мероприятий желающие смогут заниматься шахматами, шашками, тогызкумалаком. Разработан проект двухэтажного спортивного зала с раздевалками, душевыми. На первом этаже будет располагаться зал для занятий волейболом, баскетболом, футболом, гандболом. На втором этаже: зал настольного тенниса. После реализации этих планов появится больше возможностей заниматься спортом и физкультурой.

Акимат села проделывает огромную работу по привлечению жителей к занятиям спортом и физкультурой. Иницирует проведение спортивных мероприятий. Обеспечивает соревнования призами, кубками, грамотами и медалями. Многие жители села поддерживают акимат и участвуют в преобразовании села.

#### **Вывод**

Без активного участия населения и должного внимания со стороны местных исполнительных органов проблемы не решаться. Только совместными усилиями проблемы могут быть решены. Каждый житель села, заинтересованный в развитии спорта, должен оказывать посильную помощь в этом направлении. Помощь может быть разная: материальная или помощь, какими либо действиями. Важно что бы жители села были не потребителями, а создателями комфортных условий для проживания в своем селе. Главное ставить правильные цели и совместно находить пути их решения.

## **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру жүйесінің дамуы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайтумен тығыз байланысты.

Спорт (спорттық жүйе) жаһандық әлеуметтік жүйе ретінде қоғамның ажырамас жүйелі құрамдас бөлігі болып табылады және осы жүйе жұмыс істейтін барлық заңдарға бағынады. Спорттық жүйенің тиімділігі оның әрбір ішкі жүйе құрамдастары мен элементтерінің қалай жұмыс істейтініне байланысты болады. Егер жүйенің кез келген элементі дұрыс жұмыс істеуін тоқтатса, онда бұл бүкіл жүйенің тиімділігіне әсер ететіні сөзсіз.

Спорт – дене шынықтырудың бір бөлігі болып табылады. Онда адам өз мүмкіндіктерінің шекарасын кеңейтуге ұмтылады, бұл табыстар мен сәтсіздіктер тудыратын үлкен эмоциялар әлемі, ең танымал көрініс, адамды тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеудің тиімді құралы, онда тұлғааралық қатынастардың күрделі үрдісі жүреді.

Спорт – шын мәнінде жасөспірімнің бойында жеңіске деген ұмтылысты, жоғары нәтижелерге жетуді, адамның физикалық, психикалық және адамгершілік қасиеттерін жұмылдыруды талап етеді.

Физикалық дамуды спорттық дайындықтар арқылы басқаруға болады. Дене шынықтыру, әртүрлі спорт түрлері, рационалды тамақтану, еңбек және демалыс режимін сақтау оқушыны жетістіктерге жеткізеді.

Қазақстандық спорт саласы өткен жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, үнемі алға жылжуда деуге болады, оған әсер еткен: мерейтойлық даталарды атап өту, спорт ардагерлеріне, Қазақстан Республикасының Олимпиадалық қозғалысының еңбек сіңірген қайраткерлеріне құрмет көрсетуден басталған іс-шаралардың өткізуі мұрындық болды.

Бүгінгі таңда, ҚР-да әрбір баланың дене шынықтырумен тегін айналысу мүмкіндігі туындап отыр. Бұл міндетті шешуде білім беру жүйесі мен жергілікті атқарушы органдардың рөлі зор болды. Мектептердің спорт залдары мен стадиондары балалар үшін тек сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақыттарда да өз жұмысын қамтамасыз етті. Балалар мен жасөспірімдерге ыңғайлы жұмыс режимі тұрғылықты жері бойынша жасалды. Спорттық нысандардағы балаларды қадағалауды қамтамасыз ету үшін жаттықтырушылар мен дене шынықтыру мұғалімдері үнемі жұмыс орындарында балалармен жүйелі спорттық жаттығулармен жұмыстануда. Дене шынықтыру мұғалімдері мен спортты ұйымдастырушыларға еңбекақы төлеу жүйесінде олардың білім алушылардың денсаулығын нығайтуға, оларда салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыруға қосқан үлесін арттыру үшін ерекше ынталандыру қарастырылған. Осы орайда мектептегі тегін спорттық үйірмелердің жұмысын мақтанышпен айтуға болады.

### **1. Балалар мен жасөспірімдер үшін дене тәрбиесі мен спорттың маңызы:**

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының денсаулығын нығайту, мектептегі дене тәрбиесінің тиімділігін арттыру оқу-тәрбие үрдісінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Спорттық жаттығу барысында дене шынықтыру әсерінің соңғы ұраны мен нәтижесі, дамыту және тәрбиелеу 1-11-сыныпқа дейін «дені сау адам» болуы керек.

Спорттық жаттығуларды дұрыс және жүйелі қолдану арқылы ғана жоғары физикалық кемелдікке жету, туа біткен және жүре пайда болған дене кемістігінен арылу мүмкін екені танылған.



Сондықтан дене шынықтырудың балалардың денсаулығы мен физикалық дамуына оң әсерін түсіндіру дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің және жаттықтырушылардың маңызды міндеті болып табылады.

Мұғалім ұйымдастыратын дене шынықтыру сабақтары, сонымен қатар өз бетінше жүргізілетін сабақтардың нәтижесінде мектеп оқушыларының дене күштері мен қабілеттерінің, қимыл-қозғалыс қасиеттерінің және жұмыс қабілетінің даму деңгейі айтарлықтай жоғарылайды. Бұл балалардың бойында әртүрлі дене қасиеттерін: жылдамдық-күш, ептілік, жалпы төзімділік, икемділік, іс-әрекетті үйлестіру және дәлдік сияқты қасиеттерді мақсатты түрде тәрбиелеудің алғы шарттарын жасайды.

Тәжірибе көрсеткендей, қозғалыс режимі жоғарылаған, яғни дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысатын балалар жалпы білім беретін мектептегі қатарластарынан жақсы оқиды. Сонымен қатар, дене шынықтыру жаттығуларымен белсенді айналысатын мектеп оқушыларының суық тиюге төзімділіктері артқан.

Балалар мен жасөспірімдердің өміріндегі қимыл-қозғалыстың болмауы дене дамуының дене бітімінің бұзылуының, мүгедектіктің, артық салмақтың және басқа да бұзылулардың себептерінің бірі екені белгілі. Дене белсенділігінің жеткіліксіздігі баланың жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйесінің функционалдық параметрлерін төмендетеді, нәтижесінде жүректің жүктемеге адекватты жауап бермеуі, өкпенің өмірлік сыйымдылығының төмендеуі, қозғалыстың дамуы баяулайды.

Спорттық жаттығуларды орындау барысында оқушылардың ақыл-ойы, еріктілік қасиеттері артады. Сарапшылар дене шынықтыру және спорт барысында қозғалыс когнитивті жағдаяттар үнемі пайда болатынын, олардың сәтті шешілуі психикалық және ерікті стрессті қажет ететінін атап өтеді. Балалар үшін қимыл-қозғалыс олардың мінез-құлқының жағымды қасиеттерін қалыптастыра отырып, қоршаған әлемді үйрену және меңгеру тәсіліне айналады. Қозғалыс есептерін шешу – бұл бақылау, жалпылау, шешім қабылдауды қамтитын психикалық операциялар тізбегі.

Спортпен айналысу үрдісіндегі психикалық әрекеттің ерекшелігі дене қимылдары мен психикалық жағдайлардың өзара тығыз байланысында. Нәтижесінде бұлшықет сезімдері, қозғалтқыш міндеті және оны шешу жолы арасындағы саналы байланыстар бекітіледі. Спортпен шұғылдану барысында мектеп оқушыларының адамгершілігінің дамуы да орын алады. Ол адамның басқа адамдарға, қоғамға, өзіне деген қарым-қатынасын анықтайтын әлеуметтік құнды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған және тұтастай алғанда жақсы тәрбие сияқты тұлғалық сапаны білдіреді. Бұл қасиет тұлғаны анықтауда шешуші мәнге ие, оның мазмұны адамгершілік нормаларымен анықталады.

Спортпен айналысу әрқашан қарым-қатынаспен байланысты - ұжымда, жаттықтырушының, мұғалімнің басшылығымен іске асады. Дәл осы қарым-қатынас, бұл спортпен шұғылданған адамдардың моральдық қасиеттерін қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады, олар спортпен айналыса бастағаннан бастап, олар ұжымға қатысуын сезіне бастайды және ережелер мен бұйрықтарға сәйкес, өз әрекеттерін бақылауға үйренеді. Осылайша ерік-жігер нығаяды, тәртіп дамиды, адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтау әдеті қалыптасады.

Ойындар мен спорттық жарыстарда ұжымдық мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға мол мүмкіндіктер бар. Әртүрлі ұжымдық функцияларды игере отырып, оқушылар өздерінің мінез-құлқын ұйымдастыруды ғана емес, сонымен қатар жолдастарының іс-әрекетіне белсенді түрде әсер етуді, ұжымның міндеттерін өз міндеттеріндей қабылдауды, басқалардың қызметін ұжым мүддесіне жұмылдыруды үйренеді. Жаттықтырушының жетекшілігімен ұжым алдындағы жауапкершілік, борыш сезімі, ұжым мен мектептің жетістігіне мақтаныш сезімі сияқты маңызды адамгершілік қасиеттері шыңдалады.

**2. Білім беру ұйымдарында дене шынықтыру мен спортты құқықтық қамтамасыз ету:**

Білім беру ұйымдарында дене шынықтыру және спорт мәселелері әртүрлі нормативтік құқықтық актілермен - заңдармен, ҚР қаулыларымен, Білім және ғылым министрлігінің нормативтік актілерімен және т.б. қамтамасыз етіледі.

### **3. Оқу орындарында дене шынықтыру және тәрбие жұмысын ұйымдастыруға мыналар жатады:**

- мемлекеттік білім беру стандарттарында белгіленген көлемде білім беру бағдарламалары шеңберінде міндетті дене шынықтыру сабақтарын өткізу, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде қосымша (таңдау бойынша) дене жаттығулары мен спорт түрлері;

- оқушылардың дене шынықтыру және спорттық дайындығы үшін кешенді іс-шараларды өткізуге жағдай жасау, оның ішінде спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

- оқушылардың жеке қабілеттері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыру, оқушыларды дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тартуға жағдай жасау;

- оқу сабақтарында дене шынықтыру іс-шараларын жүзеге асыру;

- дене тәрбиесін ұйымдастыруға медициналық бақылау жүргізу;

- ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлғалардың) балалардың денсаулығына және олардың дене тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

- оқушылардың дене дайындығы мен дене дамуының жыл сайынғы мониторингін жүргізу;

- оқушылардың қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмектесу.

### **4. Білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту саласында келесі басымдықтар белгіленді:**

- мектеп оқушыларының денсаулығын нығайтуға және дене шынықтыру дайындығын арттыруға арналған дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа тартымды нысандарын, әдістері мен құралдарын іздеу;

- спорт, соның ішінде жарыстар мен оқу жүктемелері, психологиялық-теориялық дайындық, оның барысында жасөспірімнің жоғары спорттық және өмірлік мақсаттарға жетуге қабілетті тұлғасы қалыптасатын тәрбие берудің тиімді түрлерін дамыту;

- оқушы командалары үшін спорттық жарыстардың көп деңгейлі және көп нұсқалы жүйесін құру;

### **5. Балалардың, жасөспірімдердің, ұлдар мен қыздардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын қажеттіліктері мен мүдделерін барынша толық қанағаттандыру және олардың денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау қажет деп танылады:**

- мемлекеттік білім беру стандарты есебінен «Дене шынықтыру» пәнін базалық оқу жоспары бойынша сабақтан кейінгі спорттық жұмыстардың көлемін айтарлықтай арттыру, мазмұнын кеңейту;

- оқушылардың жасы мен дайындық деңгейіне сәйкес барлық санаттағы оқушылар үшін мектепішілік және мектепаралық жарыстар жүйесін құру;

- жалпыға міндетті дене шынықтыру сабақтарының тиімділігін арттыру, оларға командалық спорт түрлерінің техникалық элементтерін меңгеруге, дене қасиеттерін дамытуға, жарыстық іс-шараларға дайындауға оқу-жаттығу үрдісінің мақсатты бағытын беру;

- тиісті жағдайлар мен қаржыландыру болған жағдайда оқу орындарында балалар мен жасөспірімдер клубтарын құру;

- балалар үшін кешенді қосымша білім беру мекемелерінде спорттық, спорттық-техникалық, туристік бағыттағы балалар бірлестіктерінің (секциялар, командалар, клубтар) болуын, жұмыс істеп тұрған бірлестіктер желісін кеңейтуді қамтамасыз ету;

- қажетті кәсіптік деңгейді сақтау үшін бес жылда бір реттен кем емес жаттықтырушы-педагогтардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

## **6. Білім беру ұйымдарында дене шынықтыру мен бұқаралық жастар спортын дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асырудың тетіктері:**

- оқушылардың барлық санаттары үшін дене шынықтыру және спортпен айналысуды қамтамасыз ету;
- спортпен жүйелі түрде шұғылданатын және спорт мектептерінде оқуын жалғастыруға дайын балалардың санын арттыру;
- балалардың дене дайындығының жоғарылауы және сырқаттанушылықтың төмендеуі;
- өскелең ұрпақтың азаматтық патриоттық дүниетанымын және белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

## **7. Спорттық дайындықтар мен бала спортын дамыту үшін іске асырылатын шаралар:**

- бұқаралық және балалар спортына қолжетімділікті күшейту;
- спорт ғимараттарының материалдық-техникалық жабдықталу деңгейін арттыру;
- бұқаралық және кәсіби спорт мамандарының тапшылығы мәселесін шешуге арналған арнайы бағдарлама дайындау;
- спортқа арналған бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттың жұмсалыуының тиімділігін қатаң бақылау;
- дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың кешенді жоспарын қабылдау;
- республикада бұқаралық және балалар спортын дамыту тұрғысынан заңнамалық түзетулерді қабылдау;

Жасөспірімдер спорты – біздің болашағымыз. Ол қазіргі ұрпақтың орнын басатын адамдарды тәрбиелейді. Сонымен қатар, жасөспірімдер спорты болашақта қылмыстық сипаттағы мәселелердің шешімі болып табылады. Ол жастардың назарын көшеден алшақтатады, баланың қалыпты дамуына және өсуіне көмектеседі (әсіресе жұмыс істемейтін отбасынан шыққан). Дәл осы спорт көптеген атақты адамдардың бүгінде атақты тұлға болуына көмектесті. Дегенмен, 100 пайыздық шкала бойынша бағалайтын болсақ, спорттың көмегімен әлеуметтік мәселелердің қиындықтарын шешуге болады және шешу керек деп ойлаймын.

Жалпы спорт - ұлт денсаулығына әлдеқайда тиімді болып табылатын ерекше сала дегім келеді.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы.
3. Дене шынықтыру. Оқу бағдарламалары. 5-9 сыныптар.
4. Ұ.Ж. Мұхамеджанова. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. 2015 жыл.
5. «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 30 маусым N 905.

**Өксікбаев І.Б.,**

оқытушы

“Спорттық пәндер және әдістемесі” кафедрасы

М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ.,

Тараз қаласы, ҚР.

**Сеңгірбай А.Т.**

оқытушы

“Спорттық пәндер және әдістемесі” кафедрасы

М. Х. Дулати атындағы ТарӨУ.,

Тараз қаласы, ҚР.

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ЖАСӨСПІМДЕРГЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ**

Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыруы керек. Өйткені дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан да құлшына кіріседі.

Адам жұмыс істеген кезінде қан тамырлары бұлшық етті қоректік заттар және оттегімен қамтамасыз етеді. Дене шынықтыру жаттығуларымен өмір бойы шұғылданды бұлшықеттердің өсуіне және жуандауына себеп болады. Адамның денесі мықты болып, төзімділігі артады.

Әр түрлі ұлттың әдет-ғұрпында түрлі ойын-сауықтар бар. Мысалы, халқымыздың тізе-бүгіп жүрісінен, малдас құрып, жамбастып отыру, шынтақтап жату, аяқты көсіліп отыру және басқа да тірек-қимыл қозғалыстарында дененің икемдігі байқалады, қаңқа бұлшықеттері жақсы жиырылып, созылып, адам еркін қимыл-қозғалыстар жасай алады.

Қазақ халқында жүгіріп, секіріп теңселіп ойнайтын ойындардың көптеген түрлері бар. Мысалы, алтыбақан, ақ сүйек, ат шабысы, қыз қуу, бәйге, күрес, көкпар тарту және тағы басқалар. Бұл ойындар ашық алаңда, адамның тірек-қимыл жүйесінің дамуына, дененің сымбатты, құрыштай шынығуына зор әсерін тигізеді. Денені шынықтырудың, яғни адам ағзасын шынықтыру-дененің суыққа, ыстыққа, аңызға, ауа райының күрт өзгеруіне қарсы қорғаныш күші мен төзімділігін арттырады.

**Денені шынықтыру.** Денені шынықтыруды-жылы күндерінде өзеннің, көлдің және теңіздің жағалауларында, жайлауда суға шомылу және таза ауада жүріп, жүгіріп, күнге біртіндеп қыздырынудан бастаған дұрыс.

Шынығу-адам ағзасына қоршаған орта себептерінің (суық, ыстық, күн сәулесі, ауаның қысымының өзгеруі) әсеріне тұрақтылығын жоғарлату үшін қолданылатын шаралар жүйесі, яғни сыртқы ортаның жағдайсыз себептерінің әсеріне ағзаның бейімделуі. Шынықтыру-денсаулықты нығайту үшін дене күштерін жетілдіру жолдары. Ағзаны шынықтыру-түрлі жұқпалы ауруларға қарсылығын арттыру және жұмыс істеу қабілетін күшейту.

Жалпы шынығудың негізгі ережелеріне – жүйелілік, біртіндеушілік, реттілік, кешендік және адамның жеке ерекшеліктері мен оның денсаулық жағдайын ескеру. Жүйелілік-шынығу жыл бойы және күн сайын жүйелі түрде жүргізілуі керек. Шынығу ауарайының кез келген жағдайында жүргізіледі. Біртіндеушілік-шынықтыруға әсер ету күші біртіндеп көтерілуі тиіс, яғни суық су құйынуға арналған судың мөлшерін біртіндеп төмендету, ауа және күн ванналарының уақытын біртіндеп ұзарту, жүгіру уақыттарын біртіндеп арттыру. Реттілік-жаңа жаттығуларды орындау үшін ағзаны оған алдын ала үйретіп, жаттықтыру керек. Қалыпты жаттығулар ағзаны біртіндеп шынықтырады, ал оның мөлшері шамадан тыс ұлғайып кетсе, онда ол ағзаға теріс әсер етуі мүмкін. Кешендік-бір мезгілде ем түрлерінің бірнеше түрлерін қолдануға болады, яғни бір уақытта ауамен, күн сәулесімен

және сумен шынықтыруға болады. Адамның жеке ерекшеліктері мен оның денсаулық жағдайын ескеру-шынықтыру ем түлерін жасамас бұрын дәрігердің кеңесін алуы қажет. Жаттығушының денсаулығы мен көңіл күйін үнемі бақылап отырған дұрыс. Өзін өзі бақылау кезінде дене салмағын, жүрек соғуын, тыныс алуын, тәбетін, ұйқысын қадағалағаны жөн.

Шынығуға негізінен ауа, су, күн сәулесі пайдаланылады және бұлар дене тәрбиесі жаттығуларымен байланыстырылса, шынықтырудың тиімділігі арта түседі.

Шынығудың ең кең тараған және жеңіл түрі – **таза ауаны** пайдалану. Бірақ бұл жағдайда жыл маусымының ерекшелігі ескерілуі тиіс. Жылдың жылы кезеңінде шынығу үшін ұзақ таза ауада серуендеуге, ауа мөлшері төмен болса, үйдің терезесін ашып қойып біраз уақыт жалаңаяқ жүру де пайдалы. Бұның ұзақтығы 10 минуттан бастап, әрбір 5-7 күн сайын 30 минутқа жеткізіледі. Жылдың суық кезеңінде шынығу үшін белгілі бір уақыт жеңіл киініп, жаяу серуендеу, шынығу жүгірісі т.б. пайдаланылады. Ауадағы ұйқы да пайдалы.

**Күн сәулелері** адам ағзасына оң әсерін тигізеді. Олардың әсерінен тері күйіп, қоңыр түске ие болады. Бұл ағзаның қорғаныш қасиетін жоғарлатады.

Күн сәулесін қабылдаудың негізгі қасиеті - тері ауруларынан, тұмаудан, суық тиюден ағзаны сақтау. Денені күн сәулесінде жастайынан шынықтыру өте пайдалы. Сонымен қатар күнге күйер алдында ауа процедурасын қабылдаудың маңызы зор. Көлеңкелі жерде отырып, бойды алғаш рет 5-10 минуттай айналадағы орта жағдайына үйретеді, содан соң, күнге күюді біртіндеп 40-60 минутқа жеткізеді. Күннің көзінде ұзақ болу ағзаның қызып, күн тиюі және теріні күйдіруі мүмкін. Мұндай жағдайларға ұшырамау жағын білген жөн.

Шынығу үшін **су процедураларын** пайдаланудың да өз ерекшелігі бар. Су ауаға қарағанда жақсы шынықтырылады. Судың жылу өткізгіштік қасиеті ауаның жылу өткізгіштігінен 23 есе артық. Су тегіс мөлшерлік әсер етумен бірге механикалық әсер етіп – массаж жасайды. Қан айналысын жақсартады. Су көмегімен үй жағдайында денені сулы орамалмен сүртінгенде пайдалы. Денені дымқыл орамалмен ысқылауды және суық суға жуынуды 2-3 ай бойы жасайды. Бұдан кейін адамның денсаулығында ешқандай өзгеріс (тыныс алу жолдарының қабынуы, әлсіздік, қалжырау немесе кейгіштік, абыржу, ұйқы қашу, асқа тәбет тартпау) байқалмаса, сумен шынығуды жалғастыра беруге болады.

Сумен шынықтыруды, күн сәулесін қабылдаумен кезектестіріп отыру керек. Су жағалауларында 20 минуттан бастап 1,5-2 сағатқа дейін тынығуға болады. Кешкілік таза ауада жүріп, одан соң жылы сумен сабындап жуынып, ертеңгілікте салқын сумен шайынады, сүлгімен тұла бойды қатты ысқылап, сүртінуге керек. Тамаққа тойып алып, бірден суға шомылуға болмайды, бұл жүректің қызметіне кері әсер етеді. Ауыр дене еңбегінен соң бірден суық суға шомылуға болмайды, ол терінің жылуын реттеудегі қызметіне зиянды. Әр адамда дербес сүлгі, сабын, тіс жуғыш шөткесі, тарағы болуы қажет, бұл жұқпалы аурулардың таралуынан сақтануға мүмкіндік береді.

Шынығудың ең кең тараған және жеңіл түрі-таза ауаны пайдалану. Жылдың жылы кезеңінде шынығу үшін ұзақ таза ауада серуендейді әдетке айландыру және де үй ішінде біраз уақыт жалаңаяқ жүру де пайдалы.

Сондай-ақ, шынықтырғыш әсерлерге: күн сәулесі мен дене шынықтыру жаттығулары, оның ішінде мүмкіндігінше далада немесе ауасы жақсы желдетілген бөлмеде жасалатын таңертеңгілік жаттығулар жатады.

Күн райы салқын кезде ағзаны мұздатып алмау үшін далада тез қимылдап, жаттығуды ұзаққа созбайды. Суға шомылудың пайдасы зор ол денені шынықтыруға жан-жақты әсер етеді, өткені судың тітіркендіру әсері ауа, күн сәулесі әсерлерімен және суда жүзу қимылымен ұласады. Қыста суық суға түсумен, тек денсаулығы күшті адамдар ғана айналысуына болады. Ол үшін ағзаны суық судың әсеріне алдын-ала біртіндегіп (бір жылдан кем емес) үйретеді. Суық суға 20-30 секундтан артық түспей, тез, жылдам қимылдау қажет. Қыста суға түсумен шұғылданушылар дәрігердің бақылауында болады.

Бу моншасын және механикалық тітіркендіру әсерімен ұштастырғанда, олар ағзаның зат алмасу, тыныс алу және қан айналысын жақсартып, дененің шынығуына қолайлы жағдай жасайды. Бірақ егде тартқан адамға монша буында жиі отыруға (аптасына 1-2 ақ рет) болмайды және мұның әр жолғы ұзақтығын 10-15 минуттан аспауы тиіс.

Шынығудың тиімді тәсілі – **душ**. Бұл тәсілде 3 минуттай уақыт ішінде жылы суды бірнеше рет суық сумен алмастырып отырады.

Әдетте жаттығу жасап болған соң душ қабылдау керек. Суға шомылудың пайдасы зор, ол денені шынықтыруға жан-жақты әсер етеді, өйткені судың әсері ауа, күн сәулесі әсерлерімен және суда жүзу қимылымен ұласады. Қыста суық суға түсумен тек денсаулығы зор адамдар ғана айналысуына болады. Ол үшін ағзаны суық судың әсеріне алдын-ала біртіндеп үйретеді. Суық суға 20-30 секундтан артық түспей, тез жылдам қимылдау қажет. Ыстық күндері, әсіресе ауа өте ылғалды болса, дене аса қызып кетпеуін ойластырған соң душ қабылдау керек.

**Таңертеңгілік жаттығулар.** Дене шынықтырумен айналысудың тәртібі мынадай: таңертеңгілік жаттығу, күндіз немесе кешке (күн сайын немесе кейбір қолайлы күндері) негізгі дене дайындығы. Әдетте, күндіз көп адамдардың уақыты бола бермейтіндіктен, дене шынықтырумен шұғылданудың басым көпшілігі таңертеңгі сағаттарға арналған. Бұларды таңертеңгілік жаттығу деп айтуға болады.

Таңертеңгілік жаттығуды дене дайындығымен шатастыруға болмайды. Дене дайындығының мақсаты – белгілі дәрежеде күш жұмсау арқылы адамға қажетті күш қуатын қалыптастыру. Мұндай жаттығуларды ауыстырып отыру – табысқа жетудің негізгі шарттарының бірі. Адамға жетіспей жүрген қозғалыс қимылдарын толықтыру үшін сан алуан жаттығулардан

құрылған дене шынықтыру сабақтарымен тұрақты түрде шұғылдану керек. Әрине, мұнда адамның жынысы, жасы, денсаулық деңгейі ескерілуі тиіс.

Жаттығудың ең басты шарты- кез келген таңертеңгілік жаттығудан кейін адам шаршамауы тиіс, әйтпесе оның жұмыс істеу қабілеті тиісті дәрежеде болмады. Сондықтан бұл жаттығуларды орындау кезінде түсетін күш сол адамның денсаулығына және басқа шарттарға сәйкес болғаны дұрыс. Кез келген дені сау адам секірулердің орнына, оның ұзақтығын бірте-бірте ұлғайта отырып, жеңіл жүрісті қоса алады. Жүйелі жаттығулардың санын әрбір тараудан екі жаттығудан орындау арқылы, біртіндеп көбейтуге болады. Алғашқы жаттығулар жеңілдірек болғаны жөн. Ерлер кейбір жаттығуларды гантель көтеріп жасауларына болады.

Әйелдер жота бұлшық еттерін дамытатын жаттығуларға ерекше көңіл аударғандары дұрыс. Өйткені олардың бұлшық еттерінің бұл бөлігі көбіне нашар дамыған, ал мұның өзі кеуде келеткасының жылдамдығын және іш бұлшық еттерінің нашарлауын тудырады, сондай – ақ тұлғасының сиықсыздануына әкеліп соғады. Сондықтан дене шынықтыру жүйесіне қосымша ретінде мынадай жаттығуларды енгізуге болады: екі қолды барынша артқа жіберіп бір-бірімен ұстастырады да, жаурынмен бірге қимылдатады. Бұл кезде басты шалқайтқан жөн. Екі қолды желкеге тарақтап қосып, шынықтырады және басты мүмкіндігінше шалқайтады. Жерге етпеттеп жатып, екі қолды желкеге қойып, шынтак пен басты жоғары шалқайып, кеудені қайқайып көтеруге әрекет жасайды. Етпеттеп жатып, екі қолға батпан алып, қос құлашын созады, осы қалыпта басты шалқайту арқылы кеудені аздап көтеру керек. Жаттығу кезінде батпанды мүмкін болғанынша жоғарырақ көтереді. 0,5-1 кг-дық батпаннан бастап, бірте-бірте оның салмағын 2кг. жоғары ұлғайтады.

Жасы ұлғайған адамға денені қозғалысқа келтіретін жаттығулардың барлық түрлерін күн сайын жасаған жөн: саусақ, шынтак буын, иық буын, бас және жауырынды қозғалысқа келтіретін жаттығулар пайдалы. Денені бұру, аяқты жан-жаққа сілтеу, иілу, етпеттеп жатып «қақаю» сияқты және тағы басқа қозғалыстарды қолданған жақсы.

Егер таңертеңгілік жаттығулар жүйесіне бұл қозғалыстардың ешқайсысы енгізілмеген болса, оларды қосымша түрде кіргізген жөн. Алғашында қосымша жаттығулар негізгі жаттығуларды орындауға кететін уақыттың есебінен алынады, өткені жаттығудың жалпы мөлшері 10 минуттан аспауға тиіс. Дене жаттыққан сайын әрбір жаттығуды қайталау саны көбейтіліп, жалпы уақыт 15-20 минутқа дейін жеткізіледі.

Күнделікті жаттығу жиынтығы қолдың, аяқтың, тұлғаның негізгі бұлшықет топтарының бірқалыпты жұмысына негізделген бірнеше жаттығуды қамтиды. Созылу омыртқа жотасының түзелуіне, дұрыс келбеттің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Алға еңкею, жанжаққа иілу, артқа шалқаю тұлға бұлшықетін нығайтады және омыртқаның ширақтығын арттырады. Секіру немесе орында тұрып жүгіру жүрек-тамыр жүйесін жаттықтырады. Жаттығулар жиынтығы бір орында тұрып, баяу жүріп мұрын арқылы терең демалу және тыныс алатын бірнеше жаттығумен аяқталады.

Таңертеңгілік жаттығулардың мақсаты ағзаны түнгі тынығудан, еңбекке көшуге, алда тұрған жұмысқа кірісуге даярлау. Жаттығулар ішектің жиырылып-созылуын жақсартады, оның бұлшықетіне қолайлы әсер етеді. Сонымен бірге жаттығу қимылдары, белсенділікті арттырып сергітеді. Егер таңертеңгілік жаттығуларды су процедураларымен және денені ысқылаумен үйлестірсе, оның сауықтырғыш әсері едәуір арта түседі.

Мығым адамдарға батпан, эспандер және де секіргішпен жаттыққан пайдалы. Ал бір себеппен тіпті, әдеттегі кешеннің өзін орындау ауыр болатын адамдар таңертең жаяу серуендегені жөн.

Жаяу серуендеу(жүріс) – жүрек бұлшықеті мен өкпені шынықтырудың жақсы құралы. Бұл әсіресе ой еңбегімен шұғылданатындар үшін пайдалы.

Өзінше шұғылданушылар үшін **секірудің** түрлерін мынадай екі негізгі топқа бөлуге болады: екі немесе бір аяқпен секіру (яғни, екі аяқпен кезектесе секіру). Аздаған өзгерістерді қолдың, аяқтың қозғалыстары арқылы реттеуге болады.

Секірудің мынадай нұсқалары бар: Аяқ бірге, қол белде; Сол қалыпта оңға және солға бұрылып секіру (2-4 рет бір жаққа қарай, осынша рет екінші жаққа қарай секіреді); Аяқты бірде қосып, бірде алшақтап секіру, секірген кезде қолды екі иыққа алма - кезек ауыстырып қою, бастан жоғары көтеріп шапалақтау және қайтадан төмен түсіру, артқа және алға шапалақтау; Әр аяқпен алма - кезек 2-4 реттен секіру, әуелі екі аяқпен, содан кейін бір аяқпен секіру, одан соң қайта екі аяқпен, тағы сол сияқты.

Секіргенде аяқтың ұшымен секіру керек. Бұл, әсіресе, егде адамдар үшін өте пайдалы. Олар денелері зіркілдемес үшін екі аяқпен алма-кезек секіргендері жөн.

Секіру-денені неғұрлым көбірек қозғалысқа түсіретін жаттығу. Мұнда ағзалардың барлық бұлшық еттеріне күш түседі. Бұл-күш түсірудің ең шарықтау шегі, одан кейін оны біртіндеп, төмендету керек, сонда тыныс алу бір қалыпқа келіп, жүрек соғысының жиілеуі де бірте-бірте реттеледі.

**Дем алыс.** Тыныс жолдарына берілетін арнаулы жаттығулар ең алдымен тыныс алуды реттейді, тыныс алу мүшелерін байланыстырады. Сонан соң іш бұлшықеттеріне әсер етеді. Мұның бәрі жаттығулар жүйесіне тікелей байланысты.

Тыныс алу және дем шығару кезінде қолды бірнеше рет жоғары көтеріп, терең тыныс алу керек те, одан кейін ақырын ғана төмен түсірген жөн. Әрбір жаттығуды бір минут мөлшерінде, орташа қимылмен жасайды. Тынысты емін-еркін алу керек: еңкейгенде, денені бұрғанда, отырғанда, қолды созғанда дем шығарылып, қолды көтергенде, түрегелгенде, денені көтергенде, иілгенде терең тыныстанған жөн (тыныс алу және дем шығару кеуденің сығылу және ұлғаю қозғалысына сәйкес болғаны дұрыс).

Егер жаттығуды орындау кеудеге еш әсер етпесе, онда ыңғайға қарай тыныс алу керек. Белгілі бір уақыттан кейін жаттығуларды ауыстырып отыруға болады. Егер кейбір жаттығуларды орындау қиын тисе, оны одан әрі жалғастырудың қажеті жоқ.

Жаттығу таңдаған әр адам өз ағзасының ерекшеліктерін ескергені жөн, өткені дене шынықтыру ағзасы таза физиологиялық әсер етумен қатар, адамның көңіл күйіне де ықпал жасайды. Сондықтан кейбір жаттығуларды орындау ұнайтын болса, оларды тұрақты түрде істеуге болады. Сонда оның тиімділігі артады.

Шаршаудың да өз табиғаты бар. Алысқа демалуға, тынығуға, барғанда сол құпияны жете біліп, қалайда негізгі кедергілерден құтылу жайын ойлаған дұрыс.

Егер сіз үнемі отырып қызмет атқарсаңыз онда иығыңыздан басқан ауырлық оттегінің жетіспеуінен, бірыңғай адам 1 минутта 16 рет дем алып, әр дем алғанда 1 литр ауа өкпеге кіреді, сондықтан отырып қызмет атқарған адамның бойында, миында оттегінің тапшылығы айқын көрінеді. Олар есінеп, ұмытшақтықтанып, селқостанып отырады. Осыған орай кезекті демалысқа шыққанда көп жүрудің, қимыл-қозғалыстың маңызы зор. Тіпті жаңбырлы күнде лайықты киіммен көп жүруді тоқтатпау керек. Ал дене еңдегімен айналысатын болсаңыз онда демалу түрі де өзгеше. Ондай адамға, әдетте ақпейілділік, шын көңілден сыр шертушілік, тілектестік жетпей жатады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. С.Ш. Әбенбаев Тәрбие теориясы мен әдістемесі (оқу құралы) Алматы «Дарын» 2004
2. Р.К. Мамбетова. Тәртібі нашарланған оқушылармен тәрбие жұмысының ерекшеліктері. Алматы 1970
3. Е.Қ. Уанбаев, Ф.Ж. Уанбаева Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Өскемен. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2006

*Повед А.,*

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі п.ғ.магистрі  
Қарағанды облысы, Абай ауданы  
Абай Құнанбаев атындағы  
№5 мектеп-гимназиясы*

*Қапан А.Қ.*

*Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі  
Қарағанды облысы, Абай ауданы  
Абай Құнанбаев атындағы  
№5 мектеп-гимназиясы*

## **СПОРТ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗІМДЕРІ**

Қазіргі заманда дене тәрбиесіндегі спорттың сан алуан түрлері бар, барлық спорттық жаттығулардың қозғалысы тікелей физиология ғылымына байланысты. Кезкелген спорттық жарыстарда нәтижеге жетіу үшін спортшыларымыз практикаға көңіл бөле отырып теориялық саласына да назар аударғаны жөн. Спорттық жарыстарда жоғары нәтиже көрсету, дененің физиологиялық дұрыс дамуының жоғары көрсеткіші болып табылады. Адам қоршаған ортадан тыс өмір сүре алмайды. Дене тәрбиесінің физиологиялық ерекшеліктерін білу мен спорттық жоғарғы нәтижелерге жету бірлігі ешкімнің күмәнін тудыра қоймас. «Дене тәрбиесі мен спорт» мамандығы бойынша негізгі оқу пәндердің бірі әрі ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында алынған нәтижелерге сүйенетін ғылыми пән де болып табылады. Бұл пәнде негізгі назар спорттық әрекетке негізделген адамның бұлшық ет қызыметінің физиологиясына аударылады. Мұндай мәселелерге, ең алдымен, әр түрлі спорттық әрекет түрлерінің физиологиялық сипаттамасы мен спорттық жаттықтығу кезіндегі организм бейімделуінің физиологиялық механизмдері жатады [1].

Адам организмі ашық жүйе болып табылады. Аристотель атап өткен «өмірдің өзі талап ететін қозғалыстың» барлығы, яғни адамның күнделікті өмірде орындайтын көптеген түрлі қарапайым қозғалыстарынан бастап, спорттық практикада кездесетін күрделі сипаттағы жаттығуларға дейін жалпы физиологиялық заңдылықтарға бағынады. Соның



ішінде, итальяндық физиолог А.Моссо «дене жаттығулары көптеген дәрі-дәрмектің орнын алмастыра алады, бірақ бірде-бір дәрілік зат дене жаттығуларының орнын алмастыра алмайды», - деп айрықша көрсеткен спорттық шынығудың физиологиялық механизмін білу аса маңызды. Адам күнделікті өмірде орындайтын көптеген түрлі қарапайым қозғалыстарынан бастап, спорттық қозғалыстарда кездесетін күрделі жаттығулардың барлығы жалпы физиологиялық заңдылықтарға бағынады.

Әртүрлі спорттық жаттығулар «күш-жылдамдық талап етеді» спорттық қозғалыстарды жүзеге асыру барысында бір мезгілде көптеген бұлшықеттер әрекетін басқаратын өте күрделі уақытша байланыстар қызымет атқарады. Бұл байланыстар бұрын түзілген қозғалыс рефлекстерін кең қолданудан біртіндеп қалыптасады. Егер дененің қимыл қозғалыс жаттығуларын жаттықтырушы көмегімен бірнеше рет қайталаса, орталық жүйке жүйесіне кері байланыс арқылы бұлшық ет жұмысы мен дене мүшелері жағдайы бір ізді өзгерістері динамикасы мәліметтер түссе, бұл жүйке орталықтарына кейін спортшыға қозғалысты өз бетімен орындауға қолданатын әрекеттің бағдарламасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Түрлі қозғалыс әрекеттері туа пайда болумен қатар тіршілік барысында арнайы үйрену нәтежесінде жүре қалыптасады. Бұл спорттық динамикалық қозғалыстарды орындаумен дененің белгілі бір қалпын сақтаудың тек бір ғана емес, бірнеше, тіпті ондаған түрлі бұлшықеттердің қалыптасуымен қатар жүретіндігімен байланысты. Бұл тек бір қозғалыс әрекетінен келесіге өту кезінде ғана емес сол бір фазаның өзінде де орын алады. Сол сияқты қозғалыс кезіндегі бұлшықет құрамы секілді жұмысқа қатысқан қимыл бірлестіктерінің саны да қозғалыс жылдамдығына, күш дәрежесіне, қажауға және т.б. факторларға сәйкес құрлып отырады. Адам баласы туа пайда болған санымен күрделілігі бойынша шектеулі қозғалыс әрекеттері қорымен (ему, жұту, кірпік қағыу, әр түрлі тітіркендіргіштерге жауап ретінде аяқ-қол бұлшықеттерінің бүгіліуі мен жазылуы, т.б.) дүниеге келеді. Осылармен қатар үйрету арқылы өзгермелі тіршілік жағдайларына барабар қозғалыс актілерінің жаңа түрлерін меңгеру қабілетіне, яғни жаттығулардың жоғары дәрежесіне жетуді қамтамасыз ететін маңызды қасиеттерінің бірі жүйке жүйесінің серпімділігі де тұқым қуалау арқылы беріледі. Бұл қасиет спорттық жаттығулар техникасын жетілдіруде зор мүмкіндіктер тудырады.

Әр түрлі жас кезеңдерінде жаттықтыру дәрежесі біркелкі көрінбейді. Кейбір жас кезеңдерінде жаттықтыру дәрежесінің жоғарғы болуына орай қозғалыс әрекеттерін үйрету де ерекше табысқа өтеді. Бұл кезеңдер ақыл – ой және бұлшықет әрекеттерінің әр түрлерінде түрліше болады. Мысалы, шетел сөздерін дұрыс айтумен байланысты қозғалыс үйлесімділігі балалық шақта жеңіл әрі тез меңгеріледі. Жаңа күрделі спорттық қозғалыстар да адамның өмірінің белгілі бір кезеңдерінде меңгеріледі. Сондықтанда болашақ жаттықтырушыға қозғалыс техникасын үйретудің тимді жақтарын қарастыру барысында дене жаттығуларының дәрежесі неғұрлым жоғары болатын жас кезеңдерін айқындап алудың маңызы зор. Барлық спорттық жаттығуларды екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірінші топ жаттығуларна жетекші физиологиялық жүйелер қызыметінің белсенуі мен күш, жылдамдық немесе төзімділік сияқты қозғалыс сапаларының көрінуін талап ететін өте үлкен дене жүктемелері тән. Мұндай жаттығуларға жеңіл атлетиканың барлық түрлері, жүзу шаңғы мен коньки тебу спорты, ескек есу, спорттық ойындар жекпе жек және т.б. жатады. Ал екінші топқа автмотоспорт, желкен, шана, желкерме, ат, авиапланеттер және дельтапланер ісі сияқты техникалық жаттығулар жатады. Бірінші топтағы жаттығулардың көпшілігін орындау кезінде кеңістікте спортшының орын алмастыруы негізінен ішкі (бұлшықеттік) себебінен іскен асырлады. Ал техникалық жаттығулар орындау кезінде спортшының орын ауыстыруына сыртқы (бұлшықеттік емес) күштер ең басты ықпал жасайды. Мысылы, автоспортта-машина қозғалтқышы, шана, желкерме спортында- тартылыс күштері, желкен, авиапланеттер және дельтапланер ісі спортында ауа ағымы күштері әсер етеді. Сонымен бірге техникалық спорт түрлері жаттағуларды ережеге

сәйкес энергетикалық және бұлшықет жүйесіне, вегетативтік қамтамасыз етілуі жүйесіне және де күш, қуат және төзімділік сияқты дене сапаларына шекті талаптар қоймайды .

Спорттық ойындар-қозғалмалы ойындарға жататын спорттың бір түрі. Ол құрылымы мен организмге әсері бойынша сан алуан. Дене жаттығулары ретінде олардың бір қатар ерекшеліктері бар. Ойын үдерісінде ойын жағдайларының үздіксіз өзгеріп отыруына қатысушылардың қарсыластары мен серіктерінің әсеріне қажетті, көбіне, жаңа қозғалыстарды тудыра отырып, шұғыл жауап беруді талап етеді. Сондықтан да спорттық ойындар кезінде басқа дене жаттағуларына қарағанда күтпеген жағдайларда жылдам бағдарлау, тапқырлық, тез шешім қабылдау сияқты құнды сапалар көбірек дами түседі.

Мәселен, спорттық гимнастика-денсаулықты нығайтуға, адамның қимыл қабілеттерін жетілдіруге және үйлесімді дамуына бағытталған арнайы дене жаттығуларының жүйесі.«Гимнастика» түсінігі аясында спорттық және көркем гимнастика, акробатика кіреді.Спорттық гимнастикада ер адамдар алты, ал әйел адамдар төрт снаряд қолданады.Қозғалыстың сан алуан болуымен, кеңістіктегі дене күшімен және статикалық қалыптың болуымен байланысты тыныс алу аппаратының жұмысына белгілі бір қиындықтар туындайды. Тыныс жиілігі, тереңдігі, ырғақты орындалатын жаттығу техникасының ерекшеліктеріне байланысты келеді. Мәнерлеп сырғанау. Мәнерлеп сырғанауда орындалатын элементтердің темпі,ырғығы,күрделілігі музыканың қостауымен қатар жүреді. Мәнерлеп сырғанау жеке сырғанау (ерлер мен әйелдер), жұптасып сырғанау мен мұзда орындалатын жаттығулардың спорттық билерден тұрады. Энергия шығыны орындалатын жаттығулардың түріне, олардың күрделілігіне, темпіне және т.б. басқа факторларға байланысты энергия шығыны жоғары болады.Еркін күрес, грек-рим, самбо, дзюдо және т.б. күрес түрлері жекпе-жекке қатысады.

Күрестің құралы қарсыласын ұстап алып, тепе-теңдігін жоя отырып, жерге не кілемге алып лақтыру болып табылады. Күресте статистикалық ширығу тән жылдамдықты-күштік жұмыс спортшының күшін, шапшаңдығын, ептілігін дамыта түседі. Палуандардың қимыл әрекеті табысты болу үшін проприоцептивті сезімталдықты дамыту қажет. Палуандарда бұлшық ет жүйесі жақсы дамыған, ол көбіне анаэробты режимде жұмысқа бейімделген. Күрес кезінде энергия шығыны өте көп болады. Ұстасу кезінде ол орта есеппен, 1 минутта 10-12 ккал және одан жоғары мәнге жетіп жығылады. Спорттық жаттығулар кезіндегі бұлшықет қызметі жүйке жүйесінің организм реттеу қабілетінің жақсаруына, тыныс алу, қан айналу мүшелерінің қызыметтік мүмкіндіктерінің артуына, зат алмасудың жақсаруына, организмнің жалпы төзімділігінің жоғарлауына әкеледі. Барлық спорттық ойындар және жаттығулар қандай да бір деңгейде көзбен шамалауды дамытады, тепе-теңдік талдағышының функциялық тұрақтылығын,қимыл талдағышының сезімталдығын жоғарлатады. Жоғарыда жіктелген спорт түрлерін өзіне қажетті тұрғыда қолдануға олады, Спорттық тәрбиенің бір түрі кейде бірнеше нәтиже беруі мүмкін. Мысалы, жарыстарда жақсы көрсеткіштерге жеткен жасөспірімді мақтағанда біреуін ондай мақтау шеберлігін әрі қарай жетілдіре түсуге ынталандыратын болса,екінші жас менменсіп, көкірегін көтеріп кетеді. Міне, сондықтан менменсуге, өркөкіректікке бейім жас спортшыны барынша аз мадақтау керек. Кемшілігін бетіне басу жөнінде де осыны айтуға болады: біруге сапта тұрған спортшылар алдында айтса, екіншісіне жеке айту қажет.

Ережелерді қатаң сақтай отырып жақсы ұйымдастырылған жарыс жасөспірімдерді саналы тәртіпке тәрбиелеудің ұтымды жолдарының бірі болып табылады. Жалпы залдың тазалығы, спорт құралдарының орын-орында жинастырылып қойылуы да жас спортшыларға эстетикалық тәрбие беруге көмектесетіндігін атап айтқан жөн.

Оқытушы сабақты дұрыс, жаттығушылардың сезіміне әсер ететіндей дәрежеде шебер жүргізе білуі тиіс. Сонда сабаққа қатысқандардың көңіл-күйі көтеріліп, қуанышты болады. Бұл олардың тәртібін нығайтып, жаттықтырушының беделін арттырады. Шәкірттерінің алдында беделді болуы үшін ұстаз әрдайым білімі мен шеберлігін жетілдіріп, күрестігі және

спорттың басқа түрлеріндегі (сондай-ақ спортқа қажетті пәндер: физиологиядағы, психологиядағы, анатомиядағы, т.б.) барлық жаңалықтарды біліп отыруы қажет. Жасөспірімдермен сабақ өткізгенде олардың жүрек қан тамыр жүйесінің ерекшеліктерін де ескеру қажет. Осы жоғарыда баяндалғандай спорттық жаттығуларды дұрыс қолдана білетіндей болашақ жастардың көкейіне осындай іс-әрекеттермен ой сала білсек, үлгі көрсеткен заманға сай, салауатты өмір салтын ұстанатын, болашағы зор спортшылар тәрбиелей аламыз деп ойлаймыз. Жастардың тағы бір ерекшелігі – олар тез шаршайды, бірақ тез тыңаяды. Бұл зат алмасу дәрежесінің жоғары болу есебінен орын алады. Бірақ соған қарамастан оларға ересектерге түсетіндей көп күш түсіруге мүлде болмайды. Тыныс алу органдарының да ерекшеліктері бар. Олардың ең бастысы бойның өсуіне қарағанда кеуде қуысының өсуі баяу өтеді. Сондықтан демалу жүйесінің дамуы шектеулі күйде болады. Бұл кезде оларға шамадан артық күш түссе, тыныс алу ырғағының бұзылуы ықтимал. Осы жаста жасөспірімдердің психикасында де елеулі өзгерістер болады.

Сондықтан жаттықтырушының міндеті спортпен айналысушылардың жақсы қасиеттерінің дамуына көмектесіп, оларға дұрыс бағыт сілтеу болып табылады. Жастарға тән тағы бір ерекшелік – олардың орталық жүйке жүйесі өзгергіш, икемді болып келеді де, сондықтан олар аса ептілікті қажет ететін жаттығуларды тез игеріп кетеді.

*Портнягин А.Н.*

*Учитель*

*Многопрофильной гимназии № 41  
город Тараз, РК*

## **ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ**

В условиях социально-экономических и политических преобразований в современном обществе особое значение приобретают вопросы укрепления физического и духовного здоровья человека, формирования здорового образа жизни.

Спорт как важный социальный феномен пронизывает все уровни современного социума, оказывая широкое воздействие на основные сферы жизнедеятельности общества. Он влияет на национальные отношения, деловую жизнь, общественное положение, формирует моду, этические ценности, образ жизни людей. В подтверждение этого тезиса можно привести слова известного спортсмена Александра Волкова: «...спорт сегодня - это главный социальный фактор, способный противостоять нашествию дешевой культуры и дурным привычкам». Действительно, феномен спорта обладает мощной социализирующей силой. Политики давно рассматривают спорт как национальное увлечение, способное сплотить общество единой национальной идеей, наполнить своеобразной идеологией, стремлением людей к успеху, к победе.

В США, например, еще в 60-е годы, спорт, став национальным увлечением, был объявлен моделью самого американского общества. Начиная с 70 - 80-х годов прошлого столетия спорт в США является "второй религией", в которую верят большинство американцев. Население бережно относится к своему здоровью, понимая, что это - личный капитал, от качества которого в жизни зависит многое: карьера, личное счастье, светлое будущее. Немаловажную роль в популяризации спорта сыграли СМИ.

Анализ развития спорта в США и других странах мира показывает, что активная позиция населения по отношению к спорту формируется как следствие хорошей пропаганды СМИ. Именно от СМИ, и в первую очередь от TV, зависит популяризация видов спорта, а занятия физкультурно-спортивной деятельностью рассматриваются как неотъемлемая часть культуры жизнедеятельности.

Люди, прошедшие школу спорта, убеждены, что спорт помог им воспитать веру в свои силы и возможности, а также умение ими воспользоваться. Спорт учит идти на жертвы ради достижения цели. Уроки, усвоенные юными спортсменами на спортивном поле, затем, как правило, помогают и в жизни. Многие из спортсменов утверждают, что именно спорт сделал из них человека, способного быть личностью. Посредством спорта реализуется принцип современной жизни - "рассчитывать на самого себя". Это означает, что достижение успеха зависит, прежде всего, от личных, индивидуальных качеств - честолюбия, инициативы, трудолюбия, терпения, волевых навыков.

Физическая культура и спорт играют важную роль в формировании личности. Многие социальные ситуации проигрываются в спортивной деятельности, что позволяет спортсмену наработать для себя жизненный опыт, выстраивать особую систему ценностей и установок.

Придя в спортивную секцию или школу, юный спортсмен попадает в новую социальную сферу: тренеры, судьи, спортивный коллектив - это новые агенты социализации, конкретные люди, ответственные за воспитание и образование, обучение культурным нормам и образцам поведения, обеспечивающие эффективное освоение новой социальной роли, в которой оказывается юный спортсмен. Для каждого человека особенно важна первичная социализация, когда закладываются основные психофизические и нравственные качества личности. В первичной социализации спортсмена наряду с семьей, школой задействован социальный институт физической культуры и спорта. Среди агентов первичной социализации далеко не все играют одинаковую роль и обладают равным статусом. По отношению к ребенку, проходящему социализацию, родители занимают превосходящую позицию. Для юного спортсмена тренер также играет одну из ведущих ролей. Ровесники, напротив, равны ему. Они прощают ему многое из того, что не прощают родители и тренер. В каком-то смысле, с одной стороны - ровесники, а с другой - родители и тренер воздействуют на юного спортсмена в противоположных направлениях. Тренер в данном случае усиливает позиции родителей в формировании базисных ценностей, а также регулирует сиюминутное поведение, ориентируя юного спортсмена на спортивный стиль жизни, достижение высоких результатов.

Физическая культура и спорт — неотъемлемая часть культуры общества и каждого человека в отдельности. Именно поэтому в нашей стране постоянно придавалось и придаётся большое значение развёртыванию массового физкультурного движения.

В целях реализации новых социальных требований к системе физической культуры и спорта необходимо осуществить комплекс первоочередных мер по улучшению физкультурно-спортивной работы и формированию здорового образа жизни населения.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Виноградов П. А., Душанин А. П., Жолдак В. И. Основы физической культуры и здорового образа жизни. – М.: Советский спорт, 1996.
2. Дубровский В. И. Спортивная физиология.- М.: ВЛАДОС, 2005.
3. Лубышева Л. И. Социальная роль спорта в развитии общества и социализации личности // Физкультура и Спорт. № 3. 2007.
4. Физическая культура: Учебник для студентов вузов. – М.: СпортАкадемПресс, 2003.

**Пушкарь И.Н.,**

*Аға оқытушы*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Тараз қаласы, ҚР*

**Елеусиз С.Б.,**

*Аға оқытушы*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі» кафедрасы*

*Тараз қаласы, ҚР*

**Науатов С.К.**

*П.Ф. МАГИСТРИ, аға оқытушы*

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Алғашқы әскери дайындық және ден тәрбиесі» кафедрасы*

*Тараз қаласы, ҚР*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕР ТӘРБИЕСІНДЕГІ СПОРТТЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ**

### **Аннотация:**

Жасөспірім тәрбиесінде спорттық үйірмелер маңызы өте зор . Өрбір жасөспірім спортпен айналысуы керек . Ол жасөспірім денсаулығы үшін өте пайдалы. Бала енді өсіп , жасөспірім шаққа өткен кезде , дене бітімі енді қалыптасып келе жатқанда , спорт өте маңызды рөлді ойнайды. Олардың денсаулығына және дене бітімінің дұрыс жетілуі үшін керек.

**Түйінді сөздер** : спорт , жасөспірім, бала, денсаулық, ой, жетілу, пайда , дене бітім, жетілу, тәрбие

### **Кіріспе**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді. Барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту маңызды. Спорт инфрақұрылымдарының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады» – деп атап өткен еді. Дене шынықтыру пен бұқаралық спортты дамыту жөнінде 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданды.

«Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжі» білім беру мекемесінде студент жастардың дене мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру, спорттық үйірмелерге қызығуын арттыру мақсатында «Футбол», «Волейбол», «Баскетбол», «Дойбы», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Тоғызқұмалақ» үйірмелері белсенді жұмыс жасайды. Колледж студенттерінің 90 пайызы түрлі үйірмелермен қатысады.

Футбол ойыны адамдарды дене жақтан жан-жақтылық шынықтырып, жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік, ептілік жақтарынан да, қайсар, зерек, қағылез, мойымас қасиетпен жұдырықтай жұмылып селбесетін коллективизмді рухты жетілдіру жағынан да зор маңызға ие. Доп үшін күресте ойыншыдан допты дәл беру нақтылық, дәлдікті, техникалық дағдыны, ара қашықтықты болжауды, соққы күшін есептеу, уақытты ұтымды пайдалану, жылдам ойлауды талап етеді

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы

орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласының алаңына алдап тастау т.б.

Баскетбол ойыны дене күшінің дамуына тиімді әсер етеді. Өткір лақтыру, секіру, қимылдар мен жүгіру тыныс алу жүйесінің жаттығуларына ықпал етіп, төзімділікті арттырады. Дене белсенділігі процесінде үйлестіру керемет дамиды. Баскетбол ойындары ойын барысында ағзаның үйлесімді жұмыс істей бастайтындығына әкеледі, бұл ас қорыту жүйесі мен ішкі секреция мүшелеріне жемісті әсер етеді.

Дойбы - Бүгінгі күнде дойбы спорттың өзге түрлері арасында елеулі орын алады. Қазақстан Республикасының чемпионаттары үнемі өткізіліп тұрады, секциялар құрылған. Дойбы (орыс. шашки) — спорт түрі. Дойбыны алпыс төрт (орыс дойбысы) не жүз (халықаралық дойбы) шаршыға бөлінген тақтада он екі (орыс дойбысы) не жиырма (халықаралық дойбы) таспен екі адам ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. Дүниежүзілік дойбы федерациясы (FMID) 1947 ж. құрылған. Оған отыздан астам ел мүше. Дойбы біздің заманымыздан 2500 жыл шамасы бұрын Мысыр елінде пайда болған. Қазіргі таңда дүние жүзінің он үш елінде әр түрлі атаумен, өзіндік ережемен ойналады.

Шахмат ойыны Шахмат — логикалық ой өрісті машықтандыратын спорт түрі. Шахмат сөзі парсы тілінде "шах" патша, "мат" өлді дегенді білдіреді. Әлемдегі ең танымал спорт түрінің бірі саналады. Шахмат спортының отаны – Үндістан. Біздің дәуірімізге дейін бір ғасыр бұрын пайда болған.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой дамытуға арналған ойыны. Археолог-ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Бүгінде тоғызқұмалақ ойынының әлемде әртүрлі үлгілері бар. Мәселен, Египетте осыған ұқсас ойынды «калах» деп атаса, Шри-Ланкада «олиндакалия», 2 / 2 қырғыздарда «тогузкоргоол», африкалықтарда «манкала», «габата», «абапа», «нам-нам», «бао», «тамподуо», «омвесо», «маработ» деп аталады екен. Сол сияқты америкалықтарда да тоғызқұмалақтың өз үлгілері бар. Олар оны «аджи-бото» немесе «варри роунд» деп атайды.

Үстел теннисі – пайдасы мол дара спорт. Үстел теннисі (Пинг - понг) – белгілі бір ғимарат ішінде, арнайы ойын үстелінде арнайы ракеткамен ойналатын, шапшаңдыққа бағытталған спорт түрі. Егер қарсылас арнайы допты үстелден тыс жерге асырса немесе сіздің алаңыңызға түсіре алмай допты ракеткамен торға ұрса сіз арнайы ережелер бойынша ұпай ала аласыз. Үстел теннисін ойнау қол-көз координациясын жақсартады, ақыл-ойды сергітеді, концентрация мен тактикалық стратегияны дамытады, ойлау шапшаңдығын арттырады, рефлексдерді дамытады, яғни дене қозғалысы шапшаңдығын арттырады, буындарға аса пайдалы, мидың саулығын сақтайды, Мидың түрлі бөліктерінің жұмысын ынталандырады, ұжым бірлігін арттырады.

Тұрақты физикалық жаттығулар көңіл-күйді көтереді және стресспен күреседі. Арықтауға көмектеседі. Физикалық белсенділік – метаболизмді арттырып, қосымша калорийлерді азайтуға ықпалын тигізеді. Спортпен шұғылдану – иммунитетті және төзімділікті арттырады. Тез ұйықтауға көмегін тигізеді. Спорттық іс-шаралар денеден көп күш алады, сондықтан ұйқы ұзақ және күшті болады. Дене шынықтыру кезінде өкпеде өзгерістер пайда болады. Өкпенің дұрыс жұмыс істеуіне байланысты, бронхит және пневмония аурулары туралы ұмытуға болады. Жаттығулар жасау кезінде, жүрек-тамыр және жүйке жүйелеріне жақсы әсер ететін эндорфиндер шығарылады. Мидың ойлау және есте сақтау қабілеттеріне тигізетін пайдасы үлкен. Созылмалы аурулардың пайда болуының басты себептерінің бірі – дене белсенділігінің болмауы. Жаттығулар қан айналымын жақсартады және адамның сүйегін қатайтады.

## **Қорытынды**

Спортпен үзбей шұғылданған бала күшті де батыл, икемді де төзімді, сымбатты да сұлу болып өседі. Болашақта еліміздің намысын қорғап, әлемге атын шығаратын спортшы да жастардың арасынан шығады. Дене шынықтыру жеткіншектерді жан – жақты жетілдіріп, денсаулығын нығайтып, дене мүсінінің сұлулығын қалыптастыруға, оларды өмірде белсенді болуға елін қорғауға дайындайды.

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы(Оқулық).- Алматы 2002.344б.
2. Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004.
3. Word-view.officeapps.live.com

***Рахымжанов А.О.,***

*PhD аға оқытушы, Дене тәрбиесі кафедрасы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, ҚР*

***Қойшыбаев А.,***

*Аға оқытушы, Дене тәрбиесі кафедрасы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, ҚР*

***Баетов Б.К.***

*Аға оқытушы, Дене тәрбиесі кафедрасы  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қаласы, ҚР*

## **ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӨП МӘДЕНИЕТТІ ОЙЫН ҮЛГІЛЕРІ**

Қазіргі таңда техника мен технология дамыған заманда дене шынықтыру сабағының маңыздылығын арттыру осы саланың ғалымдары мен мұғалім зерттеушілерінің пайына келеді. Сондықтан осы ғылым саласының келешегі қалай болатынын анықтайтын зерттеу бағыттары мен жұмыстардың өзектілігі ғылыми жұмыстардың маңыздылығын көрсетіп отырады. Көп мәдениетті білім берудің әртүрлі анықтамалары болуына қарамастан төменде айтылатын ақпараттардың ең негізгісі ол көрсеткіштер болып табылады. Көп мәдениетті білім беру, мектептерде, көпшілікте және тепе-теңдікті қолдау мақсатында жасалатын маңызды, пікірлер толы бір басымдық бағыт болып келеді. Бұл түрден бір білім беру, әртүрлі топтар арасында қарым-қатынас құруға және күшті бөлісуді мақсат етеді. Бұл себептен көп мәдениетті білім беру, мектептердегі жақсарту жұмыстарында, топтар арасындағы өзара ынтымақтастық процесі ретінде де айтуға болады. Бұл процесс барысында мектептердің барлық адамдар үшін қолданылып жұмыс жасауға күш жұмсау қажет. Бұл тұрғыдан алғанда жасалатын жұмыстарда көптеген ғылыми әдістемелік жұмыстар жасалуы қажет. Фитнес, футбол, Би, Волейбол, Олимпиада ойындары, Баскетбол және мұздағы хоккей ойындарының орталықтары, тарихи дамуы өз еліне және басқа мәдениеттерде қалай және қандай құрал-жабдықтар қолданылатыны және бұл ойындар мен бірге спортқа тиісілі дағдылардың көрсетілуімен дене шынықтыру және көп мәдениетті білім беру түсінігі толық қарастырылған мақала ретінде көрсетіп отырмыз. Көп мәдениетті білім беруге байланысты кезең-кезең даму өзгерістерді қарастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жерде әртүрлі мәдениеттерден келетін тұлғалардан тұратын демократиялық қоғамда көрініс табуы және демократиялық азаматтық білім беруге қазіргі таңда Қазақстанда өте үлкен мән беріп осы жұмыстар аясында көптеген жобалар мен зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын толыққанды айта аламыз. Сондықтан да көптеген

мақалаларда қарастырылғандай әр зерттеудің өзіндік әдістемесін көрсете отырып, бұл жұмыстың маңыздылығын көрсеткіміз келеді. Өйткені спорт және дене шынықтыру арқылы осындай көп мәдениетті қарым-қатынас түрлерін құруға және білім беру арқылы алға жылжытуға және дамытуға мүмкіндіктер туады. Қазіргі таңда бұл алаңда жылдам өзгерістер және дамулар дене шынықтыру және спорт саласында көрініп жатқанын айтып, осы бағытта жұмыстар жасалып жатқанын ғылыми дәлел ретінде әдебиет көздері арқылы тағы да дәлел үстіне дәлел ретінде ұсына аламыз. Оқушылардың ақыл және дене дамуының көрінуі үшін дене шынықтыру сабақтарына деген қажеттілік туындайды. Дене шынықтыру және спорт бағдарламалары, оқушылардың өсіп-жетілуіне өз кезегінде ерекшеліктерге ие болып және қажеттілік туындаса негізге алынып зерттелуі қажет. Осылайша дене шынықтыру сабақтарымен оқушылардың дене бітімін ең тиімді және әсерлі пайдалы жағдайларды қалай қолдануымыз қажет соны бізге үйретеді. Кейбір халықтардың айтуы бойынша «Адамдардың ең жақсысы, адамдарға ең пайдалысы» деп бекерге айтылмаған болатын. Сондықтан біз көп мәдениетті оқушы бойында қалыптастыру үшін дене шынықтыру сабағының ең тиімді ең жақсы жақтарын әдіс-тәсілдерін қолдануымыз қажет. Бұл осы ғылым саласының әрі қарай өзектілігі мен қолданысқа енуін қамтамасыз етіп, жастардың бойында елдің, ұлттың және қоғамның тұрақты дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз. Кейбір зерттеулерге қарағанда мәдениет бір даму көрсеткіші ретінде білінеді. Тейлор айтқандай, «Мәдениет немесе өркениет; сенімдер және құрылымдардың (өнер, құқық, дін, шынайы өмір) жиынтығы» деп қарауымыз қажет. Тейлор мәдениеті, дағды және әдет болған жағдайлардың бүтіндігі деп түсіндіреді [1]. Адамдардың бір-бірімен және қоршаған ортамен байланысы мен аралас құраластары, ұжымдасу және жиынтық өнімдері деп қарауға болады. Мысалы әдістеме ретінде алатын болсақ, 9,10 және 11 сыныптар үшін дайындалған Дене шынықтыру бағдарламасындағы 2 тараудағы Атлетика, 3 тараудағы Еркін гимнастика, 5,6,7 және 8 тараулардағы баскетбол, волейбол, қол добы және футбол бұл спорттың орталықтары, тарихы басқа мәдениеттерде қалай және қандай әдістемелермен жүзеге асады. Бұл әрине әдістемелік тұрғыдан осы спорт түрлерін қолдану арқылы көздеген мақсатымызды жүзеге асыруға болатынын көрсетеді. Осылай тағы да Америкада Лонг Балл ойыны екі топ арқылы ойналады, бір топ шабуыл жасаса, екінші топ қорғанысқа көшеді [2]. Көп мәдениетті білім беруде Лонг Балл, Кик Балл Релай және Скисорс Брод Жамп ойындарын айтуға болады. Бұл нені көрсетеді біз ұлттық ойынымызбен бірге Халықаралық аренада танылған әрбір елдің өзіндік мәдениетін дене шынықтыру сабақтары арқылы тануымызға және оқушылардың бойына сіңіруімізге болатынын ғылыми тұрғыда көрсету болды.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Ertürk S (1998). Eğitimde Program Geliştirme, Ankara: Meteksan.
2. Ninham D (2002). The Games of Life: Integrating Multicultural Games in physical education, Journal of Physical Education, Recreation & Dance; No: 73, USA: Canada.

*Салтаев О.М.*

*ГКП на ПХВ школа - гимназия № 22*

## **ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ**

Жизнь человека – это тренировка к завтрашнему дню жизни. Как сделать завтрашний день интересным и перспективным. К вам приходит маленький, хрупкий человек, как слепить из него надежного и стойкого человека, а возможно и спортсмена. Пришёл значит уже есть первая ступень, возможно он настроился и хочет действительно заниматься спортом. Возможно он просто пришёл с другом, возможно родители настояли... Ваша задача: 1 Заинтересовать. 2 Убедить. 3 Увидеть перспективу в занятии спортом. Ваше



настроение, ваше требования пусть не спугнут пришедшего. Тренер должен быть сам примером. 1 Форма. 2 Расчёт времени. 3 Держать слово и обещания.

Тренировка – это медленный процесс, к дружбе со спортом. Здесь важно все : помещение, инвентарь, количество детей, заинтересованность тренера, требование и даже голос и команды. Когда это все стыкуется с внутренним миром ребенка, он увидит в тренере желание его обучить, решимость, дружеское подбадривание. Вы решите проблему номер один: ребенок будет бросать все свои дела и спешить на тренировку. От занятий к занятию дружба со спортом растёт, но есть проблема номер два: родители. Они порой не понимают интерес ребенка. Считают ходить на тренировки – это путь в большой спорт, это травматизм, это незнание, где находится ребенок. Настроить их на мысль что необходимо для их ребенка, что у него есть задачи и как их нужно развивать. Убедить их, что их ребенок самый лучший, и команда без него будет неполноценной.

Проблема номер три: занятие спортом должно быть бесплатным для ребенка, не все согласятся на платные занятия, тут важно материальное состояние семьи. Ребенок и родители должны поверить тренеру, это как больной верит врачу, как человек верит в прекрасное будущее своей страны.

Перспективы тренировок позволят развивать спорт, не просто спорт, а массовый, чем больше любителей спорта, тем здоровее общество, развивать большой спорт, ведь дом строится с фундамента, а тренировка – это фундамент для того чтобы развить спорт своей страны, развивать стойкую психику ребенка, будущего гражданина, кто занимается спортом, он сдержан, уверен, сильный и имеет свое мнение .

Перспектива тренировок – самое главное – это спорт для учащихся, доступный, но интересный, по желанию. Выигрывают не только родители, которые отдают свое чадо в надежные руки, но и страна, общество, которое получает целеустремлённых , культурных, здоровых, умных. Да умных спорт – это математика, физика, биология, литература, знание иностранных языков – перспективы много надо дерзать!

Выигрывают все! Успеха и удачи в работе всем кто связал свою судьбу со спортом!  
Из собственного опыта.

**Сатенов Е.И.,**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

**Орынбасар П.О.,**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

**Уразбаев А.А.**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

## **ҚАЗАҚ КҮРЕСІНДЕ ПАЛУАННЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Жылдамдық - адамның қандай да болмасын қозғалысты тез-шапшаң орындау қабілеті. Жылдамдық, қозғалыс түрінің басталуы мен толық аяқталған кезі аралығында уақытпен өлшейді. Балuanның жылдамдық қабілет мөлшері төмендегі жағдайларға байланысты болып келеді;

а) Оның жүйке жүйесіеің тітіркендіргішке жауап беру қабілетіне

- ә) Қозғалтуға қажетті салмақ мөлшерімен оны орындаушы дене-күш қабілетінің арасындағы айырмашылыққа
- б) Қозғалыс түрінің өзгеру жиілігіне
- в) Балuanның әдіс-айланы меңгеру шеберлігіне

Балуанның орталық жүйке жүйесінің қозу мен тежелу үдерістерінің алмасу жылдамдығына байланысты берілген жүктемені орындау қабілеттері әр түрлі болып келеді [1]. Күресте қозғалыстар түрі көбіне қарапайым және күрделі болып келеді. Қарапайым қозғалыстарға палуанның кілемдегі тұрысының өзгеруі, тепе-теңдіктен шығаруға бағытталған қозғалыстары жатады. Бұған қарсылас балуан алдын-ала бір қозғалыс түрімен жауап бередуі ықтимал. Балуан кездесу кезінде көбінесе қозғалыстың күрделі түрін іске асыруға мәжбүр болады, оған қарсылас қозғалысының бір түріне бірнеше жолмен жауап беруі немесе жалғыз түрін таңдап алуы себеп болады. Қозғалысты орындау кезінде ең қолайлысын таңдап алу қарсыласқа жауап беру уақытын ұзартады. Балуанның өзінің әдіс-айланы орындауы немесе қорғануы, сол арқылы қарсыластың қозғалысы түріне сәйкес жасау қабілеті, кілемдегі жеңіске жету нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Қарсылас балуанның әр қозғалысы түріне баға бере, білуі, сәт сайын өзгеріп отыратын қозғалыс түрінің бағыты мен жылдамдығын есепке ала отырып өзіне қажетті уақытта әдіс-айла орындай алу қабілеті, балуанның машықтану шеберлігінің деңгейін көрсетеді. Белдесу кезінде балуан көбіне қарсыласының әдіс-айласының қайсысы жалған қимыл екендігін, қайсысы негізгі екендігін айырып әрекет етуге машықтануы тиіс.

Жоғарыда айтылған жағдай жаттығу кезінде адамның сезгіштік жұмыс қабілетінің ерекшелігіне бағынады, неғұрлым осы сезгіштік қабілеттер жұмысы жақсы дамыған болса, балуанның әрекет етуге жұмсайтын уақыты жылдам және дәл болады. Осы тітіркендіргіштер жұмысын (көру, есту, жанау) арнайы жаттығулар топтамасын қолдану арқылы жақсартуға болады.

Бұлшық ет күші мен дененің салмағы арасындағы байланысты пайдалану әдістемесінің ерекшелігі - жаттығу кезінде көтеретін салмақты қажетті салмақтан аз алады да, жаттығуды өте жылдам орындау мақсаты қойылады. Осындай орындауды көп рет қайталай отырып, көтеретін салмақ мөлшерін біртіндеп көбейте береді, бірақ жаттығуды орындау жылдамдығы төмендемейді.

Жаттығуды күрделендіре отырып орындау әдістемесінің ерекшелігі - көтеретін жүк мөлшері қалыптыдан көп алынады. Берілген жаттығуды үлкен салмақпен және жылдам орындау тапсырмасын орындаған соң, қайтадан бастапқы қалыпты салмаққа көшеді. Осылай болған кезде орындаушыға жаттығуды орындау өте жеңіл сезіледі, ол бұрынғыдан да жылдам орындау қабілетіне ие болады [2].

Қозғалыс түрін жылдам ауыстырып орындату әдістемесі бұлшық еттердің жұмыс қабілетінің тез ауысуы мен дәл және жылдам орындалуына бағытталады және бұлшық еттердің тез жиырылуы мен екіншісінің тез босауының арасындағы байланысты дамытады. Тәжірибе түрінде шеберлігі жоғары машықтанған балуанның бұлшық еттері, машықтанбаған адамға қарағанда жиырылуы мен босауы жылдам болатындығы дәлелденген.

#### **Күресшінің жалпы жылдамдық қабілетін арттыру жолдары:**

Уақытты қысқарту әдістемесінің мақсаты белдесу уақытын қысқартып алады және қарсылас балуанға бірнеше ұпайды артық беру арқылы күрестіреді. Мақсат-арттық берілген ұпайды теңестіру және 1-2 минут ішінде жеңіске жету.

Бөлімдерге бөліп күрестіру әдістемесі іске асыру үшін балуанға 3-5 белдесу өткізу тапсырмасы беріледі. Әр белдесу ұзақтығы 1-2 минут, бірақ белдесуде өте жоғары қарқында өткізуі тиіс. Әр белдесу бөліктерінің арасында 3-5 минуттық үзіліс беріледі, осы үзіліс уақыты біртіндеп қысқартыла береді, белдесуді жүргізу қарқынын төмендетпеу тапсырылады.

Бірғақты әдістеменің ерекшелігі балуан белдесуге берілген уақыт кезінде күресуді бірде жылдам, бірде сылбыр, баяу қарқынмен күресіп отырады. Біртіндеп баяу күресу уақыты азайтыла береді.

Уақытты көбейту әдістемесі кезінде балуанға қысқы уақытта үлкен қарқынмен жұмыс жасау тапсырмасы беріледі. Әр сағат сайын белдесу уақыты ұзартыла береді, бірақ күресу қарқыны төмендемейді.

#### **Күресшінің арнайы жылдамдығын арттыру жаттығулары:**

Балуанның арнайы жылдамдығы – оның нәтижелі белдесуге аз уақыт жұмсап жетуіне бағытталған. Жылдамдық көрінісін әр адам субъективті түрде қабылдайды. Біреуге жылдам көрінген қозғалыс біреу үшін баяу болуы ықтимал. Спорттық шеберлік неғұрлым жоғары болған сайын, арнайы жылдамдық қабілеті жоғары бола бастайды.

Күрес әдіс-айласын шебер орындауға машықтандыру жылдамдық қабілетін арттыруға көмектеседі. Жылдам орындауға жұмсалатын уақытты азайту төмендігі жағдайларға байланысты:

1. Әдісті немесе жаттығу түрін орындау элементтерін ауыстыруға
2. Әр қимыл түрін жұмсалатын уақыттың қасындысына
3. Жаттығуды орындауға жұмсалатын күш қосындысына
4. Қозғалысты орындауға жұмсалатын жол ұзақтығын қысқартуға
5. Қозғалысты атқаратын иінді қысқартуға

Қозғалысқа қатысатын бірнеше дене мүшелерінің жылдамдықтарын біріктіру, қосу жалпы жылдамдықты арттырады. Орындауға қажетті күрес әдісінің бірнеше бөліктерінің бірігуі арқылы, толық әдіс көрініс береді. Олар көбіне брінен кейін бірінің қалыптасқан реті бойынша орындалады. Машықтану кезінде осы орындалу реті жаттықтырушының тапсырмасы бойынша өзгертілуі ықтимал. Мысалы, қол және желкеден ұстау арқылы арқадан асыра лақтыру әдісін орындау реті: 1) ұстау, 2) арқамен қарсыласқа бұрылу, 3) көтере лақтыру, 4) құлау болып бөлінеді. Ал, жақсы машықтанған балуандар осы ретті, көбіне, өзгертіп орындайды. Мысалы, - алдымен олар құлап бара жатып бұрылу, ұстауды, соңынан көтере лақтыруды орындайды [3]. Әдісті осылай орындау кезінде жұмсалатын күш, дене мүшелерінің үйлесімді жұмыс істеуді барлығы әдісті жылдам орындауға бағытталады, сонда қарсыластың әдіске қарсы әрекет ету мүмкіндігі азаяды

Қарама-қарсы бағытталған жылдамдықтарды қосу арқылы қозғалыс жылдамдығын арттыруға болады. Оған қарсылас балуан өзіне қарай қозғалып келе жатқанда сол қозғалысын жалғастыра әдіс орындай алу жатады. Осылай орындау кезінде жылдамдық көрсеткіші артқанымен күш көрсеткіші кемітіндігін еске ұстаған жөн

Қарсылас балуанның қорғаныс жылдамдығын төмендету арқылы әдіс айланы өте жылдам және шебер орындай білу дәрежесіне жету, күресу үстінде шабуылдау немесе қорғану кезеңдерін қарсылас жылдамдығынан тез орындау қабілетіне жеткізеді. Қарсылас балуан жылдамдығын төмендегі жағдайларды қолданып азайтуға болады:

- а) оның күшіне күшпен қарсы жауап беру арқылы,
- ә) қарсыластың дене мүшелерінің қозғалыс жолын ұзарту арқылы,
- б) қозғалыс инерциясын ұзарту арқылы т.б.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін көбіне «алдын алу» белдесулерін өткізеді. Бұл белдесулердің ерекшеліктері онда қарсылас балуанға шабуыл жасап, әдіс орындауға тапсырма беріледі, ал қорғанушы балуан осы шабуылдың «алдын алып» одан да тез әрекет етіп, өзі әдіс орындауға міндетті.

Жылдам әрекет етіп үйретуге өзінен салмағы жеңіл балуанмен күрестіру де тиімді болып келеді, себебі салмағы жеңіл балуанның салмағы ауыр балуаннан қозғалысы жылдам болып келеді. Мақсат – жылдам қозғалысқа қарсы әрекет ете білуге үйрет.

Арнайы жылдамдық көрсеткішін төменгі формуламен есептейді.

$A$  жылдамдық =  $t$  ;  $t$  - күресу уақыты.  
 $R$   $R$  – көрсеткіш (ұпай саны, жарыста алған орын).

Бір-біріне қарсы бағытталған күш түрлерін қосу жылдамдық инерциясын арттырады.

Әдіс орындауға қосылатын дене мүшелерінің қозғалыс жолын қысқарту оның орындау уақытының азаюы әкеледі, яғни, әдісті жылдам жасау мүмкіндігі артады. Мысалы, арқадан аса лақтыру әдісін орындау кезінде жамбасты алға алдын ала шығару, сол әдісті орындау жылдамдығын арттырады. Жамбасты алға шығару, тобықтан қағу, шалу, ілу, өңгеріп лақтыру сияқты әдістерді жылдам орындауға көмектеседі. Алға еңкею, қолды төмен түсіру, аяқтан ұстау әдістерін жасауға қолайлы.

Қозғалу инерциясының айналу осьне жақын болуы әдісті жылдам орындауға қолайлы болып келеді, оны төменгі мысалдардан көруге болады. Мысалы, арқадан асыра лақтыру әдісін орындау үшін балуан өз денесін тік өсі бойынша бұру қажет болады, сондықтан әдіс орындаушының денесінің неғұрлым тік жағдайда болып айналу өсіне жақын болуы, сонымен қатар қолмен аяқтың осы өске жақын болуы әдісті орындауды жылдамдатады. Әдісті бір аяқта тұрған жағдайда, дененің еңкейіп тұрған қалпында, қолдардың жан-жаққа созылған күйінде жасау әдісті орындауды баяулатады. Шалу, қағу, ілу әдістерін аяқтың бүгілген қалпына орындау жылдам болады. Аяқтың түзу қалпында болуы әдісті орындау уақытын созып орындау мүмкіндігін азаятады.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Алимханов Е. Қазақ күресі. Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 165 б.
2. Мұхиддинов Е. Қазақша күрес. Оқу құралы. – Алматы, 1992. – 60 б.
3. Қобланов Ж «Спорттық күрес әдістемесінің негіздері». Оқу құралы. - Шымкент: 1992. - 120 б.

**Сатенов Е.И.,**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

**Құрманбаев Б.І.,**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

**Жилисбаев Н.К.**

*Халықаралық туризм және меймандостық университеті,  
«Спорт» кафедрасының аға оқытушылары  
Түркістан қаласы, ҚР*

## **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОРНЫ**

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарын балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық адамгершілік ой талабының өсуінде оның атқаратын қызметін жоғары бағалады. Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға

тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады. Бұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде ұлттық спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан, оқушылардың оқитын орындары да қашықта болғандықтан, мектептен тыс сабақтар мүлдем жүргізілмейді. Осы жоғарыда айтқан мәселелердің бәрі аталған тақырыптың әлі де болса жан-жақты толық зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді [1]. Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық міндеттеріне байланысты тандап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Жалпы ойындарды жүйелі түрде пайдалану, қиыншылықтарды жеңуге, еңбексүйгіш субъект ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді [2]. Ұлттық ойындар жаттығулар көмегімен оқушыларды жаттығуға керек психикалық күйге түсіреді. Көңіл күйді көтеру, көңілдену, тактикалық ойлауды дамыту, сыртқы қоршаған ортаны тез сезіну, келешек істелетін жұмыстарға дайындалу, жинақталу қасиеттерін қамтамасыз етеді. Ойын жаттығуларын ойша қайталау арқылы барлық ықылас зейінді аударуға негізделеді. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді [3]. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» Ақ серек, көк серек», «Соқыр теке», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Әтештер қақтығысы», «Қызыл ту», «Мысық пен Тышқан», «Теңге алу», т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Балаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді [4]. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Ойын баланың

барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне көмектеседі. Халқымыз ойындарғы тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Ал кей балалар ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей балалар ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін қызықты ойынның түрлері өте көп. Халық арасында «Денсаулық - зор байлық» деп тегін айтылмаған. Демек, кезінде ұлттық ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағытталған [5]. Сондықтан білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық ойындарды спорттық ойын түрлеріне, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып пайдалануға кез келген дене тәрбиесі мұғалімінің мүмкіндігі бар.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді.

Оқушының сөздік қорын байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған [6]. Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады [7]. М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды [8]. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген [9]. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен спорттық, дене тәрбиеге байланысты тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Тулегенов Ж.М. Внедрение казахских национальных форм и средств физического воспитания в современный педагогический процесс; автореф...канд. пед. наук: 13.00.01. - Алма-Ата, 1982. - С. - 13-15.
2. Бүркітбаев Ә. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. - Алматы: «Жалын», 1978. - 89 б.
3. Сухомлинский В.Н. Как воспитать настоящего человека. - М.: «Педагогика», 1989.
4. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы, «Рауан», 1991. - 144 б.
5. Методика физического воспитания в дошкольных учреждениях. Уч.пособие. - М.: «Просвещение», 1984. - 208 с.
6. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 24-26 б.
7. Диваев А. Как киргизы развлекают детей // «Этнографическое образование», 1908. - № 1,2. - 4-5 с.
8. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 24-26 б.
9. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: «Қайнар», 1994. - 150 б.

*Сейданова А.Д.*  
*оқытушы, магистр*  
*«Дене шынықтыру және БӘД» кафедрасы*  
*Қорқыт Ата атындағы ҚУ*  
*Қызылорда қаласы, ҚР*

#### **ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ТІРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Болашақ ұрпақ тәрбиелеуде оның ішінде дене тәрбиесі бағытында өзінің қолайлы тәрбие құралдарының бірі екендігін дәлелдеп келе жатқан ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлері. Қазақ халқының Ұлттық спорты – халқымыздың өмірімен бірге дамып келе жатқан мәдени жетістіктерінің маңызды бір саласы. Ұлттық спорт пен ұлттық ойындар

қазақ халқының спорт тарихын, салт-дәстүрін жеткізуші ретінде, барлық жастағы балалардың дене шынығуына арналған ойын түрлерімен ерекшеленеді.

Қазақстың ұлттық спорты 1920-1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде: ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда колхозшылардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944-1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып болып өсіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт түрлері ойындарының өте кең тараған түрлері: «Қазақ күресі», тоғызқұмалақ, асық ату, ат спорты ойындары (көкпар, аударыспақ, бәйге, қыз-қуу) сияқты ойын түрлері көне заманнан осы заманға дейін халықпен бірге жасасып келеді.

Қазіргі кезде ұлттық күрес, тоғызқұмалақ, бес тас және ат спорты ойындарының түрлі үйірмелері ашылып, спорт мектептерінде арнайы жаттықтырушылар жаттықтыра бастады. Күрестің ұлттық түрі - қазақ күресі. Күрестің ұлттық түрі «**қазақ күресінің**» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді. Бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол қорғанудың ұлттық өнері («Самбо»). Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде; арнаулы жазық жерде, тегістегі қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

2012 жылдан бастап Қазақстанда жыл сайын қазақша күрестен "Қазақстан барысы" республикалық турнирі өтеді. Бұл осы ұлттық спорт түрін дамыту үшін өткізіледі. Турнир Тараз қаласында өтеді. Турнирге барша Қазақстаннан спортшылар қатысады. Ережеге сәйкес, балуандар абсолюттік салмақ дәрежесінде өнер көрсетеді. Сонымен қатар Тараз қаласында "Еуразия барысы" халықаралық турнирі өтеді. Мұнда Еуропа мен Азиядан балуандар қатысады. Тұрақты қатысушылары Иран, Моңғолия, Ресей, Польша, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Қытай және Қазақстан балуандары.

Қазақ күресі – бүгінгі күнде өз өмірін спортпен байланыстыратын адамдар үшін әлеуметтік саты болып табылады. Ұлттық күресті жаңа деңгейге көтеру қазақ елінің мәртебесі. Себебі, осы әлем күресі арқылы мыңдаған ел тамашалап, қазақ деген елді танып біліп жатыр десек қателеспейміз. Егер мемлекет болып, ел болып қазақ күресін қолға алсақ, әлемдік деңгейге көтерілуі мүмкін.

### **Ұлттық ойындар тәрбиенің көзі**

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оған Отан сүйгіштікке даярлауға қызмет етеді.



Тарихи деректерді сараптасак, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашқы дене тәрбиесі арнайы ұйымдастырылған ұлттық ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс береді.

Бұл кезеңдегі ойындар мен денені шынықтыру жаттығулары қарапайым түрде болғанымен, олардың жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды. Ұлттық ойындар-халықтың болмысын, тұрмыс-тіршілігімен әлеуметтік-мәдени тұрмысынан хабар беретін ұлттық сипатқа ие әрекет түрі. Қазақ этнопедагогикалық ойының дамуына үлкен үлестерін қосқан А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров т.б. халқына тәрбие құндылықтарын, оның ішінде дене тәрбиесіне байланысты құнды пікірлер айтқан. Ұлы ағартушы Абай дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі үйлескенде ғана әр адам сымбатты болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан жан болсақ деген пікірді қуаттайды. Ұлы Абай дене күшін, дене қасиетін қалыптастыру, оның ақыл-ой тәрбиесіне тікелей байланысын көрсете отырып, «тәрбиелеу керек» деп жәй ғана сөзбен емес, оны дұрыс жолға қоюды нақты істермен, жолдармен насихаттау, тәрбиенің өзегін философиялық, психологиялық арнаудан іздеу қажеттілігіне тоқтады.

Ойнамайтын бала жоқ. Ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат алады.

*Селева В.А.,*

*аспирант 3 года обучения*

*ФГБОУ ВО «ЧГАФКиС»,*

*город Чайковский, РФ*

*Кузнецова З.М.*

*д.п.н., профессор ФГБОУ ВО ЧГАФКиС*

*город Чайковский, РФ*

## **ПОДГОТОВКА ЖЕНЩИН К СДАЧЕ НОРМ ГТО СРЕДСТВАМИ ФИТНЕСА**

**Ключевые слова:** женщины зрелого возраста, ГТО, фитнес-технологии, физические качества.

**Аннотация:** Целью работы является укрепление физической подготовки женщин зрелого возраста. Задачами исследования явилось определение уровня здоровья и физической подготовленности женщин зрелого возраста, относительно современного комплекса ГТО, разработка методики для групповых занятий с женщинами зрелого возраста с целью подготовки их к выполнению возрастных норм ВФСК ГТО, а также экспериментальное обоснование модульной технологии подготовки женщин к выполнению норм ВФСК ГТО. Исследование построено с использованием методов тестирования, педагогического эксперимента. Представлены данные об уровне физической подготовленности женщин зрелого возраста относительно современных норм ВФСК ГТО. В публикации описаны основные разделы модульной технологии подготовки женщин к выполнению норм ГТО. Представленные результаты проведенного педагогического эксперимента проверены на достоверность и доказывают эффективность разработанной модульной технологии.

**Актуальность.** Специфические особенности организма женщин выражаются в физическом развитии, строении тела, степени развития основных физических и психофизиологических качеств - силы, быстроты, выносливости, координации, общей работоспособности и т.д., а также в особенностях функционирования нервной, эндокринной и других систем.

Ухудшение физического состояния женщин в возрасте 30-50 лет носит функциональный,

обратимый характер. При регулярном выполнении физических упражнений удается в полном объеме восстановить физическую работоспособность, улучшить физические качества и состояние здоровья.

В настоящее время фитнес-технологии широко используются в индустрии здоровья сбережения.. Появляются всё новые и новые направления.. Количество фитнес-направлений настолько велико, что разобраться в них непросто[2].

Наиболее популярными являются интервальный тренинг, методики «Табата», «Турбулентный тренинг», «боди-памп», но они не подходят женщинам зрелого возраста, поскольку требуют высокой интенсивности. Нужен более мягкий подход.

Эту точку зрения разделяют многие специалисты. Именно этим объясняется популярность так называемых щадящих направлений фитнеса. К ним можно отнести «Ушу», «Йога», «Стретчинг».

Также к «мягким» можно отнести систему «Пилатес». Данная система предполагает использование силовых упражнений в медленном темпе. Все движения выполняются с сосредоточением, контролируя работающие мышцы. Суть в постоянном внимании на вытягивании позвоночника; среднегрудное дыхание (при котором ребра расширяются в стороны, не поднимаются плечи и не выпячивается живот); сосредоточение на работающих мышцах; постоянное напряжение поперечной мышцы живота, проявляющееся во втягивании живота[3].

Появляются и приобретают популярность другие направления, которые ориентированы на компенсаторное воздействие. Здесь можно отметить относительно новое в нашей стране направление «Эссентрикс»[1]. Суть его в том, чтобы выполнять упражнения в медленном темпе и с большой амплитудой, контролируя прямой позвоночник. Именно оно стало основой модульной технологии в модуле «Гибкость».

**Цель исследования:** выявить влияние различных направлений фитнеса на двигательные качества женщин зрелого возраста.

В ходе работы нами была проанализирована научно-методическая литература по теме исследования. Выявлена проблема низкого уровня физической подготовленности женщин.

**Результаты исследования.** В ходе исследования нами было выявлено, что у женщин возникают проблемы со сдачей нормативов ВФСК ГТО, в частности, нормативов наклон вперед из положения стоя на гимнастической скамье. Нами была разработана модульная технология по подготовке женщин к сдаче норм ГТО, в которую вошли самые популярные и щадящие направления.

При организации годичного цикла оздоровительных занятий было выделено 4 модуля по названиям двигательных качеств, которые мы будем развивать и совершенствовать: выносливость, сила, быстрота, гибкость.

На модуль «Выносливость» занятия организовывались методами длительного непрерывного упражнения, экстенсивно-интервального упражнения для адаптации систем организма к предстоящим нагрузкам.

Содержание модуля «Сила» включало занятия, организованные по методу экстенсивно-интервального упражнения с жесткими интервалами отдыха, что позволило развивать в большей мере силовую и скоростно-силовую выносливость.

Программа модуля «Быстрота» включала занятия, проводимые преимущественно интенсивно-интервальным и экстенсивно-интервальным методами. На данном этапе в программу тренировок были включены упражнения взрывного характера.

Модуль «Гибкость» включает занятия по методикам эссентрикс, йоги, стрейчинга.

В ходе реализации модульной технологии женщины посещали групповые программы 3 раза в неделю на протяжении 12 месяцев. Свое текущее состояние занимающиеся фиксировали в дневнике самоконтроля.

В начале педагогического эксперимента между группами не было достоверных различий.

По окончании педагогического эксперимента ряд показателей уже отличался достоверно. Причем в пользу экспериментальной группы.

Так, уровень здоровья занимающихся женщин повысился до 12,8 баллов в экспериментальной группе и до 9,0 баллов в контрольной группе. Наиболее существенно это видно в показателях восстановления ЧСС после нагрузки. У женщин экспериментальной группы оно сократилось на 28,1с, а у женщин контрольной группы на 8,7с.

### **Выводы**

Таким образом, занимающиеся экспериментальной группы значительно улучшили свое физическое состояние, поэтому разработанная модульная технология подготовки женщин зрелого возраста к выполнению норм ГТО в процессе групповых занятий оказалась более эффективной.

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1.Власенко Т.Н., Крутских О.С., Голикова М.А., Мамедова Л.А., Федореева Е.А. Эффективность групповой фитнес программы функциональная тренировка. В сборнике: Физическая культура и спорт в современном обществе. Материалы Всероссийской научно-практической конференции. Под редакцией С.С. Добровольского. 2019. С. 76-80.

2.Романенко Н.И., Кудяшева А.Н., Борисова Л.И. Влияние функциональной тренировки на физическую подготовленность женщин 40-50 лет. Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. 2019. № 9 (175). С. 253-256.

3.Серова Н.Б., Зуева А.А. Тренировки по системе пилатес как способ улучшения функционального состояния поясничного отдела позвоночника/ Энигма. 2021. № 39. - С. 88-91.

4.Кузнецов А.С., Кузнецова З.М. II Съезд членов общественной организации «Российское профессорское собрание». Педагогико-психологические и медико-биологические проблемы физической культуры и спорта. 2019. - ;14(4). – С.5-7. DOI:10.14526/2070-4798-2019-1404-5-7.

*Сердалиева С.,  
I курс студенті  
М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ.,  
Тараз қаласы, ҚР  
Ғылыми жетекшісі: Рожко Г.Т.  
аға оқытушысы  
М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ.,  
«АӘД және Дене тәрбиесі» кафедрасы  
Тараз қаласы, ҚР*

## **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**Аннотация:** «Спорт денсаулық кепілі », «Салауатты өмір салтын ұстанайық » деген салмақты сөздер бүгінгі күні жай ғана сөз тіркесіне айналып бара жатқан сынайлы. Спортпен айналыспақ түгілі жаттығу жасап, дене шынықтырған адам баласын көзбен көру арманға айналды. Қайда қарасақта ауыр нәрсе көтеру былай тұрсын, орнынан қозғалта алмайтын, ауыздары фас фудтан босамайтын, сәл салқын болса дем арада ауырып қалатын, денсаулықтары әлсіз, бірақ өздерін мінсіз санайтын адамдар. Дей тұрғанмен спорт саласынан Қазақстан бір жола алыстап кетті деген сөз емес. Жалпы айтқанда орта білім беретін мектеп-лицейлер , сондай-ақ жоғары оқу орындарында дене шынықтыру атты сабақ пән ретінде белгіленген . Бұл ретте спорт шеберлерін дайындауға не кедергі, болашағы бар сала деп айтуға келеді ме?...

**Тірек сөздер:** спорт , мәселе, жастар , гимнастика, футбол, волейбол, баскетбол, мамандық, дене шынықтыру, кездесу, халық, жалқаулық , мақсат, тәрбие, үлгі, оқу орындары, үйірмелер, қызығушылық президент.

Дамыған заманда жастардың ойлайтын заттары мен істейтін әрекеттері бір текті дей аламын. Бәрі мұғалім, бәрі дәрігер. Спортшы боламын деп мақсат қойып, ниет ететін жастар саны өте аз. Мектеп қабырғасын тәмәмдап, жаңа өмірге қадам басқан талапкерге, «Өзіңізді қай мамандықта елестете аласыз?» дегенде әлгінде өзім айтпақшы: тіс дәрігері я болмаса

мұғалім дері ащы болса да шындық қой. Спортқа қызығушылық танытатын жастардан гөрі мұрнын шүйіре қарап, «Ой, оданда мәдениет саласына кеткенім дұрыс» дейтіндер саны неге көп? Дене шынықтыру мәселерінің белең алғаны қаншалықты рас? Мен мұны түбегейлі зерттеуге білек сыбана кірістім. Олай болса бастайық. Ең әуелі асықпай, баппен айналымызға бір зер салып, назар аударар қарайықшы. Күллі халық «сау» көрінері тайға таңба басқандай. Сырты бүтін іші түтін демекші арғы күніміздегі денсаулығымыз шындығына келгенде өзімізге де беймәлім емес пе?! Онда нені күтеміз. Қазірден бастайық десем ешкім құлағына қыстырмайды. Бұған себеп тек қызығушылықтың жоқтығы. Ал қызығушылық қайдан пайда болады десем әркімнің айтар өз уәжі дайын. Ал менің нұсқам: үйде, көшеде, мектепте барлық жерде барлық адам түгелдей дерлік спортқа бет бұрып, дене шынықтыру жаттығуларын, ел қызығарлықтай жасаса мұндай оқылықтар орын алмас еді. Яғни мәселе етіп қарастырмас едік дегім келеді. Екіншіден жоғарыда атап өткендей дене шынықтыру сабағы барлық оқу орындарында қарастырылған. Тіпті неше түрлі білімі бар жаттықтырушылар келіп сабақ береді. Мұндағы шикілік менің пайымдауынша, осы ұстаздардың жастарға селсоқтығы мен жастардың өзіне келгендегі жалқаулығы сияқты. Мәселен ұстаздардың өз білгенін үйретуге құлқы жоқ десемше? Ал балаларда қызығушылық міне осы себепті жоқ. Алайда бес саусақ бірдей емес. Көпке топырақ шашудан аулақпын. Кейбір білім беру орындарында ниеті мен икемі барлар болса да, өкініштісі қажетті құрал жабдықтар жоқ. Бар болса да бірең сараң я болмаса тозығы жеткен. Үлкен дау осыдан туындайды. Жастар ержете салып спортшы болып кетпейді ғой, жастайынан тәрбиелеп, спортқа баулиды. Бұл сала дәптерге өз ойын түсіріп, ауызша қатыратын қазақ әдебиеті саласы емес. Теория жүзінде ғана емес практика жүзінде де жасап көру қажет болады. Бірі гимнастикаға қызығады, бірі бокске. Сонда «бізде сендерге қажетті нәрсе жоқ» - деп қутыла салмақпыз ба? Сонда сол бала жоғарғы оқу орнына түскенін тосып жүре ме? Өзі білім алатын жерде сол саймандар болса абырой ғой. Эхх, бірінің санасына байланысты, ал екіншісінің материалдық жағдайына байланысты деген осы болар, сірә. Дәл осындай жағдайдан соң спорт қалай дамымақ, жас шыбықтай бой түзеп келе жатқан жастардың түп санасына дене шынықтыру сабағының түкке тұрғысыз екендігін үлкен басымызбен өзіміз дәлелдеп беріп жатқандаймыз. Кеше ғана өз басымнан өткен оқиғаны баяндап берейін. Кеше қоғамдық көлікте гүбірлесіп тұрған жас бүлдіршіндердің әңгімесін құлағым шалып қалды. Басында мән бермегенім рас. Артынша тыңдап қарасам үлкен мәселені көтеріп жатыр екен. Әрі кетсе 4-5 сынып оқушылары. Бойы ұзын, шашы бұйралау келген, сарғыштауы: «Мен бүтін дене шынықтыру сабағына қатты дайындалып келіп едім. Ағай доп жоқ деп шахмат ойнатқызып қойды. Маған түк қызық емес. Келесі сабақ еш дайындықсыз келемін. Күннің суығында аяқ киім көтеріп келген оңай дей ме?». деп екіншісіне бұрқылдап тұр. Жанындағысы сыныптасы ау деймін. Аты қателеспесе, Айдос болу керек. Ол: «Саған айтты ғой, доп жетпей жатыр, ал қалғандары тым ескі, бір жерлерінді ауырттып аласыңдар деп. Мейлі келесі сабақ дайындағандармыз. Шынымен жоқ болған шығар, білмеймін» - деп қысқа қайырды. Сонда менің ойыма: «Бәлкім осы балалар ертең әлем чемпионы болар» деген ой келді. Ал біз оларға қажетті жағдай жасамай тұрмыз деген сансыз сауал мені қоғамдық көліктен түскенше мазалай берді, мазалай берді. Бұл мен үшін трилогия сынды болды. Бір жағынан ұстаздарды, мекемелерді бір жақты айыптай алмаймыз. Спорттық дайындық спортшының жарысқа қатысар алды дайындығын яки машықтанып жаттығу жасайтын дайындық жүйесі. Ал бұл дайындықсыз, қанша жағынан қарым - қабілетің бол, барлығы құр бекер деп айта аламын. Кемшіліксіз дүние болмайды деген рас қой. Әйтеуір бірнәрсе ұстап қалардай. Жаттықтырушы болса, қажетті заттар жоқ. Ал барлығы түгел болса, жөні түзу үйретуші жоқ. Осы тұста оқырмандардан бір сауал туындайтын шығар. Кезінде ата бабаларымызда қазіргі спортшылардан кең болмаса, кем болмады. Неге қазірде солай жасамасқа? ... Менің берер жауабым: Айтуға оңай! И, Қажымұқан атамызды ауызға алсақ алып күш иесі көз алдыма келеді. Қазір заман басқа.

Адамнан ба, заманнан ба түсінбейтін хәлге жеттік ғой. Барлығы уақыт еншісінде. Таяқтың екі ұшы бар демекші бүгінгі спорт дайындағының мәселесінен бөлек. қуантарлық тұстары мен үлгі етерлік жақтарын айта кетейін. Менің айтып отырған проблемамды жалпы проблема ретінде санамағандарыңыз жөн. Өйткені барлығы бірдей емес. Айтқым келіп отырғаны Қазақстанның атақты спортшылары жайлы. Шіркін, бұл кісілердің ерең еңбегімен, маңдай терімен алған жетістіктеріне қарасаң көзің тоймайды. Тіпті «Менде осылай алтын медаль алғым келеді» деген бүлдіршіннің тәтті дауысы. Мен үлгі тұтатын спорт шеберлері өте көп. Мысалы: ауыр атлетикадан Жазира Жаппарқұл, жеңіл атлетикадан Ольга Рыпакова, бокстан Данияр Елеусінов, Серік Сәпиев, дзюдо күресінен Елдос Сметов, марқұм Денис Тен т.б Айта берсең бір кітапқа сыймас. Әр қайсысы әр түрлі қиындықтардан өтті. Бірақ елі үшін, жері үшін белдерін бекем буып, тәуелкел етті. Мүмкін осындай спортшы дайындай алмауға кадр жетіспеушілігі себеп шығар. Я болмаса әлсіздік себеп пе? Осы жағынан саралап көрелік. Егер маман тапшылығы болса бәлкім жақсы мамандарды шетелден алдырармыз. Жә, болмайды. Жоғарыда атап өткен спортшылармызды жаман мамандар дайындаған жоқ. Бізге осыда жетеді. Маман көп тек оларға қолайлы жағдай жасалмаған сыңайлы. Әрине, бұл менің жеке пікірім. Еске сала кетейік соңғы жылдары елімізде пандемияның өршуіне байланысты мәдениет және спорт саласы біршама жұмыстарын бәсеңдетіп қойған болатын. Спорт- қалаған уақытында шұғылданып, қиналғанда тастап кетер ойыншық емес. Бұл қоғам үшін де емес, басқа адамдар үшін де маңызды рөл атқармайды. Барлығын тек өзің үшін жаса. 2019 жылдары ынтымағы мен татулығы жарасқан еліміздің басына қара бұлт үйірілген кезең болды. Қатерлі індетке спорт саласына да суық ызғарын тигізбей қоймады. Адам шошырлық жаңалықтардан кейін күллі адамзатқа зияны тимесін деп, адам көп шоғырланатын мекемелерді жабуға тура келді. Уақытша жұмысын тоқтатқандар тізімінің басында спорт саласы тұрды. Үйірмелерге баратын балалардың спорттан алшақтай түсуіне ықпал етті дегенім артық айтпағаным болар. Бұл сала оқу білуден гөрі, тәжірибені көп талап етеді. Айналада не болып жатса да оны тоқтатып қоюға болмайды. Шынықпаған баладан қандай жақсы спортшы яки дене шынықтырушы маман шығады? Осы мәселе жөнінде ата-аналар қанша жан ұшыра шырылдаса да қолдан келмейтін іс жабулы күйінде қала берді. Ендігі жерде ешкімге қара күйе жақпаймыз. Орын алған оқылықтарға не үкімет не қарапайым кінәлі емес. Болар іс болды, бояуы сінді дегендей, қалай айтсақта спорт болашағы жарқын мамандық. Тек қайратты күш жігер мен шыдамдылықты талап етеді. Туындаған мәселелердің үлкен кішісіне қарамастан қолды бір сілтеуге болмайды дегім келеді. Болашағынан көп үміт күтетін талай мамандықтар құрдымға кетті – ау! Үшіншіден аталып жатқан түйіткілді проблемаға жалақының да әсері бар сияқты. Жалақы аз, әлеуметтік жағдайы қамтамасыз етуге келмейтіндіктен болар, ол жағына кіріспей -ақ қойайын.

Қорытындылай келе: спорт бейбітшілік елшісі деп бекер айтылмаған. Қазақстан әлемге қалай әйгілі болды? Өзге ұлттар бізді толирантты халық деп атау себебін білесіздер ме? Өйткені біз басқалар жасай алмайтын, үш ұйықтаса да түстеріне кірмейтін ғажайып дүниелер жасап таңдай қаққыза аламыз. Ұлы жолда ұлы таңда қалдыру үшін ұлы істер жасау шарт. Ал біздің спортшыларымыз сол жолда деп есептейік. Мүмкіндіктер жетерлік. Біз жаңа Қазақстанбыз. Ендігі ғана тәуелсіздік алып, бой түзеген елміз. Өткенде ғана президентіміз сайланып бір марқайып қалдық. Қасым-Жомарт Кемелұлының алға қойған мақсаттары биік, қадамдары нық. Тіпті спорт саласына ауқымды жаңалықтар енгізді. Мәселен: Ақтау қаласындағы аренаға барып, жағдайды өз көзімен көріп қайтты. Теннис, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, волейбол, баскетбол, футбол ойындарына арналған спорт кешендерін салуға тапсырма берді. Жастарды салауатты өмір салтын ұстануларына ерікті түрде ат салысты. Еліміздегі спорт үйірмелеріне барып, кішкентай спортшыларымызбен кездесу ұйымдастырды. Мақсаты барлық өңірде болмаса да, ең болмаса Ақтаудағы спорт дайындағының куәсі болып, орын алған мәселелердің ақ қарасын ажырату. Айта берсек

мәселе көп. Бірақ шығарар шешім тек біреу. Өз басым бізде спорттық дайындыққа арналған техникалар жоқтың қасы, бар болсада тозығы жеткен. Сонау әлемдік деңгейдегі олимпиадаға қатысушыларда болмаса, қарапайым халық арасынан мұндайды табу қиын деп ойлаймын. Көзге спорт ұсақ -түйек көрінгенмен алар орны ерекше мамандық. Алдағы уақытта аталған мәселелерді қарастыруға тырыспасақ, арғы жағының не болары өздеріңізге аян. Осы күнге дейін талай жазғы және қысқы олимпиада ойындарынан жүлделі орынды қанжығаларына байлап келген болатын. Бұл дегеніміз әлі талай, талай таңдарды жеңіспен атырамыз деген сөз. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: барлық спорттық оқу дайындықтарына қолайлы жағдай жасалу керек, спортқа қызықтыратын түрлі әдістер ойлап табылып, жастардың ынтасын арттыру, спорт саласындағы мәселелер түбегейлі шешімін таппаса да қолайлы жағдай қалыптастыру. Жаңа Қазақстан деп алға мақсат қойдық па, енді оны тек білім ғылым саласына емес, мәдениет және спорт саласына бейімдеу. Елімізде неше түрлі өнерлі жастар жетерлік. Гимнастика десе гимнастика, баскетбол десе баскетбол тек оларға қолдау жетіспейді. Бүгінгі мақаламның мақсатыда осы. Айтып жатқан дүниелеріме тұтастай халық құлақ аспаса да, ең болмаса бір адамға ой сала алған болармын. Бұл кішігірім жетіспеушілік болып көрінер, дегенмен үлкен проблемаға айналмасына кім кепіл? Оған спортшылар жауап бере ме, я мемлекет пе?.. белгісіз. Сондықтан спорт саласына қызығамын деген әрбір Қазақстандық спортшы өзге емес,өзі үшін әрекет ету қажет. Сонда ғана қоғам қалпына келер еді. Спорт дайындағының бүгінгі ахуалы қоғам дерті. Нендей жағдай болсада спорттан қол үзіп қалмауымыз керек. Дене жаттығуларына көптеп көңіл бөлсек, нұр үстіне нұр болар еді. Дені сау, мықты ұрпақты тәрбиелеу жолында барлық кедергіні жарып шығайық! Міне сол кезде еш ауру сырқау адам баласын айналып өтеді дегім келеді. Спортпен айналысып, дене жаттығуларын жасап, шымырланып жүргенімізге не жетсін. Жаңа президент, жаңа бағдарламалар. Алда талай белестерді бағындырармы. Осы айтылған дәйек пікірлерді ескересіздер деп ойлаймын. Сау болайық, аман болайық!

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. <https://t.me/egemenqazaqstan>
2. Inform.kz.cdn.amproject.org
3. <http://zero.kz/?u=55773>

**Теміров Н.Б.,**

*ҚР ЕСЖ, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ спорт клубы  
Алматы қаласы, ҚР*

**Оспанбаева М.Ж.**

*магистр, оқытушы  
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ спорт клубы  
Алматы қаласы, ҚР*

### **ДЗЮДОШЫЛАРДЫ БІЛКІТІЛІГІ МЕН ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ДАЙЫНДАУ**

Спорттағы үлкен бәсекелестік, спортшылардың өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы спорттық нәтижелердің өсуін ынталандырады, олардың көпшілігі адам мүмкіндіктерінің шегіне жақындайды. Осының бәрі дайындықта жүйені ұстанған дарынды спортшылардың ірі жарыстарда жеңіске жетуіне әкеледі. Тек нақты, егжей-тегжейлі және ғылыми негізделген жаттығу жүйесі және оны жүзеге асыру спортшыға халықаралық дәрежедегі жоғары нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Жеке адамды жан-жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор. Білім алушыларға арналған дене тәрбиесінің кейбір мәселелерін қарастыратын болсақ, балалардың денесінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұрады. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Осы бағытта, мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлеріне дене шынықтыру сабақтары, сабақтан тыс жаппай спорт жұмыстары жатады.

Мектебімізде дене шынықтыру сабақтарынан бөлек, сабақтан тыс уақытта арнайы үйірмелер жұмыс атқарады. Сабақтан тыс уақыттарда балалар үшін ең қызығы ойын болып табылады. Ойындар оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін-өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді. Сол үшін мектепте арнайы футбол, баскетбол, волейбол, стол теннисі үйірмелеріне оқушылардың барлығы дерлік қатысады. Сонымен қатар, оқушының ойлау қабілетін дамыту үшін тоғызқұмалақ пен шахмат үйірмесі де бар. Күнделікті оқушыларда өтетін сабақтар мен үйірмелер қазіргі уақытта өз жемісін көрсетуде. Мектебіміздің оқушылары аудандық тоғызқұмалақ ойындарынан жүлделі бірінші орын алып, облысқа жолдама алды. Қыздарымыз аймақтық баскетбол кездесулерден 2 орын иегері атанды. Ұлдарымыз футбол ойындарынан өздерін биіктен көрсетуде. Және біздің балалар шаңғы жарыстарынан құр қалған емес. Мектебізде тек қана оқушылармен ғана емес ата – аналармен де бірлескен жұмыстар атқарылады. Ылғи да «Отбасылық» спорттық жарыстар ұйымдастырылып отырды. Оқушыларымыздың спортқа жақын болуы ол бізді қуантады.

Қорыта айтқанда, өркениеттің жолындағы елдің ертеңі – халқының саулығына байланысты. Дені сау халық – бай халық. Халқының дені сау болып тұрса, мемлекеттің де мықты болып тұрары сөзсіз. Денсаулығы мықты ұрпақ – еліміздің болашағы.

## **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Мақалада дене тәрбиесі саласындағы қазіргі білім берудің негізгі мәселелері көрсетілген. Білім берудегі бұл бағытта дамыту перспективалары талқыланады. Жалпы білім беретін пәндердің құрылымдық-логикалық мазмұнына көзқарасы айтылады. Спорттық дайындықтың басты әдісі - жаттығу, яғни қимылды немесе қозғалысты қайталап орындау әдістік-тәсілдік, моральдық, ерік және ілімдік секілді дайындықтың құралдары мен түрліше міндеттеріне қатысты одан әрі дами түседі. Спортшыны тәрбиелеу, Спорттық машықтану жүйесінде моральдық және ерік дайындығына маңызды мән беріледі. Ол спортшының барлық жолында - оның алғашқы қадамдарынан спорттық шеберліктің шыңын бағындырғанша іске асырылады. Спорттық машықтану жоспарлау - бұл болашағы көпжылдық жоспарлау.

**Түйін сөздер:**дене тәрбиесі, тәрбие мәселелері, білім берудің даму болашағы.

Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру жүйесінің дамуы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайтумен тығыз байланысты. Қоғамымыздың қазіргі даму деңгейіндегі дене тәрбиесі тұлғаның қалыптасуының жаңа кезеңін көрсетеді. Дене тәрбиесіне қатынас тұлғаның үйлесімді дамуының қажетті жағы ретінде белгілі бір адамға оның қажеттіліктеріне сәйкес мақсатты әсер ету қасиеттеріне ие болады. Мектептердегі дене шынықтыру пәнін жаңғырту жолындағы басты бағыт спорт кешендері мен соңғы үлгідегі спорттық құрал-жабдықтарды пайдалануға негізделген білім беру жүйесін құру, ең бастысы, білім сапасын арттыру деп қарастыру керек.

Спорттық машықтанудың басты әдісі - жаттығу, яғни қимылды немесе қозғалысты қайталап орындау әдістік-тәсілдік, моральдық, ерік және ілімдік секілді дайындықтың құралдары мен түрліше міндеттеріне қатысты одан әрі дами түседі. Спортшыны тәрбиелеу, Спорттық машықтану жүйесінде моральдық және ерік дайындығына маңызды мән беріледі. Ол спортшының барлық жолында - оның алғашқы қадамдарынан спорттық шеберліктің шыңын бағындырғанша іске асырылады. Спорттық машықтану жоспарлау - бұл болашағы көпжылдық жоспарлау. Онда спорттық машықтану ғылыми негізделген жоспарлауға ерекше мән беріледі. Жас спортшылармен жүргізілетін жұмыстың келешегін жоспарлау өте маңызды, өйткені ол өсіп келе жатқан жас ұрпақтың дамуы мен өсу заңдылықтарын есептей отырып жаттығу барысын соларға ыңғайлап құруға мүмкіндік береді.

Спорттық машықтанудың барысында осы негізгі компоненттер бірінен соң бірі, бірыңғай өзара байланысқан процесс есебінде бір мезгілде іске асырылады. Бұл ретте шұғылданушылардың жынысына, жасына жекелеген спорт түрлерінің арнайы ерекшеліктеріне, дене және спорттық дайындықтың деңгейіне және жаттығу кезеңдеріне байланысты қойылған міндеттерді шешу үшін құралдар мен жаттығулар іріктеп алудың арақатынасының өзгеруі мүмкін. Осы негізгі қағидаларды қолдануға ізденісті тұрғыдан келу бапкердің педагогикалық шеберлігінің негізін құрайды, жоғары шеберліктегі спортшыларды ойдағыдай дайындауды қамтамасыз етеді. Тәрбиелеудің, үйретудің және дене қасиеттерін дамытудың тұтас есебінде, Спорттық машықтануға тән кейбір қағидалар және жалпы педагогикалық принциптер негізінде жүзеге асады. Олардың қатарына жан-жақтылық, саналылық, реттілік, жекелілік сияқты т.б. қағидалар жатады.

Спорттық дайындық - дене және ерік қасиеттерін, шеберлікті дамытып, жетілдіру жатады. Спорттық машықтанудың басты құралы есебінде қарастырылатын, дене жаттығуларын тұрақты орындаудың арқасында жүріп жатады. Олар төмендегідей үш негізгі топтарға бөлінеді.

1. Спортшы маманданатын спорт түріндегі жаттығулар.

2. Спортшының жалпы дене дайындығының мақсаттарында қызмет ететін жан-жақты дамытатын жаттығулар;

Таңдап алған спорт түрінде қолдануға келетін дене қасиеттерін дамыту үшін, сондай-ақ әдістер мен тәсілді жақсы меңгеру мақсатындағы арнайы жаттығулар болып табылады. Спорттық машықтанудың қазіргі жүйесінде арнайы жаттығулар жетекші спортшылардың жаттығу тәжірибесінде кеңірек қолданыла отырып, елеулі орынға ие болуда. Арнайы жаттығулардың жәрдемші қимыл-қозғалыстардың "байланысуы" мен жекелеген бөліктері үйретіліп, тұрақталады. Осымен бірге әдістерді қайталауда да дене қасиеттерінің дамуына себепші болады.

Спорт жаттықтырулары дене мәдениеті жүйесінің бір бөлігі болғандықтан спортшы дайындығына және де спорттық жаттықтыруларда басқаша түрде, жаттықтыру ерекшеліктеріне байланысты, әртүрлі бес үлкен топтарға бөлініп қолданылады.

Бірінші топ әдістері: қозғалыс әрекеттерінің ерекшеліктеріне байланысты қатаң шектелген жаттығулар, ойын және жарыс жаттығулар әдістері деп бөлінеді.

Екінші топ әдістері: жарыс жаттығуларының техникасын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, бұл топтың әдістері:

1. бөлшектеп үйрету әдістері (жаттығу күрделі, үйреніп, жетілдіруге көп уақыт, күш кететін жағдайда қолданылады);

2. тұтас үйрету әдістері (жаттығу қарапайым, үйреніп, жетілдіруге көп уақыт, күш керек етілмейтін жағдайда қолданылады);

3. тұтас-бөлшектеп үйрету әдістері (басқы үйрету кезеңінде бөлшектеп үйретіп алып, сонсоң жаттығу бөлшектерін қосып тұтас орындау керек кезде қолданылады) деп бөлінеді.

Үшінші топ әдістері: ағзаның қызметтік мүмкіншіліктерін жақсартуға әсер ететін әдістері деп екіге бөлінеді:

1. жеке, таңдап әсер ету әдістері, арнайы ағзаның жеке функциялары мен механизмдерінің қызметтерін жасартуға қолданылады (мысалы, ағзаны энергиямен қамтамасыз етудегі кретинфосфаттың көбеюіне көмектесу, оның мүмкіншілігін дамыту).

2. кешенді әсер ету әдістері, ағзаның көптеген функциялары мен механизмдеріне бір мезгілде әсер ету үшін қолданылады.

Төртінші топ әдістері: Жарыс әрекетін үлгілеу әдістері жарысқа ұқсата ұйымдастырылған жағдай кезінде қолданылады. Жарыс әрекетінің үлгілерін жеке қозғалыс әрекетін жетілдіруге немесе толық үлгілеу кездерінде қолданылады. Бұл топ әдістері спортшыны үлкен жарысқа дайындаудың немесе рекордтық нәтижеге қол жеткізудің тактикалық дайындығы кездерінде орындалады.

Бесінші топ әдістері. Спортшыларды дайындау түрлерінің ерешеліктеріне байланысты спорттық жаттықтыруда мынандай дайындық жақтарын дамыту әдістері қолданылады: дене қуаты дайындығы әдістері, техникалық дайындық әдістері, тактикалық дайындық әдістері, психологиялық дайындық әдістері, теориялық дайындық әдістері.

Қозғалыс техникасын жетілдіру үшін жалпы педагогикалық: көрнекі көрсету және сөз қолдану әдістері жаттықтыру сабақтарында кең көлемде пайдаланылады. Спорт жаттықтыруларында қазіргі кезде босаңсыту әдісі де өте көп қолданылады. Ол жоғары қарқынды үлкен жүктемелерден кейін организмді тез қалпына келтіруге көмектеседі (монша, массаж, фармакологиялық дәрі-дәрмектер, музыка, гипноз, аутогендік жаттықтырулар т.б.).

«Спорт – бейбітшілік елшісі» дегендей, еліміздің болашағы, ол денсаулығы мықты, рухы күшті ұрпақ. Спорт саласының дамуына мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалып келеді. Біздің ауылда да бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқарылуда. Міне жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында жаңа алаңы пайдалануға берілді. Заман талабына сай бұл футбол алаңы ауыл балаларының спортпен айналысуына кең мүмкіндік

беріп, олардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға септігін тигізері сөзсіз. Сондай-ақ мектепте спорт секцияларында дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысуға мектеп оқушылары көптеп қызығушылық танытуда. Республикада жыл сайын бірқатар халықаралық және республикалық, аудандық спорттық іс-шаралар мен жарыстар өткізіледі. Көптеген оқушыларымыз осы жарыстарға қатысып, орын алуда.

Сонымен қатар ауыл тұрғындарының спортпен шұғылдануына барынша жағдай жасап отырған аудан басшыларына алғысымызды айтып ризашылығымызды білдіреміз.

Дені сау ұрпақ – келешектің кепілі. Келешегіміз дұрыс болсын десек, қазақ баласының спортпен шұғылданғаны абзал. Атқа шауып, көкпар тартқан қазақ баласына ұлттық спортпен бірге, әлемдік спорт түрлерін үйренген артық емес. Қазақстанның экономикасы мен саяси өмірін арттыруда ұлт спортының да тигізер пайдасы орасан зор.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Уанбаев Е.К. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000.
2. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Ж. Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006.
3. Янсон Ю.А. Физическая культура в школе. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2004.

***Бақытұлы Е.***

*Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің  
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

### **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Спорттық дайындық-спортшының машықтануы, оның жарысқа қатысуын қамтитын, машықтану және жарыс жүйесін ғылыми әдістемелік және материалдық тәсілдік жағынан қамтамасыз ететін, оқу мен спортты, жарыс пен демалысты үйлестіру үшін қажетті жағдайлар жасайтын көп жақты жүйе екенін білеміз.

Спорттық жарыстардың мақсаты үздік спортшылар мен топтарды анықтау, жалпы спорттық шеберлікті жетілдіру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау. Спорттық қозғалыс – әлеуметтік қозғалыстың ерекше бір түрі - спорт түрлерін құру, дамыту, сақтау, алмасу және тұтыну жүйелерінің тарихи қозғалысы, жеке адамды қалыптастыру құралдарының бірі. Тарихи спорттық қозғалыстар спорттың төмендегідей көпшілік (халықтық), резервтегі (негізгі), жоғары жетістіктер (үлкен), әуесқой және кәсіпқой түрлерін дүниеге әкелді.

Спорттық дайындықты дамытуда менің көзқарасымда бірнеше мәселелер бар, олар:

- *Залдар мен алаңдар мәселесі.* Жаз мезгілінде спорт залдар мен спорт алаңдардан қиыншылық болмағанымен қыс мезгілінде спорт жаттықтырушылар мен денешынықтыру оқытушыларында басты мәселе спорт алаңшасы мен залдың жетіспеуі. Бұл мәселе командалық спорт түрлеріне қатысты;
- *Жаттығуға арналған құрылғылар мен жабдықтар мәселесі.* Бұл мәселе қазіргі таңда жақсы жағынан, оң шешімдерін тапқан.

Себебі спорттық дайындықты толықтай қамтамасыз ету үшін, белгілі бір мақсатты деңгейге көтерілу үшін жаттығу қондырғылары мен жабдықтарының маңызы өте зор. Бұл мәселе барлық спорт түріне қатысты болмаса да, спорттың көптеген түрлерінде арнайы жабдықтарсыз болмайды, мысалы футбол ойынында допсыз, шаңғы спортында шаңғысыз қалай ойнауға болады?

Жалпы айтар болсам, спортшының белгілі бір жетістікке жетуі спорттық дайындыққа тікелей байланысты екенін түсінеміз. Алайда спорттық дайындыққа қажетті кейбір ресурстармен толық қамтамасыз етпей, болмайтынына көз жұма қарасақ, мәселе

шешілмейді. Себебі, спортшының ынтасы, жігері болмаса, жаттықтырушының біліктілігі төмен болса жоғарыда аталған мәселелер шешімін тапқанмен еш пайда бермесі анық. Сондықтанда, білікті жаттықтырушылар мен дарынды спортшылардың жоғарыдағы мәселелерін шеше білсек спорттық дайындықты жоғары деңгейге көтере алсақ, еліміздің көк туын көкке көтеретін талай спортшы шығары анық, мен оған сенемін!

*Кенжалиева К.С.  
Жетісу облысы, Ескелді ауданы  
Нұрмолда Алдабергенов  
атындағы орта мектебінің  
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі*

## **СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласына сәйкес рухани жаңғыру бағыттарының бірі ұлттық бірегейлікті сақтау болып танылған.

Дене шынықтыру және спорт саласы жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға, патриотизмді жүйелі тәрбиелеуге ықпал ететін перспективалы алаңдардың бірі ретінде қызмет атқарады. Қазіргі заманғы әлемде спорт пен салауатты өмір салты экономикалық дамумен бірге, азаматтардың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштері қатарынан орын алады және халықтың әлеуметтік жұмыспен қамтылуының маңызды аспектісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы - жүзден астам этнос тұратын әлемдегі ірі көпұлтты мемлекеттердің бірі, олардың әрқайсысының бірегей айрықша материалдық және рухани мәдениеті бар, оның ажырамас құрамдасы тамыры тереңде жатқан дәстүрлері бар бұқаралық халықтық спорт түрлері болып табылады. Осылайша мемлекеттік ұлттық саясатқа көпұлтты қоғамның заманауи қажеттіліктері мен мүдделеріне сай келетін жаңа тұжырымдамалық тәсілдер қажет болып отырған, өріс алған жаһандану жағдайында спортты ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтатын ерекше мәні бар маңызды факторлардың бірі ретінде қарауға болады.

Түптеп келгенде, спорт жалпыұлттық бірліктің, ынтымақтың нышанына айналып, жаңа қазақстандық патриотизмнің, мақтаныш сезімнің және өз елімен ынтымақтастықтың негіздерін қалыптастырудың маңызды аспектілерінің бірі болып отыр.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану халықты сауықтыру, олардың өзін-өзі танытуы мен дамуының неғұрлым қолжетімді және тиімді тетігі, бейәлеуметтік құбылыстарға қарсы күрес құралы болып табылады.

Спорттың осындай бірегей әсерінің маңыздылығына қарамастан, адамның моториканы өзін-өзі жетілдіруге деген мотивациясына қарамастан, ол уақыт өте келе жоғары спорттық нәтижелерді өндіруді қамтитын қуатты индустрияға айналды.

Спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін жүйеде әрбір саланы бірлесіп дамыту қажет. Спортшыны даярлаудағы проблемалардың негізгі себептерінің бірі жаттықтырушының ғылым өкілдерімен қарым-қатынасының бұзылуын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта ол спортшылар мен жаттықтырушылардан басқа - менеджерлер, спорт дәрігерлері, психологтар, ғылыми қызметкерлер.

Соңғы жылдары спорттық жаттығулар теориясы мен әдістемесі арасындағы алшақтық артып келеді немесе ғалымдар мен жаттықтырушылар арасындағы қашықтық артып келеді деп айту дұрысырақ. Сонымен қатар, саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеруі спортшылардың психологиясында айтарлықтай өзгерістерге әкелді.



Бұл процесс жүйелі болып табылады және спорттағы қатынастар жүйесін сыни тұрғыдан қайта қарау қажеттілігі туындады. "Басым ғылыми міндет - "жоғары сыныпты" спортшыларды даярлаудың тұтас, объективті бейнесін жасау. "Спорттық жаттығуларды интеллектуализациялау қазіргі спорттық дайындық жүйесіндегі спорттық жетістіктердің орталық және басым факторы болып табылады".

Спортшыларды даярлау мыналарды қамтиды: жаттығу бағдарламасы, күн тәртібі, дұрыс тамақтану. Ғылыми қызметкерлер спорт жабдықтарын қалай жақсартуға болатындығы, спортшыларға қандай тағамдар мен қоспаларды қолдануға болатындығы, жоғары нәтиже көрсету үшін денеге қандай жүктеме түсуі керек екендігі туралы жұмыс жасауы керек. Спорт дәрігерлері спортшылардың денсаулығын үнемі қадағалап отырады. Сонымен бірге спортшылардың денесіне үнемі өсіп келе жатқан талаптар мен адамның мүмкіндіктері арасындағы қайшылық барған сайын айқын көрінеді. Бұл жағдай жаттықтырушыға үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұл жаттықтырушы уақытты, спортшының моральдық және физикалық күштерін, сондай-ақ дайындыққа жіберілген материалдық құралдарды қалай және не үшін жұмсау керектігін анықтайды. Жаттықтырушының әдістемелік шешімінің артында спортшының тағдыры тұр. Жаттықтырушы өзінің кәсіби функциясын – спортшыны дайындауды - оған жаттығу құралдары мен оларды қолдану әдістерінің үйлесімімен анықталған оңтайлы жаттығу әсерлерінің кешенін ұсына алады.

Алайда, тек жаттығу құралдарын анықтау және оларды қалай қолдану сәтті дайындық үшін жеткіліксіз. Мәселе мынада, физикалық белсенділікті ұсына отырып, жаттықтырушы көбінесе адамның қандай өзгерістерге әкелетінін толық елестете алмайды. Оқу процесінде таңдалған жүктемелердің адамға әсерін бақылау және олардың міндетті динамикасы мен түзетулерін жүзеге асыру қажет.

Нәтижесінде спорттық нәтижелердің өсу қарқыны баяулайды, олардың үнемі өсуін қамтамасыз етуге кететін уақыт пен қаражат айтарлықтай артады. Бұл қайшылықты жеңу ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және материалдық-техникалық прогресті жетілдіру нәтижесінде пайда болатын жаңа спорттық технологияларды енгізу арқылы мүмкін болады. Жаттықтырушы спортшыға моторлық тапсырманы орындау арқылы әрекет ете отырып, өзінің кәсіби мүмкіндіктерін іске асырады, онда іске асыру түрі мен сипаты, жүзеге асыру шарттары, көлемі мен қарқындылығы, қозғалыс әрекеттерінің жиынтығы мен алгоритмі көрсетілген. Сонымен қатар, егер жаттығу әсерінде құрал (жаттығу) және оны орындау әдісі, яғни қозғалыс әрекетінің формасы таңдалса, онда жаттығу әсерінде қажетті бейімделу реакциясын тудыратын психологиялық және биологиялық факторлар қарастырылады.

Спортшыға әсер ететін факторлар ретінде спорттық қозғалыс әрекеттерінің, жаттығу құралдары мен әдістерінің сыртқы түрлерін таңдау субъективті, яғни жаттықтырушының құзыреттілігіне толығымен байланысты. Таңдалған спорт түрінің көптеген әдістерінде оларды талдау мәдени проблема болып табылады.

Спорттық қозғалыс әрекеттерінің ішкі мазмұны, әрине, жаттықтырушы олар туралы білетініне немесе білмегеніне қарамастан, табиғаттың объективті заңдарымен қатаң шартталған. Спортшыға тән, яғни барлық қозғалыс әрекеттеріне ортақ, ішкі әсер ету факторларының ішінде мыналарды ажыратуға болады:

- спорттық іс-әрекетті бастайтын және физикалық белсенділікті жеңумен бірге жүретін психологиялық процестер;
  - жаттығу әсерлерін қалыптастыру және спортшы жағдайының динамикасы;
  - мотор тапсырмаларының тиімділігін анықтайтын спорттық қозғалыс әрекеттерін орындау.
- Жаттығу әсерлерін анықтайтын спорттық жүктемеге интегралды жауаптар, атап айтқанда:
- спорттық іс-әрекеттің шарты ретінде шаршауды жеңу;
  - спорттық дайындық деңгейін арттыратын өзара байланысты құрылымдық, функционалдық және психологиялық өзгерістер;

- спортшының спорттық нәтижедегі әлеуетін іске асыруды және оның динамикасын көрсететін "спорттық форма".

Спортшыға моторлық тапсырмаларды әзірлеу және қою, сондай – ақ олардың орындалуы мен салдарын қадағалау жаттықтырушының кәсіби қызметінің күнделікті проблемасы болып табылады. Жаттығу әсерлерін жобалау спорттық жаттығулар әдістемесін дамытудың жүйелік факторы ретінде қызмет етеді, өйткені оның мақсаты спорттық іс – әрекетте адам мүмкіндіктерінің табиғаты туралы білімді қолдану болып табылады.

Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан – жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз. Оның түп қазығы - қозғалыс, қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Дене тәрбиесі жаттығуларын жүйеге түсіріп белгілі бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. Атам қазақ бірінші байлық - денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Денсаулығы күшті, бойында қуат күші мол шымыр - шыныққан, жан - жақты дамыған адам Отаншыл келеді, Ата - баба аманаттан қалдырған байтақ жерді қорғауға қабілетті келеді. Біздің мектепте де Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру тәрбие тұжырымдамасы аясындағы «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру» бағыты бойынша оқушылардың бойында салауаттылықты қалыптастыру мақсатында түрлі спорттық шаралар ұйымдастырылуда.

Атап айтар болсақ,

- Таңертеңгілік дене жаттығуларын орындау;
- Түрлі спорт секцияларын ұйымдастыру (баскетбол, волейбол, футбол т.б)
- Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау (аударыспақ, тоғызқұмалақ, батпан көтеру)
- Мекемелер арасында жолдастық кездесулер өткізу;

Мектептің оқушылары мен оқытушылары арасында спорттық ойындардың ішінде қозғалмалы ойындарға қызығушылық өте басым. Қозғалмалы ойындарға баскетбол, волейбол, футболды жатқызуға болады. Бұл жаттығулардың пайдасына тоқтала кетейік. Спорттық ойындардың бір түрі – баскетбол. Бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі

Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады – жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды 10 жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сол себепті баскетбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын - соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді.

Баскетбол, спорт ойындарының бір түрі ретінде барлық оқу орындарының бағдарламасына кіреді. Арнаулы оқу орындарының студенттері бұл кезеңде баскетбол ойынын ойнап, белгілі деңгейде дайындықпен келді деп есептеледі. Сондықтан бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла - тәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады.

Волейбол – спорттың кең тараған ойындардың бір түрі. Тіпті, су бойында жағажайда да жарыстар өткізіледі.

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру, т. б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды 10 жасар баладан бастап қай жаста болмасын, бәрі ойнай береді. Сол себепті,

волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Волейбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлікті арттырады.

Қорыта айтқанда, өмір өлшемі-салауаттық, салауаттық - өмір заңы. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріңе қажетті нәрсені ала алмайсың. Адам баласының жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін біздің елде барлық жағдай жасалған. Өнердің, спорттың сан-салалы түрімен айналысуға болады.

Ендеше, Абай атамыз айтпақшы, «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегендей, еңбексіз, белсенді дене қозғалысынсыз мықты денсаулық, бақытты өмір жоқ.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. «Қазақстан – 2030» стратегиясы
2. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.
3. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009ж. №2(2) - Б.262-264.
4. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж.
5. «Мектептегі дене шынықтыру» журналы, № 2, 2012

**3 СЕКЦИЯ: САУЫҚТЫРУ, БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**3 СЕКЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПО ОЗДОРОВИТЕЛЬНОЙ, АДАПТИВНОЙ И ИНКЛЮЗИВНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ**  
**3 SECTIONS: ACTUAL PROBLEMS OF HEALTH-IMPROVING, ADAPTIVE AND INCLUSIVE PHYSICAL CULTURE**

---

**Балгимбеков Ш.А.,**

*м.ғ.д., профессор,*

**Абдреймова К.А.**

*п.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

*дене шынықтыру және спорт кафедрасы*

*Абай атындағы ҚазҰПУ*

*Алматы қ., ҚР*

**ЖАС СПОРТШЫЛАР АРАСЫНДА ДОПИНГ ҚОЛДАНУЫМЕН КҮРЕСУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ**

Соңғы жылдары спортшылардың допинг қолдануы әлемдік спорттық қозғалыс пен отандық спортта аса өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Қазіргі кезде спорттық рекордтардың тоқтаусыз өсімі спорттық жарыстарда өткір бәсекені туындатады. Сонымен қатар, спортшы ағзасы жаттығу мен жарыстарға қатысу барысында аса жоғары физикалық және психологиялық жүктемелерге ұшырайды. Бұл жағдай спортшыларды және жаттықтырушылар мен спорт саласындағы мамандарды спорттық аренада жеңіске жетуді қамтамасыз етуге бағытталған әр түрлі заңсыз тәсілдерді іздеуге итермелейді. Өкінішке орай, осындай тәсілдің бірі - спортшылардың денсаулығына зиянды әсерлері мол және спорттық этика қағидаларына қайшы келетін, допинг қолдану болып отыр.

Жас спортшылар организмі допингтің әсеріне сезімтал болғандықтан, тіптен өте әлсіз допингтік препараттардың өзі аз ғана мөлшерде балалар мен жасөспірімдер ағзасында айтарлықтай патологиялық өзгерістер тудыра алады. Ал, допинг заттар ұзақ, әрі көп дозада әсер еткенде жас организмнің қалыпты өсуі мен дамуын тежеп, денсаулығына орасан зор зиянын тигізеді.

Допинг қолданумен күресу шаралары халықаралық және ұлттық деңгейде әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да, кеңінен пәрменді жүргізілуіне қарамастан, бұл мәселе соңғы жылдары ушығып кетті. Допинг бақылаудың нәтижесінде Пекин (2008ж.) және Лондондағы (2012ж.) Халықаралық Олимпиада ойындарында жеңімпаз атанған көптеген спортшылар жүдделерін қайтарып беруге мәжбүр болды. Бұлардың арасында Ресей мемлекеті 19 спортшысымен көшбасында тұр, ал 9 медалімен қоштасқан Қазақстан - екінші орында. Пекинде 2008 жылы өткен Олимпиада ойындарының жеңімпаздары - И.Ильин (алтын), И.Некрасова (күміс), М.Грабовецкая (қола), Т.Тигиев(күміс), Ә.Мәмбетов (қола) жүдделерінен айырылды. Ал Лондонда өткен 2012 жылғы жазғы Олимпиада ойындарының жеңімпаздары И.Ильиннің, М.Манезаның, С.Подобедова мен З.Чиншанлоның сынамаларынан допинг анықталуына байланысты алтын медальдерін алып қойды. Осындай допинг қолданып, Олимпиада жеңімпаздары атанған ауыр атлетика спортындағы спортшыларға мемлекет қорынан төленген 2 миллион АҚШ долларына жуық қаражат босқа кетіп, мемлекетіміздің халықаралық абыройына зор нұқсан келді.

Қазақстан Ұлттық допингке қарсы орталығының мамандары 2013 жылдан бастап осы уақытқа дейін жүргізген тексеру нәтижесінде допингке қатысты 307 жағдайды анықтады.

Ал, 2019 жылдың 10 айында қазақстандық спортшылар тарапынан 37 рет допингке қарсы ереже бұзылғаны хабарланды.

Елімізде 2014 жылы қабылданған «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында спорттағы допинг қолдануға қарсы іс-шаралар жүргізуге бағытталған арнайы бап қарастырылған болатын. Жақында спортшылардың допинг қолдануымен күресті күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен «Спорт және денешынықтыру туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар туралы» заң жобасы бекітілді. Осы Заңға сәйкес, допинг қолданып, ереже бұзған спортшы құзырлы орган алдында жауап береді және мемлекеттен алған сыйлықтарын қайтарып беруге мәжбүр болады. Алайда, спортшылар арасында допинг қолдануды азайту немесе болдырмау тек қана қатаң бақылау мен жазалау шараларын күшейтумен шешіле қоймайтындығы анық. Сондықтан, жас спортшылар мен қазіргі кезде педагогикалық университеттер пен колледждерде оқитын болашақ дене шынықтыру мұғалімдеріне, жаттықтырушыларға арнайы білім беру арқылы спортшылар қауымдастығында, қоғамда, әсіресе ата-аналар арасында бұл теріс құбылысқа төзімсіздік қатынас қалыптастырып, алдын алу шараларын жүргізу күн тәртібіндегі аса өзекті міндет болып отыр.

Балалар мен жастар спортында допингпен күресу мен оның алдын алуда педагогикалық аспектінің аса маңызды екендігі белгілі. Өкінішке орай, елімізде осы уақытқа дейін оған тиісті көңіл бөлінбей келді. Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласында халықаралық спорт қозғалысының құжаттарына сәйкес допингке қарсы білім беру бағдарламаларын тез арада әзірлеп, жүзеге асыру қажет.

Дүниежүзілік допингке қарсы Кодексында спортшылар мен жаттықтырушыларды ақпараттық-білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ету ұлттық органдар үшін міндетті болып табылады. Кодексті қабылдаған барлық мемлекеттердің ұлттық құзіретті органдары өздерінің мүмкіндіктері мен өкілеттіктеріне қарай және бір-бірімен ынтымақтастықта допингке қарсы ақпараттық және білім беру бағдарламаларын жоспарлауға және жүзеге асыруға тиіс, сондай-ақ олардың орындалуын бақылап, тиімділігін бағалайды.

Допингке қарсы ақпаратты қоғамда, спортшылар арасында кеңінен насихаттап, арнайы оқу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың негізгі мақсаты – спорттың асқақ рухын жоғарылатып, допинг қолданудың жас спортшылардың организмі мен денсаулығына тигізетін зиянды әсерлерінен қорғау болып табылады.

Жас спортшылардың білім деңгейі мен допингке деген көзқарастары арасында байланыс бар екендігі сөзсіз. Жас спортшылар допинг қолданудың ағзаға, денсаулығына қауіптілігі туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым дұрыс шешім қабылдап, допингтерді пайдаланудан бас тартатыны күмән тудырмайды. Керісінше, допингке қарсы күресу мен оның алдын алу мәселесі бойынша білім алмаған, арнайы дайындықтан өтпеген көптеген спортшылар допингтерге өзінің оң көзқарасын білдіріп, оларды қолданудан бас тартпайды.

Жас спортшыларда допингтерді қолдануға қарсы көзқарас қалыптастыруда жаттықтырушының, команда дәрігерінің ролі зор. Жас спортшылар допингтерге байланысты сұрақтарға алдымен жаттықтырушылары мен медицина қызметкерлерінен кеңес алады. Сонымен қатар, спортшыны жеңіске жетуге ынталандыруда жаттықтырушының пікірі, іс-әрекеті аса маңызды болатындығы белгілі жайт. Сондықтан білім беру бағдарламаларымен жаттықтырушыларды және команданың медицина қызметкерлерін де қамту керек.

Жас спортшыларға допингтерді қолданумен күресу және алдын алу бойынша білім беру бағдарламаларында келесі тақырыптар бойынша өзекті және нақты ақпарат берілуі керек:

- допинг қолданудың спорт рухына тигізетін зияны;
- спортта қолдануға тыйым салынған Тізімге енгізілген субстанциялар мен әдістер;

- допингке қарсы күресу Ережелерді бұзу;
- допинг қолданудың спортшылар мен жаттықтырушыларға, спорт саласын басқару органдарына тиетін салдары, оның ішінде жазалау шаралары;
- допинг қолданудың спортшылардың денсаулығына зиянды әсерлері мен әлеуметтік сипаттағы салдары;
- допинг-бақылау процедуралары;
- спортшылар мен спорттық команданың қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері;
- дәрі-дәрмектерді терапиялық мақсатта қолдану;
- тағамдық қоспаларды қабылдау кезінде орын алатын қауіпті азайту;

Біз спортпен шұғылданушы балалар мен жасөспірімдерге, жастарға допингтерді қолдану бойынша білім беру бағдарламаларын орта мектептер мен спорттық мектептерде оқу кезінен бастап жүргізуді ұсынамыз. Білім беру бағдарламасы «Дене тәрбиесі» пәнінің теориялық модулі ретінде немесе спорт үйірмесінде, факультативті курс шеңберінде жүргізілуі мүмкін. Оқушылармен сабақты сынып бөлмесінде немесе арнайы мультимедиялық құралдармен жабдықталған аудиторияда өткізуге болады. Қатысушыларды айналдыра немесе микротоптарға бөліп отырғызып, материалмен таныстыру кезінде көркем құралдар және мультимедиялық тұсаукесер (презентация) қолданылады.

Оқушылармен осындай спорттағы допингпен күресу және алдын алу тақырыбы бойынша арнайы білім беру курсы өткізілетіні жөнінде балалардың ата-аналарына хабарлап, келісімін алу қажет. Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарында бұл арнайы білім беру курсы ретінде өткізу жоспарланған болса, ата-аналарының келісімінің қажеті болмайды.

Жас спортшылармен допингке қарсы күресу және алдын алу іс-шараларын жүргізгенде олардың бұл мәселемен жақсы таныс екенін, тіптен кейбіреулерінің допинг қолданып үлгергенін ескеру керек. Сондықтан жас спортшыларға допингпен күресу туралы жалпылама әңгіме айтудың қажеті жоқ. Оларға арналған білім беру бағдарламасы нақты мәліметтерге негізделіп, мазмұнында допингтің спортшы ағзасына зиянды әсерлері мен денсаулыққа теріс салдарына, допинг қолданудың спорттың асқақ рухы мен адамгершілік-этикалық қағидаларына қарама қайшы келетіндігіне баса көңіл аударған дұрыс. Жас спортшыларды допинг-бақылаудың тәртібімен, тестілеу процедурасынан өту барысында сақталуы тиіс құқықтары және міндеттерімен тереңірек таныстырса, допингке қарсы Ережелердің бұзылуынан сақтана алады.

Балалар мен жасөспірімдер спортында допинг қолданумен күресу тек бақылау және жазалау іс-шараларымен шектелмеуі қажет. Жаттықтырушылар, медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып жас спортшылар мен ата-аналар арасында білім беру және түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде тиянақты жүргізсе, допинг қолданумен күресу және оның алдын алуда оң жетістіктерге қол жеткізуге болатындығы сөзсіз. Егер жас ер бала немесе қыз спортпен шұғылдана бастаған алғашқы күндерден-ақ допинг қолданудың ағзаға зиянды әсерлері мен денсаулығы үшін өте қауіпті екенін білсе, ол өздігінен ондай қадамға бармайды.

*Балгимбеков Ш.А.,  
м.ғ.д., профессор,  
Болатқызы Ш.  
магистр, аға оқытушы  
дене шынықтыру және спорт кафедрасы  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы қ., ҚР*

## **ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында мүгедектігіне байланысты балалар санының артуына назар аударып, осы мәселеге жауапты мемлекеттік органдарға мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасыларына ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Үкімет церебральды сал ауруы себебінен тірек-қимыл аппаратының бұзылыстарынан мүгедек болған балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауға міндеттелді.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары ұзақ жылдар бойына әлем елдерінде де, Қазақстанда да балалар арасындағы аурулар мен мүгедектіктің себебі ретінде жетекші орындарда болып келді. Елімізде 2020 жылы ерекше білім алу қажеттілігі бар деп саналған мүгедек 161156 баланың 18841-і (11,7%-ын құрайды) тірек-қимыл бұзылыстарының себебінен деп танылған (Айтжанова Р., 2021ж). **Ал, бұған қимыл-қозғалыс функцияларының белгілі бір дәрежеде бұзылыстары анықталатын психикалық дамуының кемістігі бар 50826 баланы қосатын болсақ, онда бұл көрсеткіш 43,22 пайызға жетеді.** Тірек-қимыл аппаратының ең жиі және ауыр бұзылыстары балалар церебралды сал ауруы кезінде пайда болатын және бұлшық ет функцияларына жүйке жүйесі тарапынан бақылаудың жетіспеушілігінен немесе мүлдем болмаған жағдайда байқалады.

Баланың тірек-қимыл аппараты зақымданғанда негізінен қимыл-қозғалыс функцияларының әр түрлі дәрежедегі бұзылулары байқалады: қозғалыс қызметінің дамымай қалуы немесе жоғалуы, балада жүру және манипулятивті қызмет дағдылары болмайды, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайды, жиі арнайы құрылғылардың көмегіне жүгінеді, өз бетінше жүріп-тұруы қиынға соғады. Сонымен қатар, мүгедек балалардың психикалық және сөйлеу тілінің дамуында, жүйке жүйесінің, көру, есту, тепе-теңдік анализаторларының қызметінде түрлі ауытқулар орын алады. Міне, осындай ауыр жағдайдағы баланы оңалтуда, табиғи және әлеуметтік ортаға бейімдеуде, оның толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіретін психологиялық қиыншылықтарды еңсеруде, жасына сай қозғалыс белсенділігін қалыптастыруда маңызды роль атқаратын құрал бейімдік дене шынықтыруы мен спорт болып табылады.

Алайда, еліміздің дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру мұғалімдерінің тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалардың денелік және психикалық дамуының ерекшеліктері мен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырып, өткізу туралы білімдері жеткіліксіз. Сондықтан, тірек-қимыл жүйесінің бұзылыстары бар балалардың бейімдік дене шынықтыруы мен спортпен шұғылдануының әдістемелік ерекшеліктерін зерттеп, жинақталған теориялық және практикалық біліммен болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін қаруландыру аса өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Бейімдік дене шынықтыру тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар мүгедек балаға тек денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында ғана емес, сонымен қатар дене-қозғалыс қасиеттері мен рухани күштерін дамыту, жоғалтқан немесе бұзылған функциялардың орнына әр түрлі жүйелер мен ағза мүшелерінің функцияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Бейімдік дене шынықтыру мұғалімі дәрігерлік-педагогикалық бақылаудың нәтижесінде мектеп-интернаттың арнайы мамандарымен (дәрігер-ортопед, психоневролог, емдік дене шынықтыру дәрігері, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім) кеңесе отырып, сыныптағы мүгедек оқушылардың денсаулық жағдайы, ауру түрлері және бұзылыстардың ауырлығына сәйкес топтарға бөледі.

Сабақ барысында беретін жаттығуларды мүгедек оқушының дене-қозғалыс мүмкіндіктеріне қарай тағайындайды. Сабақты өткізгенде дене шынықтыру оқытушысына медициналық білімі бар, сол білімін дене әрекетіне қатысты қолдана алатын маман қатысып, қолдау көмегін көрсетеді.

Дене шынықтыру мұғалімі әрбір жаттығуды орындалып жатқан қимылдың сипатын мүгедек балаларға түсінікті тілмен баяндап, көрсетуі керек. Мысалы, тиісті қимылдар кезінде «қолды көтереміз, басты еңкейтеміз» және т.б.

Мүгедек баламен барлық жаттығуларды мүмкіндігінше айна алдында орындаған жөн. Бұл баланың дене сұлбасын және қалпын, сонан соң жүйке жүйесінде қалыптасатын көру-моторлық және есту-моторлық байланыстардың көмегімен қозғалыс бейнелерін сезінуді меңгеруге және бекітуге қажет.

Тірек-қимыл бұзылыстары бар балалардың бейімдік дене шынықтыру сабақтарында жаттығуларды орындау барысында төмендегі қағидаларды ұстану керек:

- жаттығуларды мүгедек бала ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, дерттің ауырлығы мен сипатына байланысты мұқият іріктеу, кезегімен бірте-бірте орындату;

- өте тиімді қарапайым жаттығудан бірте-бірте күрделі жаттығуларға ауысу;

- денеге және оның бөлімдеріне берілетін жүктемені бірте-бірте өсіру;

- жаттығулардың бала денесіндегі барлық бұлшық еттер топтарына әсерінің болуы;

- дұрыс сымбат қалыптастыруға негізделген және тыныс алу жаттығуларын міндетті түрде жоспарлау .

Сонымен қатар орындалатын жаттығулардың кезегі мен ауырлық деңгейін ауру баланың жағдайына сәйкестендіру аса маңызды.

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалардың бейімдік дене шынықтыру сабағын 3 құрамдас бөлімге бөліп өткізу ұсынылады: кіріспе бөлімі, дайындық бөлімі және негізгі бөлімі.

Кіріспе бөлімінде бала киімін ауыстыруға шешініп, ауа ваннасын қабылдап, дене терісін таза сүлгімен құрғақтай сүртеді. Бала қаласа, денесіне ұнайтын температурада суға шомылдыруға немесе үстінен су құюға болады. Осы шынықтыру шараларын жасағанда мұғалім баламен жылы, мейіріммен сөйлесіп, оң эмоционалдық әсер тудыруға ұмтылуы қажет.

Дайындық бөлімінде мұғалім баламен жылы эмоционалдық байланыс орнатып, қолдау көрсететінін ыммен, қимылмен меңзеп білдіреді, сабаққа қызығушылық тудыру мақсатында жасалатын тыныс алу және басқа дене жаттығулары туралы балаға түсінікті тілмен баяндап, көрсетеді. Сонан соң тыныс алу жаттығуларын орындауға кіріседі. Алдымен балаға дұрыс дем алу мен дем шығаруды үйретіп, арнайы тыныс алу гимнастикасы жаттығуларын орындайды.

Сабақтың негізгі бөлімі 20-25 минутқа созылады, бала бейімделген практикалық дене жаттығуларын орындайды. Тірек-қимыл аппаратының кемістіктері бар балаларда, әсіресе церебральды сал ауруы кезінде қозғалыстарды орындау ырғағы бұзылған, сондықтан дене



жаттығуларын есеппен, шапалақпен, музыкамен орындау пайдалы. Музыка ырғағына сай жүріс кезінде мүгедек балаларда қадам ұзындығының біркелкілігі, қозғалыс үйлесімділігі жақсы қалыптасады. Музыка ритмикасы күштелген қимылдарды азайтуға ықпалын тигізеді, қозғалыс амплитудасы мен қарқынын реттейді, балалардың эмоционалдық тонусын көтеріп, сергек әрі қуанышты көңіл-күй тудырады. Алайда, жылдам, балалардың делебесін қоздыратын музыканы қолданудың қажеті жоқ, себебі қозу бұлшық еттерге күш түсіру мен күштелген қимылдарды өршіте түседі.

Дене шынықтыру сабақтары барысында мүгедек баланың күш, жылдамдық, иілгіштік, ептілік сияқты қасиеттерін дамытуға арналған жаттығуларды да орындауды жоспарлау керек.

Күшті дамытуға арналған жаттығуларды орындау барысында балаларда бұғуші және жазушы бұлшық еттер тонусының теңгерімсіздігі жиі байқалады. Дененің түрлі бөліктеріндегі бұлшық еттердің дисбалансы болса, жаттығуларды қолдармен ұсталатын гантельдер немесе эспандерлерді қолданып жасау ұсынылады. Күш жаттығуларын орындау кезінде дене мүсінінің және механикасының дұрыстығына назар аудару керек. Жалпы, баланың бұлшық еттеріндегі спастикалық күйді басу үшін күшке арналған жаттығуларды асықпай, орта жылдамдықпен орындаған дұрыс.

Жылдамдықты дамытатын жаттығулар қатарына лақтырулар, аяқпен допты алысқа соғу, жүгіру және секірулер кіреді. Алдымен баланың қозғалыстарды орындау дәлдігіне зейін қойып, жаттығудың орындалу жылдамдығын біртіндеп жоғарылату керек.

Балада церебральды сал ауруы болғанда иілгіштікті дамыту жаттығулары бейімдік дене шынықтыру сабақтарының ажырамас бөлігі болуы тиіс, себебі аяқ-қолдардың, жамбастың бұлшық еттерінің жеткіліксіз созылғыштығы себебінен бірте-бірте контрактурлар мен сүйек деформациялары дамуы мүмкін. Иілгіштікті дамыту жаттығуларын бұлшық еттерді босаңсытудан бастап, статикалық созылулардан тұратын созылмалы ширату қолдануды ұсынамыз.

Бейімдік дене шынықтыру бойынша өткізілетін сабақтарда орындалатын күрделі жаттығуларды базалық құрамдас элементтерге бөліп, оларды кезегімен бірте-бірте үйрету керек. Әрбір жаттығуды немесе жекеленген элементтерді орындауды меңгерген соң, оның тиімділігіне баға беріп отыру қажет.

Бейімдік дене шынықтыру сабақтарын мазмұнды, әрі тиімді өткізу үшін арнайы бейімделген (ассистивті) құрал-жабдықтармен (әр түрлі тренажерлар, степ-тақтай, балансир, Гросс тренажері, Фазтон комбинезоны, текшелер, білікшелер, кегльдер, ұсақ моториканы дамытатын тренажерлер, әртүрлі өлшемді фитбол және су-джок доптары, релаксацияға арналған сенсорлық бөлме, қимыл-қозғалыс дағдыларын компенсациялауға мүмкіндік беретін оңалту тренажерлері және құрылғылары, т.б.) қамтамасыз ету керек.

**Киспаев Т.А.,**  
*к.м.н., профессор*  
*Кафедры теории и методики физической культуры и спортивной подготовки*  
*Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова,*  
*г. Караганда РК*

**Баянкин В.О.,**  
*к.п.н., доцент,*  
*кафедры теоретических основ физического воспитания*  
*Институт физической культуры,*  
*Алтайский ГПУ, г. Барнаул*

**Соколов Д.А.**  
*аспирант, Алтайский ГПУ, г. Барнаул*  
*Алтайский край, Российская Федерация*

## **ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

**Актуальность.** Здоровье детей и подростков, учащейся молодежи в любом государстве и при любых социально-экономических и политических ситуациях является актуальнейшей проблемой и предметом первоочередной важности. Здоровье подрастающего поколения определяет будущее страны, генофонд нации, научный и экономический потенциал общества и наряду с другими демографическими показателями, является чутким барометром социально-экономического развития страны.

Сегодня в Казахстане существуют законодательные и нормативные документы, в которых содержатся требования к проведению уроков физического воспитания (ФВ), сохранению и укреплению здоровья школьников. Однако система школьного ФВ имеет ряд проблем, которые требуют решения: неудовлетворительное состояние материально-технической базы, низкая оздоровительная эффективность ФВ, недостаточная пропаганда здорового образа жизни, недостаточный медицинский контроль организации ФВ, низкая двигательная активность детей и подростков, отсутствие в штате образовательных учреждений (ОУ) специалистов для проведения занятий с детьми, которые имеют хронические заболевания и функциональные нарушения. Негативное влияние медико-социальных факторов и факторов обучения на состояние здоровья детей и подростков требует проведения профилактической и оздоровительной работы в образовательных учреждениях.

В связи с этим, **целью** нашей работы явилось разработка здоровьесберегающих технологий в ОУ и в частности в учебном процессе физического воспитания направленных для укрепления здоровья обучающихся повышения их физического состояния и работоспособности.

**Методы и организация исследования.** Анализ научно-методической литературы по проблемам влияния факторов окружающей среды на здоровье детей и подростков и здоровьесберегающих технологий в ОУ.

**Результаты исследования.** Согласно всемирной организации здравоохранения факторами формирующие здоровье детей и подростков являются: 20% - условия внешней среды, 20% - наследственность, 10% - медицина и 50% - образ жизни человека. Академиками АМН СССР Сердюковской Г.Н. и Сухаревым А.Г. [1] разработаны социально-гигиенические факторы, влияющие на состояние здоровья детей и подростков. Это благоприятные (оздоровительные) факторы: 1.Оптимальный двигательный режим, 2.Сбалансированное питание, 3.Соответствие окружающей среды гигиеническим

нормативам, 4.Рациональный суточный режим, 5.Закаливание, 6.Здоровый образ жизни. Неблагоприятные (факторы риска): 1. Недостаточная или избыточная двигательная активность, 2. Недостатки в организации питания, 3. Нарушение гигиенических требований к окружающей среде и условиям жизнедеятельности, 4. Нарушение режима дня и учебно-воспитательного процесса, 5. Отсутствие гигиенических навыков и здорового образа жизни, 6. Неблагоприятный психологический климат в семье и коллективе.

По данным гигиенических работ многих ученых и наших исследований основными факторами, способствующими укреплению здоровья обучающихся в образовательных учреждениях являются: условия соответствующие санитарным нормам и правилам к образовательным учреждениям, технология обучения, содействующая здоровью, рациональный режим обучения, оптимальная учебная нагрузка, рациональный двигательный режим, психологическая и социальная поддержка, охрана психического здоровья, сбалансированное питание, своевременные медицинские услуги.

Следует отметить внутришкольные факторы, влияющие на здоровье обучающихся: 1. Организация занятий (вид учебной деятельности, технологии, стиль преподавания, отметка, оценка знаний, объем домашних заданий); 2. Режим функционирования школы (режим дня, расписание учебных занятий, питание, режим перемен, санитарно-гигиенические условия – мебель, освещение, проветривание и др.); 3. Организация физкультурно-спортивной деятельности (уроки физической культуры, спортивные секции и кружки и др.); 4. Учебный процесс (учебный план, выбор УМК, выбор программ); 5. Психолого-педагогические (взаимоотношения с одноклассниками, отношение учителей, здоровье учителей); 6. Досуговая деятельность.

Несмотря на приоритетное направление государственной политики относительно развития образования, которые базируются на личностной ориентации обучения, пропаганде здорового образа жизни, социально-гигиенического мониторинга условий обучения и здоровья, остаются высокими показатели заболеваемости подрастающего поколения. В «Государственных программах развития образования Республики Казахстан 2011-2025 годы» является формирование интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан. Говорится о кардинальной модернизации системы образования и необходимости внедрения новых педагогических, информационных и здоровьесберегающих технологий обучения. Особое внимание уделяется состоянию здоровья подрастающего поколения. В связи с этим нами разработаны здоровьесберегающие технологии (ЗСТ) для ОУ включающие в себя профилактические и оздоровительные мероприятия, направленные на сохранение и укрепление здоровья детей и подростков.

Изучив факторы формирующие здоровье детей и подростков, нами разработаны ЗСТ в ОУ, которые состоят из профилактических и оздоровительных технологий, включающие себя блочно-модульные системы, блоки: санитарно-гигиенический, психолого-педагогический, физкультурный, медицинский, психо-физиологический и оздоровительных. Эти технологии направлены на сохранение и укрепление организма учащихся; улучшение условий обучения, повышение качества подготовки высококвалифицированных и конкурентноспособных специалистов для всех отраслей экономики [2]. При этом, выполнение профилактических и оздоровительных технологий в ОУ должны проводиться комплексно с привлечением и активным участием администрации, преподавательского и медицинского персоналов, самих обучающихся и их родителей.

В ЗСТ важное место занимает **физкультурный блок**, состоящий из семи направлений: 1.Оптимальный двигательный режим; 2. Физкультурно-оздоровительные занятия в режиме дня; 3. Внеклассные форма занятий ФКиС; 4. Физкультурно-массовые и спортивные мероприятия; 5. ФВ с профессионально-прикладной направленностью; 6.

Формирование личности учащегося способного самостоятельно развивать себя физически и духовно; 7. Сотрудничество пед. коллектива, учащегося и родителей. Основную роль в проведении профилактических и оздоровительных мероприятий выполняет учитель физкультуры.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», – атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «білім берудегі мақсат қоғам мүшелерінің жоғарғы деңгейдегі адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық дамуына әрі кәсіптік құзырлығына қол жеткізу болып саналады. Білім мүшесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп көрсетілген.

Жеке адамды жан – жақты дамытуда дене тәрбиесінің маңызы өте зор.

Ойын процесі кезінде әрекет ете білуге оқыту тікелей әрекет арқылы болады. «Ойын арқылы адам әлемді таниды, біліктілікті игереді, білім алады, эмоциялы қуатталады» -деген А. Науменко.

Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін – өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.

Оқыту процесіндегі ойынның ролі педагогикалық әдебиеттермен түсіндірілуіне қарамастан, мұғалімдер оны қолдануда қиыншылықтар кездесетінімен түсіндіреді. Еңбектерді оқып келіп мен өзімнің жоба жұмысыма мынандай мақсат қойдым.

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене және психикалық саулықты нығайту үшін арнайы ұйымдастырылған қозғалыс белсенділігі туралы білімдер жүйесі. Осы пәннің іс жүзіндегі мақсаты – бұл қазіргі қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі есебінде дене шынықтырудың құндылығы жөнінде білім алу. Ол қозғалыс қабілеттерін дамытып, жетілдіруге, сондай-ақ салауатты өмір салтының ережелеріне үйретуге бағытталған.

Дене тәрбиесінің арнайы әдістері: 1. Қатаң шектелген жаттығулар әдістері. 2. Ойын әдісі. 3. Жарыс әдісі. Дене тәрбиесінің жалпы әдістері: 1. Сөз қолдану әдістері. 2. Көрнекі қолдану әдістері.

Жобаның басты мақсаты: Дене шынықтыру сабағында жаңа бағдарламаны пайдалана отырып ойын әдістерін қолданудың педагогикалық және әдістемелік жолдарын анықтау. Мектеп оқушыларына дене тәрбиесі сабақтарында спорттық ойындарды қолдану арқылы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, пәндік білім, білік, дағдыларын одан әрі жетілдіру. Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындардың маңызы ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың басты құралы екендігін тану.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Қимыл қозғалыстарға үйрету. // Мектептегі дене шынықтыру №5 2010 жыл
2. Е.Қ. Уанбаев «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы. Өскемен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы 2006
3. Мұқышова М, Валеология. Денсаулық және өмірлік дағдылар. Алматы, № 3, 2009 – 6 б.
4. Дене тәрбиесі. Б.Болатбек. Алматы: Атамұра, 2004. 112 б.
5. Дене тәрбиесі. М. Тұрыскелдина. Алматы: Атамұра, 2003. 112 б.
6. Қазақ энциклопедиясы. Алматы: Рауан, 2005. 680 б.
7. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы «Рауан», 1991.
8. С.Тайжанов, С.І.Қасымбекова. Қазақтың ұлттық ойындары.–Алматы, 2004

*Айтмағанбетова Ш.К.,  
магистр аға оқытушы  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе қ., ҚР  
Сейтмагулова Д.Е.  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»  
ББ 2-курс студенті  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
Ақтөбе қ., ҚР*

## **ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ**

Жас тәуелсіз мемлекет, Қазақстан үшін елдің болашақта дамуының, байлығы мен гүлденуінің кепілі есебінде жастар жөнінде қамқорлық жасау басым бағыттардың бірі болып табылады. Өз денсаулығына жаңа көзқарас қалыптастырған ұрпақ қана болашақта өнегелі орнықты, жоғары парасатты, дене және техникалық тұрғыдан сау қоғамның көшбашысы бола алады

Салауатты өмір салты – бұл әрбір адамға қажетті өмір сүру деңгейі мен салауатты ұзақ ғұмырды қамтамасыз ететін әр адамның жеке мінез-құлқы және дағдылар жүйесі.

Адам өзін қоршаған ортада да (табиғи, техногенді, әлеуметтік), өзінің тұқым қуалаушылық қасиеті бойынша да дара тұлға, ол өзінің ұмтылысы мен мүмкіндіктері жөнінен де жеке тұлға, сондықтан да оның өмірлік бағытының жүйесі де, оларды жүзеге асыру жолдары да жеке дара болып келеді.

Жалпы денсаулық мәселесін жеке дара қарастыра отырып, оны құрайтын рухани саулық пен дененің саулығын біріктіре қарастырған жөн.

Рухани саулық – бұл қоршаған ортаны және өзін-өзі тани білу қабілеттілігі, алға қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мінез-құлық үлгісі.

Рухани саулық пен дененің саулығы үнемі үйлесімді бірлестікте болуы тиіс, себебі бұл екеуі адамның жеке денсаулығының айырылмас бөліктері. Денсаулық рухани өмірге әсер етеді және де рухани бақылау дене денсаулығын қалыпты ұстау үшін қажетті тәртіпті орнатады.

Дененің саулығына қозғалыс белсенділігімен, уақытылы тамақтанумен, денені шынықтырумен, организмді тазартумен, ақыл-ой және дене еңбегін үйлестірумен, демалыс уақытын сақтау және демалу біліктілігімен, алкоголь, темекі және есірткілік заттарды пайдаланудан бас тарту арқылы қол жеткізуге болады.

Салауатты өмір салты мінез-құлықтың өзіндік жүйесін құра отырып, өмір сүрудің төмендегі бағыттарын есепке алғаны жөн: жеке бас гигиенасы, ақыл-ой мен дене еңбегінің арасындағы қатынас, айналадағылармен тиімді өзара байланыс, дене шынықтыру, тамақтану мәдениеті, демалу режимі, алкоголь, темекі және есірткілік заттарды пайдаланудан толықтай бас тарту, дұрыс жыныстық қатынас мінез-құлқы

Есірткі – өте ерекше қауіпті және адамның түбіне жететін нәрсе. Алкоголь мен темекінің адам өміріне зиянды екені дәлелдеуді қажет етпейді. Сондықтан елімізде қоғамдық сана мен мораль осы үшеуіне барынша қарсы шаралар жасап, іске асыруға кірісті. Кез келген жұмыс, оқу мен қызмет ету, тіпті кәсіпкерліктің өзі – денсаулығы мықты жандардың ісі екендігін білген жөн.

Алкоголь мидың орталық қызметін күйзеліске ұшыратады, миға оттегінің баруын азайтады, сөйтіп ми қызметінің әлсіреуіне әкеледі. Мұның өзі қозғалыстың үйлесімділігінің нашарлауын, сөзден жаңылысуды, ойдың анық болмауын, зейінді жоғалтуды тудырады. Жасөспірімдер өзін толғандырып жүрген мәселелерден құтылу үшін, уақытша болса да

өзіне сенімділік пен батылдықты ұялату үшін, өзгелермен сөйлесіп, қарым-қатынас жасағанда қысылып-қымтырылмас үшін отырыс-кештерде серігін еліктіру үшін арақ ішеді.

Дүние жүзінде ересектердің 40% (оның 60% - ерлер) және 20% әйелдер темекі тартатындығы статистика көрсетіп отыр Темекі тартатын адамдарда никотиннің әсерінен асқазан сөлінің қышқылдығы біртіндеп азаяды, қан қысымы артады, жүрек және орталық нерв жүйесі жоғары бөліктерінің қызметі бұзылады. Темекі түтініндегі болатын аммиак сілекейлі қабықтарды тітіркендіреді. Ұзақ уақыт темекі тарту мен созылмалы гастрит, асқазан жарасының таралу жиілігі арасында анық өзара тәуелділік бар екендігі анықталып отыр. темекі тартпайтындарға қарағанда 50 жасқа дейінгі үздіксіз темекі тартатын әйелдерде миокард инфарктісі 20 есе жиі кездеседі. Бронхиттің 75 % темекі тартатындардың үлесінде. Мектеп жасында темекі тартуды бастағандар 25 жастан кейін осы бір келеңсіз дағдымен айналыспағандарға қарағанда, өкпе рагымен 12 есе жиі аурады. Темекі адамды тек іштен жеп қоймай, сонымен бірге сырт бейнесін де нашарлатады. Түтіннен шығатын зиянды улы заттар беттегі ұсақ қан тамырларын зақымдайды. Мұның өзі әжімді пайда қылады. Адамдардың 85% темекі тарту елеулі қауіпті екендігін білмейтіндігі анықталып отыр

Медицинада наркотикалық заттарды ауруды басатын құрал есебінде қолданылады. Бірақ наркотикалық дәрілердің зиянды жақтары бар: оған ағза шапшаң дағдыланып, кейін оның жаңа көбірек мөлшерін қажет етеді. Есірткілер ағзаға, ет тканіне, әсіресе орталық нерв жүйесіне, күйзеліске әсер ететін – У. Есірткіге үйрену, оған тәуелділік – аянышты жағдай. Одан адам өздігінен құтыла алмайды. Наркомания адамның дене және психикалық қызмет атқаратын органдарын әбден жоқ қылады немесе әбден титықтатады. 40-50 жасқа дейін өмір сүретін наркомаңдар өте сирек.

Наркоманияның пайда болуы мен қалыптасуы психикалық тәуелділік, дененің тәуелділігі мен зақымдануы секілді үш негізгі белгілермен сипатталады

Еріксіз емделудегі жасөспірімдердің арасында 3%-дан астамы 10 жастан, 16%-ы 12 жастан бастап оны қолдана бастаған. Ең қауіпті жас – 14 жас және тексерілгендердің жартысы есірткілерді тек қана осы уақытта байқап көрген. Балалардың есірткіге құмартушылық себептері мынандай: 40%-ы қолдану қызықты болды, 20%-ы достарым үйретті, 18%-ы енді не істеймін деп жауап берген.

Қорыта айтқанда, жастардың денсаулығына кері әсер ететін, көптеген мәселелерді шешетін жұмыстар білім беру мекемелерінің алдында маңызды мәнге ие болып отыр.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Тайжанов С. «Салауатты өмір салтының негіздері» (әдістемелік құрал).– Алматы, Эверо. 2020
2. Тайжанов С., Караков А. Дене тәрбиесі. 3 кітап // Орта және жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі. Алматы, "Эверо" баспасы, 2010

**Әбдез А.Ә.**

*магистр, оқытушы*

*Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасы*

*Орталық Азия инновациялық университеті,*

*Шымкент қ., ҚР*

### **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Инклюзивті білім беру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 705 000-ға жуық адам бар, оның ішінде 150 000 балалар. Мүмкіндігі шектеулі ересектерге арналған шамамен 37,

ал балаларға 23 арнайы орталықтар жұмыс жасайды. Жалпы елімізде 500-ден астам медициналық ұйымдар инклюзивті қызметтерді ұсынады.

Қазақстан 2008 жылы Мүгедектерді қорғау туралы халықаралық конвенцияны, 2016 жылғы Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялады. Әрбір бала ұлтына, дене мүмкіндігіне, әлеуметтік жағдайына, тілдік айырмашылығына және діни ұстанымдарына қарамастан, өзгелермен теңдей білім алуға құқылы.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға интеграциялау шарттарының бірі-олар үшін білім алу мүмкіндігін жасау.

Инклюзивті білім беруді енгізу мен дамытудың негізгі мақсаты – балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделе отырып, жоғары сапалы білімге қол жеткізу болып табылады.

Бүгінгі күні дене мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беру мектептерінде арнайы бағдарламалар бойынша білім алуда. Ерекше білімді қажет ететін балалардың оқу-танымдық деңгейі, ақпаратты қабылдау және өңдеу төмен, тез шаршағыш болғандықтан оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс таңдай білу маңызды.

Гиподинамия және физикалық белсенділіктің болмауы қазіргі өркениетті өмірдің ажырамас атрибуттары болып табылады, бұл халықтың денсаулығының нашарлауына алып келетін негізгі факторлардың бірі. Авиценнаның «Қозғалыс көптеген дәрі-дәрмектерді алмастыра алады, бірақ бірде-бір дәрі қозғалысты алмастыра алмайды» деген сөзі осының дәлелі екендігінің айқын белгісі. Сондықтан дене тәрбиесі физикалық белсенділікті, психоәлеуметтік жағдайды дамыту мен спорттық дағдыларды қалыптастыруды ынталандырудың маңызды құралы болып саналады.

Дене шынықтыру сабағы әртүрлі міндеттерді шешеді (білім беру, сауықтыру, тәрбие, дамыту), бұл өз кезегінде сабақтарды өткізу әдістемесіне әсер етеді.

Өкінішке орай, мүмкіндігі шектеулі балалар дене шынықтырумен белсенді айналыса алмайды және әлеуметтік жағынан оқшауланады. Көптеген дене шынықтыру пәні мұғалімдері мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс жасауға, қозғалыс элементтерін күрделендіру мен бағалауға қиналады. Оның басты себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы білім мен тәжірибенің шектеулі болуы жатады.

Бейімдеуші дене шынықтыру-бұл мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, толыққанды өмір сүру сезіміне кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді еңсеруге, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлесінің қажеттілігін сезінуге бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешенін қарастырады [1].

Физикалық немесе психикалық денсаулығында ауытқулары бар адамдарда бейімдеуші дене тәрбиесі көптеген қасиеттерді қалыптастырады:

- орташа дені сау адамның күш қабілетімен салыстырғанда, өз күштеріне саналы көзқарасты тудыру;
- толыққанды өмір сүруге кедергі келтіретін физикалық ғана емес, психологиялық кедергілерді де жеңу қабілетін;
- компенсаторлық дағдыларды, яғни физиологиялық қызметі бұзылған жүйенің немесе мүшенің орнына басқаларын пайдалану;
- қоғамда толыққанды жұмыс істеу үшін қажетті физикалық күш-жігерді қалыптастыру қабілеті;
- салауатты өмір салтын ұстану;
- қоғамға жеке өз үлесін қоса білу және оны түсіну;
- жеке қасиеттерін жақсартуға ұмтылу;
- ақыл-ой және физикалық өнімділікті арттыруға ұмтылу [2].

Мүгедектер арасында дене шынықтыру мен спорттың нашар дамуының негізгі себептері дене шынықтыру-спорт бағытындағы қосымша білім беру мекемелерінің,



балалар мен жасөспірімдер, спорт клубтарының, мамандандырылған дене шынықтыру сауықтыру және спорт ғимараттарының іс жүзінде қажетті жабдықтар мен құрылғылардың жетіспеушілігі болып табылады.

Соңғы жылдары қимыл-қозғалысында кемістігі бар балалар жалпы білім беретін мектептерге жиі қатынай бастады. Олардың көпшілігі сколиозбен, жамбас сүйегінің туғаннан шығып кетуімен, БЦС-мен зардап шегетін балалар. Мұндай балалар өзгенің көмегінсіз еркін іс-әрекет жасай алмайды. БЦС-мен ауыратын балалардың қолдары жұмыс жасамауы мүмкін, жүрістері де орнықсыз, тіпті қатты толқыған немесе қорыққан кезде олар құлап та қалуы мүмкін. Оқу процесін тиісті дәрежеде ұйымдастыру үшін мұғалім олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін жете білуі тиіс. Мұғалім оқу-тәрбие жұмысын бастамас бұрын денсаулығында кемістігі бар баланың ата-анасымен кездесіп, баланың қызығушылықтары мен әуесқойлық бейімділіктері, құштар ойын түрлері мен жақсы көретін қызмет салалары туралы нақтылап біліп алуы тиіс. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды сыныпқа қабылдар алдында мұндағы сау балалармен алдын ала әңгімелесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды [3].

Емдік дене жаттығулары денсаулықты нығайтуға, мүшелер мен жүйелерді қайта қалпына келтіруге және шартты-рефлекторлық байланыстарды қалыптастыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесі сабағында дене жүктемесін дұрыс мөлшерлеу кезінде дене жаттығуларының түрлері мен оның ұзақтығы, қайталау, бастапқы қалып және эмоционалды факторларды ескеру қажет. Кемістігі бар балалармен жұмыс жасағанда дене шынықтыру сабағында гимнастикалық жаттығулар көп қолданылады. Өйткені жаттығуларды компоненттерге бөлуге және кезең-кезеңмен үйренуге, зақымдалған мүшеге селективті әсер ету және мөлшерлеу оңай, сабақтарды жеке және ұжымдық түрде өткізуге болады. Сондай-ақ қозғалыстарды бақылау және өзін-өзі бақылау тәсілдерін қалыптастыру қажет. Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуде мотивациялық факторларды қолдануды арттырып, жағымды көзқарасты қалыптастырған жөн.

Қорыта айтқанда, дене мүмкіндігі шектеулі жандарды белсенді дене шынықтыру-спорттық сабақтарға, спорттық жарыстарға қатыстыру - психикалық тепе-теңдікті қалпына келтіреді, қоғамнан оқшаулану сезімін азайтады, өзіне деген сенімділік пен құрмет сезімін арттырады, белсенді өмірге оралуға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сунагатова, Л. В. Влияние адаптивного спорта на социальную адаптацию инвалидов / Л. В. Сунагатова, У. А. Марченкова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2012. — № 12 (47). — С. 603-607.
2. Литвина Г.А., Кульчицкий В.Е., Агеев А.В. Адаптивная физическая культура как средство физической реабилитации и социальной адаптации // МНКО. 2016. №3 (58).
3. Айтбаева А.Б. Коррекциялық педагогика негіздері: оқу құралы// Алматы: Қазақ университеті, 2011.-160 б.

**Құттыбек А.,**  
«Гуманитарлық ғылымдар» факультетінің, 2-курс студенті  
М.Х.Дулати атындағыТарӨУ.,  
Тараз қ., ҚР  
**Ғылыми жетекшісі:Қамысбаева Д.Қ.**  
«АӘД және дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы  
М.Х.Дулати атындағыТарӨУ.,  
Тараз қ., ҚР

## **ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ КӨП ТАРАҒАН ТЕМІРТАПШЫ АНЕМИЯ АУРУЛАРЫНЫҢ БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ**

Темір тапшылықты анемия – қан сарысуында, сүйек кемігінде, деподағы темірдің төмендеуі, осының нәтижесінде гемоглобин, әрі қарай эритроциттер түзілуінің бұзылыстары салдарынан тіндердегі трофикалық бұзылстармен мінезделетін ауру.

М.П. Кончаловский жіктемесі бойынша

постгеморрагиялық анемияны

қан түзілу бұзылыстары салдарынан анемияларды (оның ішінде теміртапшылықты)

гемолитиздік анемияларды ажыратады.

*Теміртапшылық анемияның негізгі себептері*

Созылмалы қан жоғалтулармен көрініс табатын, асқазан-ішек жолдарының аурулары (асқазан мен ұлтабардың ойық жаралары; асқазан мен ішек қатерлі ісігі; өңеш қатерлі ісігі; эрозивті эзофагит пен гастрит; диафрагмалды жарықтар; ішек дивертикулезі мен полипозы; өзіндік ерекшеліксіз ойық жаралы колит; Крон ауруы; геморрагиялық васкулиттің абдоминалды формасы; көтеу, тік ішек сызаты; асқазан - ішек жолдарының ангиомалары мен телеангиэктазиялары);

темірді сорып алу бұзылыстарымен өтетін, асқазан-ішек жолдарының ауруы (ашы ішек айтарлықтай бөлімінің резекциясы; созылмалы энтерит, мальабсорбция синдромының дамуына алып келетін ішек амилоидозы және басқа аурулар; ұйқы безінің сыртқы секреторлық функциялары бұзылыстарымен созылмалы панкреатит);

бауыр мен порталды жолдар аурулары (өңештің кеңейген көктамырларынан қан кетулермен Бадда-Киари синдромы; өңеш, асқазан көтеу түйіндерінен қан кетулермен асқынған, бауыр циррозы мен бауырдан тыс порталды гипертензия);

микро - және макрогематуриямен асқынған бүйрек аурулары, (IgA-нефропатия немесе Бурже ауруы; алкогольдік нефропатия; геморрагиялық васкулиттің бүйректік формасы; созылмалы нефрит пен пиелонефриттің гематуриялық нұсқалары; қуық полиптері мен қатерлі ісіктері; гипернефроидты қатерлі ісік; зэртас ауруы; бүйрек туберкулезі);

жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары (мұрыннан қан кетулермен гипертониялық ауру; қолқаның қабатталған аневризмасы);

тыныс алу ағзаларының аурулары (қан кетулермен жүретін - өкпе қатерлі ісігі, туберкулез, бронхоэктаздармен бронх аурулары);

қан жүйесі аурулары (қан кетулермен асқынған гемобластоздар мен гипопластиялық анемиялар, гемосидеринуриямен және гемоглобинуриямен Маркиафав-Микель ауруы);

геморрагиялық диатез (тромбоцитопениялар, гемофилия, Рандю-Ослер ауруы, коагулопатиялар, ДВС-синдромының геморрагиялық фазасы, геморрагиялық васкулит); гипотиреоз;

уйттанумен қатар жүретін аурулар (созылмалы бүйрек жеткіліксіздігімен бүйрек аурулары; созылмалы бүйрек жеткіліксіздігімен бауыр аурулары және т.б.);

анылық без функциясының бұзылыстары, фибромиома, жатыр денесі мен мойнының қатерлі ісігі, эндометриоз, босану, түсіктер, көлемді және ұзақ етеккір кезіндегі меноррагиялар мен метроррагиялар;

жүктілік пен сүттену кезеңі;

тағаммен бірге темірді жеткіліксіз пайдалану;

кез-келген орналасудағы қатерлі ісік;

глисттік инвазиялар;

өте көп қан беру (донорлық)

*Клиникалық көрінісі*

Әлсіздік, бас айналуы, көз алдында шыбын-шіркейлерді көрі.

Талмалар болуы мүмкін, ендікпе, шаштары сынғыш, түседі және тырнақтың сынғыштығы (кейді қасық тәрізді ішке ойылуы).

Тәбеттің бұрмалануы, кейде науқастар жерді, шикі ет, қамыр, мұзды жейді. Иіс сезу бұрмалануы: керасин, зэр, ацетон. Түңгі диурез болуы мүмкін.

Объективті: тері сары – бозғылт. Температура субфебрильді, жүрек шекарасы сол жаққа ығысуы. Кейде тілдің шырышты қабатының атрофиясы байқалады және кариес дамуы ықтимал.

Сидеропениялық синдром: шаш түсуі, тырнақ сынғыштығы, тері құрғақтығы.

*Профилактикалық шаралар*

Темір тапшылығын шақырған себептерді жою.

Құрамында темір көп диета (ет, бауыр және басқалар.).

Темір препараттарын ұзақ қабылдау (4-6 ай).

Темірдің парентералды препараттары (көрсетімдер бойынша).

Ауыр анемия кезінде эритроцитарлық масса құю.

Қауіп-қатер тобындағыларға темір препараттарын профилактикалық қабылдау

Анемия (гр. *αναμία*, қан аздығы) ауырған адамның қаны «сұйылып» кетеді, бұл аурудың сипаты ағза қан деңгейін қалыпқа келтіріп үлгергенше қанның азайып немесе жойыла бастауымен байланысты айқындалады. Үлкен жарақаттар алғанда, аузы ашылып кеткен асқазан жарасы, іш сүзегі (дизентерия) негізіндегі қанның тоқтамауы адамды анемия ауруына шалдықтыруы мүмкін. Қанның қызыл түйіршіктерін жойып жіберетін безгек (малярия) ауруы да анемия дертін қоздырушы болып табылады. Күнделікті тамақ рационсында темір құрамдас заттардың болмауы да осы ауруды қоздырып, ушықтыра түседі.

Әйелдердегі анемия дертін қоздыруға етеккір келген кезде немесе дұрыс тамақтанбай ағзасы әлсіреген әйелден босанған кезде тоқтамай аққан қанның да тигізер салдары бар. Әсіресе анемияның ауыр түрімен құрсағындағы баласына керекті қосымша қан мөлшерін қамтамасыз етуге тиісті жүкті әйелдер ауыруы мүмкін.

Балаларда анемия олардың ішетін тамағында темір құрамдас заттардың жетіспеушілігінен де және оларды 6 айлығынан кейін қосымша тамақтандырмағандықтан да болады. Көбіне жас балалардағы анемия себептерін олардың нематодты (паразит) құрттарды жұқтыруы созылмалы іш өту және іш сүзегімен ауыруы туындатады.

*Анемияның белгілері*

Терінің бозарып, қуарып өңі қашады

Қабақ үсті терісінің өңі кетіп, бозарады:

Тіс қызыл еті қаны қашып ағарады.

Тырнақ ағарып кетеді, әлсіздену, тез шаршау пайда болады

Анемияның ауыр түрінде бет-аяқ ісініп, жүрек соғысы жиілейді, демігу пайда болуы мүмкін.

Топырақ, бор жеуге әуес балалар мен әйелдер әдетте анемия зардабын шегеді.

*Анемияны емдеу және одан сақтану шаралары*

Құрамы темірге бай тағамдармен тамақтаныңыз. Ет, балық және тауық еті құрамында темір мөлшері көп. Көкбұршақ, асбұршақ, жасымық (чечевица), қанық жасыл жапырақты көкөністерде де темір бар. Сондай-ақ асты темір қазан, құтыларға пісіргеннің пайдасы зор. Организмнің темірді сіңіріп қабылдауы үшін негізгі тағамға қоса көкөніс пен жеміс-жидек жеген дұрыс, кофе мен шәйді тамақтанып болғаннан соң ішу керек.

Анемияның қалыпты және ауыр түрімен ауырғанда темір қоспалы дәрі-дәрмек қабылдау қажет (темір сульфаты таблеткалары). Бұны, әсіресе, анемиямен зардап шегетін жүкті әйелдер ішуі керек. Анемияның барлық түрінде де темір сульфаты таблеткалары бауыр экстракты мен В12 витаминіне қарағанда анағұрлым пайдалырақ. Темір қоспалы дәріні әдетте ектіру арқылы емес, таблетка түрінде қабылдайды, өйткені ине салғызу қанша дегенмен қауіпті және әсер ету күші жағынан да ішетін дәріден артықшылығы жоқ

Егер анемия іш сүзегі (іштен қан өту) салдарынан нематода жұққаннан, безгек зардабынан пайда болса, онда адамды анемиямен ауыруға себеп болған осы аурулардан емдеу керек.

Анемия ауыр формаға ауысып, ем қонбаған жағдайда уақыт оздырмай дәрігерге көрінген жөн. Бұл әсіресе жүкті әйелдерге қатысты.

Әйелдер арасында анемиямен ауыратындары көп. Мұндай сырқатпен ауырған әйелдерде түсік тастау және босанған кезде қатты қансырау қаупі зор. Әйелдердің темір қоспасы көп тағамдарды мүмкіндігінше көбірек ішіп-жегені дұрыс, әсіресе жүкті кезінде дұрыс, жақсы тамақтануға мән бергендері жөн. Жүктіліктің арасына 2-3 жыл уақыт салу әйелге күш жинап, денсаулығын нығайтып алуға мүмкіндік туғызады.

*Келесбек Н.Н.,*

*бакалавриат 1 года обучения*

*Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати*

*г. Тараз, РК*

*Научный руководитель: Розжо Г.Т.*

*Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати*

*Старший преподаватель кафедры «НВП и Физическое воспитание»*

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ АДАПТИВНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Аннотация.** Статья содержит материалы исследования уровня развития адаптивной физической культуры в Республике Казахстан. Конкретно подчёркивает её состояние и проблемы на сегодняшний день. В статье описываются главные задачи адаптивной физической культуры, а также различные методики, направленные на поддержание и укрепление здоровья.

Ключевые слова: спорт, адаптация, развитие, проблемы, методика, здоровья.

Цель исследования: проанализировать состояние и проблемы развития адаптивной физической культуры в Казахстане.

Задачи исследования: выявить уровень значимости адаптивной физической культуры на сегодняшний день.

Физическая культура-это органическая часть человеческой культуры, ее особая самостоятельная область. Под целенаправленной двигательной активностью в виде физических упражнений, позволяющих на основе физической подготовки эффективно формировать у себя необходимые физические способности, оптимизировать состояние здоровья. Здоровье-бесценное достояние не только каждого человека, но и всего общества. В системе образования, воспитания и отдыха в общественной жизни Физическая культура показывает свое оздоровительное, общекультурное значение. Физическое развитие тесно

связано с укреплением и поддержанием здоровья человека. Активно применяя различные физические упражнения, человек улучшает свое физическое состояние. Результатом деятельности в физической культуре является степень физической подготовленности и зрелости навыков.

Методические основы выбора содержания учебной программы по физической культуре и спорту связаны с решением общих и специальных задач учебного процесса. Это связано с необходимостью дифференцированного подхода к организации и реализации учебно-воспитательной системы в зависимости от специфики того или иного вида спорта. Цель системы физической культуры и спорта состоит в создании условий для обучения и обучения всех граждан, обеспечения физической подготовленности к производственному труду и творческой деятельности. Эта цель заключается в совершенствовании физической культуры и спорта на современном этапе развития.

Специальные задачи курса физической культуры – включение в программу направленного обучения всех разделов физической культуры в реализацию целей и задач обучения, установление гармоничного отношения учебного времени к овладению каждым из них и активизация учебно-воспитательного процесса. У каждой задачи будет своя специфика.

Первая задача – овладение каждым изучающим и изучающим основными прикладными навыками физической культуры, предусматривает формирование навыков в ходьбе, беге, прыжках, деятельности в выполнении приемов самообороны и двигательной квалификации.

Вторая задача – среди задач физической культуры основное место занимает развитие и совершенствование физических качеств.

Значение высокого уровня развития выносливости, силы, быстроты и выносливости является общепризнанным и общепризнанным принципом. В современных условиях значимость этих телесных качеств не только не доказана, но и получена количественная и качественная характеристика их влияния на общее состояние личности организма человека. Человек с высоким уровнем физической подготовки, всесторонне развитый в условиях больших физических нагрузок и воздействия нервно-психических сил, по опыту, по показателям работоспособности, утомляемости, нервной устойчивости, имеет значительное преимущество перед другими людьми.

Адаптивная физическая культура – это вид физической культуры, которая, с одной стороны, адаптирована для людей с, а, с другой стороны, она увеличивает возможность адаптации людей с отклонениями в здоровье к жизни в обществе. Адаптивная физическая культура включает в себя области физической культуры, медицины, коррекционной педагогики. Впервые термин "адаптивная физическая культура" был использован в России и сейчас хорошо развит на территории России. Наибольший опыт применения средств и методов физической культуры в работе с людьми с отклонениями в состоянии здоровья в России накоплен в медицинской и образовательной сферах. Поэтому часто адаптивная физическая культура трактуется как часть лечебной физкультуры или сводится к адаптивной физической культуре в специальных образовательных учреждениях для детей с отклонениями в развитии. Было бы неплохо реализовать и в Казахстане, исходя из опыта других стран.

Одной из важнейших задач государственной политики на современном этапе является популяризация спорта и здорового образа жизни среди населения и подрастающего поколения. В настоящее время растет количество бесплатных видов спорта и расширяются секции в школах, детских садах, учреждениях дополнительного образования. Однако, по статистике, наблюдается тенденция к ухудшению здоровья детей. Проблемы воспитания здорового ребенка представляют собой масштабную общественную проблему. В период дошкольного детства закладываются основы здоровья ребенка, всесторонней физической

культуры и формируется интерес к нему. Практика показывает, что дети дошкольного возраста с удовольствием занимаются различными видами спортивных игр. Но реальность показывает, что в дошкольных учреждениях недостаточно внимания уделяется детям. Даже они не заинтересованы в физических упражнениях или занятиях спортом. Надо найти решение этих проблем.

Международная конференция по развитию инклюзивного спорта прошла впервые в Казахстане. Главная тема обсуждения – «Адаптивная физическая культура и спорт: современное состояние и перспективы развития». В конференции приняли участие эксперты из Казахстана, России и Южной Кореи в области адаптивной физической культуры и спорта и участники из всех регионов страны из сферы физической культуры. Стоит отметить, что адаптивная физическая культура и спорт в Казахстане находятся на начальном этапе развития. Научно-исследовательская деятельность в этой сфере практически не ведется, и наблюдается нехватка квалифицированных специалистов. Эту ситуацию подтверждает даже сама Нургуль Улжекова, которая представляет интересы родителей детей-инвалидов ОО "Мир равных возможностей".

Один из эффективных способов научить учащихся регулярным физическим упражнениям-это их добровольная подготовка. В связи с этим в учебную программу необходимо обязательно включить домашнее задание по физическому воспитанию. Очень важно, чтобы они охотно занимались физкультурой.

Также стоит организовать специальные спортивные кружки для инвалидов. К сожалению, у нас в Казахстане не готовят специалистов по адаптивной физической культуре и, соответственно, массовый спорт среди детей-инвалидов развивается слабо. Поэтому я считаю, что для того, чтобы сделать первый шаг в решении проблемы, нужно вызвать специальных специалистов.

Здоровье каждого гражданина очень важно для нашей страны. С этой целью необходимо развивать сферу физической культуры на высшем уровне для всей молодежи (включая инвалидов). Молодежь-это наше будущее, создание всех условий для них-это вложение в будущее.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Козлова О.А., Коротаяева Е.Ю.: Адаптивная физическая культура.
2. Под общ. ред. С. П. Евсеева: Теория и организация адаптивной физической культуры. – М.: Советский спорт, 2010
2. Кирпиченков А. А. Оздоровительно-развивающие занятия на основе комплексного применения физических упражнений. – Смоленск, 2012. –21 с.

**Тулеген А.Е.**  
*«Технология» мамандыгының 2 курс студенті*  
*М.Х.Дуллати атындағы ТарӨУ,.*  
*Тараз қаласы, ҚР*  
**Ғылыми жетекшісі: Қамысбаева Д.Қ.**  
*п.ғ.магистрі*  
*«Алғашқы әскери дайындық және*  
*дене тәрбиесі» кафедрасының аға оқытушысы*  
*М.Х.Дуллати атындағы ТарӨУ,.*  
*Тараз қаласы, ҚР*

#### **ОФТАЛЬМОЛОГИЯ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН ЕМДІК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ**

Адам көз арқылы өзін қоршаған дүниені таниды, табиғаттың небір таңғажайып сұлу көріністерінен ләззат алады, оқып, білім алады. Демек, адам өзіне қажетті жаңалықтардың

90 пайызын көз арқылы алады. Сондай-ақ адамның іс-әрекеті мен жұмыс істеуі де көздің көруіне байланысты. Көздің дұрыс жетілуі және оның көру қабілетінің қалыптасуы адамның жас шағынан басталады.

Көз жақсы көру үшін қоршаған ортаның тазалығы, жеке бастың гигиенасы, дұрыс тамақтану, уақытында ұйықтау, күнделікті гигиеналық режим, оқу гигиенасы, жарықтың жеткілікті болуы осының бәрі әсер етеді.

Халық арасында көз ауруларының әр түрі кездеседі. Оларды емдеу әдісі де баршылық. Осының бір бөлігі ретінде кейінгі жылдары емдік дене тәрбиесі немесе емдік жаттығулар орын тапты. Әсіресе, ол жақыннан көргіштік және суқараңғы (глаукома) ауруларында кеңінен қолданылып жүр.

Суқараңғы - өте қатерлі ауру. Оның басты белгісі көздің ішкі қысымының қалыптан жоғары болуы. Сау көздің ішкі қысымы сынап бағанасы бойынша 18 миллиметрден 26 миллиметрге дейінгі шамада болады. Ал суқараңғы ауруына шалдыққан кезде оның ішкі қысымы 40-50-60 миллиметрге дейін көтеріледі. Ауру басталған кез алдына түтін, туман тұрған сияқты, не кездің үсті, самай, маңдай аумақтары сырқырап, шаншып әлсін-әлсін ауырады. Мұндай белгілер үнемі байқалмауы да мүмкін. Кейде көз жасаурап. Жас аға береді. Осының бәріне жүйке жүйесінің (ренжіп-кейіген кездер) зақымдануы қосылса, не шаршағанда, әсіресе көзге көп салмақ түсіп, суқараңғы ауруына шалдығу ықтимал. Сондықтан бұл сырқатты, әсіресе 35-40 жастан асқан соң, асқындырмай алдын ала емдетіп, жылына бір-екі рет көздің ішкі қысымын және көру өткірлігін тексерген жөн.

Суқараңғымен ауырған адам дәрігердің берген кеңесін, режим-тәртібін мүлтіксіз орындап жүрсе, көзінің көру қабілетін ұзақ жылға сақтауға толық мүмкіншілік туады.

Суқараңғы ауруында қолданылатын емдік дене тәрбиесі және массаж, гипертония ауруында пайдаланылатын жаттығулар жиынтығына толық сәйкес келеді. Сондықтан гипертония ауруында берілген емдік дене тәрбиесі әдістемесімен суқараңғы ауруын емдеуге болады. Тек мұнда үлкен сақтық, керек. Әсіресе, басты қатты сілкуге, айналдыруға, шалқаюға болмайды. Барлық дене шынықтыру жаттығулары байыппен, салмақты, асықпай орындалады.

### **Жақыннан көргіштік (миопия)**

Офтальмология саласында емдік дене шынықтыру жаттығуларының ең кең түрде қолданып жүрген ауруы - миопия немесе жақыннан көргіштік. Ғалымдардың көп жылдық зерттеу жұмыстарының деректеріне қарағанда, дүние жүзінде жақыннан көргіштік көз ақауы бар балалардың саны жыл сайын көбейіп, оның диоптриялық дәрежесі жоғарылай беретіні анықталып отыр. Орта мектепті бітіретін оқушылардың 20-30 процентке жуығында миопия кездеседі. Оның себептері өте көп. Мысалы, сыртқы ортаның қолайсыздығынан жақын жерден баланың көзіне үнемі күш түскенде (жазу, сызу, оқу т.б.) жұмыс істейтін жердің жарық қуаты жеткіліксіз болғанда, сабақ дайындайтын стол, парта және орындықтар баланың бойына сәйкес болмағанда, ұзақ уақыт телевизор қарап, көзіне ауырлық түскен жағдайда осы ауруға шалдығу әбден мүмкін.

Осындай кемшіліктерді жою үшін дене шынықтырудың, арнайы жаттығулардың, таза ауада көп жүрудің маңызы өте зор. Ауыл балаларын қала оқушылармен салыстырғанда жақыннан көргіштік саны қала балаларында әлдеқайда жиі кездеседі. Ол айтпаса да түсінікті, ауылдық жерде балалар табиғат арасында, таза ауада, дене еңбегімен көбірек шұғылданады да, көзге салмақ аз түседі, ал қалада бәрі керісінше.

Емдік дене шынықтыру миопия ауруының барлық дәрежесінде қолданылады. Әдетте, жаттығуларды жасқа қарамай барлық адам жасауға болады. Дегенмен жасөспірім балалар үшін оның пайдасы ерекше. Қазіргі кезде мектеп оқушыларында тек көздің жақыннан көргіштік сырқаты ғана байқалмай, онымен бірге омыртқа жотасының қисаюы (сколиоз) және қазтабан (плоскостопия) аурулары кездесуі де мүмкін. Мұндай жағдайда емдік дене

тәрбиесі тіпті қажет. Неғұрлым емдеу әрекетін ерте бастаса, солғұрлым ол нәтижелі болады.

Іштен туа болған миопияға жаттығулар онша әсер өтпөйді дегенмен оның ешбір зияны жоқ. Жаттығуларды мүлде қолдануға болмайтын кездер өте сирек. Ол тек миопия асқынып, тор қабығы орнынан сырылып кетуге күдік туғанда ғана болмайды. Бұл өте қауіпті. Әдетте мұндай жағдай ақауы бар адамдардың 10 килограмнан артық жүк көтеруінен немесе бас-кезі зақымданғанда кездеседі. Онда көз мүлдем көрмей қалады. Сондықтан жаттығулар жасағанда осы жайды естен шығармаған дұрыс. Көзінде жоғары дәрежелі миопиялық ақауы бар адамға басын еңкейтіп жұмыс істеуге, 10 килограмнан артық салмақ көтеруге рұқсат етілмейді.

Емдік дене дене шынықтыру жаттығуларын жасағанда негізгі кезделетін мақсаттар;

- бүкіл денені шынықтыру;
- жүрек-қан тамырлары мен тыныс жолдарының қызметін арттыру;
- бұлшық еттер мен сіңірлерді қатайту;
- көз ұлпаларында қан айналысын жақсарту;
- көз бұлшық еттерін жетілдіру;
- көздегі сыртқы тығыз қабық - склераны (ақ қабық) шынықтыру, жетілдіру.

Осындай арнайы мақсатпен бірге денені түгел жетілдіруге баса назар аударылады. Мәселен, тұлғаны түзететін, тыныс алу, мойын, арқа бұлшық еттерін жетілдіріп, нығайтатын жаттығулар өте қажет. Бірақ дененің, әсіресе, арқа бұлшық еттерінің мықты болуы, басты дұрыс ұстауға, сол арқылы кезге ауыртпалық аз түсуіне жәрдемін тигізеді.

Адам кітап оқығанда не жазғанда олардың кезден алыстығы 30-35 сантиметрден кем болмауға тиіс. Столдың шетінен 3-5 см алшақ отыру керек. Миопияға арналған жаттығуларды шарты түрде үшке бөледі.

Көздің сыртқы бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: а) көздің тік бұлшық еттеріне; б) көздің тік және қиғаш бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Көздің ішкі бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: а) үй жағдайында; б) эргографта; в) линзалармен. Бұл жаттығулар көз алмасын жан-жаққа (жоғары-төмен, оңға-солға т.б.) қозғалтып және алысқа қарап, одан соң бірден көз жанарын жақынға ауыстыру арқылы орындалады.

Өз-өзіне массаж жасау. Ол үшін көзді қатты жұмып, бірнеше рет қабақты қағып, үш саусақтың ұшымен көз алмасын басып массаж жасайды. Тек көзді ауыртпай әр түрлі күшпен, жылдамдықпен басады.

Төменде біз миопияға арналған жаттығулар жиынтығын берілген. Оның үнемділігін біртіндеп арттырады: 1-2 сабақта екі жаттығуды 2 рет қайталайды, 3 сабақта сол екі жаттығуды 3 рет, одан кейін әрбір 3 сабақта бір жаттығудан қосып, оның санын 5-6-ға жеткізіп, әрқайсысын 3 реттен орындайды. Осы әдістеменен 1,5 - 2 ай бойы жаттығуларды жасап, келесі айларда әр жаттығуды 5-6 рет қайталайды.

*Көзге (миопияға) арналған жаттығулар жиынтығы* түрегеліп тұрған қалыпта орындалады:

- жоғары қарап, жылдам, төмен түсіру (6-8 рет).
- диагональ бойынша: алдымен жоғары-оңға, одан соң төмен-солға қарайды (6-8 рет).
- диагональ бойынша жоғары-солға, кейін төмен-оңға қарау(6-8рет).
- горизонталь жазықтық бойынша оңға және солға қарау (6-8 рет).
- беттің дәл ортасы тұсынан қолды алға созып бір саусаққа тесіле қарайды, саусақты біртіндеп көрінбей кеткенше жақындатады (6-8 рет).
- сұқ саусақты кеңсірік үстіне қойып, екі көзбен бірдей соған қарайды (10-11 рет).
- көз алмасын сағат тілі бойынша шыр айналдыру және керісінше.

*Отырған қалыпта:*

- 15 секунд бойына көзді жыпылықтатып, бірнеше рет кірпік қағу (3-4 рет).
- 3-5 секунд көзді қатты қысып, ашу (8-10 рет).



- көзді жумып тұрып саусақтың ұштарымен 1 минут массаж жасау.

Тұрған қалыпта орындалады:

Алдымен жақын тұрған затқа қарап, тез алысқа көз жіберу және керісінше. Осы жаттығуларды жасағанда көз алмасының ауытқу шегі мейлінше кең болу керек, тек жылдам, орташа, ақырын қарқынмен көзді ауыртпай орындаған дұрыс. Жақыннан көргіштік ақауына қолданылатын емдік қаттығулар кем дегенде 3 айға созылады, оның өзін екі кезеңге біөледі; бірінші - даярлық, екінші - негізгі кезең.

Даярлық кезеңіндегі (12-15 күн) негізгі мақсат: а) ағзаны нығайту; ә) жаттығуларға денені үйрету; б) ішкі ағзарлардың жұмысын жақсарту; в) денені тік ұстауға дағдыландыру; г) бұлшық еттерді жетілдіру; д) эмоциялық тонусты, көңіл-күйді көтеру.

Бұл кезеңде барлық денеге арналған жаттығулар беріледі және басты дұрыс ұстауға, бұлшық еттерге дұрыс тыныс алуға көңіл аударылады.

Дене шынықтыру жаттығуларынан басқа ойынның, спорттың әр түрлері (доп, гимнастикалық, таяқ т.б.) пайдаланылады.

Негізгі кезеңдегі (2,5-3 ай) басты мақсат: а) көздегі қан айналымын жақсарту; ә) көзді ұстап тұрған бұлшық еттерді жетілдіру; б) көздің ішіндегі зат алмасуын жақсарту. Денені жалпы жетілдіретін, түзететін жаттығулармен, сол сияқты тыныс алу жаттығуларымен бірге, арнайы көз алмасын, оны қоршап жан-жағынан ұстап тұрған бұлшық еттерге жаттығулар белгіленеді. Тек арнайы жаттығулар емес сол сияқты таза ауада жүру, суда жүзу, шаңғы тебу, конькимен сырғанау, шана тебу, серуендеу жалпы денсаулыққа өте пайдалы.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Проблемы со зрением у студентов и школьников// Электронный ресурс URL<http://eyeshelp.ru/articles/263/#ixzz57ToIU5Jn>
2. Гимнастика для глаз – 7 лучших упражнений для восстановления и улучшения зрения//Электронный ресурс URL<http://fit4brain.com/8909>
3. 5 основных приемов массажа глаз //Электронный ресурс URL<https://infoglaza.ru/profilaktika/174-5-osnovnykh-priemov-massazha-glaz>

**Белишкіна Г.П.,**

*студент 4 курса*

*кафедра теории и практики физической культуры*

*КРУ им. А. Байтұрсынова*

*Костанайский государственный педагогический институт им. У. Султангазина (КГПИ)*

**Ворошков А.Н.**

*студент 4 курса кафедры теории и практики физической культуры*

*КРУ им. А. Байтұрсынова*

*Костанайский государственный педагогический институт им. У. Султангазина (КГПИ)*

### **СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ УРОВНЯ ЗНАНИЙ О ПРОФИЛАКТИКЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ, ПЕРЕДАЮЩИЕСЯ ПОЛОВЫМ ПУТЁМ (ЗППП), СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЁЖИ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены теоретические аспекты применения сравнительного анализа уровня знаний (ЗППП) у студенческой молодежи. Рассмотрены ключевые проблемы (ЗППП) информирование учащихся молодежи Костанайского региона.

**Ключевые слова:** инфекции, передаваемые половым путем, методы решения проблемы.

В 21 веке отмечается все большее распространение получают болезни, передающиеся половым путем, в частности среди молодежи, вследствие недостаточного уровня информированности. Для сохранения здоровья населения требуется провести

оценку информированности студенческой молодежи о путях передачи инфекций, передающихся половым путем, а также разработать профилактические мероприятия, для устроения обозначенной проблемы.

Отсутствие достаточных знаний по профилактике среди молодежи выступает в качестве наиболее значимой причины распространения заболеваний обозначенного спектра. Низкий уровень владения информацией о последствиях заражения ЗППП является фактором риска инфицирования.

С целью изучения информированности студенческой молодежи о возможных путях передачи ЗППП был проведен социологический опрос в виде электронного анкетирования среди студентов города Костаная. В данном исследовании приняло участие 310 человек, в том числе учащиеся средних специальных учебных заведений разного профиля. В анкетировании принимали участия студенты КРУ им. А.Байтурсынова, КИНЭУ и Костанайского медицинского колледжа..

В процессе проведения опроса изучалась информированность студентов о последствиях и профилактике заражения ЗППП, а также определены приоритетные знания, в которых нуждается исследуемая аудитория.

Важным моментом в исследовании стало соотношение возраста студентов (на каком курсе они обучаются) и уровня знаний о данной проблеме. Так, большая часть опрошенных являлись студентами 2-3х курсов.

В результате проведенного исследования было выявлено, что практически все респонденты осведомлены о существовании заболеваний, передающихся половым путем в большей или меньшей степени. Среди студентов 3-4 курсов правильных ответов было 99%, в большей степени осведомлены о болезнях обозначенного спектра (точность в ответах 99%). Среди студентов 1-2-х курсов точность в ответах составила 70%.

При этом, 65% респондентов не осведомлены о первичных признаках возникновения половых заболеваний (зуд, жжение, боль при мочеиспускании, сыпь на коже). На этот вопрос смогло ответить лишь 40% опрошенных, из них большая часть являются студентами медицинского колледжа что говорит о том, что большая часть молодежи не обучающихся на медицинских специальностях слабо владеет информацией данного профиля.

При подозрении на ЗППП подавляющее большинство респондентов готовы обратиться к врачу. 10% опрошенных готовы обсудить этот вопрос со своими родителями. Только 20% опрошенных выразили желание сообщить об этом своему партнеру.

Здесь, важно обозначить, что обращаться к врачу стремятся студенты старших курсов. Студенты 1-2 курса сомневаются в своем решении.

На момент исследования 57% опрошенных уже имели половой контакт. Среди первокурсников это 30% опрошенных, среди студентов 2-3 курсов – 46%; среди обучающихся на 4 курсе – 75%.

На рисунке 1 представлена структура первичных источников информации об ЗППП среди представителей мужского пола.




Рисунок 1 – Источники информации о ЗППП среди мужского пола

Между девушками и их родителями в подростковый период формируются более доверительные отношения. По этой причине 47% опрошенных девушек узнали об ЗППП от родителей. Второе и третье ранговые места заняли интернет ресурсы, а также лекции медицинских работников (30% и 23% соответственно).

Среди всех респондентов было проведено анкетирование, с целью выявления их осведомленности о таких заболеваниях как ВИЧ и СПИД. В рамках исследования было выявлено, что не столь значимая часть опрошенных разделяет данные понятия. Лишь 20% респондентов знают, что СПИД является последней стадией вируса иммунного дефицита.

В результате наших исследований о путях передаче вич получены результаты отраженные на рисунке 2.



Рисунок 2 – Пути передачи ВИЧ

Исходя из представленных ответов видно, что 28,3% студентов в качестве основного фактора передачи вируса отмечают сперму и влагалищные выделения, что может являться свидетельством дальнейшего осознанного подхода к ведению половой жизни.

Особое внимание в опросе было уделено репродуктивному здоровью. Так, 33,5% опрошенных считают, что репродуктивное здоровье – это способность каждого человека к воспроизводству потомства. Еще 27,1% придерживаются мнения, что это удовлетворение и безопасная сексуальная жизнь. 10,3% опрошенных не могут дать ответа. Среди причин нарушения репродуктивного здоровья обозначают ранее начало половой жизни (22,8%) и ЗППП (62,1%).

Следующим моментом стало выявление знаний респондентов о средствах защиты от ЗППП. Согласно полученным данным, надежными средствами предохранения от ИППП - 5% опрошенных считают гормональные препараты, 2% - спринцевание после полового акта, а 3,1% - использование колпачков и диафрагм.

Несмотря на специфику обучения, будущие медицинские работники чаще (72,4%) представителей других специальностей в качестве наиболее надежного средства предохранения от ЗППП указали применение презерватива. Частота таких же ответов у учащихся педагогического института составила 82%. Среди студентов 10% ошибочно относят прерванный половой акт к эффективным методам предупреждения заражения ЗППП.

### Выводы

- 65% респондентов не осведомлены о первичных признаках возникновения половых заболеваний;

- на момент исследования 57% опрошенных уже имели половой контакт;

- 47% опрошенных девушек узнали об ЗППП от родителей. Второе и третье ранговые места заняли интернет ресурсы, а также лекции медицинских работников (30% и 23% соответственно);

